Табысқа жетудің құпиясы не? Мұны оқыған оқырман ғалымдар жайлы жазады деп ойлайтын шығар. Олай емес, мен бала кезімде-ақ өзімнің ғылымның адамы болмайтынымды білгенмін. Сондықтан қоғамдық салаға қарай бейім болдым. Оның басқа да себептері болды. Саясат пен ғылым тек төзімді адамдардың шұғылданатын ісі екендігін сездім. Өйткені, сен өз идеяңды басқаларға мойындату үшін өзіңде өмір бойы сол тірлікке жеткізетін табандылық пен биліктің қуаты болуы керек. Алайда, менде ол шарт болған жоқ. Десе де, философтардың жазбаларын оқи жүріп, адам болудың құпияларын ақырындап үйрене бастадым. Сондықтан мен бұл мақалада өзім сезген табысқа жетудің шарттары мен қоғамның шындығын шендестіре отырып, жеке ой-пікірімді ортаға сала кетуді жөн көрдім.

●ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

БОЛАШАҚ – НҰРЛЫ, ЖОЛ – БҰРАЛАҢ



Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Ғұламалар: "Адам баласы алғашқы заманда туысқа тартқан және жеке мүддені көздеген. Орта ғасырда дана адамға табынған және қайырымдылыққа, сүйіспеншілікке бой ұрған. Таяу заманда асыл заттарды көтермелеп, ұлықтарды қастерлеген. Ел дана кісілерді қадірлеген соң-ақ, қабілет, мұрал жақтан бас таласатын болған. Ал асыл заттарға табыну жеке бастың қамын қарастыруды негіз еткен.

Міне, ұқсас болмаған қоғамдық қарым-қатынас адамзат қоғамының ілгері басуына түрткі болды. Өйткені, осындай түрлі қайшылық адам баласына не керек? Өмір сүруіміз қалай іскен жөн дейтін бағыт-бағдар беріп отырды" – деп жазады.

Ертеде, бір тайпаның ақылгөй қариясы болыпты. Олар жер танабынан тірлік қажетін қамдап отырады екен. Тіршіліктің қажеті үшін мал өсіріп, тірлік кешіп жатқан керші тайпамен қарым-қатынас жасауға ортада тұрған алып тау мен оңдағы жыртқыш аңдар бөгет болыпты. Бір күні дана қарт тайпа мүшелерін жинап, кеңес құрады. Олардың алдында екі жол бар еді. Бірі – таудағы аңды биткенді қырып, жоғалту. Енді бірі – тауды орнынан басқа жаққа көшіріп тастау. Тайпадағылар кеңесе келе екінші жобаны дұрыс деп шешеді. Қызу тірлік басталады. Бір ұрпақ, екінші, үшінші ұрпақ сансыз жаңа-машақаттқан еңбек етеді. Десе де, арманның орындалуына әлі ерте еді. Сол тайпаның бесінші ұрпағына келгенде ғана жоспар орындалып, екі тайпа бір-бірімен емін-еркін қатынайтын мүмкіндікке ие болады. Бұл басқа тіршіліктің көзін ашып, өркениетті ары қарай жалғап өкетті. Иә, бұл жерде айтылып отырғаны нендей бір тауды көшіру емес, төзімділік пен қажырлылықтың асқар тауды да орнынан жылжыта алатын күдіретті күш екендігін білдіру. Адам баласының бүгінгі өркениетке жетуі – осының нәтижесі. Әрине, табысқа жетудің бірінші құпиясы міне, осы.

Дүниеде төрт қабырғасы сай нәрсе жоқ. Оның үстіне, бір адам немесе ұлттың өмірін тек қажырлы еңбек қана кемелдендіре алады. Баяғыда Қорқыт деген әулие адам өткен екен. Ол өлімнен қашып, бармаған жері, баспаған тауы қалмапты. Қайда барса топтасқан адамдар легіне ұшырасады. Мән-жайын сұраса, "Қорқыттың көрін қазып жатырмыз" деген жауап алады. Осындай қашқындықтың салдарынан шалқар теңіздің үстіне қасиетті кілемін төсеп, қобыз тартып отырған жерінде ажал жылан болып тиіп пәниден өткен екен. Бұл бір аңыз болғанымен біздің ата-бабаларымыздың өмір көшірмесінің айнасы. Халық арасында ежелден айтылып келе жатқан: "Басы қарлы Балқан тау, ол да біздің барған тау, "Тар түп. Кең түп ол да біздің көрген жер, ұрпақ өсіп-өнген жер" деген төмсін бар. Мұндағы Балқан (Алтай тауы), Кең түп (Оңтүстік үйек), Тар түп (қазіргі Индия бұғазы) емес пе? Осы даланы шар айналып, болашақ іздеген ата-бабаларымызды қажырлы деп айтпауға шараң бар ма? Талай-талай қырғын мен тәкәппарлықты тартқан бабаларымыз осы саяхатын "Асан қайғының" ақылиасына айналдырып, "Қорқыттың көріне" шендестіру арқылы түйіндеп кеткен жоқ па? Осыдан 3 мың жыл ілгері тарих сахнасын дүбірлеткен Сақ тайпасының ертоқым мен үзеңгіні тапқырлап, ат үстінде соғыс салғанын "Әлем кемесіне" балап мақтанамыз. Бірақ, сол бабаларымыз анталаған жаумен аянбай күрескен қажырын елеусіз қарайтынымыз бар. Тіпті білмейміз де, білуге ұмтылмаймыз. Осы ойымызды ере келгенде, қазір біз: "Қазақ жалқау, өркениетті ескере бермейді" деп жеңіл-желпі баға бере салуға құштармыз. Олай емес, қазақ қатайса болаттай берік, жұмсарса мақтадай жұмсақ халық. Тек оташыл жүйе осы идеяны миымызға терең сіңіргендіктен сол дерттің салдарынан жастарымыз алжасып жүр. Неге? Біз әлемдік өркениетке бастау болған тарихымызбен мақтанғымыз келмейді.

А, б, с, д-ны айыра алғандар өзін ғалым санағанымен, онысы бәрі бір химиялық формулаға жаназпайды. Есептотты қаға алатындар өздерін математик санағанымен, қаламмен істелген есептеу жолын көргенде одан нәр ала алмайды. Сондықтан, қазіргі заманғы оқымыстылардың қолынан барлық іс келе бермейді.

Мен бір тарихшыны білемін. Айта берсең алған атағы жетеді. Жасыратыны жоқ, орыс, неміс, ағылшын деймісің, өзге ұлттың тарихына жүріп тұр. Бірақ Қабанбай батырдың 103 рет жекпе-жекке шығып, жеңіске жеткен ерлігін білмейді. Мұны айтып отырғаным, бес мың жылдық жазба тарихы бар қытай есептіктерінде ең мықты батыр 78 рет жеңіске жетті деп тіркелген. Салыстырып көріңіз. Бізге қазір басқалардың патшасынан да, байынан да, бағалы тарихының да кереғі жоқ. Тәуелсіз елміз. Осы орайда, кім көрінгенің қол жауының болып кеткен ұлттық құндылықтарды тауып алсақ болды. Осы ретте Мұхтар Шаханның "Ғашықтық ғаламаты" балладасының алғы сөзі ойыма оралады. Сөз кезегі келгенде айта кетейін, қазіргі мектеп оқушылары пайдаланып отырған оқулықтарға қарның ашады. Қазақтың тарихынан азырақ бірдеңе білемін деген адамның өзі түсінбейтін жерлері көп. Қазақ тарихының білгірі емес, бейне бір жолаушының қолжазбасы сияқты. Оның үстіне, әр автордың көзқарасы әртүрлі. Мысалы, біз әлі күнге дейін Шыңғыс ханды жауыз етіп көрсетіп келеміз. Ал Үйсін патшалығын қазақтың патшалығы ретінде мойындамай отырған ағаламызы бар. Тарихтың өз тілі, дәлдігі, ұғынықты ойы болады ғой. Мұнай мен уранды мол болғанымен, санасы ұлттық құндылыққа бай болмаған халықтың перзенттері табысқа жете алмайды. Табысқа жетудің екінші құпиясы – өз ұлтының тарихына құрметпен қарау. Өйткені, тарих қателеспейді. Ол сені аспанға шығара да, тереңге батыра да алады.

Өйгілі "Мың бір түн" кітабында мынадай бір диалог бар.

– Жазықты неден пайда болады?

– Жазықтының түрі көп. Мәселен, ұрлық қылады, құл қожасының тілін алмайды, патшаларға салық төлемейді, қожаның қыз-қатындарына құл жақындайды, біреудің меншікті дүниесіне біреу қол сұғады, дін тәртібі бұзылады, толып жатыр.

– Неге өйтеді? Сен айтқан жұмақта толып жатқан асты жеп бермей ме?

– Олардың иесі бар. Азда бар, кемде жоқ. Тәртіп содан бұзылады.

– Ендеше, сенің айтып тұрған жұмағың – ол тозақ. Еріксіздік тұрған жерде, ешқашан бейіш болмайды. Жекеменшік бар жерде әділет болмайды. Әділетсіздік бар жерде рахат болмайды. Қылыш тұрған жерде, еріктілік болмайды. Жылаған дауысты естіп отырып жеген қойдың етінен, жылағаны жоқ жерде жеген жылан ет тәтті.

Иә, бұл әңгіменің өзегінде не жатыр. Бес саусақ бірдей болмағаны сияқты адамдардың қоғамдық орны да ұқсас болмайды. Міне, осы парық – барлық пәленің бастауы. Сондықтан адамдар заң арқылы мемлекетті басқарып, адамдарың мүддесін қамтамасыз етуді ойлап шығарған. Ол үшін бірінші, заң халықтың басым белгінің еркіндігін кездеп жасалу керек. Екінші, ол бағыныштағы адамдардың мүддесін қорғауы керек. Тарих бойы дәлелденген бір шындық – егер 9 есе жаза, 1 есе сыйлау қолданған ел еркендейді. Ал 1 есе жаза, 9 есе сыйлықты қолданған ел құрып-жоғалады. Халық заңды білуі керек, сол арқылы өзінің құқығын қорғайтын мүмкіндікке ие болғаны жөн. Табысқа жетудің үшінші құпиясы – әділетті заң және оны "қара қылды қақ жарып орындайтын" билер болуы өте маңызды.

Алайда, қылмыс атаулының бәрі заңды жалау етіп жасалатынын адамды қынжылтады.

Меніңше, табысқа жетудің кезі осы үш нәрсеге байланысты болса керек. Өйткені, мен өлетін ұлыдар осы шарт астында биікке жеткен немесе оны сірлемегендігі салдарынан өзден ерте озған.

Қоғамда не ғаламаттың бәрі болып тұрады. Барлық арманшыл не өткен шақты аңсап, не болашаққа үміт артып, ал қазіргі "шақ" деп аталатын тіқырыпты жауапсыз қалдырып келеді.

Қандай күйде екенін білмесе де "болашақ" деп аталатын нәрсе, дегенмен, сез жоқ, бар болмақ. Сез жоқ жетіп келеді. Алда не, сол кезге барғанда, ол сол уақыттың "қазіргі шағы" болып қалады. Сарыуайымға салынудың реті де жоқ шығар. "Сен кездің қазіргі шағы", "қазіргі кездің қазіргі шағынан" жақсы болатынына сенемін.

Мұны құрғақ қиял деп дәлелдеудің де орны жоқ. Сол болашақты жасайтындардың бір бөлігі санасатын менің өзім жұлырық та жұмсақ алмаймын, ерлігім де жоқ. Әттең, деші, қолымдағы тек қалам ғана. Осы мақала сияқты сананы сынелеп, жүректі оятар ой-ерім жазуға жарайды. Дегенмен, өмірдегі тамырын тереңге жайған нәрсеге түтқыл шабуыл жасап, қатқан сенді шытынатуға аламын, болашаққа артатын болмашы үмітім осы ғана болар еді деген көкейімнен кетпейді. Үмітім де жоқ емес, байыздап ойлап көрсем, менімен бір пікірде болатын бірнеше адамның бар екенін байқап қалдым.

Бірақ, мен қолымнан аса көп ештеңе келмейтінін білемін. Жалпы, басым болатын адам – бірінші ден, ерқұрең болуы керек. Ал, мен өте абайшылымын. Екінші ден, құрбан беруден тайынбайтын болу керек. Ал, мен біреулердің жанын құрбан етуге риза емеспін. Сайып келгенде, газетке мақала жазудан аса алмаймын. Егер жазушы болғың келсе, тілеулінді берсін, маған қосыл. Менің табысқа жетуімнің құпиясы, міне, осы.

Келіңде фанаға мүтәлімнің баға: "Әлемде берілмейтін жоқ болатын, жоқтан бар болатын нәрсе болмайды. Бар нәрсе кашанда бар, тек орын ауыстыру ғана болады", деген бір қағиданы үйретіп болатын. Біздің төуелсіз ел болуымыздың өзі келіңдегі ата-бабаларымыздың тәуелсіздікке құштар болғанының айғағы. Мысалы, моғол халқы тіл үйренуге бейім келеді. Себебі, олардың грамматикасында берілмейтін ұлттық элементі сақталған. Ал қазақ халқы жаңалықты тез меңгереді. Себебі, ол – тарихта дүниеге мәдениет тарататын халықтың мұрагерінің. Бірақ дүниетанымын парасатын көрсетіп қамқорлық тауып, арластырынан айырылған халық жоқ. Бір кемдері тек қана ерікіздік болмай кеп нәрседен кемдеген қалмақ. Қайр бізге табысқа жетудің бір ғана құпиясы бар – ол осы тәуелсіздіктің қадірін білу, қасиетін асыру. Әлі әлемді дүрліретерін болмаса. Болашағымыз нұрлы екендігі анусыз. Бірақ бұрылар жолдан тайсалмай өтсек болды.



Келін жазған көк дәптер

●ТҰЛҒАҒА ТАҒЗЫМ

Сайлаубек БАЙДУЙСЕНОВ,
"Жетісу"

Жолмен жылтар өтеді кезекті жетегіне алып, желіп барады. Заманның запырын құбылысына кімдер қарсы тұра алған. Кешегі көргенін бүгін көпсесі тартып, кездің жанарында ғана ілініп қалғандай сезімтегі бар. Оған қалтіре кетесің уәж қаншама? Соның бірі, кино сахнасында жалт етіп жанып, жарық жұлдыздай болып көрінген Кенебай Көкебекпатың өткелі көп өмірі болды. Кенебай актер тірі болса өткен жылдың ақпан айында 80 жасқа толар еді. Мүтелестікке мойымай, өмір үшін өлімнен алысқан, шаңырағында шаршап отырып қалған тағзырмен тағдасқан аңыз-адамат ортаға жүрсе 80 жылдық еңгір жасын атап өтіп, өзөті бір сергілтіп тастар ма еді? Өтеп, осыл азаматтың көзі тірі болса оның шығармашылық жолы, өміріне айналған өнері, өскелі өмет етілін жатар ма еді?

Өз жай ғана көп қазақтың бірі, жұртының көпшеп тағала өскен жан болса осылай толғана да қоймас еді. Тегі мықты қазымырдың қайсарлығын паш етқен рухы бөлек азамат таңір берген талантымен өмірдің тендессіз терендігін көпшіні толқынға таныстын өткен болатын. «Көзден кеткен көңілден кетеді» дегеп пікірдің бірді ғана емес мыңды толғандырғыны рас. Басқа жылдарды қайдам, өткен тынықын жылының жалап айын асыға күткендер аз болған жоқ. Аңыз актердың 80-ге толған туған күнін асыға күткен де азаматтың атына ілеспержанның шашуы шашпаса да, ердің еңбегі атап өтілер деген ойдың болғандығын несіне жасырамыз. Көңілдегі ниетем қиялдың нәрім-зерін тағдырмен бай, тағылымы бөлек азаматтың есімін елең еткізіп, елпілдеп есіне бір түсіріп өтер дегендей мен-тегеп болатын. Алайда, олай болмады. Кино өнеріндегі көпсөнділік туындыгердің өр тұлғасы Кенебай туралы көпшеп ойлар, кешегі пікірлер айтылған жоқ. Еңбегін, есімін әңгімелер әрінтестері табылмай, өнерлерін шаңа етіп айтар әртістердің толғағыштары есілмеді. Өкінішті. Өнерде есімі өшпейтін тұлғалардың бірі Кенебай шіпін айынын шіпік жүзінен жүріп өтіп, жеті қат қазақтың ғұрпымына сіңіп, сөнуі бара жатқандай көрінгені рас. Жанған жұлдызының жасыты көмескіленіп кеткендей болғаны да шындық.

Ал, ағайын-туыс, бауырдарының жүретінде жатталып қалған бек бейнесін қашан да көңіл көзінен өшіретін емес. Өкінші оған өкпекті, сағынышпен сезімді қатар арқалай білетін ағайын қадірлісін ешқашан ұмытпайды. Сонын бір, ақ жүрегін-дәлдап, ақ тілегін аямай көрген сайын, келген сайын пілп сәлем беріп тұратын керемет кездесулерінің бірі – Өтеуға еді. Десе дегендей, жан-жағына жұлдыз шіпін шашып жүретін Өтеуға Шәкіпбасова Кенебай актердың ұлкен апасы. Ақсолтай апаның туған жерін, Өтеуға осы үйге келіп болып түскенде Кенебай секілді кенен азамат, керемет актер туралы естелік жазамын деген ойы болмаған шығар. Азаматтың адалдығы, адамдығы, ағалығы ерікті қолға қалам ұстатқан болатын.

Өтеуға келіп Кенебай актердың киз алдына елестеткендей, жанары жасауғаған күйі көк дәптерді ұсына берді. Күнде көріп жүрген көк дәптер болғанымен, айтары көп дәптер екенін бірден аңғардық.

– Ага үйге келсе, қуанышқұлқі, қызық-думан бірге кететін. Ол ешқашан жалғыз жүрмейтін еді. Достары, жолдастары көп болатын. Оларға бізді таныстырып отырса, достары үнемі көмектесіп, көңілін көтеріп жүретін. Біз бұрынғы «Путь Ильича», қазіргі Көксай ауылында тұрдық. Ағаның ақ «Волгасы» көрінсе болды, біріміз бақшаға – көкөнісқе, біріміз көршілерге – сүт әкелуге жүгіретінбіз. Ағаның арқасында талай өнер адамдарымен таныс болдық. Қазақтың ғажап ұлдарының бірі Нұрғиса ақа Тілендиев Кенебай көкемізбен досы болған бір балаңмыздың есімін Айдар болсын деп атап кетті. Режиссер Сұлтан Хаджиков, Абдолла Қарсақбаев сынды шіпкегі азаматтармен ағаның арқасында дәмдес-тұздас болдық. Бұл бір сиякты қарапайым қазақ үйіне көрсетілген үлкен құрмет еді. Қуанып пен қайғысы қосақталып, қатар жүретін тағдыр тәуекелі бізді айналып өткен жоқ. Тыныкан жылы Әлет аталатын 1984 жыл ерны толмас қайғысын ала келді. Желтоқсан 34 жасында дүние салды. Мен 3 бірдей балаңмен жесір атандым. Кенебай ағаның керемет тәті ғой, қолында «Жесірлер» атты кітап бар, маған ақылын айта отырып, өз кітабын жесірлер туралы ешең ешен берді. Оқығанда ерекше тұрленіп, түсі бірде қызарып, бірде бозарып, қабағы кым-қинаң құбыла түсін, дауыс ырғағымен жүрегін қысып қоятын тұрғындай еді. Мен сол кестелі сөзді өтіне тұрып естідім, жылап тұрып есімді жиғаным есімде. Мен сенда актерлықтың шыңдығын, өнердің шыңын сездім. Оны сездірген Кенебай көкем еді. Қайран Кенебай көкемі 61 жасына қарағы шыққа, 1988 жылы өмірден өтті. Содан бері де жылдар беті 20 рет айналып келген екен. Соз кешегі 2008 – тышкан жылы Кенебай актер тірі болса 80 жасқа толып, туған күнін тойлап отыратын еді. Ыт Кенен ағаның туған күнін тойлайтынымыз бар. Сексенге толған сенгір тойын өткен жылдың ақпан айының алғашқы күндерінде атап өттік. Сол бір туған күн үстіндегі жылдың ақ қайта оралды. Өнерін жалына жалау етіп, басқалар аса бермейтін ауыр тұмырға қарсы тұрған кайсар жан бірлік пен тірліктің, достықтың ғажап өнегесін қалдырған еді. Өнердің тамаша дәстүрін көкке көтерген азаматтың есімін ардақтайтын асылдардың көбінің көзі жоқ. Кейде ойымен үзеңгілес, бүгін елдің ортасында жүрген парасатты перзенттерді іздейтінім бар, – деген көк дәптердегі мәтық мақалас көп нәрсені көңілге түйгендей болады.

Бұл келін дәптерінің ішінен үлп алған бір ғана сыр. Кімдығы көптеген кейіпкерлер арқалы бүгінге жетіп, есімі өнерімен ажырамастай өрілп кеткен Кенебай Көкебеков сынды азаматтардың есімі өмірден де, көңілдей де, өнерден де өшпек емес. Десек те, дүниедей жоғалғанын ілдейтіндер көп. Біз болсақ бармыдағы жоқтамайтынымыз қалай? Айтайық, айтпайық актерге деген көрерменнің мәтық мақласы, мәнгі мазабатты жоғалмақ емес.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

КӨҢІЛ ТЕРЕЗЕСІ

ӨЛГЕНДЕР ҚАЙТЫП КЕЛМЕЙДІ



Демократия деп демігіп жүргендер үшін қоғамдық мәнша таптырмайтын орын. Сан қилы пікірлердің тоғысып, тоқайласатыны да осы түс. Сондай көп гой-гойдың бірінде бір ағамыз: «Кемпірше мен өлгенде басыма қоятын белгіге «мұның түбіне мақтан жетпесін» деп жазуды өсиет еттім», – деді әзіл-шыны аралас. Бұл сөзді ол кісі сол сәтте, әрине, мақтан үшін айтты. Өзінің көңілін өзіне бұру үшін айтты.

Шындығында да біздің түбімізге осы мақтан жетіп жүрген жоқ па екен осы? Белгілі жазушы ағамыз Герольд Бельгер Германияға туысшылай барады. Емен-жарқын қарсы алады. Кешкі сағат 19.00-ге қонаққа шақырған туысына шырттай боп барады. Үй иелерінде қонақ күтуге деген дайындық байқалмайды. Дастарханға шақырып бір шыныаяқ кофе мен бір бутерброд ұсынады. Қарны ашып тұрған Герольд қарбытып асап, жұмырға жүк болмайтын кофені бір-ақ сімірін: "Тағы ішуге бола ма?" деп сұрайды гой. Сонда туыстары: "Біз сізді әкі шыныаяқ кофе ішеді деп ойламаған едік», деп танырқайды. Немістің салтын түсіндіреді. Енді Гер-ағаң танырқайды. Сосын жазушы ағамыз аздап мақтанады: «Мен өзім бір қыста екі сөгым: бір сиыр, бір жылқы жеймін. Оны аз десеңіз біздің қазақтар бір өзі 500-1000 адамға тойды еркін жасай береді. Және дастарханында құстың сүтінен басқаның бәрі болады. Үш-төрт түрлі ыстық тамақ береді». Мұны естіген дамыған елде тұратын туыстары бір адам қалайша соншама адамды күте алады деп жағасын ұстапты. Туыстарының таңдайын бір қақтырып алғанына мәз болған қалмғер ішінен: «Қазақтар бір жыл той жасамаса Германияның бір жылдық бюджетін көтеріп алады екен гой», – деп «мақтанышты».

Расында да, тоймен мақтанғанға не жетсін. Алайда, біз бүтін тоймен мақтанғанды қойып, тоңпақты өлімді де мақтанның ымсанына айналдырып алғандаймыз. «Бардың малын шашатын, жоқтың артын ашатын» қайғылы халді де данғойлық көктарына салып жіберген сияқтымыз. Марқұмды ахиретке шығарып салудың бүтінгі үлгісіне қарап осылай демексіз лаж жоқ.

Қазақта ең үлкен ас – бәріміз білетін, жыр Құлагері І. Жансүгіров жырға қосқан «саптыаяққа сиып өлетін» – Сағынайдың асы. Дүйім қазақ бас қосқан, қора-қора қой, үйір-үйір жылқы сойылған дақпырты мол дәстің ақыры қазақтың Құлагерін өлтірумен аяқталады. Құлагерді өлтіру Ақаңдай ел сыйлаған арыстың өлтіру гой. Бәріне кінәлі мақтанғайлік. Құлагердің бағына балта шапқан Батыраштың барболмысын, арман-ниетін І. Жансүгіров «Құлагер» поэмасында:

«Батырдан бала жақсы ат жақсы»,
Айқайлаған ат әлдеқап бақса құмыр», – деп екі-ақ ауыз сөзбен түйіндей салған. Әрине, бүгінде мұндай бақталастыққа құрылған ашық қақпан жоқ.

Дегенмен, бүгінгі заман талабы басқа. Марқұмды ахиретке жөнелтудің өзіндік ғұламдық қағидасы бар. Қағида дегеннен шығады, бір аулында жаназа шығару кезінде Пәкістаннан оқып, білім алып келген ауыл имамы: "Баки дүниеге сапар шегіп бара жатқан үйден ешкандай да түтін исі шықпау керек, тамақ берем дегенді қойыңыздар, үш күнге шейін асылай. Үш күн марқұмның отбасы көрші-қолаңдардың үйінен тамақ ішеді», – деп көпіл айтып келген кісілерге шай беретін дәстүрімізге, үшін, жетісін беруге тыйым салған.

Сонда бүкіл ауыл боп дал болып, даурығып қалған. Бір жағынан шет ел асып оқып келген діндарлыкі жөн сияқты, мақұл дейін десек бағыдан берғі қалыптасып қалған салтты қайда қоясың?

«Ислам дінінің кең қанат жаюына халықтардың ата-бабасынан бері ұстанып келе жатқан салтына қарсы келмегендігі себеп», дейді зерттеушілер.

Салтымыздың салтанатын биіктететіні деп «біреудің кісісі өлсе қаралы» болудың орнына оны қалай жөнелтетінін басты әңгіме қылатын болып жүрміз. Үшін, жетісін, жылын қалай өткізді? Не сойды? Қандай тәбәрік таратты? Бәрінен де марқұм басына орнатқан белгіні айтсаңшы.

Безгі дегеннен шығады, жақында бір танысым, біздің ауылға келіп, баяғыда тәні топырақта айналып, жаны жай тапқан туысының басына 30 мың долларға ерекше сәулет үлгісімен күмбез орнатқан жігіт жайлы жырдан қызық қып айтып берді. Әрине, кім не істесе де өз шаруасы. Әке-шешесіне, туғантуысына қандай құрмет көрсеткісі келеді, ол да азаматтың өз құмырындағы іс. Алайда, осының барлығы маған марқұмның артында қалған ұрпағының өз құзіретін көрсету үшін жасап жатқан данғойлығы сияқты көрінеді.

Құс қанаты талатын сәйкы сахарамызда жекелеген тұлғалардың басына орнатқан тасырдан тасырға сынын бұзбай көшіп келе жатқан, бүгінде ұлттық жәдігерлерімізге айналған ескерткіштер жетерік. Олардың қатарына Ахмет Яссауи, Айша биби, Қозы-Көрпеш – Баян сұлу мазарларын жатқызамыз. Тіпім мұнымен шектелмейді гой.

Осы мақаланы жазу барысында бірнеше бейітті аралап көрдік. Кішіпрім қалашыққа ешп кеткендей әсер аласың. Бірінен бірі өтетін күмбездер. Осы заманғы нөбір кымбат материалдан жасалған. Ерікті назарымды аудырды. Барып көресің, кімдікі екен деп зер саласың. Зер саласың да ойға батасың...

Тақырыбымыздың тұлығы үшін ескерткіш жасайтын орындарға жолығып көріп едік биіктігі 1 метрден асатын қара, қызыл гранит тастардан жасалған ескерткіш-белгінің бағасы ең төменгісі 200 мың теңгеден басталады екен. Көлеміне сәнділігіне қарай бағасы да өрлей береді. Қаншама ел байлығы осындай қорымдарда мүлгіп жатыр десеңіші.

Осы бір әрі күмбездер салу қайдан пайда болды екен?

Қазақ тарихында аты қалған дүйім жұртты дүрліткірген кешегі Сағынайдың мазары деген ескерткіш жоқ. Бертіндегі қазақ қоғамының алыбы Құнанбайдың да басына ғажап ескерткіш қойылмапты. Ол туралы сөз де жоқ. Орнатуға шамалары жететін жуан атаның балалары оған мән бермеді дейсіз бе? Жоқ. Керісінше оған философиялық тұрғыдан қараған секілді. Демек, бәрі бертінде тәуелсіздік алғаннан кейін, әсіресе, соңғы 2000 жылдан бері қатты қарқын алғаны байқалады. Ел дәулетінің артқаны шығар.

Мұндай мәселеге дін өкілдері қалай қарайды екен деген ниетпен Талдықорға қаласы, Еркін ауылының имамы Қанат Мұратұлына жолыққан едік. Имам айтады: «Пайғамбарымыз ғ.с. «Үйлену мен мәйіт жөнелту ең оңай нәрселер болу керек» деп өсиет еткен. Бүгін бізде керісінше осы екі мәселе ең күрделі нәрселер қатарына жатады. Әсіресе қазақтарда. Топырақты өлімде тұрып, ұлы жүзге бір шапан, кіші жүзге бір шапан деп тәбәрік таратамыз. Мәйітті бақылға жатқызып қойып, сойыс мал іздеп сабыламыз. Дастарқан мәселесімен бас ауыртамыз. Марқұмның артында қалған бала-шағасы не киеді, не ішеді дегенге бас ауырта бермейміз. Сонан соң мәйіттің басына белгі қоюда үлкен бәсекелестік бар. Әке-шешесіне тірісінде ат тізін салмаған кейбіреулер қайтыс болғанда келіп алып, енді марқұмның арулары ряза болсын, үлкен мазар тұрғызамын деп ала шапқын болады. Адам жасесынақты адамға тірі кезінде жасау керек қой. Өлгеннен кейін басының мазар тұрғызу тірі пенденің өз атын шығару үшін жасап жүрген жармасесі ғана. Сондай-ақ, бейіттер шағыс егін салатын, ең игілікті жаратылыс жерлерге орналасқан. Негізінде мазарлар топырақтан, ағаштан 50-60 жылда топыраққа айналып кететін заттардан жасалу керек. Тағы бір баса айтатын нәрсе, бізде шек беру деген бар. Бұл – өзі исламда жоқ салт. Құрбан айтының алдында шек беріп алек-шалек болып жатады. Одан да ол малды құрбандық ниетімен сойса әлдекайда қабыл болар еді. Біз осы мәселелерді шамамыз келгенше халыққа ұғындырып келеміз». Имамның айтқаны да көңілге түрлі ой салады.

Осындайда қазақтың кестелі ойының өкілдері, сөз зергері Оралхан Бөкейдің: «Егер өлген адамдар тірілін келсе бізге қалай өмір сүру керектігін үйретер еді», – деген пайымы еске оралады. Шындығында да өлгендер қайтып тірілін келсе: «Айналайындар, шеттеріне ризамын. Маған арнап жұмсайтын пұлдарыңды жетім мен жесірлерге таратсаңдар, әйтпесе іскенды бір іске жұмсасаңдар сол жер сәуап. Мына керемет күмбездерің менің рухымның еркін ұшуына кедергісін келтіріп тұр», – деген болар ма еді, кім білсін...

Ерғазы МАНАПҰЛЫ.

Қазақстан - 2030

АЛАТАУ ауданы бір жасқа толды

... «Аркада кыс жеңіл болса, аркар ауыз несі бар?» демекші, соңғы он, он бес жыл көлемінде ауылдан қалаға ағылған халықтың санын ешкім дөп басып айта алмасы анық. Ата-бабасы туып-өскен, даналарымыз – Алтын бесікке теңеген, қаймағы бұзылмаған ауылдың құты қашар, жұрты көшер дегенге бір кездері соның шаңырағын көтеріп, ұясын қадап, керегесін тұрғызғандар, әрине, сенбеген. Бірақ қара қазан мен қара баланың қамы үшін қамыққан жұрт артына қарайлайтын шамасы болмаған соң қалаға ағылған-ды. Соның көбінің паналаған жері қарт Алатаудың баурайындағы Алматы болды. «Қош келдің!» деп, бәріне бірдей құшағын ашып, бауырына баспағанымен Алматының пендесін өзіне магнитше тартып тұратын бір қасиетінің бары жөн рас. Қаланың төрлім үйлерінен пәтер, ортасын ойып тұрып жер алмағанымен, шеткері аймақтарына қоныстана бастаған қарапайым жұртқа бастапқыда «Баспанасыздар» қоғамы қол созғанымен, кейіннен «жанашырлар» көбейіп кеткендіктен ел кімнің сөзін тыңдарын білмей, әркім өзінше карекетке көшті. Заңды, заңсыз деп бөліп-жарып жатпады. Ешкім ертеңгі салдарын ойлап басын да ауыртпады. Жаппай там соқты, үй салды, біртіндеп шағын-шағын ауылдар пайда болды. Нәтижесінде, жер дауы шықты. «Шаңырақта» адам шығыны болды, «Бакайда» бас жарылды. Бұл дегеніміз, Алматының шеткері маңайындағы аудандар сыртқан келушілердің есебінен күннен күнге ұлғайып бара жатқандықтан белгілі бір әкімшілік жүйе мен арнайы қадағалауды қажет ететін мәселдің жеткенін меңзеген-ді. Сөйтіп, 2008 жылдың шілдесінде Алматы қаласының әкімі Ахметжан Есімовтің ұсынысымен, Елбасымыздың қолдауымен, ел-жұрттың тілегімен Алматыда Алатау ауданы тұсауын кесті.

Бұл қаладағы жетінші аудан. Жетінші айда өмірге келіп, қазақша қайырсақ, қасиетті санды иеленген жаңа ауданға жаңа басшы болып бұған дейін Алматы облысының Көксу, Ақсу аудандарын басқарған, әкімшілік қызметте тәжірибесі мол азамат Бағдат МӘНІЗОРОВ тағайындалды. Одан бері аз уақыт болғанымен, қыруар шаруалар атқарылды. Ауданның шекарасы анықталды, ел есін жиып, тәртіп орнады. Халық сөзін тыңдайтын, арыз-шағымын өткізе алатын әкімшілік кеңсесі мен азаматтардың тілек-өтінішін қабылдайтын құзырлы орындар жұмыс істей бастады.

Аудан әкімі Бағдат Сайланбайұлын әңгімеге тартқан едік.



Шолпан ЖҰМАДІЛОВА, "Жетісу"

Тілші: – Данышпан Абайдың: «Әрбір істің жақсылығы оның қалай аяқталғанынан емес, әуел бетте қалай басталғанынан көрінеді» деген пәлсапаға жүгінер болсақ, Сіз үшін жаңа ауданның, оның үстіне проблемасы көп ауданның тізгінін қолға алып, істі бірден бастап кету оңай шаруа болмаған шығар?

Әкім: – Осыдан тура бір жыл бұрын қала әкімі Ахметжан Есімовтің ұсынысымен, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей ұйытқы болуымен, VI шақырылған Алматы қалалық мәслихатының шешімімен Алматы қаласында Алатау ауданы құрылды. Аталмыш аудан Алматының әлеуметтік-экономикалық жағынан өрделі, қордаланған мәселелері көп 18 елді мекеннен құрылған, көлемі жағынан ең ірі ауданның бірі болып саналады. Жаңа құрылған ауданның құрамына бір жағы Алматы облысының Қарасай ауданына, сондай-ақ Алматының Әуезов, Жетісу, Түрксіб аудандарына қарасты болып келген «Өжет», «Красный труд-ник», «Заря востока», «Үлжан», «Дархан», «Байбесік», «Шаңырақ – 1, 2», «Көккайнар», «Әйгерім», «Құрылысшы», «Түркістан», «Ақбұлақ», «Алғабас» секілді ауылдары кіреді. Аумағы 7190 гектар жерді қамтитын Алатау ауданының қазіргі халқы соңғы санақ қорытындысы бойынша – 158 300 адам.

Жоғарыда айтып өткенімдей, біздің аудан әлеуметтік мәселелердің шоғырланған аймағы болып табылады. Осы ретте ең алдымен қолға әлеуметтік қамсыздандырудың басты бағыты ретінде халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, жұмыссыздықты болдырмау, тұрғындардың денсаулығын жақсарту секілді шараларды алдық.

Республика жұртшылығына «Барахолка» деген атпен белгілі базарда сауда-саттық жасайтындардың басым бөлігі біздің ауданда тұрады. Олардың бірінің үй-жайы болғанымен, екіншісі тіркеуде жоқ, көпшілігі уақытша пәтер жалдап күн кешіп жатқандар. Міне, құжаттары заңды болмағандықтан олар науқастанып қалса дәрігерлік ем алу, баласын балабақша мен мектепке беру, өздері жұмысқа орналасу, жәрдемақы алу секілді әлеуметтік көмектерге қолдары жетпей келген. Сондықтан ең алдымен біз жұмысты тұрғындардың үйлері мен құжаттарын заңдастырудан бастадық.

Тілші: – Ауданның қазіргі әкімшілік орталығы болып саналатын «Шаңырақтағы шатақты» көзіқарақты көпшілік кезінде төледідардан көріп, баспасөз беттерінен оқу арқылы таныстық. Сонымен, заңсыз жерге үй тұрғызып, алаяқтардың арбауына түсіп қалған аңқау қазақтардың мәселесі қалай шешіліп жатыр?

Әкім: – Ауданқұрылғаннан бастап шешімін тауып келе жатқан басты мәселе – өз бетімен жер басып алған тұрғындардың жер телімдерін заңдастыру мәселесі болып табылады. Инвентаризация бойынша тұрғындардың заңсыз 4523 жер телімін басып алғандығы анықталды. Әкімдік соның үш мыңға жуығының жер телімдерін заңдастыру жолдарын қарастырып жатыр. Осы ретте қаланың бірқатар, тиісті мемлекеттік мекемелерімен бірлесе отырып, тұрғындардың жерлерін заңдастыру бойынша құжаттарын қабылдау жұмысы жүргізілуде. Бүгінгі күні заңдастыру бойынша 2,5 мыңға жуық өтініш қабылданып, 1000 өтініш бойынша заңдастыру жөнінде шешім қабылданды. Оның ішінде 637-сі жеке меншікке, ал 363 жер телімі жалға пайдалануға берілді. Енді-гі жерде жерлерін заңдастырған азаматтар Алматы қаласының тұрғыны ретінде тіркеуге тұрып, барлық әлеуметтік құқықтарды толыққанды пайдалана алады. Осы тұста, жеке саяси мақсаттарын көздеген кейбір саяси топтар жағдайды ушықтырып, заңдастырумен айналысып жатқан билік орындарын даттап, түрлі қарсылық әрекеттерді ұйымдастыруға ұмтылғандарын жасыра алмаймыз.

Тілші: – «Жығылғанға жұдырық» деп, Алматыда соңғы жауған жаңбыр салдарынан бірнеше отбасы баспанасыз қалды. Оларға тиісті көмек көрсете алдыңыздар ма?

Әкім. – Иә, мамыр айында толассыз жауған жаңбыр салдарынан «Шаңырақ» ықшамауданында қорғалатын аймақта заңсыз салынған 62 жеке құрылыс суға астында қалды. Сондай-ақ, «Дархан» ықшамауданында 40 тұрғын үйдің құлап кету қаупі бар. Осындай табиғаттан келген тосын жағдайды қалпына келтіру үшін бюджеттен 60 миллион теңге бөлініп отыр. Апатқа ұшыраған тұрғындарға дер кезінде медициналық көмек көрсетіліп, тиісінше басқа да жағдайлар жасалды. Арнайы жоспар бойынша зардапқа ұшырағандарға арнап «Шаңырақ – 5» ықшамауданында 6 сотықтан жер бөлініп, 25 шаршы метрлік 62 тұрғын үйдің құрылыс жұмысы басталып кетті. Бұл жұмыс жуық арада аяқталуы тиіс. Салынып жатқан үйлер шағын болса да, бүгінгі күнгі сәулет-құрылыс талаптарына сай тұрғызылмақ. Тұрғын үйлердің бағалары қазірге 7 мың АҚШ доллары шамасында. Ол үйлерде тұрғындардың бірден сатып алуына, болмаса жалға алып, кейіннен сатып алуына, сондай-ақ, бөліп төлеулеріне мүмкіндік беріліп отыр. Сонымен қатар, болашақта сол берілген үйлерін кеңейтіп, үлкейтіп салуға да мүмкіндіктер қарастырылған. Бұл бірінші бағдарлама бойынша. Ал екінші бағдарлама бойынша болашақта тағы да 78 тұрғын үй салу жоспарланған. Мұндағы мақсат екі Шаңырақтың ортасындағы, сайдағы 1189 заңсыз салынған үйді тазарту. Жаңа ықшамауданында заман талабына сай сәулеті мен құрылысы келісті үйлер бой көтермек. Бұдан бөлек үшінші бағдарламаға сай 3 және 5 қабатты биік үйлер тұрғызылады. Бұл жұмысқа қалталы кәсіпкерлерді тартпақ ойымыз бар. Егер олар 100 пәтерлі бір үй тұрғызатын болса, оның елуін сату олардың еншісіне тиеді, ал елу пәтерді біздер газ, су құбырларының жиегі мен зираттардың маңайынан үй салып алған, бірақ құжаттары кезінде заңдастырылып қойылған азаматтарға береміз. Әрине, мұның бәрі болашақтың еншісіндегі шаруа.

Тілші: – «Алатауда» алты алаштың баласы қоныстанған десек қателесе қоймаспыз. Енді-гі жерде олардың әлеуметтік мәселелерін шешу үшін арнайы жоспар жасалған бола?

Әкім: – Тұрғындардың денсаулығы мен әл-ауқатын жақсарту біздің назарымыздағы жұмыстың ең бастысы және ең күрделісі де. Бүгінгі күні ауданда тегін медициналық көмек көрсететін өкінішке орай, бір ғана емхана мен бес медициналық пункт жұмыс істейді. Халықтың санын ескерер болсақ бұл, әрине, жеткіліксіз. Осындай кемшіліктің орнын толтыру мақсатымен «Үлжан» ауылында 1200 орынды заманауи талабына тұтастай сай келетін мектеп пайдалануға берілді. Екі спорт залы, жүзу бассейні бар мұндай мектеп Алматыда жоқтың қасы. Сондай-ақ, шаңырақтық бүлдіршіндерге арнап 120 орынды балабақша ашылса, «Шаңырақ – 2» ықшамауданында 200 орындық емхананың құрылыс жұмысы басталып кетті.

Еліміздің бүгіні мен ертеңі өскелең жас ұрпақтың қолында дер болсақ, бұл бағытта да бірқатар жұмыстар жолға қойылып, біртіндеп орындалып жатқан жайы бар. Ауданда 16 орта мектеп, бір жоғары оқу орны, сонымен қатар бүлдіршіндерімізді тәрбиелейтін 5 балабақша жұмыс жасайды. Бұдан бөлек республикалық дәрежедегі спорт мектебі өткен жылдан бері өз шекірттерін қабылдап, бір жылдың ішінде айтулы көрсеткіштерге қол жеткізді. Дегенмен, мектептер мен балабақшалардың жетіспеушілігі күн тәртібіндегі ушығып тұрған және ерекше көңіл бөлуді қажет ететін проблема екені рас. Осы орайда, «Шаңырақ – 2» ықшамауданында 280 орындық балабақшаның, «Әйгерім – 1» ықшамауданында 1200 орындық мектептің, «Үлжан – 2» ықшамауданында тағы да бір балабақшаның құрылысы басталып кетті. Бұл құрылыс нысандарында жұмыс қарқынды жүріп жатыр. Бүйыртса, межеленген уақытта балалардың игілігіне беріледі деген үміттеміз.

Тілші: – Елімізге келген дағдарыс сіздерді де сырт айналып кетпегені белгілі. Осы бағытта дағдарысқа – тойтарыс беруге шамаларыңыз жетіп жатыр ма?

Әкім: – Иә, әлемде белең алып отырған қаржылық дағдарысқа бірігіп тойтарыс беру бәріміздің ортақ мақсатымыз екенін Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының XII съезінде сөйлеген сөзінде де, Қазақстан халқына жолдаған кезекті Жолдауында да ерекше мән беріп өтті. Әрине, мұндай жауапты кезеңде жауапкершілік те екі есеге артып, дағдарысқа қарсы шараларды жедел іске асыру барысында қолымызда келгеніне Елбасы тапсырмасын орындауға күш салып жатырмыз.

«Дағдарыстан – жаңару мен дамуға» атты Елбасы Жолдауын басшылыққа ала отырып, «Жол картасы» аясында ауданға 3 миллиард теңге бөлініп, нәтижесінде 1232 жұмыс орнын ашу көзделіп отыр. Оның 734-і әлеуметтік жұмыс орны болса, 498 студент жасты жұмыспен қамтуға мүмкіндік алдық. Сондай-ақ, 300 маманды қайта даярлаудан өткіздік.

Ауданда 6901 зейнеткер тұрса, олардың 77-сі Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектері. Көпбалалы аналар саны – 251. Міне, осы азаматтардың орташа зейнетақы мөлшері жыл басынан 25 пайызға ұлғайтылды.

Дағдарыс деп қарап отырған жайымыз жоқ, қалалық бюджеттен 2009 жылы 5 миллиард, 151 мың теңге қаражат бөлінді. Оның 1 миллиард 100 миллион теңгесі мектеп пен емхана құрылысына арналса, 2 миллиардқа жуығы жолды жөндеуге жұмсалмақ. Ал 880 миллион қаражат аудандық инженер-коммуникациялық инфрақұрылысты дамытуға бөлінді. Ауданды газбен қамтамасыз ету бағыты бойынша 560 мың теңге бөлініп, «Үлжан», «Шаңырақ» ықшамауданының бірқатар бөлігіне негізгі газ құбырлары тартылды. Сондай-ақ, аудандағы 299 көшенің алдыңғы кезекте жөндеуді қажет ететін, тозығы жеткендерінің бір бөлігіне күрделі, екінші бір бөлігіне жөнді жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Тілші: – Облыстың Көксу, Ақсу аудандарында бірінші басшы болып, біраз тәжірибе жинақтадыңыз. Ал, Алматы секілді ірі мегаполистің үлкен бір ауданына әкім болғалы бері не үйрендіңіз? Өміріңізге өзгеріс әкелді ме?

Әкім: – Әрине, ауыл мен қаланың арасындағы алшақтық әлдеқайда көп. Егер халқына келер болсақ, ауылдың адамдары шыдамды, ертеңгі күнге деген сенімдері зор, қанағатшыл ғой. Ал қала халқы ойын ашық айтатын, талап қоя білетін, кей тұсында айғайлай алатын, өздерін еркін сезінетін адамдар. Оларға дем беріп, қолтығына су бүркіп отыратын оппозиция өкілдері де жоқ емес. Қаланың ауқымы облыстың аудандарына қарағанда бес есе үлкен. Демек, жұмыс та, талап та, жауапкершілік пен қаржылық мәселе де, проблема да, сұрақ та бес есеге жоғары деген сөз. Сол секілді бюджет те соншама есе артық. Менің ең басты мақсатым – Елбасы мен қала әкімінің сенімін ақтау. Сенің тапсырған жұмысты абыроймен атқару. Еліме адал қызмет етіп, халықтың тілегін орындау. Титтей де болсын қоғамға пайдамды тигізіп, кәпшіліктің жүрегінен жол табу. Міне, осы ретте Алматы мені жауапкершілік жүгін екі есе артығырақ сезінуге, мүмкіндігінше тиянақты, жинақы болуға үйретті. Бизнестен келгендіктен нарық заңын жақсы білемін. Ал бүгінгі күн нарықтың, бизнестің күні. Әкіммін деп жаңағы жайлаудай етіп босансып, бөлмеде отырып бұйрық беретін уақыт емес. Бұл жерде де көп жүгіруге, ізденуге, өзгелермен келісуге, ұсыныстармен шығуға, шапқылауға тура келеді. Ұйымдастырушылық қабілет-қарымың болмаса, шаруаның ыңғайын білмесең, ұсыныстілегің, ойға алған мақсаттарың мен діттеген жоспарларың жоқ болса жұмыс та жүрмейді, ісің де ілгері баспайды.

Ауданның ашылу салтанатына келген қала әкімі Ахметжан Есімов жиналған көпшілік алдында: «Үлкен, ұлы іске бел буып отырмыз. Бұл іс Елбасымыздың арнайы бастамасымен сіздердің мүдделеріңіз үшін жасалып отыр. Ойға алған мақсаттарымызды іске асыруға бәріңіз атсалысыңыздар. Ауданның әрбір кірпішін бірге қаласын, шаңырағын бірге көтерейік. Жаңа ашылған аудан ең әуелі сіздер мен болашақ ұрпақтарыңыздың игілігі үшін» деп баса айтқан еді. Ендеше, «Жалғыздың үні, жаяудың шаңы шықпас» дегендей, атқарылып жатқан игілікті істер болса, сол көпшіліктің бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып отырған әкімдіктегі қызметкерлердің, менің әріптестерімнің арқасы, ел-жұрттың тілегі, жақсы ниеттердің қабыл болғандығынан деп білемін.

Тілші: – Жаңа ғимаратқа көшіп, қоныс тойын тойлайын деп жатыр екенсіздер. Тойларыңыз құтты болсын! Артында елу мың оқырманы, тоқсан жылдық тарихы бар «Жетісу» газеті әрқашан «Алатаудың» болашағы биік, мерейі асқақ болатынына сенім артып, зор үміт күтеді.

Әкім: – Расымен, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен ақбас Алатаудың бауырайынан бой көтерген жетінші ауданның жеке шаңырақ құрғанына бір жыл болды. Аз ғана уақыт ішінде біршама ауқымды шаралар атқарылып, қарышты қадамдар жасалынуда. Осы бір тарихи күнді атап өту мақсатында 2009 жылдың 4 шілдесінде «Шаңырақ–2» ықшамауданында орын тепкен Алатау ауданы әкімі аппаратының ғимаратының салтанатты ашылу рәсімі болады. Қала әкімі Ахметжан Есімовтің қатысуымен «Шаңырақ–5» ықшамауданында су тасқынынан зардап шеккен азаматтарға жаңа үйдің кілті тапсырылады. Дәл осы күні «Боралдай Сақ қорғандары» мұражайы аумағында Қазақстан өнер жұлдыздарының қатысуымен үлкен концерт өтеді. Қазақтың ұлттық ойындары ойнатылып, ауылшаруашылық жәрмеңкесі ұйымдастырылады. Сондай-ақ, мерекелік БӨЙГЕ беріледі. Нақтырақ айтар болсақ, **АЛАМАН бәйге 25 шақырым. Кіру жарнасы – 15000 теңге.**

Жүлделер:
I орын – «Джип» автокөлігі.
II орын – жеңіл автокөлік.
III орын – ақшалай сыйлық.
ҚҰНАН бәйге – 11 шақырым.
Кіру жарнасы – 7000 теңге.
Жүлделер:
I орын – жеңіл автокөлік.
II орын ақшалай сыйлық.
III орын ақшалай сыйлық.

Барша облыс тұрғындарын қуанышымызды бөлісіп, тойымыздың құтты қонағы болуға шақырамыз! Келіңіздер! Бәйгеге қатысып, жүлдені алып қайтыңыздар!

Ұйымдастыру комитетінің телефондары:
8 7272-99-84-19;
8 7272-809-81-82.

●ТУРИЗМ

Барып қайтайық

Алакөл мен Балқашқа...

Таяуда қарт Балқаштың Лепсі жақ тұсындағы «Riva Lepsy» демалыс аймағында жазғы шомылу маусымының ашылу салтанаты болып өтті. Оған облыстық туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының бастығы Тұратбек Шарапиев қатысып, жиналған қауымға облысымыздың туризмді дамыту бағытында атқарып жатқан игілікті істерін айтып өтті. Сонымен бірге салтанатты шараға қатысқан бірқатар республикалық және облыстық басылымның тілшілері Балқаш пен Алакөлдің жағасындағы демалыс орындарын аралап, қазақстандық туризмнің дамуына қолбайлау болып отырған жағдайларға қанықты. Бұл қатарда осы жолдардың авторы мен де болған едім.

Қажет АЙДАС, "Жетісу"

Облыстық туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының мәліметіне сүйенсек, қазір облыс аумағында туризм саласы жақсы дамып келеді. Атап айтар болсақ, ағымдағы жылы облыс бюджетінен 22,0 млн. теңге қаржы бөлініп, 2007–2011 жылға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру бағытына жұмсалуда. Сонымен бірге, қазір 440 туристерді орналастыру нысаны демалушыларға қызмет көрсетуге дайын. Осыдан-ақ, көңіл көншітерлік жұмыстың атқарылып жатқанын білуге болады. Иә, Алматы облысы туризмді дамытуда табылмайтын-ақ жер. Іле-Алатау, Алтын Емел, Шарын және Алматы–Алакөл сияқты төрт құлттық табиғи паркі өлкемізге орын тепкен. Хан-Тәңірі (7014м.) шыңының аумағында шаңғы және шана тебу, альпинизм және тауға шығу спортын дамытуға қолайлы мүмкіндіктер бар. Өлкеміз тарихи, мәдени, археологиялық, этнографиялық ескерткіштерге бай. Тәуелсіздік символы болған «Алтын адам», табиғаттың жұмбағы – «Айғай құм», ерте палеолит дәуірінен қалған Шарын өзені жағарындағы Соғда жазулары туристерді қызықтырмай қоймайды. Ал Алакөл және Балқаш көлдері, Қапшағай су қоймасы демалушыларға табылмайтын жарасымды орта. Осыған қарап, жерінің асты да, үсті де байлыққа тұнып тұрған даланы еншіге қалдырған бабалар парасатына тәнті боласың. Алайда, біз соның бағасын бағамдап, қадірін біліп жүрміз бе?

Ауыл тұрғындарының айтуынша, Алакөлге келіп демалатын қонақтар жолдың қанындығын көрген соң қайта келмейді екен.

Алакөл атырабы – қазақ халқын ел басына күн туғанда ашаршылықтан қорғаса, одан кейін де ел-жұртқа өзетін талдырған емес. Ал, Алакөлді жағалай орын тепкен Көктұма шағын ауыл болса да өзіне тән ыстық пейілі, қонақжай, қанағатшылдығы бар елді мекен. Ауыл тұрғындарының негізгі кәсібі – жаз бойы көл бойына демалуға келген туристерді бар пейілімен қарсы алу. Ал, Алакөлдің суы мен жағасындағы балшығы сан түрлі аурудың емі, балығының өзі республикаға танымал. Әрине, өсіптің көзіне айналған осы тірлік жаңа жұмыс орындарының ашылуына сеп болған. Бұл тұрғындардың берекелі тұрмысын нығайтуға жол салған жақсы бастама. Осындай шараның басы-қасында болып, ырысын шалқытып отырған ауыл ақсақалы, жеке кәсіпкер Кәмеш Рахымовтың айтуынша, ауылдың қазіргі жағдайы адамды қуантарлық дәрежеде. Жастар ауылдан алыстап, Алматы мен Астанаға немесе сексен шақырым шалғайда орналасқан «Достық» шекара бекетінде жұмыс істесе, ауылдағы үлкендер жағы да қарап отырмай етіні мен малын мынғыртып өсіріп, енді бір жағынан әлі келетін отбасылар жаңа қонақ үйлер салып, кейбіреуі отырған үйін жатақхана етіп жабдықтап, жаздай туристерді қабылдап, әжептәуір қаражат тауып алады екен. Осыған байланысты елді мекендегі демалыс орталығының саны да артып келеді.

Тағы бір жағынан Алакөл ауданының табиғаты да демалыстың түр-түрін ұйымдастыруға қолайлы. Мұнда келген адамдар тауы өлкенің табиғатын тамашалап, дала көркемдігімен жақсырақ таныса алады. Бұл мүмкіндікті жасап отырған Ақши ауылынан 15 шақырым жердегі Жаманты өзенінің бойына орналасқан «Алакөл табиғаты» қоғамдық бірлестігі. Бірлестіктің мүшесі Нұрлан Адамов жұмыс жайын таныстыра келіп:

– Алакөлге демалуға келгендер көл бойының қызығына қанықпаннан кейін тауға шығып, демалып қайтқысы келеді. Сондықтан біз өткен жылдан бері осы демалыс орталығын ашып, жұмыс жасап келеміз. Тиынтебен табуды мақсат етпедік. Басты көздегеніміз – қонақтарға өлкемізді көркем келбетін көрсетіп, басқаларға жарнамалау. Біздің орталықта екі бағыт бойынша, жаяу және атпен Жоңғар Алатауының бөктеріне шығып, тау табиғатын тамашалаумен бірге жануарлар әлемімен де танысуға мүмкіндік алады. Бұл халық үшін де, табиғат үшін де өте тиімді, – деді ол.

Аумалдағы ағайынның тіршілігін көріп, жадырап қалдық. Өкінішке орай, бар мүмкіндікті пайдаға жарата алмай отырғанымыз тағы бар. Кемшін тұстарымыз да жеткілік. Соның бірі – жол мәселесі. «Жол азабы – көр азабы» дегендей, аудан орталығы Үшарал қаласынан Көктұмаға бет алған жол бағыты бастапқыда жайлы сезілгенімен, бара-бара жолдың бұзылған тұстары көліктің мазасын ала бастайды. Жүргізушілер де келіп-бұдыры көп жолдың көлік жүргізуге қолайсыздығынан тықыстап біткен. «Айта, айта Алтайды, Жамал апай картайды» дегендей, жыл сайын Талдықорған, Астанаға жазылған арыз-шағымдарға бір жауап болмай, «Баяғы жартас сол жартас» күйінде қалып келеді. Ауыл тұрғындарының айтуынша, Алакөлге келіп демалатындар шетелдік қонақтар. Олар жолдың қиындығын көрген соң қайта келмейді екен. Қазір тұрғындар тек қонақ үйлер салып, туристерді қабылдаумен ғана шектеліп отыр. Қонақтарды қызықтыратын инфрақұрылым жоқтың қасы. Сондықтан ауыл тұрғындары Үкімет тарапынан қолдау көрсетіліп, тым болмағанда несие алуға жағдай жасалса деген уәж айтады.

Жетісудың бір маржаны – Балқаш көлі. Көл бойындағы демалыс орындарының әрқайсысы «Riva Lepsy» деп

Қазір өз бетімен келген шетелдік туристерді тіркейтін мекеме болмағандықтан, олар мұнда екі күннен артық тұра алмайды. Иә, бұл да қазақстандық туризмді дамытудағы күрмеуі қиын мәселенің бірі болып тұр.

аталс аймағы. Аталған орын 2004 жылдан бері демалушыларға заман талабына сай саналы қызмет көрсетіп келеді. Көп қабатты қонақ үй, бір уақытта 200 адамды тамақтандыратын асхана. Жаздық монша, бильярд және теннис залдары, түрік және фин моншасы бар. Шомылу айдынына кішкене қайық, көлденкелі шатыр, спорттық алаңдар орналастырылған... Жайлы. Демалуға бәрі, бәрі де бар. Келушілерге тәулігіне үш уақыт тамақты қамтыған 3 мыңнан 10 мың теңгеге дейінгі жатар орын қамтамасыз етілген. Мұнда 50-ден аса адам жұмыспен қамтылған. Дені Лепсі, Матай стансыларының жақтары. Айлақтың басқарушысы, кәсіпкер Амангелді Әубәкіров те осы өңірдің түлегі.

– Менің бұл іске баруыма ел мен жерге деген ыстық сезім итермеледі. Әрине, қазір ағайындар қала жағалап, коттедж үйлер салуға әуес болып барады. Ол да керек шығар. Десе де, өлкеміздің осындай мүмкіндігін ашып, алыс-жақын елдерге таныту үшін жұмсалған қаражаттың қайтымы да тез болады екен. Өткен жылы 20 мыңға жуық демалушыны қабылдаған едік. Биыл бұл сан 30 мыңнан асады деп жоспарлап отырмыз, – дейді бізге берген сұхбатында.

Дей тұрғанымен, демалыс орнына келетін туристердің басым бөлігін шетелдік қонақтар құрайды. Алайда, осы шет ел азаматтарын тіркеу барысында түйінді мәселе орын алуда. Қазір өз бетімен келген шетелдік туристерді тіркейтін арнаулы мекеме болмағандықтан, олар мұнда екі күннен артық тұра алмайды. Иә, бұл да қазақстандық туризмді дамытудағы күрмеуі қиын мәселенің бірі болып тұр.

Шетелдіктердің келгені дұрыс шығар. Бірақ біздің азаматтар осындай табиғат тұрғанда шет ел асып кететіні өкінішті. Мамандардың айтуынша, туған елде тыныгу арзанға түседі және қызмет көрсету сапасы да ешкімнен кем емес. Алайда, бізде көркемдігіне көз тоймайтын орындар көп болғанымен, оны ел игілігіне асырып, туризмді дамыту кенжелеп тұр. Әрине, әркім қаражатын жайлы демалысқа жұмсайтыны анық. Осыған байланысты ағайындарды шет ел асты деп кінәлай берудің кереті жоқ шығар. Еліміздегі демалыс орындарының инфрақұрылымын дамытуға Үкімет тарапынан қолдау болып, бізде демалыс нысандарында шетелдегідей жағдайлар жасалса нұр үстіне нұр болар еді.

Өзімізде тұрғанда өзгенікін қайтеміз

Күмісжан БАЙЖАН,
"Егемен Қазақстан".
Қажет АНДАС,
журналист.

Бүгінгі күні Алматы облысында туризм саласы біршама дамып келеді деп айтуға болады. Ағымдағы жылы облыс бюджетінен салаға 22,0 млн. теңге бөлініп, 2007-2011 жылға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар қазіргі кезде туристер мен демалушыларға қызмет көрсетуге 440 орын дайын. Осыдан-ақ, ұйымдастыру ісіндегі тиянақтылықты көреміз. Өйткені, Жетісу өңірі туризмді дамытуға қолайлы болса, Іле-Алатау, Алтынемел, Шарын және Алматы-Алакөл сынақты төрт ұлттық табиғи паркі өлкемізге орын тепкен. Хан-Тәңірі шыңының аумағында шаңғы және шана тебу, альпинизм және тауға шығу спортын дамытуға мүмкіндік бар. Өлке тарихи, мәдени, археологиялық, этнографиялық ескерткіштерімен де ерекшеленеді. Тәуелсіздік бойтұмары Алтын адам, табиғаттың жұмбағы — Айқайқұм, ерте палеолит дәуірінен қалған Шарын өзені аңғарындағы Согда жазулары туристерді қызықтырумен бірге өлкеміздің өткен тарихынан сыр шертетіні аян. Айдынды Алакөл мен Балқаш, Қапшағай жағасынды су қоймасы демалушыларға табылмайтын, жанына шипа орындар. Жерінің асты мен үсті байлыққа түнған даланы бүгінгі ұрпақ еншісіне қалдырған бабалар парасатына тәнті болып, оның бағасын бағамдап, қадірін біліп жүрміз бе деген ой да көңілге оралады.

Алакөл атырабы — қазақ халқын ел басына күн туғанда ашаршылықтан құтқарса, одан бертінде ел-жұрттың өзегін талдырған емес. Алакөлді жағалай қоныстанған Көктума шағын ауылының халқының ыстық пейілі, қонақжай, қанағатшылдығын сезінесің. Тұрғындардың негізгі кәсібі — жаз бойы демалуға келген туристерді шын пейіл-ниетімен қарсы алу. Алакөлдің суы мен балшығы сан түрлі әурудың емі, бал тамған балығы да ас мәзірінің атасындай. Әрине, нәсіп көзіне айналған осы көсіппен тірлік жаңа жұмыс орындарының ашылуына негіз болған. Бұл берекелі тұрмысты нығайтуға жол салған жақсы бастама. Шаруаның басы-қасында жүріп, ырысын шалқытқан ауыл ақсақалы, жеке кәсіпкер Көмеш Рахымов:

— Ауылдың бүгінгі жағдайы жақсы. Әсіресе, жастар білім ізденіп, үлкен шаһарларға аттанып жатса, кейбіреуі "Достық" шекара бекетінде жұмыс істеуде. Ауылдағы үлкендер жағы да қарап отырмай, егінді мен төрт түлік малын өсіріп отыр. Бүгінгі қоғамның ауаның түсінгендер кәсіпкерлікпен айналысып, қонақ үй салып, жатақхананы жабдықтап, жаз бойы туристерді қабылдап, әжептәуір қаражат табады. Осыған байланысты елді мекендегі демалыс орындарының саны да артып келеді, — деді бізбен әңгімесінде.

Алакөл аймағының табиғаты да демалыстың түр-түрін ұйымдастыруға қолайлы. Мұнда келген адамдар таулы өлкенің табиғатын, дала көркемдігімен жақынырақ танысады. Бұл мүмкіндікті жасап отырған Ақши ауылынан 15 шақырым жердегі Жаманты өзенінің бойына орналасқан "Алакөл табиғаты" қорғандық бірлестігі екенін де аңғардық.

Демалуға келгендер көлдің қызығына қанықкан соң, тауға шығып, демалып қайтқысы келеді. Өткен жылдан бері демалыс орталығын ашқан аталған ұйым қаржы көзін тауып келеді екен. Демалушылар өлкенің көркем келбетімен жете танысып, екі бағыт бойынша, жаяу және атпен Жоңғар Алатауының бөктеріне көтеріліп, тау табиғатын тамашалаумен қатар жануарлар әлемімен танысуға да мүмкіндіктері мол.

Елді мекендегі халықтың тыныс-тіршілігіне, барды ұқсатудағы бейімділігіне жан жадырайды. Алайда бар мүмкіндік толық пайдаланылуда деуге әлі ерте. Соның бірі — жол мәселесі. Өйткені, аудан орталығы Үшарал қаласынан Көктұмаға бет алғанда жол алғашқыда біршама жайлы болғанымен, келірбұдыр тұстары көлікті де, жолаушыны да мазасыздандырады. Әрине, жеткеніше жүйкең жүнше түтілетіндігінен оның азабын біразға дейін ұмытпайсың. Тұрғындардың айтуынша, Алакөлге келіп демалатындардың дені — шетелдіктер. Олар жолдың қиындығын көрген соң, қайта айналып соқпайды екен. Халық соңғы жылдары көбіне қонақ үй салып, туристерді қабылдаумен ғана шектелген. Қонақтарды қызықтыратын инфрақұрылым әзірге жоқтың қасы. Бұл жағын да ойластырғанның артықтығы жоқ.

Жетісу маржаны — Балқаш көлінің бойындағы демалыс орындарының іргелісі — "Riva Lepsy" демалыс аймағы. Онда 2004 жылдан бері демалушыларға заман талабына сай сапалы қызмет көрсету қолға алынған. Қос қабатты қонақ үй, 200 орынға орналасқан асхана, жаздық монша, бильярд және теннис залдары, түрік және фин моншасы орын тепкен. Айдында қайық, көленкелі шатыр, спорттық алаңдар орналастырылған. Жайлы демалуға қажеттіліктің бәрі бар. Демалушыларға 50-ден аса адам қызмет көрсетіп, жұмыспен қамтылған. Дені — Лепсі, Матай стансаларының жастары. Демалыс орнының басшысы, кәсіпкер Амангелді Әубәкіров те осы өңірдің түлегі.

— Атағы алыска кеткен Балқаштың мүмкіндігін осындағы халық көріп келеді. Алғаш демалушылар үшін жасалған жақсы жағдай мен бастама өз нәтижесін берді. Өлкеміздің осындай мол мүмкіндігін ашып, алыс-жақынға танытуға жұмсалған қаржының қайтымы да болады екен. Өткен жылы 20 мыңға жуық демалушыны қабылдадық. Ағымдағы жылы 30 мың халыққа қызмет көрсету жоспарланған, дейді жанның жаршысы.

Шетелден келген меймандарды толғандыратын жайлар да бар. Өз бетімен келген шетелдік туристерді тіркейтін арнаулы мекеме болмағандықтан, олар екі күннен артық бола алмайды. Иә, бұл да қазақстандық туризмді дамытудағы күрмеуі қиын мәселенің бірі екені байқалды.

Мамандардың айтуынша, өз азаматтарымыздың туған елімізде тынығуы арзанға түседі. Қызмет көрсету сапасы да өзгелерден кем емес. Алайда, көркіне көз тоймайтын орындардың көп болғанымен, оны ел игілігіне ұсыну туризмді дамытудағы ақпараттық жүйенің кемшін тұстарының кездесетіндігі.

Біз Балқаштан алыстаған сайын толқынды көл мен сағымды тау көркі көмескілене берді. Ал, жолда Алакөл мен Балқашқа қарай ағылған автокөліктер қатары көп екенін көрдік. Демек, жол қиындығына қарамастан, шілденің ми қайнаған ыстығын айдынды көл жағасында өткізгісі келгендердің қатары мол екені қуантады. Өз елім, өлең төсегім деген осы-ау, шіркін!

Алматы облысы.

Беймәлім соғыс боздақтары

Нәзира ЖӘРІМБЕТОВА,
"Егемен Қазақстан".

Өткен ғасырдың 80-ші жылдарындағы Ауған соғысы жат елде болса да Қазақстан тарихынан ойып орын алады. Өйткені, сол соғыс қазақстандық көптеген қыршын жастардың өмірін қиды. Қостанай облысының өзінен барған 1864 жауынгердің 44-і туған жерге табыт болып оралды, екеуі хабарсыз кетті.

Ауған соғысының аяқталғанына жиырма жылдан астам уақыт өтсе де туған ел құрбандарды ұмытпақ емес. Жітіқара қаласында орнатылған еңселі ескерткіш соғыс құрбандарын есте сақтау мен елге аман оралған жауынгер-ардагерлерге көрсетілген күрметтің ерен үлгісіндей болды.

Ескерткіштің ашылуына облыс басшыларымен қатар ауған соғысының ардагері, Халық қаһарманы, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев, Мәжіліс депутаты Ольга Киколенко қатысып, сөз сөйледі.

— Біздің халқымыздың тарихы бай. Ауған соғысы да сол бай тарихтың бір парағы. Ал мына ескерткіш жат елде оққа ұшқан боздақтарға күрмет қана емес, өсіп келе жатқан жас ұрпақты патриоттық сезімде тәрбиелеудің де үлкен үлгісі, — деді Бақытжан Ертаев.

Ескерткіш осы қаладағы "Қостанай минералдары" акционерлік қоғамының қаржысына тұрғызылды. Ауған соғысының ардагерлері ескерткіштің ашылу салтанатында аталмыш кәсіпорынның жетекшісі Қанат Жүсіповке Қазақстан мен Ресейдегі ауған соғысы ардагерлері қауымдастықтарының медальдерін табыс етті.

Қостанай облысы,
Жітіқара қаласы.

Бірде...

Айтыскер ақын Ермек Жұматаев бірде Атырау облысындағы додалы айтысқа қатысады. Атырау елі ақындарды ерекше күтіп, аумал-төкпелі айтыстың ең қызық кезінде ақсақалдары ақындар біле-білмейтін деген шетте шежіре тарқатысады.

Дастарқан басында бір ақсақал: "Ал айналайындар, біздің елді Ағатай-Беріш елі деп атайды. Өздерің білетін өйгілі батыр Исатай Тайманұлы осы елден шыққан. Бұл елдің жігіттері шетінен жауқұрек батыр болып келеді. Батырлары жауға шапқанда "Ағатайлап" ұран шақырады", — дегенде, Ермек таңғалған кейіппен: "Сонда "Ағатай" деген жауды қуғанда айтатын ұраны ма?" — деп сұрайды. Ақсақалдар: "Иә оған несіне таңғалдыңыз", — дөсіпті. Сонда Ермек: "Қайдам, "ағатай" деген сөзді біздің елде жауды қашқанда айтушы еді", — депті. Бұл сөзге намыстанған шалдар Ермекке дүрсе қоя береді де, ақыры Жетісудың жүйрігі кешірім сұрап өрең құтылған екен.

* * *

Белгілі журналист Ескендір Ертайдың Батыс Қазақстан облыстық телерадиокомпаниясында қызмет етіп жүрген кезі болса керек. Бір күні редакцияның ағайлары мен сығайлары бас қосып, ортаға "аңқылы" алып, арқа-жарқа болып отырады. Болмеге күтпеген жерден телерадиокомпания төрағасы Рысқали Молдағалиев кіріп келіп, қапелімде сасып қалған жігіттер "бейменгіз қонаққа" түре қарай алмай, көздерімен жер шұқиды. Сонда бастық:

— Өсетін елдің балаcы бөлмесінің төріне Горбачевтің суретін ілип қояды. Ал сен, — деп Ескендірге қарайды, — қиысқан құ домбыраны ілып қойғансың.

Сонда Ескендір домбырага бір қарап қойып:

— Е-е-е, бастықтар келеді, кетеді. Ал қазақтың қара домбырасы мәңгі қалады, — деген екен бастығының зейнетке шыққалы жүргенін меңзеп.

Б.САҒЫРБАЙ.

АСТАНА.

Сүбелі сын

Мироновтардың телефоны қоңыраулап, Наташа көтеріп: "Иә, біз хабарландыру бергенбіз. Үйжайы бар қарт адамды қамқорлыққа алғымыз келген.. Жасыңыз нешеде еді? Жөн екен, ал үйіңіз неше бөлме? Ежеу дейсіз бе? Жалғыздақтан шаршадым дейсіз бе? Ал онда танысайық, менің есімім Наташа, күйеуім Сергей. Бәрекелді, Степан Афанасьевич, біз күйеуіміз екеуміз барып, бар жағдайды ақылдасамыз.." — деді.

Бұлар түс қайта Степан Афанасьевичтің үйінде отырды. Шал 75-те болса да ширақ, қағылез, кей кемшіліктерін өзімен астарлап жеткізіп те қояды.

Бұлар шалды сынап біраз отырды да:

— Сізбен біз үш айға сынақ мерзімін белгілейік. Сіз бізді, біз сізді байқап көрелік. Сынақтан өтсек, нотариус арқылы нақты келісім-шартқа отырайық, — деп еді, ақсақал бұл пәтуалы сөзге риза болып кемсеңдеп, кетерінде Сергейді құшақтап, Наташаның бетінен сүйді.

Сөйтіп, Мироновтар — қалай ұйықтадыңыз, көңіл-күйіңіз нешік деген мәнде шалға хабарласып, күнде не керегін сұрап, қызу іске кірісті де кетті. Бірде өзі, бірде күйеуі күн құргатпай ақсақалға барып, хал-жағдайын қалт жібермей, ол кісімен етене танысбіліс бола түсті.

Жиі араласқандікі ме, бірбіріне бауыр басып-ақ қалған, Өзіне деген құрметке риза ақсақал тебірене отырып: — Жаратқан бала бұйыртпап еді, міне, соның орнын толтырдыңдар. "Бала — өмір шырағы" деген рас екен, сендерге ризамын, — деді.

Уақыт сырғып, сынақ мерзімінің бір жетісі қалғанда Наташа күйеуіне: —Соңғы кездері ана ақсақалды үйі үшін күрметтеп жүргеніміз мені өткі-тәткі күйге түсіріп, біртүрлі өзімді-өзім ыңғайсыз сезінудемін... Ол кісі маған тұтанымдай болып кетті. Келіссең, ол кісінің келісім-шартсыз-ақ күтсек қайтеді? — деп еді, күйеуі де:

— Бәрекелді! Менің де ойым осы! — деп бірден келісе кетті.

Бұлар ертесінде Степан Афанасьевичке барып өз ойларын айтып еді, ол кісі қипақтап:

— Менің де сендерге айтарым бар. Тек оны ауызша айтуға ыңғайсызланып, қағазға түсіріп қойып едім, — деп бір парақ қағазды Наташаға ұсынды. Онда: "Қымбатты Наташа Александровна! Мен осыдан үш ай бұрын театр институтында сіз тарағалық еткен қабылдау комиссиясына емтихан тапсырған болатынмын. Актерлік өнерімді барымды салып көрсетіп едім, сіз: "Театр — саған қол емес. Әртістіктен құралақан екенсің. Бағыңды басқа кәсіптен іздеп", деп шығарып салғансыз. Содан, әкешешем үш айға қыдырып кетіп, үйде бір өзім қалғанмын. Үйдегі азық он күнде таусылып, ал қалған 80 күнде қалай тірлік еткенім бір өзіңізге белгілі... Әбестігіме кешірім сұраймын. Бағы жанбаған абитуриент Нефедов Юрий Васильевич", — деп жазыпты.

Наташа мен Сергей қағаздағы жазуды оқып болып, бүрісіп отырған адамға қарап еді, сақалмұртын жұрдай, жасаңды шашы жоқ "шалды" танымай қалды...

Наташа Александровна сабырға келіп, өткенге өкінбей, "Ой, пәле!" деп алды да, телефон түткасын көтеріп, институттың қабылдау комиссиясының номірін теріп:

— Анастасия Петровна, "Абитуриент Нефедов Юрий Васильевич ақтерлік шеберліктен "өте жақсы" баға алғаны үшін институттың бірінші курсына қабылдансын" деген бұйрықты дайындап қойсаңыз, — деді.

Аударған
Бақытбай ЖҰМАДІЛДІН.



● Әзілің жарасса...

Суретті салған Қ.КӨШЕРБАЕВ.

Неге наразы?

Кей кездері
Жымықтасып көздері,
Желдей есіп сөздері,
Екі иықтарын жұлып жеп
Еттері үйренген —
Қысыр талас, дауға да
Белсенділер көбейді.
Ол не дейді?
Бұл не дейді?
Ана не дейді?
Мына не дейді?
Көшелердің кез келген
Бұрышында,
Жер төлелер қуысында,
Биік ғимарат ауласында,
Сақина тілеп сау басына,
Мұрттары едірейіскін,
Көздері шеңірейіскін,
Өйдө, қысыр сөздерге кіріседі.
Айтатындары:
— Аналардікі теріс еді,
Былай етсе дұрыс еді!
Паленше, тұтенше емес.
Біз атқаратын жұмыс еді,
Осылай өрбиді егес,
Қабақтарын түйіп алып,
Дауыстарын биік алып,
Егелеспек, реті келсе төбелеспек.
Жиналғыштар
Өз айқайларын да,
Сөз айқайларын да,
Митинг деп атап жүр.
Алма-кезек
Қызыл тілдерін безеп,
Аңқауларды алаңға шақырып,
Аяқтарын митап қояды.
Өздерің
Беттері бұлақ етпестен,
"Халық қамқоршысы" деп
Атап қояды.
"Халық" сөзі
Олар үшін ойыншық секілді.
Қолдығы жуп-жуас қой,
Не мысық секілді.
Сол шешендердің біразы
Неге наразы?
Кімге наразы?
Шетінен қызметтен қуылғандар.
Ендігі биліктен
Көңілдері суынғандар.
Енді тек тұрмай
"Биліктен тайдыру қажет
Ана бір итінді" деседі.
Өздері ғана білгіш,
Өздері ғана күлгіш,
Өзгелер мақау секілді,
Сөз білмес сақау секілді.
Не керек,
Сұрқай сөзді
Селдетеді себелеп.
Тарасады,
Осы қылықтары
Өздері үшін "жарасымды-ақ".

Мыңбай РӘШ.

АЛМАТЫ.

Өзіңді ойып

Әзіл-оспақ, сын-сықақ



— *Көрші аудандағы "атақты" жемқор қайтыс болып еді ғой. Соның бейітінің тақырағын тегістеп, кымбат тастармен бастырып, биік күмбез тұрғызыпты...*

— *Зорезап болған біреулер ол қайта шығып келсе, тағы бірдеңелерінізді жалмап, жеп қоя ма деп, шықпастай етіп көмген десеңші.*

— Құлықтың құны қанша?
— Соны сіз екеуміз де, басқалар да біле бермейді. Оны сұмдықтан сұрау керек. Ой, бірақ айтпайым-ау, айтпайды.

Бөтені тек жалақы

Тамақ ақы, су ақы,
Киім-кешек, үй ақы —
Бәрі бізде шетелдей,
Бөтені тек жалақы.

Әбіжан ОМАРҚҰЛОВ.

Алматы облысы.

— *Бөсекелестікті дамыту керек дейміз. Біздe бөсекенің қай түрі жақсы дамып келеді?*

— *Жерді сатып алудан, қазба байлықты арзанға сатып жіберуден, қомақты капиталды жыл өткізіп асай салудан кейбір бауырларымыз озып тұр.*

— Кейбір адамдар әр нәрседен секем алып, тіпті көленкесінен де қорқады, о?
— Көленкені қойшы, ол дегенің бөлек қой. Біреулер пара алғып қолынан, жегіш ауылын, толып, пығымдасын тұрғын үй жемсауынан ұрып жүр.

— *Бұрынғы ұры мен қазіргінің айырмашылығы бар ма?*

— *Бұрынғы ұрылар қой, қозы, майда-шүйде жымқырса, қазіргі сауатты ұрылар аса қомақты, сүбелі дүниелерді жым-жылас ете салады. Бұрынғы ұрыға "сен ұрысың" дейтінсің. Қазіргіге олай демек түгілі, ұржиып қарап тұрып "мына дүниең құтты болсын" дейсің.*

Көсеген көгергір Кептелек

"Кептелегі" несі дейтін болардсыздар. Бұл қалалы жердегі құжынаған көліктің иін тіресін жылжуының мұң болуы, яғни орысшасы "пробка", кептелек — соның қазақшалаған қотармасы.

Кептелектен жүжіктің Қылыбай таныска кезіксем, ол да біз сияқты көлікпен иопақасын тауып жүр ғой. Содан мұңшерімнің шетін шығарсам:

— Кептелекке көндіктім, — деп жымиямын.

— Несіне жетісесің; барар жеріміз тасбақа жүріспен жүйке тозып, жүрелей жетіп жүрсек, — десем:

— Не нәрсеге де көндіккен жөн екен. "Басқа салса баспақпыз" демекші, өз басым кептелек кезінде кітап оқитын болдым... Бұрын білмеппін, небір ғажап кітаптар бар екен... Нағыз өмір, шым-шытырық оқиғалы кітаптан бас алмай, артымдағының бипіддетуімен ғана жылжып отырамын. Көркем кітаптан көзім ашылды. Оқи-оқи көп нәрсені ұқтым... — деп өңге әңгіме айтып өзінше болған одан сытылып құтылдым.

Қылыбайға тағы бірде кезіккенде: "Қалайсың?.." десем:

— Кептелекке төүбе! — дейді кергіп. — Қоймынкөншым кітап, осы жаска келгенде алғаш кітапханаға тіркелдім. Талдап-талғап оқитын болдым.. Кітаптан қажысам, заман талабы — тіл үйреніп жүрмін... Ағылшынша быдыр-быдыр сөйлейтін халге жеттім, — дейді.

Кілірмей жөнеп бердім.

Таныспен тоқайласпай тұра алмайсың.

Қылекеңмен бір дастархан басында отырмыз.

Сөз ретінде "кептелек" айтылып қалып еді, баяғы Қылекең "Кептелектің арқасында..." деп алып, ойһой оқығандарын одырандатып, одан ағылшынша сөйлегенін қайтерсің. Отырғандар ішінде бір ағылшын поэзиясының мәңгілігі бар екен, алтімен әмпей-жәмпей болды.

Темекі тартуға шыққанда маған сыбырлап: "Кептелек кезінде тіптен болмаса тоқыма тоқыған жөн... бір күнде бір пар носки тоқуға обден болады", деп ақыл айтқан.

Алғашында "кітап оқу" хикаясын естіп оған күдіктене қараған басым, ал ағылшынша әріп білмейтін Қылыбайдың быдыр-сыдыр сөйлегенін естіп, көңіл шіркін құлақ түргізуге мәжбүр етті.

Келесі кезіккенімде — келісті киінген, сабырлы да салмақты Қылекеңе менің құлақ түріп ұққаным: "Бала-немересің кезекпе-кезек көлікке салып алып сабақтарын оқытады екен... немересіне ілесіп домбыра тартуды үйреніпті... немерелер бүгін ілесіп кітап оқуға құныпты... көлік ішінде тек шет тілде тілдесетін болыпты..."

Содан заман өзгеріп, қаланың көшелері кеңіп, әр-әр жерден айналмалы да аспалы көпірлер салынып, баяғы кептелек келмеске кеткенде, көрінбей кеткен Қылыбайды іздеп үйіне бардым.

Сөйтсем, пақыр: "Кептелексіз күнім қараң" деп, кептелегі көп шет қалаға көшіп кетіпті...

Данияр ЖЕҢІС.

ТАЛДЫҚОРҒАН.

Студенттік "сүр" сөз

Қабағы қату, түнеріп отырған студентке оқытушысы:

— Не болып қалды-ей? — деп мүсіркей сұрағанда, шөкірті:

— Оқудан шығып қалдым! — деп өксіп қоя береді.

Сонда мұғалімі оқушысының басынан сипап:

— Тек, төндірме, болашақ солдат қай кезде де мығым болып, жұламауы керек, — деген екен.

* * *

Жоғары оқу орнына түсу үшін тест тапсыру аяқталады. Төртінші топдағы географиядан тапсырған талапкер сыртқа шығып, бір сұрақтан мұлт кеткенін сезіп:

— Е, Алла! Мәскеуді Қытайдың астанасы ете гөр! — деп аспанға қарап жалбарынып тұр дейді.

* * *

Бір көп сөзді оқытушының лекциясында шөкірттің бірі ұйықтап кетсе керек. Мұны байқап қалған мұғалім жанындағыға:

— Досыңды түртіп оятып жіберші! — деп зілдене үн қатқанда, онысын көш көрмеген студент:

— Өзіңіз ұйықтаттыңыз ба, өзіңіз оятыңыз! — депті.

* * *

Медицина институтының студенті емтихан алушы оқытушысына бір қорап конфет сыйлапты да:

— Ағай, сұрамай-ақ қойып бере салыңызшы, — депті.

Сонда ұстазы бұған қатты ашуланып:

— Бұл не деген сөз? Болашақта адамзаттың аман қалу-қалмауы, ауруынан жазылу-жазылмауы сендердің алған білім деріне байланысты емес пе! Конфетің не сенің айтып тұрған? Осыдан-ақ ақымақтығың анық көрініп тұрған жоқ па! Басы істейтін бала құрғанда шарап пен торт әкелген болар еді ғой! — деген екен.

— *Күрдос, адамдар бір-біріне "Алтыс жасқа келгенше ақылым кірмепті" деп жатады. Сол жөнді сөз бе?*

— *Оның дұрыс-бұрысын өздері білер. Жалпы, алтыс жастан асқан соң ақылдан гөрі зейнетақының мол болғаны тәуір.*

Жүніс ҚОҚЫШҰЛЫ.

Алматы облысы.

Меншік иесі:

"Егемен Қазақстан" республикалық газеті" акционерлік қоғамы

Президент
Сауытбек АБДРАХМАНОВ

Вице-президент
Ержұман СМАЙЫЛ

Бас редактор
Жанболат АУПБАЕВ

● МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: 010008 *АСТАНА*, Ломоносов көшесі, 45. 050010 *АЛМАТЫ*, Қармысов көшесі, 34.

АНЫҚТАМА ҮШІН: Астанада: АТС 37-65-27, Алматыда: 293-90-92.
БАЙЛАНЫС: Астанада: факс – 37-19-87, электрондық пошта: egemenkz@mail.online.kz
Алматыда: факс – 293-90-92, электрондық пошта – egemalm@host.kz

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана – (717-2) 37-61-21;
Ақтау – (729-2) 31-38-41;
Ақтөбе – (713-2) 56-01-75;
Талдықорған – (728-2) 27-05-70;
Атырау – (712-2) 32-94-07;
Көкшетау – (716-2) 25-76-91;
Қарағанды – (721-2) 43-94-72;
Қостанай – (714-2) 57-50-35;
Қызылорда – (724-2) 27-00-85;
Орал – (711-2) 28-80-35;
Өскемен – (723-2) 25-28-41;
Павлодар – (718-2) 57-18-09;
Семей – (722-2) 52-26-86;
Тараз – (726-2) 43-37-33;
Шымкент – (725-2) 57-74-74;
Петропавл – (715-2) 37-02-50;
Оңтүстік өңір –(725-2) 30-10-46.

ЖАРНАМА-АҚПАРАТ БӨЛІМІ: Астанада – 8 (717 2) 965-300, факс – 965-199, тел/факс – 37-64-48
Алматыда – 8 (727) 3 300-900, 8 (717) 2 91-34-17, факс – 93-90-87

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген.

"Егемен Қазақстанда" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет мына қалалардағы:
010000, Астана қ. Жубанов к-сі, 24/1. "Издательство БМ"» ЖШС,
050000, Алматы қ., Қалдаяқов к-сі, 17. "Дәуір" РПБК ЖШС,
120019, Қызылорда қ., Байтұрсынов к-сі, 49. "Принт" баспаханасы,
030012, Ақтөбе қ., Т.Рысқұлов к-сі, 190. "А-Полиграфия" ЖШС,
160000, Шымкент қ., Байтұрсынов к-сі, 18, "Издательский дом" Оңтүстік полиграфия" ЖШС
140000, Павлодар қ., Ленин к-сі, 143, "Дом печати" ЖШС,
080012, Тараз қ., Төле би к., 22, "ЖБО", "Семья" ЖШС ,
090000, Орал қ., Достық даңғ., 177. "Дастан" БПК" АҚ,
100009 Қарағанды қ., Ермеков к-сі, 33, "Қарағанды-Полиграфиясы" АҚ,
040000 Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32, Алматы Болашақ АҚ-тың "Офсет", баспаханасы,
070002 Өскемен қ., Абай д-лы, 20, EXWORKS Trade Ассоциация ЖШС,
006000 Атырау қ., Молдағалиев к-сі, 29, "Атырау ақпарат" КМК баспаханаларында басылып шықты.

Номірлік кезекші редакторы Дастан КЕНЖАЛИН.



Газетті есепке қою туралы №01-Г куәлікті 2007 жылғы 5 қаңтарда Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі берген.

Индекс 65392. Алтасына 5 рет шығады. "Егемен Қазақстан" республикалық газеті" АҚ компьютер орталығында терілiп, беттелдi. Таралымы 150 395 дана. Көлемі 5 басма табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді. Тапсырыс 8921


ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ

Табиғи дәм, тамаша өнім

Аскаралы Алатаудың етегінен қоныс тепкен Қазақ тағамтану академиясының «Амиран» сүт зауытының іргетасы қаланып жатқаны жайлы жылы хабарды естігенде елдің кеудесін қуаныш кернегені айдан анық. Өйткені, ол елімізде балалардың денсаулығын жақсартуға тікелей пайдасы басым сүт өнімдерін өндіретін тұңғыш отандық өндіріс орны болатын.



«Амиран» сүт зауытының директоры Ольга Путинцева.



Тәтті-дәмді тәтті сүт!



Үлбосын ИСАБЕК

Табиғаты тамаша өңірде орналасқан бұл зауыттың тұсауы былтырғы жылы Астана қаласындағы «Қазақстан» орталық концерт залында он-лайн режимінде Елбасының қатысуымен өткен «Қуатты Қазақстанды бірге тұрғызамыз» атты телекөпір барысында кесілді, іске қосылғаны белгілі. Балаларға арналған сүт өнімдерін шығаруды мақсат еткен зауыттың құрылысына 1 млрд. 300 млн. теңге қаржы жұмсалған. Тәулігіне 12 тонна табиғи сүт өнімдерін шығаратын зауытты іске қосу барысында Елбасы: «Осы жобаларды жүзеге асыру керектігі жөнінде қатаң міндеттер қойып келгенмін. Болашағымыз жарқын болуы үшін – ана мен бала денсаулығы аса қажет. Жасыратыны жоқ, аллергияға, ана сүтінің жетіспеуіне қатысты балалар проблемасы көптен көкейдесті. Менің ойымша, халқымыз үшін, кішкентай сәбилер үшін үлкен бір іс жасалды», – деп атап өткен еді.

Кемелді елімізің келешегін, жарқын болашағын жалғастырар ана мен баланың денінің сау болуында сапалы тағамның алар орны айрықша екендігін Қазақ тағамтану академиясының академигі, таңымал ғалым Төрегелді Шарманұлының зерттеп, зерделеп қана қоймай, бұл ретте балалардың ағзасына пайдалы сүт өнімдерін шығаратын отандық өндіріс орнын ашуды көптен көкседі ой, жүгері асып, «Амиран» зауытын құрумен қарқынды жұмыс істеуде. Халқымызда «Ауру – астан» деген даналық бар. Бүгінде дұрыс тамақтанбаудан болек, дайындалған өнімдер құрамының адам ағзасына тигізер пайдасынан өзге зиянділықтары да барын тағамтанушы мамандар шікірінен естіп қаламыз. Әсіресе, алюе-жақын шетелдерден тасымалданатын балалар тағамдарының бәрі бірдей пайдалы деп айту қиын. Құрамында түрлі қоспаның болуы бала денсаулығына кері әсер етіп, нәтижесінде аллергия, артық салмақ қосу немесе тәбеттің жоғалуы сынды нәрестелер арасында жиі ұшырасатын аурулар туындауы ғажап емес. Осындай олқылықтардың орнын толтыруда «Амиран» сүт зауыты алдына зор мindет-мақсаттар қойып отырғандығы жөнінде аталмыш зауыттың директоры Ольга Путинцева әңгімелеп берді.

– Жұмысын бастағанына 9 айдың жүзі болған жаңа зауыттың сүт өнімдері негізінен балаларға арналған. Бүгінгі күні тәулігіне көрсетілген мөжедегідей 12 тонна емес, 7 тоннадан артық табиғи сүт өңделуде. Өнім өндіруге қажетті жоғары сапалы табиғи сүт көршілес қырғыз елінің шаруашылығынан жеткізіледі. Жаңа сауылған сүт қатаң тексеруден өткізіліп және сапасын жоғалтпайтын арнайы қолкпен тасымалданады. Біздің өнімдеріміздің сақталу мерзімі өте қысқа әрі 2-6 градус температурада сақталатындықтан сүт тағамдарының белгіленген мерзім аралығында өткізілуі аса маңызды. Мысалға айтар болсақ, балалар тағамдарының кейбірі 5 тәулік қана сақталатын болса, ал алты айлық сәбилерге арналған сықпа құтыға салынған ірімшіктер екі тәулік қана сақтауға келеді. Осы себепті де, бастапқыда аз мөлшерде өндіріп, оны келісімшарт жасасқан жақын жердегі сауда нүктелеріне және мектептерге таратудамыз, – дейді зауыт басшысы.

– Балалардың табиғи таза тағаммен қоректенуі ата-ана, қоғам үшін де маңызды мәселе емес пе?! Сондықтан да қазіргі кезде зауыттан бес түрлі балаларға және үш түрлі ересектерге арналған сүт өнімдері өндірілуде. Келешекте өндірістің қуаттылығын арттырып, өнім түрлерін көбейту де көзделген, – деді ол.

Ұрпақ қамын, оның денінің саулығын мақсат еткен еңселі зауыт қалдықсыз өнім өндірумен ерекшеленеді. Онда өзірленген балалар йогурты, сүт, сүзбе, қаймақ, тіпті сүттің сарысуы да тұтынушы қажетіне жарауда. Зауыттан шыққан өнімнің қайсыбір да ана мен бала ағзасына аса қажетті дәрумендер тапшылығын жоюға бағытталған. Қантсыз, қандай да бір қоспасыз жұмсақ пайыз табиғи түрде жасалған сүт тағамдарын пайдалану арқылы көп таралған аллергия, дисбактериоз, анемия, диабет, қаназдық сынды аурулардың алдын алып, ана мен бала денсаулығының жақсаруына сүбелі үлес қоспақ. Бұл отандық өнім өндіруді өркендетіп отырған еліміздегі индустриялық-инновациялық бағдарлама аясында салынған жаңа зауыттың алдына қойған басты мақсаты саналады.

ӨЗ ІСІНІҢ ШЕБЕРЛЕРІ

Озық технологиямен жабдықталған зауыт жұмысы толықсанды автоматтандырылған. Тап-түйнақтай тазалық көзге ұрып тұр. Мұнда үш ауысыммен еңбек ететін сексеннен астам жұмысшыларға қолайлы жағдай жасалған. Табиғи сүттің сүзілім шығу процесінің әр тетігі өз ісін жетік білетін мамандар иелігінде. Бірі құрылғылардың температурасын қадағаласа, енді бірі дайын болған тағамдарды қораптарға орналастыру жұмысын атқаруда.

– Осы зауыттың іске қосылуын асыға күткендердің бірімін. Бұған дейін Алматы қаласына қатынап жұмыс істедім. Қазір үй іргесіндегі зауытқа еш қиналыссыз келіп, өзіме жүктелген міндетті атқарамын. Мұнда жұмыс істеу өте ыңғайлы, – дейді Талдыбұлақ ауылының тұрғыны Гүлзат Құрманалиева.

– Бала – бақытымыз, қуанышымыз. Сондықтан да, балаға арналған тағамдар дайындайтын зауытта жұмыс істеу мен үшін үлкен мақтаныш. Уақтылы жалақысы берілетін тұрақты еңбек көзінің табылғанына шынайы ризашылығымызды білдіреміз, – дейді Есік қаласының тұрғыны, өндірістік цехтың шебері Гүлім Есімова.

Айтса айтқандай-ақ, мінсіз тазалықты, жоғары жауапкершілікті талап ететін сүт зауытындағы еңбек адамдарының жүзінен көтерілю көңіл-күйдің белгісі білінбей қоймайды.

БАЛАЛАР АСЫҒА КҮТЕДІ, СҮЙСІНІП ІШЕДІ

Заманауи құрылғылармен жабдықталған «Амиран» сүт зауытының табиғи сүт өнімдерін биылғы оқу жылында алғаш рет Талғар ауданының орта мектептеріне білім алатын бастауыш сыныптың 13614 оқушысы тегін ішу мүмкіндігіне ие болды. Сабақ арасында балаларға күнделікті 200 грамм сүт және 150 грамм йогурт беру бекітілген. Оған «Саламат» бағдарламасы аясында республикалық бюджеттен 100 млн. теңге бөлінгендігі жайлы аудандық білім бөлімінің маманы Анаргүл Күленбекова хабардар етті.

Бұл жағымды жаңалықты естіген біздер Талдыбұлақ ауылындағы Қапиза Әбдігүлов атындағы №34 орта мектепке атбасын бұрған едік.

– Биылғы бастауыш сыныпта білім алып отырған 276 бала тұтасқа дерлік осы зауыттың балалар тағамдарымен қоректенеді. Бұрнағы жылдары отбасылық жағдайы төмен, тұрмысы нашар балаларға ғана тегін тамақ берілетін. Биылғы оқу жылының басты жаңалығы – зауыттың сүт өнімдерін 1 мен 4-ші сынып оқушылары түгел ішеді. Осы жағдайға қол жеткізіп отырған ұстаздарымыз бен ата-аналарға үлкен ризашылығымызды білдіреміз, – деді бізбен өз ойларын бөліскен ата-аналар Ләйла Қаңлыбаева мен Ардақ Ниязбекова.

– Дүкендердегі йогурттардан айырмашылығы – өте тәтті емес, сұйықтау жасалынған. Соған қарамастан сыныптастарымның бәрі жарысып ішіп алады. Күнде сабаққа келгенде сүт пен йогуртті ішетін уақытты тағатсыздана күтеміз. Бізге осындай қамқорлық жасаған Елбасы мен ғалым аталарымызға алғыс айтамыз, – деп 4 «А» сыныбының оқушысы Айғаза Несіпбек өз тілегін білдірді.

Міне, елімізді экономикасының ілгерілеуінің негізінде өркен жайған отандық өндірістің таңдайда бал татитын табиғи өнімдерін татып, содан қуат ала бастаған балакәндардың тәтті тілегін естігенде біздің де көңілімізде қуаныштың лебі ескендей ерекше әсерге бөлендік. «Қуанса, бала қуансын!» деген емес пе, дана халқымыз. Ел ертеңі болар баласының, ұлт ұрпағының қамқорлығын жасап отырған кең пейілді, мол мейірімді іскер жандарға, аға буынға алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

ТАЛҒАР АУДАНЫ.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Елбасымыз Н.Назарбаев үстіміздегі жылы «Балашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты халқымызға арнаған Жолдауында «Аграрлық секторда етті мал шаруашылығын дамыту жөнінде бұрын-соңды болып көрмеген жоба жүзеге асырылады» деп атап көрсетті.Осы бағытта жұмыс жүргізетін фермерлерге «Сыбаға» бағдарламасы бойынша қомақты несие қаржы беріліп, қолдау көрсетілуде.



Бүгінгі күннің ФЕРМЕРІ

«СЫБАҒА» бағдарламасымен жұмыс жүргізуде

Жетісу
Қанат БІРЖАНСАЛ

Райымбек ауданындағы алдыңғы қатарлы фермер Дәулеткелді Мекен атты атпал азамат осы мақсатта ауқымды жұмыс атқаруда. Оның жүзеге асырып келе жатқан шаруалары көңіл төрін нұрландырады.

Сөзіміздің басында айта кетуді жөн санадық, Дәулеткелді Қытайдағы Райымбек ауданының іргесімен жалғаса қоныс тепіп жатқан Текес ауданында дүниеге келген. Елуге тола қоймаған. Іргелес мемлекетте жоғары оқу орнын бітіріп, орманшы мамандығымен он жыл жұмыс істеген. 1998 жылы ата жұртына оралды. Содан кейін Астанада көші-қон департаментінде жұмыс істеді. Соңғы төрт жылдан бері қасиетті қара жермен айналысып, етті, сүтті мал өсірумен түбегейлі шұғылданып келеді. Еті тірі, еңбекқор, сергек те сезімтал, көзі ашық, көңілі ояу ізденімпаз фермер игілігін таза еңбегімен қалауда. Қара жерге аялы алақанының жылуын, жүрегінің лүпілін сезіндіріп, моншақ терін тамшылатса, қасиетінен айналайын, дала төсі де тұлабойын иітіп, жақсылығын көрсетуде. Кеше ғана келіп үлкен іс тындырып жатқан фермер бауырдың шаруасы жергілікті кейбір жандарға үлгі боларлық.

– Дәулеткелдімен таныс болуымызға аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы Жеңісбек Әлиасқаров пен бас маманы Самат Салімхановтың жақсы ұсынысы түрткі болды. Аудандағы үлкен саланың тізгінін ұстаған азаматтардың жол бастауымен Нарынқол өңіріне сапар шектік.

Білікті фермер басқаратын «Кетбес бас» шаруа қожалығының егістік алқаптары Қостөбе ауылының жанында Жабыр тауының етегінде екен. Бұл өңір негізінен Жамбыл селолық округіне қарайды. Аузын ашса, кең көңілі, ақ жүрегі көрінген, жүзінен мейірімі төгілген ұзын бойлы, денелі, тұлғалы азамат екен.

– Ата-бабамыздың кіндік қаны тамған жерде жұмыс істегеніме жылдар жылжып барады. Ісімізді демеген, өгейсітпеген ел-жұрттан айналайын. Еңбегімізді көрсетер сіздердің келгендеріңізге қуаныш тұрмын. Еккен, өсірген дүниеміз де жас төлдей ғой. Қадамдарыңыз құтты болсын, – деген фермер шырайлы өңіне күлкісі жарасқан ауданының іргесімен жалғаса қоныс тепіп жатқан Текес ауданында дүниеге келген. Елуге тола қоймаған. Іргелес мемлекетте жоғары оқу орнын бітіріп, орманшы мамандығымен он жыл жұмыс істеген. 1998 жылы ата жұртына оралды. Содан кейін Астанада көші-қон департаментінде жұмыс істеді. Соңғы төрт жылдан бері қасиетті қара жермен айналысып, етті, сүтті мал өсірумен түбегейлі шұғылданып келеді. Еті тірі, еңбекқор, сергек те сезімтал, көзі ашық, көңілі ояу ізденімпаз фермер игілігін таза еңбегімен қалауда. Қара жерге аялы алақанының жылуын, жүрегінің лүпілін сезіндіріп, моншақ терін тамшылатса, қасиетінен айналайын, дала төсі де тұлабойын иітіп, жақсылығын көрсетуде. Кеше ғана келіп үлкен іс тындырып жатқан фермер бауырдың шаруасы жергілікті кейбір жандарға үлгі боларлық.

Дәулеткелдімен таныс болуымызға аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы Жеңісбек Әлиасқаров пен бас маманы Самат Салімхановтың жақсы ұсынысы түрткі болды. Аудандағы үлкен саланың тізгінін ұстаған азаматтардың жол бастауымен Нарынқол өңіріне сапар шектік.

Білікті фермер басқаратын «Кетбес бас» шаруа қожалығының егістік алқаптары Қостөбе ауылының жанында Жабыр тауының етегінде екен. Бұл өңір негізінен Жамбыл селолық округіне қарайды. Аузын ашса, кең көңілі, ақ жүрегі көрінген, жүзінен мейірімі төгілген ұзын бойлы, денелі, тұлғалы азамат екен.

– Ата-бабамыздың кіндік қаны тамған жерде жұмыс істегеніме жылдар жылжып барады. Ісімізді демеген, өгейсітпеген ел-жұрттан айналайын. Еңбегімізді көрсетер сіздердің келгендеріңізге қуаныш тұрмын. Еккен, өсірген дүниеміз де жас төлдей ғой. Қадамдарыңыз құтты болсын, – деген фермер шырайлы өңіне күлкісі жарасқан ауданының ірігесімен жалғаса қоныс тепіп жатқан Текес ауданында дүниеге келген. Елуге тола қоймаған. Іргелес мемлекетте жоғары оқу орнын бітіріп, орманшы мамандығымен он жыл жұмыс істеген. 1998 жылы ата жұртына оралды. Содан кейін Астанада көші-қон департаментінде жұмыс істеді. Соңғы төрт жылдан бері қасиетті қара жермен айналысып, етті, сүтті мал өсірумен түбегейлі шұғылданып келеді. Еті тірі, еңбекқор, сергек те сезімтал, көзі ашық, көңілі ояу ізденімпаз фермер игілігін таза еңбегімен қалауда. Қара жерге аялы алақанының жылуын, жүрегінің лүпілін сезіндіріп, моншақ терін тамшылатса, қасиетінен айналайын, дала төсі де тұлабойын иітіп, жақсылығын көрсетуде. Кеше ғана келіп үлкен іс тындырып жатқан фермер бауырдың шаруасы жергілікті кейбір жандарға үлгі боларлық.

Дәулеткелдімен таныс болуымызға аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы Жеңісбек Әлиасқаров пен бас маманы Самат Салімхановтың жақсы ұсынысы түрткі болды. Аудандағы үлкен саланың тізгінін ұстаған азаматтардың жол бастауымен Нарынқол өңіріне сапар шектік.

Білікті фермер басқаратын «Кетбес бас» шаруа қожалығының егістік алқаптары Қостөбе ауылының жанында Жабыр тауының етегінде екен. Бұл өңір негізінен Жамбыл селолық округіне қарайды. Аузын ашса, кең көңілі, ақ жүрегі көрінген, жүзінен мейірімі төгілген ұзын бойлы, денелі, тұлғалы азамат екен.

– Ата-бабамыздың кіндік қаны тамған жерде жұмыс істегеніме жылдар жылжып барады. Ісімізді демеген, өгейсітпеген ел-жұрттан айналайын. Еңбегімізді көрсетер сіздердің келгендеріңізге қуаныш тұрмын. Еккен, өсірген дүниеміз де жас төлдей ғой. Қадамдарыңыз құтты болсын, – деген фермер шырайлы өңіне күлкісі жарасқан

да еңбегін ақтады. Белуардан келетіндей бітік шыққан бидайдың әр гектарынан 30 центнерден алтын дән жиналды. Мұның сыртында шаруа қожалығының қарамағындағы 15 гектар картоп та берекесін тасытты. Әр гектарға шаққанда 250 центнерден жоғары таулы өнірдің дарқан дақылы алынды. Сөйтіп, шаруа қожалығының өткен еңбек, мандай терлері ақталды.

– Құнарлы шөптен бөлек уақтылы дәнмен жемдеп өсірген кез келген мал еттісүтті, қонды болады. Одан туған жас төл де тез жетіліп, тайыншадай дәрежеге жетеді. Өсірген дәнімнің бәрін сатпаймын. Белгілі бөлігін мал өсіруге жұмсаймын, – дейді фермер.

Рас, біз сөз етіп отырған азамат негізінен мал өсірумен айналысады. Мал бордақылап, ет өндірумен шұғылданады. «Сыбаға» бағдарламасы бойынша еңбектенуде. Биыл 7 жылға 6 пайызбен 15 млн. теңге несие алған. Оған 100 бас аналық сиыр сатып алып, өсіруде. Фермердің Райымбек ауданында ғана 880 бас ірі қарасы бар. Оның 500 басы аналық, 3800 бас қойы төлімен көбеюде. 170 жылқысы өрісіне көрік беруде.

Дәулеткелдідей фермердің Қарасай ауданына қарасты Ұмтыл деген ауылда мал бордақылайтын кешені бар. Онда 230 бас күтімге алынған. Еңбекшіқазақ ауданындағы Тескенсу ауылында мал бордақылайтын 1000 бастық қора-жайы бар. Онда қазір 200 бас ірі қара бордақылануда. Райымбек ауданындағы Ақсай өңірінен келісімшартпен 200 гектар жер алған. Қожалықтың қойы осы жерде бағылуда. Шалкөде өңірінен де келісімшартпен алған жері бар. Көп жылдан бос жатқан жерлердің мал мен дән өсірер диқанның қолына өткеніне қуанбасаң, реңкімейсің.

Атпал азамат Нарынқол ауылының мемлекеттік шекарамен шектесер шетіндегі көшенің бас жағынан иелігіне жер алыпты. Жапжақсы жерді лайықты қоршап алған. Бұзылып, қирап, тозып кеткен екі қабатты үйге күрделі жөндеу жүргізіп, әп-әдемі, келісті тұрғын-жайға айналдырыпты. Үйдің жаны түгел қожалықтың кемел келешегін көрсетеді. Астық сақтайтын 200 тонналық қоймасын көрдік. Мая-мая шөп те осы маңға жиналған. Фермер 800 бас мал бордақылайтын кешен құрылысын қолға алыпты. Қораның ортасындағы мал азықтанатын науаны цементтен тұрғызыпты. Құрылыс келесі жылы пайдалануға беріледі. Игілікті дүние деген осы, ертеңгі ырыс-береке көзі деген осы.

Қожалықтың американдық алымды 1 комбайны, Қытайдан алған 2 трактору бар. Жергілікті жерден 2 трактор сатып алған. Жүк тасымалдайтын 3 «КамАЗ» келігі бар. Экскаватор, тағы да басқа іске қажетті, егіс науқанына қатысты трактор, техника, агрегаттардың бәрі тұр. Оны көзбен көрдік. Төрт дүниесі түгел қожалықтың келешегі нұрлы. Райымбек ауданының өзінен ғана құрылыс жұмысы, мал бағуы бар отызға тарта адамды жұмыспен қамтып отыр.

– Шамам келсе, алдағы уақытта халыққа қызмет етер жақсы дүкен, қонақүй, монша мен сауна, тойхана тұрғызсам деймін. Халық үшін де, өзім үшін де мал соятын орын ашып, 20 тонналық ет сақтайтын тоңазытқышымен жақсы дүние салсам деймін. Оның бәрін уақыт көрсетер, – дейді Дәулеткелді алдағы жоспарлары туралы.

Оған шын көңілімізбен бәрекелді, іске сәт дедік. Қалай десек те, дәл бүгінгі күнге лайық іс жасап жатқан фермердің ісіне, барлық шаруасына риза көңілмен аттандық.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ

Елді мекендер түрлене түсті

Облыстың елді мекендерінде көктемгі санитарлық тазарту, көркейту, көгалдандыру айлығын өткізу биыл да жалғасын тапты. Облыстық тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық басқармасы, тұрғын үй шаруашылығы бөлімінің бас маманы Мұратбек Қорғанбекұлы, облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының бас маманы Күнай Омарова, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының маманы Бауыржан Нұрланов бастаған комиссия Көксу, Қаратал, Ескелді, Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандары мен Текелі қаласындағы елді мекендерді, білім шаңырақтарын, кәсіпорындар мен мәдениет орталықтарын аралап, санитарлық тазарту, көркейту, көгалдандыру айлығы аясында атқарылған жұмыстарға баға беріп қайтты.

Жетісу
Қажет АНДАС

Комиссия ат басын треген алғашқы елді мекендер **КӨКСУ мен ҚАРАТАЛ** аудандарының орталығы болды. Басқа аудандардай емес, жол торабында орналасқандықтан Көксу ауданы қоқыс көп орын алатын мекеннің бірі болып та саналады. Алайда, осы іске жауапты жандардың арқасында тазалық жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Күзгі және көктемгі санитарлық тазарту тыңғылықты атқарылуда. Қай ауылға ат басын бұрсаңыз да айнадай тазалық. Бұдан аңғарғанымыз, ауыл тұрғындарының тазалыққа бей-жай қарамай, бірауыздан атсалысуы. Қаратал ауданына болған комиссия да тазалық жұмыстарын жоғары бағалады.

Биыл аудандағы елді мекендерді санитарлық тазарту, көркейту, көгалдандыру жұмыстарына аудан бюджетінен қомақты қаржы бөлініп, барлық жұмыс «Қаратал көркейту» МҚК-на жүктелген. Олар жыл бойы «Таза сәрсенбі», «Таза сенбі» деп аталатын тазалық күндерінің өткізіп, тазалық жұмыстарын назарында ұстағандықтан жұмыс ойдағыдай жүргізілген.

Көркі мекен **ТЕКЕЛІ** қаласына келген облыстық комиссияны қала әкімі Серікжан Бескемпіров қабылдады. Осыдан кейін қала әкімінің орынбасары Болат Дөлденбековтің бастауымен бірқатар нысанды аралап көріп, текелілктердің тазалыққа ерекше ден қойғандығын аңғардық.

Болат Далабайұлының айтуынша, биыл қаланың санитарлық тазарту, көгалдандыру, көркейту жұмыстарына жергілікті бюджеттен 2 млн. 501 мың теңге бөлінген. Осыған орай, күзгі тазалық жұмысына 14 мыңнан астам адам қатысып, 215 тонна қоқыс шығарылып, 70 көше, 17 км. арық жүйесі тазартылыпты. Атап айтсақ, жолдар күрделі жөндеуден өткізілген, көшелерге жарық орнату да жалғасын табуда, аула тазалығына да ерекше ден қойылыпты. Балалар үшін спорттық алаң салып, тұрғындардың демалуы үшін саябақ қалпына келтіріліп, арық жүйелері жасалыпты. Сондай-ақ, қалада екі тұрғын үйді күрделі жөндеу жоспарланып, сметалық құжаты жасалып, мемлекеттік сараптаудан өткен. Әуезов көшесіндегі №17 үй тұрғындарымен жөндеу жұмысын жүргізуге келісімшарт жасалған. Қазір оның 90 пайызы орындалды. Ал Абылайхан көшесіндегі №13 үй тұрғындарымен келісімшарт жасалуда. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады.



Қала тазалығын қалыпты жағдайда ұстау мақсатында алтаның сәрсенбісі тазалық күні деп бекітілген. Яғни, осы күні әр мекеме қызметкерлері, тұрғылықты өздеріне тиесілі жерді тазартады екен. Ағашты кесу, өктеу жұмыстарына да ерекше ден қойылған.

Тұрғындар өз қаласының жыл санап көркейіп, жаңаруда екендігін қала әкімінің тазалыққа ерекше ден қойғандығымен байланыстырады. Әр жерге өзінше баға беріп келе жатқан комиссия Текелінің тазалығына ешкімнің таласа, дауласа да алмайтындығын айтты.

ЕСКЕЛДІ ауданына бет алған топ аудан әкімінің орынбасары Ораз Сәрсенов пен аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бастығы Көшербай Халықбергеновтің бастауымен тау баурайына орналасқан Сырымбет ауылынан бастап, Жетісу, Жеңдік, Жалғызағаш, Абай, Байысов, Алдабергенов, Жастар ауылдары мен Қарабұлақ кенті, Бақтыбай елді мекенне дейін барып қайтты. Бұл ауданның да тазалығы қалыпты жағдайда. Биыл ауданның санитарлық тазарту, көгалдандыру, көркейту жұмыстарына жергілікті бюджеттен 2 млн. 800 мың. теңге бөлініп, 4710 тонна қоқыс шығарылып, 264.8 шақырым автомобиль жолы тазартылған. 9655 үй мен ғимараттың ауласына, 96 әлеуметтік, өндірістік, мәдени нысанға көркейту жұмысы жүргізілген. 3770 түп ағаш көшеті жаңадан отырғызылған. Барлық меншік түрідегі кәсіпорын мен ұйым көркейту, көгалдандыру жұмыстарын белсенді жүргізеді.

Енді комиссия **АҚСУ** ауданына жол алды. Аудан әкімінің орынбасары Қайрат Исаевтің айтуынша, ауданның 80 жылдық торқалы тойын дүркіретіп өткізген ақсулықтар күзгі санитарлық тазалыққа да белсенді атсалысқан. Әсіресе, ауыз су мәселесінің шешімін талқыны қуантады. Биылғы жылы жергілікті бюджеттен 200 млн. теңгенің үстінде қаржы бөлініп, «Ақсу су құбыры» коммуналдық кәсіпорнының базасы күрделі жөндеуден өткен. Нәтижесінде Жансүгіров кенті таза ауыз сумен қамтамасыз етілген. Ал аудан елді мекендерінде 10 мың түптен астам ағаш көшеті отырғызылып, көшелер мен ғимараттардың ауласы күл-қоқыстан тазартылған. Аудан орталығындағы аллеяның көркемдігі көрген жанды қызықтырмай қоймайды. Қай қырынан келсек те, ақсулықтардың тазалыққа талпынысы таңдай қақтырады.

САРҚАН ауданының шекарасынан аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бастығы Айдар Қауменов қарсы алып, атқарылған жұмыстармен таныстырды. Оның айтуынша, аудан бойынша күзгі тазалық айлығына 20.2 мың адам қатысып, Сарқан өзенінің арнасы тазартылған. Елді мекендерден 386 тонна қоқыс шығарылған. 120 шақырым арық жүйесі, 62 шақырым автомобиль жолы, 185 көше күл-қоқыстан арылған.

Елді мекенді аралай жүріп байқағанымыз, жыл сайын үрдіске айналған тазалық жұмыстарының өткізілуінен ауылға рең, көрік кіргендей.

Айдынды **АЛАКӨЛДЕ** айшықты жаңалықтар бар. Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бастығы Асқар Ботабаевтың мәлметіне сүйенсек, ауданда 56 елді мекен болса, онда 80 мыңға жуық адам қоныстанған. Тазалық айлығына 57 мыңнан астам адам қатысып, 468 көше, 15540 тұрғын үй, 280 шақырым арық жүйесі, 318 шақырым автомобиль жолы тазаланып, 7857 тонна күл-қоқыстан тазартылған. 3 мыңнан астам көк желек отырғызылған. Комиссия Үшарал қаласының әкімі Алмас Абдиповтың бастауымен жөндеу жұмысы аяқталған ардагерлер аллеясын, жаңадан қоршалып, реттелген қоқыс төгетін алаңды, құрылыс жұмысы бітуге жақын спорт кешенін аралап көріп, жоғары бағалады.

Германия еліне қонаққа барғандардың бірі: «Осы немістер қала тазалауды біледі, ә», – дегеннде, екіншісі: «Жоқ, олар тазалауды емес, керісінше ластамауды жақсы үйренген», – депті. Тазалыққа қарап елдің дамуы мен адамдардың тұрып жатқан қаласы алдындағы жауапкершілігін, бойындағы патриотизмін танып білуге болады. Ал отырған жерін қоқысқа айналдыру мәдениеттің жоқтығын білдіреді. Десе де, елді мекендерді аралау барысында тұрғындардың тазалыққа деген ынтасының оянғанын білдік. Алайда, тазалық тек бір ғана айлықпен, айтпесе комиссияның тексерумен ғана шектеліп қалмасы анық. Біздерге тазалауды емес, керісінше, тұрған жеріміздің ластамауды үйренген әбзал-ақ. Ел мен жердің көркейгені баршамызға мақтаныш екендігін әсте естен шығармайық.

ҚҰЖҒАҒАТ

Жетісу

ОЛИМПИАДАДАН КЕЙІНГІ ОЙ



Уақыттың ағысымен Лондон Олимпиадасы да тарих қойнауынан өз орынын тапты. XXX жазғы ойындар егеменді еліміз үшін мерейлі болды, тұманды Лондон қазақстандықтар үшін думанды Лондонға айналды. Олай деуге толық негіз бар. Ел намысын қорғаған спортшыларымыз абыройымызды асқақтатып, Айды аспанға бір-ақ шығарды. Қанжығамызға жеті алтын, бір күміс және бес қола медаль түсіп жалпы командалық есепте он екінші орынға табан тіредік. Бұл - тарихта болмаған жетістік. Спортшыларымыз жарады, бапкердің еңбегі мен жанкүйерлердің үміті ақталды деген осы.



Ғалымұрат ЖҮКЕЛ

Дүниежүзі бойынша үздік спортшылардың басы бірігіп, мықтылардың мықтысы анықталар сәт тек БАҚ-та ғана емес, екі-үш адамның басы біріксе талқылар тақырыптың күре тамыры іспетті рөл атқарды. «Ақтаңқы» сайты бұл мәселе төңірегінде: «Лондон Олимпиадасы басталғаннан бері Қазақстан спортшылары алты алтын медаль жеңіп алды. Олимпиадашылардың жеңісі әлеуметтік желіде бұрын-соңды болмаған дәрежеде тез, әрі кең талқыланып жатыр. 2008 жылғы Бейжің олимпиадасын еске алған мамандар «биылғы Олимпиаданың басты ерекшелігі де осы» деп атап өтеді», – деген ақпарат таратты. Бүгінгі мақаламыз осы тақырыпты талмағордағы «талқылау» төңірегіндегі кей мәселеге шолу болмақ.

«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңының 2-бабының 1-тармағына сәйкес, соз. шығармашылық бостандығына, өз көзқарастары мен сенімдерін басқа арқылы және өзге де тәсілмен білдіруге Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік беріледі. Өкінішке орай, еліміздегі соз бостандығын өз мүддесі үшін пайдаланған кей тұлғалар, заңда берілген еркіндікті теріс пиғылда пайдаланып, қоғамда жаңсақ пікірлер тудырып, көптен әлеуметтік және ұлтаралық ауызбірлік тұтастығына әрқилату шараларын іске асыруда деосек артық айтпаған болармыз.

Ойымызды одан әрі тарқатпас бұрын, спорттан алшақтап тақырыпты өзге мәселемен сабақтастыралық. Былтыр араб мемлекеттерінде «араб көктемі» деп аталған революция толқыны жүріп өткені белгілі. Халықаралық сарапшылар мен жаһандық БАҚ өкілдері бұл революциялық толқынның басты ерекшелігі бүлік әуелі әлеуметтік желілерден басталған деп атап өтті. Осы мәселеге қатысты «The Sun» басылымы: «Бүгінде әлеуметтік желілер танысу алаңы» деген түсініктен асып түскені айқындалды. «Араб көктемі» алдыменен «Facebook» пен «Twitter-дегі» Араб түбегі қолданушылары арасында қолдау тауып, «виртуалды төңкеріс» реалистік формаға ұласты», – деп мәселені дөп басып айтқан. Ғаламтор желісінен көшелерге ұласқан төңкерістің ірты иесе алып келгені белгілі. Бұл тұрасында Сирияны мысалға алсақ жеткілікті.

Бұл – бәрімізге сабақ болатын жағдай. Кей елде аталған әлеуметтік желілерге тұсау салынғаны белгілі. Алайда, Орталық Азия алаңында демократияның тұғыры сынды, туын биік көтерген Қазақстан бұл қадамға бармасы анық. Десе де, осы әлеуметтік желілердегі бей-берекетсіздіктің елімізді бейбіт өмірі үшін белгілі бір қауіпі бар екендігі де айқын.

Енді мақаланың басты тақырыбына оралсақ. Олимпиада ойындары басталмай жатып-ақ, доданың үшінші күні отандық электронды БАҚ пен блог тұтқаларда әріптестеріміз әлеуметтік желілерде Қазақстанның спорт әлемінде жеткен жетістіктері турасында айтылған пікірлерді сүзгіден өткізіп, саралаған болатын. Қазақстандық белгілі блоггер Аян Өтежанов өз электрондық күнделігінде, «Twitter-де» айтылған коментарийлерді жинақтап, барша жұртқа паш етті. Твиттердің ішінде «Қазақстанға он жыл оларда алтын бар, Малайзияға 55 жыл оларда тек менің қолдауым бар», «Қазақстанда үш алтын. Борат құдесін керіп жүрген болар» деген сынайдағы пікірлерді бір жерге жинап, отандастарына оқытқан блогер ағамыздың не екендігі белгісіз. Бірақ, пікірлерді оқыған құлақтандықтар да түйіп еркіндік берді, айтарын айтты. Әз-пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) тіл мәселесіне қатысты көптеген хадис қалдырған. Қазекең, хадисті мақалға айналдырып «он күнінің тоғызы тілден» деп бекер айтпаған. Төртқұл дүниенің әр түпкірінде айтылған сөзге құлақ асудың қажеті қанша деген ой келеді мұндайда. Бастысы, бұл пікірлер сол елдердің ресми өкілі, мемлекет басшысы, не өзге де лауазым иесінің аузынан емес, тек ғаламторға қолы жеткен көпшіліктің көпшілігінен көрмегені, білгенінен білмегені көп жандардың айтқаны. Сондықтан, бұған құлақ асып, жүйкені жұқартудың керегі шамалы. Мысал ретінде мына пікірді алалық: «Тіпті Қазақстанның өзі медаль саны бойынша бізді озып кетті. Мен бұл мемлекеттің бар екенін де білмеппін», – деп өкінішпен өзегі өртенген қолданушы өз елінің спортшыларының аяқ алысына қанағаттанбайтындығын жеткізген.

ҚАНАТҚАҒАР



Редакциямызға келіп түскен хаттардың арасында жастардың жалының жігерін, сезімі мен махаббатын бейнелеген өлеңдер көптен кездеседі. Бір байқағанымыз, кейінгі кезде поэзияға деген құштарлық артып келеді. Әлбетте, жаза алатындар емес, ойлы, ғұламды жазу білетіндердің көбейгені қуантады. Осыған орай, хат-қаржыларымызға келіп түскен бір топ жастың жалынды жыры екшеп, назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Арман іздеп, поэзия бағынған

Тарих тағылымы

Тарих дастан – шежіре ашылмаған,
Құпиятым сан жыл мен
тасымалдаған.
Бабамның жүріп өткен жолындағы,
Тіл қатады жұмбақ жер,
тасың маған.

Тарих сырбаз – ішіне сырын бүккен,
Ақиқатын айтатын күнін күткен.
Шындық қана шырайын кіргізетін,
Бүрмалауды білмейді ғылым тіптен.

Тарихымыз сан рет жұлмаланды,
Ата жау деп ұятсызды
тұлғаларды,
Атты, астық, тонапты
темір торға,
Аты-шулы репрессия шырғалады.

Елдің ерке ұздары құдаланды,
Ар-намысын ашусыз жұлмаланды.
Арыстары Қарлағда қорлық көріп,
Әйелдері Алжирде мұңға малды.

Айқын бүгін келешек балдарымыз,
Достық пейіл танытпа
жан-жағыңмыз.
Дастарханы жайылған
дұрыстағы,
Бүйкі мүлік басқадан арылмаңыз.

Ақын рухына

Жетісу жайлы жыр жазып
кеткен жүректен,
Жырымен ашып сауатын
ойдың түлеткен.
Ішіңе ақын арысы күлі қазақтың,
Замандас әрі жейінді ұрпақ түлеткен.

Отанын сүйді, жырлады
тауын, даласын,
Таныды халқы азаматтарды
даласын.
Құзағер ақтың күйзелін
жазды қасіреттің,
Сезді ме жүрек зорлықтың
жүйе жалаңын.

Елім деп туған дарынды
тұлға мар еді,
Елеңдеткені елінің мұңы, зары еді.
Сал серілердің жалғасы, жолы ақ еді,
Қаралап жаныған, қоғамда
кінә бар еді.

Құрбаны болдың репрессия
деген залымның,
Сындырмақ сірә, әр мінез
ердің салын кім.
Абыройы мегеп ар-ожданы
едің халқының,
Жан ағалары тағдырға
ғана балындың.

Айтарым бар

Өнерге жейін қайып, өлең жазар
жазып едім,
Оқыды таныстарым, оқыды
ауыз елім.
Ұяда бап кездескенде
құлаша жаттай бәрі,
Адамның алыс алу пәжіміне
тәнті елмі.

Қалқатты өлеңдерің арасын
шабыттың сөздың,
Қиып ап газеттерден, альбомға
салып қойдым.
– Дәйі дос, –жарандарым ерекше
сезім құштым,
Көңілім қақпаттанып, пейілін
алып ұштым.
Ұштым сол қызығым,
өзекше дарландап,
Қайсы ұлқар бәйгіні
өткерді бағландап.
Қазандас жүйткіске айтатын
ақ тілегім,
Өлең жаз терең ойлы әлі ешкім
жазға алмаған.

Аян ОРЫНБЕКОВ.

Өзіңді ұлықта алмай

Өзіңді ұлықта алмай,
Жанымды жылыта алмай.
Азаптың ішіндемін,
Іздеймін түсінде мың.
Сезімді аялап тым,
Біз жүрген сағабатын,
Жалығамын
Сырларға шақырамын.
Жазықсыз жазалымын,
Мен тартқан азабымның.
Бір мысқалын
Сезімнің қыртыстарын
сезсең, шіркін!
Келер деп, балкім, бір күн
Жүрегімнің,
Аусаған баз шақтарын,
Үзбеші мөңкіштарын.
Бағым ба, сорым ба, әлде?
Ақ қардан орап салде.
Мұлгіген ағаштарға,
Жылжыған сағаттарға,
Жыртылған тарақтарға,

Жалғыздық

Бала кезден қол ұстасып
бір жүрдік,
Бірге жылап, қуансақ та
бір күздік.
Енді, міне, ағынан қалың ағыздық,
Сол сезімдер жүрегімізге
бап бір күшік.

Өмір сынақ, тіршілік кешу
тың мұрат,
Қарасанда жеңдау ойлар
түңілерат.
Мүмкін бізді тосып жатқан
да шығар,
Қол ұстасып бірге жүргеп
түлгі бақ.

Арман іздеп асқарлар
жеп шыңдарда,
Түрен салдық жол
түспеген тыңдардан.
Бірақ, бірақ, шыға берді алдымнан.
Сағынышпар құлағымен
бұр жарған.

Десе де, артқа бұрылуға келмейді,
Арман, ұмыт оған тыным бермейді.
Жан-жағымда адамдар
көп, алайда,
Сенсіз істің берекесі келмейді.

Жалғыз арман, жалғыз ұмыт,
тілек бір,
Көңіліміз жалғыздықтан
жүдеп жүр.
Тек жадымда сақталыпты
бір кезде,
Ұсынғанның жолыма бақ тілеп гүл.

Ерболұлы ҚАЗТАЙҰЛЫ.

Жалғасы

Қалған намыс немесе әлеуметтік желілердегі тартыс

6-бетте

ДҮЙСЕНБІ 27 ТАМЫЗ

07.00 «Іске сәт!»
09.00 Х.Ф «Собака на сене»
11.10 «Сонымен, солай дейік...»
12.00 Дер.фильм
13.00 Жаңалықтар
13.15 «Көзқарас»
13.40 «Арнайы репортаж»
14.00 Новости
14.15 Сериал «Июньская ночь»
15.45 Сериал «Кактем вальсі»
17.00 Жаңалықтар
17.15 Док.фильм
18.00 Новости
18.15 Сериал «Белгісіз аймақтар»
19.15 «Сонымен, солай дейік...»
20.00 Жаңалықтар
20.30 Арнайы репортаж
20.45 Ситуация
21.00 Новости
21.30 Сериал «Жаным»
22.30 «Тотальный футбол»
22.45 Сериал «Июньская ночь»
02.50 Жаңалықтар

СЕЙСЕНБІ 28 ТАМЫЗ

07.00 «Іске сәт!»
09.00 Жаңалықтар
09.15 Сериал «Жаным»
10.00 Новости
10.10 Сериал «Түнмен қайда болдың, Мэри?»
11.00 Жаңалықтар
11.10 «Сонымен, солай дейік...»
12.00 Док.фильм
13.00 Жаңалықтар
13.15 Көзқарас
13.40 «Дневник индустриализации»
14.00 Новости
14.15 Сериал «Июньская ночь»
16.45 «Капитан вллпесі»
17.00 Жаңалықтар
17.15 Док.фильм
18.00 Новости
18.15 Сериал «Белгісіз аймақтар»
19.15 «Сонымен, солай дейік...»
20.00 Жаңалықтар
20.30 Арнайы репортаж
21.00 Новости
21.30 Сериал «Жаным»
22.15 Сериал «Июньская ночь»
24.00 Жаңалықтар

ДҮЙСЕНБІ 27 ТАМЫЗ

09.00 Балалар уақыты
09.20 «Өзін өзі тану»
10.00 Сериал «Пора тюльпанов»
11.00 Мультсериал
11.30 «Бағдаршам»
12.00 «Жарайсың»
12.30 Сериал «Дурнушка Бетти»
13.20 «Начистоту»
14.00 Сериал «Поющие в терновике»
15.10 Сериал «Сұлтан Сүлеймен»
16.20 «Сүйкімді»
16.50 Сериал «Сплетница»
17.50 Реалити-шоу
19.00 «Пятый угол»
19.30 «Жарайсың»
20.00 Сериал «Сұлтан Сүлеймен»
21.00 Сериал «Мужчина во мне»
21.55 Сериал «Сплетница»
22.45 Сериал «Поющие в терновике»
24.00 Реалити-шоу

СЕЙСЕНБІ 28 ТАМЫЗ

09.00 Балалар уақыты
09.20 «Что наша жизнь»
10.00 Сериал «Пора тюльпанов»
11.30 «Дастарқан»
12.00 «Жарайсың»
12.30 Сериал «Дурнушка Бетти»
13.20 «Пятый угол»
14.00 Сериал «Поющие в терновике»
15.10 Сериал «Сұлтан Сүлеймен»
16.20 «Сүйкімді»
17.00 Сериал «Сплетница»
17.45 Реалити-шоу
18.20 Сериал «Сырлы бақ»
19.30 «Жарайсың»
20.00 Сериал «Сұлтан Сүлеймен»
21.00 Сериал «Мужчина во мне»
21.55 Сериал «Сплетница»
22.40 Сериал «Поющие в терновике»
23.50 Реалити-шоу

ДҮЙСЕНБІ 27 ТАМЫЗ

06.55 Әңгіме, ақпарат –
07.00 «Таңшолпан»
09.40 «Халық таңдауы»
09.55 Сериал «Махаббаттың мұңды әні»
11.00 Жаңалықтар
11.15 Сериал «Жанан»
12.10 «Жан жылуы»
12.30 «Арнайы репортаж»
12.55 «Апта»
13.55 «Дауа»
14.30 «Ақсаулит»
15.00 Мультсериал
15.20 «Ән жұмбақ»
15.55 Сериал «Махаббаттың мұңды әні»
17.00 Жаңалықтар
17.20 «Халық таңдауы»
17.35 Дер.фильм
18.05 Сериал «Крэнфордқа қайта оралу»
19.00 «Қазақстан-2020»
19.05 «Өзекжарды»
19.30 Сериал «Қайта бұр жарған шаңар»
20.30 Жаңалықтар
21.05 Сериал «Болашақ»
22.00 «Өзекжарды»
22.25 Сериал «Келін»
23.50 Жаңалықтар
00.25 Х.Ф «Заражмелгене апара жол»

СЕЙСЕНБІ 28 ТАМЫЗ

06.55 Әңгіме
07.00 «Таңшолпан»
09.00 Жаңалықтар
09.40 «Халық таңдауы»
10.00 Сериал «Махаббаттың мұңды әні»
11.00 Жаңалықтар
11.15 Сериал «Қайта бұр жарған шаңар»
12.10 Сериал «Болашақ»
13.00 Мультфильм
13.25 «Алаң»
14.05 «Сіз танитын...»
14.45 Мультфильм
16.00 Сериал «Махаббаттың мұңды әні»
17.00 Жаңалықтар
17.20 «Халық таңдауы»
17.35 Дер.фильм
18.05 Сериал «Марлл хәнем»
18.55 «Дауа»
19.30 Сериал «Қайта бұр жарған шаңар»
20.30 Жаңалықтар
21.05 Сериал «Болашақ»
21.55 «Сіз танитын...»
22.30 Сериал «Келін»
23.30 Жаңалықтар
24.00 Х.Ф «Сиқыр»

ДҮЙСЕНБІ 27 ТАМЫЗ

06.00 Сериал «Вероника Марс»
07.00 «Доброе утро»
10.00 Новости
10.05 Сериал «Маруся»
10.50 Сериал «Братаны»
11.35 Сериал «Ласточкино гнездо»
12.05 Сериал «Женить Казанову»
14.25 Жаңалықтар
14.50 Сериал «Маруся»
15.50 Сериал «Сердце Марии»
17.25 «Давай поженимся»
18.30 Жаңалықтар
19.05 Сериал «Диюй»
20.00 Сериал «Когда ее совсем не ждешь»
20.55 «Пусть говорят»
22.10 Сериал «Чистая проба»
23.30 «Время»
24.00 Х.Ф «Грех»

СЕЙСЕНБІ 28 ТАМЫЗ

06.00 «Понять. Простить»
07.00 «Доброе утро»
10.00 Новости
10.05 Сериал «Медовый месяц»
10.50 Сериал «Маруся»
11.40 Сериал «Ласточкино гнездо»
12.10 Сериал «Женить Казанову»
14.25 Жаңалықтар
14.50 Сериал «Маруся»
15.50 «Сердце Марии»
17.25 «Давай поженимся»
18.30 Жаңалықтар
19.05 Сериал «Диюй»
20.00 Сериал «Когда ее совсем не ждешь»
21.25 «Пусть говорят»
22.25 Сериал «Чистая проба»
23.25 «Время»
24.00 Х.Ф «Бумеранг»

ДҮЙСЕНБІ 27 ТАМЫЗ

06.00 Открытие вещания
06.05 Разминка «Қара жорға»
06.10 Кержем фильм
07.10 Мультсериал
08.00 «Ипыр-ай»
08.50 Разминка «Қара жорға»
09.00 Док.фильм
09.30 «Юрмала»
11.00 «Другая правда»
11.35 «Портрет недели»
12.45 «Слуги народа»
13.45 «Квартирный вопрос»
14.40 «Дорого домой»
14.50 Мультсериал
15.40 Док.фильм
16.15 «Звездная жизнь»
17.10 Сериал «Не ври мне»
18.10 «Давай поженимся»
19.10 Сериал «Принцесса хлопковых полей»
20.30 Жаңалықтар
21.00 Новости
21.30 Сериал «Холодное сердце»
23.20 «Рейдер»
23.40 Сериал «Глухарь»
02.15 Жаңалықтар

СЕЙСЕНБІ 28 ТАМЫЗ

06.00 Открытие вещания
06.05 Разминка «Қара жорға»
06.10 Сериал «Тени исчезают в полдень»
07.10 Мультсериал
08.00 «Ипыр-ай»
08.50 Разминка «Қара жорға»
09.00 «Рейдер»
09.20 Х.Ф «Деревенский романс»
11.00 «Давай, поженимся»
12.00 Новости
12.30 «Рейдер»
12.50 Сериал «Глухарь»
14.40 Сериал «Принцесса хлопковых полей»
16.00 «Астарлы ақиқат»
16.25 «Моя правда»
17.30 «Не ври мне»
18.25 «Давай поженимся!»
19.10 Сериал «Принцесса хлопковых полей»
20.30 Жаңалықтар
21.00 Новости
21.30 Сериал «Холодное сердце»
23.20 «Рейдер»
23.40 Сериал «Глухарь»

ДҮЙСЕНБІ 27 ТАМЫЗ

07.00 «Таңжарық» сазды ақпаратты бағдарлама
09.00 Апта
11.00-17.55. Техникалық үзіліс
18.00 Жаңалықтар
18.30 Новости
19.00 К/ф «Қайсар ханша» 65-бөлім
20.02 Жетісудың жақұты - Талдықорған
20.30 Жаңалықтар
21.00 Замана
21.30 Новости
22.00 Сазды сәлем
22.30 Телесериал
23.30 Жаңалықтар
23.50 Новости

СЕЙСЕНБІ 28 ТАМЫЗ

07.00 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Замана
10.30 Жетісудың жақұты- Талдықорған
11.00 К/ф «Қайсар ханша» 65- бөлім
12.02 Сазды сәлем
12.40 Д/ф «Животные-лекари «
13.05 «Гаджайбәл» театрының концерті
14.30 Д/ф «Лекарство для внимание»
15.30 Мультфильм
17.00 Тарих Б.Момышұлы
17.30 Д/ф «Опасные воды»
18.00 Жаңалықтар
18.30 Новости
19.00 К/ф «Қайсар ханша» 66-бөлімі
20.00 Сыр сандық
20.30 Жаңалықтар
21.00 Замана
21.30 Новости
22.00 Сазды сәлем
22.30 Телесериал
23.30 Жаңалықтар


ДҮЙСЕНБІ 27 ТАМЫЗ

06.00 Әңгіме
06.00 «Өзіл студио»
07.00 Қазақша концерт
08.00 «Самое смешное шоу»
08.30 Мультсериал
09.30 Фантастический фильм
11.30 «Попкорн»
12.30 «Галилео»
13.30 Анимационный фильм
15.00 Сериал «Волшебники из Беверли Плейс»
16.00 «Попкорн»
16.30 «6 кадров»
17.00 «Галилео»
18.00 Х.Ф «Аферисты Джейк и Дик»
20.00 Сериал «Запретная любовь»
21.30 Сериал «Где моя дочь?»
22.30 Х.Ф «Доспехи бога»

СЕЙСЕНБІ 28 ТАМЫЗ

06.00 Әңгіме
06.00 «Өзіл студио»
07.00 Қазақша концерт
08.00 «Самое смешное шоу»
09.30 Фантастический фильм
11.30 «Попкорн»
12.30 «Галилео»
13.30 Анимационный фильм
15.00 Сериал «Волшебники из Бейверли Плейс»
15.30 «Самое смешное шоу»
16.00 «6 кадров»
16.30 «Галилео»
17.30 «Попкорн»
18.00 «Өзіл студио»
18.30 Сериал «Запретная любовь»
20.00 Сериал «Запретная любовь»
21.30 Сериал «Где моя дочь?»
22.30 Х.Ф «Доспехи бога»22.00 К/ф «Мың бір түн» 86-бөлім
23.26 Сәлем хат
23.45 Жаңалықтар

◈ *Елбасы тапсырмасы: туризмді дамыту*



Өлкеміз тарихи, мәдени, археологиялық, этнографиялық ескерткіштерге бай. Тәуелсіздік символы болған «Алтын адам», табиғаттың жұмбағы – «Айғайқұм», ерте палеолит дәуірінен қалған Шарын өзені аңғарындағы Соғда жазулары туристерді қызықтырмай қоймайды. Ал Алакөл және Балқаш көлдері, Қапшағай су қоймасы демалушыларға табылмайтын орта. Алайда, біз солардың бағасын бағамдап, қадірін біліп жүрміз бе?

Айналайын, АТАМЕКЕН, АҚ МЕКЕН

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, туризмді қарқынды дамытумен айналысатын мемлекеттер өз азаматтары мен шетелдік туристерді сапалы қызмет көрсетумен қамтамасыз ете отырып, ұлттық жоспарлар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға қомақты қаржы бөледі. Статистикалық мәліметке жүгінсек, дүниежүзінде әр жылы туристік сала бойынша 75 миллион жұмыс орны ашылады екен. Ендеше, осы кәсіптен түсетін қаржының мөлшерін есептей беріңіз. Кіріс көзі жағынан автомобиль және мұнай өндіру саласынан кейін үшінші орынға тұратын әлеуетті саланың еліміздегі, әсіресе, облысымыздағы жағдайы қалай? Осы салаға жауапты басқарма туризмнің өніріміз үшін қаншалықты табыс әкелетінін бағамдап отыр ма? Сала мамандары қалай дайындалуда, оларға сұраныс қандай? Бүгін біз осындай маңызды мәселелер туралы әңгіме қозғағанды жөн санадық.

Әрине, қазақ даласын бөле жара қарауға болмайды. Алайда, Жетісу жерінің өзіне тән мәдени құндылығы жеткілікті. Даламыздағы күмбезін күн шалған ғажайып ғимараттар, сән-салтанатқа бөленген сырлы сарайлар, биік тұғырларда орнатылған алып ескерткіштер, таңғажайып жазбалар, сырлы суреттер ата-бабалар парасатының жарқын үлгісі. Ондағы тұнып тұрған табиғат байлығымен қатар, "Қызыл кітапқа" енген, көздің қарашығындай сақталуы тиіс, сирек кездесетін түрлі дәруменге толы шөптер, бағалы аң-құстар, сонау сақ, ғұн дәуірінен сыр шертетін таңбалы тастар мен «Бесшатыр» қорғандары кім-кімді болса да қызықтырмай қоймайды. Сондай-ақ, екі қорық, бес мемлекеттік ұлттық табиғи парк өлкемізде орын тепкен. Сол қатарда Хан-Тәңірі (7014 м.) шыңының зұмағында шаңғы және шана тебу, альпинизм және тауға шығу спортын дамытуға қолайлы мүмкіндіктер бар.

Естеріңізде болса, аймақтың даму барысын көзбен көру мақсатында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жаз мезгілінде біздің өлкеге атбасын бұрған еді. Сонда табыс көзі болар сұлу табиғаттың пайдаға аспай жатқанын көріп:

– Мен туризм саласын дамытуды талап етемін. Елде туризмді жандандыруға бар күшімізді салудамыз. Сендер неге табиғат байлығын пайдаға асыруды ойластырмай отырсыңдар? Бізде сырттан келушілерге көрсететін көрікті жер жетерлік. Сол жаққа кәсіпкерлер мен демалушыларды тарту керек. Тынығушылардың келуіне, серуендеуіне бар жағдайды жасап, табыс көзіне айналдырыңдар. Қазір туризмді дамытуды барынша қолдап отырмыз. Өйткені әлемде туризмнен түсетін табыс мол. Бізде тамаша Алакөл бар. Неге, онымен ешкім жұмыс істемейді. Ол жаққа кәсіпкерлерді, туристерді көптеп тарту туралы ойландыңыздар ма? – дей келіп, Алакөлді дамытудың бизнес жоспарын жасау туралы әкім орынбасары Серік Тұрдалиевке арнайы тапсырма да берді. Содан бері біраз уақыт өтті. Демалыс орындарын дамытуға ыңғайлы аймақтарда жайлап болса да жұмыс жүріп жатыр. Нәтижесінде, ҚР туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес, облысымыздағы туризмнің дамуына кластерлік бағыт беретін ұзақмерзімді шебер-жоспар бекітіліп, облыс аумағында Талғар – Есік, Қапшағай, Қарадала, Райымбек, Алакөл – Жетісу және Шығыс – Балқаш кластерлерін құру жұмысы қолға алынды. Осы орайда, туристік қызығушылыққа ие Алакөл мен Балқаш көлдерінің жағалауында сауықтыру және жағажай демалысын дамыту мақсатындағы туристік инфрақұрылымға ерекше мән беріліп, оның бас жоспары мен бөлшектік жобалау жоспарлары әзірленді.

Алакөл атырабы – қазақ халқын ел басына күн туғанда ашаршылықтан қорғаса, одан кейін де ел-жұртты өзегін талдырған емес. Көлдің суы мен жағасындағы балшығы сан түрлі ауруды емі, балығы шет елдерге де белгілі. Өңірдің табиғаты да демалыстың түр-түрін ұйымдастыруға қолайлы. Мұнда келген адамдар таулы өлкенің табиғатын тамашалап, дала көркемдігімен жақынырақ таныса алады. Бір қызығы осыған дейін сол мүмкіндік толық ашылмай келген еді. Елбасы тапсырмасынан кейін көл жағалауынан жер телімі сатып алынып, 500 адамға арналған жоғары деңгейлі сервисті көрсетіп келеді. Қос қабатты қонақ үй, бір уақытта 200 адамды тамақтандыратын асхана. Жаздық монша, бильярд және теннис залдары, түрік және фин моншасы. Шомылу айдынына кішкене қайық, көлеңкелі шатыр, спорттық алаңдар орналастырылған. Жайлы демалуға бәрі де бар. Дей тұрғанмен, көл маңындағы туристік нысандарға бағытталған жергілікті маңызы бар құмайт жамылғы құрылысы көңілден шықпай келген болатын. Елбасы тапсырмасынан кейін осыған қатысты жоспарларға қан жүгірді.

Әрине, жоспар көп. Бірақ, оның атқарылуы үшін де қыруар қаржы, еңбек, жоба-жоспар керек. Сондықтан туристік салаға әлеуетті инвесторларды тарту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілгені жөн. Бұл бағытта, ягни, Алакөл, Балқаш көлдерінің жағалауында және Талдықорған қаласында қонақ үй бизнесін инвестициялауда облыстық туризм басқармасы Германияның «Fabulos Abu Dhabi Hotel Managment Company» компаниясымен келіссөздер жүргізуде. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, неміс халқы көбірек саяхаттайтын ұлт. Осыған орай, немістерге Жетісу өңірінің тамаша табиғатын, байтуристік әлеуетін таныстыру мақсатында облыстық туризм басқармасы германиялық БАҚ өкілдерімен өзара ынтымақтастық туралы келісімдер жасасқан. Алматы облысы мен «FLW Mediengruppe Eastern Europe» компаниясының арасында өзара түсіністік туралы екіжақты меморандумға қол қою жоспарланып отыр. Осындай ақпараттық-имидждік және жарнамалық жұмыстарды жүргізу мақсатында өткен жылы сәуір айында облыстық туризм басқармасының жанынан облыстық туризм және ақпараттық қызметтер орталығы құрылды. Сондай-ақ, облыстың инвестициялық мүмкіндігін халықаралық туристік нарықта жылжыту мәселелері Катар, Қытай елдеріндегі ҚР Елшілігі, Нью-Йорк қаласындағы Қазақстан Республикасының Бас елшілігі арқылы насихатталған. Сол қатарда Жапонияның туристік компания өкілдерімен кездесулер өткізіліп, облысымыздың туристік әлеуеті туралы бірдескен жарнамалық материалдарды жапон тілінде басып шығаруға уағдаласқан. Бұл өзге елдердің өңірімізге деген қызығушылығын арттырары анық.

Осы тұста аймағымыздың туристік әлеуетін насихаттай отырып, өңірімздің таңғажайып нысандарын, тарихи, мәдени ескерткіштерді және табиғатты көрсетуге мүмкіндік беретін «Жетісу» интерактивті туристік картасы әзірленгенін қоса айтып кеткен жөн. Онда Балқаш маңы құмдарынан Алатаудың биік шыңдарына дейінгі барлық географиялық аймақтар оңай ажыратылады. Аталған интернет-порталда қайталанбас фото және видеоматериалдар қоса берілген. Туристік нысандар мен бағыттардың егжей-тегжейлі құрылған дерекқоры, туристік кешендер бойынша ақпараттар, фото және бейнематериалдар тұрақты негізде толықтырылып және жаңартылып тұрады. Портал осы жылдың ақпан айында ресми қолданысқа енгізіледі.

Несін жасырайық, өлкеміздегі демалыс орнына келетін туристердің басым бөлігін шетелдіктер құрайды. Шетелдіктердің келгені дұрыс шығар. Бірақ, біздің азаматтар осындай табиғат тұрғанда шет ел асып кететіні өкінішті. Мамандардың айтуынша, туған елде тынығу арзанға түседі және қызмет көрсету сапасы да еш жерден кем емес. Еліміздегі демалыс орындарының инфрақұрылымын дамытуға Үкімет тарапынан қолдау болып, біздің демалыс нысандарында шетелдегідей жағдай жасалса нұр үстіне нұр болар еді.

«Жетісу»

Қажет АНДАС

◈ *Орман шаруашылығы*

ТАБИҒАТ ҚАМҚОРШЫСЫ

«Үйгентас орман шаруашылығы» мекемесі 1936 жылы құрылғанда «Андреев ауданаралық орман шаруашылығы» деп аталып, құрамына Алакөл, Дзержинск, Осиновка, Надеждовка, Константиновка, Лепсинск, Тополевка саяжайлары кірген. Осы құрамда 1940 жылға дейін жұмыс істеп, кейіннен іріленген бірнеше шаруашылыққа бөлінді. Соның бірі – бүгінгі аумаққа ие болып отырған «Үйгентас орман шаруашылығы» мемлекеттік мекемесі.

Бастысы, шаруашылыққа қарасты таулы өңірдің табиғаты аса бай. Бұл өңірде шырша, қарағай, көктерек, шынар, емен, шегіршін, үйеңкі, қайың, алма, талшілік тағы басқа орман ағаштары өседі. Жалпы, орман алқабының 23 пайызын шырша, 40 пайызын тал-шілік, қалғанын өртүрлі ағаш алып жатыр. Жоңғар Алатауында дәрілік шөптердің 200-ге жуық түрі өседі. Оның ішінде қымбат бағалы емдік шөптер де бар. Шаруашылық аумағын 45 түрлі құс, 34 түрлі жәндік мекендейді. Олардың бірқатары Қызыл кітапқа енгізілген. Орман қорықшылары тек ағаштарды ғана емес, табиғаттың тірі байлықтарын да қорғауға лайықты үлес қосуда.

Бүгінде шаруашылықта ұзақ жыл еңбек етіп өз ісінің білікті маманына айналған жандар, орманшы болу кәсібі атадан балаға ауысқан отбасылар баршылық. Сол қатарда Омаров және Безминов әулеттерін атауға болады. Олар 2013 жылы республикалық «Еңбек әулеттері» байқауына қатысып, «Құрметті еңбек әулеттері» дипломдарымен марапатталды.

Әрине, орман адамдардың иілігі, табиғаттың тазалығы, керек кезінде материалдық мұқтаждықты өтеу үшін өсіріледі. Осы мақсатта өткен жылы жергілікті тұрғындарға 50 текше метр жарамды ағаш, 302 текше метр отын сатылды. Бұдан шаруашылық қоржынына 739 мың теңге түсті. Сонымен қатар, былтыр 3 орман пайдалануышыға 10 жыл мерзімге 1420 га. 15 адамға бір жылға 7945 га. орман алқабы, омарта орналастыру үшін 35 билет берілді. Соның нәтижесінде кассаға 800 мың теңгеге жуық қаржы түсті.

Орманшылардың міндеті – ағаштары пайдаланылған алқаптарға ілеспе жас көшеттер отырғызып, ойсыраған орындарды толтырып, орман аумағын бұрынғыдан да кеңейтіп, табиғатты түлете түсу. Осы мақсатта орманшылар жыл сайын ауқымды жұмыстарды жүзеге асырады. Айтпақшы, өткен жылы көктемде 22 гектар жерге орман дақылдары отырғызылды. Атап айтқанда, 51,5 мың сиверс алмасының көшетін отырғызумен қатар, күзде орман бағбандары 60 келі алма, 2 келі сары қарағай, 5 келі жиде, 20 келі жеке ағашының тұқымын септі. Алдағы мақсат, 2015 – 2017 жылдары аралығында 30-60 мың түрлі орман ағаштарын отырғызу.

Биыл орман шаруашылығы Үйгентас өңірінде ауылдық округтерді өртүрлі ағаш көшетімен толықтай қамтамасыз етті. Шаруашылықтың материалдық-техникалық базасы да жылдан-жылға жақсарып келеді. Мысалы, осыдан он жыл бұрын мақсатты жұмысқа 7,5 млн. теңге көлемінде ақша бөлінсе, былтыр бұл көрсеткіш 9 есеге артты. Осыған орай, жыл сайын жаңа құрал-жабдықтар алынып, шаруашылықтың қуаты арта түсуде. Ия, 2013 жылы құрылған құрамында жеті адамы бар өрт сөндіру қызметі былтыр тауда және далада тұтанған жеті өртті сөндіруге белсене атсалысты.

Осы жетістіктердің өзінен Үйгентастың орманшылар орман алқабын кеңейтіп, ондағы өсімдіктер дүниесін молайту және туған жердің табиғатын көркейту жолында нәтижелі жұмыстар жүргізілетіндігіне күмән жоқ.

С. ХАСЕНОВ.
Алакөл ауданы.



Мына Жетіөдудың ағашының әр бұтағы жеміс екен, шаруаға жақсы қоныс екен.

АСАНҚАЙҒЫ.

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

▲ ТАБИҒАТ – ӨМІР БЕСІГІ

Қоршаған ортаны аялау



Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні 1972 жылдың маусымында қабылданған қоршаған орта мәселелері жөніндегі Стокгольм конференциясының қарарына сәйкес бекітілді. Содан бері «5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні» ретінде тойлануда. Осы күні елімізде қоршаған орта жағдайын жақсартуға, елді мекендерді және оған жақын аумақтарды көгалдандыру, абаттандыру, су көздерін тазалау, табиғи қорық және басқа да ерекше құнды ықсандарды сақтауға байланысты семинар-кеңес, тренинг, конференция, форум, табиғатты қорғау заңнамасын сақтауға бағытталған іс-шаралар кешені өткізілді.

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Бұл үрдіс биыл да өз жалғасын тауып, облыстық экология департаментінің ұйымдастыруымен «Табиғат – өмір бесігі, тәрбие бастауы!» атты экологтардың облыстық форумы жоғары деңгейде өтті. Аталмыш шараға қатысқандардың қарасы көп болды. Оларды облыс әкімінің бірінші орынбасары **Махаббат БИГЕЛДИЕВ** құттықтап сөз сөйледі. Келесі кезекте облыстық экология департаментінің басшысы Қонысбек Ескендіруұлы атауды күннің маңызы мен мәніне тоқтала келіп, бүгінгі таңдағы Жетісу өңірінің экологиялық жағдайына кеңірек тоқталды. Сонымен қатар өлкеміздің экологиясына жанашырлық танытып, қоршаған ортаны қорғауға белсене атсалысып жүрген ұжымдар мен жеке тұлғаларды марапаттады. Сол қатарда бізбің ұжым да ағын облыстық «Жетісу» газеті де марапатқа ие болды. Осыдан кейін экология саласының ардагері Аян Айтжанов бастаған бір топ экологтар, табиғат жанашырлары, ғалымдар мен мамандар ойларымен бөлісіп, қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығына тоқталды.

Форум жұмысы тек қана баяндама оқып, сөз сөйлеумен шектелген жоқ. Өнерпаздар табиғатты аялау, қоршаған ортаны қастерлеу, Жер-Анаға құрмет сезімін өрнектеген әндер мен ұлттық бояуы қанық билерді билеп, шараны шырайландыра түсті. Әсіресе, «Айналайын» балалар үйінің мерекелік нөмірлері көпшіліктің көңілінен шықты. Сондай-ақ, шара аясында суретшілер және облыстық М. Тынышпаев атындағы тарихи-өлкетану мұражайы ұжымының көрмесі ұсынылды. Сонымен қатар студенттер мен оқушылар арасында экологиялық номинациялар бойынша сайыстар өтті. Нәтижесінде, «Менің Қазақстаным, жайнай бер» тақырыбындағы гүлдер байқауында Ескелді ауданы, Қарабұлақ орта мектебінің оқушысы Қасым Шыңғыс, «Әлемді қорғайық» атты суретшілер байқауында текелілік Ақбота Нұрбек, «Фотоколлаж, буклеттер, альбомдар» байқауында Қаратал ауданы, Лермонтов орта мектебінің «Жасыл желек» командасы, «Экология аруы» байқауында Қаратал ауданынан Айбота Серікхан, оқушылардың ғылыми жұмыстары бойынша Панфилов ауданынан Ақпейіл Қожақанова, «Табиғат – тәрбие тағылымы» атты ұстаздар сайысында Қаратал ауданы, Үштөбе қаласындағы Горький атындағы орта мектебінің химия және биология пәнінің мұғалімі Елена Пак бас жүлдені қанжығасына байлады. Осы және басқа да жеңімпаздар аталған департаменттің Алғыс хаты және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Айта кетерлігі, форум жұмысына белсене қатысқан, әрі оның нәтижелі өтуіне көп үлес қосқан «Айналайын» балалар үйіне департамент ұжымы «Смарт ТВ» теледидарын тарту етті.

Биылғы экологтар күніне арналған форум осылай айшықталып, көпшіліктің орындаушыдағы «Атамекен» әнімен жабылды.

«СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 8-800-080-28-95»

«Алматы облысы дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Азаматтар мен ұйымдардан дінн салаға қатысты барлық мәселелер бойынша ақпарат қабылдауға, сондай-ақ деструктивті дини қызметтен зардап шеккендерге кеңесшілік және психологиялық көмек көрсетуге арналған.

Хабарласыңыздар, егер:

– Сізді немесе Сіздің жақындарыңызды түсініксіз дини ойларды қабылдауға мәжбүрлеген болса;

– Сізге көшелерде, кіреберістерде, пәтерлерде, көліктерде құдікті діни кітапшалардың, журналдардың, кітапшалардың, парақшалардың таралуы туралы белгілі болса;

– Сізбен немесе Сіздің жақындарыңызбен дини тақырыпта құдікті үгіт жүргізгісі келсе;

– Сізге немесе Сіздің жақындарыңызға діни жоралар мен іс-шараларға қатысуды ұсынған болса;

– Сізді діни бағыттағы құдікті жиындар мазалаған болса;

– Сіз немесе Сіздің жақындарыңыз құдікті адамдардың не діни бағыттағы ұйымдардың мүшелігіне түскен болса;

– Сіз немесе Сіздің жақындарыңыз діни мәселелерге байланысты қиын жағдайларға ұшыраған болса;

– Сіз немесе Сіздің жақындарыңыз дін саласындағы мамандардың кеңесі мен көмегін қажет ететін болса.

Біз Сіздердің барлық сұрақтарыңызға жауап береміз және көмек көрсетеміз!

Мекенжайы: *Талдықорған қаласы, Т. Шевченко көшесі, 131-үй, 5-қабат, 505-бөлме.*

Сізлер үшін заңгер, дінтанушы, психолог жұмыс істейді.

Жұмыс уақыты: сағат 9.00 - 18.00-ге дейін. Қоңыраулар Алматы облысы бойынша тегін қабылданады. Сондай-ақ, тәулік бойы республикалық «ҚАУІРТ ЖЕЛІ - 114» телефонына тегін хабарласуға болады.

«СЕРПІН – 2050» мемлекеттік бағдарламасы

Серпін 2050
МӘҢГІЛІК ЕЛ ЖАСТАРЫ

2014 жылдан бастап Қазақстанда «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» атты «СЕРПІН – 2050» мемлекеттік бағдарламасы жұмыс істейді.

Бағдарламаның мақсаты – халқы тығыз орналасқан еліміздің оңтүстік аймақтарындағы жастарды кадр жетіспеушілігін бастан кешіріп отырған Қазақстанның шығыс, солтүстік және батыс өңірлеріне оқытып, жұмысқа орналастыру.

2015 жылы бағдарлама техникалық және ауылшаруашылық мамандықтарын қамтып отыр. **Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті (ҚЖИ – СДИ)** аталмыш жобаны іске асыруға қатысатын жоғары оқу орны ретінде бекітілді. **Университетке 2015 жылға «СЕРПІН – 2050» бағдарламасы бойынша оқытуға 450 мемлекеттік білім гранты** бөлінді.

«СЕРПІН – 2050» бағдарламасы бойынша Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ-ға (ҚЖИ – СДИ) түскен талапкерлер жатақханамен қамтамасыз етіледі, сондай-ақ оқуды аяқтаған соң оларға жұмысқа тұруда көмек көрсетіледі.

Университет өз студенттеріне ашықсыз оқу үшін барлық жағдайды жасайды: жоғары оқу орнында заманауи оқу дәрісханалары мен ғылыми зертханалар, қоры бар мәдениет үсмана асатын кітапхана, спорт залы, университеттің «Бұхтарма» су көймасының жағасында орналасқан спорт-демалыс лагері, жеңіл кафедра және т.б. бар.

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті (ҚЖИ – СДИ) – жарқын болашаққа сенімді жолдама!

Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ-дың (ҚЖИ – СДИ) мамандықтары бойынша «СЕРПІН – 2050» мемлекеттік бағдарламасы негізінде бөлінген мемлекеттік білім гранттары

Мамандық	Гранттар саны
5В070200 – Автоматтандыру және басқару	20
5В070300 – Ақпараттық жүйелер	20
5В070400 – Есептеуіш техника және бағдарламалық қамтамасыз ету	15
5В070500 – Математикалық және компьютерлік үлгілеу	15
5В070700 – Кен ісі	25
5В070900 – Металлургия	25
5В071100 – Геодезия және картография	20
5В071200 – Машинажасау	25
5В071300 – Көлік, көліктік техника және технология	25
5В071600 – Аспаптар жасау	15
5В071700 – Жылу энергетикасы	15
5В071800 – Электр энергетикасы	15
5В072300 – Техникалық физика	15
5В072400 – Технологиялық машиналар мен жабдықтар	25
5В072900 – Құрылыс	25
5В073100 – Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау	25
5В073200 – Стандарттау, метрология және сертификаттау	15
5В073700 – Пайдалы қазбаларды байыту	20
5В074500 – Көлік құрылысы	25
5В080500 – Су ресурстары және суды пайдалану	20
5В080700 – Орман ресурстары және орман шаруашылығы	15
5В090100 – Тасымалдауды, жүретін ұйымдастыру және көлікті пайдалану	20
5В072500 – Ағаш өңдеу және ағаштан бұйымдар жасау технологиясы	10
Барлығы	**450**

«СЕРПІН – 2050» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ-да (ҚЖИ – СДИ) оқитысы келгендердің барлығын университеттің сайтына www.ektu.kz кіріп, міндетті түрде тіркелуін сұраймыз!

Университеттің мекенжайы: ШҚО, Өскемен қ., Д. Серікбаев көшесі, 19, байланыс телефондары: 8 (7232) 54-02-85, 54-13-09, 54-03-54, сайт: www.ektu.kz, e-mail: odp@ektu.kz

▲МАМАН МІНБЕРІ

СОТТЫ ҚҰРМЕТТЕМЕГЕНДЕР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛАДЫ

Адамдардың білімі мен сауаты, мәдениеті мен тәрбиесі, көзқарастары мен ұстанымдары әртүрлі болып келеді. Сол секілді сотқа қатынасушылардың бәрін бірдей заңды және сотты сыйлайтын, оның киелі ғимаратына имене қадам басып, заң өліпесіне жүгінген әділ билік екіліне аса құрметпен қарайтындардың қатарына жатқызу да қиын.

Ал сотты құрметтемеу көріністері көп жағдайда сот жұмысына кері әсерін тигізері анық. Себебі адам тағдырын таразылау үлкен жауапкершілікті талап етеді. Елдегі әділеттің айнасы, тура төрелік айтудың кепілі болған судьялар бұл жоғары мәртебелі атқару үшін үлкен сынған өтеді. Сондықтан халық сенімін ақтып, әділеттікті ту етіген сотты құрметтеу – ел азаматтарының парызы.

Бұл жауапкершілікті сот ғимаратының табалдырығын аттағанның бастап әрбір жанғсезіну керек. Тура би алаңында жалған сөйлеп, көрер көзге шындыққа жанаспайтын куәгерлік көрсету де сотты сыйламаудың бір түрі. Әсіресе, сот шешімне өз сөзінің тікелей әсер ететінін біле тұра, шақыртуға себепсіз келмегендер сотты құрметтемей тұрғандарын түсіну керек. Шақырту қағаздары дер кезінде жеткізілп, тіпті SMS хабарламаларының көмегімен жеделдік артқан мына заманда сот отырысының уақытында өтуіне кедергі жасау, сотты ғана емес, Қазақстан Республикасының Заңын да сыйламау болып табылады. Сотқа шақыруға келмеген немесе одан жалтарған азаматтардың кесіркен сот процесінде дәлелдемелердің зерттелуі кимдай түсуі мүмкін.

ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 33 тарауның сотты құрметтемеушілік деген 653-бабында көзделгендей, процеске қатысушылардың және өзге де адамдардың қатысуынсыз соттың істі одан әрі қарауы мүмкін болмайтын жағдайларда, олардың шақыру қағазы, хабарлау қабардар ету немесе шақыру бойынша сотқа дәлелді себептерсіз келмеуінен, сот отырысында тәртәлық етушің өкімдеріне бағынбаудан, сотта белгіленген қағидаларды бұзудан көрінген сотты құрметтемеушілік, сондай-ақ, сотты немесе судьяны құрметтемеушілік туралы анық көрінетін өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) – ескерту жасауға не жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

Ал 653 бабының 2 бөлігі бойынша бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

Сотты құрметтемеу фактісінің анықталған кезінен бастап, әкімшілік құқықбұзушылық іс қозғалады деп саналады. «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс қозғау үшін себептер мен негіз» деп аталатын ҚР ӘҚБтК 41 тарауның 802 бабының 4 бөлігіне сәйкес, судья сот талқылауы барысында процеске қатысушы тұлғаның тарапынан сотты құрметтемеушілік фактісінің белгіленгені туралы жариялаған кезден бастап әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс қозғалған деп есептеледі.

ҚР ӘҚБтК 684 бабының 3 бөлігіне сәйкес, Жоғарғы Соттың, облыстық, аудандық және оларға теңестірілген соттардың судьялары осы Кодекстің 653 бабында көзделген, сот талқылауы барысында анықталған, процеске қатысып отырған тұлғаның тарапынан сотқа құрметтемеушілік білдіру фактілері туралы істерді қарайды.

Қолданыстағы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 818 бабының 2 бөлігіне сәйкес, төрағалық етуші тікелей сот талқылауы барысында процеске қатысып отырған адамның тарапынан сотты құрметтемеу фактісін анықтап, осы баптың бірінші бөлігі 2, 4, 9 және 12 тармақшаларының талаптарын сақтамастан, кінәлі адамға осы Кодекстің 653 бабында көзделген әкімшілік жазаны қолдану туралы қаулы шығаруға құқылы. Сот талқылауы барысында анықталған, процеске қатысып отырған адамның тарапынан сотты құрметтемеу фактісі туралы істі судья тікелей сол сот отырысында анықтап, оны сот отырысының хаттамасына тіркел қарайды.

Сот отырысын ұзуды басты себептерінің бірі – жәбірленушілер мен куәгерлердің келмеуі. Бұл кезде ҚР ӘҚБтК – нің талаптарына сәйкес, әкімшілік құқықбұзушылық хаттамасы тиісті соттардың приставтары арқылы толтырылады. Соған сәйкес, ҚР ӘҚБтк-нің 653 бабы бойынша сотқа құрметтемеушілік білдірген адамға әкімшілік қамауға алу амалдары қолданылады, сондықтан сот процесіне қатысушыларға бұл жағдайға дейін жеткізбеуге кеңес береміз.

Қ. БАЙДУАҚАСОВ,
Талдықорған гарнизонының әскери сотының төрағасы.

Сообщаем всем заинтересованным лицам, что проект «Оценка воздействия на окружающую среду» для ГКП «Аксу Су кубыры» Акимата Аксуского района – площадка Матай, Аксу, Капал расположенные по адресу Алматинская область, Акөсуский район, передан на рассмотрение в отдел государственной экологической экспертизы в Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по Алматинской области.

▲ТАҒЗЫМ

Әке рухы



Көркейту үшін өмірді,
Аянбай тер төгеді.

Ұлы Отан соғысының ардагері, екінші топтағы соғыс мүгедегі болған әкем **Далбаев Ермекбай** 1921 жылы Райымбек ауданында дүниеге келген. 1939 жылы әскер қатарына алынып 1941 жылға дейін Отан алдындағы борышын өтейді. Мерзімі аяқталып, елге қайтамыз деп жүргенде Ұлы Отан соғысы басталады. Басқа да жауынгерлермен бірге әкем де қолына қару алып, Сталинград майданында жауға қарсы соғысады. 1943 жылы аяғынан ауыр жараланып, Горький қаласындағы әскери госпитальда 6 ай жатып емделеді. 1944 жылы елге оралып, зейнетке шыққанға дейін ауылшаруашылығында еңбек етеді.

Әкем соғыс жайлы өңгіме айтуды қаламайтын. «Соғыстың қандай қызығы болушы еді, біздің көргенімізді кейінгі ұрпақ көрмесін» деп отыратын. Есейе келе оның өзінде себебі болғанын түсіндім. Туған ағасы Сыптаубай Далбайұлы да соғыс ардагері, ауыр жарақаның елге оралған, ал әкесі болса, хабар-ошарсыз кеткен. Бір шаңырақтан 3 адамның соғыс зардабын тартуы әкемнің жанын ауыртатын болса керек.

Елге аман-есен оралған соң, ауылшаруашылығында еңбек ете жүріп, отбасын құрады. Бірақ қатал тағдыр әкеме тағы бір сынағын тосқан екен. Анамыз Зейне Өлмұқызы ауыр науқастан ерте көз жұмады. Ең кішісі жасқа толмаған, шиеттей 7 баламен әкем жалғыз қалады. Анамыздан ерте айырылған біздерді жетімсіретпей, әке орнына әке, ана орнына ана болып, бар өмірін балаларына арнаған әкемді мақтан етемін. Соғыс ерті көзімен көрген, тағдыр тәкұметін көп тартса да мойымаған әке рухына тағзым ете отырып, мына өлең жолдарын арнаймын.

Милиондарды жалмаған,
Сұм соғыстан кешегі
Аман-есен оралып,
Еткен еңбек еселі.

Туған жерге оралып,
Қажырлы еңбек етеді.

Орынкүл ДАЛБАЕВА,
Қарғалы ауылы,
Жамбыл ауданы.

▲ЛЕБІЗ

Армандастар бас қосты

Жамбыл ауданындағы Жөкең атындағы білім ұясын 1975 жылы бітірген түлектер едік. Содан бері аттай 40 жыл өтіпті. Мектеп бітіре салып тұрмыс құрған қыздарымыз, міне, міне шөбере сүйгелі отыр. Қандай керемет дейсің, таңдана!

Бүгінде алдымыз асқарлы алпысқа таяп келеміз. Көпшілігіміз ауылдамыз. Өмірдің қайнар бұлағындай тасқындап, тіршілік етіп келеміз. Бір ауылда, бір көшеде тұратын сыныптастардың өзі бірбірімізді сирек көреміз. «Ұзақ жоқ, асығыспыз» дейміз де жүреміз. Қайда асығамыз? Не үшін? Қанша асыққанымызбен еңсерген биктеріміз, жолсыздан салған сүрлеуімізі шамалы.

Пендеміз ғой, қалай айтсақ та, тәубе. Алланың берген несібесімен бала-шағаны асырап, немерені қатарға қосуға талпынып жүрген жандармыз.

Сонымен, ақсақал мен ақ жаулықты ананың жасына жеттік қой деп 40 жылдан кейін көзі тірі ұстаздарымызды ортамызға алып, ақ батасын сұрайық деп бас қостық. Дастур бойынша Жамбыл атындағы мектептің биылғы түлектеріме кездесіп, сөт сапар тіледік. Сол кешке сынып жетекшімз, ардагер ұстаз Доналева Алмаш Астанадан келді. Кездесуге бастауышта білім берген Нұқаева Сарқыт, Тоғызбаева Зәмила, пән мұғалімдерінен Оразгелдиева Жақан, Өния Жұмағұлова, Зиқан Балиева апайларымыз бен Сабырхан Жұмағұлов ағайымыз қатысты. Мектептегі балалық шақты, оқушылық кезді еске алып, бір марқайып қалдық.

Кешті әдеттегідей мейрамханада жалғастырдық. Мейрамхана дегенде, ішкен-жегенімізді өңгіме ету емес, бүгінгі жастарымызға өнеге болар түстарды айтып өту. Барлығымыз дастарқан басында Нұрбеков Тұрсын, Рахманов Бидаулет, Исағұлов Дәуітбай, Сартбаев Өлмұхан, Марасұлов Өли, Досжанов Баймұқан, ерлі-зайыпты ұстаздарымыз Рахым мен Рымкеш Дәуітовтар, Райымжанов Халықбай, Маккелдинова Роза, Мусақұлов Жанат, Баймырзаева Райхандай мұғалімдерімізге арнап Құран оқытып, дұға бағыштадық. Сондай толқулы сәтте «Арнау» өлеңі оқылды.

Ұядан ұшқан құстар оралады,
Мекенін қайта ізделп таба алады
Сол құстардай қырық жыл бұрын ұшқан
Сыныптастар мектепке оралады.

Тұғырлы туған жердің түлектері,
Тоғысқан бір арнаға тілектері
Кездесті сыныптастар думандатып,
Сонша жыл сағынысқан жүректері.

Шынардай шыңға өскен биктегі,
Балалық шақ не деген сүйкті еді.
Балалық шағымызға қайта оралып,
Тамырын сағыныштың иіткен, -

деген тебіреністі жолдар жанарымызға жас үйірді. Алтын ұя – мектебімізге осылай сағынысып келіп тұрайық деген ақ тілекпен тарастық.

Мұратхан ЖАМБЫЛ,
Жамбыл ауданы.

ЕСКЕ АЛУ



Райымбек ауданына қарасты Қызылшекара ауылының тұрғыны болған, бірімізді сүйікті ұлымыз, бірімізді асыл жарымыз, енді бірімізді жан бауырымыз, балаларының асқар таудай әкесі **Нұрлан Қожабергенұлы** аяқ астынан жүрегінің соғуын тоқтатты. Әулетімізге келген кәсіреттен бәрімізді қабырғамыз қайысты. Екі бірдей нардай азаматтан айырылып қалдық. Бұл бізге оңай тиген жоқ. Нұрланның артында жары, алты баласы, тоқсан жастағы шешесі қалды. Төгілін етілгеннен, аңырап жылағаннан басқа қолымыздан ештене келген жоқ. Нұрланның да жатқан жері жұмақ, ұстағаны шырақ болсын!

Аққан жұлдыз секілді бір жалт етіп,
Нұрланымыз өмірден кеткен өтіп.
Өкініші өзекті өртейтұғын,
Жасымызды тұрмыз-ау тәкпелетіп.
Елеулі боп еліне аты қалған,
Артында алты бала, жары қалған.
Еске алып әрдайым ұрлы жүзін,
Кеудемізге жүрерміз толып арман.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: анасы – **Шүкірхан,** жары – **Майра,** бауырлары – **Нұрғожа, Абай,** балалары – **Перизат, Ібасар, Жұлдыз, Ақнет, Жаңұр.**

Райымбек ауданына қарасты Сүмбе ауылында дүниеге келген аяулы ұл, қамбатты бауыр **Мелсу Әкімқожаұлын** жанымыз ауыра, жүрегіміз езіле есімізге аламыз. Ағайын-туысына жанашыр, досжараның сыйлы, отбасының асқар таудай сүйеніші, қарындастарының қамқоры болған оның жарқын жүзі ойымыздан кетер емес. Артында аңырған анасы, ойға батып, мұңға шомған бауырлары қалды. Аяқап жұдырықтай болып мынау өмірдегі тым ерте аттанып кете барған бауырымыздың бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады.

Аяулым-ай, біз күткенсің қайтыңың,
Жеткізерміз кімге, қалай жан мұңын.
Тірі жүрсек сенің бейнең сөнбейді,
Жан-жүректің төріндесің, бауырым.

Тағдырдың арман-мұңға салғанын-ай,
Шер тастап кетер деп те ек жатып бұлай.
Жұлықтың тірі болсын сенің орның,
Бес күндік дүниенің жолаушын-ай?!

ЕГІЛЕ ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: тәтесі – **Үміт,** бауырлары – **Ұлпан, Жансая, Ерғанат, Айдын, Ермек.**



Балқаш ауданының Қарой ауылында өмірінің соңғы күніне дейін ғұмыр кешкен, тірлігінде адал жар, аскар таудай әке, қамқор ата, ауылдастары мен туған-туыс арасында абзал азамат болған **Әбдімәлік Әбдірұлы** ортамызда тірі жүрсе маусым айының 13-і күні аскарлы 65 жасқа толар еді.

Амал қанша, аяулы азаматымыз сол қуанышты күнге жетпей, арамызбан ерте кетті. Үнемі аузынан әзілі түспейтін, жүрген жерін шат күлкіге толтыратын көпшіл азамат есімі ел аузындағы небір жайсаң азаматтармен аралас-құралас, дәмдестүздес болды. Сол жайсаң жандардың арасынан өзіне етене жақын дос таба білген аяулымызды бүгінде сағынышпен еске аламыз. Адамгершілігімен, ақыл-ой, парасатымен айналасына қадірлі болған, туған-туыс, жолдас-жораларының көңілін таба білген, сыйлы әкеміздің, бауырымыздың жайдары асыл бейнесі бұл дүниеде ешкашан есімізден кетпейді.

Біреу қарт, біреу мүздем жас шағында,
Аттанып кетіп жатыр, қас қағымда.
Кеудесі күмбірлеген көп жандардың,
Сұр тас түр... үнсіз-түнсіз бас жағында...

Еске алушылар: жеңгесі – **Нұрлықұл,** жұбайы – **Ақан, балалары, немерелері, бауырлары.**



Райымбек ауданы, Кеген ауылының тұрғыны болған Балапанов **Ғалым Мелісұлының** өмірден қайтқанына 11 маусым күні 1 жыл болады. Амал қанша, жаны жаннатта, иманы жолдас болсын.

Сағындым, Ғалым, сағындым,
Тағдырға көніп, бағындым.
Аңыратып артыңа,
Анаңды кімге қалдырдың?!

ЕСКЕ АЛУШЫ: анасы – **Шамшинбану Қасымбекқызы.**

Бұрынғы Семей облысы, Аягөз ауданы, Шұбартау ауылында туып-есіп, қызмет жасаған, кейінірек Матай стансысында ұзақ уақыт ұстаз болған анамыз **Қызықтай Қожанқызын** сағына еске аламыз.



Анажан, шаңырақта
болдың пана,
Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға.
Амал не, жоқсыз бүгін ортамызда,
Сағындық, ана, сізді баршамыз да

Жан-ана, балаларының тірегі едің,
Тірі болсаң жақұндың жүрер едің.
Болмасаң да бүгін бізбің жанымызда,
Айтқан сөзің, тәтті күлкің жадымызда.

Жұбанышпен жанымыз жабырқаулы,
Сағынышпен тұғандары еске алады.
Өзіңізбен өткен күндер аяулы ана,
Жадымызда мәңгіге сақталады.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: балалары – **Жансая-Берік, Ақдария,** жиендері – **Зәуре-Бауыржан** және **туған-туыстары.**

Еске ала отырып, ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, ауылдастары мен әріптестерін маусым айының 14-і күні Талдықорған қаласындағы «Достық» мейрамханасында сағат 12.00-де өтетін Қызықтай Қожанқызының жылдық асына шақырамыз.

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: "Өлке тынысы" ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ

Директордың қабылдау бөлмесі: 41-09-51

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

Эл. мекенжайымыз: WWW.Zhetysu-gazeti.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 жылғы 22 желтоқсанда тіркеліп, № 15020-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі және факс – 41-10-46, бас редактордың орынбасарлары – 41-10-47, 41-10-49, жауапты хатшы – 41-10-50, бөлімдер – 41-10-43, 41-10-68, 41-10-71, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі – 41-10-52, фототілшілер – 41-10-53, жарнама бөлімі – 41-10-51.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – 279-13-37 (факс), 279-13-86, 279-36-43.

Меншікті тілшілер: Үшарал – 2-12-57, Панфилов – 9-12-27, Райымбек – 2-22-05, Іле және Қапшағай қаласы – 8-701-564-41-09.

Газет табыс етілмесе – 8 (7282) 24-34-55 телефонына хабарласу керек.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттеледі.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Көлемі — 2 баспа табақ.
Тапсырыс — 718.
Таралымы — 37 851.
Индексі — 65469.

Кезекші редактор: Меруерт МОЛДАҒАЛИЕВА.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 67 (18055)
Сенбі, 13 маусым, 2015 жыл.

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

Н. НАЗАРБАЕВ:

V съезде жалпыға ортақ татулық пен мейірім, әділеттілік пен рухани үйлесім дәуіріне қарай тағы бір қадам жасалды. Біз жаһанды күмәнкүдік жайлаған кезеңде тек бір-бірімізбен тілдесу арқылы ғана үмітті, болашаққа деген сенімді оятуға болатынын дәлелдедік.

■ ДІНІҢ - ДІҢГЕГІҢ



АСТАНА және АДАМЗАТ

Бейбітшілік пен келісім сарайында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің V съезі өтті

Осынау қос ұғымның құстың қос қанатындай үндескеніне пәлендей таңданудың қажеті жоқ-ау. Қарт тарихтың кер жолына қайталай үңілсек, біздің эрамызға дейін де, одан бергі ғасырлар бедерінде де асыл бабаларымыз пенде атаулыны түр-түсіне, діни сеніміне, мәдениетіне қарай бөлмепті. Және солай етем деушілерге көнбепті. Жазира жеріміздің өзінен дәстүрлі өз дінімізбен қатар, будданың да православиенің де археологиялық артефактілерінің арағідік табылып жатуы соның бір көрінісі. Демек, адамзаттың бәрін бауырым деп кеудесіне қысқан кешегі әлемге өркениет жайған еңселі жұрт ұрпағының мынау зымыран дүниеде дәл осы ауанда да елдің алдына шығуы табиғи да желісті дүние.

Тұңғыш Президентіміз, Үлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей бастамасымен 2013 жылдан бері өткізіліп келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездері жалпы жарық дүниеге шапағатты сәулесін молынан түсіретін ғаламдық жиынға айналды. Мұндай бағаны беріп отырғандардың өзі сол әлемдік деңгейдегі саясаткерлер мен ірі дінбасылары. Адамзаттық рухани-адамгершілік құндылықтарды одан әрі нығайтуға, діндер мен мәдениеттер арасындағы өзара түсіністік пен келісімге деген қажеттіліктің бүгінгідей тіптен артып тұрған шағында Астанадағы Бейбітшілік пен Келісім сарайында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің V съезінің өтуі маңызы аскан шаруа дер едік. Оның жұмысына төрткүл дүниенің 42 елінен 80-нен астам делегациямен бірге небір атының ат үркетін шетелдік және халықаралық ұйым өкілдерінің, оның ішінде Біріккен Үлттар Ұйымының Бас хатшысы Пан Ги Мунның қатысуы да біздің қадірімізді арттыра түсе керек.

Айтып, айтпай не керек, дәл қазіргі таңда конфессияаралық үнқатысудың мәні қай кездегіден де зор. Неге десеңіз, жаһанда дағы әрекілік негізінде іріткі салу, ел ішін ала тайдай бүлдірудің түтіні бықсыған үстіне бықси түсуде. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы Батыс Африка мен Иемендегі, Ирак пен Сириядағы, Ауғанстандағы қанды бүліктердің бейбіт тұстағы қырғынын көргенде жағаңды ұстайсың, жаның үзіліп түсердей халге енесің. Сойтесің де сүттей ұйып отырған сүйікті Отанымыздағы тыныштықты қарлығаш қанат қалыпты ұстауға бейіл ниеттегі барша отандастарымызға, береке-бірліктің басты дем берушісі де қорғаушысы – Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлына Алланың рақымын мың қайтара өтінесіз!

Елбасымыз, Дін лидерлері кеңесінің төрағасы Н. Назарбаевтың салмақты да өткір сөзі қонақтардың көңіл төріне бұл жолы да берік ұялады.

– Сіздерге Қазақстанның құт дарыған жерінен шын жүректен сәлем жолдаймын! Егер әлемде бір нәрсе тек бір ғана мәрте жүзеге асса, онда оны әдетте тарихи кездейсоқтық деп санайды. Екі немесе үш рет болса – бұл тарихи заңдылық. Ал егер көптеген мәрте жүрсе – Ұлы тарих дегеніміз, міне, осы! Астана Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезіне қатысушылар мен меймандарын бесінші рет қабылдап отыр! Біз I съездің шешімі бойынша салынған әлемдегі жалғыз Бейбітшілік және Келісім сарайы шаңырағының астында толеранттылықтың, мәдениеттер мен діндердің жаһандық үнқатысудың Ұлы тарихын қалыптастырудамыз. Біз, тіпті, осы күрделі дәуірдің өзінде де оның парақтарын бірінен кейін бірін жазып, толтырудамыз. Және біздің бәріміздің – саясаткерлер мен конфессия қызметшілерін – адамдар мен халықтардың тағдыры, Ұлы Жаратушы жаратқан біздің бірегей планетамыздағы бейбітшілік пен тыныштық үшін ортақ бір жауапкершілік сезімі біріктіреді.

Қасиетті Құранда мынадай сөздер бар: «Кім бір адамды өлтірсе, бұл бүкіл Адамзатты өлтіргенмен пара-пар». «Бүкіл адамдар алдындағы іздік туралы ойланыңдар... Барлық адамдармен бейбітшілікте болыңдар», – осы үндеу христиандық Жаңа өсиетте бар. Адамдар қылығы үшін жауапкершілікке шақыру сөзі көне үнді Упанишадында айтылады. «Бір шөп жұлынған кезде, бүкіл дүние дірілдейді». Адамның бойында тек махаббат, жанашырлық және іздік сезімдерін оята алатын сенім ғана нағыз сенім. Бұл ақиқат өткінші емес, мәңгілік. Біз Қазақстанда бейбітшілікте, келісімде және бір-бірімен өзара түсіністікте бейбіт, қатар өмір сүріп келе жатқан 18 конфессияның табысты моделін құрдық. Біздің діни бірлестіктер туралы заңнамамыз теңдік пен озбан бостандығы қағидатына негізделген. Біздің ширек ғасырға жуық тәуелсіздігімізде Қазақстан рухани қайта өрлеу дәуірін бастан өткерді. Кеңес дәуірінде, оның ішінде Қазақстанда да, атеизм бекітілген болатын. Бірақ халқымыз Құдайға сенімін жоғалтқан жоқ. Қазір елімізде 3312 мешіт, храмдар, құлшылық үйлері, синагогалар мен басқа да ғибадат ету орындары жұмыс істейді. Бүгінде, БҰҰ мәліметтері бойынша, 700 миллион бала мен жасөспірім кедейшілік жағдайында өмір сүруде. Тағы 150 миллионы – тастанды балалар. Мектептердің болмауынан 100 миллион баланың білім алуға мүмкіндігі жоқ. 10 миллионы дәрідәрмек пен медикаменттер жетімсіздігінен зардап шегуде. Әлеуметтік қолайсыздықтың, ал одан кейін қылмыстың, әлеуметтік дүрдараздықтың, терроризм мен экстремизмнің бастапқы ортасы да міне, осы. Рухани-өнегелік құндылықтарды көмескілендірудің жаһандық проблемаларын көрмеу де мүмкін емес. БАҚ-тар мен Интернет-желілер арқылы балағат сөздер, адамдардың рухани бастауларын қорлау, қылмыстық көрсеңіздік пен бетімен кетушілік, «жаппай мәдениет» деп аталатын жексұрын үлгілер кеңінен таратылуда. Мұндай «жалған мәдениет» тасқыны, әсіресе, жастардың балғын жан дүниелерін жаралауда, отбасылық дәстүрлерге нұқсан келтіруде, ұрпақтар арасындағы өзара байланысты күйретуде. Осылардың бәрі – қазіргі заманғы әлемдік тәртіпке, қауіпсіздікке, рухани салт-дәстүрлер мен өркениет құндылықтарына төнген ауыр сын-қатер.

Съезде дүниежүзілік буддистер қоғамдастығының Бас хатшысы Фаллоп Тайнари Қазақстан тұрақтылықтың өзіндік үлгісін қалыптастырғанын және бұл көп ел үшін үлгі бола алатындығын атап өтті.

– Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің V съезінің 130-дан астам этнос пен 40-қа тарта конфессия тату тіршілік етіп жатқан Қазақстанда өтуі тегіннен-тегін емес. Қазақстанда адамдар келісімде, бірлікте және әлеуметтік тұрақтылықта өмір сүріп жатыр. Бұл Қазақстанның өзіндік бір үлгісі қалыптастырғандығын дәлелдейді. Бұл – барлық қоғамға, барлық мемлекетке келе беретін әмбебап үлгі. Демек, көп ел Қазақстанның жолымен жүруі тиіс деп санаймын, – деген Ф. Тайнариди айтуынша, барша ел әлемдегі зұлымдықты тоқтатуға бірлесе күш салуы тиіс. Дүниежүзілік буддистер қоғамдастығы әлемдегі кейбір елдерде орын алып жатқан зорлық-зомбылықтарға, сенім мен мүдделердің қарама-қайшылығынан туындаған қақтығыстарға үлкен алаңдаушылық танытуда. Ең- деше, бұл – нағыз бірлесе, топтаса әрекет ететін кезең. Себебі, бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін жұмыла кіріспесек, әлемнен өзгерістерді күтуге болмайды.

Дәстүрлі басқосуда сөз алған шешендер пікірлерінің түп төркіні, сайып келгенде, әлемнің әр түкпіріндегі дінінің атын жамылып өздерінің жымысқы саясаттарын жүзеге асырып отырған түрлі ағымдар мен ұйымдарға қарсы ымырасыздықпен күреске жаһандық деңгейде атсалысуға, бейбітшілік пен ізгілік, кикілжің мен түсіністікпейлікке душар болған таяптарды өзара ұнқатысуға шақыруға, этностық, тілдік, діни және мәдени айырмашылықтарға қарамастан толеранттық тізгінін бекем ұстауға толағай тоғысты. Бұл ретте, сөз жоқ, Қазақ елінде қалыптасқан тұрақтылық пен келісімнің жарқын үлгісін, яғни адамдардың бір-бірімен бейбітшілікте және рухани келісімде гүмыр кешуінің қазақстандық жолын темірқазық ұстанамыз деп тарасты. Талайды тамсатқан тәлімді тағылымымыз тағдыр тезінде ешқашан тайғақ кешуге түсе көрмесін делік бәріміз!

Рамазан ДУЛАТҰЛЫ.

■ ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ел ертеңі

Елбасының жастарға артқан сенімін жақсы қырымен жалғастырған облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ өңірімідегі жас дарындарды облыстық әкімдікке жинап, олардың жетістігін жебеп, сый-сияпат көрсетумен қатар, алдағы мақсаттары жайлы емен-жарқын әңгіме өрбітті. «Оқу – білім азығы, білім – ырыс қазығы» дегендей, оқуды ұнық, білімді қазық еткен жастар көкейлерінде жүрген арман, мұраттарын ірікпіссіз жайып салып, ел келешегіне қосар үлестерін сөзбен емес, нақты жетістіктерімен көрсетті. Жиналысқа облыс басшысымен қатар, облыстық мәслихаттың хатшысы Ермек Келемсейіт, облыстық білім басқармасының басшысы Ләззат Базарқұлова, облыс әкімінің аппарат жетекшісі Сұлтан Дүйсембінов қатысып, республикалық, халықаралық пән олимпиадаларының жүлдегері, ғылыми жоба жарыстарының жеңімпазы атанған 73 оқушыға және олардың ұстаздарына ризашылығын білдірді.

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Облыс басшысы өз сөзінде жас буынның алаңсыз оқып, сапалы білім алуына, біліктілігін жетілдіруге мемлекет тарапынан қолдау шаралары жасалып отырғанын тілге тиек ете келіп:

– Елбасы: «Жастар – біздің болашағымыздың негізі», – деп, сіздерге үлкен сенім артып отыр. Себебі, ел келешегіне, әсіресе, дамыған отыздыққа енуді мақсат еткен жаңа, жарқын Қазақстан үшін іскер, белсенді, жаңа идеясы бар мамандар аса қажет. Мұндай мықты мамандар күні ертең осы залда отырған дарынды, тәрбиелі, білімді сіздердің араларыңыздан шығатынына сенімім мол, – деп озаттарды жеткен жетістігімен құттықтап, оларға облыс әкімінің Алғыс хаты мен бағалы сыйлықтар тапсырды.

Осыдан кейін сөз алған Мұхтар Арын атындағы дарынды балаларға арналған үш тіл оқытатын №24 экономика және бизнес лицейінің 11-сынып оқушысы, Орал қаласында өткен жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша республикалық олимпиаданың қола жүлдегері Санжар Бұрумбай өзі дайындаған «Балалық шақтың арманы» атты бейнефильмін ұсынып, көпшіліктің алдында тұсаукесті. Сонымен қатар, Оңтүстік Кореяның Таджон қаласында өткен I халықаралық «Жас ғалым» ғылыми жоба байқауының жеңімпаздары Заңғар Мұсағалиев пен Аружан Қалиева ауылшаруашылығына қатысты, атап айтқанда, картопты шіріп кетуден сақтайтын ғылыми жобамен таныстырды. Сол сияқты Теміртау қаласында болған VII Президенттік олимпиаданың күміс жүлдегері Мөлдір Болатбекова жастардың білім алуына барлық жағдайды жасаған Елбасы мен өңір басшысына алғыс сезімін жеткізді. Ал, Ресейдің Сочи қаласында өткен Халықаралық робототехника олимпиадасының 3-ші орын жүлдегерлері, Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушылары Бек Талғат пен Ратмир Сартбаев «Косморобот» атты жобасын кәсіпшілік назарына ұсынды.

Жалпы, өткен жылы оқушыларымыз халықаралық жарыстарда 155 медальға ие болса, биылғы жылы 167 медальді жеңіп алды. Соның нәтижесінде республика бойынша екінші орынған көрініп, «Үздік команда» атағын иеленіп отыр.

Естеріңізге салсақ, бұған дейін облыс әкімі Амандық Баталов еліміздің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының ректорларымен кездесіп, түрмысы төмен отбасынан шыққан 91 түлекке грант бөлу туралы меморандумға қол қойған болатын. Оған қоса Алматыдағы екінің-бірінің қолы әзер жететін «Хейлиберри» жекеменшік мектебіне 10 оқушыны кәсіпкерлердің демеушілігімен оқыту туралы да келісімге қол жеткізіп отыр. Алдағы уақытта сынақтан сүрінбей өткен 10 жерлесіміз жоғарыда аталған мектептің оқушысы атанады. Иә, бұл өңір басшысының Елбасы тапсырмасын орындау аясында атқарып отырған нәтижелі жұмыстарының бір қыры ғана.

Атап айтар болсақ, алдағы уақытта Талдықорған қаласынан салынып жатқан Оқушылар сарайы ел игілігіне беріліп, мыңдаған оқушы ғылыми, техникалық, шығармашылық және спорттық бағыттағы қабілетін дамытады. Ал құрылыс жұмысы аяқталуға жақын «Жастар» саябағы мен іргетасы жаңадан қаланған Жастар сарайы облыс жастарының бос уақытын тиімді өткізу мен түрлі мамандықты тереңдете меңгеруіне септігін тигізбек. Заманауи талаптарға сай салынатын облыстық театр мен Салтанат сарайы да жастық өмірдің жалынын еселей түспек. Қысқасы, өңірде жастарға қатысты атқарылған жұмыс қомақты. Бұл «асыл – тастан, ақыл – жастан» дейтін ата дәстүрдің өңірімізде терең тамыр тартқанын білдіреді.







■ ҚЫСТЫҢ ҚАМЫ

ЕРТЕ ҚАМДАНАЙЫҚ

Жаздың жаймашуақ күні бойымызды жылытқанда, қытымыр қыстың қысымын ұмытып кететініміз бар. Бірақ, «Қамданған қапы қалмайды» дегенді ұстанымға еткен облыстық жылыту маусымының жұмысын реттейтін арнайы штаб мүшелері облыс әкімінің бірінші орынбасары Махаббат БИГЕЛДИЕВТІҢ қатысуымен 2015–2016 жылдарға арналған күзгі-қысқа жылу беру маусымына дайындық барысы мен берілген тапсырмаларды пысықтады.

Штаб мүшелерінің баяндамасынан білгеніміздей, биылғы жылыту маусымына дайындық жұмыстарын шырату үшін облыстық бюджеттен 7 млрд. 200 млн. теңге бөлу жоспарланған. Оның ішінде, бюджеттік мекемелері жылыту жүйелерін жөндеу жұмыстары мен құрылғылар сатып алу үшін 401 млн. 900 мың. теңге, отын сатып алуға 4 млрд. 750 млн. теңге бөлсе, кәсіпорындар өз қаражаты есебінен 2 млрд. 100 млн. теңге қаржыны қарастырып отыр. Осы арқылы бюджет саласының 2243 нысанын, оның ішінде, білім беру саласы 992, денсаулық сақтау саласы 704, әлеуметтік сала 547 нысанды дайындау жоспарланған. Алдағы уақытта өңіріміздегі 28 орталық қазандық, 49 шақырым жылу жүйесі, 13 мың 400 шақырым электр желісі және 3115 әртүрлі кернеудегі трансформаторлық кіші стансылардың құрылысы мен жөндеу жұмысы жүргізіледі деп күтілуде. Демек, алдағы жылыту маусымында атқарылатын жұмыс жоспары ауқымды.

Десе де, маңызды іске ертерек мән беріп, жұмысқа тастүйін кіріскен штаб мүшелері жылыту маусымына дайындық аясында аудан мен қала әкімдеріне, облыстық басқарма басшыларына, ұйымдар мен мекемелерге арнайы тапсырма жүктеді. Сол қатарда, дизель отынын сатып алу бойынша конкурстарды тездетіп қорытындылау және нысандарға жеткізу жұмысын кешіктірмей бастау керектігі табысталды. Сонымен қатар, тұтынылған коммуналдық қызметтер үшін мердігер кәсіпорындардың алдында тұрғындардың, шаруашылық субъектілердің, басқа да тұтынушылардың дебиторлық қарызын өтеуді қамтамасыз ету мәселесі пысықталды. Аудан және қала әкімдерінің коммуналдық меншігіндегі бюджет қаражаты есебінен салынған электржелілерін және жабдықтарды пайдалануы ұйымдардың теңгеріміне өткізу бойынша жұмыстарды аяқтау тапсырылды. Жылу қазандықтары мен электр стансыларына қажетті көлемдегі отынның нормативті қорын дайындауды қамтамасыз ету мәселесі де назардан тыс қалған жоқ.

Жиналыстың соңында аталған тапсырмаларды уақытында орындау және алдағы жылыту маусымына толық дайындалу үшін штаб мүшелері ұйымдық түрде жұмыс істеуге уағдаласты.

■ ТӘРТІПТІК КЕҢЕСТЕ

СЕГІЗ ЖЫЛҒЫ СЕРГЕЛДЕҢ оған нүкте қойыла ма?

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары – Тәртіптік кеңес төрағасы Болат ИСАҚОВТЫҢ жетекшілігімен өткен кезекті отырыста да сол баяғы «ауен» – мемлекеттік қызметкерлердің өз ісіне салғырт қарауы, қарапайым тұрғындармен қарым-қатынастағы кемшіліктер, жер дауы қаралды. Сондықтан бұл жолы да тәртібі босаңсып кеткен біраз шенеуніктің шаңын қағып алуға тура келіпті.

«Жетісу»
Нұржамал ӘЛІШЕВА

МӘСЕЛЕН, Ақсу ауданында мемлекеттік сатып алу жөніндегі электронды байқауға осы салада сот шешіммен жауапсыз деп танылған «ЖетісуГипроСтрой» ЖШС-ні қатыстырылған. Ал, аталмыш мекеме өкілдері өз кезегінде тағы бір жерді «бүлдіріп» жүрсе абырой ма?! Осы мәселеге қатысы бар аудан әкімінің орынбасары Е. Базарханова, аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Н. Көкімбаевқа және аудандық әкімдіктің бас маман-заңгері Д. Қожабергеновке ескерту беруге ұсыныс жасалды.

Тағы да осы ауданның екі мемлекеттік қызметкерне көп алдында түсінік беруне тура келді. Нақтырақ айтсақ, ауылшаруашылығы мақсатында бөлінген жер телімдері байқауға мүлдем қатыспаған тұлғаларға берілген. Бұл мәселенің мән-жайы аудан әкімінің орынбасары К. Тілемісов пен аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы М. Жұмағалиевтен сұралды. Екі мемлекеттік қызметкерге қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ұсыныс енгізілді.

ДӘЛ ОСЫНДАЙ ұсыныс Іле аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы К. Малькеевке қатысты да жасалды. Енді осы тақырыпты тарқатар болсақ, Аудан әкімдігіне бір ЖШС-нің заңгерінен жер учаскесін демалыс аймағына айналдыру үшін жеке меншікке сатып алу туралы өтініш түскен. Жер кодексінің 43-бабы 3-тармағына сәйкес, жер телімне құқық беру туралы өтінішті қараудың жалпы мерзімі ол түскен күннен бастап екі айға дейінгі уақытта құрайды. Ал бұл өтініш осы кезге дейін 4 ай 15 күн өтсе де, әлі қаралмаған.

БҰЛ ЖОЛҒЫ тәртіптік кеңестің күн тәртібінде ең ұзақ қаралған мәселе Қапшағай қаласындағы жер дауы болды. Қала тұрғыны Ж.Темірғалиева бау-бақшамен айналысу үшін алған жер учаскесімен іргелес жатқан жер иесінің заң талаптарына қайшы әрекеттерге барып отырғандығын бақандай сегіз жылдан бері дәлелдеумен келе жатқан көрінеді. Тіпті бұл дұрдараздық қала асып, облысты басып, Жоғары сотқа да жеткен. Бірақ Ж.Темірғалиева жергілікті атқарушы органдар тарапынан әлі ешқандай шара көрмеген.

Осы мәселе туралы «менің де айтар өз уәжім» бар деп қайта-қайта қол көтеріп, орнынан тұрған қалалық әкімдіктің заңгері салықалы жиынға футболкамен келгені үшін «Сіз мемлекеттік қызметшіге тән этика, мәдениет дегенді білмейсіз бе? Өлде би кешіне немесе футболға келіп пе едіңіз?» – деген ауыр сынға ұшырап қалды.

Сонымен, сегіз жыл сергелдеңде жүрген қапшағайлық тұрғынның жанайқайын әлі шешіп бере алмаған, бұл қызметке келгенне жыл да толмағанын алға тартқан қала әкімі С. Қиқымов пен қалалық жер қатынастары бөлімінің басшысы А. Оспановқа қатаң сөгіс беру ұсынылды. Егер бұл мәселеге екі ай ішінде нүкте қойылмаса, аталған шенеуніктермен әңгіме басқаша болуы мүмкін.

ІЛЕ АУДАНДЫҚ аумақтық сот орындаушылары бөлімінің сот орындаушысы М. Боранбаева Талғар ауданының Еңбекші ауылындағы бір отбасының сот шешімі бойынша үйінен шығарылатындығы туралы хабарламаны мүлдем басқа мекенжайға жіберген. Яғни, қолындағы бір жапырақ қағазға салғырт қараған ол бұл іске мүлдем қатысы жоқ басқа отбасын шығаруға әрекет жасаған. Мемлекеттік қызметкер де үнемі ел алдында жүретін адам. Сондықтан оның әрбір ісіне, аттаған қадамына көз тігіп отыратындар аз болмайды. Ол әрбір ісін адал, сапалы атқаруы тиіс. Сондай-ақ, салғыртшылығы салдарынан қоғам тарапынан негізді сынға себепкер болмауы тиіс. Елбасының күні кеше ғана ұсынған Үлт жоспарындағы мемлекеттік кәсіби аппарат құру реформасы дәл осындай мәселені де көтерген. Сондықтан қалың бұқарағa ісімізбен де, сөзілеген сөзімізбен де, тіпті үстімізге ілген киімізбен де үлгі болып жүрсек, Тәртіптік кеңестің төрінде төмен қарап ұялып тұрмасымыз анық.

■ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Маусым айының соңғы жексенбісі байланыс және ақпарат қызметкерлерінің төл мерекесі. Билік пен халықтың арасына алтын көпір орнатқан мерейлі мамандық иелерін облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ мереке қарсаңында қабылдады. Облыс әкімімен кездесуге республикалық, облыстық басылымдардың бас редакторлары, жергілікті арна жетекшілері мен меншікті тілшілер және ардагер журналистер шақырылды.



ҚАЛАМГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ

«Жетісу»
Еңлік САҒЫНДЫҚОВА

Салтанатты шараны ашқан Амандық Ғаббасұлы облыс көлемінде жүзеге асқан, алдағы уақытта атқарылуға тиісті шараларға тоқталды. Журналистер алдында сөз сөйлегенде әр сөзге сақ болу қажеттігін де әзілге сүйеп айтып өтті. Орынды әзілмен басталған кездесу әсерлі болды.

– Журналистика мамандығы барлық саланың басын біріктіруші. Сондықтан да қоғам оны төртінші билік деп қабылдайды. Қаламын қару етіп, одалдықты ту еткен журналистердің жанкешті еңбектерінің катализесінде қоғамда болып жатқан жайдарман жаңалықтар, орын алған түрлі оқиғалар қалың бұқараға дер кезінде жетіп отырады. Мерейлі мамандықтың иесі болу кез келгенге бұйыра бермейтін бақ деп ойлаймын. Ол тек қана Алланың құдіретімен, ананың ақ сүтімен бойға дарытын өнер екендігін айта кету керек. Сондықтан, журналистер қауымын біз үнемі құрмет тұтамыз. Құрметті қаламгерлер, төл мерекелеріңіз құтты болсын! Отбасыларыңыз аман-саулық, шығармашылық табыс тілеймін, – деп Амандық Ғаббасұлы мереке иелерін құттықтады.

Салтанатты кездесуде қызығы мен қиындығы мол саланың қазанында қайнап, ақпарат майданында шаршамай, талмай жүктелген міндеттерді мінсіз атқарып жүрген журналистер әртүрлі марапатқа ие болды. Осы тұста Ұлы Отан соғысының 70 жылдығына орай бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген тағылымды топтама материалдары үшін Алматы облысы әкімінің Алғыс хаты мен «Ұлы Жеңістің жаршысы» арнайы жүлдесін иеленген әріптестеріміз Гүлжан Тұрсынды, «Ата Заңым – айбарым» арнайы жүлдесімен марапатталған «Огни Алатау» газетінің тілшісі Татьяна Демидованы мақтанышпен айтуға болады. Ал, «Жетісу» телеарнасының продюсері Гүлжан Қызайбаева «Қазақ хандығы тарихының насихатшысы» атты арнайы жүлдеге қол жеткізді. «Ассамблея – бірлігімнің айнасы» жүлдесін «Жетісу» телеарнасы бас директорының орынбасары Досан Атантелов иеленіп, мерейі еселеде түсті. Оларға планшет, фотоаппарат және ноутбук табыс етілді. Жетісу өлкесінде журналистика саласының жүгін көтеріп жүрген облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы Әміре Әрін, «Өлке тынысы» ЖШС-ның директоры Мейрам Жанәділов, облыстық «Огни Алатау» газетінің бас редакторы Атсалым Идигов және орынбасары Забира Сайдильдина, «Жетісу» телеарнасының директоры Бейсен Құранбек және «Президент және халық» газетінің облыстағы меншікті тілшісі Ғалым Жазылбеков «Қазақстан Халық Ассамблеясына – 20 жыл» толуына орай мерейтойлық төсбелгісімен марапатталды.

Салтанатты марапаттан кейін республикалық басылымдардың бас редакторлары сөз алып, жыл сайын журналистердің айтулы мерекесінде құрмет көрсететін Алматы облысының басшылығына шексіз ризашылықтарын білдірді. Жылы сөздермен қатар өтініштер де айтылды. Мысалы, республикалық «Түркістан» газетінің бас редакторы бүгінде өзекті мәселеге айналған жол жұмыстары жайлы айтса, Қазақстан Республикасының Мәдениет кайраткері Нұртілеу Иманғалиұлы Жетісу жеріне қобызшы Молықбайға арнап ескерткіш қойылса деген өтініштерін білдірді.

Мемлекетіміздің мүддесі мен мұраты жолында аянбай тер төгіп жүрген қаламы ұшқыр, ойы жүйрік журналист қауымы алқалы жиынмен көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты.

■БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ

«Жетісу»!
Әміре ӘРІН

Тілімсің мен – үнемін тіршіліктің,
Мақпал бетке тігілген бір шыбықпын.
Ақиқатты айта алдым, арға балап,
Көп түйінге жүрсем де түңілмеппін.

– деп басталар елең еткен екенмін бұдан тым ертеректе. Сол ұстанымнан пәлендей ауытқи қоймаған да секілдімін бұрылып қарасам. Түйсінген жанға «тілші» деген қасиетті мамандық және екінің-бірінің оң жамбасына келе де бермейтін кәсіп. Оқып та, тоқып та тілші болмақ жоқ. Бірінщіден, бойыңызға Жаратушы иеміздің құдіретімен берілер сөз өнеріне деген икемділік қабілеті ұялауға тиіс. Мұны талант десеңіз де жарасар. Екінщіден, әрі ең бастысы мандай теріңізді шелектей төктірер еңбек деген ұлы ұғымның құмырлық құлдығына (алдымен Алланың құлысың, әрине) жүруге тиіссіз. Осындай жағдаятта ғана имандылығыңыз жүзіне көшіп, қоғамның да қажетіне жарайсыз, әлеуметтің де әлеуетіне септігіңіз тиеді. Ондаған жылдарғы тәжірибеден тоқығанымыз деп түйсінейсіз.

ТІЛШІ! «Елдестірмек – елшіден» демекші, «Тілдестірмек – тілшіден». Айталық, «емші» – емдейтін адам, «кенші» – кен өндіреді. Сол секілді, «тілші» тілдің пәрменімен қоғамды сауықтырады, адамзатқа сөз салады, ой-түйсігінің жеткеншіне адами құндылықтарды негіздейді (әрине, бәтен пиғылы жоқ болса). Яғни, оның құралы да тіл, ұраны да – тіл, табандап тұрары да тіл! «Сөзіне құлақ сал», баға бермей, қисайып, қыңырайды жұртың иттес! Бұртиып, теріс қарап: «Аулақ жүр!» – деп, болды ғой жақын тұған бәрі кектес» – деп ардақ ақын Мағжан өлуге Абайға сөз арнамап па еді! Өзіне бағытталған оңды сөзді қабылдай алмай, қылығы шығып, қыңырайып, ай-күннің ашығында-ақ еріні жыбырлап жүретіндер қазір де аз ұшыраспайды. Десек те, әңгіме оларда емес, «бірдің үлгісі – мыңға» деген, сенің сынық арқылы сынығың бүтіндеп, елінің ертеңіне елеңдеп жүрген жарқылдаған жақсы адамдарда біздің үмітіміз!

Сөйлемді айтасың, әр сөздің салмағы бар, бояуы бар, түр-түсі, киесі, керек десеңіз, санаға сыналап кірер өзіндік орны бар. Дана халқымыздың «Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар» дері содан. Әсіресе, бүгінгідей көбік сөздің шалшығын оңды-солды кешe беретіндер молайған тұста сөзге деген жауапкершілік мейлінше артып отыр. Қабырғалы Қазақ елін жер-жаһан Елбасымыздың арқасында еркін танып, білді, мойындады. Бұл – ең алдымен ел атынан айтылып, орындалатын Сөз бен Уәденің ұлы бірлігінің нәтижесі. Иә, атам заманнан Сөз бен Серт қазақтың табиғатына берік ұялаған қасиет еді! Әлем алдында осы артықшылығымызды асыра білгендігіміз қандай ғанибет?!

Осынау биіктіктен зерделесек, қиялы қиядағыны ілер, көңілі көп дүниені бұрын сезер жалын жүректі журналистердің ғана біздің тайқазаны қайнаған, намыс оты жайнаған қоғамымызға септігі тимек. Демек, тілшінің үлкен, кішісі болмайды, тек сөздерінің ғана шиәлі, пісілігі ұшырасып тұрады. Кім сөзінің нысанаға дәп тиіп, темірқазыққа айналуын қаламайды дейсіз. Мәселенің мәні сол сөз-садақты тартушының қабілет-қарымы, дүние-танымы деген аса зару қағидаттарға келіп тіреле керек. Енді осы арада журналист атаулының ақпарат айдынындағы жай бекер айғайшы топтың емес, толғамды да ойшыл, талғамды да тұлғалы, сарабдал сарапшы лектің өрісті өкіліне айналуына қатысты көпшіліктің орынды талап-тілегі туындайтындығы бар. Мәне, сол себепті де, «Жетісу» газетінің ынтармашылық ұжымы жаңғақты аймағымыздың тыныс-тіршілігін киелі қарасөзді зерделей жете көрсетумен қатар мемлекеттік, ұлттық мәселелерге барынша дендеп, қозғау салып келеді. Терең талдап, таразылап, қоламта қозғау салардық дүниелер редакция қоржынына молынан түсе бастады. Жұртты рухтандырып, қоғамда ағыс тудыруға, патриоттық тәрбиені жан-жақты әрістетуге айрықша ден қойғандығымызды оқырмандар сезіп те отыр деп ойлаймыз. Тіпті шағын хабар берсек те ұлттық мүдденің мерейін үстем етер бір сөйлемнің жалаулап жүруіне жете мән береміз. Әлемдік қауымдастықпен қойындаса күй кешер ұшқыр дәуірде жазғандарымыздың өткірлігі мен ашықтығы, шапшаңдығы мен жариялылығы да басты назарда.

Ел мемлекеттілігі мен тәуелсіздігін одан әрі нығайта түсу жолындағы перзенттік те кәсіби парызын терең сезінген журналистеріміз қоғамдық пікір қалыптастыру үстінде іскер де кішіпейіл, білікті де байыпты қалыпта көзге түсіп жүр. Мұндай этикалық қастерлі қасиеттерді қатарымызға жаңадан қабылданған қауырсын қанат жастардың бойына да ұлағат ұялатып бағудамыз. Демократиялық рух пен ой еркіндігі журналистика желмаясымен желе жортып жүрген әріптестерімізге кең тыныс бергендігін жасыра алмасақ керек.


Иә, естігенің бәрі есті жаңалыққа жатпасы анық. Оның үстіне жақсылықты бұқтырсаң, жаныңнан міндетті түрде жамандық өніп шығады. Міне, сондықтан да ғой, тілшілердің қоғамның тамыршысы ретінде жалпы жұртшылыққа қажетті ақпарат атаулыны іріктеп ала білу қабілетінің бүгінгі таңда тіптен өзекті шығып тұрғандығы. Ал енді бұл шаруа бүгінгідей ақпараттық-сандық жүйе алға шығып, әлеуметтік желілер әлемді әбден торлаған тұста, небір ақылы асқан технологиялар төрт қабырғаңнан тоғытылып, планшет, смартфон, ноутбук дегендерің екінің бірінің иелігіне көшкен кезде бұрынғыдан да қоюланып тұр. Неге десеңіз, әлгіндей желілерге еніп алған әркім-ақ өзінше белгілі бір мөлшерде журналистке айналып кеткен. Тілдің тұсауы жоқ заманға тап болдық. Ауызға түскенін айтады, айналаны ақшаңдатып Балқан тауының әркім-ақ шолып қайтады. Жаһандануын бұдан да өзге жан алқымынан алар әдіс-амалы жетерлік дейді ғой. Алайда, кәрі тарихтан білетініміз, рухы берік, ділі мен діні мықты халық сырттан төнер жымысқы әрекеттерге қашанда қыңқ етпеген. Солардың бірегейі – ақ әлемге алдымен өркениет таратқан, кемінде бес мың жылдық тарихы бар көне түрандықтар! Байтақ жазирамызда берілі байрағын көкке толықтқан біздің баянды ата-бабаларымыз!

Бұқаралық ақпарат құралдары – қоғамның басты құралы екендігі хақ. Ендеше, Журналистер күні – барша халықтың мерекесі. Төл мерекеміз келмей жатып, газетіміздің ұжымын, жекелеген беделді қызметкерлеріміздің сөз қадірін өз қадірім деп ұғынар облыс, аудандар мен қалалардың, сондай-ақ, басқармалар мен ұйымдардың басшылары, бір қауым оқырман құттықтап, үлкен қошемет білдірді. Баршаңызға жүрекжарды ризашылығымызды білдіреміз! Қалам қарымды, журналист жалынды, басылым алымды болсын. «Мәңгілік Ел» идеясының барша қазақстандықтың мемлекеттік идеологиясына айналатындығына, соның мәндай шеруінде шоқтай жайнап журналистердің жүреріне бек сенгейсіздер! Баршаңызға шығармашылық сәттілік тілеймін!

■ШОЛУ: Су шаруашылығы

СҰРАУЫ БАР СУДЫҢ ДА

Су – тіршілік көзі. Десек те, қазіргі кезде оған қажеттілік пен сұраныс күн санап артып, керісінше, жетіспеушілік орын алуда. Сонымен қатар, әлемдік экологияның ластануы мен ауызсудың тапшылығы әр елдің ішкі арналары мен мемлекетаралық су жүйелерін тиімді пайдалану міндетін күн тәртібіне қойды. Кейде судың тіршілік көзі, өмір нәрі екенін білсек те, күнделікті тұтынып жүрген суымыз қайдан, қалай келіп жатқанын біле бермейтініміз, «судың да сұрауы бар» екенін ескере бермейтініміз хақ. Соның салдарынан болар, әлемде ауызсу қоры жылдан-жылға азайып барады.



РЕСМИ АҚПАРАТ

бойынша, судың ең жоғары ластану деңгейі Қызылорда облысында – 95,8, Батыс Қазақстан облысында 22,4, Ақмола облысында 16,9, Оңтүстік Қазақстан облысында 8,5 пайыз мөлшерінде екен.

ІЛЕ МЕН ШУДЫҢ

су көлемінің азаюы, ластануы Балқаш көлінің экологиялық жағдайын бүлдіреді. Оның зардабы Жетісу жеріндегі бай табиғатқа тиеді.

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Мемлекетіміздің 2011–2020 жылдарға арналған ауызсу бағдарламасын жүзеге асыру аясында бүгінге дейін қыруар қаржы игерілді. Бірақ мамандардың айтуынша, мұның өзі сапалы ауызсуға деген зәруліктi толықтай шеше алмай отыр. Ресми ақпарат бойынша, судың ең жоғары ластану деңгейі Қызылорда облысында – 95,8, Батыс Қазақстан облысында 22,4, Ақмола облысында 16,9, Оңтүстік Қазақстан облысында 8,5 пайыз мөлшерінде екен. Бір қуанарлығы, жеті өзен өрнектеген Жетісу жерінде қазірге дейін судан тапшылық көрген жағдай мүлдем аз. Дегенмен, өңірімізді тасымалданатын ауызсумен күн көріп отырған бірқатар елді мекен мен су құбырын жаңартуды қажет ететін ауылдар «Ауызсу», «Ақбұлақ» секілді мемлекеттік бағдарламалардың шарапатын күтіп отыр. Бұдан бөлек, тау қойнауларынан бастау алатын өзендер мен бұлақ көзінен алынатын ауызсу қандай жолмен тазартылатын, жекеменшік компаниялар тарататын ауызсу мен дүкен-базарларға шәлмеклеп жеткізілетін ауызсудың стандартқа қаншалықты сәйкестігінен елдің бәрі бейхабар.

Сондай-ақ, су мәселесіндегі тағы да бір толғақты жағдай–трансшекаралық өзен-суларды тиімді пайдалануға саяды. Осы мақсатта еліміз көршілес жатқан мемлекеттермен су ресурстарын бірлесе пайдалану жөнінде ынтымақтастық келісімшарттарға қол қойып, соған сай байыпты шараларды қолға алғаны анық. Бірақ жағдай ойлағандай болмай тұр. Өсіресе, экономикасы қарыштап дамып, демографиялық ахуалы әлемді аландата бастаған көршi Қытай елінің ішкі өзен-көлдер мен су қоймаларын пайдалану жағдайының артуы сол елден елімізге ағып кіретін өзендердің жағдайын қиындата бастады.

Аспанасты елінің экологғалымдарының дәлелдеуінше, олардың су пайдаланудағы ерескел үстанымы әлемдік жылынудың салдарынан туындап отыр. Егер әлемдік жылыну осы қарқынмен жалғасса, Гималай тауындағы мұздықтар ерiп, түгас Қытайды сумен қамтамасыз етіп отырған екі өзеннің арнасы мүлдем құрғап қалуы мүмкін. Осыны ескерген қытайлықтар ішкі өзен-көлдерді бөгеп, су қоймалары мен айналмалы суағарлар жасап, келешектің қамына кірісуде. Бұл олардың болашақтың қамы үшін қолға алған стратегиясы. Бұл стратегия біздің елге қауіп төндіріп тұр. Арыға бармай-ақ қоялық. Алматыға барған сайын жол үстіндегі Қапшағай су қоймасының деңгейін көріп, жүрегің ауырады. Арнасы тартылып, құрғап жатқан өзеншелердің қатары жыл өткен сайын көбейіп келе жатқаны тағы бар. Бұл жағдай көрші Өзбекстан елінде де орын алуда. Сол қатердің алдын алу үшін Елбасы бастамасымен Көксарай су қоймасын салып, Оңтүстіктегі өңірлердің су тапшылығын азайттық. Алайда, кейінгі кездері басқа да келеңсіздіктер орын ала бастады. Өзбекстаннан Қазақстанға кіретін өзендердің ластану деңгейі жоғары. Оған Сыр өзені суының егістікті суғаруға жарамайтын деңгейде ластанғаны дәлел бола алады. Қырғыздан кіретін Шу өзенінің де жағдайының төмендігі жайлы ғалымдар дабыл қаға бастады. Іле мен Шудың су көлемінің азаюы, ластануы Балқаш көлінің экологиялық жағдайын бүлдіреді. Оның зардабы Жетісу жеріндегі бай табиғатқа тиеді. Сондықтан суға қатысты көршілес елдер арасындағы келісімдер қайта қаралуы керек сияқты.

Дерек көздеріне сүйенсек, Қытай үкіметі кейінгі жылдары шекаралық аймақта орналасқан ірі және үлкен су қоймаларында өмір сүретін бағалы балық және тамаққа пайдаланатын омыртқасыз су жәндіктерін (морепродукты) өсіретін шаруашылықтарды дамыту үшін мемлекет бюджетінен қаржыландыру жұмыстарын жүргізуде. Сарапшылардың пікірі бойынша, бұл қадам ҚХР мен Қазақстан Республикасының арасында ағатын трансшекаралық өзендердің және жерасты суларының ластануына, азаюына алып келеді. Оның бір ұшы бізге келіп тиеді. Өйткені Қазақстандағы көптеген аймақтың тіршілік көзі саналатын Іле мен Қара Ертіс өзендерінің Қытай иелігіндегі қоныстардан бастау алатындығы белгілі. Егер аталған өзендердің табиғи жағдайы бүлінсе, жерасты суын ластайды. Мұның Жоңғар Алатауының арғы бетінен бергі бетке ағып шығып, Балқаш көлне құятын Көксу, Қаратал, Сарқан өзендерне залалы тиюі өбден мүмкін.

Су мәселесі жайлы өңгіме қозғағанда күнделікті тұтынатын сусындарды айналып өтуге болмайды. Расында, базарда не көп. Сан түрлі маркадағы сусын көп. Оның бәрі тұтынуға жарамды ма? Жоқ па? Ол жайлы жиі-жиі зерделеу жұмыстарының жүргізіліп жатқанын көріп келеміз. Расында, Үкіметтің №104 қаулысымен бекітілген ауызсуға қатысты санитарлық қағидалар бар. Сол қағидаға сәйкес, өкелінген сынамалар микробиологиялық, санитарлық-гигиеналық көрсеткіштерге сай келе ма? Ол жағы ойландырады. Айтпақшы, мамандар көбіне шәлмектерге құйылатын сулардың сапасына күмән келтіреді. Соны құйып, статистикалық мекемелерде ешқандай сараптама орталықтары, зертханалары жоқ, сондықтан олар сапасын қалай дәлелдейді деген пәрде. Айта кетерлігі, Талдықорған қаласында судың микробиологиялық-бактериологиялық және химиялық көрсеткіштерге байланысты сапасын тексеруге арналған арнайы сараптау орталығы жоқ. Тек облыстық тұтынушылар құқығын қорғау департаментінде арнайы зертхана ғана бар. Алайда, олар өздеріне тексеруге жіберілетін судың ғана сапасына жауап береді. Осы тұста Талдықорған қаласының маңындағы Еркін, Өтенай ауылдарындағы тұрғындардың жерасты суын пайдаланғанын ескерсек, олар сынаманы аталған кәсіпорынға өкелп, сапасын тексертуге өздері жауапты болады. Бірақ мұндай белсенді тұрғынды көрген жоқпыз. Егер ауызсу бактериологиялық-микробиологиялық көрсеткіштерге сәйкес келмеген жағдайда ішек ауруы, сарыауру, дизентерия, тырысқақ аурулары пайда болады. Ал химиялық көрсеткіштерге сәйкес келмеген жағдайда бүйрек, бауыр, несеп жолдары ауруларына алып келуі мүмкін. Бұл медицина ғалымдары дәлелдеген нәрсе. Сондықтан тұтынушылар құқығын қорғау департаменті қала, облыс, аудандардың ауызсу сапасына алтаптық, тоқсандық және жылдық мониторинг жасап отыруы керек.

■ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жуырда «Жетісу су құбыры» МКК жиынжайында суға қатысты жиналыс өтті. Онда аталған мекеменің директоры В. Ким Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қазандағы №1246 қаулысына сәйкес өткен жылғы сүмен жабдықтау және су бұрудың реттеліп көрсетілетін қызметтері бойынша атқарылған жұмыстар жайлы баяндама берді. Сонымен қатар, жиналысқа қатысқан тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар суға қатысты әлемдегі, еліміздегі, өңіріміздегі толғақты мәселелерді ортаға салып, орамды ойларымен бөлісті. Қатысушылар да өз кезегінде көкейінде жүрген түрлі сұрағын қойып, тұшымды жауап алып тарады.

Түйін

Иә, тіршіліктің пайда болуының бірнеше себебі бар. Соның бірегейі – су. Ғаламшар тұрғындарын алаңдатып отырған бүгінгінің басты мәселесі де осы. Соңғы 50 жылда мұнайдың бағасы 10 есе өссе, тұрмысқа қажетті суға деген баға шамамен 100, ал, ауызсу бағасы 1000 есеге артқан. Мұның өзі судың алпауыт елдердің көзқарқына айналып отырған қара алтыннан әлдеқайда маңызды, қажетті екенін көрсетіп бермей ме? Қазақстан да бұл мәселеден сырт қала алмақ емес. Ол жайлы жоғарыда тоқталдық. Еліміздегі қалалар мен ауылдарды сумен қамтамасыз ету ҚР Су кодексіне және елді мекендердің көріз жүйелеріне сарқын суларды қабылдау ережесі мен басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүргізіледі. Тұрғындар тұтынатын ауызсу сапасы мен оны тарату мемлекет тарапынан талапқа сай бақылаиып отырады. Мұның өзі алдымыздағы суды алаңсыз іше беруге болады деген сөз.

■ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТА

Облыстық мәслихаттың кезектен тыс сессиясының күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Бірінші облыс бюджетінің былтыр қалай атқарылғандығы туралы баяндама тыңдалды. Екінші кезекте шағын қалалардың 2016-2020 жылдарға арналған Кешенді даму жоспарларын бекіту мәселесі сөз болды. Сессияға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ қатысып отырды.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ. БІЛІМ. ДЕНСАУЛЫҚ

негізгі қаражат осы салаларға жұмсалған

«Жетісу»
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы Н.Өкежановтың сөзіне сүйенсек, облыстың 2014 жылғы жалпы өңірлік өнімі 1829,0 млрд. теңгені, бір жанға шаққанда 930,0 мың теңгені құраған.

Республикада «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуы облыс экономикасының нақты секторларының дамуына ықпал еткен. Былтыр облыста 537,3 млрд. теңгенің өнеркәсіп өнімі өндіріліп, нақты көлем көрсеткіші 101,9%-ды құраған.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемі жылдан жылға өсуде, 2014 жылы облыста 39,6 млрд. теңгеден астам қаржы игерілген (2013 жылы – 28,0 млрд. теңге). Белсенді шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 93,8 мың бірлікті құраған. Былтыр мемлекеттік бюджет жоспар бойынша 271,8 млрд. теңге болғанда 106,2%-ға орындалып, 288,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2013 жылмен салыстырғанда 16%-ға артық деген сөз. Республикалық бюджетке – 168,2 млрд. теңге, жергілікті бюджетке 120,5 млрд. теңге түскен.

Былтыр облыс бюджетінің шығыстары 99,6%-ға орындалған. Шығындардың жалпы көлемінің басым бағыттары білім беру саласына (29,6%), денсаулық сақтауға (17,5%), тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына (19%) және ауылшаруашылығының (8,4%) үлесіне тиген.

Меншікті-облыстық бюджет туралы бірауыз сөз қозғасақ, аудан мен қала бюджеттеріне бөлінген 50 688,5 млн. теңгенің 50 438,7 млн. теңгесі немесе 99,5%-ы, меншікті-облыстық бюджет бойынша бөлінген 68 804,4 млн. теңгенің 68 804,4 теңгесі немесе 100,0 %-ы игерілген.

Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы 2014 жылға 32 бақылау іс-шарасын жүргізіп, жалпы 574 нысанды тексерген. Бақылаумен қамтылған жалпы қаражат көлемі 205 080 719,8 мың теңгені құрапты. Ал, жалпы анықталған бұзушылық сомасы 6 629 512,2 мың теңге. Қалпына келтіруге жататын қаражат көлемі 390 074,8 мың теңге болса, қалпына келтірілгені 145 394,3 мың теңге.

Биыл жыл басында облыстық бюджетке енгізілген 6 нақтыланудың нәтижесі бюджеттің жалпы орындалуына өз септігін тигізген. Сонымен қатар, облыстық бюджеттің кіріс бөлігінің жоспардан артық орындалуы түсімдердің табыс салығы мен әлеуметтік салықтан құралып отыр. Бюджеттің шығыс бөлігінде 851,1 млн. теңгенің игерілмеуі облыстың жалпы даму жағдайына кері әсерін тигізбеген. Алайда, игерілмеген қаражаттың 65,4% ауылшаруашылығы басқармасының үлесінде көрінеді.

Мәслихат сессиясын қорытындылаған облыс әкімі қарапайым еңбек адамдарына мемлекет тарапынан берілін отырған субсидия мәселесін әлі де ширатуды, бөлінген қаражаттың толықтай игерілуін қатаң бақылауды тапсырды.

■РУХАНИ УЫЗ

Жастар және уақыт

Өмірде екі нәрсенің қадірін бағалай білмейміз. Ол – денсаулық және уақыт. Қамшының сабындай қысқа ғұмырда адам баласына ең қымбат, ең алтын, ең бағалысы, ол – уақыт.

Демек, біздің өмірімізде уақыттың алар орны ерекше. Әр кезеңіміз, әр сәтіміз уақытпен өлшенеді. Сондықтан уақыттың маңыздылығын түсінгеніміз жөн.

Асылы, адам баласы уақыт өлшемін игі істерге арнаса, бірде уақытты бос өткізіп жатады.

Бос уақытты бағалап, оның қадірін білу қажеттігін бағамдай бермейді. Ертеңінен үміт күтер жастар жағы бос уақытын әлеуметтік желіде өткізеді. Мәселен, күні-түні уақытын «Вконтакте, Агент, Ватцап, ДругВокруг, Инстаграмға» сарп етуі қынжылтады. Көпке топырақ шашқандық емес, бос уақытын мәнді мағыналы өткізіп, өздеріне рухани азық алатын жастар жағына дән ризамын. Олар жалынды да, жігерлі. Өзім солардың бірі ретінде қала жастарына қарап үлгі алудамын. Оған дәлел – қаламызда «Жас Отан» жастар қанаты, «Жасыл ел» штабы, «Жас саясаткер» саяси мектебі, «Жастар» спорт кешені жастарымыздың бос уақытын бекерге өткізбеуіне ықпал ететіндігі. Жастарымыз қоғамдық іс-шараға белсене араласып, бос уақытын газет-журнал, кітап оқып, рухани азық алуға арнаса, нұр үстіне нұр болар еді.

Жанар ИМАНҚҰЛОВА.

▲ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФОРУМ

МӘҢГІЛІК ЕЛ – болашағы біртұтас ел

Бірліктің, келісімнің, ынтымақтың негізгі бейнесін бір тудың астында татулықпен өмір сүріп келе жатқан ұлттар мен ұлыстардан байқауға болады. Олардың діні, діні, тілі бөлек болғанымен Отаны бір. Осыны әрбір қазақстандық тереңнен түсіне білді. Мұны Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы аясында іске асқан ілкімді істерден байқауға болады. Елорда төрінде өткен «Мәңгілік ел – болашағы біртұтас ел» атты республикалық патриоттық форум осының дәлелі.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына арналған жиында республика бойынша атқарылған және алдағы уақытта атқарылатын істер талқыланды. Патриоттар форумында Елбасының «Үлт жоспары – 100 нақты қадам» атты бес институционалдық реформасының аясында іске асырылатын Қазақстан халқы Ассамблеясының «Үлкен ел – үлкен отбасы» жалпыұлттық жобасы қаралды. Ол қазақстандық бірегейлікті нығайтуға және «Мәңгілік Ел» құндылықтары негізінде бірыңғай азаматтық бірлікті қалыптастыруға бағытталған арнайы іс-қимылдар бағдарламасы. Жоба аясында отансүйгіштік тәрбие басымдықтарын, болашағы біртұтас ұлтымыздың зияткерлік, мәдени және рухани құндылықтарын алға бастыруға негізделген кең ауқымды акциялар мен әлеуметтік жобалар кешені өткізілетін болады.

– Жыл сайын осындай кездесу игі дәстүрге айналып, өткізіліп келеді. 2015 жыл Мемлекет басшысының Жарлығымен «Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы» деп жарияланған болатын. Ассамблея жылы – ол бірліктің, келісімнің жылы. Осы орайда әрбір азамат біріне-бірі қолдау жасауы тиіс. Бауырмалдықтың берік қазығын орнатуымыз керек, – деді ҚХА төрағасының орынбасары Ералы Тоғжанов.

Айта кетейік, форумға қатысуға барлық өңірлерден шамамен екі мыңнан астам делегат келді. Олар өз ісінің үздік мамандары – дәрігерлер, әскерлер, өнеркәсіп жұмысшылары, ғалымдар, жас кәсіпкерлер, ауылшаруашылығы қызметкерлері, қоғам қайраткерлері, спортшылар, талантты актерлер, мәдениет майталмандары.

Патриоттар форумы 2007 жылдан бері еліміздің өткен айтулы шаралар аясында ұйымдастырылып келеді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

▲ ӨҢІР ТЫНЫСЫ

Қапшағай қаласына жұмыс сапарымен келген облыс әкімінің бірінші орынбасары Махаббат БИГЕЛДИЕВ өңірдегі бірқатар энергетикалық нысанды аралап, ұсыныстарды саралап, салаға жауапты мамандарға нақты тапсырмалар жүктеді.

Қысқа дайындық ойдағыдай

«Жетісу»
Мақпал МЫСА

Алдымен «Қапшағай жылу» қазандығының жай-күймен танысқан Махаббат Садуақасұлына қала әкімі Сатжан Қиқымов, қала әкімінің бірінші орынбасары Ілияс Сүгіров, «Қапшағай жылу» қазандығының басшысы Сейдахмет Даданбековтар бұл бірқатар жаңдеу жұмысы жүргізілген кәсіпорын мүмкіндігін таныстырды. Кәсіпорынға 6 бу, 3 су қайнататын қазандық орнатылған. Олардан бөлінетін қуат 26 мың тұтынушыны жылумен қамтамасыз етуге жетеді. Сондай-ақ, 14 білім беру нысаны мен 2 емхана, 235 тұрғын үй де осы орталықтан жылытылады. Қазіргі кезде күрделі мәселе жоқ. Қорда 5 мың тонна мазут бар.

Бұдан әрі кәсіпкерлік «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында жүзеге асып жатқан жылу трассасының жай-күймен танысты. Бұл жобаға 5 аумақ яғни Д. Қонаев, Сидранский, Абай көшелері мен Зареченый елді мекені қосылып отыр. Бұл барыста Д. Қонаев көшесіндегі аяқталмаған жұмысқа ескерту айтылды. Кезекті тексеріс нысаны орталық қорғ жүйесі болды. 1968 жылы салынған су тазалағышы нысан әбден ескірген. Қала әкімінің бірінші орынбасары Ілияс Сейтбекұлы қорғ жүйесінің күрделі жөндеуден өтуіне бюджеттен 5 млрд. теңге қаржы керек екенін, егер қорғ жүйесін қалыпқа келтірмесе қалдық су Қапшағай көлне араласып кетуі мүмкіндігін, бұл туралы басшылыққа талай рет хат жазылғанымен шешімі табылмай отырғанын алға тартты. Осыдан кейін, апатты жағдайдағы бұл нысандағы қалдық суды ағызатын жаңа арна салып, Сорбұлақ су қоймасына жіберудің жолдары талқыланды. Махаббат Садуақасұлы аталған мәселенің шешілетініне сендіріді.

Бұдан кейін Зареченый елді мекенне ат басын бұрған топ жанадан құрылыс жұмысы басталған орталық қазандықтың жағдайымен қанықты. Жергілікті тұрғындардың өтініші бойынша қолға алынған қазандық мұндағы 3 тұрме, 10 өндіріс орнын және 34 көпқабатты тұрғын үйді жылумен қамтамасыз етуі тиіс.

Қазандықты салып жатқан «ЭВОЛЮКС» ЖШС бас инженері Виталий Поляков:

– Қазандықтың жалпы қуаты 10 Мгв. Жобаға 300 млн. теңге қаржы бөлінген. Жұмысты бір ай бұрын бастадық. Тапсыру мерзімі келесі жылдың соңына дейін, – дейді.

Бұл жобаның өміршеңдігі мен құндылығын сарапаған тексерушілер Қапшағайға газқұбыры тартылған жағдайда орталық қазандықты газға икемдеу керектігін ескертті. Жалпы жұмыс қорытындысы бойынша Қапшағай өңірі қысқы жылыту маусымына толық дайын екені айтылды.

Қапшағай қаласы.

▲ ІЛТИПАТ

Еліміздің әрбір тұрғынының тыныштықта әрі тұрақтылықта өмір сүруін қамтамасыз ету ішкі істер органдарының басты міндеттерінің бірі саналады. Ал жасалған қылмыстың ашылуы мен жазалылардың кінәсін мойындауы қылмыстық іздестіру қызметіне тікелей байланысты. Осыған орай құрылғанына биыл 97 жыл толып отырған Алматы облыстық қылмыстық іздестіру қызметінің мамандары салалық мерейтойын атап өтті.



ТЫНЫШТЫҚ ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

«Жетісу»
Мәди АЛЖАНБАЙ

Салтанатты жиында атаулы мерекеге орай баяндама жасаған облыстық ішкі істер департаментінің криминалды полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Айдын Аскарбаев қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жолында еңбек еткен Қылмыстық іздестіру қызметінің қысқаша тарихына тоқталды. Оның айтуынша, қызмет алғашында 1918 жылы қазан айында НКВД Кеңесінің шешімімен құрылады. Осы уақыт аралығында Қылмыстық іздестіру қызметі дамудың көптеген белестерінен, сатыларынан өтіп, сот экспертизасы, тіркеу және дактилоскопиялық бюро сынды бөлімдермен толыққан. Негізінен қылмыстық топтардың және ұйымдаскан қылмыстық бірлестіктердің заңсыз әрекетін әшкерелейтін іздестіру қызметі соңғы жылдарында елдегі тыныштық пен бейбітшіліктің жақтаушысына айналады. Облыста еңбек еткен қызметкерлердің арасында қылмыскерлерді іздестіру кезінде оққа ұшып, елдің тыныштығын күзету және құқықбұзушылықты анықтау жолында жан қиғандар бар. 90-шы жылдардың ішінде парықтық экономикамен қатар, ел естімеген қылмыс түрі көбейеді. Сол жылдарда еңбек еткен полиция қызметкерлері өз ісіне адалдық танытады.

Қылмыстық іздестіру қызметінің 97 жылдық мерейтойына орай облыстық ішкі істер департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Мұрат Үрұмханов сала қызметкерлерін құттықтып, міндетіне адалдық танытып, шеберлігі мен кәсібилігін көрсеткен мамандарды Құрмет грамотасымен марапаттады. Сондай-ақ, өз ісіне шынайы берілген қызметкерлердің ата-аналарына Алғыс хаттпен бірге бағалы сыйлық табыстады. Қызметтік міндетін атқару барысында қаза болған қылмыстық іздестіру қызметкер, полиция капитаны Ербол Ерденбеков пен полиция лейтенанты Ерлан Жақсеевтің туыстары құнды ескерткіш-сыйлықтармен марапатталды.

▲ ЭКОЛОГИЯ

Облыстық экология департаментінің мамандары арнайы жүргізілген тексерістер барысында қатты қалдықтарды реттеуге қатысты басы ашылмаған мәселелердің киттігіне көз жеткізген. Аталған департаменттің мәліметіне сәйкес, олар үстіміздегі жылы 37 палигонға тексеріс жүргізіп, оңдағы заңбұзушылықты анықтаған. Он жайлы экологиялық мәселелердің тізім-реестрі жасалып, бекітілген. Оған тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды жою, атмосфералық ауа қабатын бақылау, мамандандырылған экологиялық бекет жұмысын ұйымдастыру мәселелері еніп отыр. Бұл туралы облыстық экология департаменті өткен жиналыста департамент басшысы Қонысбек Ескендіұлы мәлім етті. Ал облыстық әкімдіктің осы салаға жауапты мамандары мен аудан, қалалардағы экологтар аталған мәселе жайлы өз ойларымен бөлісті.

ҚАТТЫ ҚАЛДЫҚ ТА БАЙЛЫҚ

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Олардың айтуынша, қазіргі таңда өңірімізде қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу кәсіпорны жоқ. Бүгінгі күннің талабынан шығып отыр деп айту өте де ертерек. Сондықтан күн сайын шығатын тұрмыстық қалдықтарды арнайы күл-қоқыс үйінділері мен полигондарда сақтау ісі қолға алынып келеді. Бір қызығы, кейінгі жылдары өңірдегі қатты тұрмыстық қалдықтарды жою мәселесін шешу мақсатында Талдықорған және Қапшағай қалаларында қалдықтарды қайта өңдеу зауытын салу Қазақстан Республикасы экология мәселелер тізіміне енгізілген. Сондай-ақ, облыста 7 кәсіпорын қайталанбаған шикізаттарды, яғни қағаз қалдықтары, пластика, шыны сынықтары, медицина қалдықтары, пайдаланылған автокөлік резенкесі және аккумуляторларды жинау, тасымалдау және өңдеумен айналысады.

Қоршаған ортаны қорғау мәселесі тек қатты қалдықтарды полигондарда сақтау немесе арнайы өңдеу орындарындағы қайта өңдеумен шектелп қалмастан, жыл сайынғы тазалық, айлық кезінде орман отырғызып, өзен бойлары, шатқалдар, тау етектері, кәсіпорын және елді мекендер аумақтарын тазалау, санбақтар, гүлзарлар, ішкі суғару жүйелері, автожолдық жол бойлары тәртіпке келтірілу арқылы да іске асырылады.

Несін жасырайық, жақсы жетістіктермен қатар, облыс бойынша қалдықтарымен жұмыс жүргізуде көптеген шешілмеген мәселе кездеседі. Айтпақшы, Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамалары талаптарына сәйкес, әрбір шаруашылық жүргізуші нысан іске қосылғанға дейін экология бойынша нормативті рұқсат құжаттарын рәсімдеуі тиіс. Бірақ, осы күнге дейін тек қана 10 полигонның құжаты рәсімделген. Демек, қалғандары заңсыз жұмыс істеп келеді деген сөз. Сонымен қатар, қалдықтардың орнапасуы бойынша кадастр ісін тіркеу, қоймалау және кему жұмысы есептік істердің жоқтығынан және полигондардың нақты иесінің болмағандығынан орындалмай келеді. Тағы да бір келеңсіздік полигондарда экологиялық-санитарлық талаптарды сақтау үдайы бұзылуда, яғни қоймалау технологиясы, қалдықтарды орналастыру және кему, бұзылған жерлерді қалпына келтіру жұмысы да көңілеп тұр.

Осы және басқа да мәселелер жайлы қызу талқы өрістеткен мамандар қатты қалдықтарды реттеудің мемлекеттік тетігін тауып, кәсіпкерлерді интеграциялау арқылы қатты қалдықтарды өңдейтін зауыттар ашу керектігіне тоқталды. Олар өз ұсынысын мемлекеттік деңгейде көтеретін болып уағдаласты. Сондай-ақ, қоқыс өңдеудің де байлық көзі болатынын тұрғындар арасына ауқымды түрде насихаттауға белсене атсалысатын болып келісті.

ХАЛЫҚ МАРКАСЫ

ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫ қарқынды дамуда

Отандық тауар өндірушілерді қолдаудың тағы бір құралы іске қосылды. Ол «Халық маркасы – 2015» байқауы. Оған отандық азық-түлік түрін өндіретін кәсіпорындар қатысады. Үздіктерін тұтынушылар интернет арқылы дауыс беріп, анықтайды. Жеңімпаздар 16 қазанда Миланда өтіп жатқан «ЭКСПО – 2015» көрмесіндегі Қазақстан павильионында марапатталмақ. Сапаны куәландыратын аталмыш жоба белгісі өндірушіге өз тауарын өткізудің жаңа белестерін бағындырып, тұтынушы сеніміне ие болуға жол ашады. Сондай-ақ, бұл қатысушылардың бір-бірімен тәжірибе алмасып, біліктілігін арттыруға ықпал етпек.



Суретті түсірген Руслан ҚАЛЫРОВ.

«Жетісу»
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Айта кетейік, қазір елде тауық етін шығару сиыр етін өндірісінен кейін екінші орында. Тек өткен жылдың өзінде ел көлемінде 3,2 мпрд.-тан аса жұмыртқа, 148 мың тонна құс еті өндірілпті. Быптыр үш жаңа құс фабрикасы салынып, ішкі нарықта тұрақтылықтың сақталуы мен сала дамуына айтарлықтай ықпал еткен. Игілікті іс нәтижесінде отандық өндірушілер ел тұрғындарының жұмыртқаға деген сұранысын 100 пайызға қанағаттандырған. Бір қуанарлығы, құс етін тұтынушылар қатары артқан сайын өндіру көлемі жылдан-жылға ұлғайып келеді. Мәселен, 2000 жылдары небары 53,2 тонна құс еті пайдаланылса, қазіргісі 250-300 мың тонна. Бұл сұраныс өзгере 50 пайызға ғана ақталып отыр. Сондықтан, бұл ет өндіретін екі-үш ірі құс фабрикасын салу жоспарланған. Ойлаған іс көңілдегідей іске асса, алдағы үш-төрт жылда Қазақстандағы ішкі нарықты отандық құс етімен толық қамтуға мүмкіндік тумақ. Құс өсірушілер одағының болжамынша, быпл 5 мпрд.-тан аса жұмыртқа, 190,5 мың тоннадан аса құс еті өндіріледі деп кезделп отыр.

Ал Жетісу өңірі бойынша құс шаруашылығымен айналысатын кәсіпорындарда быптыр 57 мың тонна құс еті, 700 млн. 500 мың жұмыртқа өндірілпті. Осындай игілікті іспен шұғылданып, алдыңғы қатардан көрініп келе жатқан «Когер ПТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі де аталмыш жобаға қатысушылардың бірі. Талдықорған қаласының шет жағынан орын тепкен іргелі кәсіпорын 1997 жылы құс фабрикасы болып құрылған. Содан бері талай бикті бағындырып, алдыңғы қатардан көрініп келеді. Олардың бүгінгі тірлігі жаман емес. Оған құс басының есп, өнім көлемінің артқаны дәлел. Зәуіт 2005 – 2013 жыл аралығында 24,5 млн.-нан 189,6 млн.-ға дейін жұмыртқа өндірген.

– Облыста өткен байқауда өндірістік мақсаттағы үздік тауар өндіруші аталымы бойынша бірінші орынды желендік. Бұл біздің еңбегімздің жемісі. Себебі халыққа салалы құс еті мен жұмыртқасын усынудамыз. Жалпы, мұндай байқаулар кәсіпкерліктің тасын өрге домалатып, оның одан әрі дамуына серпін береді деп ойлаймын, – дейді аталмыш серіктестік басшысының өндірис жөніндегі орынбасары Светлана Иванова.

Бұған зауыт жұмысымен танысу кезінде тағы бір мәрте көз жеткіздік. Аумағында атшаптырым алаңы бар кәсіпорынға бас сұққанда-ақ ерекше тазалыққа төнті боласың. Мұнда өсіріліп жатқан тауықтар мен шығарылған жұмыртқалардың да саны аз емес. Фабрикада еңбеккерлердің сапалы өнім алып, бәсекелестікке қабілетті болуына қажет жағдайдың бәрі қарастырылыпты. Үкімет қолдауының арқасында мүмкіндікше технологиялық тізбектер де жаңартылған. Құс қоралары мен құрама жем, сою цехтары да барынша жаңа құрылғылармен жабдықталыпты. Жұмыстың басым бөлігі автоматты түрде жүргізеді. Ол арнайы тетіктерді басқару арқылы жүзеге асырылуда. Жұмыртқа өрістейтін жеп қол еңбегін қажет етпей-ақ, атқарылып жатыр. Бұрындары осы жепде бірнеше адам еңбек етсе, қазіргі электрониканың күшмен жүргізеді.

Сонысымен ерекшеленетін құс фабрикасында жұмыртқалайтын тауық пен балапан саны өсіп келеді. Бұрындары бір құс мекенінде төрт адам жұмыс істеп, жылына жеті мың тауықты күтіп-баптаса, бүгінде жүз он мыңға дейінгі құсты небары екі-ақ адам бағады. Қалай десек те, жұмыртқа – әлеуметтік жағынан маңызы бар тағам. Таптырмайтын дәруменге бай табиғи өнім нарықта жоғары сұранысқа ие. Тұтынушылар талғамынан шығу мақсатында мұндағы құс өсірушілер Германия, Голландия сияқты шет мемлекеттерден сапалы өнім беретін «Ломан брауын», «Ломан ЛСЛ» құстарын өкел, асыл тұқымды шаруашылық құрған. Бүгінде мекеме еңбеккерлері қалай болғанда да тапсырыс берушінің көңілінен шығып, жоғары межеден көрінуді көздейді.

Қазірі кезде фермада өндіріліп жатқан құс еті мен жұмыртқасы Талдықорғанның белек Жамбыл, Шымкент, Павлодар облысы мен Көкшетау, Алматы, Өскемен, Семей, Астана қалаларына, сондай-ақ, Ресей, Қырғыз елдері нарығында да саудаланады. Кәсіпорын «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасының белсенді қатысушысы. Өнімдері «Ақ құс» сауда маркасымен шығарылпады. Өндіріс ошағында екі жүзден аса адам жұмыспен қамтамасыз етілген. Олар қай жағынан болсын басшылық тарапынан көрсетілп жатқан қамқорлыққа дән риза. Осындай ауызбірлктің арқасында быптыр 234 983 654 дана жұмыртқа шығарылып, еңбек өнімділігі 6,6 есеге ұлғайған. Соңғы жылдары әлемде де, елде де құс еті мен жұмыртқасын тұтыну көлемі артты. Сол себепті де мұндай орындардың маңызы зор.

Лэззат ЧИНГАЕВА мен Валентина СОРОКИНА, кәсіпорынның байырғы еңбеккерлері:

– Құс фабрикасында еңбек еткенімізге он жылдан асыпты. Бастапқы кезде біраз қиындықтың болғаны рас. Соған мойымастан төзімділік танытып, көп жұмысты қолмен атқардық. Шүкір, қазіргі жағдайымыз мүлде басқа. Өздеріңіз көріп тұрғандай бәрі механикаландырылған. Кәсіпорын көз алдымызда өсіп-өркендеп келеді. Әрине, оған қуаныштымыз. Өткенді мекеменің керегесі кеңейген сайын жаңа еңбек орындары ашылып, жағдайдың жақсаруына ықпал етеді. Жастар көбейде, азғана бар білгенімізді үйретеміз. Жалықпыз да жалған емес. Мерекс күндері ақшалай, заттай сыйлықтар табыс етіледі. Бұл жерде әртүрлі ұлт өкілдерінен құралған еңбек адамдары бір атаның баласындай ауызбіршілікте жұмыс істейді. Кәсіпорын қаладан шалғай орналасқандықтан, бізді үйге арнайы автокөлік апарып, әкеледі. Осының арқасында балаларымызды өсіріп, оқытып, отбасын асырап отырмыз. Сондықтан серіктестік басшысы Константин Шнге деген алғысымыз шексіз.

ТҮЙІН:

Қалай десек те, құс шаруашылығының өнімдері қай кезеңде де үлкен сұранысқа ие. Қайта құруға дейін елде құс жұмыртқасы мен етін өндіру және осындай қажалы өнімдермен тұтынушыларды қамтамасыз ету толығымен құс шаруашылықтары арқылы жүзеге асырылып, талай жыл мал шаруашылығының алдыңғы қатарынан көрініп келді. Өндірілген өнімнің біраз бөлігі шетелдерге де жөнелтілді. Қазірі кезде де тиімді технологияларды қолдану мен білікті мамандар еңбегінің арқасында бұл салада оң өзгеріс байқалуда. Өнеркәсіптік негізде қарқынды дамып, жұмыртқа, ет өндіру бағытында құс фабрикалары мен асылтұқымды зауыттар ашылып, репродуктор шаруашылық пен инкубатор станциялары ұйымдастырылуда.

▲ ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Субсидияланатын гербицидтердің түрлерін және нормаларын белгілеу туралы

2015 ж. 25 тамыз
Талшықпарақ нысаны №378

Алматы облысының әкімдігінің 2015 жылғы 25 қыркүйектегі №3452 болып тіркелді

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 11-бабына және «Өсімдіктерді қорғау жөніндегі іс-шаралардың ең төменгі (шекпен) нормаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/306 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі бұйрығының бекітілген Қағидаларының 4-тармағының 1) тармақшасын сәйкес Алматы облысының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қосымшаға сәйкес өсімдіктерді қорғаудың құралдарының түрлері және гербицид металлуксусқышқылдарының сағыз қышқылы гербицидтерінің 1 литрінің (килограмының) арналған субсидиялар нормалары анықталып сәйкес белгіленсін.

2. «Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасының мемлекеттік мекемесі (Е. Шынтуринов) субсидияларды жергілікті бюджеттерден бюджеттен жүзеге асырсын.

3. Алматы облысы әкімдігінің 2014 жылғы 30 шілдедегі «Субсидияланатын гербицидтердің түрлерін және нормаларын белгілеу туралы» № 178 (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 12 тамыздағы № 2869 тіркелген және 2014 жылғы 14 тамызда «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттерінің № 94 нөмірлерінде) және 2014 жылғы 18 қыркүйектегі «Субсидияланатын гербицидтердің түрлерін және нормаларын белгілеу туралы» облыс әкімдігінің 2014 жылғы 30 шілдедегі № 270 қаулысына толықтыру енгізу туралы» № 401 (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 2997 тіркелген және 2014 жылғы 11 желтоқсандағы «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттерінің № 138 нөмірлерінде) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. «Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасының мемлекеттік мекемесінің басшысына осы қаулыны ішкет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімдік басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметінің белгілеген интернет – ресурста және облыс әкімдігінің интернет – ресурсында жариялау жүктелсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Бигелдиевке жүктелсін.

6. Осы қаулы ішкет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі
А. БАТАЛОВ.

Облыс әкімдігінің 2015 жылғы «__» _____ «Субсидияланатын гербицидтердің түрлерін және нормаларын белгілеу туралы» № ____ қаулысына қосымша

Субсидияланатын гербицидтердің түрлері және гербицид металлуксусқышқылдарының сағыз қышқылы гербицидтерінің 1 литрінің (килограмының) арналған субсидиялар нормалары

Өлшем бірлігі	Бір өлшем бірлігін өңдеуге қажетті мөлшері	Сатып алынған гербицидтің субсидия нормасы, теңге
литр	50	1687
литр	50	1763
килограмм	50	3650
литр	50	1763
литр	50	2270
литр	50	625
литр	50	625
литр	50	550
килограмм	50	10 000
литр	50	16487
литр	50	2187
литр	50	1496
литр	50	812
литр	50	810
литр	50	650
литр	50	1019
литр	50	600
килограмм	50	1150
литр	50	1207
литр	50	715
литр	50	3450
литр	50	2405
литр	50	3450
литр	50	2817
литр	50	6778
килограмм	50	9250
литр	50	1437
литр	50	1850
литр	50	1035
килограмм	50	9000
литр	50	1700
литр	50	905
литр	50	812
литр	50	905
литр	50	1207
литр	50	2600
литр	50	1240
литр	50	2201
литр	50	905
литр	50	981
литр	50	2587
литр	50	2530
литр	50	750
литр	50	924
литр	50	810
килограмм	30	75000
литр	30	1409
литр	30	1080
литр	30	705
литр	30	1050
литр	30	1037
литр	30	1552
литр	30	1350
литр	30	1387
литр	30	699
литр	30	482
килограмм	30	85500
килограмм	30	17 250
килограмм	30	22 230
килограмм	30	19 440
литр	30	444
литр	30	360
литр	30	1890
литр	30	3081
литр	30	1080
килограмм	30	6721
литр	30	7440
литр	30	2310
литр	30	1276
литр	30	1374
литр	30	2280
литр	30	999
литр	30	2580
литр	30	1020
литр	30	972
литр	30	1065
литр	30	555
литр	30	3771
литр	30	1254
литр	30	2251
килограмм	30	6660
литр	30	1800
литр	30	870
литр	30	456
килограмм	30	41 771
литр	30	462
литр	30	1962
килограмм	30	10 778
литр	30	444
литр	30	963
литр	30	1800
литр	30	1387
литр	30	1260
литр	30	1318
килограмм	30	24 672
литр	30	5700
килограмм	30	28 106
килограмм	30	20 997
литр	30	529
килограмм	30	77040





АҚСУ ҚАНТ ЗАУЫТЫ АШЫЛАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Амандық Ғаббасұлы дала төсіндегі жиында Ақсу қант зауытын іске қосудың қаншалықты тиімді болатынын тілге тиек етті. Егер де көне зауыт қайтадан іске қосылса, Сарқан, Ақсу және Алакөл аудандарының қант қызылшасын өткізуге жол ашылады. Қазіргі таңда шаруашылықтар шикізатты Көксу қант зауытына тасымалдау үшін кемінде 200 шақырымды жүріп өтеді. Ал жаңа зауыт жұмыс істеген жағдайда тасымал мәселесінің түйіні шешіліп, тайсақтаған шаруа қожалықтары қызылша егуге түпкілікті кіріспек. Амандық Баталов өз сөзінде Ақсу қант зауыты «Жетісу» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясының қарамағына өткенін, келер жылы кезең-кезеңімен іске қосылатынын айтты. Жиында Сарқан ауданының суару жүйелері, ауылшаруашылық бағытында қаржыландыру, лизинг пен субсидиялау тақырыптары көтерілді. Тарқатып айтсақ, ауданда су шаруашылығындағы шығынды азайту үшін бірнеше арналарды күрделі жөндеуден өткізсе, 20 миллион текше метр тіршілік көзі үнемделеді. Мамандардың сөзінше, ішкі тоғандар ретке келсе, Сарқан ауданының 34 мың гектар аумағын пайдалануға болады.

Алқаптағы алқалы басқосуда Бақалы округінің ақсақалдары сөз сөйлеп, жастарға қызылша өсірудің жауапкершілігін түсіндірді. Бұрын, дәлірек айтсақ, 1981 жылы Бақалы ауылы 37 мың тонна қызылша өткізіпті. Бүгінде бұл меже жоқ. Алайда қолға алған игілікті істің нәтижесі жаман емес. Аудан ақсақалдары Бақалыдан биыл кемінде 10-15 мың тонна түсім шығады деп отыр. Сарқан ауданына жасаған сапарын түйіндеген облыс әкімі ел ішінде қызылша өсіруге сенімсіздік танытқан кертартпа адамдардың әлі де барлығын, оларға бүгінгі жайқалған егістіктің үлкен дәлел екенін, шетелден келетін қанттың орнын отандық сапалы өніммен алмастырудың қаншалықты маңыздылығын, еңбек еткен жерде ешқандай да терроризмге жол ашылмайтынын айтып берді.

Сарқан ауданы.

МАМАН МІНБЕРІ

Тиімді бағдарлама

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасының «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында басым міндеттердің қатарында радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері мен көріністеріне қарсы іс-қимыл айқындалған.

Бұл ретте қоғамда, ең алдымен, жастардың ортасында діни экстремизмнің алдын алу жұмыстарын күшейту қажеттігіне, сондай-ақ конфессияаралық келісім орнаған, діншілдер мен атеистік көзқарасты ұстанған азаматтардың да құқықтары сақталатын және құрметтелетін зайырлы мемлекет – Қазақстан Республикасының дәстүрлері мен мәдени құндылықтарына сәйкес тұрғындарда діни сананың қалыптасуына ерекше назар аударылады.

Қазіргі кезеңде әлемдегі жаһандану процесі мен шиеленісу әлеуетінің өсуі халықаралық және ұлттық қауіпсіздік ахуалына елеулі әсерін тигізіп отыр. Діни экстремизм мен терроризм қатері әр мемлекеттің ұлттық мүддесі қорғалу деңгейінің халықаралық қауіпсіздік ахуалына тәуелділігін жоғарылатып, жаһандық сипатқа ие болды.

Осындай жағдайда радикалдық діни идеологияның таралуына мүмкіндік беретін жағдайларды (факторларды) жою үшін, сондай-ақ экстремистік және террористік көріністердің жолын кесу үшін қолданыстағы жүйе жетілдіруді талап етеді.

Бес жылдық мерзімге есептелген осы Бағдарлама елдегі діни жағдайды талдауға негізделген, діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелеріне маманданған сарапшылар мен ғалымдардың пікірлері мен ұсыныстарын ескереді.

Бағдарламаны әзірлеу кезінде Ресей Федерациясы мен Ұлыбританияның, Түркияның, Израильдің және АҚШ-тың, Сауд Арабиясының оң тәжірибесі талданып, ескерілді.

Бұл Бағдарлама діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы өзекті міндеттер мен орын алған проблемаларды шешудің нормативтік-ұйымдастырушылық негізі болып табылады. Аталған құжатта халықаралық терроризм мен діни экстремизмге, трансұлттық есірткі бизнесіне және заңсыз көші-қонға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастыққа да ерекше назар аударылған.

2016 жылы Жамбыл аудандық сотында ҚР ҚК-нің 174-бабының 1 бөлігімен айыпталған, 1969 жылы Алматы облысында дүниеге келген Фарида Батуровна Колеснюк діни алауыздықты қоздыру арқылы терроризм мен экстремизмге үндеп, теріс үгіт-насихат жүргізгені үшін аталған баппен кінәлі деп танылып, оған 3 жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды.

Осы орайда діни экстремизм мен терроризмнің алдын алудың әлеуметтік-экономикалық және өзге де тетіктерін қалыптастыру мен дамытуға бағытталған Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру арқылы мемлекеттік саясатты одан әрі жетілдіру қажеттігі айқындала түседі.

Қ. ТОХТАРБАЕВА,
Жамбыл аудандық сотының маманы.

ШАРАПАТ

Жақсылық жасағанның екі дүниеде де сауабы мол. Жылдан-жылға Рамазан айының қадірі артып келеді. Күні кешегі жетпіс жылдық дінсіз қоғамнан кейін Қазақстанның барлық жерінде имандылықтың қайнар бұлағы қалыптасты. Бұрын шалғайдағы ауылдардан Алланың үйін таппай қиналатынбыз. Бүгінде ауыл мен қала жастары иман мен ибаға келгенде өте білімді, сауатты, ізетті көрінеді. Оның ішінде, жақсылық жасап, сауапты іске кенеліп жүргендер қаншама?! Мұның бәрі өсіп келе жатқан жеткіншектер үшін үлгі аларлық іс емес пе?!

Жақсылық жасады

Рамазан айы өтіп кеткелі де бірталай уақыттың жүзі болыпты. Алайда, қуана қарсы алған Оразаны қимастықпен шығарып салғанда еріксіз толқиды екенсің. Биылғы ауыз бекіткен жырма тоғыз күннің қалай демде өтіп кеткенін байқамай да қалдық. Менің айтқым келгені, Талдықорған қалалық «Иман» мешітінде отыратын ҚМДБ Талдықорған өңірлік өкіл имамы Серікхан Рымханұлының бастамасымен жасалған ізгілікті іс жайында.

Жуырда «Иман» мешітінің қызметкерлері мүмкіндігі шектеулі жандарға жақсылық жасап, Алланың ризашылығына бөленді. Тағдырдың жазуын сабырмен көтерген ағайынға қуанышты көңіл күй сыйлап, имандылықтың қайнар бұлағынан әсерлі уағыздар айтқан кеште қызықты ойындар ұйымдастырылды. Әсіресе, сұрақ-жауап түрінде ата дініміздің тарихы, пайғамбар өмірі, сахабалар жайында құнды мәліметтер берілді. Дұрыс жауап бергендерге әртүрлі сыйлықтар таратылды. Тек кітаптарды оқып білгеннен гөрі қызықты сұрақтар қойып, жауабын қол көтеріп айтып отырсақ, әлдекайда діни біліміміз толыға түседі екен. Дастарқан соңында дін жолындағы имамдар біздерге тағы да тарту жасап, қолымызды бос қайтармады. Ислам осындай бір-біріне жақсылық жасап, ізгіліктің үлгісін көрсетумен өлшенеді. Осы шараны жаза отырып, «Иман» мешітінің қызметкерлеріне зейнеткерлер мен қалалық мүгедектер қоғамы атынан шын жүректен алғыс айтқым келеді.

Жамаш ЕСІМЖАНҚЫЗЫ.
Талдықорған қаласы.

ЭКОЛОГИЯ

Көл жағасын тазалады

Осы мәселені негізге алған «Жасыл ел» жастар еңбек жасағы облыстық штабының мүшелері Балқаш көлінің жағасында «Экодесант» атты тазалық акциясын ұйымдастырды. Оған облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы, облысымыздың жастар ресурстық орталығы, «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының облыстық штабы, Ақсу ауданы және Сарқан, Талдықорған қаласының белсенділері бір адамдай атсалысты. Жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру,барша жұртты тазалық сақтауға, қоршаған ортаны қорғауға шақыру, Балқаш көлінің экологиялық мәселелеріне халық назарын аудару сынды мақсатты ұстанған олар іске білек түре кірісті. Алдымен Балқаш көлінің жағалауындағы Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің демалыс орнының айналасын жөнге келтіріп, содан соң жағажайдағы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

— Биыл бұл акцияны өткізіп жатқанымызға бесінші жыл. Қазіргі таңдағы ең өзекті мәселенің бірі — демалушылардың көлдің жағалауына қоқыс пен тұрмыстық қалдықтарды қалдырып кетуі. Соның барлығы экологияға кері әсерін тигізеді,— деген Алматы облысының жастар ресурстық орталығының директоры Бақтияр Жақсыгелдинов акцияның жастардың басын қосу, орталарындағы сыйластық пен достық пен ынтымақтастықты нығаюына да өз септігін тигізетінін тілге тиек етті.



Шіліңгір шілденің бір қызығы – көл жағалауында сауық құрып, тынығып қайту. Алайда, соңымызда қалып кететін тұрмыстық қалдықтардың табиғатқа ғана емес, адам баласының өміріне де қаншалықты залалын тигізетініне мән бере бермейтініміз рас.

Сүретті түсірген Талғат ШІДЕРБАЕВ.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Биылғы жасақ құрамы былтырғы жылға қарағанда едәуір көбейген. 100-ден астам жастар қатысқан акция жоғарғы деңгейде өтті. «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының жылдағы дәстүрге айналған осы «Экодесант» акциясы келешекте де жалғасын табады деген сенімдеміз.

АССАМБЛЕЯ АЯСЫНДА

Тарихи ескерткіштерге тәу етілді

Осындай тақырыппен Қазақстан тарихын білуге және құрметтеуге шақыруды, ұлттық мәдени құндылықтарымызды ұрпақтан ұрпаққа жеткізуді, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеп, азаматтық белсенділіктерін қалыптастыруды мақсат тұтқан республикалық этномәдени бірлестіктер төрағаларының қатысуымен тарихи-мәдени жоба жүзеге асырылуда.

Қытайдан бастау алып Таяу Шығыс пен Еуропа елдеріне баратын, адамзат тарихындағы көне ескерткіштердің бірі болып табылатын Ұлы Жібек жолының едәуір бөлігі Орта Азия мен Қазақстан аумағын басып өткендігі белгілі. Осыған орай 25-28 шілде аралығында халықаралық мәдени жобаға қатысушылар Алматы – Талдықорған – Үшарал аралығындағы тарихи ескерткіштерге тәу етіп, Қазақстан халқы Ассамблеясы аясында құрылған қоғамдық келісім кеңестерінің қызметін жаңғырту бағытында іс-шаралар өткізуде. Алдымен Кербұлақ ауданындағы Ш. Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемориалдық кешенімен, облыс орталығындағы М. Тынышпаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейімен, І. Жансүгіров атындағы әдеби музейімен танысқан жобаға қатысушылар шілденің 26-сында Сарқан қаласына келіп, Сарқан және Ақсу аудандарының қоғамдық келісім кеңестерінің мүшелерімен кездесті.

Жиынды аудан әкімі Ергазы Қошанбеков жүргізіп, Алматы облыстық Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығының директоры Тәнірберген Қасымберкебаев жұртшылықты сапар мақсатымен таныстырды. Кездесу барысында «Ұлы Жібек жолы бойындағы сұхбат» жобасының авторы Гүлнар Аннакулиева, Сарқан қалалық әжелер кеңесінің төрайымы Күлшарбан Қалиева, «Ақсу өңірі» газетінің бас редакторы Мұхаметәлі Қазбанбетов, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының бас маманы Сәуле Сұрабалдинова сөз алып, Жетісудағы тарихи-мәдени ескерткіштердің бүгінгі тыныс-тірлігі, өткеннің, аға буынның өнегесімен рухтанған жастардың бойындағы туған жерге деген сүйіспеншілік жайында жан-жақты әңгімеледі.

Тарихи-мәдени жобаға қатысушылардың сапары Сарқан ауданындағы «Қойлық» археологиялық кешенінде, Алакөл ауданындағы тарихи орындарда сабақтасып, жалғасын табатын болады.

Жомарт ИГІМАН.
Сарқан ауданы.

ALATAU-TAMCHIBOULAK

ұрпақтары Жетісуға келді



(Соңы. Басы 1-бетте).

— Бұл облыс — еліміздің тұңғыш Президенті туған өңір. Енді біз мұнда сіздердің аталарыңыз Алатау-Тамшыбұлақ Аткинсон дүниеге келді деп те мақтанатын боламыз. Ол заманда ұшақ жоқ, тек ат-шанамен жаяу жүріп, небір қиындықтарды көріп,қаһарлы қыста ұлын шетінетіп алмай,аман-сау еліне алып қайтуының өзі ерлік. Енді сол Аткинсон ұрпағын бүгін осында көріп отырғанымызға біз аса қуаныштымыз,— деді облыс басшысы. Кездесу соңында Амандық Ғаббасұлы шетелдіктерге қазақтың қонақжайлығын тағы бір танытып, Аткинсон ұрпағына бағалы сыйлық табыстады.

Журналистер үйінде жалғасқан шарада жазушы, аталған жаңа кітаптың авторы Ник Филдинг тілшілерді слайд арқылы Томас Аткинсонның туып-өскен ортасы мен халқымыздың сол уақыттағы тұрмыс-тіршілігін бейнелеген суреттерімен таныстырды. Саяхат құрып жүргенінде қазақ отбасында қонақ болып,сұлтандарымен тілдескені, әйелімен Қапалда қыстағанының барлығы суреттен көрініс тауыпты. Айта кетейік, Томас архитектор мамандығын да меңгеріп, өзі тұрған шаһардың бірқатар ғимараттарын жобалауға атсалысқан. Өз кезегінде Аткинсонның үрім-бұтағы саналатын Пол Далквист, Белинда Браун, Филиппа Смит, Рауз Уайтхед сөз алып, бабаларын ұлықтауға барын салып жатқан қазақ халқына ағынан жарылып, алғыстарын білдірді.

Түс ауа Тамшыбұлақтың таңдайдан кетпес суынан дәм татып, Алатау Аткинсон дүниеге келген жерді көзбен көру мақсатында саңлақ саяхатшының саналы ұрпағы Ақсу ауданы, Қапал ауылына ат басын бұрды. Мұнда олар ең алдымен Алатау-Тамшыбұлақ Аткинсон дүниеге келген жерге орнатылған мемориалдың ашылуына куә болды. Артынша Тамшыбұлаққа барып, салқын суынан ішіп көрді.

Қапал Мәдениет үйінде оларды тағы бір тосын сый күтіп тұрды. Іңғалаған сәби үні естіліп, Томас Аткинсонның ұлды болғандығы туралы барша жұртқа сүйінші хабар жеткізген театрландырылған қойылым ұсынылды. Алатау-Тамшыбұлаққа ат қойылып, бесікке бөленді. Бұдан соң тойбастар таратылып,шілдехана дастарқаны жайылды.

Тарихи шараға Томас Аткинсонның шөберелері ағайынды Стив Браун мен Филиппа Смит кезіндегі ата-әжесінің киім үлгісімен киініп келді. Өздері оның себебін бұл кездесуге ұзақ дайындалғандары мен бір ерекшеліктің болуы шарт деп шешкендерімен деп түсіндірді.

— Қолға қуыршақ алып, XIX ғасырдың үлгісінде киінгенді жөн көрдік. Бұл үлгі біздің ата-әжеміз бен сәби Алатау Аткинсонның дүниеге келген мерзімін елестетіп тұрғандай болсын дедік. Қазақстандықтар бізге ұшақтан түскеннен бастап керемет құрмет көрсетуде. Өте ризамыз. Барған жеріміз бізді күмбірлеген домбыраның қоңыр үнімен қарсы алды. Алған әсерімізді сөзбен жеткізу мүмкін емес, — деді бабалары ішкен судан дәм татқан олар.

Шетелдік қонақтар кешқұрым Томас пен Люси Аткинсонның табаны тиген Арасан арқылы Сарқанға жол тартты.

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА

БИООТЫН — БОЛАШАҚТЫҢ БАСТАУЫ

Бабаларымыздың тасты тасқа ұрып от шығарып, алғашқы энергия көзін байқаған кезін болжау қиын. Бірақ осы тіршілік құбылысын адам емес, табиғаттың өзі бізге сыйға берді. Содан бері неше миллион жыл өтсе де тұрмыстық қажеттілікті қамтамасыз ететін жасырын күшті табиғаттан алып келеміз. Демек, судан алынған бумен паровоздарды жүргіздік, жанармаймен ұшақ ұшырдық, асфальт жолдарда жеңіл көлікті жүйткіттік. Алып кемелер мұхиттарда ойқастады. Айшылық жерді жақындаттық. Қысқасы, балама энергия көздері арқылы бәрін жасауға мүмкін екенін дәлелдедік. Өкінішке орай, қазіргі таңда адамзаттың тіршілігі тығырыққа тіреліп. Табиғат бай екені анық. Бірақ, кейінгі бірнеше ғасырдағы өндірістің, өнеркәсіптің өркендеуі жер қойнауындағы байлықты сарқып бітті. Сонымен ілесе энергия көздеріне деген сұраныс туындады. Соңғы екі жылда әлем экономикасындағы ең тартысты уақыт болды. Қадірі мен қасиетін, қаржысы мен қарымын қара алтынның қамымен қамдап келген бірқатар ел мұнай бағасының төмендеуі салдарынан есеңгіреп қалды. Тіпті, энергия көздерін мұнайдан шығатын өнімдер арқылы айырып отырған мемлекеттер үшін балама энергияны байытудың қажеттілігі туындады.

Қажет АНДАС

жеттілігіне жұмсалса, қалған бөлігі экспортқа шығарылды. Алдағы уақыттағы жоспар да ауқымды. Сол қатарда қант қызылшасын егетін алқапты ұлғайту, өнімділікті арттыру көзделіп отыр. Ал облысымыздағы қант өндірумен айналысатын зауыттың қатары

Бүгінде биоотынды өндіру тәсілі барынша кеңейіп келеді. Себебі уақыт өткен сайын өсіп, дамып келе жатқан қоғам жанар-жағармайдан гөрі адамға да, табиғатқа да пайдалы отын түрін қолданғанды дұрыс көреді.

үшке артпақ. Соның бірі – Ескелді ауданы, Қарабұлақ қант зауыты өндіру техникасын терең меңгеруде. Демек, жуырда өңір тұрғындарын қантпен қамтамасыз етумен бірге өңірімізде қант қамысынан биоотын өндіруге де мол мүмкіндік ашылады деген сөз.

Десе де, көпшілік биоотынды тек астықтан өндіреді деген қасаң қағидадан арылғаны жөн. Кәдімгі тұрмыстық қалдықтардан да энергия көздерін молынан өндіруге болатынын ғылым дәлелдеп, дамыған елдер сол арқылы да игілік көріп отыр. Мәселен, немістер тұрмыстық, жапондар азық қалдықтарын кәдеге жаратып, биоэтанол өндіріп отырғанын біз бүгінде аңыздай қылып сөз етеміз. Алысқа бармай-ақ қоялық, ауласында төрт түлігі мыңғырып жүрмейтін қытайлықтардың өзі малдың қиынан көгілдір отын өндіріп, күнделікті тұрмыс қажеттілігіне пайдаланып отыр. Ал біз ше? Ауламыздағы көңді төгетін жер таппай қиналамыз. Соны қажетке жаратуға неге құлықсызбыз деп ойланасың кейде. Ал осындай мүмкіндіктерді пайдалану жағын неге карастырмасқа? Міне, осыны ойласақ, биоотын саласын дамытуға қатысты мемлекеттік саясатты бүгіннен бастап қалыптастырып алуымыз қажет. Ол ең алдымен қоқысты өңдеп, кәдеге жаратудан басталғаны жөн-ақ.

Осы тұрғыдан келгенде, қазіргі таңда өңірімізде қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу ісі бүгінгі күннің талабынан шығып отыр деп айту әлі де ертерек. Сондықтан күн сайын шығатын тұрмыстық қалдықтарды арнайы күл-қоқыс үйінділері мен полигондарда сақтау ісі қолға алынып келеді. Қазір облыстың 772 елді мекенінде жалпы көлемі 1113,6 гектар болған 513 заңдастырылған күл-қоқыс үйіндісі мен полигонға жылына 850 тоннадан аса керексіз заттар тасымалданады. Бір қуанарлығы, кейінгі жылдары өңірдегі қатты тұрмыстық қалдықтарды жою мәселесін шешу мақсатында Талдықорған және Қапшағай қалаларында қалдықтарды қайта өңдеу зауытын салу Қазақстан Республикасы экологиялық мәселелер тізіміне енгізілген. Сондай-ақ,

Қазақстан биоэтанолды өндіру ісіне экспортқа бағытталған тауар ретінде басымдық беріп отыр. Сондықтан еліміз өндіргелі отырған биоотын көзі саналатын биоэтанол басқа емес, кәдімгі бидайдан алынбақ.

облыста 7 кәсіпорын қайталанба шикізаттарды, яғни қағаз қалдықтары, пластика, шыны сынықтары, медицина заттары, пайдаланылған автокөлік резенкесі және аккумуляторларды жинау, тасымалдау және өңдеумен айналысады. Атап айтар болсақ, Іле ауданы мен Талдықорған қаласында «Интермед» ЖШС медицина қалдықтарын жоюды, Қарасай ауданындағы «Қазақстан қағазы» АҚ қағаз қалдықтарын, Іле ауданындағы «САФ» АҚ шыны сынықтарын, Талдықорған қаласындағы «Қайнар АКБ» ЖШС пайдаланылған аккумуляторларды өңдеуді жүзеге асырады. Өкінішке орай, бұл шаралар тек экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен ғана шектеліп отыр. Осы қалдықтарды пайдаланып, жанама энергия көзін өндіру кенжелеп тұр. Кезінде жапондар тамақ қалдықтарынан бензин өндіреді, немістер мұнайдан тамақ жасайды дегенге таңырқай қарайтынбыз. Соның шындығына бүгін көзіміз жетті. Егер өзіміз ертерек қолға алмасақ, осы қалдықтарды ертең өзге елдер арзанға сатып алып, дайын өнімін еселеп бізге өткізбесіне кім кепіл?!

Шілденің басында жеке кәсіпкер Гүлнұр Маратқызы басшылық ететін «ЭкоСервис-Арман" серіктестігінің бастамасымен Талдықорғанда түрлі қалдықты өңдейтін ірі қоқыс зауыты іске қосылды. Құны 3 миллион 200 мың долларды құраған зауыт қондырғысын серіктестік өз қаржысына сатып алды. Қондырғының идеясы Италиянікі болғанымен барлық жабдығы Қытайда жасалыпты. Зауыт басшылығының айтуынша, қалдықсыз өнім шығаратын құрылғы толық қолданысқа өткенде күніне 50 тонна шикізатты өңдейді. Жоба инновациялық "Евро-4" санатты экологиялық талаптарға сай болғандықтан шикізат қалдықсыз шығады. Зауыт резеңке, пластик, қағаз, медициналық қалдықтар, тіпті мал өлекселерін де өңдеп, газ, қара май, солярка мен бензин, техникалық көміртегі мен жартылай кокс алады. Бұл өнімнің бәрін қайталай өндіріске қолдануға мүмкіндік мол. Тіпті, өңдеуден кейінгі күйенің өзі баспахана бояуын шығаратын кәсіпорындарда сұранысқа ие. Сондай-ақ, зауыттың өндіріске кететін шығыны да көп емес. Қызғанша ғана аз-маз көмір тұтынғаны болмаса, арнайы пештер өзі жаққан қалдық заттардан шыққан газ арқылы жұмысын жүргізе береді. Көмірден шығатын түтін мен қалдықтар жанғанда шығатын зиянды заттар пеш ішіндегі катализаторда, арнайы дайындалған су бассейнінде сүзіліп қалады. Ауаға зиянсыз ақ түтін мен бу ғана шығады. Сондықтан зауыттың мұржасынан бұрқырап шығып жатқан түтін емес, денсаулыққа зиянсыз бу екенін ескерте кеткіміз келеді. Бұл қуанарлық жағдай болғанымен осындай мысал өңірімізде тым аз. Демек, биоотын өндірісіне деген ықылас мол. Десе де, елде биоотын өндірісін өркендету үшін алдымен біз осы іспен айналысамын деген зауыттарды потенциялы мықты технологиямен қамтамасыз ете білгеніміз жөн. Осыдан кейін ірілісұсақты биоотын өндіретін зауыттар легін көбейте алсақ, нұр үстіне нұр болар еді.

Рас, биоотын өндірісін дамыту бір-екі жылдың еншісіндегі шаруа емес. Бірақ бұл келешегі бар жоба. Бүгінде нарықтың қағидасына етене сіңісіп үлгерген елдер жоқтан бар жасап, бір затты екеу етіп ұқсатуға әбден бейімделген. Сондықтан бізге де осындай қасиеттерді бойға сіңіруге ұмтылған жөн. Биоотынның тиімділігін мойындап үлгерген елдер өзінің ішкі нарығына айтарлықтай пайда енгізуде. Байыптасақ, соңғы 20 жыл көлемінде әлемдегі биоотын өндірісі 12 есеге дейін артқан. Тағы да сол халықаралық сарапшылар әлемдік мұнайға баға төмендеген кезеңде биоотын нарығындағы бәсекелестік екпіндейтінін баса айтып жүр. Тағы бір жағынан биоотын өндіру бастамасы Астанадағы EXPO – 2017 көрмесінің де бас тақырыбына сай келеді. Ерекше атап өтетін жайт, Астананың Халықаралық көрмелер бюросына ұсынған тақырыбы – «Болашақтың энергиясы» да әлем елдерінің бірде-бірінде қозғалмаған ең өзекті, тың тақырып. Бұл Қазақстан үшін ғана емес, күллі ғалам үшін өмірлік маңызға ие бастама болмақшы. Елбасы атап көрсеткендей, EXPO – 2017 көрмесінің «Болашақтың энергиясы» тақырыбы ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясын, күн, жел, теңіз, мұхит және су тәрізді бүгінде бар баламалы энергия көздерін пайдалануда жаңа әзірлемелер мен технология қолдануға мүмкіндік береді. Астана осы саладағы ең үздік әлемдік әзірлемелер мен трендтер көрсету үшін тиімді алаңға айналуы мүмкін. Сондай-ақ, көрме елдің өндірістік қуаты мен ғылыми базасын технологиялық жаңғырту және экономиканы жүйелі әртараптандыруда мол мүмкіндікке ие. Осы тұрғыдан келгенде биоотын өндірудің әзірлемелері де Астана EXPO – 2017 көрмесінің тақырыбымен үйлесім тауып отыр.

Айта кетерлігі, биоотын өндіру мемлекет тарапынан мықты қолдауға ие. Айталық, 2010 жылдың 16 қарашасында Мемлекет басшысы биоотын өндірісі және айналымы саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған «Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Заңға қол қойды. Заңда биоотын өндірісін және айналымын дамыту, биоотын өндірісі кезінде мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін реттеу, сондай-ақ, қоршаған ортаны қорғау шараларына бағытталады. Сонымен бірге, құжат биоотын өндірісі мен айналымына қатысы бар шаруашылық субъектілерінің қызметін құқықтық реттеуді жүзеге асырады. Заң жобасында ең алдымен биоотынды өндіру кезінде мемлекеттік азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары қамтылған. Демек, заң арқылы қорғалған шаруаның болашағы баянды болары анық. Тек жерлестеріміз құлшынса ғана осындай өндірістердің қатары көбейіп, күл-қоқыссыз, қатты қалдықсыз, оның орнына шетелге жаңа энергия көзін экспорттайтын мықты елге айналуға болады.

Ресми деректер бүгінде Қазақстанда биоотын өндіретін шикізаттар легі жеткілікті екенін айқындады. Ол үшін елде жүгері, бидай, рапс, соя, пальма майы, қант қамысын өндіру технологияларын дамыту қажет. Қалай десек те, бүгінде дамуға ұмтылған стратегиялар легі көп. Тек солардың ғұмыры ұзақ және жемісті болсын делік.

ТАМЫЗ КЕҢЕСІ ҚАРСАҢЫНДА

Тәрбиеге жауапты ата-ана ма, ұстаз ба?

Бала – адамның бауыр еті. Сондықтан халықтық ортада ата-ананың, бүкіл елдің бақытын балаға, саналы ұрпаққа теңеген. Қазақ халқында баланың дүниеге келуі мен өсуіне байланысты тәлім-тәрбие берудің жүйелі мектебі қалыптасқан. Бойына бала біткен келіншек болмысында теріс мінезі болса өзін іштей тәрбиелеп, тек жақсылық жасап, жақсы ой ойлап жүруге тырысқан. Осы тұрғыда құрсағында баласы бар ана немен шұғылданса, бала соған бейім келеді. Дана халқымыз ұлтымыздың болашағы балалар мәселесіне үлкен мән беріп, зор жауапкершілікпен қараған. Бір даналықта: Нәрестелі болған екі жас көнекөз қарияға баланы тәрбиелеу үшін ақыл сұрағалы келген екен. Сонда қария: «Балаларың өмірге келгелі қанша күн болды? – деп сұрайды. Екеуі баласын қырқынан шығарып келіп отырғанын айтады. Қария басын шайқап: «Тәрбие беру үшін 9 ай, 49 күнге кешігіп қалған екенсіңдер», – деген екен.



Халқымызда «Баланы жеті жасқа дейін патшаңдай күт, он төрт жасқа дейін құлша жұмса, он бестен асқан соң досыңдай сырлас», – деген қағида бар. Бала жеті жасқа келгенше емін-еркін өсіп, ойын ашық айтатын алғыр болып қалыптасады, жетіге толып белі қата бастаған баланы әр іске араластырып, еңбекке үйретсе, ол іскер және еңбекқор болады. Он төрттен асқан баламен еркін сөйлессе, оның ертеңгі үлкен өміріне жол сілтеп, мазалап жүрген мәселені шешуіне мүмкіндік туады. Сол арқылы ұл ертеңгі абыройлы әке, елді қорғайтын жауынгер, ұлттың намысын жоғары қоятын еразамат болуға тәрбиеленеді.

Негізінен саналық та, даналық та адам бойына отбасының тәлімі, ата-ананың көрсеткен үлгісі арқылы дариды. Ал баласы тәрбиелі, үлгілі болса ата-ананың абыройы асқақ. Осыған орай «Балаң жақсы болса мақтанып жүресің, балаң жаман болса жасқанып жүресің», – деген сөз орамы қалыптасқан. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаған. Өйткені бала – отбасының негізгі діңгегі, дәнекері. Адамға нағыз бақытты – тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. Жас кезінен бала жауапкершілікке тәрбиеленсе, мектептегі міндеттерін оңды орындайды.

Қазіргі кезеңде қазақ халқының өмірінде бұрын-соңды болмаған оқуға, еңбекке, қоғамдық өмірге ықыласы жоқ балалар саны күннен-күнге артуда. Есесіне олар халқымызға жат жағымсыз қылықтарға еліктеуде. Бұл мәселені тудыратын себептердің бірі – отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілік сезімінің жоқтығы. Екінші себеп – отбасындағы маскүнемдік, ұрыс-керіс, ажырасу. Бала тәрбиесінде ата-ананың мінез-құлқы шешуші рөл атқарады. Үшінші себеп – отбасында ұл балаға үнемі жеткіліксіз көңіл аударылып, ата-ана оның жан дүниесіне, қалауына жете үніле білмейтіндігі. Даңқты батыр Бауыржан Момышұлы бала тәрбиесі жөнінде былай депті: «Мен үш нәрседен қорқамын. Біріншісі, өзінің сәбиіне бесік жырын айта алмаған анадан, немересіне ертегі айтып бере алмаған әжеден, үшіншісі, екі қазақтың бір-бірімен орысша сөйлесіп тұрғанынан. Бала тәрбиесіне отбасы жауапты. Себебі, мектеп қабырғасына әртүрлі тәрбие алған балалар келеді. Жауапкершілігі мол, тәртіпке үйренген бала сабақтарда ұстаздың тапсырмаларын бұлжытпай орындайды, үй тапсырмасын тыңғылықты жасап келеді. Оқушылардың ата-анасы, ол мектептен келгенде қандай баға алғанын, не нәрсені үйренгенін сұраса, алған бағасына риза ма білгісі келсе, бала өзінің бағасына сыни тұрғыдан қарап, өзі жіберген олқылықтарын мойындап, жіберген қателіктерді жойып отырса, ал ата-ана оны кінәламай, жәрдемдессе, шамаларына қарай сонда оқудың нәтижесі оңды болар. Ал ата-ана баласының не оқып, не істегенінен бейхабар болса, ол өз баласына көмек көрсете алмайды»

Оқу мен тәрбие егіз. Мұғалім оқығысы келмейтін баланы да оқыта білуге тиісті. Сабаққа дайындалмай келген, мұғалім берген тапсырманы орындамаған бала осындай жайды әдетке айналдырады. Мұндай оқушылар сабақтарда тәртіп бұзып, ерігіп, сыныптастарының мазасын алып, мұғалімге сабақты қажетті деңгейде түсіндіруге кедергі жасайды немесе оқуға қызығушылығы жоқ болғандықтан әртүрлі сылтауды ойлап тауып, сабаққа қатыспайды.

Осындай мәселелер туындамау үшін бастауыш сыныпта оқушылар сабаққа үнемі қатысып, тапсырмаларды орындап орта буынға оң дағдылармен келуге тиісті. Әр оқушы мұғалімнің назарынан тыс қалмауы керек. Ал орта буындағы әрбір нашар тәртіптегі, үлгерімдегі оқушыларға сабақ сайын тапсырма беріп, оның орындалуын қадағалап, еңбектенуге дағдыландырған дұрыс. Сонда ғана бұл мәселе шешіле бастайды.

Балаға ата-ана мен мұғалімнің қоятын талабы бірдей болғаны жөн. Егер тәрбиеде қарама-қайшылықтар орын алса, ол оңды нәтиже бермейді.

Отбасында да, мектепте де тәрбие ұлттық салт-дәстүрге, халықтық педагогикаға негізделуге тиіс. «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып беремін», – деген шығыстың ғұламасы әл-Фараби. Адамның құдіреті санасында, сондықтан да әрбір адам саналы өмір сүріп, ұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаса, ол алға қойған мақсатына да, байлыққа да, бақытқа да қол жеткізе алады. Егеменді еліміздің көсегесін көгертетін, қазақ ғылымын дамытып, дүниежүзілік аренаға көтере білетін терең білімді жігіттер мен қыздарды тәрбиелеу – күн тәртібіндегі бірінші мәселе.

Баланың жігерін жасытатын үкімді баға беру. («Сен дұрыс сөйлей алмайсың» деген сияқты кесімді ұғымдардың әсері жаман). Осыдан кейін баланың тауы шағылып, талабы қайтып қалатыны анық. Сондықтан бастауыш сыныптағы балаларды үнемі көтермелей жетелеп тәрбиелеудің мәні зор.

Бастауыш сыныпқа келген бала нашар оқыса, тәртібі жаман болса да істеген әрекеттеріне теріс те зілді баға бермеуіміз керек. Оның жекебасының намысына тиетін сөздерді айтып, жан дүниесін жараламауымыз қажет. Мұндай әрекеттер баланың өміршең талпынысына нұқсан келтіріп, армандары мен сенімдерін жоғалтуға әкеліп тірейді.

Тағы бір атап айтарлық жайт, жеткіншекті басқа бір баламен салыстыра бағалаудағы жіберілетін әділетсіздік. Мұндай әрекеттер арқылы бала қызғанушылық, өзімшілдікті қалай сіңіріп алғанын байқамай қалады.


Сонымен бала түсініскен ортада тәрбиеленсе оның төзімді де жігерлі психикасы қалыптасады. Ол өзінің әр қадамына баға беріп, жауапкершілігі артады. Отбасында, мектепте, өз достарының арасында алған тәрбиенің арқасында ол кез келген жағдайға бейімделіп, білімін өз қажеттілігіне, игілігіне пайдаланып, шығармашыл, өз-өзіне сенімді тұлға бола алады, жасқаншақтықтан айырыла алады.

Бүгінгі баланың психикасы өзгеше, олар тоталитарлық жүйеден нарықтық жүйеге өту процестері кезінде дүниеге келгендердің ұрпағы. Сондықтан олардың психологиясы да өзгеше. Сондықтан баланы жаңа көзқараспен тәрбиелеу үшін, үлкендер жағы жастардың психологиясын түсінуі керек. Егер олар өзін-өзі баланың ыңғайына қарай өзгерте алмаса, ары қарай тәрбиелеу қиындай түседі. Күш көрсету арқылы тәлім жүргізуге болмайды. Бұл баланың келешегіне балта шабумен тең. Үлкендердің қаталдығы мен қатыгездігі арқылы баланы жөндеймін деу де ақылға сыймайды. Тек қана мейірім мен сүйіспеншілік, төзімділік нәтиже береді. Жеткен жетістіктер әділетті бағаланғанымен тым асыра мадақтаудың да орын алмауын қадағалау керек. Артық айтқан мақтау сөз жақсылық әкелмейді.

Тәрбие туралы пікірім дәлелді болсын деген мақсатта «Баланы кім босаңсуға жібереді және оны қайтаратын кім?» деген сұрақ бойынша әр буында оқитын оқушылар және мұғалімдерден сауалнама алдым. Олардың жауаптары төмендегідей: орта буындағы оқушылар өздерін кінәлайды, жоғары буындағылар өздерімен қоса ата-аналарын және ұстаздарын да жауапты санайды. Олардың пікірі: «Ата-аналар мен ұстаздар бастауыш сыныптарда біздің ойын баласы екенімізді көп ескермеді, бізбен күн сайын қара терге түсіп тыңғылықты үй тапсырмаларын орындауға жәрдемдеспеді, сондықтан біз ойнап кетіп, жауапкершілікке тәрбиеленбегенбіз», – дейді. Ал ұстаздар бала тәрбиесіндегі олқылық ата-аналардың жауапкершілігінің төмендігінен орын алады деген пікірді алға тартуда. Осыдан шығар қорытынды ата-аналар бала алдындағы жауапкершілігін жете сезініп, отбасы тәрбиесінде жіберіліп жатқан кемшілікті ұстаздар қауымы түзеуге тырысып, баламен жеке жұмыс жүргізсе, олқылықтардың орнын толтыруға болады деп ойлаймын. Бұл ретте ұстаз ата-анамен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп, балаға қатысты мәселені бірлесіп шешкені жөн. Баланың да пікірімен санасқан орынды. Сонда тәрбие жұмысы өз деңгейінде жүреді деп білемін.

Анаркүл ҚАБЫЛБЕКОВА,
Панфилов атындағы орта мектептің мұғалімі.
Кербұлақ ауданы.

ШОЛУ: АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ



Гені өзгерген ҚАТЕРЛІ ӨНІМ

Азық-түлік қауіпсіздігі осы ғасырдағы ең өзекті және көкейкесті мәселенің біріне айналды. Түптеп келгенде, әлемдегі тұрақсыздық пен саяси ауытқулардың денін осы азық-түлікке деген сұраныстың артуы туындатып отыр. Осы тұрғыдан келгенде, бүгінгі таңдағы ауылшаруашылық өнімін өндірушілердің бірқатары өз алқабындағы егістерінен мол өнім алу жолында түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға мұқтаж болып отыр.

Қажет АНДАС

Расында, осыған дейін азық-түлік өнімдерін өндірушілердің басты жауы – зиянды жәндіктер, дерт-дербез алқапты басып, мол өнім алуға кедергі келтіретін арамшөптер болатын. Әрине, бүгінде азық-түлік өндірісінің жауы болып отырған бұл зиянкестерді жоятын уыттылығы жоғары түрлі химиялық дәрілер шығарылып, өндіріске енді. Әрине, бұл дәрілер бастапқыда әлемдегі әр елдің ғылымизерттеу орындарының бақылауында болды. Химиялық дәрілердің табиғатқа, қоршаған ортаға, экологияға кері әсері есептеліп, тексеріліп, өндіріске тек рұқсат етілген мөлшері ғана қолданылды. Сондықтан қауіптілік деңгейі төмен болды. Алайда, бұндай дәрілерге деген сақтық күшейтілгенімен адамдар бәрібір топырақтың құнарлығын сақтап қала алмады. Оның үстіне әлемдегі тауарлы шаруашылықтың өркендеуі, азық-түліктің жетіспеушілігі осы салада жұмыс атқаратын кәсіпкерлердің «Мол пайдаға кенелу» түйсігін дамыта түсті де сол мемлекеттің қатысты тауарлары тарапынан рұқсат етілмеген химиялық дәрілерді өздері өндіріп, өндірісті өркендетуге көшті. Ал өткен ғасырдың 90-шы жылдары басталған Азия елдеріндегі нарықтық шаруашылыққа көшу үрдісі адамдардың аранын тіпті аша түсті. Әсіресе, ауылшаруашылығымен жан бағып, нан тауып жеп отырған елімізге көрші Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінің өндірушілері экспорт мөлшерін көбейте түсу үшін түрлі айла-шарғыларды ойлап тапты. Қазір елімізге ағылып жатқан азық-түлік тауарларының дені адам ағзасына орасан дерт әкелетін гені өзгертілген тауарлар болып отыр.

Ендеше, гені өзгертілген азық-түлік дақылы деген не? Гені жасушадан жасанды жолмен бөлінген, яғни клондалған ген мен қайталай өңделіп біріктірілген генді дақылдардың геномына енгізіп, қайталай өндіру тәсілі. Осы арқылы жаңа сортты, ерекше қасиетке ие дақылды жетілдіру. Расында, азықтық қоспаны адамзат ерте кезден пайдаланып келеді. Мысалы, табиғи ас тұзы етке, балыққа, көкөніске қосылса астың дәмі кіріп, тәбет шақырады. Айта берсек, мұндай жағымды мысалдар жетерлік. Алайда, бүгінгі химиялық қоспалар адам ағзасына зиянды. Гені өзгертілген азықтық деген атынан үріккеніміз болмаса, оның қандай болатынын, пайда-зияны қаншалық екенін қарапайым халық, яғни біз әлі біле бермейміз. Себебі, оның адам денсаулығына әсері әлі толық зерттеліп біткен жоқ. Десе де, дүниежүзілік тамақ өндірісінде азықтық қоспаның үш түрін мүлдем қолдануға тыйым салынған. Олар Е-121 қоспасы – қызыл цитрус тағамдық бояуы, Е-123 – амарант бояуы, Е-240 – формалдегид консерванты. Бұл қоспалар шоколадқа қосылатын. Бүгінде Е-240 консервантының азық-түлікке кері әсер ететіні дәлелденген. Кейбір азықтық қоспалар аллергиялық реакция туғызады, асқазан-ішек жолында қабыну пайда болып, таяныш-қозғалу мүшелердің жұмысының бұзылуына алып келеді. Кейбір сүт өнімдері 100 пайыз жасанды екені, зауыттан шыққан сүт өнімдерінің адам ағзасына зияндылығы туралы көп айтылып жүр. Табиғи сүт асып кетсе 3-4 күн ғана сақталады. Сосын ашып кетеді. Ал сауда нүктелеріндегі «табиғи сүт» белгілі бір температурада 6 айға дейін сақталады. Бізді де ойландыратыны – осы жағдай. Мәселе сүттің құрамына қосылған консерванттар мен сүт сақталатын асептикалық қорапта тұрған сияқты. Жақында Швейцария ақпарат құралдарында таңғаларлық деректер жарияланды. Бұдан отыз жыл бұрын жерленген адам мүрделері сол күйінде бұзылмай сақталған. Ғалымдар бұл жағдайды зерттей келе денелердің бұзылмай сақталуына жеген тамақтарының құрамындағы консервант-тардың тікелей қатысы бар екенін анықтады. Малдың немесе құстың тамағына қосылатын антибиотиктер мен етті өңдеуде қолданылатын химикаттар оның құрамында сақталып қалады. Соңғы кездері ет өнімдерінен уланудың көбейіп кеткені содан. Сенсеңіз, қазір дүкенде тұрған кейбір шұжықтың құрамында ет жоқ. Дайын өнім адам ағзасына өте зиянды соя концентратынан, дәмдегіш, салмақ көбейткіш, ет дәмін беретін түрлі химиялық қоспалардан тұрады. Солай бола тұра, ет өнімін шығарушылар тұтынушыны өнімнің құрамындағы химиялық қоспалар өте аз мөлшерде, еш зиянсыз деп сендіреді. Бірақ химиялық заттар жылдар бойы ағзамызға шөгіп, ішкі мүшелерімізді зияндап жатыр. Азық-түліктің сақталу мерзімін ұзарту – тамақ өнеркәсібімен айналысатын көптеген компаниялардың басты мақсаты. Олар өнімді ұзақ мерзімге сақтаудың түрлі тәсілін қолданып бағады. Мысалы, алма қабығы парафиннің жұқа қабатымен қапталады. Осындай тәсіл алманы екі жыл сақтауға мүмкіндік береді. Сондықтан алманы жеуден бұрын жай ғана сумен жуу жеткіліксіз. Оны щеткамен мұқият ысқылап, бірнеше минут ыстық сумен жууымыз қажет. Сондай-ақ, базардағы көздің жауын алатын өрік қағы табиғи түрде суыққа төзімді, ұзақ сақталу қасиетіне ие болды. Оларды зиянкестер де жемейді. Гені өзгертілген дақылдан алынатын өнімнің көлемі де жоғары. 1994 жылы қарапайым қызанақтың генін камбала балығының генімен шатыстырды. Осындай томаттан жасалған кетчуптер әлемнің барлық елдерінде сатуға шығарылды. Ал картоп геніне бәйшешек гүлінің гені кіріктірілді. Қазір дүниежүзінде мыңға жуық гені өзгертілген өсімдіктер пайда болды. Солардың жүз шақтысын қолдануға рұқсат етілген. Бұлардың ішінде соя, жаңғақ, жүгері, бидай және картоп та бар. Бірақ кейін келе пайдаға көзі тұнған фермерлер мен алыпсатар саудагерлер адам ағзасына зиянды, гені өзгертілген азықтарды жаппай қолдана бастауына байланысты оның адам өміріне қауіптілігі ескеріліп, Еуропаның біраз елі одан бас тартқан еді.

> ***Сенсеңіз, қазір дүкенде тұрған кейбір шұжықтың құрамында ет жоқ. Дайын өнім адам ағзасына өте зиянды соя концентратынан, дәмдегіш, салмақ көбейткіш, ет дәмін беретін түрлі химиялық қоспалардан тұрады.***

> ***Азық-түліктің сақталу мерзімін ұзарту – тамақ өнеркәсібімен айналысатын көптеген компаниялардың басты мақсаты. Олар өнімді ұзақ мерзімге сақтаудың түрлі тәсілін қолданып бағады. Мысалы, алма қабығы парафиннің жұқа қабатымен қапталады. Осындай тәсіл алманы екі жыл сақтауға мүмкіндік береді.***

Гені өзгертілген дақылдарға алғашқылардың бірі болып Ұлыбритания ғалымдары қарсы пікір білдірді. Олар 1988 жылы тышқанға гені көшірілген азықтарды жегізу тәжірибесін жасап, соя-бұршақ жеген тышқанның иммунитет жүйесі мен ішкі дене мүшелерінің зақымданғанын байқады. Алайда сол елдің корольдік ғылым қоғамы бұл зерттеуді тексергеннен кейін тәжірибенің жобалануы, жасау барысы, талдау нәтижесінде олқылықтар бар деп есептеп, нәтиже сенімсіз деп танылды. Ал 1998–2005 жылдар аралығында сол елдің патша мұрагері Чарс баспасөздерге мақала жариялап, гені көшірілген азықтарды тұтынуға қарсылық білдіруін жалғастыра берді. Осы ұста Еуродақ елдерінің бірқатары да гені көшірілген азықтардан бас тарта бастады. Нәтижесінде 1996 жылы АҚШ Германияға құрамында арамшөптерді жоятын дәріге қарсы гені бар соя-бұршақты экспорт еткенде батыл қарсылыққа ұшырайды. Тіпті, немістер осы соя-бұршақтан жасалатын шоколад, жасанды қаймақ, бұршақ сірнесі, жұмыртқалы қоймалжың сияқты азықтарды тұтынудан бас тартты. 1999 жылдың басында Франция диқандары да АҚШ-тан экспорт етілетін гені көшірілген азық-түлікке қарсы жаппай наразылыққа шықты. Үндістандық диқандарда “Тозаңданбайтын дақыл” деп аталатын гені көшірілген дақылды енгізуге батыл қарсы тұрып келеді. Айта берсек бұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Қазіргі таңда елімізде азық-түлік өнімдерінің негізгі импорттталатын түрлері жалпы импорт көлемінің 60 пайызынан асып жығылады. Оның 18 пайызын кондитерлік өнімдер құраса, сүт өнімдері – 13, қант – 8, құс еті – 6, жеміс-жидек қалбыры – 6, шай – 5, өсімдік майы мен шұжық өнімдері – 3 пайызға тең. Демек, осы импорттталатын азық-түлік бізге Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан сияқты көрші елдерден кіреді. Қытайдың жалпы ішкі өнімінің 21 пайызын ұстайтын азық-түлік өндірісінің негізгі қаржы көзі сол өнімдерді импорттау арқылы толықтанады. Демек, миллиардтаған адамды азық-түлікпен қамтумен қатар сол арқылы мемлекеттік кірісті молайтуды бірге атқару біраз қиындықты туындататыны анық. Осы тұста көктемде егіп, күзде өнім алатын саладан қомақты табыс табу үшін оның жанама жолдарын қарастыратыны табиғи құбылыс. Қытайлықтар да мұны жоққа шығармайды. Өйткені олар шетелге шығаратын азық-түлік тауарларының қаптамасына міндетті түрде қандай әдіспен шығарылғаны, шикізат қайнары, қолданылған химиялық дәрі-дәрмектер туралы ақпаратты жазып қояды. Оның бәрі сертификатталған. Бұл әлемдік тәжірибе. Алайда, кейінгі кезде қытайлық жеке шаруашылықтар шетелге көптеп өнім шығара бастады. Сондықтан олар заңсыз тәсілмен сапасыз өнім өндірудің түрлі жолын ойлап тапты. Соның бірі, бірнеше есе көп өнім алуға мүмкіндік беретін химикаттарды өндіріске қолдану. Қытай билігі бұл заңсыздықпен қанша күрескенімен шамасы жетпей отыр. Қытайлар соңғы 4-5 жыл көлемінде гені көшірілген дақылдар мен азық-түлік өнімдерін жаппай өсіруге көшті. Қазір қытайлық ғалымдар экономикалық өнімділігі жоғары, глифосатқа қарсылық қуаты күшті азық-түліктің 20 түрін, дерт-дербезге қарсылық қуаты бар азық-түлік өнімінің 51түрін, зиянды жәндіктерге қарсылық қуаты басым дақылдың 40 түрін өндіріске қосып отыр. Ол дүниежүзінде өсірілген гені өзгерген дақылдардың 22 пайызын ұстайды. Демек, Қытайдан бізге кіріп жатқан азық-түлік өнімінің дені гені өзгерген тауарлар деуге негіз жеткілікті. Өкінішке орай, жалған сертификатпен шекара асып жатқан осы өнімдер қаншама ауруды қоздырып, денсаулықты бүлдіріп жатқаны қазірше есепке алынған жоқ. Осы тұрғыдан келгенде қытайлық азық-түлікті мол тұтынатын біздің ел көршіміздің тәжірибесін сынайтын алаңға айналып отырған жоқпыз ба? Туыла салып жүрек пен қанқысымы ауруына шалдығатын сәбилердің көбеюі, тағы да басқа сырқат белгілерінің жыл сайын жасарып бара жатқаны сол азық-түліктерге байланысты емес пе? Бұл Семей полигонынан да қатерлі жағдай.

Осы келеңсіздіктердің алдын алу үшін шетелден кіретін азық-түлік өнімдерін қатаң тексеруден өткізу керек. Өкінішке орай, қараңғы базарға заңсыз түрде кіретін зиянды, сапасыз азық-түліктің жолы кесілмей тұр. Бір қызығы – қазір біздің базарда шетелден кірген азық-түлік өніміне тексеріс аз да (олардың көбінде сертификат бар), жергілікті өндірушілерге бағытталған түрлі тексеріс пен қоқан-лоқы оларға табыс табудан гөрі пәле тауып беріп отыр. Мұның өзі де әккі саудагерлермен жеңушымен жалғасқан тиісті басқару тарауларының қитұрқы қылығы деуге негіз көп. Сонымен қатар, өз еліміздегі шаруаларды ынталандыру арқылы тұрғындарды экологиялық таза өнімдермен қамтамасыз етуді қолға алған жөн. Қазір мұндай жұмыстар атқарылып жатыр. Дегенмен де тұрғындардың бақша өнімдері мезгілдік тұтынудан аса алмай отыр.

ШОЛУ: ГАЗДАНДЫРУ



КӨГІЛДІР ОТЫН КЕЛЕР КҮН ЖАҚЫН

Біраз жыл бұрын Алматы қаласының маңындағы елді мекендер көгілдір отынмен қамтамасыз етілсе, 2014 жылы басталған «Алматы – Талдықорған» магистральді газ құбырын салу жобасы өткен жылдан бері қарқын алып, бірқатар қауырт шаруа тындырылды. Нәтижесінде, талдықорғандықтар табиғи газдың қызығын жуық арада көргелі отыр. Ол облыс орталығы мен оның маңындағы аудан тұрғындарының тіршілігіне серпін беріп, өндіріске өзгеше қан жүгіртеді деп күтілуде. Әсіресе, өңір кәсіпкерлері құбыр газының мазут пен қатты отынға тәуелділіктен құтқарып, сан-салалы кәсіпті өркендетуге жол ашатынына сенімді. Демек, табиғи газдың келуі өлкемізге өзгеше өң кіргізетіндігі анық. Десек те, ауқымды жобаның атқарылуы оңай болған жоқ. Сондықтан осы жобаның жүргізілу барысын тереңірек зерделеп, нақтылы жағдайға талдау жасап көру мақсатында сала мамандарымен пікірлесіп, қатысты мекемелердің жұмыс жағдайымен танысып шықтық.

Қажет АНДАС

Облыстық энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметіне сүйенсек, бүгінде облысымызда 741 елді мекенде 2 миллионға жуық адам тіршілік етеді. Десе де, қазіргі шарт-жағдай бойынша 473 елді мекенге қоныстанған бір жарым миллион адамды ғана газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік бар. Алдын ала болжам бойынша осы елді мекендерді тұтастай газбен қамту үшін 3,3 мың шақырым газ желісін тарту керек.

Өткен жылдың 1-қаңтарындағы мәлімет бойынша облысымыздағы 66 елді мекендегі 359,5 мың адам газ желісіне қосылған. Ал жыл соңына дейін жүргізілген жұмыс нәтижесінде табиғи газды тұтынатындар саны 446,6 мың адамға жетіп, газбен қамту салыстырмасы облыс бойынша 20,7 пайызға жетті. Ал биыл сол жұмыс жалғасып, 604 мың адам тұратын 98 елді мекенге көгілдір отын келді. Алдағы уақытта жоспарланған 39 елді мекенге газ жетсе облыстың газбен қамту көрсеткіші 29 пайызға көтеріледі.

2014 жылы облысымызда «Алматы – Байсерке – Талғар» магистральді газ құбыры тартылды. Жоба бойынша, оның ұзындығы 64,4 шақырымды, ал құны 7,8 млрд. теңгені құрады. Осы желі арқылы Іле, Талғар аудандарындағы 10 елді мекен көгілдір отынның қызығын көрді. Сонымен қатар, өткен жылы қауырт қолға алынған «Алматы – Талдықорған» магистральді газ құбырының құрылысы аяқталса, облыстың 3 қала, 7 ауданындағы 409,8 мың адам табиғи газбен қамтамасыз етілетін болады. Бүгінде 260 шақырым ұзындықты алып жатқан «Алматы – Талдықорған» магистральді газ құбырының 240 шақырымы төселген. Сондай-ақ, облыстық бюджеттен «ЖетісуОблГаз» ЖШС-іне 3,0 млрд. теңге бөлініп, ауылдарды газдандыру мақсатында игерілуде. Осы қаржының 2,3 млрд. теңгесі Талдықорған қалаішілік газбен қамту желісінің 1-ші кезеңдік жобасын атқаруға жұмсалады. 440,4 млн. теңге Көксу ауданындағы Балпық би, 272,5 млн. теңге Іле ауданындағы Ақши газ қабылдау, тарату пункттерінің құрылыс жұмысына жұмсалады. Мұнымен қоса өңірлерге газ желілерін тарту үшін облыстық бюджеттен қосымша 546 млн. теңге бөлініп, 6 жоба іске асырылуда. Сондай-ақ, облыстық бюджеттен құрылыс құны 9,1 млрд. теңгені құрайтын 15 елді мекенді газдандыруға арналған жобаның сметалық құжатын жасауға 345,1 млн. теңге бөлініп отыр.

Өңірлерді газдандыруда Қапшағай газ қабылдау, бөлу стансысының құрылысына баса мән берілуде. Аталған нысанның барлық жоспары «Қапшағай аймақтық газ желілері» ЖШС-нің қаражатымен жүргізілуде. Қазірге дейін 1,6 млрд. теңге инвестиция тартылып, 63,1 шақырым қалаішілік газ құбырының желісі орнатылған. Оның 27,0 шақырымы жоғары қысымды, 36,1 шақырымы төмен қысымды құбырлар. Сонымен қатар, Қапшағай қаласының маңында «Қапшағай – Байсерке» магистральді газ құбырын төсеу жұмысы да қыза түскен. Аталған магистральдің қала маңындағы құны 4,4 млрд. теңге болатын 44 шақырымына газ құбырын төсеу міндеті келісімшарт негізінде «КазТрансГаз» АҚ-ға жүктелген. Сондай-ақ, жаңа өлшемге сай қолға алынған Қапшағай қалаішілік 22 шақырым аумаққа d530 санатты жоғары қысымды газ құбырын тарту үшін «Қапшағай аймақтық газ желілері» ЖШС мен «ЖетісуОблГаз» ЖШС меморандумға қол қойды.

Газдандыру жобасы аясында шалғай ауылдарды да көгілдір отынмен қамту көзделіп отыр. Бүгінгі таңда құны 1,94 млрд. теңге болатын Еңбекшіқазақ және Панфилов аудандарының шалғай елді мекендерін газдандыру (Қазақстан – Қытай газ құбыры арқылы) мақсатында салынатын Бәйдібек би, Шелек, Жаркент газ қабылдау, бөлу пункттерінің құрылыс жобасының сметалық құжаттамасы дайындалды. Осыған орай облыстық әкімдік, «КазТрансГаз» АҚ және «PL Construction» ЖШС арасында үшжақты меморандумға қол қойды. Бұл жобаның сметалық құжатын «PL Construction» ЖШС дайындау үстінде. Жоба жүзеге асқаннан кейін осыған дейін шалғай елді мекендерді газбен қамтамасыз етіп келген «ЖетісуОблГаз» өз міндетін бұдан былай «КазТрансГаз» инвестициялық компаниясына өткізіп бермекші. Демек, облыс аумағындағы елді мекендерді газдандыру мәселесі осындай жолдармен қарқынды жүргізіліп келеді.

Осы ретте облыс орталығы Талдықорған қаласын газдандыру мақсатындағы жұмыстарға ерекше тоқтала кеткен жөн. Қаланы газбен қамтамасыз ету төрт кезеңге бөлініп орындалады. Алғашқы кезекте «Қаратал» шағын ауданы, Абылай хан, Жансүгіров, Гауһар ана көшелерінің бойындағы, облыстық аурухана, автобекет және орталық базардың маңындағы жеке және көп қабатты тұрғын үйлер, «Талдықорған» индустриялды аймағы мен Оңтүстік өндірістік аймақ газ желісімен қамтылады. Оның жалпы құны 6,3 млрд. теңге, бірінші кезең үстіміздегі жылы іске асады деп күтілуде. Екінші кезекте «Самал», «Жастар», «Мерекелік» шағын аудандары мен Жансүгіров, Желтоқсан, Қабанбай батыр, Чкалов, Белов, Шевченко көшелерінің бойындағы жеке және көп қабатты тұрғын үйлерге газ жеткізіледі. Жалпы құны 8,2 млрд. теңге. Үшінші кезекте Өтенай және «Шығыс» шағын ауданы мен Жансүгіров, Алматы, Тілек Әбжалиев көшесінің тұрғындары көгілдір отынға қол жеткізеді. Жалпы құны 5,75 млрд. теңгені құрап отыр. Төртінші кезекте Қаратал өзенінің бойындағы, Еркін, Көктал ауылдары мен қала маңындағы саяжайларға газ жеткізіледі. Қазір бұл кезеңдегі жұмысқа кететін 4,6 млрд. теңге қаржы Еуропалық банкпен келісімшарт негізінде шешілуде. Қатысты сала мамандарының айтуынша, Талдықорған қаласын газбен қамтамасыз етудің төрт кезеңдік жобасының 1-ші және 4-ші кезеңіне тиісті қаржы мәселесі шешілген. Демек, екі кезеңде газ жеткізіледі деген нысандар жуық арада көгілдір отынның қызығын көреді. Ал қалған екі кезеңге қажетті қаржы көзі қарастырылуда. Қалай болған жағдайда да бірекі жыл көлемінде облыс орталығы тұтастай табиғи газдың қызығын көретін болады.

Бір қуанарлығы, Есік қаласында облыстық мәслихаттың бірлескен тұрақты комиссиясының көшпелі отырысы өтіп, өңірді сұйытылған табиғи газбен қамтамасыз ету жұмысын жалғастырып, Жетісу жеріндегі инфрақұрылымды дамыта түсу мақсатындағы ұзақмерзімді әрі өзара тиімді ынтымақтастық тағы бір мәрте бекіді. Меморандум шеңберінде автокөліктерді мотор отынымен қамтамасыз ету жайы да айтылды. Демек, алдағы уақытта газбен жүретін көліктер саны біздің өңірде көбейетін болады.

Фұр Отан

Білім жайын қозғады

«Нұр Отан» партиясы Текелі қалалық филиалының желілік кестесіне сәйкес «Қазақстан» партиялық тобының мүшелерімен кездесу өтті. Жаңа оқу жылының басталуымен тұспа-тұс келген бұл кездесудің мақсаты «100 нақты қадам» Ұлт жоспары бойынша білім саласына қатысты қызықты мәліметтерге толы пікір алмасу болды.

«Нұр Отан» партиясы Текелі қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлнәр Ыбрайымова шараны ашып, жүргізіп отырды. «Дөңгелек үстел» барысында Текелі қалалық №5 мектебінің директоры Эльмира Иманбердиева сөз алып:

– Дамыған отыз елдің қатарынан көріну біздің басты мақсатымыздың бірі болып табылады. Бұл орайда білім мен ғылымның алар орны зор. Бүгінгі таңда қазақстандық оқыту жүйесіне заман талабына сай өзгерістер енгізілуде. Мектептер үшін жаңа оқыту бағдарламасы жасалып, 12 жылдық білім беруге кезеңкезеңмен көшу жоспарлануда. Елбасымыз Н. Назарбаев саралап берген дара жолмен алға басар болсақ, әлі талай биік шыңнан көрінеріміз сөзсіз, – деді.

Белсенділік жағдайында өткен басқосуды қорытындылаған Г. Ыбрайымова білім саласы туралы ойларымен бөлісіп, шараның мәнді өтуіне атсалысқандары үшін зор алғысын білдірді.

Шора БАТЫРБАЕВ.
Текелі қаласы.

Әлем тынысы

«ТЕМІР ТҰЛПАР» ТІЗГІНДЕГЕН КЕЙУАНА



Башқұртстанда Кашифа Мухаматшарифқызы 100 жасында алғаш рет автомобиль рөліне отырды.

Оның ауылдастары мен жергілікті әкімдік мерейтойына орай ақ түсті «Daewoo Matiz» көлігін сыйлады. Әжей 10 бала тәрбиелеп өсірген. Немере-шөбере сүйіп, тіпті, шөпшек көріп отыр. Сондай-ақ, 100 жастық мерейтойының құрметіне РФ президенті В. Путиннің құттықтау хаты табысталды. Кашифа Мухаматшарифқызы 1916 жылы дүниеге келген. Оның анасы да 102 жасқа жеткен.

ҚАЖЫЛЫҚҚА ЗАҢСЫЗ БАРУҒА БОЛМАЙДЫ



Қажылыққа заңсыз барған 190 мыңға жуық адам кері қайтарылды. Қажылық жасауға арнайы рұқсаты жоқ 188 747 жан Сауд Арабиясы аумағынан кері қайтарылды.

Бұл жайында Мекке қаласының полиция төрағасы Саид бин Салям әл-Карни мәлімдеме жасады. Сондай-ақ, қажыларға жасанды рұқсат қағазын сатумен айналысқан 44 туристік компанияның жұмысы да әшкереленген. Айта кетейік, қажылық квотасы Сауд Арабиясы корольдігінің шешімімен әр мемлекетке түрлі деңгейде бөлініп беріледі.

СТИВЕН СИГАЛДЫҢ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КЕШІ



Голливуд актері Стивен Сигал Бішкекте қайырымдылық кешкі асында жанды дауыста концерт берді.

– Концерт 5 қыркүйекте «Фрунзе» мейрамханасында өтті. Көрермен көп жиылды. Көпшілік танымал актердің қарапайымдығына, бауырмалдығына риза болды. Алдағы уақытта мұндай қайырымдылық концертін көптеп ұйымдастыратынын айтты, – деді Азия кинофестивалінің ұйлестірушісі Әсел Шерниязова.

Еске салсақ, Стивен Сигал Қырғызстанда өтетін II Дүниежүзілік көшпенділер ойынының ашылу рәсіміне қатысқан.

ҚЫЗЫЛ АЛАҢДАҒЫ ТАЛАС



Мәскеудегі Қызыл алаңда жергілікті тұрғындар мен қонақтарға тегін салат таратылды.

Көпшілікке дайындалған 20 тонна тегін салат үшін жаға жыртысқан видеолар әлеуметтік желіні қас-қағым сәтте шарпып кетті. Салдарынан жұртшылық тарату пунктін қиратты. Пункт қызметкерлері болса бас сауғалай жанжаққа қашты. Ал адамдар бос контейнерлерге, шанышқылар мен су құйылған бөтелкелерге жармасқан.

10 МЫҢ ИМАМ ҚЫСҚАРТЫЛДЫ



Сауд Арабияның ислам істері жөніндегі министрлігі бюджет қаржысын үнемдеу үшін 10 мың наиб имамды қысқартып жатыр.

Нәтижесінде олар 360 млн. сауд риалын (96 млн. АҚШ доллар) үнемдеген. Корольдіктің билігі наиб имамдарға штаттағы имам қызметіне ауысу не жұмысын мүлде тастау керектігін ескертіп, таңдау берді. «Көптеген адам наиб имамдардың ай сайын 800 АҚШ доллары көлемінде жалақы алып келгенін сынға алған болатын. Себебі олар негізгі имамдардың орынбасарлары түк бітірмейді деп санайды. «Бұдан кейін осы категориядағы діни қызметкердің жұмысы толық жұмыс күніне ауысып, міндетті түрде діндану бойынша бакалавр деңгейде білімі болуы талап етілмек», – деп мәлімдеді ислам істері жөніндегі министр.

МАМАН МІНБЕРІ



Қазақстан дамуының 2050 жылға дейінгі Стратегиялық бағдарламасы жарияланғаны белгілі. Осы бағдарламаның ең негізгі түйіні – «сол кезге дейін дүниенің өркендеп өскен, ең байыған 30 мемлекетінің қатарына кіреміз», – деген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзімен үндеседі.

Билік айту – оңай, біліп айту – қиын

Біз меже қылған биік белестер барлық саладағы игіліктерді көздейді. Сондықтан, Қазақстанның сот жүйесі сол елдердің сот жүйесімен бір деңгейде, алдыңғы қатарда болуы қажет. Бұл туралы Стратегияда нақты көрсетілген. Барлық құқық қорғау органдары ішінен ең жоғары тұрғаны Жоғарғы Сот. Жоғарғы Соттың абыройы – Қазақстанның абыройы, жалпы биліктің абыройы.

«Қазақстан – 2050» Стратегиясын темірқазық ете отырып, сот жүйесін жетілдіруді жалғастыра беруіміз қажет. Егер реформа жасалғанда экономикада, саясатта сот жүйесін, жалпы құқық қорғау жүйесін түземесек, көздеген мақсатымызға жете алмаймыз. Біздің азаматтар сот жүйесінде барлық мәселелерді шешуі керек, өзінің құқығын қорғай білуі қажет. Мемлекеттің де, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың да сот жүйесіне көп көңіл бөліп отырғаны сондықтан. Тәуелсіз және әділетті сот – құқықтық мемлекеттің негізі. Онсыз әлемнің бірдебір елінде, тіпті ең дамыған мемлекеттерде қолайлы инвестициялық ахуалдың да, азаматтардың әл-ауқатының жоғары деңгейінің де, қоғамның табысты дамуының да болуы мүмкін емес.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бір сөзінде: «Қазақта «Билік айту – оңай, біліп айту – қиын» деген сөз бар. Әділ қазылық ету – кез келген судьяның қасиетті парызы, ол үшін заңды бес саусақтай білу жеткіліксіз. Ең бастысы, би адал, әділ болуы керек. Қазы – халықтың ожданы. Ол қара қылды қақ жарған әділ болса, даугерлер төреліктің дұрыстығына күмән келтірмейді. Біз Мәңгілік Ел боламыз деп, кемел мемлекет құруды көздеген халықпыз. Сот төрелігінің әділдігі мен жедел әрі толық орындалуы кез келген елдің кемел болмысының көрінісі. Сот жүйесінің дамуы тоқтап қалатын құбылыс емес, оны үздіксіз жетілдіріп отыру керек. Біз бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыра береміз. Халқы заңын сыйлайтын, сотына сенетін қоғам – ең дамыған қоғам. Біздің мақсатымыз – дәл сондай қоғам құру» – деген болатын. «Қазақстан – 2050» Стратегиясының басты межелерінің бірі – осы.

Данияр УНЕРБАЕВ,
Райымбек аудандық сотының төрағасы.

ТӘРБИЕ НЕГІЗІ

ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

«Отанды сүю отбасынан басталады» демекші, баланың бойында елжандылық қасиетті қалыптастыруда отбасы тәрбиесінің маңызы зор. Сәбидің тіліне, дініне, ұлтына деген сүйіспеншілік әкенің қанымен, анасының сүтімен беріледі. Десек те, бала бесік жырын тыңдап, мақал-мәтелдер естіп, жаңылтпаш жаттап, ұлттық салт-дәстүрге қанығып өссе патриоттық сезімі жоғары болады.

Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік өзегі, тетіктері болған. Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы – қазақстандық патриотизм болып табылады. Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуде Отанды сүю, оған адал қызмет ету, жеткіншектің елі мен жеріне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру, адамгершілік қасиеттерге баулу басшылыққа алынады. Бұл орайда балабақшада Мемлекеттік рәміздерге құрметті арттырып, әр күніміздің еліміздің Гимнін орындаумен басталатынын айтып өткеніміз жөн. Елтаңба мен Ту туралы ұғымдарды да сәби санасына осы кезден сіңіріп, түсініктерін қалыптастырамыз. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде халық ауыз әдебиетінің материалдары кеңінен қолданылады. Онда ертегі, тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаш, мақалмәтелдерге кеңінен орын беріледі. Бұл да баланың бойында ұлтына деген құрмет сезімі мен отаншылдық қасиетті қалыптастыруға септігін тигізеді. Патриоттық сезім адам жүрегінде қоршаған ортаның, отбасындағы тәрбиенің, балабақша мен мектептің әсер етуімен қалыптасады. Сондықтан да ұлттық құндылықтармен құндақталған, отаншылдық сезімі жоғары, жандары таза жас ұрпақты тәрбиелеу – әрбір педагогтың міндеті.

Гауһар ЫБЫРАЕВА,
«Айгөлек» балабақшасының қызметкері.
Жамбыл ауданы.



35 балаға көмек көрсетілді

Еңбекшіқазақ ауданының ішкі саясат бөлімінің қолдауымен «Адам және қоғам» қоғамдық ұйымы ұйымдастырып, бірқатар білім ошағында «Мектепке жол» акциясы өтті. Биылғы акция Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Бақытты балалық шақ мекені» ұранымен өтуде.

Шараның мақсаты – жаңа оқу жылы басталар алдында оқумен қамтылмаған балаларды анықтау, көпбалалы және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасынан шыққан, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, әлеуметтік себептермен мектепке толық даярлық жасай алмай отырған жеткіншектерді анықтап, қолдау көрсету. Бұл ретте акцияның негізгі міндеттерінің бірі – барлық баланы міндетті орта білім алу құқықтарымен қамтамасыз ету бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен тарту болып табылады. Бүгінгі таңда 35 бала мектеп қажеттілігімен қамтамасыз етілді. Акцияда қамтылатын балалар саны жыл сайын ұлғайып келеді.

Осындай игілікті іс-шаралардан кейін әрбір оқушы жаңа оқу жылын нық сеніммен бастап, ата-аналары мен ұстаздарын жақсы бағаларымен қуантып, ауданымыздың абыройына кішкентай адал жүректерімен атсалысады деген зор сенім ұялады.

Ж. СМАНКУЛОВА.
Еңбекшіқазақ ауданы.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАРДЫҢ ЖЕКЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ ШОТЫН ТЕКСЕРУ

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы (БЖЗҚ) қайтыс болған салымшылардың 1998 жылдан бері ашылған жеке зейнетақы шоттарында (ЖЗШ) зейнетақы жинақтары бар екенін хабарлайды.

Осыған орай жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе БЖЗҚ-ға жерлеуді жүзеге асыруға біржолғы төлем алуға не мұрагерлік бойынша зейнетақы жинақтарын төлеуге бұрын өтініш бермеген отбасы мүшелерінің не қайтыс болған салымшыларды жерлеуді жүзеге асырған тұлғалардың қайтыс болған салымшыда ЖЗШ болуын не болмауын тексеру және ЖЗШ болса, жерлеуді жүзеге асыруға мұрагерлік бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру мақсатында БЖЗҚ өңірлік бөлімшелеріне келуін өтінеміз.

Қайтыс болған салымшыда ЖЗШ болуын не болмауын тексеру үшін мұрагердің немесе жерлеуді жүзеге асырған тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаты және салымшының қайтыс болғаны туралы куәлікті әкелуі қажет.

Жерлеуді жүзеге асыруға немесе мұрагерлік бойынша зейнетақы жинақтарын төлеуді ресімдеуге қажет құжаттар тізімін қор сайтының (www.enpf.kz) «Қызметтер» – «Алушыларға» – «Зейнетақы төлемдерін ресімдеу тәртібі» – «Алушының қайтыс болуына байланысты төлемдер» бөлімінен алуға болады.

Мәлімет үшін БЖЗҚ-дан жерлеуді жүзеге асыруға төлемнің республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 52,4 еселенген мөлшері шегінде, бірақ ЖЗШдағы қаражаттан аспайтын мөлшерде бір рет төленетіндігін хабарлаймыз. Ағымдағы жылы 1 АЕК – 2 121 теңге. Біржолғы жерлеуге төлем жасалған соң зейнетақы жинақтарының қалдығы ең төменгі зейнетақы мөлшерінен аз болған жағдайда, бұл қалдық аталған төлем сомасына қосылады.

Байланыс орталығы 14-18.

(Қазақстан аумағында қоңырау шалу тегін)
www.enpf.kz

ДИДАР

ТІРШІЛІКТІҢ ТҮП-ТЕГІ Жетісудан тараған

Белгілі бір уақыт кезеңінде ғұмыр кешіп, уақыт өткен сайын артында қалдырған мұралары жарқырай түсетін тұлғалар бар. Өткен күндермен бірге олардың адам баласының өркенін өсіріп, оның болашағына үлес қосатын рухани игілігінің қадір-қасиеті де арта түседі. Осы тұрғыда саналы ғұмырын экология саласына арнап, қоршаған ортаның қорғаушысы бола білген жерлесіміз, биология ғылымдарының кандидаты, профессор, академик Құралай КӘРІБАЕВАНЫ ерекше атауға болады. Ол экология саласында елімізде атқарылған көптеген ірі жобаның авторы ретінде әлемдік деңгейдегі өзекті мәселелерді шешуге белсене қатысып жүрген ғалым. Әсіресе, Жетісу өңіріндегі бірнеше Ұлттық саябақтың құрылуына атсалысып, өңірдің өркендеуіне үлкен үлес қосты. Талай-талай талантты жастың ғылым саласынан бақыт табуына ықпал еткен білікті ұстаз, әлемдік деңгейдегі ғалым қоғам қайраткерлерімен әріптес бола жүріп, олардың бай тәжірибесін кейінгі буынға жалғаған тұлға. Зейнет жасында болса да ҚР Ауылшаруашылық министрлігі жанынан құрылған көгалдандыру, өсімдіктер, жануарлар дүниесін қорғау және орманшаруашылығын дамыту комиссиясының жетекшісі. Білімін ел болашағына арнаудан жалықпаған Құралай Нұқақызының мол тәжірибесі мен өңір экологиясын қорғауға жұмсаған қажыр-қасиетін, өлкеміздің табиғат байлығы жайлы пайымын бір екшеп, оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрдік.



– Құралай апай! Алдымен 65 жасқа толған туған күніңізбен құттықтай кетейін. Сіз республикаға белгілі ғалымдар ауылы атанған Жетісу елді мекенінің тумасысыз. Қай қырынан келсек те өмір тәжірибеңіз жетісулықтар үшін таптырмас байлық. Әрине, қыз баланың ұстаз, дәрігер болуға құлшынатыны анық. Сіздің кабинетте отырып емес, сыртта жүріп қызмет атқаратын, қиындығы мен қызығы мол эколог мамандығын таңдауыңызға не себеп болғанын айтып берсеңіз?

– Мен ғалымдар ауылында дүниеге келгенімді мақтан етемін. Бала күнімізде алдыңғы буынға еліктеп ержеттік. Каникулда жаңжақтан ауылға жиылған білімді, мәдениетті ағаларымызды көріп, соларға қарап жетілдік. Ал мамандыққа келер болсам, оның жөні басқа. Жетісу ауылы ұжымшар болып жаңадан бой көтергенде оны үш дос басқарыпты. Соның бірі, шаруашылықтың басшысы менің әкем Нұқа Кәрібаев еді. Біз бір үйде төрт қыз бойжеттік, мен үйдің кенжесі едім. Сондықтан әкем мені бала күнімнен жанынан тастамай ертіп жүріп, ауыл тірлігіне араластырып өсірді. Жаз жайлауда, қыс қыстауда, таза табиғатпен етене болдым. Әкем үйде көп болмайтын. Ал мектептен тыс уақытта әкеммен бірге көктем, жаз айларында малшы ауылдарды араласақ, күзде егін алқаптарынан табылатынбыз. «Көре-көре көсем болады» дегендей, өлкенің тамаша табиғатын көре жүріп қоршаған ортаға деген құрметім қалыптасты.

Расымен біздің ата-аналарымыз, олардың қатарластары еңбекқор, жаны таза адамдар еді. Мен сол адамдардан еңбексүйгіштікті үйреніп, өмірге құштарлық пен тазалықты жаныма серік еттім. Ауылдағы орта мектепті бітіріп, Алматыға оқуға аттанғанда әкем жол қаражатыма керекті қаржыны ұжымшардың кассасынан қарызға алып бергені әлі күнге көз алдымнан кетпейді. Егер өз қалтасында сондай ақша болса, есепші қызға өтініш жасамас еді ғой. Міне, бұл сол кездегі басшылардың көптің, елдің мүддесіне деген адалдығының көрінісі еді.

Басында дәрігер болсам деп армандадым. Талдықорғандағы онкологиялық диспансерден іс-тәжірибеден де өтіп көрдім. Бірақ, жүрегім жұмсақ, аяушылығым басым болғандықтан бұл саланың талабынан шыға алмайтынымды сездім. Өйткені, дәрігер адам жанын емдеу үшін батыл болуы керек. Сосын таңдауымды өзгертіп, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының география-биология факультетіне оқуға түстім. Міне, содан бергі қырық жылдан астам уақытым еліміздің экологиялық саласын нығайтуға арналды. Абыройлы жұмыс істедім деп ойлаймын. «Әттеген-ай» деген сәттердің де болғаны рас.

– Өмір бойы бір салада жұмыс істеу қиын болған жоқ па?

– Қиындығы да, қызығы да көп болды. Менің география-биология мамандығына оқуға түскенімді әкем қолдады. Сондықтан болар, құлшыныстың арқасында 1974 жылы қызыл дипломмен бітірдім. Жұмыс істей жүріп, оқуымды жалғастыруды да ойымда ұстадым. Ақыры 1977 жылы ҚазССР Ғылым Академиясы Ботаника институтының аспирантурасына түсіп, 1979 жылы «Шөлейтті аймақтарда жайылымды тиімді пайдаланудың ауыстырмалы жолдары» атты диссертациямды қорғап шықтым. Алғашқы еңбек жолымды ҚазССР Ғылым Академиясы Ботаника институтының ғылыми қызметкері болып бастап, 1995 жылға дейін сонда жұмыс істедім. Одан ары қарай «Экология және тұрақты даму» институтын құрып, директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, соңынан институт директоры лауазымында бүгінгі күнге дейін қызметтемін. Сол жылдары Ұлыбритания даму институтында, қоршаған ортаны қорғау және жайылымдарды басқару бағдарламасы бойынша Канадада, Еуроодақта ТАСИС, Дүниежүзілік банк, АБРР, БҰҰДБ/ ҒЭҚ, тағы басқа да халықаралық ұйымдарда «Қаржыландыру мен тиімді пайдалануды енгізу» бағдарламасы бойынша біліктілігімді шыңдадым. Сонымен қатар, ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің штаттан тыс сарапшысы, Орталық Азияның биологиялық алуантүрлілігі бойынша дүниежүзілік сақтау орталығының кеңесшісі, қоршаған ортаны қорғау саласы бойынша халықаралық дамыту Гарвард институтының кеңесшісі сияқты міндеттердің де үдесінен шықтым дей аламын. Тіпті, біраз жыл ҚР Тұрақты даму мен Ұлттық экологиялық орталығының оңтүстік аймақтық бөлімінің басшысы ретінде, Жетісу жеріндегі бірқатар жобаның жүзеге асуына қол ұшын бергенім бар. Сол кезде Жетісу Алатауында «Жоңғар-Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағының ашылуына мұрындық болдым. Көптеген халықаралық ұйымдардың мүшесі ретінде әлемдік деңгейдегі жобалардың атқарылуына елімізге инвестиция тарту арқылы ықпал етумен қатар қоршаған ортаны қорғау жолындағы ұмтылыстарға өзіндік үлесімді қостым. Осы бағытта 300-ден астам ғылыми еңбек, 5 монография жаздым. Әлемнің, еліміздің, Жетісу өңірінің қоршаған ортасын қорғауға қосқан еңбектеріме арқау болған «Таулардың асыл алқасы» атты ғылыми-танымдық, «Қазақстанның жабайы алмасы XXI ғасырдың бау-бақтарына дейін» атты ғылыми-деректі фильмдер түсірілді. Қол жеткізген мәртебелі атақтардың бәрін айтып жатудың керегі шамалы. Бірақ, қызмет барысында дүниежүзіне белгілі қоғам қайраткерлерімен әріптес болып, ғалымдармен қоян-қолтық жұмыс істегенімді сүйінішпен еске аламын. Сол мүмкіндіктің арқасында әлемнің талай-талай биік мінберлерінде халқымыздың қоршаған ортаны қорғаудағы ұлттық ұстанымын жеткіздім.

– Сол тұлғалардың арасында сізге көбірек жол нұсқап, жәрдемдесіп, ағайындық танытқандар болды ма?

– Ия, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Тарлан сый лығының иегері, академик Еділ Ерғожин ағамыз менің өмір жолымның әр сатысында ақыл-кеңесін беріп, өзінің өнегелі де ерен еңбегімен үлгі болып келеді.

Әлемге әйгілі жазушы Шыңғыс Айтматовтай нар тұлғамен бірге ұзақ жыл үзеңгілес қызмет атқардым. Шыңғыс ағам Орта Азиялық Аймақтық Экологиялық Орталық Басқару Кеңесінің төрағасы болды. Әрине, көп адам ол кісіні жазушы, парасатты адам, қоғам қайраткері ретінде таниды. Ал мен ол кісінің адамдық, азаматтық, ағалық қамқорлығын көрдім. Шыңғыс ағаның Орта Азиядағы бес елдің қоршаған ортаны қорғау саласындағы мәселелерін шешуге қосқан үлесі ұшан-теңіз. Ол туралы арнайы айтуға тура келеді. Отбасылық қарым-қатынаска келер болсақ, еңбекте әріптес, былайғы өмірде туыстай сыйластық. Ол кісі өмірінің соңына дейін біздің қуанышымыздан қалмай, қайғымызды бөлісіп жүрді. Әлі есімде, үлкен қызымыз Назгүл тұрмысқа шыққан кезде ағаға шақырту жібердік. Сол кезде Қырғыз елінің Бельгиядағы елшісі болып жүрген біртуар азамат қарбалас жұмысын ысырып қойып, тойға қатысып ақ батасын берді. Қысқасы, Шыңғыс аға отбасымыздың бір мүшесіндей болып, әрдайым жанымыздан табылатын. Қуанғанда шабыт берді, қиналғанда дем берді. Сондықтан ұлымыздың атын ағамыздай азамат болсын деген ниетпен Шыңғыс деп қойып едік. Өкінішке қарай, өмірден ерте өтті. Бірақ, сол ағаларымнан алған тәжірибем әлі күнге өміріме азық болып келеді.

– Сіз Біріккен Ұлттар Ұйымында біраз жылдан бері жұмыс істеп келесіз. Сол құзыретіңізді пайдалана отырып, туған жеріңізге қандай көмек жасай алдыңыз?

– Біріккен Ұлттар Ұйымының қоршаған ортаны қорғау жобалары бойынша жұмыста жүргеніме 20 жылдай болыпты. Ең алдымен Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Ақтау, Атырау, Ақтөбе жақтағы мұнай кеніштерінің дұрыс игерілмеуінің қоршаған ортаға тигізетін зардабы мен жер бетінде жанып жатқан газдан туындайтын экологиялық қатерлер жайлы терең ізденістер жасадық. Сол тұста халықаралық ұйымдар мен республикалық бюджеттен бөлінген қаржыны осы мақсатқа жұмсадық. Қазір бүкіл әлемде жер шарын ашаршылықтан қорғау, азық-түлік қауіпсіздігі, биологиялық алуан түрлілігін қорғау, құрғақшылықпен күресу тақырыптарындағы бағдарламалар аясында жұмыс істелуде. Осы бағдарламалардың іске асуының түйіні Жетісу жеріндегі өсімдіктерді қорғаумен тікелей қатысты болып отыр. Кейін келе жоғарыда аталған қаржы көзін Жетісу жеріндегі табиғатты қорғауға бағыттау үшін біршама еңбек еттім.

Астана қаласы бой көтергеннен кейін Елбасының тапсырмасымен Елорданың айналасын жасыл белдеуге айналдыру жобасы қолға алынды. Бұл белдеуде табиғаттың тұтас заңдылығы, яғни, ағаш, бұта, көпжылдық шөп, біржылдық шөп, одан кейін топырақта өмір сүретін микроорганизмдер, құмырсқалар, ары қарай аң мен құстың тіршілігі қатар өсіп, өркендеп, көркейіп келеді. Осындай белдеу бүкіл әлемде болуы керек. Сонда ғана тіршілікті сақтап қала аламыз. Елбасының осы бастамасы әлемдік деңгейде мойындалып, бірқатар мемлекетте қолға алынуда. Қысқасы, біздің елдегі қоршаған ортаның жағдайы әлемдік табиғат байлығының негізін құрап отыр. Біздің еуразиялық ел болуымыздың түпкілікті себебі осы.

– Жетісу өңірінде мемлекеттік "Жасыл-Даму" салалық бағдарламасы аясында бірқатар жұмыс атқарылды. Осы бағдарлама бойынша алдағы уақытта қандай жобалар жүзеге асады?

– Жетісу өңірінде 2005 жылы «Шарын», 2007 жылы «Көлсай көлдері», 2010 жылы «Жоңғар-Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі ерекше қорғалатын аумақ ретінде құрылды. Алдағы уақытта ҚР Үкіметінің "Жасыл-Даму" салалық бағдарламасы аясында Іле өзені атырабындағы флора мен фаунаны сақтап қалу мақсатында Балқаш ауданында «Іле-Балқаш» мемлекеттік табиғи резерваты құру үшін Алматы облысы әкімінің қолдауымен 415164 гектар жерді резервте қалдыру туралы шешімі шықты.

Әлбетте, Іле өзенінің сағасы Орталық Азияның ең ірі ішкі атырабы болып табылады. Осы өңірден мемлекеттік табиғи резерватын құру табиғат қорғау статусын жоғарылатуға бағытталған. Оның құжаттары Бүкіләлемдік байырғы табиғат қоры (WWF) жобасының аясында Рамсар Конвенциясы хатшылығына ресми түрде тапсырылған. Егер осы өңірлер Рамсар Конвенциясына енетін болса, Іле өзенінің суын тиімді пайдалануға мүмкіндік туады. Бір мезгілде Іле өзенінің аңғары мен Балқаш көлінің атырабын орманы сыңсыған, өсімдігі құлпырған, жануары жыртылып-айырылатын, балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған байырғы қалпына қайтаруға болады. Ары қарай экологияға тигізетін пайдасын есептей беріңіз.

– Әлбетте, бұл жеті өзен өрнектеген өңір жұрты үшін ерекше жаңалық болғалы тұр. Осы тұста «Жоңғар – Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің құрылуы да өзіндік маңызға ие. Бүгінгі күнде мәдени алмалардың барлық түрінің түп атасы Жетісу Алатауында өсетін өзіміздің жабайы Сиверс алмасынан тараған бүкіл әлем мойындады. Ендеше, біз алманың отаны бола тұра неліктен сол бағалы байлықтың пайдасын көре алмай жүрміз?

– Қазақстан – әлемдегі табиғи байлығы ең мол мемлекеттің бірі. Біріккен Ұлттар Ұйымында «Елді ашаршылықтан қорғау» деген халықаралық өсімдіктер тізімдігі бар. Соның ішіне Жетісу жерінен 25 өсімдік енгізілген. Осыған орай аталған өсімдіктерді қорғау мақсатында 2010 жылы «Жоңғар-Алатауы» мемлекеттік ұлттық саябағы ашылды. Жаңа табиғат паркінің ашылуы экологтардың, орман шаруашылығы саласындағы мамандардың, жұртшылықтың, мемлекеттік органдардың көп жылғы жұмыстарының нәтижесі. Өйткені, саябақ ашылмас бұрын «Таулардың жабайы алмасынан XXI ғасырдың бау-бақтарына дейін» деген тақырыппен Жоңғар Алатауының құрамына енетін таулардың толық картасы жасалды. Сол тұста бұрынғы 37 генетикалық резерваттың 11-і ғана сақталып қалғанын байқадық. Бұған тау баурайындағы жердің тиімсіз пайдаланылуы, тұрғын үйлер санының көбеюі кері әсер етken. Сондықтан отандық экологтар Үкіметке табиғат ресурстарын қорғау жайлы ұсыныспен шыққан едік, қаржының тапшылығынан онымыз өтпей қалды. Сонымен Ғаламдық Экологиялық Қордан 3 миллион доллар қаржы алып, Жоңғар Алатауы мен Іле Алатауының экологиялық ахуалын зерделеп, оны қорғап қалудың маңыздылығын дәлелдедік. Бұл еңбегіміз Елбасы тарапынан қолдау тауып, «Жоңғар-Алатауы» ұлттық табиғи саябағы құрылды. Өкінішке қарай, біз саябақ аумағына тән 356 мың гектар жердің тек 308 мың гектарын ғана сақтап беките алдық. Қалғандары жеке шаруашылықтардың қолында кетті.

Саябақ таулы агроалуантүрлілікті сақтауға бағытталған маңызды орталық болып табылады. Себебі, әлемде 30 мыңнан артық мәдени алма сорты болса, соның ататегі қазақ жерінде өсетіндігін ғалымдар дәлелдеп берді. Айталық, жаңа құрылған саябақтың жалпы алаңының 1,5 пайызын Сиверс алмасының жабайы жемісті орманды алқаптары алып жатыр. Ол – Америка, Африка, Еуропа, Азия құрлығында өсетін алманың түп тегі. АҚШ-тағы Гарвард университетінде халықаралық генетиктер әлемдегі өсімдік атаулының ататегінің пирамидасын жасаған. Оның ең басында Жетісу таулы аймағында өсетін жабайы Сиверс алмасының гені тұр. Сондай-ақ, оның Азия, Еуропа, Африка, Америка елдеріне тарағаны көрсетілген. Өкінішке қарай, өткен ғасырдың 60-шы жылдары алма бақтарын сорттандыру бағдарламасы мен тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы тау бөктерлеріндегі жабайы алма ағаштарының көптеп кесіліп, отынға пайдаланылуы салдарынан осы табиғи алма ормандарының көлемі тарылып кетті. Өңірдің табиғи қолайлылығы арқасында жан-жануарлар дүниесі де аса бай. Сирек кездесетін құстар мен аңдар және тағы басқа да жан-жануарлар кездеседі. Өлкемізде тек омыртқалы жануарлардың 300-ден астам түрі мекендейді.

Экологтарды алаңдататын тағы бір жағдай – орманның бүлінуі. Оған ормандағы санитарлық жағдайдың нашарлығын жатқызуға болады. Бір қуанарлығы, осыған дейін мемлекеттік парктерде орманның жаппай ауруға шалдығуы кездеспеді. Алматы облысы ірі өндірістік аймақ болса да орман қоры жерлерінің өндірістен, өндіріс қалдықтарынан зардап шекken жағдайы тіркелмепті. Бірақ өңірімізде жеке тұлғалардың өрт қауіпсіздік, санитарлық ережесін бұзу және басқа да әкімшілік-құқықбұзушылықтары алдан шығады. Осының бәрі де орман-тоғайды бүлдірумен қатар жабайы алма өсетін аумақты тарылтып жібереді. Кемшіліктерді ескере отырып, алдағы уақытта Тарбағатай тауларынан жаңа саябақ ашу туралы Үкіметке өтінішпен шыққан едік. Өтінішіміз қабылданды. Қаржы бөлінсе, Тарбағатай таулары аумағында елімізде тағы да бір ұлттық саябақ құрылады.

– Еліміздің Іле, Жоңғар, Күнгей Алатауларының бөктерінде өсетін бәйшешек гүлінің тағдыры жұртты алаңдатуда. Көктем шығысымен өсімдік атаулының ішінде бірінші болып гүл жарып, шешек ататын, сөйтіп бөктерлер мен қырларды көркемдікке бөлеп, көрген жанға тамаша көңіл-күй сыйлайтын бәйшешектерді тамырынан жұлып алып, сыйға тарту жиілеп барады. Салдарынан бәйшешекті Қызыл кітапқа енгізіп тындық.

– Бұл мәселе экологтарды алаңдатып отыр. Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму Бағдарламасының «Таулы аймақтағы агробиологиялық әртүрлілікті сақтау» жөніндегі жобасының сарапшылар тобы жалпақ жұртқа көктем мерекесі кезінде қазақстандықтарды бәйшешектерді жұлмауға және одан жасалған гүлшоқтарын сыйламауға шақырды. Расында, Халықаралық әйелдер күні немесе басқа да мереке-мейрамдарда аялы анасын, ардақты әпкесін, қымбатты қарындасын, сүйікті жарын, сыйлас құрбыларына гүл сыйлап, қуантқысы келетін ер адамдар үшін бұл ұсыныс бір қарағанда ерсі көрінуі мүмкін. Дей тұрғанмен, мәселеге байыппен қарап, тереңіне бойласақ, бұл бастаманың бір сәттік пиар-акция еместігіне көзіміз жете түседі. Мамандардың пікіріне құлақ ассақ, жыл сайын көктем шығысымен науқандық сипат алатын бәйшешек жұлу салдарынан оның табиғаттағы таралу шекарасы тарылып барады. Қазақстанның барлық тұрғындарынан, әсіресе, алматылықтардан бәйшешек гүлшоқтарын сатып алмауды сұраймыз. Өйткені көктем хабаршылары саналатын осы гүлдер көктемгі мерекелерде мыңдап жұлынады, аяусыз қырқылады.

Алматы қорығы мен Іле Алатауы ұлттық паркі қызметкерлерінің бақылауы бойынша, тұрғындар тарапынан бәйшешек көп терілгендіктен соңғы он жылда олар елді мекендерден 5-7 шақырымға «алыстап» кеткен. Егер көктем сайын бәйшешектерді жұлу және аяусыз қырку жұмыстары дәл қазіргідей қарқынмен жалғаса беретін болса, онда көктемнің хабаршысы болып саналатын бұл гүлдің көп ұзамай Алатау бөктерінде көзден ғайып болмасына ешкім де кепілдік бере алмайды. Сондықтан да қоршаған орта үшін маңызды бұл мәселеге қоғам болып назар аудару қажет. Зерттеу нәтижелеріне сенсек, Алматы облысы бойынша заңсыз жұлынған гүлдерді сату арқылы тұрғындар табатын табысқа қарағанда, келтірілген зиян 20 есе жоғары.

Тағы бір жағынан, біз жылына шетелден қаншама қызғалдақ сатып аламыз. Былайша айтқанда, өз даламыздың байлығына өзіміз қол жеткізе алмай келеміз. Бір қуанарлығы, қызғалдақтың да отаны қазақ даласы екенін бүкіл әлем біледі. Ал енді Нидерланды үкіметінің қызғалдақтың Отаны – Қазақстан екенін мойындап, ризашылығын білдіруін қызғалдақ гүлінің жаңа сортын «Президент Назарбаев» деп атауынан-ақ аңғарамыз. Негізінен өсімдіктерге немесе гүлдің жаңа түріне тек мәдени сортты ашқан ғалымдардың есімдері берілетін.

– Су – тіршілік көзі. Қазіргі кезде оған қажеттілік пен сұраныс күн санап артып, керісінше, жетіспеушілік орын алуда. Сонымен қатар, әлемдік экологияның ластануы мен ауызсудың тапшылығы әр елдің ішкі арналары мен мемлекетаралық су жүйелерін тиімді пайдалану міндетін күн тәртібіне қойды. Кейде судың өмір нәрі екенін білсек те, «судың да сұрауы бар» екенін ескере бермейміз. Осы жайлы сіздің ойыңызды білсек?

– Мемлекетіміздің 2011 – 2020 жылдарға арналған ауызсу бағдарламасын жүзеге асыру аясында бүгінге дейін қыруар қаржы игерілді. Бірақ мамандардың айтуынша, мұның өзі сапалы ауызсуға деген зәрулікті толықтай шеше алмайды. Бір қуанарлығы, өзендер өрнектеген Жетісу жерінде қазірге дейін судан тапшылық бола қойған жоқ. Дегенмен, өңіріміздегі тасымалданатын ауызсумен күн көріп отырған бірқатар елді мекен бар. Олар мемлекеттік бағдарламалардың шарапатын күтіп отыр. Бұдан бөлек, тау қойнауларынан бастау алатын өзендер мен бұлақ көзінен алынатын ауызсу қандай жолмен тазартылатының, жекеменшік компаниялар тарататын ауызсу мен дүкен-базарларға шөлмекпен жеткізілетін ауызсудың стандартқа қаншалықты сәйкестігінен елдің бәрі бейхабар.

Сондай-ақ, су мәселесіндегі тағы да бір толғақты жағдай – трансшекаралық өзен-суларды тиімді пайдалануға саяды. Осы мақсатта еліміз көршілес жатқан мемлекеттермен су ресурстарын бірлесе пайдалану жөнінде ынтымақтастық келісімшарттарға қол қойып, соған сай байыпты шараларды қолға алуда. Бірақ жағдай ойлағандай болмай тұр. Әсіресе, экономикасы қарыштап дамып, демографиялық ахуалы әлемді алаңдата бастаған көрші Қытай елінің ішкі өзен-көлдер мен су қоймаларын пайдалану жағдайының артуы сол елден елімізге ағып кіретін өзендердің суын азайтты. Арыға бармай-ақ қоялық, Қапшағай су қоймасының бүгінгі жағдайын көріп, жүрегің ауырады. Арнасы тартылып, құрғап жатқан өзеншелердің қатары жыл өткен сайын артып келеді. Өзбекстаннан Қазақстанға кіретін өзендердің ластану деңгейі жоғары. Оған Сыр өзені суының егістікті суғаруға жарамайтын деңгейде ластанғаны дәлел бола алады. Қырғыз Республикасынан кіретін Шу өзенінің де тазалық жағдайының төмендігі жайлы ғалымдар дабыл қаға бастады. Іле өзені су көлемінің азаюы, ластануы Балқаш көлінің экологиялық жағдайын бүлдіреді. Оның зардабы Жетісу жеріндегі табиғатқа да тиеді.

Иә, тіршіліктің пайда болуының бірнеше себебі бар. Соның бірегейі – су. Ғаламшар тұрғындарын алаңдатып отырған бүгінгінің басты мәселесі де осы. Соңғы 50 жылда мұнайдың бағасы 10 есе өссе, тұрмысқа қажетті суға деген баға шамамен 100, ал, ауызсу бағасы 1000 есеге артқан. Мұның өзі судың алпауыт елдердің көзқұртына айналып отырған қара алтыннан әлдеқайда маңызды, қажетті екенін байқатады. Қазақстан да бұл мәселеден сырт қалмайды. Ол жайлы жоғарыда тоқталдық. Еліміздегі қалалар мен ауылдарды сумен қамтамасыз ету ҚР Су кодексіне және елді мекендердің кәріз жүйелеріне сарқын суларды қабылдау ережесі мен басқа да нормативтік құқықтық актілер бойынша реттелуі керек.

– Ғаламдық және өңірлік экологиялық жағдайдың бүгінгі келбеті және ол жайлы толғақты мәселелер төңірегінде біраз ой өрбіттік. Ендігі жерде оқырмандарымыз сіздің отбасы жайлы да білгісі келеді. Әрине, жұбайыңыз Сайлаубай Тойлыбаев елімізге танымал ақын, ұзақ жылдар ақпарат саласында еңбек еткен ағамыздың өлеңіне жазылған әндер сахнада жиі орындалады. Осындай жетістіктерімен бедел биігіне көтерілді. Сіз жайлы жоғарыда айттық. Бұл өмірлік мақсаттарыңызға ықпал еткен жоқ па?

– Иә, Сайлаубай екеуміз ауылдас, көрші, тіпті құда бала, құдаша болып бірге өскенбіз. Біздің үйде төрт қыз, ал ағаларының отбасында екі ұл ержетті. Менің әпкем Айгүл Сайлаубайдың туған бауыры Жайлаубай көкемізге тұрмысқа шықты. Орта мектепте бірге оқып жүргенде бір-бірімізге жақын өстік. Сол жақындық Алматыда жоғары оқу орнында жалғасты. Сол тұста Сәкеңнің маған арнаған «Құдаша» деген тамаша өлеңі шықты. Ол өлеңді «Дос-Мұқасан» ансамблі орындап жүрген «Құдаша» әнінің әуезімен достарымыз айтып та жүрді. Сөйтіп, біздің осындай қарым-қатынасымыз үлкендердің құлағына жетеді. Басында отбасы құруға қарсылық танытты. Бірақ бұйрықтан аспайтының рас екен. Ақыры үлкендердің ақ батасын алып, үйлендік. Ол туралы айта берсек әңгіме жетерлік. Мен аспирантурада оқып жүргенде үлкен қызымыз Назгүл өмірге келді. Бір жағынан оқу, енді бір жағынан бала бағу қиын тигендіктен енем Назгүлді ауылға алып кетіп, әпкем Айгүлдің тәрбиесіне берді. Кенже қызымыз Шынардың да ержетуіне көкем мен әпкеміздің көп көмегі тиді. Осылай берекелі тірлік екеуміздің өнер мен ғылым жолына алаңсыз денден, үлкен нәтижеге жетуімізге жол ашты.

– Қазан-ошақ сылдырлаған жоқ па?

– Әрине, отбасы болған соң бәрі болады. Біз үйленетін кезде ата-аналарымыз қарсылық білдіргенін мана айттым. Бірақ, біз бақытты өмір сүретінімізді алға тартып, ойымыздан қайтпадық. Ақыры үйленбей тынбайтынымызды сезсе керек, Жайлаубай көкем: «Мен сендерге қоятын бір талабым бар. Соны орындасаңдар болды, үлкендерді мен көндіремін», – деді. Айтқан уәдеде тұратынымызды білдірдік.

– Ендеше, талабым біреу-ақ: «Сендердің ренжіскендеріңді, бет жыртысқандарыңды көрмейтін болайын. Өйткені, сендердің отбасының шырқы бұзылса, ол екеуіңмен кетпейді, шай деспеген, берекесі бекем екі әулеттің ортасына дақ түседі. Сендердің араларыңды жалғауға болатын шығар. Ал үлкендердің қалған көңілін немен жуып-шаясың. Осы талабымды орындауға сенімді болсаңдар, қалған жұмысты маған тапсырыңдар», – деді.

Біз келістік. Содан бері уәдемізде тұрып, отбасымыздың шырқын бұзбауға тырыстық. Бұл бізді үлкен өмірге бағыттап, жетістікке жетелеп отырды. Міне, бүгінде Сайлаубай танымал ақын, Алматы облысы және Ескелді ауданының Құрметті азаматы атағын алды. Қазір зейнеткер, немерелеріне үлгі-өнегесін көрсетіп, өзінің сүйікті қәсібі жазушылықпен шұғылданып жүр.

Ең бастысы, біздің отбасымызға тәңірдің осындай жайма-шуақ, ынтымақты өмір сыйлағанына ризамыз.

– Әңгімеңізге рахмет.

ЖҮРЕК СӨЗІ

Ана, Жер-ана!

Өткенде М. Әуезов театрына «Ақтастағы Ахико-Сан» спектакліне бардық.

Шіркін-ай!? Жақсыны жақындарымыз да көрсе дейміз ғой!

Жалпы драманы суреттемей-ақ қояйын. Менің түсінгенім, адам баласы қандай жерде болса да өз жағдайын өзі жасауы керек. Өмірін гүлдендірем десе де, түрлендірем десе де, ол әр адамның өз сеніміне байланысты екен. Ақтастағы Ахикода түрмедегі өмірдің өзі, намаз оқитын ақсақал келгенде, жаймашуақ жақсы күндерге айналды. Абақтыда жатқандардың жанын алатын әзірейіл сияқты суретшіден әбден жанымыз түршігіп, мазамыз кетті. Адамдардың қанымен сурет салып, біріне ән айт деп, біріне сен жыла деп, біріне күл деп бұйырып, зәрелерін алып бітіп еді. Осындай қанішер суретшінің қорлығынан бүкіл жүрісінде, іс-қимылында, өне бойында, сөзінде, дауысында таза қазақтың иісі аңқыған ақсақал құтқарады. Барлығымыз бір жылылықты сезінгендей болдық. Алладан жақсы тілеу тілеген, абыз ақсақал бір жығылып, бір тұрып, құлшылық жасады. Реңінен мейірім шуағы шашылды, айналасын нұрға бөледі. Түрмеде жатқан жігіттердің бойына күш-қуат кірді. Содан олар қанішер суретшінің қаһарынан да қорықпайтын болды.

Тіпті залда отырған біздің де жанымыз жайланып, Алланың нұры бүкіл әлемге жететінін сезіндік. Содан түрмедегілердің атылғаны атылды, қанішер суреткі де өлді. Шығар-шықпас жаны қалған Ахиконы қазақ ана ажалдан арашалап алып, ұлты басқа демей бауырына басады.

Қазақ әйелінің дарқан даласындай жүрегі!
Теңіздей телегей пейілі!
Аналық адал мейірімі жан жүрегімізді елжіретті.

Ана! Жер-ана! – деп жатамыз.

Кейін Ахиконың әкесінен хат келіп, Жапон еліне барады. Дегенмен, бауырына басқан қазақ анасын қимай, қазақтың даласын қимай қайта оралғанда Ана мен Жер-ана Ахиконы өгейсімей құшақ жая қарсы алады.

Гүлбану МАНАПОВА.
Алматы қаласы.

МОЯ РОДИНА

Я – гражданин Казахстана

Известный во всем мире казахстанский писатель и общественный деятель М. Шаханов говорил: «Если не дорог тебе твой край, где ты босиком обегал каждый уголок, если не чтишь ты законов своего народа и не любишь свой отчий дом, ты зря живешь на свете: иссохнет твое сердце, зачерствеет твоя душа и не воздастся тебе от щедрости земли, от ее красоты, от ее изобилия».

Моей Родиной является прекрасная страна, Республика Казахстан. Это – великое государство с богатой историей, древней культурой и неповторимой природой. Широки просторы казахстанских земель. Когда на севере ещё лежит снег, у подножия гор на юге уже зацветают плодовые деревья. "Берёзовые ситцы" севера, могучие сосны Борового, золотые нивы целинного края, седые ковыли Великой Степи, высокие горы Алатау и Тянь-Шаня – всё мой Казахстан. Эти картины меня поражают своей невиданной красотой. Я никогда не перестану ими восхищаться. Недра Казахстана богаты природными ресурсами: газом, нефтью, углем, черными и цветными металлами. Это все достояния народа Казахстана, которые достались ему не просто.

Если углубиться в историю, то Казахстану потребовалось более двух сотен лет, чтобы получить свою независимость. Тысячи людей боролись за свободу нашей страны, многие погибли за будущее своей Родины. С древних времён предки защищали наши земли от набегов джунгар. В период царизма люди видели смерть и несправедливость, горе и несчастье, они знали, что такое потеря. Также казахстанский народ принимал активное участие в годы Великой Отечественной войны, являясь частью единой страны. Десятки тысяч героев из Казахстана проявили смелость и волю к общей победе. Именно благодаря этим людям мы живем в государстве, свободном и независимом. Всё это благодаря единству, сплоченности народа и общей вере в светлое будущее. Мы должны помнить этих людей и гордиться настоящими патриотами нашей страны. Современный Казахстан – независимое, суверенное, демократическое государство со стабильной экономикой и беспроигрышным планом на будущее. Сегодня Казахстан смело заявляет о себе, о своих правах и целях. Наша страна многонациональна, и в этом еще одно преимущество, потому что мы все – единое целое, и нас объединяет наша Родина, дружба, уважение, взаимовыручка и общая культура.

Миролюбивая политика государства, развитие интеллектуального и экономического потенциалов – залог будущего благополучия. Символом Казахстана можно считать нашу новую прекрасную столицу Астану. Она, за короткий срок ставшая неповторимым, современным мегаполисом, символизирует мощь и силу Казахстана. Наша столица преображается с каждым днем. Астана – это олицетворение процветания нашей страны, это символ надежды и уверенности народа в своем будущем.

Сейчас XXI век – век нового поколения, которому предстоит стать опорой молодого государства. Государству нового тысячелетия необходимы образованные, активные люди. От нас будет зависеть будущее государства. Все мы вместе и каждый из нас в отдельности – частички огромной страны – Республики Казахстан. Мы – граждане своей страны. Гражданство дает не только чувство принадлежности к своей стране, но и большие права и обязанности. Гордиться своей Родиной, уважать и соблюдать законы государства, выполнять свои обязанности, быть активным в общественной жизни, беречь и умножать богатства родного края – это значит любить свою Родину, быть патриотом своей страны, ее настоящим гражданином.

Мой Независимый Казахстан – это мой дом, моя Родина!

А. АЙБОЛТАНОВ,
прокурор отдела формирования УКПСиСУ ГП РК по *г. Алматы.*

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА





БАҒАЛЫ БАЛЫҚ ТҮРІ көбейеді

Өткен жылдан бастап елімізде «Жасыл экономика» тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы аясында «Жасыл экономика моделіне өту бойынша Қазақстанды қолдау» атты жобасы бастау алды. Бұл жобаға алты жүз мың еуроны құраған грант бөлініп, ол еліміздегі бизнес жоспары су ресурстарының тиімділігін арттыруға бағытталған 14 мемлекеттік емес ұйымға берілді. Сол қатарға Ерлан Қажынов басшылық ететін «Алакөл табиғаты» қоғамдық бірлестігінің «Инкубациялық цех құрып, Алакөлдің сазанын өсіру» жобасы кірген еді. Міне, содан бері бір жыл өтті. Өткен аптада аталған гранттың Қазақстанда атқарылу барысын бақылауға жауапты «Жасыл экономиканы» қолдау және G-Global-ды дамыту Коалициясы» ЗТБ-нің баспасөз хатшысы Меруерт Абдалиева бастаған мамандар мен республикалық және өңірлік БАҚ өкілдері аталған қоғамдық бірлестіктің жұмыс барысымен танысып, инкубациялық цехта өсірілген сазан балықтың шабақтарын Алакөлге жіберді.

Қажет АНДАС

Өткен жылдың көрсеткіші бойынша, балығы тайдай тулап жататын Балқаш пен Алакөл, Қапшағай су қоймасы және тағы басқа үлкенді-кішілі көлдер мен арналы өзендерден ауланған балық мөлшері өте төмендеп кеткен. Сонымен бірге балық түрлері мүлде азайды. Ауланған балықтың тең жарымын табан балық құрайды және оның өзі бір кездегідей ірі емес, тым ұсақ. Қысқасы, бірнеше жыл қатарынан жетісулық балықшылар облыс тұрғындарының балыққа деген сұранысының жартысын да қанағаттандыра алмай келеді. Кеңес одағы кезінде Алакөлден жылына 5 мың тоннаға дейін балық ауланып, оның 90 пайыздан астамы сазанның үлесіне тиген деседі. Міне, осы өңірдің атағын шартарапқа паш еткен әйгілі сазан қоры бұл күнде өте азайып кетті. Ал кейінгі кезде Балқаштан әкелінген көксерке (судак) көлде тіршілік ететін басқа балықтарды азайтып жіберген□

Мамандардың айтуынша, балық шаруашылығын дамытудың әлем таныған екі жолы бар. Біріншісі, балық шаруашылығына табиғи су көздерін тиімді пайдаланып, балықтардың өздігінен өсіп-өнуіне жағдай жасау, екіншісі, бүгінгі заманауи отандық, шетелдік озық технология мен ғылым жетістіктерін пайдалана отырып, индустриялды-инновациялық бағытта аса құнды балық түрлерін қолдан өсіру. Сол құндылықты ел игілігіне айналдыру жолында жоғарыда аталған инкубациялық цехтің арқалайтын жүгі аз болмайтын сыңайлы. Бүгінде аумағы 290 шаршы метр жерге салынған инкубациялық цех, тоғандық шаруашылық және жаңа тұйықталған сумен жабдықтау қондырғысы жерүсті және жерасты суларын тиімді пайдаланып, сазан балықтың тұр-түрін қолдан өсіруде. Тіпті шабақ балықты одан ары көлге бейімдеу мақсатындағы кеңдігі 3 метр, тереңдігі 2 метр болатын 6 бассейн де сақадай сай. Оларға балықтардың тіршілігін қамтамасыз ететін түрлі жабдық пен аппаратура орнатылған. Қазірдің өзінде бассейннің біреуінде көксерке, қалғанында сазан мен мөңке балық өсірілуде. Сонымен қатар, жобаның жергілікті жұрттың әлеуметтік жағдайын жақсартудағы пайдасының мол екенін де білдік. Айталық, цехта 6 адам тұрақты жұмыспен қамтылса, мерзімдік жұмыстарға тартылатын адам саны да арта түседі. Тіпті, жұмыс жиілігі артқан кезде адам күші жетіспей жататын кездер жиі ұшырайды.

Балықшылар ауылындағы тіршілік қайта жандануға қиын жылдары баспанасын тастап, қалаға көшкендер қайта оралып, туған мекендерінің түтінін түтете бастапты. Бір қызығы, адам қарасы көбейген ауылда балалар оқитын мектеп пен балабақшаға деген сұраныстың туындағанын байқадық. Демек, игілікті жоба аз уақыттың ішінде әлеуметтің әлеуетін көтерумен қатар шалғай ауылдың тіршілігіне қан жүгіртіп кеткен. Қысқасы 69 мың доллар қаржымен қолға алынған жоспар 2018 жылға барғанда 69 миллион теңге пайда береді деп күтілуде. Олар алдағы уақытта балық шаруашылығымен қатар басқа да жұмыс көздерін ашуды жоспарлауда. Тіпті, балық өнімдерін өңдейтін цех салып, жергілікті халықтың материалдық-экономикалық әлеуетін көтеруге серпін бермек.

«Алакөл табиғаты» қоғамдық бірлестігінің мамандары балық қоры азаюының басты екі себебін айтады. Бірінші, табиғат құбылыстары, екіншісі, адами факторлар. Бұл мәселе өткен жылдары Парламент Мәжілісінің қабырғасында да көтерілген. Сонда бір топ депутат Үкіметке: «Алакөлдің бүгінгі бай флорасы мен фаунасын болашақ ұрпаққа сақтау үшін оны мемлекеттік қорық етіп жариялау керек» деген сауал жолдап, ауызсу, электр энергиясы, абаттандыру, санитарлық жабдықтаудың ерекше жобасын жасау сияқты бірқатар шара ұсынған еді. Сол шаралар іске асса құба-құп болар еді. Браконьерлік жолмен балық аулаудың салдарынан да бағалы байлыққа барынша қауіп төнуде. Сондықтан қоғамдық бірлестік өкілдері: «Алакөлдің жазғы шомылу маусымында пайдаланатын аумағынан басқа бөлігін тым болмағанда 3 жылға жапса, балығын молайтуға мүмкіндік туар еді», – деген пікірде. Осы ретте ауылдастардың: «Мүмкін, бұл ұсынысты жоғарғы жақ ескеретін шығар», – деген өтінішін жеткізе кеткіміз келді.

Алакөл ауданы.

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

АШЫҚ ӘҢГІМЕ ӨРБІДІ

Астанадан келген қонақтар – ҚР Парламенті Сенатының депутаты Қуаныш Айтаханов және Парламент Мәжілісінің депутаты Василий Олейник Жетісу жерінде өз жұмысын дөңгелентіп отырған кәсіпкерлермен кездесіп, шағын және орта кәсіпкерлікке қатысты мәселелерді қаузады.

Мәди АЛЖАНБАЙ

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының ғимаратында өткен жиынды ашып, жүргізіп отырған облыс әкімінің орынбасары Серік Тұрдалиев кіріспе сөзінде облыстағы шағын және орта кәсіпкерлікке баса көңіл аударылып отырғанын әңгімеледі. Оның айтуынша, облыс әкімінің кешенді қолдауының арқасында жыл сайын кәсіпкерлердің қатары өсіп келе жатыр. Осының нәтижесінде бұл саланың жұмысы жанданып, несие алушыларға ұсынылатын төменгі пайыздық үстемелер, субсидия істі жаңадан бастауға және жұмысы жанданған кәсіпкерлікті кеңейтуге мол мүмкіндік беріп отыр. Облыстық әкімдіктің бастамалары Ұлттық кәсіпкерлік палатасы және «Даму» қоры тарапынан толық қолдауға ие болып, шағын және орта кәсіпкерлік нысандарына зор мүмкіндіктер ұсынуда. Мысалы, облыс әкімдігі 300 миллион теңге бөлсе, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлік палатасы дәл осынша қаржыны шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға ұсынып отыр.

– Әрине, жүргізілген жұмыстарға қарамастан кәсіпкерлік саласында көптеген түйткілді мәселелер баршылық. Біз сондықтан да жиналып, ондай мәселелерді шешудің жолын депутаттармен бірлесе отырып табуды ойластырдық. Сұрақтарыңыз болса қойыңыздар, – деген Серік Мелісұлы алқалы жиынға қатысушыларды ашық әңгімеге шақырды.

Одан кейін сөз кезегін алған сенатор Қуаныш Айтаханов қатысушыларға биылғы жылдың ерекшелігі – Тәуелсіздіктің 25 жылдығын тойлаумен байланысты екендігін атап өтті. Жоғарғы жетістіктерге жеткен еліміз үшін бұл ең елеулі кезең. Оның ішінде шағын және орта кәсіпкерлік саласының жетістігі де бар. Онда ең алдымен еліміз тәуелсіздік алған күннен бастап кәсіпкерлік саласының дамуына қолдау көрсетуді назарда ұстаған Елбасының сарабдал саясаты барлығын ұмытпау керек. Оған осыдан он жыл бұрынғы жағдай мен қазіргі ахуалды салыстыру дәлел болады. Содан бері көптеген заңнамалар жетілдіріліп, кәсіпкерлікті жүргізуге зиянын тигізетін әкімшілік кедергілер алынды. Әрине, жұмыс орындарын ашып, салықты мерзімінде төлей жүріп, қайырымдылықты да ұмытпаған әрбір кәсіпкердің қызметі мен атқарған еңбегін бағалау қажет.

– Сіздердің әрқайсыңыз жалпы кәсіпкерлікпен бірге мемлекеттің дамуына үлкен үлес қосып келесіздер. Әрбір аймақта көптеген түйткілді мәселелердің бар екендігін жақсы білеміз.

Өздерін толғандырған мәселелерді толық қамтуға тырысқан кәсіпкерлер негізінен кәсіпкерлікті жүргізуге кедергі келтіретін заңнамалық толықтырулар мен өзгертулерді атап, әкімшілік заңнаманы жұмсартуды, салық жүйесіне өзгертулер енгізуді, демпингке қарсы іс-шаралар жүргізу қажеттілігін баса айтты. Сондай-ақ, кәсіпкерлік үшін мүлде тиімсіз, кейде тіпті ақылға сыйымсыз жағдайларды тудыратын кейбір заңдарға, атап айтқанда, «Мемлекеттік сатып алулар туралы» және «Азаматтық қорғау туралы» Заңдар жайында сөз қозғалды. Өз кезегінде облыстық кәсіпкерлік және индустриялды-инновациялық даму басқармасының басшысы Маржан Мұратқызы кәсіпкердің несие тарихын қалыптастыру мәселесін көтеріп, нормативтік-құқықтық актілерді реттеудің қажеттілігін атап өтті.

Осы және басқа да мәселелерді жазып алған депутаттар көтерілген тақырыптарды министрліктермен ведомстволарға жеткізетіндерін айтып, өздеріне қатысты мәселелерді зерттеп, нақты жауап беруге уәде етті.

ЖҰМЫС ЖАЙЫМЕН ТАНЫСТЫ

Облыс аумағында Мемлекеттік бағдарламалар жүйелі орындалуда. Әсіресе «Нұрлы Жол» бағдарламасының ауқымы кең. Мұны халық қалаулыларының Текелі қаласына барған жұмыс сапарынан-ақ бағамдауға болады.

Өңірімізге арнайы іссапармен келген Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Қуаныш Айтаханов, «Нұр Отан» партиясының орталық аппараты партиялық бақылау департаментінің басшысы Нұрлан Баймырзаев, ҚР Ұлттық Экономика министрлігінің бас сарапшысы Жалғас Борасбаев, «Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиаскәр Сарыбаев бүгінгі таңда моноқалаларды дамыту жөніндегі арнаулы мемлекеттік бағдарлама бойынша өркендеу жолына түскен Текелі қаласына ат басын бұрып, шаһардың бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысты. Мәртебелі меймандар орталық алаңға орнатылған арнайы стендтер арқылы қаланың кейінгі жылдардағы даму динамикасын көздерімен көріп, көңілдеріне тоқыды. Қала әкімі Талғат Қайнарбеков әрбір жоба, атқарылған істер мен алға қойылған міндеттер жайын қысқаша сипаттап өтіп, нақты деректермен мағлұматтарды толықтыра түсті. Қонақтар, әсіресе, «Нұрлы Жол» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылып жатқан жобаларға баса назар аударды. Қала басшысының айтуынша, «Нұрлы Жол» бағдарламасының аясында үстіміздегі жылы жалпы сметалық құны 439,1 млн. теңге мөлшеріндегі екі жоба шілде айынан бастап қолға алынып жатыр. Жалпы ұзындығы 24,4 шақырымды құрайтын 29 көшедегі су құбырлары жаңартылмақ. Бірінші жобаның жүзеге асырылу мерзімі сегіз ай болса, екіншісі алты ай уақытқа жоспарланған. Қазірдің өзінде 216 жаңа абонентке құбырлар арқылы су жалғаныпты. Нәтижесінде, қала бойынша тозығы жеткен су құбырларының үлес салмағы едәуір азайған.

Өз кезегінде Қуаныш Айтаханұлы текеліліктерге өздерінің жұмыс сапарының мән-мақсаты, еліміздің экономикасын тұрақты дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру жолындағы Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың атқарып жатқан ауқымды істері жайлы айтып өтті.

Ш. ХАМИТҰЛЫ.
Текелі қаласы.

БРИФИНГ

АҚШАЛАЙ ТАБЫС ӨСТІ одан баға да қалысар емес

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық статистика департаменті басшысының орынбасары Марат Бөкеновтің қатысуымен баспасөз отырысы өтті. «Облыстың 2016 жылдың қаңтар-қыркүйек айлары аралығындағы негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің серпіні» тақырыбымен өрбіген басқосуда халықтың тұрмыс деңгейі жайлы әңгіме өрбіді.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

2016 жылғы 2-ші тоқсанда халықтың жан басына шаққандағы орташа ақшалай табысы 57681 теңгені құрады, бұл 2015 жылғы 2-ші тоқсанмен салыстырғанда 4,5% жоғары. Тұтыну бағаларының индексі 2016 жылғы қыркүйекте 2015 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 104,9%-ды құрады. Азық-түлік тауарларына бағалар 3,7%, ақылы қызметтер көрсетуге 5,2%, азық-түліктік емес тауарларға 6,0%-ға артты. Өнеркәсіп өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың бағалары 2016 жылғы қыркүйекте 2015 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 7,3%-ға жоғарылады. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 366,2 млрд. теңге (қайта есептеулермен), 2015 жылғы тиісті кезеңге 0,8% жоғарылады. Бөлшек сауда тауарайналымы (қоғамдық тамақтандыру айналымынсыз) 239,6 млрд. теңге, 2015 жылғы деңгейден 1,1% жоғары, көтерме тауарайналымы 246,2 млрд. теңгені құрап, бұл былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 4,7%-ға азайған.

– Жұмыссыздар саны халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеу бойынша 49,4 мың адамды құрады. Жұмыссыздық деңгейі экономикалық белсенді халық санына 4,9% құрады. Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздар ретінде тіркелгендер саны 2016 жылғы тамыз – қыркүйек айының соңына 7,4 мың адамды құрады немесе экономикалық белсенді халық санына 0,7%, – деді Марат Боранбекұлы.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖОЛ КАРТАСЫ 2020 ДОРОЖНАЯ КАРТА ЗАНЯТОСТИ

Бүгінде республикамызда «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы жаппай жүзеге асырылуда. Бұл игілікті істі Раушан Ахметова басқаратын Қапшағай қалалық жұмыспен қамту орталығының ұжымы да ұтымды ұйымдастыруда. Нәтижесінде Қапшағай қаласында жыл санап жұмыссыздықтың деңгейі қысқара түсуде.

КӘСІПКЕ ынталылар көп

– «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде қала бойынша 2016 жылға нысаналы топтағыларды қамту жоспары 1645 адамды құрап отыр. Соның ішінде, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар 825 адам болса, жұмыссыздар саны – 820. Табысы аз отбасылар – 157. Алдағы уақытта бағдарлама бағыттары бойынша жүйелі жұмыс атқарып, жұмыссыздар санын азайту жолында нәтижелі еңбек ететін боламыз, – дейді Раушан Жұмабайқызы.

Қалалық жұмыспен қамту орталығының басшысы берген мәліметке сүйенер болсақ, мемлекеттік бағдарламаның үш бағыты да қамтылған. Бірінші бағыт «Инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту есебінен жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету» бойынша 2016 жылға жалпы республикалық бюджеттен 184 миллион 598 мың теңге бөлінген. Қапшағай қаласының Абай, Жамбыл, Қойшыманов көшелеріне күрделі жөндеу жұмысы барысында мемлекеттік бағдарлама аясында 31 адам жұмыспен қамтылған. Екінші бағыт «Кәсіпкерлік бастаманы ынталандыру және тірек ауылдарды кешенді дамыту» бойынша 36 адамға шағын несие беру жоспарланған болса, жыл басынан бері олардың 16-сы қаржыға қол жеткізген. Үш адам мал бордақылауға, бір адам құс өсіруге шағын несие алды. Бағдарламаның «Жұмыс берушінің қажеттілігі шеңберінде оқыту және қоныс аудару арқылы жұмысқа орналасуға жәрдемдесу» бағыты бойынша республикалық бюджеттен 21882,0 мың теңге бөлінді. 2016 жылға нысаналы топқа кіретін адамдарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарын өткізу мақсатында 80 адамға республикалық бюджеттен қомақты қаржы қарастырылған.

Шора БАТЫРБАЕВ.
Қапшағай қаласы.

КҮЗ СЫЙЫ

Ауданымыз ерен еңбектің арқасында ырысы еселенген өңірге айналды. Өткен жылғы тәтті түбір алаңы 560 гектардан 940 гектарға дейін артып, Елбасы тапсырмасының, өңір басшысы бастамасының аудандарда тыңғылықты орындалып жатқанының айқын көрінісіне айналды. Осы ретте Жолбарыс ауылдық округінің «Молжігітов» шаруа қожалығы қарамағындағы егістік алқаптарының бүгінгі жай-күйімен танысып қайттық.



ӨНІМ еселене түсті

Жалпы, бұл елді мекеннің аты 2000 гектарға дейін бал тамыр егумен шыққан. Қазірде бұл бағыттағы құлшыныс көңіл көншітуде. Бір округтің өзі биыл 600 гектардан аса аумақта қызылша өсіріп отыр. Бұл аймақ түсім жағынан да басқа елді мекендердің алдында. Өткен жылы облыс әкімі Амандық Баталовтың тікелей қолдауымен ауданда «Алға» сервистік дайындау орталығы құрылып, «Жетісу» ӘКК» ҰК» АҚ арқылы 107 миллион теңгеге 25 бірлік техника сатып алынған. Осы техниканың арқасында егістік алқабындағы жұмыстар өз деңгейінде жүріп жатыр. Бұған қоса биыл аймақта облыс әкімінің қолдауымен тағы да 2 сервистік дайындау орталығы ашылмақ.

«Молжігітов» шаруа қожалығының басшысы Исатай Төлеубекұлы қызылша аралығының тығыздығын, желегімен киіздей тұтасып өсіп, мол өнім беруі жаңа технологияның жетістігі деп түсіндірді. Бұрындары тұқым сепкенде қатар арасы 60 сантиметрлік өлшеммен егіліп келсе, қазір бұл 50 сантиметрге өзгеріпті. Біріншіден, себілген тұқым қатарының жиілігі артып, өнім көбірек алынса, екіншіден, бұл қазу жұмыстарында жаңа техникаларға да қиындық тудырмайды. Осы тәсілдің арқасында тәтті түбір қатары арасындағы бос жер азайып, егін түбіне көлеңке көптеп түседі. Соның есебінен топырақтағы ылғал көбірек сақталып, қызылшаның ірі болуына септігін тигізген. Науқан басталғалы бері 72 гектар жерден 4250 тонна өнім жиналып, әр гектарынан 500 центнерден айналған. Шаруа қожалығы иесінің айтуынша, лизингке алынған техникалардың көмегімен бұрынғыдай жұмысшы күшін тартпай-ақ өнімді уақытылы жинап алуға болады. Заманауи технология, сондай-ақ, тәтті түбірдің сабақтарын өзі тазалап, жүк көліктеріне де өзі тиеп береді. Яғни, бұл артық шығынсыз-ақ қаражат үнемдеуге септігін тигізбек. Бұдан өзге әкімдік тарапынан науқан барысында әр гектарға 30 мың теңге субсидия алынған, науқан аяқталған соң гектарына 1500 теңге демеуқаржы берілмек. Келесі жылы егістік алқабын 120 гектарға дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр. Исатай Төлеубекұлы тек бір мәселені – «Көксу» қант зауытының өнімдерді уақытылы қабылдап үлгермей жатқандығын тілге тиек етті. Сол себепті 25 гектар қызылшаны жинау кейінге қалдырылған. Қазіргі уақытта лизингке алынған техникамен көрші шаруалардың жинау жұмысына көмек қолын созуда.

Рүстем АСҚАРҰЛЫ.
Қаратал ауданы.

Әлем тынысы

ӨЛІММЕН АЯҚТАЛҒАН ФУТБОЛ



Доп қуалаған жасыл алаңда жантүршігерлік жағдай орын алды. Мексикадағы матч кезінде қызыл қағаз көрсеткен төрешіні футболшы баспен ұрып өлтірді. Егде тартқан төреші тіл тартпай кетті.

Туласинго қаласында әдеттегідей футбол ойыны өтіп жатқан. Кенет Рубен Риверу Васкес ойын ережесін бұзып, төрешінің назарына ілігеді. Футболға әділет орнататын төреші ойыншыны бірден алаңнан қуады. Виктор Трехо Васкеске қызыл қағаз көрсетеді. Алаң шетіне шыға берген футболшы шешімге келіспей, ақыры ашуы басына шауып, төрешіге тұра ұмтылады. Доп ұрып дағдыланған басымен төрешіні қақ маңдайдан сүзіп құлатады. Жасы биыл 59-ға келген егде төреші оқиға орнында жер жастана құлап, тілге келмей жан тапсырады. Оқыс оқиғадан шошынған ел жедел жәрдем шақырып, құқық қорғау қызметкерлері келгенше футболшы ізін суытып үлгереді. Қазіргі таңда әйгілі аяқдоп шебері іздестіріліп жатыр.

АҚШ ПРЕЗИДЕНТІ САЙЛАНДЫ



Мұхиттың арғы бетіндегі атышулы сайлау аяқталды. Тіпті, тарихи таңдауда бір адам қаза тапты. Сонымен, Президент сайлауының нәтижесі белгілі. Республикалық партия атынан кандидат болған Дональд Трамп сайлаушылардан 276 дауыс жинады.

АҚШ-тың сайлау жүйесі күрделі. Американдықтар өз дауыстарын қағаз жүзінде нақты кандидатқа емес, сайлаушыларға берген болатын. Жалпы сайлаушылар алқасында 538 сайлаушы бар, АҚШ президенті атануы үшін кандидаттарға сайлаушылардың кемінде 270 дауысын жинауы қажет еді. Штаттар нәтижесі бойынша Д.Трамп 276 дауыс жинады. Бір ай өткен соң Дональд Трамп салтанатты ант қабылдайды және таяудағы төрт жылда ел басқарады. Бизнесмен-миллиардер Дональд Трамп отыз кандидаттың алдын орап, 2016 жылы 19 шілдеде Республикалық партия атынан сайлауға түсуге құқық алған. Д.Трамп АҚШ-та сайланған ең алғашқы егде жастағы президент. Ол биыл 70 жасқа толды.

ҚЫТАЙ ЗЫМЫРАН ҰШЫРДЫ



Қытайда алғаш рет заманауи «Ұлы жорық – 5» ірі зымыран-тасығыш ұшырылды. Мәлім болғандай, зымыран 2016 жылдың қыркүйек айында Хайнань провинциясындағы Вэнчан айлағына жеткізілген. Оны құрастыруға 200-ден астам жаңа технология қолданылған.

Ұлттық қорғанысқа арналған ҚХР ғылым, технологиялар және өнеркәсіп әкімшілігі зымыран-тасығыштың экологиялық таза отынмен жүретінін және жоғары тұрақты басқару жүйесіне ие екенін хабарлады. Қытай аэроғарыш ғылымы және техникасы корпорациясының қызметкері Чжао Чанцзяннің айтуынша, отын ретінде сұйық сутегі және сұйық оттегі қолданылған. «Егер ұшыру сәтті жүзеге асса, Қытай экологиялық таза зымырандар дәуіріне енеді», – деді ол. «Ұлы жорық – 5» жаңа замандағы Қытайдың ең күшті зымыран-тасығышы болып саналады. 2020 жылы ғалымдар зымыран көмегімен Жер және Марстың өтпелі орбитасына зонд шығаруды көздеп отыр.

КӨЗ ЖАСЫН АТАТЫН ТАПАНША



Өнертапқыштардың ізденісі қашанда нәтижелі. Осы жолы студент ғалым Чен И Фей мұз болып қататын көз жасын ататын тапанша құрастырып шығарды. Студент қыз оны дипломдық жұмысының тақырыбы етіп алған.

Жас бойжеткен Нидерландыдағы Дизайн академиясында оқиды. Құрылғы тапанша мен бетке киілетін арнайы бетперделен тұрады. Көз жасы кремнийден жасалған қуыс түтікшенің ішіне ағып түсіп, қатып қалады да, мұз бірден оққа айналады. Бойжеткеннің ерекше өнертабысы туралы бейнебаян «YouTube» желісінде жарияланған. Болашақта бұл құрылғы әскери салада да қолданылуы мүмкін. Көз жасына тез ерік беретін әйелдер қауымы дәл осы тапаншамен қаруланса, сын сағатта оларға ешқандай қауіп төнбек емес. Қазіргі таңда дипломдық жұмыс сәтті қорғалды.

ТҮРКИЯ ҒАЛАМТОРСЫЗ ҚАЛДЫ



Түркиядағы саяси құғын-сүргін толастаған жоқ. Мемлекеттік билік ақпаратпен қаруланған халықтың ғаламторына, әсіресе, әлеуметтік желісіне шектеу қойды. Нәтижесінде, Түркияда 6 миллион адам ғаламторсыз қалды.

Танымал онлайн-сервистері, атап айтқанда, «Twitter», «Facebook» және «WhatsApp» желілеріне кіру мүмкіндігі шектеліп, Халықтар демократиялық партиясының күрдтері қамауға алынғаннан кейін түбегейлі бұғатталды. Түркия ғаламтор ресурстарының жазуынша, бұғаттау алдымен мобильдік қосымшаларға қойылған. «Turkey Blocks» мониторингі Түркиядағы сайттардың барлығы және қосымшалар бәсеңдету әдісімен бұғатталғанын мәлім етті. Бұл кезде вебпарақтар жұмысының баяулайтыны соншалықты оларды пайдалану мүмкін болмай қалады. «Turkey Blocks» деректері бойынша республика тұрғындары біршама уақыт ғаламторсыз қалатын сыңайлы.

Ұлт ұятын

№2 (18278),
7 қаңтар, 2017 жыл

КӨЗҚАРАС

АЛСАМ, ЖИСАМ...
немесе пейіліміз неге тарылды?



Қай заманда да адамның пейілі мен ниеті арқылы оның кісілік келбеті айқындалған. Дарқан көңілді, пейілі кең, өзегі таза адамда ашкөздік, тойымсыздық, қарабасының ғана қамын ойлау секілді ұсақ пендешілік мінез болмаған. Осы сөзімізге бар мен жоқты, аш пен тоқты, адалдық пен сатқындықты басынан кешірген көне тарих куә.

Бұл жайлы көш бастаған серкелер мен ел тағдыры үшін басын қатерге тіккен ерлердің соңында өнеге болып қалған тарихи деректерде де аз айтылмайды. Сондай ұлы тарихтың терең тамырына зер салсақ «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» деген қағидалы сөздер неге күні бүгінге дейін үлгі ретінде айтылып келеді? Содан бері қаншама жүздеген жыл өтсе де аталған ұлы есімдердің адалдығы мен ізгілікті істері бүгінгі ұрпаққа өнеге ретінде айтылуда. Демек, адал пейілмен ұлты үшін істелген еңбектерінің еленгені ғой. Егер олар бүгінгі кейбір атқамінерлер секілді қолында билік тұрғанда өзінің ғана қамын жеп ашкөзденсе, нарам ниетте болса, сарғайған тарих беттерінде адалдықтың үлгісі ретінде аттары мәңгі қалмас та еді ғой. Бұған талас жоқ.

Енді «өзіміз өмір сүріп жатқан қазіргі заман адамдарының пейілі мен кісілік келбеттері қандай?» деген сауалға жауап іздеп көрелік.

Рас, нарық заңында бәрінің есепке құрылатыны, ақшаның басты рөл ойнайтыны, ақша араласпаса ешнәрсенің бітпейтіні анық. Алайда адамның көбі: «Тек мен ғана алсам! Жол менікі ғана болса! Мен ғана жүрсем! Мен ғана ішсем! Өзім ғана байысам! деп ниетін де, пейілін де бұзып алған жоқ па? Бәлкім, жаппай ашкөздік, дүниеқұмарлық, қарақан бастың ғана қамын ойлау мына замандағы адамдардың пейілінің бұзылуынан шығар? Мәселен, қаладағы саудагерлер тауарын қоятын орынға таласып шу шығарса, ауылдағы ағайын мал жаятын өрісі үшін қызылкеңірдек болып жатады. Үлкен күре жолдарда, кептелісі көп шаһар ішіндегі даңғылдарда тағы да жанталас. Біріне-бірі жол бермей «өзім-өзім» деп өңменденген жұрт. Сонда әлгі адамдардың пейілін бұзған не? Өршіген өзімшілдік пе?.. Әлде көздің құрты дүние ме? Мүмкін, қолдағы мансаптың, я болмаса тегіннен келген байлықтың буы шығар?

Қазір қарап отырсаңыз, қолында билігі бар адамның көбі мүмкін болғанның бәрін алдымен өзі үшін жасап, қармап, ұрлап, тығып, жинап калуға құмар. Қызметінен түсе қалса иемденетін жері, мінетін көлігі, пайдаланатын қаржысы, айналысатын жеке шаруасы, бәрі-бәрін қазірден бастап «реттеп» алмай тынбайды. Әр уақытта бірінші кезекке елдің емес, өзінің және өзіне ең сенімді «төңірегінің» жеке шаруалары қойылады. Елдің тағдыры одан кейінгі кезекте... Мұны адам пейілінің, оның ішінде қолында мансабы бар, ел тағдырын шешетіндер пейілінің бұзылғаны демесек шараң жоқ. Әрине, бәрі емес.

...Бір ірі облыстың дәй басшысы қызметінен кеткеннен кейін сол өңірде тұратын адамдардың аузынан естіген сөздерге алғашында сенбегенмін. Сөйтсем «Жел тұрмаса шөптің басы қимылдай ма»? Әлгі қасқа өзі басқарған өңірдегі дәріханалар мен базарлардан бастап қала маңындағы аудандардың алма бағына, демалыс орындарына, шалғай ауылдың қара күңгейлі жеріне дейін ірі малымен қосып тұрып жекешелендіріп, аты-жөні басқа, сенімді жақындарының атына иісіліп итпен іздесе де ізін таппайтындай етіп «заңдастырып» кетіпті?!. Кезінде арыздар түсіп, жоғарыдан тексеру де келген көрінеді... «Бұлдірген ештеңесі жоқ. Бәрі заңды», – деп кеткен дейді оқиғаны көріп білгендер.

– Қазіргі кейбір атқамінерлердің пейілдері жаман. Шетінен обырланып, жұтынып, тек алсам, жисам, тықсам деп тұрады. Жоғарғы жақ оларға сеніп, жергілікті жұрттың тағдырын қолына беріп отыр ғой. Бұлардың істейтіндері әлгі. Қазіргі мансаптылар қымқырудан бірімен-бірі жарысқа түскен бе, қалай? деп ауыр күрсінді кезінде өзі де жауапты қызметтер атқарған көнекөз қария.

Әрине, адамдардың пейілі туралы жеке пікірімізді ортаға салғанда біз ауылдық, аудандық және облыстық, одан да жоғары деңгейдегі барлық басшыларға күйе жағудан аулақпыз. Алайда, қалың елдің алдында тойымсыздығымен танылған әлгіндей адамдар арамызда жоқ деп және айта алмаймыз.

Пейілі жаман пенде ешқашан өз халқына адал қызмет ете алмайды. Және ондайлар өз кемшілігін қателік деп түсінбейді де. Тіпті оны адами жүрекпен мойындап, қорытынды шығаруды да ойламайды. Бірақ уақыт деген сыншы, кеңірдегі кеңіп қеткен бүгінгі ашкөздердің жазасын күні ертең әйтеуір бір берері анық. Бұған мысал жеткілікті. Біз жоғарыда қолында билік пен мансабы барлардың пейілі мен пиғылы туралы аз- кем сөз қозғадық. Ал енді жалпы адамдардың, сіз бен біздің, ағайын мен туыс-бауырдың, көршілердің арасындағы пейіл мен ниеттің дәл қазіргі кездегі жайына зер салып көрейікші.

Рас, еліміз егемендік алған 25 жылда аз жұмыс атқарылған жоқ. Алғашқы кезеңмен салыстырғанда ел тұрмысының дұрыстала бастағаны да байқалады. Бірақ бәрі емес, әрине. Осы бір өтпелі кезеңнің «түлкі» болып шалғандарға майдай жаққанын, сондай уақыттың ыңғайына жығыла білетіндердің аяқ астынан байып шыға келгенін сіз де, біз де көрдік. Қазір де көріп жүрміз. Мақұл, әлгілер іскер болсын, дүниенің көзін тапсын-ақ. Ал енді солардың пейілі қандай? Барға қанағат жасай ма? Жоқ, әлде бұлар да біз жоғарыда айтқан кейбір мансаптылар секілді «ала берсем, жинай берсем, өзім ғана болсам!» деп ақ тер, көк тер болып жүр ме? Егер пейілі мен ниет-пиғылы дұрыс болса мал бітіп, қомданған бауыр өзінің бауырынан безер ме еді? Кейбір ағайындар бес-он бас малдың жайылымы мен шабындығы үшін бірімен-бірі дүрдараз болып, ақыр аяғында атысуға дейін бармас еді ғой. Қазіргілердің тек ақша үшін бәрін істейтіні, арбап- алдайтыны, сатып кетіп, тақырға отырғызатыны өтірік пе? Адамдардың пейілі неге сонша тарылып кетті? Уыздай жастар да тек өзін ғана ойлайды. Күн сайын бәріміз көріп жүрген мына жағдайды алайықшы: автобуста жас балалар мен қыздар шалқайып отырып алып, қасында өзер тұрған қарт адамдарға кішілік ізет көрсетіп, орындарын беруді ойлап та жатпайды. Демек, әлгі уыздай жастар да тек өздерінің ғана жағдайын ойлайды. Өйткені, қазіргі тәрбие солай. «Бәрі тек өзім үшін» деген қағида. Сонда Қазақ деген дарқан халықтың ізет, инабатының, кішінің үлкен алдындағы парызы мен қарызының табанға тапталғаны ма?.. Бұл дерт уақытша ма, әлде, осымен кетеміз бе – деген ойлар мазалайды...

Пейіліміз неден тарылды? Ниеміз неге бұзылды? Қозғар әңгіме аз емес. Шерхан ағамша айқанда, бұл да «бір кем дүние».

Айтақын ӘБДІҚАЛ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын,
Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты.

ҒИБРАТ

Қазақ халқының қайсар да қаһарман ұлының бірі Бауыржан Момышұлы. Ол кісі тек батыр ғана емес, сонымен бірге ойы терең кемеңгер, сөзі кемел шешен, дара данышпан десек те болады. Батырдан қалған ұлағатты сөз бүгінгі біздей ұрпағының рухани қазынасы. Осы орайда атадан жеткен асыл сөзді өз пайымымша талдап көруді жөн көрдім.

БАТЫРДАН қалған ұлағат

«Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды». Шынымен де, еліміздің нақты заңы, сол заңға сүйенген өз тәртібі болмаса, бүгінгідей дамыған мемлекетке айналар ма едік? Тәртіп үлкен мемлекет үшін ғана емес, сол елді құрайтын әрбір отбасы, жекелеген ұжымдар мен мекемелер үшін де ауадай қажет. Меніңше тәртіпке бағыну дегеніміз – кез келген адамның өз жұмысына аса жауапкершілікпен қарау. Оқушы ата-анасын тыңдаса, ұстаздың айтқанын орындаса одан білімді де білікті маман шығады. Ол ертең студент атанғанда сол тәртіппен жақсы оқып, белгілі маман иесі болып шығады. Бала жасынан бойына темірдей тәртіп сіңірген бала өсе келе елінің көшін бастайтын тұлғаға айналады. Ал тәртіпке бағынбаған адам – ата-анасын ұятқа қалдырады, ұстазын құрметтей алмайды, есейгенде не жалқау, не өтірікші не басбұзар болып, қоғамға тек зияны тиетін пенденің бірі болып қалады.

«Пенденің пендеден айырмашылығы – адамгершілігі мен білімінде». Адам баласы мына өмірге бір-ақ рет келеді. Маңдайына жазылған ғұмырында не жақсы немесе жаман адам болып қалыптасады. Білімге құштар болған адам биікке шығады. Бірақ оның адамгершілігі жоқ болса, ондай биіктіктен не пайда. Әл-Фараби атамыздың: «Тәрбиесіз берілген білім – ұрпаққа қауіпті», – дегенін ескерсек, адамгершілік жоқ жерде білімнің де пайдасы жоқ. Міне, батыр мен ғалымның жан дүниесіндегі ұқсастықты осыдан байқауға болады. Адамгершілікті бала ең әуелі өзінің ата-анасынан үйренеді. Аталарымыз: «Әке көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер», – деген ғой. Әке-шешесінен көрген тәрбие бала үшін ең маңызды. Өйткені, бала көргенін істейді. Отбасында дұрыс тәрбие алса, қоғамда адамгершілігі мол азамат болады. Ал адамгершілігі жоғары адам рухани бай, білімді болады. Бауыржан ата айтып отырған пенденің пендеден айырмашылығы осы болса керек.

«Ешқашан мақтанба, жұрт мақтасын». Мақтану – адамды өзімшілдікке апарады. Нәпсісін қоздырып, ешкімге құлақ астырмай кетеді. Бұл адам бойындағы ең жаман әдет. Абай атамыз да «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде бес дұшпанның біріне осы мақтаншақтықты қосады. Бауыржан атамыз «жұрт мақтасын» дейді. Онысы, сенің әрбір игілікті ісіңе ел бағасын беріп, жақсылығыңды жұрт айтсын дегені. Мақтаншақтық пен өркөкірек болу ортаңнан да алыстатады. Әрбір жақсылығымызды өзіміз мақтағаннан гөрі, өзгенің мақтағаны еңбегіне берілген баға. Сондықтан көп мақтанбайық, жұрт мақтасын.

Мағжан Оспан,
М. Арын атындағы
дарынды балаларға арналған №24
арнаулы лицейдің 10-сынып оқушысы.

ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

ҚОҚЫС ТА керекке жарайды

Қазіргі таңда еліміздегі қатты тұрмыстық қалдықтардың тек екі пайызы ғана өңделеді. Ал 98 пайызы далада шашылып жатыр. Осы тұрғыдан келгенде, облысымыздағы қатты тұрмыстық қалдықтарды қажетке жарату ісі бүгінгі күннің талабынан шығып отыр деп айта алмаймыз. Әрине, дамыған мемлекеттер сияқты қоқысты жұз пайыз керекке жаратып, одан өміріміз бен тіршілігімізге тиімді заттарды өндіретін уақыт та келер. Ондай мүмкіндікке жету үшін жұрт болып жұмылған жөн. Алайда біз әлі де қоқысты керекке жаратудың мәдениетті жолын қалыптастыра алмай келеміз. Сондықтан тұрмыстық қалдықты қайта өңдеуден бұрын оны есепке алу, жинау, сұрыптау жолын, сондай-ақ, қауіпті қалдықтарды залалсыздандыру, жоюдың әдіс-амалын үйренгеніміз дұрыс.

Жетісу

Қажет АНДАС

Сенімді ақпарат бойынша өңіріміздегі жеті жүзден астам елді мекенде жалпы көлемі 1113,6 гектар 513 заңдастырылған күл-қоқыс үйіндісі мен полигонға жылына 850 тоннадан аса керексіз заттар тасымалданып, төгіледі. Осы тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау міндеті облыстағы 17 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мен 20 жекеменшік кәсіпорынға жүктелген. Олар 254 елді мекенді қамтиды. Демек, 50 пайыз елді мекендегі қатты тұрмыстық қалдық далада шашылып жатыр. Тіпті, медицина қалдықтарын жоюды жүзеге асыратын Іле ауданы мен Талдықорған қаласындағы «Интермед» ЖШС, қағаз қалдықтарын өңдейтін Қарасай ауданындағы «Қазақстан қағазы» АҚ, шыны сынықтарын шығаратын Іле ауданындағы «САФ» АҚ, пайдаланылған аккумуляторларды өңдеуді жүзеге асыратын Талдықорған қаласындағы «Қайнар АКБ» ЖШС-ін айтпағанның өзінде тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеумен айналысатын өндіріс орындары көп емес.

«Қатты тұрмыстық қалдықты өңдеу» деген ұғымды көпшілік күл-қоқыс үйіндісі мен полигондағы үйінділер арасынан қағазын бір бөлек, пластмассасын бір бөлек, темір, ағаш, әйнегін тағы бір жаққа жинап, зауытқа тасымалдап жаңа өнім шығару деп түсінеді. Ашығын айтатын болсақ, күл-қоқыс үйіндісі мен полигондарға төгілген қоқыстарды өңдеуге болмайды. Тұрғындар тарапынан қоқыс жәшігіне жиналған қалдықты тасымалдаушы компания өкілдері сұрыптаудан өткізбей-ақ полигонға төгеді. Яғни, оның ішінде қағазы да, пластмассасы да, тамақ қалдығы да, табиғат пен адам ағзасына зиянды улы заттар да араласып жүреді. Мысалы, пластмасса шөлмекті өңдеп, сондай бұйым шығаратын шикізат алуға болады. Ал сұйық май, бензин, ауылшаруашылық немесе басқа да улы дәрідәрмекке құйылған пластик шөлмекті толық залалсыздандырып, сұрыптан өткізіп барып өңдеуге жөнелту керек. Полигоннан қоқыс жинап, қоқыс жәшігін ақтарып-төңкеріп нәпақасын айыратындарға ақша тапса болғаны, олардың елдің келешегімен шаруасы жоқ. Әрине, полигондарға мықты күзет қойып, адам баласын аттатпай тастауға болар еді. Онда тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін отандық зауыттардың шикізат табалмай қиналатыны анық.

Осы тұста жеке кәсіпкер Гүлнұр Маратқызы басшылық ететін «ЭкоСервис-Арман» серіктестігінің бастамасымен Талдықорғанда түрлі қалдықты өңдейтін ірі зауыттың іске қосылғанын айта кеткен жөн. Құны 3 миллион 200 мың долларды құраған зауыт қондырғысын серіктестік өз қаржысына сатып алды. Қондырғының идеясы италияндікі болғанымен, барлық жабдығы Қытайда жасалыпты. Оны құрастыру, дайындау, іске қосу барысындағы техникалық жұмысты қытайлық мамандар атқарған.

Жоба инновациялық «Евро-4» санатты экологиялық талаптарға сай болғандықтан шикізат қалдықсыз өңделеді. Зауыт резеңке, пластик, қағаз, медициналық қалдықтар, тіпті мал өлекселерін де өңдеп, газ, қара май, солярка мен бензин, техникалық көміртегі мен жартылай кокс алады. Бұл өнімнің бәрін қайталай өндіріске қолдануға мүмкіндік мол. Тіпті өңдеуден кейінгі күйенің өзі баспахана бояуын шығаратын кәсіпорындарда сұранысқа ие. Көмірден шығатын түтін мен қалдықтар, жанғанда шығатын зиянды заттар пеш ішіндегі катализаторда, арнайы дайындалған су бассейнінде сүзіліп қалады. Өкінішке қарай, зауыт өндіріс ауқымын ұлғайту ниетінде болса да шикізат жинаудан қиындық көріп отыр.

Мүмкін, сіз: «Көшеде қоқыс үйіліп жатыр, жинап алып өңдей бермей ме? – деп ойлайтын шығарсыз. Қайталап айтайын, полигонға жетпеген қоқыстар ғана өңделіп, одан тіршілікке қолайлы дүние шығаруға болады. Сондықтан өңделетін қоқыс о бастан қатаң сұрыптауды керек. Ол үшін әрбір тұрғын күн сайын шығатын қоқыстарды керекке жаратудың жайын, ретін білуі керек. Шетелді айтпай-ақ қоялық, қазір Астана, Алматы қаласына барсаңыз көшедегі көк, жасыл, сары, қара, сұрғылт түсті қоқыс жәшігін көресіз. Қолыңыздағы қалдық затты қай жәшікке салуды білесіз бе? Жоқ. Облыс, аудан орталықтарына ондай мәдениет әлі жете қоймады. Демек, өркениеттің көшінен әлі де алыста жүрміз. Әр ауладағы қоқыс жәшігінде сасып-шіріп, асып-төгіліп жатқан қалдықтарды тасымалдау ісі де жүйелі емес. Тәртіп бойынша, қоқыс 24 сағаттың ішінде сұрыпталуы немесе күл-қоқыс үйіндісі мен полигонға жөнелтілуі керек. Сондықтан, біріншіден, ел бойынша қоқыс тастайтын жәшіктердің әлемдік өлшеміне көшкеніміз жөн. Ол көп шығынды талап етпейді. Екіншіден, тұрғындар мен жастарға қоқысты сұрыптаудың тәртібін үйретуіміз керек. Расымен, бәрі мектеп қабырғасынан басталуы керек еді. Өкінішке қарай, мектеп бағдарламасына мұндай мұзмұн кірмей қалыпты.

Өткен жылы Қостанай облысында пластик шөлмектерді арнайы жинайтын жәшіктер сынақтан өткізіліп, жақсы нәтиже берген. Қазір ондағы тұрғындар пластик бұйымдарды арнайы орнатылған жәшіктерге тастауға әдеттеніп, зауыттарды шикізатпен қамтамасыз ету әлеуетін арттырған. Бірақ, оны өзге облыстар қолдануға құлықсыз. Биылғы қаңтардың бірінен бастап Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі мен «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңның кейбір тармақтары күшіне енді. Оның ішінде қоқысты жинау, сұрыптау, залалсыздандыруға қатысты баптар да бар. Ол талапты орындамағандарға әкімшілік жазадан қылмыстық жауапкершілікке тартуға дейінгі жазалау түрлері қарастырылған. Сондықтан қоқысты көрінген жерге тастамауға әдеттеніп, қалдықты қандай қоқыс жәшігіне тастау керектігін біле жүргеніңіз артық болмайды.



ОЙМАЗДАҚ



Меруерт МОЛДАҒАЛИЕВА

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ пен ҚАТЫГЕЗДІК

Көз көріп, құлақ естіп жүрген оғаш қылықтардың қатары артқан сайын қоғамға өкпелегендей боласың. Бірақ жекелеген адамдардың ісіне бола көпке топырақ шашудың тағы қисынға келмесі анық.

Бірде баратын жеріме кешігіп қалмайын деп такси шақырдым. Айтқан мекенжайға жеткізген көлік иесі жолдың екінші бетіне бұрылмақшы болып, қарсы жолақтағы автокөліктің өтіп кетуін күтіп тұрғаны сол еді, мен өркениеттің көшінен әлі де алыста жүрміз. Әр ауладағы қоқыс жәшігінде сасып-шіріп, асып-төгіліп жатқан қалдықтарды тасымалдау ісі де жүйелі емес. Тәртіп бойынша, қоқыс 24 сағаттың ішінде сұрыпталуы немесе күл-қоқыс үйіндісі мен полигонға жөнелтілуі керек. Сондықтан, біріншіден, ел бойынша қоқыс тастайтын жәшіктердің әлемдік өлшеміне көшкеніміз жөн. Ол көп шығынды талап етпейді. Екіншіден, тұрғындар мен жастарға қоқысты сұрыптаудың тәртібін үйретуіміз керек. Расымен, бәрі мектеп қабырғасынан басталуы керек еді. Өкінішке қарай, мектеп бағдарламасына мұндай мұзмұн кірмей қалыпты.

Өткен жылы Қостанай облысында пластик шөлмектерді арнайы жинайтын жәшіктер сынақтан өткізіліп, жақсы нәтиже берген. Қазір ондағы тұрғындар пластик бұйымдарды арнайы орнатылған жәшіктерге тастауға әдеттеніп, зауыттарды шикізатпен қамтамасыз ету әлеуетін арттырған. Бірақ, оны өзге облыстар қолдануға құлықсыз. Биылғы қаңтардың бірінен бастап Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі мен «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңның кейбір тармақтары күшіне енді. Оның ішінде қоқысты жинау, сұрыптау, залалсыздандыруға қатысты баптар да бар. Ол талапты орындамағандарға әкімшілік жазадан қылмыстық жауапкершілікке тартуға дейінгі жазалау түрлері қарастырылған. Сондықтан қоқысты көрінген жерге тастамауға әдеттеніп, қалдықты қандай қоқыс жәшігіне тастау керектігін біле жүргеніңіз артық болмайды.

Өйткені мемлекет басшысы мен соның қарамағындағылардың қасына барғанда, ұялып жерге қарамас үшін. Алайда олар да жұмыр басты пенде. Сені мен менен артықшылығы жоқ. Ал енді сенен сұрайын, о дүниеге барғаныңда осыншама күнәң мен кінәларың бола тұра, Аллаһ тағаланың алдына шығып есеп беруге ұялмайсың ба?

Ғалымның сөзі сүйегінен өткен төре баласы атының тізгінін бірден қызметшісіне ұстатып, өзі бұдан былай өмірін бұ дүниелік өткінші ләззаттарға алданбай, Аллаһ тағаланың ақ жолына түсіп, тақуалықпен өткізуге табан астында қарар берген екен.

Кедейдің байлығы

Бір адам өзінің кедейлігіне налып, жоқшылықтан әбден жүдеп-жадағанын айтып, қамығыпты. Сонда бір парасат иесі оған:»Сенің көзіңнің көр болмай, сау болғаны жақсы ма, жүз мың теңгеңнің болғаны жақсы ма?» – депті. Ол: «Әрине, көзімнің сау болғаны жақсы, көздің көр болып, қолда ақша болғанынан не пайда?» – депті. Әлгі кісі: «Сенің екі қол, екі аяғың кесілген болып, екі жүз мың теңгеңнің болғаны жақсы ма?» – депті. Ол: «Жоқ», – депті. Әлгі кісі: «Сен жынды болып, көп ақшаңның болғаны жақсы ма?» – дейді. Ол: «Жоқ», – дейді. Сонда әлгі парасатты кісі: «Жаратқан иең ақшадан артық денсаулық берген екен, соған шүкір демейсің бе?» – деген екен.



ШАҢЫРАҚ

Жұмыр басқа не келіп, не кетпейді? Ойланасың, толғанасың, жалғызсырайсың. Құлазыған жаныңа ем таба алмайтын кездерім де аз емес.

ШАҒЫН МЕМЛЕКЕТТІҢ ШЫРАЙЫ

Дегенмен, жалғыз қалған сәттерімде тұңғиық қиял әлеміне сүңгіп, қолымдағы қаламым еріксіз қағазға шүйілгеді. Сондайда отбасым туралы толғанамын.

«Отбасы – шағын мемлекет. Мен президент, сен премьер», – деп ақын Қасым Аманжолов жырлағандай, отбасы өзінше бір әлем. Менің отбасымда бес жан. Олардың әрқайсысының өз орны бар. Әкем –отбасымыздың тірегі болса, анамыз – жүрегі, шамшырағы. Әр перзент үшін ананың орны ерекше. Менің анам әлемдегі ең тамаша жан. Ол өміріміздің шуағы мен жарық сәулесі. Барлық адамзат ананың шексіз махаббатымен өседі. Шыр етіп дүниеге келген сәттен бастап, ана бар ғұмырын баласына арнайды. Ана – өмір айнасы. Ал бауырымды әкемнен кейінгі әкем деп есептеймін. Сіңлімнің орны тіптен бір бөлек, ақылшым, досым, жанымның бөлшегі. Менің отбасым – нағыз махаббатқа бөленген отбасы.

Кәусар ЛЕСКЕНҚЫЗЫ.
Жамбыл ауданы.

1

КӨКЖИЕК

Жамандық жинама

Келе жатқан бір таксидің алдынан көк көлік кілт тоқтап, апатқа себеп бола жаздайды. Тежегішті уақытында басып үлгерген жүргізуші көлікті басқа жаққа бұрып, жолдың екінші жағымен келе жатқан көлікпен соғыса жаздайды. Көк көлік иесі терезені ашып жүргізушіге жаман сөз айтып ұрысады. Ол болса еш ашуланбастан күлімдеп қана қол сілтейді. Оның сабырлылығына таңданған жолаушы сұрайды: “Неге оған жауап қайтарудың орнына күлімдеп қана қойдыңыз? Оның кесірінен оқыс оқиға орнай жаздады ғой!”. Жүргізуші болса былай дейді: “Көптеген адам қоқыс артып алып жүреді. Қоқыстары – ыза, жеккөрініш пен реніш. Қоқыс көбейіп кеткен кезде оларды бір жерге лақтыру керек болып тұрады. Сондықтан қоқыстарын кейде сенің үстіңе де лақтырып тастаулары мүмкін. Ешбір уақытта мұны жүрекке жақын қабылдама. Күлімде де, олардың жақсылығын тілеп жолыңмен кете бер. Олардың қоқыстарын алып жұмысқа, үйге немесе басқа адамдарға апарушы болма”.

Кемшілікті жасыру

Бірде елді қуаңшылық жайлап Мұса пайғамбар (а.с.) қауымын ертіп, тасаттыққа шығады. Дұға жасап,



2

Аллаһтан жаңбыр тілейді. Бірақ дұға қабыл болмай, жаңбыр жауа қоймайды. Сонда Мұса пайғамбар (а.с.) қолын жайып: «Я, Аллаһ тағалам! Сен менен тіле, сонда жаңбыр жаудырамын, қуаңшылықтан құтқарамын деп едің. Бірақ қанша дұға жасасам да, дұғамды қабыл қылмауыңның хикметі не?» – деп сұрайды. Сонда Аллаһ тағала: «Дұғаңның қабыл болмауы, араларыңда жасаған күнәсына тәубе етпеген біреу бар, сол тәубеге келмейінше дұғаң қабыл болмайды», – деп жауап қатады. Сонда Мұса пайғамбар: «Онда ол адамның кім екенін білдіре гөр», – дегенде, Аллаһ тағала: «Менің бір есімім – Саттар, яғни пенделерімнің күнәларын жасырып тұрамын. Ешбір құлымның күнәсін әшкерелегенді қаламаймын. Сендер бірің қалмай тегіс тәубеге келіңдер, сонда араларыңдағы әлгі кісі де тәубе етеді», – деген екен.

Жақсының шарапаты

Бір қарапайым жұмысшы көлігін жөндетуге ақша жинайды. Көлік жөндеу орталығына бара жатып, жолда қайыр сұрап отырған жесір әйелді көреді. Көмектесейін десе- көлігін жөндетуге жетпейді, көмектеспейін десе аш отырған балаларын аяйды. Ойлана келе бар ақшасын жесір әйелге беріп, үйіне қайта оралады. Үйінде әйелі:

– Көлікті жөндеттің бе? – деп сұрайды. Жөндетпегенін айтса ұрыс боларын сезіп, жай ғана:

– Ертең жөндетемін, – деп қоя салады. Ертеңіне жұмыстан келсе, әйелі тағы да сұрайды. Ол:

– Иә, сөйлестім, ертең барып жөндететін болдым, – деп алдайды. Әйелі:

– Бүгін бір ұста үйге келді де «Көлігін жөндеуге маған әкелсін» деп мекенжайын беріп кетті, – дейді. Таңғалған ол, сол мекенжайға барып, мән-жайды айтады. Сонда ұста жанына келіп:

– Сен қандай қайырымды іс істедің? Менің түсімде біреу аян беріп, сенің көлігіңді жөндеп беруді тапсырды, – дейді.

Осылайша ұста оның көлігін тегін жасап береді.

Күнә мен ұят

Ғалым Хасан Басри бір күні жолдастарымен жолда кетіп бара жатып, елге танымал жоғарғы шенді бір төренің

3

баласын жолықтырыпты. Елге үкімі жүріп тұрған басшының баласы маймаңдаған боз жорға үстінде бір топ қызметшілерімен сырнайлатып, кернейлетіп кетіп бара жатса керек. Хасан Басри жол ортасында тұрып, аз-кем жөн сұрасқаннан кейін балаға қарап:

– Ей, бай-манаптың баласы! Сендердің нені болсын, кімді болсын ақшамен өлшейтіндерің белгілі. Мұндайға менен басқа ешкімнің жүрегі дауалай қоймас. Сағаң бір-екі ауыз сөз сатайын, соған келісесің бе? – депті.

– Мейлі, алайын, қаншаға сатпақсыз? – деп сұрайды бала.

Хасан Басри екі сөзін екі күміске бағалайтындығын айтып, екеуінің арасында мынадай әңгіме өрбиді:

– Өз үйің бар ма?

– Иә, бар.

– Мирасқа қалып па еді, әлде өзің салғыздың ба?

– Өзім салғыздым.

– Қанша уақытта салғыздың?

– Оған уақыт көп кетті.

– Күш-қуатың бола тұра неге тезірек салғызбадың?

– Үйге қажетті ауыр ағаштар мен тастарды тасыған малдарға жаным ашыды. Сондықтан оларға көп жүк артқызбадым.

Хасан Басри бұл жолы:

– Ей, елге сыйлы басшының ұлы! Малдарыңа жаның ашығанда, неге өз-өзіңе жаның ашымайды? Оларға қиналмасын деп ауыр жүк артпадың, ал өзің неге мұншама ауыр күнә арқалап жүрсің? Одан да өзіңе неге жаның ашымайды? – депті.

Аталы сөз балаға қатты әсер еткен еді. Жалма-жан атынан түсіп Хасан Басри хазіреттің қолын алыпты. Сөйтіп сабырсыздана:

– Уа, ақсақал! Екі күмісіңізді қолма-қол берейін, екінші сөзіңізді де айтыңыз, – депті жалынып. Хасан Басри екінші сөзін айтпақ болып:

– Қайда бара жатыр едің? – деп сұрайды.

Бала:

– Мемлекет басшысына барып, жауапты қызмет алмақ едім, – деп жауап бергенде Хасан Басри:

– Қарашы, мемлекет басшысына бара жатырмын деп барынша әдемі киініп, үстіңе хош иістер сеуіпсің. Неліктен?

4

Өйткені мемлекет басшысы мен соның қарамағындағылардың қасына барғанда, ұялып жерге қарамас үшін. Алайда олар да жұмыр басты пенде. Сені мен менен артықшылығы жоқ. Ал енді сенен сұрайын, о дүниеге барғаныңда осыншама күнәң мен кінәларың бола тұра, Аллаһ тағаланың алдына шығып есеп беруге ұялмайсың ба?

Ғалымның сөзі сүйегінен өткен төре баласы атының тізгінін бірден қызметшісіне ұстатып, өзі бұдан былай өмірін бұ дүниелік өткінші ләззаттарға алданбай, Аллаһ тағаланың ақ жолына түсіп, тақуалықпен өткізуге табан астында қарар берген екен.

Кедейдің байлығы

Бір адам өзінің кедейлігіне налып, жоқшылықтан әбден жүдеп-жадағанын айтып, қамығыпты. Сонда бір парасат иесі оған:»Сенің көзіңнің көр болмай, сау болғаны жақсы ма, жүз мың теңгеңнің болғаны жақсы ма?» – депті. Ол: «Әрине, көзімнің сау болғаны жақсы, көздің көр болып, қолда ақша болғанынан не пайда?» – депті. Әлгі кісі: «Сенің екі қол, екі аяғың кесілген болып, екі жүз мың теңгеңнің болғаны жақсы ма?» – депті. Ол: «Жоқ», – депті. Әлгі кісі: «Сен жынды болып, көп ақшаңның болғаны жақсы ма?» – дейді. Ол: «Жоқ», – дейді. Сонда әлгі парасатты кісі: «Жаратқан иең ақшадан артық денсаулық берген екен, соған шүкір демейсің бе?» – деген екен.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail. ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ӘЛЕУМЕТ

КӨМЕККЕ ЗӘРУ ЖАНДАР көзден таса қалмайды

Әлемде қалыптасқан дағдарыстарға қарамастан мемлекетіміздің әлеуметтік салаға, халықтың әлеуметтік жағдайына қатысты ұстанған саясаты, сол саясат негізінде жүргізіліп жатқан әлеуметтік бағыттағы реформалары еш өзгеріске ұшыраған жоқ. Демек, халықтың әлеуметтік жағдайы мемлекеттің басты назарында тұр.

Облыс бойынша өткен жылы 7746 адам арнаулы әлеуметтік қызмет түрлерімен қамтылды. Стационар жағдайында қызмет көрсететін тәулік бойы тұрақты немесе уақытша тұруға арналған 9 мекеме жалғызбасты қарттар мен мүгедектер үшін, психоневрологиялық дертке шалдыққан науқастар мен мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жұмыс істейді.

Сондай-ақ, облыста мүгедектерге қызмет көрсететін әлеуметтік ұйымдардың желісі кеңейтілуде. 2016 жылы Қаратал ауданында балаларға арналған 60 орынды күндіз болатын орталық ашылып, онда мүмкіндігі шектеулі өрендерге медициналық, педагогикалық және психологикалық оңалту көмектері көрсетілуде. Аталған мекемелер арнаулы әлеуметтік қызметтің 8 түрімен қамтылған.

Жүйелі де жемісті жұмыстардың нәтижесінде арнаулы әлеуметтік орындарға кезекте тұратын азаматтар саны азаюда. Мысалы, салыстырмалы түрде айтар болсақ, 2013 жылы 203 адам кезекте тұрса, 2016 жылы 50 адам ғана тіркеуде қалған. Интернат үйлеріне орналасуға ниет білдірген жалғызбасты қарттар мен мүгедектердің азаюына байланысты, Сарқан қарттар мен мүгедектер үйі психоневрологиялық интернатқа ауыстырылды. Сонымен қатар, облыс әкімінің қолдауымен, Кербұлақ ауданындағы Қоғалы ауылында психоневрологиялық сырқаттары бар мүгедектерге арналған интернат үйі салынып бітіп, 157 адам аталған мекемеге орналастырылды.

Осыдан бес жыл бұрын, яғни 2011 жылы тұрғындардың арнаулы әлеуметтік қызметпен қамтылу деңгейі 77,2 пайыз болса, 2016 жылдың қорытындысына сәйкес, бұл көрсеткіш 99,4 пайызға жетті. Сондай-ақ, осындай мекемелерге бюджеттен бөлінетін қаржы көлемі де жылдан-жылға ұлғаюда. 2016 жылы әлеуметтік мекемелерді ұстауға 2645,1 млн. теңге бөлініп, мемлекет қамқорлығындағы бір адамды ұстауға арналған шығындар жылына орта есеппен 1204,0 мың теңгені құрады.

Қамқорлықтағы тұлғаға тәулігіне көрсетілетін қызметтердің орташа құны жылдан-жылға ұлғаюда, егер Стандарт енгізілген уақытта, яғни 2009 жылы қызметтердің құны 2016 теңгені құраса, 2012 жылы – 2696 теңгені, 2013 жылы – 2905 теңгені, ал 2016 жылы 3298 теңгені құрады.

Бұл мекемелерде өздерінің лабораториялары және физио, массаж кабинеттері, жаттығу құралдарымен жабдықталған залдары, кітапханалары, фитобарлары, стоматологиялық кабинеттері, имандылық бөлмелері, шахматдойбы клубы, бильярд залы бар. Сонымен қатар, психологиялық-эмоционалдық жағдайларын қалыпқа келтіруге арналған сенсорлық зал, жанды зообұрыш, еңбек терапиясы сынды кабинеттер жұмыс істейді.

Өмір заңына байланысты, «Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында 2015-2016 жылдар аралығында 105 адам қайтыс болған. Оның 5-і денсаулығына байланысты мүгедек жандар болса, 100-і егде жастағы қарттар.

Республика бойынша халықтың өмір сүру ұзақтығы орташа есеппен алғанда 72 жас, ал Алматы облысында 72,4 жас болса, аталған мекеме бойынша өмір сүру ұзақтығы 78-79 жасты құрап отыр. Бұл қарт адамдар мен мүгедектердің денсаулықтарын оңалтуға арналған іс-шаралардың үзбей жасалынуының нәтижесі деп білеміз.

Дегенмен, аталған мекемелерде 2015 жыл мен 2016 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша мүгедектердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған заңнаманың қолдануына байланысты Алматы облыстық прокуратурасының тексеруі кезінде бірқатар кемшілік анықталды. Осы тексеру кезіндегі олқылықтардың басым бөлігі мекемелерде көрсетілетін медициналық қызмет сапасының төмендігімен байланысты болып отыр.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты барлық мекеме өкілдері облыстық прокуратураның заңбұзушылықты жою туралы ұсынымымен таныстырылды. Басқарманың алқа мәжілісінде тексерудің қорытындысы, орын алған әрбір кемшіліктер жеке-жеке талқыланып, таразыланып, олардың орын алу себептері екшеленді. Нәтижесінде облыста орын алған кемшіліктерді анықтау, оның себептері және оны жою үшін іс-шара жоспары бекітілді. Осы жоспардың аясында бірқатар ескертулер жойылып, алдағы уақытқа атқарылатын жұмыстар белгіленді.

Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында кемшіліктерге жол берген 55 адамға тәртіптік шара (17-не ескерту, 20 адамға сөгіс, 18-не қатаң сөгіс) қолданылды. Ал 18 қызметкер жұмыстан босатылды, оның ішінде 15 мейірбикенің сертификаттарының расталмағандығынан осындай шешім шығарылған.

Алдағы уақытта аталған мекемелердің жұмыстарын құрамына үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері енетін қоғамдық кеңестер де бақылайтын болады.

Бүгінгі нарықтық қатынас кезінде экономикада түрлі ауытқулардың болатыны заңдылық. Осы орайда Елбасының сындарлы саясатын қолдап, сөзден гөрі нақты іс-қимыл жасап, қолда барды үнемдеп, іздену қажет. Сонда ғана «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, қандай қиындық болмасын еңсеретініміз анық.

Күнделікті ортамызда жүрген әлеуметтік көмекке мұқтаж жандар – қашанда біздің Қазақстан сынды зайырлы қоғам назарында. Алдағы уақытта да оларға мемлекет тарапынан барынша қолдау көрсетіле беретін болады. Сондай-ақ, ондай жандардың өмірден өз орындарын табу, оларды еңбекке тарту және сауықтыру, үнемі сапта жүруіне жағдай жасау бағытындағы жұмыстарымыз жібін үзбей жалғасын тауып, жіті бақылауда болмақ.

Қаныбек АЙТЖАНОВ,
облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы.



КОНФЕРЕНЦИЯ

БІЛІМ сапасы артады

Талдықорғандағы Ө. Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясында «Қазіргі білім беру: әдістеме, технология, сапа» атты Халықаралық конференция өтті. Жиынға жоғары оқу орны, мектеп ұстаздарымен қоса Ресей және Қырғызстанның ғалымдары қатысты.

Шараның шымылдығы осы академияның ректоры Виталий Ханның сөзімен бастау алды.

Жетісу
Айдар ҚАЛИЕВ

– Құрметті қонақтар, бүгінгі конференцияға қош келдіңіздер! Ғылыми-әдістемелік шараның басты мақсаты – өңіріміздегі оқу жүйесінің сапасын арттырып, білімді ұрпақ тәрбиелеу. Игілікті шарадан ұстаздарымыз тәжірибе жинақтап, білімін шындай түсетініне сенімім мол, – дей келе баяндамашыларға сәттілік тілеп, жиынды ашық деп жариялады.

Осыдан кейін Талдықорған қалалық білім басқармасының бас маманы Мария Садуақасова баяндама жасады. Қазақ тілі мәдениетін дамыту мен көп тілді білудің пайдасын айтқан маман жиналған жұртшылыққа ой салды. Сонымен қатар, ұстаздарымыз заманауи білімнің өзекті мәселесін де қозғады. Атап айтсақ, әдеби кітап оқымай, әлеуметтік желіде отыратын оқушылардың сөздік қоры аз. «Осылай жалғаса берсе тілімізді лайлаймыз, сондықтан қазірден бастап қатал тәртіп пен білімге көңіл бөлуіміз керек», – деп қадап айтты. Әр сабаққа тоқталған мамандар бастауыш сынып оқушыларының білім беру жүйесін де жіті талқылады.

Ал көрші елден келген қонақтар шет тілінің тиімді оқу тәсілін тілге тиек етті. Олар өздерінің жаңа жобаларымен таныстырып, тың идеяларын ұсынды. Осылайша тәжірибе алмасқан мамандар барлық тақырыпты қамтып, ой бөлісті. Жиын соңында баяндама жасаған ұстаздарға арнайы сертификат пен дипломдар табысталды. Жиынға келген жұрт өскелең ұрпақты білімнің биігіне жетелейтін осындай игілікті шара өңірімізде жиі ұйымдастырылып тұрса деген ниетпен тарқасты.

Әлем тынысы

ҚҰРАН ОҚЫП ЖАРЫСТЫ



«Japan Islamic Trust» басшылығы мен «Құран жаттау» жөніндегі халықаралық ұйымы жатқа Құран оқу жарысын өткізді.

Байқауға қатысушылар жасөспірімдер және ересектер, ұлдар мен қыздар тобына бөлінді. Жеңімпаздар үш санат: Құранды әдемі оқу, жатқа оқу және 5 жүз (тарау), 2 жүз, 1 жүз және қасиетті Құран Кәрімнің 0,5 жүз (тармағын) жатқа айту бойынша анықталды.

Шараның салтанатты марапаттау рәсіміне араб-ислам институтының директоры Насер әл-Наим, «Japan Islamic Waqf» директоры шейх Акил Седики, сондай-ақ, жапониялық белгілі мұсылман қайраткерлері қатысты. Ал жеңімпаздар Ұмра қажылығына баруға тегін жолдамаға ие болды.

Айта кетейік, Жапонияда мұсылмандар саны шамамен 70000-ды құрайды. Жапония мұсылман ассоциациясының мәліметінше, 10 мыңнан аса жергілікті жапон ислам дінін қабылдаған.

АСТАНА ТУРАЛЫ МАҚАЛА



Сириядағы дағдарысты бейбіт жолмен шешуді қарастыратын келіссөзге қатысушы тараптарды қабылдап отырған Астанамыз туралы әлемге әйгілі Associated Press (әдетте қысқаша AP-ред.) агенттігі мақала жариялады.

Мақалада: «XIX ғасырдың бас кезінде Ресей империясының бекінісі болып негізі қаланған Ақмола қаласы бастапқыда желі азынаған жазық дала еді. Бірақ 1994 жылы Қазақстанның Тұңғыш Президенті ел астанасын осыған дейін сауда орталығы болып келген Алматы қаласынан Ақмолаға көшіруді ұйғарып, шаһардың атауын Астана деп өзгертті. Сол кезден бері қала тұрғындарының саны 200 мыңнан 880 мың адамға жуықтады. Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін бой көтерген екі қабатты үйлер көптеп орналасқан бұл қаланың ажар-реңі аталған шешімнен кейін түрленіп, түбегейлі өзгерді. Қалада негізі әйнек пен темірден құралатын көп қабатты биік-биік ғимараттар жан-жақтан салынды. Бұл ғимараттарда мемлекеттік органдар мен елдегі бас компаниялар отырады», – деп жазылған.

Қаламы жүйрік журналистер Астананың ауа райы мен өткен ғасырдың 1930 жылдары жерімізде болған сталиндік репрессия лагерьлерін өзара байланыстырыпты. Атап айтсақ, қысы ызғарлы Ақмола жерінде салынған АЛЖИР лагері туралы кеңінен сөз қозғапты. Сондай-ақ, шетелдіктер Қазақстанның бас қаласында тіпті, мамыр айында қар түсуі мүмкін екендігін айтып, таңданысын жасырмаған.

600 ТАУЫҚ ТЕГІН ТАРАТЫЛДЫ



Мадридтегі «Plaza Mayor» алаңына келген тұрғындар мен туристеріне отқа қақтап пісірілген 600 тауық тегін таратылды.

Бір қызығы, тауық сымға тігінен ілініп, аспан астында ашық етіп жағылған отқа қақталған. Пісіру барысында тауықтың терісі қызғыш түске боялып, маздаған отқа баяу қуырылады. Бастапқыда аспаздар жұртты тегін тамақтандыру үшін шамамен екі жүз тауықты алған. Бірақ ұзыннан-ұзақ кезекке тұрған жұрттың қарасы барған сайын көбейіп, одан екі есе көп тауық пісіруге тура келген. Шеф-аспаз бастаған топ түрлі салат және түрі жағынан лавашқа ұқсайтын нан пісіріп үлестірген.

ЖАНАРМАЙСЫЗ ЖҮРЕТІН КӨЛІК



Қытай 2020 жылға дейін «жасыл» энергетика саласына 360 млрд. доллар инвестиция салуды жоспарлап отыр. Осылайша көмір өндіру мен пайдалануды біртіндеп азайта бермек.

Қытайда жаңа қуат көздерімен қозғалатын автокөлік 2020 жылға қарай төрт есе артады. Қытай алдағы үш жылда жаңа қуат көздерімен қозғалатын автокөлік өндіруді жылына 2 миллионға жеткізуді жоспарлаған. Қазір бұл елде жанармайсыз жүретін көліктер саны 1 миллионнан асады. Бейжің сияқты ірі мегаполистер қоршаған ортаға қалдық шығармайтын автобустар, экотаксопарктер сияқты нарықты дамытып жатыр. Өйткені ауасы ластанған шаһарлар үшін электромобильді жаппай қолданысқа енгізу өте өзекті. Бейжіңдегі бұл экотаксопарк Фань-шян ауданында қызмет көрсетеді. Ол 2012 жылы жаңа қуат көздерімен қозғалатын қоғамдық көлік қызметін дамыту бағдарламасы негізінде құрылды. Алғашында 100-ге жуық техника болса, қазір 600-ден асты.

БҰҚАДАН БАС ТАРТТЫ



Испания соты елдегі жолдардың басым бөлігінің жиегіндегі бағандарға ілініп қойылған бұқаның суретін елдің ресми символы деп таныған жоқ.

Осыған байланысты бұқаның суретін кез келген фирмалар мен компаниялар жеке логотип етіп пайдалана алады. Мысалы, танымал «Osborne» сауда үйі «Veterano» бренди ішімдігін жарнамалау үшін бұқаның суретін 60 жыл бойы қолданып келеді. Аталық малдың суретін экстремалды спортқа арналған барлық тауарына басып шығарып жүрген «Badtoro» компаниясы мен осы «Osborne» сауда үйі осы логотипке бола соттасып, Люксембургтегі Еуропалық сотқа дейін барыпты. Енді таласта кім жеңгенін осы сот шешіп береді. Ал бұқаны испан елінің ресми символы деп танудан бас тартқан Испания жоғарғы соты «Osborne» сауда үйі пайдаланатын «Toro» сауда белгісін жоюдан да бас тартты. Сөйтіп, бұқа шығатын коррида испандардың мәдени мұрасы болып танылғанымен, Зеңгі бабадан қалған аталық мал Испанияның ресми символы болып танылмай қалды. Сәйкесінше, бұл елдегі кез келген жеке немесе заңды тұлға бұқаның суретін еркін пайдалана алады және одан ешкімге материалдық немесе моральдық зиян келмейді.

ЭКОЛОГИЯ: ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

БАРШАҒА ОРТАҚ МІНДЕТ



Жетісулық экологтар өңіріміздегі қоршаған ортаның жағдайы тұрақты деп тұжырымдап отыр. Ауа мен судың мөлшерден тыс ластанғаны тіркелмеген. Атмосфераға зиянды қалдықтардың шығарылуы да жыл санап азайып келеді. Осы маңызды жұмыста облыстық экология департаменті де белсенділік танытуда. Арнайы жүргізілген тексерістер барысында ұсақ заңбұзушылықтардың бар екендігі анықталған. Бүгінде департаментте сенім телефоны жұмыс істейді. Оған қоңырау шалатындар да жоқ емес.

Жетісу
Қажет АНДАС

Расында, еліміздің экологиялық қауіпсіздігі әр аймақтың табиғат жағдайына байланысты. Десе де, Жетісу өңірі жер жаннаты деген атпен танымал. Оның үстіне Елбасының туған жері, өскен өлкесі. Оның экологиялық жағдайының заң талаптарына сай бақылауда болуы, басқа өңірлерге үлгі ететін жетістіктермен толығып отырғаны жөн. Осыған орай, жыл сайын өңірімізде облыстық әкімдіктің ұсынысы, облыстық мәслихаттың шешімімен қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарының құрылысына және қайта жөндеу жұмыстарына, жаңадан салынатын қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге, табиғат қорғау шараларының жоспарын бекітуге қыруар қаржы игеріліп келеді.

Облыстық экология департаментінің ақпараты бойынша, жыл сайын облыс аумағынан 800 мың тоннаға жақын тұрмыстық қатты қалдық шығарылады. Соның ішіндегі 450 тоннасы Алматы қаласының, қалған 350 тоннасы елді мекендердің еншісінде. Бүгінде облысымыздағы жинақталған қалдық көлемі 9,0 млн. тоннадан асады. Ал осы қалдықтың қаншасын өңдеп, керекке жаратып жатқанымыз туралы нақты ақпарат жоқ. Қайта полигондар мен қоқыс орындарының нормативтік талаптарға, санитарлық, экологиялық және құрылыс нормалары мен талаптарына сәйкес жабдықталмауы, көп сандағы жабайы қоқыс орындарының әлі де сақталуы экологиялық жағдайды қиындата түсуде. Бұл тұрғындар мен кәсіпорындар жұмысшыларының денсаулығына елеулі қауіп тудырады.

Қатты қалдықтармен айналысу жүйесінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – оны жою дәрежесі. Тұрмыстық қатты қалдықтарды алғашқы сұрыптау немесе механикалық жолмен кәсіпорындарда өңдеу арқылы одан қара және түсті металл, пластмасса, шыны, қағаз сияқты бағалы бөлігін алуға және қатты қалдықтардың негізгі массасын органикалық тыңайтқышқа, жылу энергиясына, құрылыс материалдарына айналдыруға болады. Бірақ, бүгінгі таңда зауыт құрылысын қаржыландыру көзінің жүйелі жұмыс істемеуінің салдарынан тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптап, өңдеу проблемасы облыста ашық күйінде қалуда.

Осы және басқа да келеңсіздіктердің алдын алу үшін облыстық экология департаменті облыстық мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасымен, жер қатынастары басқармасымен бірге жабайы заңсыз үйінділер орналасқан жер учаскелерін және жер иелерін анықтауға түгендеу жүргізген. Нәтижесінде, облыстағы 370 жер учаскесінен көлемі 1000 гектардан асатын тұрмыстық қатты қалдық жабайы қоқыс үйіндісі орналастырылған аумақ анықталыпты. Осыған орай, 2015 жылы 56 заңбұзушылық анықталып, 55 айыппұл салу туралы шешім қабылданып, 1 714,4 мың теңгенің айыппұлы салынған. Сондай-ақ, ҚР Экологиялық кодексінің 321 бабына сәйкес тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды заңсыз орналастырғаны үшін 8 аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөліміне және 31 ауылдық округ әкіміне талап-өтініштер айтылған. Сол қатарда мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың (МАЭС) шешімімен жалпы құны 4 248,1 мың теңгені құрайтын 20 талап-арыз қанағаттандырылып, оның 4 142,5 мың теңгесі мемлекетке қайтарылды. Ал өткен жылы жергілікті атқарушы органдарға 101 тексеру жүргізіліп, 104 заңбұзушылық анықталып, нәтижесінде құны 3 022,4 мың теңгені құрайтын 104 айыппұл салынды. Осыған орай, экологиялық мәселелердің тізім-реестрі жасалып, бекітілген. Оған тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды жою, атмосфералық ауа қабатын бақылау, мамандандырылған экологиялық бекет жұмысын ұйымдастыру, Балқаш көлі мен Іле өзені төңірегінде туындаған мәселелер еніп отыр.

Өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен айналысу саласындағы заңбұзушылықтың себебі – стандарттарды, нормаларды және экологиялық талаптарды сақтамау, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды орналастыру ережесін бұзу, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жою және залалсыздандыру, есебін жүргізу ережесін орындамауға байланысты орын алады. Мысалы, «Искер-Т» ЖШС-нің тұрмыстық қатты қалдықтар полигонына жүргізілген тексерісте олардың жерді қайта өңдеу ісшараларына тарату қорын құрмағаны, қоймалау, залалсыздандыру және көму технологиясының бұзылғаны, шаруашылық жұмыстарын жүргізу нәтижесінде топырақтың мұнай өнімдерімен ластануына жол бергені анықталып, заңды тұлғаға 169680 теңге айыппұл салынып, өндірілген. Көксу және Қаратал аудандарының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекция бөлімі полигондардағы табиғат пайдалану шарттарын орындамағаны, қалдықтарды қабылдау рәсімінің іске асырылмағаны себепті лауазымды тұлғаларға 190890 теңге айыппұл салынған. Талдықорған қаласындағы «Көркем – Талдықорған» ШЖҚ ҚКК-ға жоспардан тыс тексеріс өткізіліп, 2015 жылға қауіпті қалдықтар есебін өткізбегені, мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысына сәйкес бақылау ұңғымасының жоқтығы, тұрмыстық қатты қалдық толған қазаншұңқырдың топырақпен жабылмағаны, коқыс тасу автокөліктеріне дезинфекция, залалсыздандыру жүргізілмегені себепті 296940 теңге көлемінде айыппұл салынған.

Жоғарыдағы кемшіліктерді жою үшін, ең алдымен, аса қауіпті өндірістік және тұтынған қалдықтарды есепке алып, өңдеу және залалсыздандыратын халықаралық экологиялық талаптарға сай полигондар құрылысын қолға алған дұрыс болар. Ол үшін қалдық иелерінен алдағы кезеңде өздері шығаратын қалдық мөлшерін азайту шарасын енгізуін талап ету және екінші қайтара игерудің ұтымды жолдарын қарастыру керек. Мұндай тәжірибе әлемнің біраз елінде мықты дамыған. Мүмкіндігінше сол тәжірибені елімізге енгізгеніміз жөн. Мұның өзі Елбасы айтқан дамыған отыздыққа енудің басты талабының бірі. Сондай-ақ, екінші дәрежелі қалдықтарды түр-түрімен сұрыптап, жинақтау жүйесін енгізіп, қалдықтарды залалсыздандыру мақсатындағы инфражүйе мен өндірістік қуатты дамыту да кейбір келеңсіздікті түзетудің жақсы тәсілі болмақ. Бұл үшін кіші және орта бизнестің, жалпы тұрғындардың ынтасын оятудың экономикалық және құқықтық механизмін жасаған жөн.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail. ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

РУХАНИЯТ



Жамбылдың ән-күйлері жан тербеді

Жуырда Жамбыл атындағы мемлекеттік филармонияда «Жамбылдың ән-күйлері» атты концерт өтті. Игі шараға мәдениет және өнер қайраткерлері, қала жұртшылығы және Жамбыл ауданының әкімі Жандарбек Далабаев бастаған ақын ұрпақтары қатысты. Жаңа мазмұндағы концерттің өзіндік ерекшелігі – бұл жолы Жамбыл атамыздың ән-күйлері бірінші рет тыңдаушылар назарына ұсынылды.

Жетісу
Болат МӘЖИТ

Кештің беташар сөзінде жазушы, «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, халықаралық «Жамбыл» қоғамдық қорының төрағасы Нағашыбек Қапалбекұлы ақын мұрасына жан-жақты тоқталды. Жыр жампозы небір сындарлы кезеңдерде өнер көшінің басынан көрінді. Домбырасын қолға алып, асыл сөзін ақтарды. Халқының ойына жігер, бойына күш берді. Бабамыздың ақындық жолы, тәлімі мен үлгісі бүгінгі ұрпаққа да керек. Енді, міне, жамбылтану үрдісінің жаңа қырынан танылуы табиғи құбылыс.

Арғы-бергі тарихымызға қарасақ, бабалар мектебінің сан қырлы екенін байқаймыз. Мәселен, ойлы өлеңдерімен қатар Абайдың ән шығарғанын, Махамбеттің күй тартқанын қазақ жақсы біледі. Енді сол сабақтастық жыр алыбы Жамбылмен толықты.

– Бүгінге дейін ақын атамыздың артында 50-ге тарта әндері, 20-ға тарта күйлері қалғаны белгілі. Ол кісінің мұндай шығармалары кезінде ел арасында кеңінен тараған. Зерттеушілеріміз атадан қалған ән мен күйді нотаға түсірді. Жамбылдың композиторлығының оның ақындық биігін асқақтата түсетіні анық, – деді Нағашыбек Қапалбекұлы.

Бұдан кейін М. Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының әртістері «Жамбыл ауылында» атты шығарма бойынша бірқатар айтулы тұлғалардың бейнелерін сәтті сомдады. Өткен заманнан сыр шерткен бұл көріністер көрермендер көңілінен шықты.

Концертте Құрманғазы атындағы қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі Арман Жүдебаевтың дирижерлік етуімен «Ұлы Отанға» деп аталған Жамбылдың күйін орындады. Әсем саз құлақ құрышын қандырды. Ақын бабамыз елі мен жеріне арнаған сүйіспеншілігін жыр сарынынан күй сарынына айналдырып төгілдіріп тұрғандай.

Өмірден озарында ұлы композитор Нұрғиса Тілендиев «Мені Жамбыл тәтемнің қасына қойыңдар» деген екен. Осы бір аманат сөзде терең сыр жатқандай. Себебі, Нұрағаң кезінде ақынның сазгерлігін танып, бағалап, осылай айтты ма екен деп те ойлайсыз.

Келесі кезекте «Жанай құрбым» әні хабарланды. Бұл ән халыққа ежелден таныс. Оны Жетісу жұрты ғана емес, басқа аймақтың адамдары да жақсы көріп, жиын-тойларда әуелеткен. Жиналғандар әннің авторы кім екенін білген кезде сүйіспеншіліктері одан сайын арта түсті. Қазақстанның халық әртісі Нұрғали Нүсіпжановтың дауысымен орындалғанда аталған шығарма құлпырып кетті. Шолпан Даржанова «Жиырма бесті», Мақпал Тоқтағанова «Күләшқа» арналған шығарманы, Ермек Шаштайұлы «Алатауды», Нәзира Асқар «Айрықша туған азаматты», Алма Аманжолова «Балаларға», Данияр Рахымбай «Кәрілік туралы» деген әнді және Б. Байқадамов атындағы хор капелласы «Үгәй-ай» әндерін нәшіне келтіріп орындады. Сондай-ақ, «Нәрікбайдың зары» деп аталатын күй де оркестрдің әсем үнімен әуеледі.

Алматы қаласындағы №161 Жамбыл атындағы мектеп-лицейінің оқушылары ақын жырларын қазақ, орыс, ағылшын, француз және қытай тілдерінде оқып, көпшілікті бір сүйіндірді. Мұндай ізденістерден алдағы уақытта Жамбыл даңқының әлемдік деңгейдегі алатын орнының арта түсетінін аңғарасыз.

Республикаға белгілі өнер ұжымдары – Н. Тілендиев атындағы «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрі, «Құлансаз» ансамбльдері сахна шырайын арттырды. Алматы қаласының әкімдігі, «Ақорда» республикалық қозғалысы аталған шараға басты демеуші болды.

Бұл – Жамбылдың композиторлық қырын танытқан, рухани қазынасын байытқан ізгілікті істің басы ғана. Әнкүйлердің асыл қоры одан әрі де толыға түседі деген сенімдеміз.

Алматы қаласы.

ТАҒЗЫМ

Ақын Сара есімі ардақталды

Өткен аптада жерлестеріміз Талдықорған қаласындағы «Құс жолы» мейрамханасында ағайынның басын қосып, ақын Сара апамызға ас беріп, перзенттік борышын өтеді. Сауапты шараны жүргізу тізгінін танымал журналист Нұртілеу Иманғалиұлы ұстады. Осындайда Фариза ақынның «Мені өркеуде ақын десе, бұл ақын Саранын арқасы. Сарадан үйрендім, өнеге алдым. Сара менің – пірім» деген сөзі ойға оралады. Расында, Сара апамызға бұдан артық баға бере алмассың.

Жетісу
Қажет АНДАС

Талдықорғандағы асқа Сара апамызды пірім деп түсінетін зиялы қауым өкілдерінің тайлы-тұяғы қалмай жиналды. Сол көптің арасында облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омардың жүйелі сөзі қаламгер қауымға үлкен ой салды. Сөз басын облыс әкімі Амандық Ғаббасұлының көпшілікке жолдаған ыстық сәлемімен бастаған әкім орынбасары кейінгі жылдары қазақ әдебиеті мен өнерінің жарық жұлдыздарының есімін ел есінде жаңғыртуға қатысты атқарылған шараларды да салмақтады.

Бүгінде Ақын Сара атындағы ауыл, мұражай, ескерткіш бар. Ешкіөлмес тауының баурайындағы мәңгілік қонысында тастан қаланған зираты тұр. Облыс аумағындағы бірқатар мектепке апамыздың аты берілген. Талдықорған қаласындағы облыс әкімдігі мен «Қазақтелекомның» ғимараты, елдің өзегін жалғап жатқан бірқатар сауда орталығы, колледждер мен балабақшалар орналасқан көше апамыздың атымен аталады. Екі жылда бір рет республикалық «Біржанның інілері, Сараның сіңлілері» аты ақындар айтысы ұйымдастырылады. Қысқасы, облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар айтқандай: «Қай қырынан келсек те, ақын Сара Тастанбекқызының биік парасаты, ұлы тұлғасы ескерусіз қалған жоқ».

«Сара мен Біржанның айтысы болмаған» деп тырбаңдағандар бұрын да болды, қазір де бар, болатын да шығар» – деп Камал Әбдірахман айтқандай, апамыздың мол мұрасы мен айтыс өнерінің төңірегінде әлі де алыпқашпа әңгіме түгесілер емес. Астың мақсаты да осы түйінді шешуге жұртты жұмылдыру. Апамыздың қазақ әдебиетіндегі орнын тұрақтандыру үшін тер төгетін азаматтарға қозғау салу.

Асқа жиналған қауымның да айтары көп екен. Бірінен соң бірі сөз алған игі жақсы азаматтар мен азаматшалардың лебізінен Сара апамыз жайлы салмақты дүниенің бар екенін пайымдадық. Сара ақынның біз білмейтін қырының көптігін ұғындық. Арасында Астана мен Алматыдағы ел тізгінін ұстап жүрген азаматтар мен зиялы қауым өкілдерінің де құттықтаулары оқылып тұрды.

Асқа келгендер осындай ақжарма ойларымен бөліссе, түрлі себеппен Талдықорғанға келе алмай қалған он саусағынан өнері тамған елге белгілі аналарымыз азаматтарға өз қолымен әдіптеген баскиім, қыздарға жаулық жіберіпті. Бұл бұйымдарды көпшілік ырым ретінде таратып алды.

ҚҰРМЕТТІ ҚАУЫМ! Ардақты ағайын!

Өткеніміз бен бүгініміздің алтын арқауы, елдігіміздің тұғыры – тәуелсіздікті баянды еткен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының, шынайы қамқорлығының нәтижесінде көне тарихымызды тірілтіп, бабалар рухын асқақтатуға қол жеткіздік.

Соның жарқын бір көрінісі – халқымыздың аяулы ақын қызы Сара Тастанбекқызының рухына арналып отырған бүгінгі тарихи тағылымы мол игілікті шара екенінде күмән жоқ.

Төл әдебиетімізде өзіндік орны бар кестелі сөз шебері, қазақ қызына тән қайсарлық пен өжеттіктің белгісі, айтыс өнерінің қайталанбас тұлғасы Сара Тастанбекқызына арналған ұлағатты істер ақын есімін ардақ тұтқан кейінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге екендігі даусыз.

Атадан балаға, ғасырдан ғасырға үзілмей жалғасып келе жатқан ақын Сараның туған елі мен жеріне деген адал махаббаты, азаттыққа деген арман-мұраты киелі өнерді серік еткен қазақ қыздарының бойтұмарына, өмірлік темірқазығына айналып келеді. Сондықтан қазақтай қабырғалы халқы барда ақын Сараның есімі мен өнегесі мәңгі жасай бермек.

Бүгінгі үлкен тәлімді шараның өтуіне ұйытқы болған баршаңызға шынайы алғысымды білдіремін. Ақын Сара апамыздың есімін біз, ұрпақтары, құрмет тұтамыз және әрқез есте сақтаймыз.

Баршаңызға еңбектеріңізге табыс, әрбір отбасына береке-бірлік, бақыт тілеймін!

Ізгі ниетпен, Е. БАБАҚҰМАРОВ,
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесі басшысының орынбасары.
Астана, Үкімет үйі.

СПОРТ

Жалынды жастар жетістігі

Қапшағайдағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің оқушылары талай дүбірлі додада облысымыздың намысын жыртып жүр. Спортшылардың былтырғы табысы тіптен ерек.

Өткен жылы облыстық, республикалық және халықаралық дәрежедегі өткен сында бұл мектептен 210 бала жеңімпаз атанса, 524-і жүлделі орыннан көрінген болатын. Ел біріншілігінде 51 спортшысы алтыннан алқа тақты. Ал, Азия біріншілігінде бір күміс және сегіз қола медальді еншілеген.

Сонымен қатар, бұл мектепте халықаралық дәрежедегі 3 спорт шебері, 12 спорт шебері, 41 спорт шеберіне үміткер, 25 бірінші санаттағы спортшы жаттығады. Ең бастысы, әр жас аралығындағы 112 спортшы ұлттық құрама сапына кірді. Енді олар ел намысын қорғап, байрақты бәсекелерде бағын сынамақ. Жалындаған жастарға сәттілік тілеп, жеңіс тұғырынан көрінуіне тілектеспіз.

Айдын ДАЙЫНОВ,
ЖМУ-дің студенті.

КҮРЕТАМЫР

Үш тілді білім берудегі мақсат бірнеше тілді меңгерген, жан-жақты қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру болып табылады. Ол арқылы бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеп, оқушыларды өмірге даярлау міндеттеледі.

ЖҮРЕК ҮНІ

Тіл – жүректің үні ғана емес, ұлтымыздың абыройы мен болмысы. Осы ретте Елбасы биылғы халыққа арнаған Жолдауында қазақ тілінің басымдығын сақтай отырып, орыс тілі мен ағылшын тілін меңгеруді тапсырды. Оқу ошақтарын кезең-кезеңімен үштілді білім беруге көшірудің маңыздылығын атап өтті.

Үштілділік мәселесі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тілдердің үштұғырлылығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар – қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі», – деген салиқалы Үндеуінен бастау алған болатын.

Біз үш тілді меңгеру арқылы әлемдегі алғашқы қатарлы ел бола аламыз. Біз ол арқылы біріншіден, өз тіліміздің бай екендігін көрсете отырып, өзге тілдерді еркін меңгере алатын ұлт екенімізді дәлелдейміз. Екіншіден, шет елмен тығыз қарым-қатынас орната отырып, экономикамызды жақсартамыз. Үшіншіден, «Жас болса да, бас бола алатын» мемлекет екендігімізді толығымен көрсетеміз.

Қорыта айтқанда, жарқын болашақта қазақ тілін әлемге әйгілі етіп, орыс тілі арқылы ұлтаралық қатынасымыз өрби түсіп, ал, ағылшын тілі арқылы жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігіп қана қоймай, онда Қазақстанның ойып тұрып орын алатынына сенеміз мол.

Гүлмира ЖАМАНШАЛОВА,
М. Бейсебаев атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Қарасай ауданы.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАРЛЫН ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

«Алматы облысының ауылшаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға өтініштерді Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 6-3/597 бұйрығымен бекітілген ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларына сәйкес, қабылдайтындығын хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 6-3/597 бұйрығымен бекітілген

Ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге (бұдан әрі – АШТӨ) су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) су беруші – АШТӨ-ге су беруді жүзеге асыратын және су шаруашылығы жүйелері қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектісі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;

2) суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтер – су көздерінен (өзен, су қоймасы, канал және басқалар) су алу жолымен су беру, су тартқыштар арқылы (канал, құбыр желісі) тасымалдау және бөлу және АШТӨ-ге су бөлу орындарына су беру;

3) субсидиялау – бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, субсидияларды нақты алушыларды өтеусіз және қайтарымсыз негізде қаржыландыру.

3. Субсидия алушылар су берушіден суармалы су беру қызметтерін сатып алған және оларды төлеу бойынша шығынға ұшыраған АШТӨ-ге болып табылады.

2. Ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау тәртібі

1-параграф. Субсидия алу шарты

4. Субсидиялар мынадай шарттарды сақтаған кезде төленеді:

1) АШТӨ-нің облыстың, Астана және Алматы қалаларының ауылшаруашылығы басқармасына (бұдан әрі – Басқарма) осы Қағидаларға

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге субсидиялар алуға ай сайын өтінім беруі;

2) шаруа қожалығы, фермерлік шаруашылық немесе заңды тұлға ретінде тіркелуі;

3) құны 0,20 тг/м^3 (текше метрге теңге) жоғары суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ су беруші алдында берешегінің жоқтығы;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 мамырдағы №266 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша су берушімен жасалған шарт бойынша суармалы су берілетін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесіне жер пайдалану немесе жеке меншік құқығының тіркелуі.

2-параграф. Субсидияларды есептеу тәртібі

5. Сатып алынған суармалы судың 1 (бір) м^3 (текше метріне) субсидия нормативі тарифтің субсидияланатын бөлігінен 50%-ын құрайды.

Субсидия мөлшерін есептеу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің тиісті аумақтық бөлімшесі бекіткен тариф пен су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің (0,20 тг/м^3 (текше метрге теңге) ең төменгі (субсидияланбайтын) құны арасындағы айырмашылық алынады – тарифтің субсидияланатын бөлігі.

1 (бір) м^3 (текше метр) сатып алынған суармалы судың субсидия мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$S = (T-S_{min})*50\%$$

мұнда:

S – сатып алынған суармалы судың субсидия мөлшері, тг/м^3 (текше метрге теңге);

Т – бекітілген тариф, тг/м^3 (текше метрге теңге);

S_{min} – су беру бойынша қызметтердің (0,20 тг/м^3 (текше метрге теңге)) ең төменгі (субсидияланбайтын) құны;

Күріш дақылдары үшін S_{min} кезең-кезеңмен енгізіледі:

2016 жылдан бастап – 0,10 тг/м^3 (текше метрге теңге);

2017 жылдан бастап – 0,20 тг/м^3 (текше метрге теңге).

6. Субсидияланатын суармалы судың көлемі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 82-бабына сәйкес бассейндер мен облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) бөлімшесіндегі су пайдалану лимитінен аспауы тиіс.

3-параграф. Субсидияны төлеу тәртібі

7. Басқарма тиісті жылдың 1 наурызынан кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында, облыс әкімдігінің интернет-ресурсында суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге субсидия алу үшін ай сайынғы өтінімдерді қабылдаудың кезеңі туралы хабарландыру орналастырады.

8. Басқарма 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінімді осы Қағидалардың 4-тармағында белгіленген субсидия алу шарттарына сәйкестігіне қарастырады.

Өтінімдер осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес келген жағдайда Басқарма бюджеттік субсидиялар төлеуге арналған ведомості қалыптастырады және төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарына сәйкес төлемдер жүргізген кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне төлем шоттарының тізілімін және төлем шотын ұсынады.

Өтінім осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес келмеген жағдайда өтінім берушіге жазбаша түрде бас тарту себебі көрсетілген дәлелді жауап беріледі.

4-параграф. Сибсидиялау бойынша есептілік

9. Басқарма Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігіне суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтің құнын арзандатуға арналған субсидияларды пайдалану туралы тиісті қаржы жылына арналған есепті осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 25 қарашадан кешіктірмей ұсынады.

Ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Облыстың (Астана, Алматы қалаларының) ауылшаруашылығы басқармасының басшысы _____
(Т.А.Ә.)

201__ жылғы _____ айға суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге субсидия алуға өтінім

1. Ауылшаруашылығы тауарын өндіруші _____
(атауы)

2. Орналасқан жері: _____
(облыс, аудан, кент, көше)

3. Өтініш иесі туралы мәлімет:

р/с №	Деректер көзі	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
.	Заңды тұлға үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама	тіркеу нөмірі	
		тіркеу күні	
		мемлекеттік тіркеу күні	
		кім берді	
		БСН	
.	Жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат	жеке басын куәландыратын құжат нөмірі	
		ЖСН	
		кім берді	
		берілген күні	
.	Жеке тұлға үшін – дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік	тіркеу күні	
		кім берді	
		берілген күні	
		ЖСН	
.	Жер пайдалану немесе жеке меншік құқығында өтінім беруіне тиесілі жер учаскесіне бірдейлендіру және (немесе) құқық белгілеу құжаты	кадастрлық нөмірі	
		барлығы алаң, гектар	
		оның ішінде суармалы жерлер	
		нысаналы мақсаты	
		бірдейлендіру құжатының нөмірі және берілген күні, кім берді	
		жер учаскесінің меншік иесінің немесе жер пайдаланушының атауы	
.	Су көзі	су көзінің атауы (өзен, бұлақ, суландыру жүйесі, үйлестіруші, су болуы)	
		су берушінің тарифі (теңге)	
		суармалы су беру бойынша қызмет ұсыну туралы су берушімен жасалған шарттың № және күні	
.	Өндеп өсірілетін дауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша суармалы судың тұтыну көлемі	егістің алаңы, гектар	
		суландыру нормасы, м^3/га (гектарға текше метр)	
		су тұтыну көлемі, мың м^3 (текше метр)	
		суару тәсілі	
.	Ағымдағы шоттың бар-жоғы туралы ақпарат	Банктің не Ұлттық почта операторының деректемелері: банктің не Ұлттық почта операторының атауы:	
		БСК	
		К/С	
		БСН	
		Кбе	
.	Алынған суармалы суға алғашқы төлем құжаттары	төлем сомасы, теңге	
		төленген суармалы судың көлемі, мың м^3 (текше метр)	
		су берушінің заңды мекенжайы	
		нөмірі	
		берілген күні	

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Басшы (немесе сенімхат бойынша оның өкілі):
_____ _____
(қолы) (Т.А.Ә.)

Бас есепші (бар болса)
_____ _____
(қолы) (Т.А.Ә.)

Мөрдің орны
20__ жылғы «___» _____

Өтініш 20__ жылғы «___» _____қарауға қабылданды
_____
(қолы) (Т.А.Ә.(бар болған жағдайда), лауазымы)



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

МАМАН МІНБЕРІ

ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

Қай ұлттың, қай елдің болмасын ең қастерлі құндылығы – Ана тілі. Туған тілі жетімдік көрмеген халық құдіретті. Шындығында тілдің асыл қасиеті әрбір адамның бойына ана сүтімен еніп, кісілік келбет-кескіні, тұлғалық бет-бейнесі қалыптасады. Жер бетіндегі мыңдаған халықтарды өзгелерден ерекшелеп, даралап тұрған да шұрайлы тілдің байлығы. Әлемдегі ұлттар мен ұлыстардың тілдік қорының мол болуы тарихына, дүниетанымына, көзқарасына, ұстанымына тікелей байланысты.

1995 жылы қабылданған Ата Заңның 7-бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – Қазақ тілі» деп анық та айқын көрсетілген. 1997 жылдың 11 шілдесінде қабылданған «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңы еліміздегі тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін қамтамасыз етуге арналған. Аталған Заң тілдерді оқып-үйрену мен дамытуға жағдай жасау жөніндегі міндеттерді белгілеп, мемлекетімізде өмір сүретін барлық халықтардың тіліне құрметпен қарауды міндеттейді. Осы Заңның 4-бабында «Қазақстан Республикасының тілі – қазақ тілі» деп анық көрсетілген.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің барлық аумағындағы қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылып, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу сынды аса жауапты салаларды қамтиды. Үкімет осы Заңның жүзеге асуы жөнінде көптеген қаулылар қабылдап, тілдердің қолданысын кеңейту бағытында арнайы мемлекеттік бағдарламалар жасады. Соның арқасында мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы іс қағаздары мемлекеттік тілге көшіріліп, қазақ тілінде шығатын бұқаралық ақпарат құралдарының саны артты.

Дегенмен, елімізде мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесі бүгінгі күні өзекті тақырыптың біріне айналып отыр. Өйткені Ана тілі Ту, Елтаңба, Гимнмен қатар аталатын елдігіміздің басты белгілерінің негізгісі саналады. Сондықтан Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды тетігі есептелетін мемлекеттік тілді меңгеру – әрбір жанның азаматтық парызы. Себебі, мемлекеттік тіл – тек қазақ тілі ғана емес, Қазақстанда тұратын барлық ұлттың ортақ тілі екендігін ескеруіміз керек.

Н. ЖАНАНОВ,
Талдықорған қаласы прокуратурасы бөлімінің аға прокуроры.

САЛТ-САНА

Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі

Қазақ халқы ежелден-ақ қыз баланы «күн түсірмей, жел қақтырмай» мәпелеп өсірген. «Жат жұрттыққа жаратылған бала», «қыз – қонақ» деп ең сәнді киімді кигізіп, бағалы заттар таққызған, жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеген. Қыз бала жас шағынан абысын-жеңгелерінің қамқорлығына алынған.

Тұрмысқа шыққан соң да жас келінге жаңа отбасы құрметпен, жанашырлықпен, сыйластықпен қарағаны. Оны бірден-ақ бауырмалдық, туыстық қатынасқа баулығаны. Мұны «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп» деген мақалдың мазмұнынан аңғарамыз. Мұны талдап айтар болсақ, отбасының басшысы ер адам, асыраушы ретінде танылған, ал әйел болса, сол табысты үй ішінде ұқсатқан. Сондай-ақ, жүн түту, ұршық иіру, киіз басу, сырмақ сыру, кілем тоқуды үйренген.

Мұндай өнерді қызға бастапқыда ісмер әжесі мен анасы үйретсе, кейіннен ұзатылып барған жерінде де ол жалғасын тапқан. Жас келінге енесі мен абысындары қонақ күтіп, дастарқан жаю мен оны жинап алу, шәй құю, күн сайын үй ішін жинастыру сияқты жұмыстардың жай-жапсарынан хабардар етіп, жөн сілтеп, ақыл- кеңесін аямай қажетті жерінде қол ұшын беріп отырған.

Қазақ отбасындағы мына бір жайт назар аударуға тұрарлық. Баласымен әйелі ренжісіп қалса, үй иелері кінәні баласынан көріп, келінге шаң жуытпайтын болған. Өршіп кетпес үшін балаларына ақыл-кеңес беріп, тәртіпке шақырған. Ұлдар тәрбиесіне де ерекше мән беріп қарағаны.

Қазақ халқы қашанда ұл-қыздарын ұлттық дәстүр аясында тәрбиелеген. Оны ұмыт қалдырмай, отбасы, мектеп, оқу орындарында жүйелі түрде тәрбие беруді қолға алуымыз керек. Сонда ғана салтымызды сақтап қала аламыз.

Коксоген ОНОРБЕК,
Көктал негізгі мектебінің математика пәні мұғалімі.
Кербұлақ ауданы.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ГАЗДАНДЫРУ жүйелі жүргізілуде

Алдын ала болжам бойынша облысымыздағы барлық елді мекенді тұтастай газбен қамту үшін 3,3 мың шақырым газ желісін тарту керек. Қазір осы жоспардың бірқатары еңсерілді. Бұл туралы облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ қатысуымен өткен басқосуда мәлім болды.



Жетісу

Қажет АНДАС

▼ Биылғы жоспар бойынша қаланың орталық аумағының **22,** шығыс аумақтың **15,** Өтенай ауылдық округінің **13,** оңтүстік-шығыс аумақтың **13,** солтүстік аумақтың **27** пайызына газ желісі жеткізіледі. Демек, жыл соңына қарай қаланың **50** пайыздан астамы көгілдір отынның игілігін көреді.

Расында, өңір тұрғындарын көгілдір отынмен қамтамасыз ету үшін үлкен жұмыс жасалғаны көрініп тұр. Оның нәтижесін бөлінген қаржы мен атқарылған жұмыстардан-ақ білуге болады. Яғни, газдандыру мақсатына 2013 жылы 1611,9 млрд. теңге, 2014 жылы 2115,2 млрд. теңге, 2015 жылы 2835,2 млрд. теңге, 2016 жылы 5239,2 млрд. теңге бөлініп, игерілген. Ал 2013 жыл мен 2016 жылдары бөлінген қаржының деңгейіне қарап-ақ өңірді көгілдір отынмен қамту жұмысына қаншалықты деңгейде мән берілгенін аңғаруға болады.

Осы ретте облыс орталығы Талдықорған қаласын газдандыру мақсатындағы жұмыс қарқынына ерекше тоқтала кеткен жөн. Жоспар бойынша қаланы газбен қамтамасыз ету төрт кезеңге бөліп орындалады. Алғашқы кезекте «Қаратал» шағын ауданы, Абылайхан, Жансүгіров, Гаухар ана көшелерінің бойындағы, облыстық аурухана, автобекет және орталық базардың маңындағы жеке және көпқабатты тұрғын үйлер, «Талдықорған» индустриялды аймағы мен Оңтүстік өндірістік аймақ газ желісімен қамтылады. Екінші кезекте «Самал», «Жастар» шағын аудандары мен Қабанбай батыр, Чкалов, Белов, Шевченко көшелерінің бойындағы жеке және көпқабатты тұрғын үйлерге газ жеткізіледі. Үшінші кезекте Өтенай және «Шығыс» шағын ауданы мен Жансүгіров, Алматы, Тілек Әбжалиев көшесінің тұрғындары көгілдір отынға қол жеткізеді. Төртінші кезекте Еркін, Көктал ауылдары мен қала маңындағы саяжайлар газдандырылады.

Бүгінге дейін Талдықорған қаласына газ желісін тарту жұмысы белгіленген жоспар бойынша орындалып келеді. Айталық, өткен жылы қаланың орталық аумағының 23, шығыс аумақтың 17, Өтенай селолық округінің 7, Еркін селолық округінің 20, оңтүстік-батыс аумақтың 11, солтүстік аумақтың 22 пайызына газ желісі тартылыпты. Биылғы жоспар бойынша қаланың орталық аумағының 22, шығыс аумақтың 15, Өтенай ауылдық округінің 13, оңтүстік-шығыс аумақтың 13, солтүстік аумақтың 27 пайызына газ желісі жеткізіледі. Демек, жыл соңына қарай қаланың 50 пайыздан астамы көгілдір отынның игілігін көреді. Сала мамандарының таныстыруы арқылы жүйелі жүргізілген жұмыстың нәтижесін өңір басшысы жоғары бағалады.

Газбен қамтуды міндетіне алған мекемелер газ құбырын әр үйдің қақпасына дейін жеткізіп беруге жауапты. Сырттағы газ желісін үйге енгізуге қатысты жұмыстарды пәтер және жеке тұрғын үй иелері өз қаржысымен атқарады. Облыс әкімі қатысты мекеме мамандарына табиғи газды үйді-үйге кіргізуге қатысты түсіндіру жұмыстарын тыңғылықты жүргізіп, жоспарды ойдағыдай орындау керектігін тапсырды.

Облыс басшысы газдандыру мақсатында атқарылған жұмыс ретімен танысумен қатар алдағы уақытта қаламызда бой көтеретін «Коттеджді қалашық», қалаға кіреберіске орнатылатын арканың жобасын көріп шықты. Сондай-ақ, қаланың оңтүстік-батыс аумағында салынып жатқан жобаларға өзгеріс енгізу туралы ұсыныстарды тыңдап, сын-ескертпелер айтты.

(Соңы. Басы 1-бетте).

Жамбыл ауылындағы Мәдениет үйінің көрермен залы әдеттегіше лық толы. Сахнада алдымен жазушы Нағашыбек Қапалбекұлының сценарийімен әзірленген қойылым назарға ұсынылды. Ұлы Отан соғысы кезінде Жамбылдың данқты қолбасшы Бауыржан Момышұлымен кездесіп, ақын мен батырдың екеуара тілдесуі мен күй шебері Дина Нұрпейісованың бейнелерін драма театрының әртістері шебер сомдады.

Салтанатты жиынның алғысөзінде облыс әкімінің орынбасары **Жақсылық Омар** шараның мазмұны, тағылымы, екі бірдей қоғамдық құрылысты басынан өткеріп, екі дәуірде де телегей-теңіз жырларымен халқына рухани қызмет еткен



Айтыстың бас бәйге иегері Ақбота МАНАРБЕК пен 1-орын алған

Жыр арқауы – Жамбыл Жырау

ақын мұрасын бүгінгі ұрпаққа дәріптеу, жамбылтану ғылымының жаңғыруы жөнінде келелі ой-пікірін білдірді. Өңірдің бас идеологы дәстүрлі Жамбыл күнінің ауқымын кеңейтіп, тек осы ауданда ғана емес, келесі жылдан бастап облыс көлемінде өткізу керектігін айтты. Ол сондай-ақ енді төрт жылдан кейін Жамбылдың 175 жылдық мерейтойын халықаралық деңгейде лайықты мерекелеудің Жетісу жеріндегі қажетті іс-шараларын осы бастан қамдауды алға тартты.

Әкім орынбасарының орынды пікірін қоштаған Қазақстан Жазушылар Одағы төрағасының бірінші орынбасары Ғалым Жайлыбай кейінгі кезде Жамбыл туралы жарық көрген тұлғалық энциклопедия, кітап, ғылыми жиындардың жалпақ жұртқа насихаты жетпей жатқанын, жаңа кітап таралымының жеткіліксіз екенін айта келе, жырауға арнаған өлеңін оқыды. Көпшілік алдында сондай-ақ, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Уәлихан Қалижан сөз сөйлеп, ғасыр жасаған абыз тағылымын әңгімеледі. «Сүйінбай сазы», «Құлансаз» фольклорлық-этнографиялық ансамбльдерінің өнерпаздары Жамбыл әндерін шырқап, құйқылжыған күйлерін орындады.

Сонымен бірге, аудан орталығында «Жыр алыбы – Жамбыл» атты республикалық жас ақындар айтысы өтті. Облыстық білім басқармасы мен аудан әкімдігі ұйымдастырған жыр додасына байтақ еліміздің әр қиырынан келген 50-ден аса мектеп оқушысы қатысты. Айтыс шымылдығы жыршы-термеші Данияр Рахымбайдың орындауында Жамбылдың «Алатаудан, Арқадан, ақындарым келіпсің» деп басталатын әйгілі арнауымен ашылды. Облыс әкімінің орынбасары ақындарға сәттілік тіледі.

Айтысқа Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, «Ан-Арыс» баспасының директоры Көдірбек Құнпия бастаған қазылар алқасы, танымал айтыскер, Балғынбек Имашев, ҚР Мәдениет қайраткері, ардагер журналист Күміс-жан Байжан, ақын, педагогикалық «Ел-назар» журналының редакторы Ерғазы Манапұлы, ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, жыршы-термеші Жылбек Тоқтасынов төрелік етті. Ұлтымыздың төл өнерін әспеттеген ұландар жырсүйер қауым алдында Жамбыл шығармашылығын насихаттаудан сөз сайысына түсті. Таңертеңнен басталған суырыпсалмалық өнер сынында табан астында тауып айту қабілеттерін таныта алғандар түс ауа екінші айналымда өлеңмен тағы сөз қағыстырды.

Сөз сайысының қорытындысында жүзден жүйріктер анықталып, бас жүлдені Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мектептің оқушысы Ақбота Манарбек жеңіп алды. Өткен жылы дәл осы сахнада аудан әкімінің арнайы жүлдесін алған астаналық Диас Төлепберген бұл жолы бірінші орынға ие болды. Екі екінші орын Алакөл ауданынан Ақжібек Рахатбек пен шымкенттік Бекжан Базарбекке берілді. Жамбыл ауданынан Пәкиза Арыстан, Алматы қаласынан Әмір Сатыбалды және Ақтөбеден ат арытып келген Нұрбол Жауынбаевқа үшінші орын бәйгелері тапсырылды. Кенен Әзірбаев атындағы жүлде Жамбыл облысынан Диана Тұрсынбекке, Үмбетәлі Кәрібаев атындағы жүлде Жамбыл ауданынан Мәди Төлеген мен алматылық Жансерік Серікбайға, Есенқұл Жақыпбеков атындағы жүлде павлодарлық Бәкір Нұрбекке бұйырды. Аудан әкімі Жандарбек Далабаев тағайындаған арнайы жүлдені Қызылорда облысы, Арал ауданының баласы Алдоңғар Қалқаман мен Панфилов ауданынан Үмбетәлі Қали иеленді. Айтысты көрермен ретінде тамашалаған Гүлімхан есімді апай Ақмола облысы Бұланды ауылынан келген Нұржанат Мұхаметке көрермен көзайымы жүлдесін ұсынды. Қалған айтыскерлердің барлығына ынталандыру сыйлықтары тапсырылды.

Жамбыл ауданы.

ХАБАРЛАМА

Алматы облысындағы сайлау науқанының барысы туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңына сәйкес, шығып қалғандардың орнына Алматы облысының мәслихаты депутаттарын сайлау облыстық сайлау комиссиясының қаулысымен 2017 жылдың 26 наурызына бекітілді.

Шығып қалған депутаттардың орнына сайлау Алматы облыстық мәслихатының №15 Райымбек сайлау округі, Алакөл аудандық мәслихатының №13 Көлбай сайлау округі, Ескелді аудандық мәслихатының №10 Қант зауыты сайлау округі, Жамбыл аудандық мәслихатының №12 Беріктас сайлау округі, Қарасай аудандық мәслихатының №11, №12, №14 сайлау округтері, Панфилов аудандық мәслихатының №6 Шекаралық сайлау округі, Ұйғыр аудандық мәслихатының №2 Үлкен-Ақсу сайлау округі бойынша тағайындалды.

Күнтізбелік жоспарға сәйкес кандидаттарды тіркеу 2017 жылдың 26 қаңтарынан 2017 жылдың 25 ақпанына дейін жүргізілді. Барлығы 27 кандидат тіркелді («Нұр Отан» партиясынан 9 кандидат, өзін-өзі ұсыну жолымен 18 кандидат) және олардың талапқа сәйкестігі тексерілді. Ағымдағы жылдың 2-наурызынан кандидаттар сайлау алдындағы үгіттеу жұмыстарына кірісті. Қарасай, Алакөл, Ескелді, Жамбыл, Панфилов, Ұйғыр аудандарының әкімдіктері 5 наурыздан кешіктірмей сайлаушылардың тізімін учаскелік сайлау комиссияларына тапсырады. 10 наурыздан бастап олар сайлаушыларға таныстыру үшін ұсынылады.

Учаскелік сайлау комиссиялары 15 наурыздан бастап сайлаушыларға сайлау учаскелерінде дауыс беру уақыты және орны туралы хабарлауды жүргізеді.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.

Әлем тынысы

123 БӨЛМЕЛІ ҮЙ



Американдық әнші, әлемге әйгілі Бейонсе мен оның ері Джей Зи Голливудта көп бөлмелі үй сатып алмақшы. Бұған түрткі болған – Бейонсенің егіз балаға жүктілігі. Олар болашақ сәбилеріне осылай үй сүйіншілемек.

Үйдің құны 85 миллион фунтты құрап отыр. Ақпарат көздеріне сүйенсек, бұл зәулім сарай АҚШ-тың Ақ үйінен де әлденеше есе үлкендігімен ерекше. Үй тек бос бөлмелерден құралмайды. Мұнда балықтар әлемі, аквариум, түнгі клуб, арнайы берілген сыйлықтарды жинайтын бөлмелер бар. Дербес мекенжайды «The Sun» деп аталатын ақпарат көзі таратты. Жұлдыз әйелдің әрбір музыкалық шығармасы, елден ерек биі, зор дауысы жарты әлемге танымал. Әсіресе, жастар оның музыкалық туындыларын жатқа соғады десек артық айтқандық емес. АҚШ-тағы ең үлкен үй қазірше осы бағы жанған әншінің еншісінде.

КҮЙЗЕЛІСКЕ ТҮСЕТІНДЕР КӨП



Күйзеліс әлемді дендеп барады. Адамдар аурудан емес, іштей қайғырудан, сары уайымға салынудан зардап шегіп отыр. Мәселен, Украинада халықтың 6,3 пайызы күйзеліске ұшыраған.

Ал әлем бойынша жан дертіне шалдыққандардың саны 30 миллионнан асып-жығылады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегіне қарасақ, соңғы он жыл ішінде әлемде күйзеліске ұшырағандар 18 пайызға артып кеткен. Дәрігерлер күйзеліс күрделі әлеуметтік, психологиялық, биологиялық факторлардың нәтижесі болып табылатынын атап өтеді. Оның ішінде, 20 пайызы босанғаннан кейінгі күйзеліс. Бұдан басқа, бұл аурудың туындауына экономикалық қиындық, жұмыссыздық, табиғи апат, дау-дамай сияқты факторлар әсер ететін көрінеді. Жасыратыны жоқ, болмашы нәрсеге күйзеліп, терісіне сыймай жүретіндер өз арамызда да баршылық.

СОТ ҚАТЕЛЕСТІ



Адам өлтіргендігі үшін сотталған итальяндық кінәсіз деп табылып, түрмеден шығарылды. Алайда ол 20 жылын темір тордың ар жағында өткізген. Әңгіме 55 жастағы Таранто провинциясындағы Фраганьяно қаласының тұрғыны Анджело Массаро жайлы.

Катанзаро қаласының соты оны 1995 жылы 22 қазанда Лоренцо Ферсурелланы өлтірді деген айыппен 24 жылға бас бостандығынан айырған. Айыптау Массароның телефонын тыңдау және ақпаршының бұл қылмыс жайлы үшінші бір адамнан алған мәліметіне негізделген. Кейіннен оның айтқандарының шындыққа жанаспайтындығы анықталды. Бұдан басқа Массаронің адвокаты адам өлімі болған түні клиенті өзге жерде болғанын дәлелдей алды. Енді итальяндықтың қорғаушылары әділет министрлігінен оны заңсыз бас бостандығынан айырғаны үшін өтемақы талап етпек. Италияда болған мұндай атышулы жағдай соттың әділдігіне сын түсірді. Адам тағдыры ойыншық емес екендігі айтпаса да түсінікті.

АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

Көктемнің алғашқы күніндегі шуаққа малынып, адамдардың көңіліне қуаныш сыйлаған 1 наурыз – Алғыс айту күні Достық үйінде «Қазақстан – қайырымды ел» атты форум аясында мерекеленді. Осымен екінші рет аталып отырған айтулы күнді мерекелеуді Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясында ұсынған болатын.



Қазақ халқына ризашылық

Жетісу

Мәди АЛЖАНБАЙ

Қазақ даласына құғындалып келген көптеген халық бүтін нанын бөліп, жарты нанын жарып берген жергілікті халықтың қонақжайлылығын, жайдарлылығын, адамгершілігін ұмытпақ емес. Соған орай еліміздегі көптеген ұлт пен ұлыстың өкілдері қазақ халқына және өзара бір-біріне Алғыс айту күні ретінде бекітілген еді. Сондағы сөзінде Мемлекет басшысы елімізге жер аударылып келген халықтарға көрсетілген құрметтің, ықылас-пейілдің шынайылығын атап өтіп, өздерінің екі бөлмелі қоржын тамдарына үш балалы отбасының келгенін тебірене еске алған болатын.

Осыған орай өткізілген облыстық форумға қатысушылар Қазақстанның жеткен жетістігіне үлкен үлес қосушылар қатарында болғандарына шүкірлік айтып, еліміздегі бейбітшіліктің, тыныштықтың, тұрақтылықтың баянды болуын тіледі. Өзара жақсы тілек айтылып, бір-біріне алғыс айтқан көпшілікті Достық үйінің атынан құттықтаған облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай Алғыс айту күнінің маңыздылығын түсіндіріп өтті.

– Алғыс айту күні – халқымыздың дәстүріне айналған мейірімділік және жанашырлық секілді асыл қасиеттерін күллі әлемге паш ететін күн. Бұл күні саяси құғын-сүргін жылдарында жер аударылып, сағым құған сайын далаға жеткен көптеген халықтардың көрген азабын жеңілдетуге, тартқан қорлығын сейілтуге үлес қосқан қазақ халқына алғыс айтылып, бүгінде тату-тәтті тіршілік кешіп жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің кеңбайтақ еліміздегі бейбітшілік пен тыныштыққа шүкір етуі жақсы сөзбен дәріптеледі. Осынау жарқын да қуанышты мерекеге қатысып отырғандарыңыз үшін сіздерге ризашылығымды білдіргім келеді, – деген Ғабит Тұрсынбай көктемнің алғашқы күнін ана мен бала арасындағы сөзбен жеткізе алмайтын асыл сезімдерге теңеді.

Осыдан соң облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылық меңгерушісі еліміздің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан білім, денсаулық сақтау және мәдениет саласының құрметті ардагерлерін Алғыс хатпен марапаттап, бағалы сыйлықтар табыстады.

Көпшіліктің атынан сөз алған «Ұлағат» ақсақалдар кеңесінің мүшесі Светлана Гаитова салтанатты шараға қатысушыларды құттықтап, түрлі жобалар мен өркенді істер жүзеге асырылған тәуелсіз Қазақстанда бірлесе, ұйымдаса өмір сүріп жатқан халықтардың ауызбіршілігінің баянды болуын тіледі. Сондай-ақ, ана тілдерін сақтап отырған ұлттар мен ұлыстар үшін басты байлық бейбітшілік пен келісім екендігін еске салды.

Жиын соңы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясына қарасты этно-мәдени бірлестіктер ұйымдастырған концерттік бағдарламаға ұласты.

Бірлікті ел берекелі

Өткен жылы Елбасы 1-наурызды Алғыс айту күні деп жариялау туралы Жарлыққа қол қойды. Биыл екінші жыл қатарынан тойланып отырған мерекені Кербұлақ ауданының тұрғындары ерекше атап өтті. Оған Сарыөзек кентіндегі Әбікен Сарыбаев атындағы Мәдениет үйінде өткен «Отандастарға мың алғыс» атты мерекелік шарада көз жеткіздік.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматқа тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз», – деген болатын. Расында да еліміз жиырма бес жыл ішінде Елбасының осы ұстанымын ту етіп, әркез бір шаңырақтың астында ынтымағы бұзылмай, ырысы шайқалмай күнелтіп келеді. Халқымыз небір қиын-қыстау кезеңде арып-ашып келген ұлт пен ұлыстың ұрпағын бауырына басып, ақ дастарқанын жайып қарсы алды. Тәуелсіздік алғаннан кейін де ақжарқын көңілімізге кірбің түспеді, татулығы жарасқан ынтымақты ел ретінде өркениетті әлемге танылдық. Күреңбелдіктердің шаттыққа толы пейілі мен қуанышты жүзінен соны аңғардық. Мәдениет үйінің алдында бірімен бірі емен-жарқын жүздесіп, құшақ айқастыра амандасып, Отанға, ата-бабаларға, бүгінгі бейбіт заманға алғысын арнаған, берекесі мен бірлігі ұйыған елдің тірлігіне риза болдық.

«Бақ, қайда барасың?» – деп сұрағанда: «Бірлігі жарасқан, берекесі ұйыған елге барамын», – деген екен. Ауызбірлік пен түсіністік, қарапайым сыйластық салтанат құрған жерде, қашанда, нәтижелі істер атқарылатындығы анық. Мінберге көтерілген аудан әкімі Бағдат Әлиев күреңбелдіктерді мерекемен құттықтап, жылы лебізін арнады. Аудан халқының «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған» ынтымақтың арқасында жеткен жетістігін тізбеледі. Әсіресе, адамдардың сыйластық туралы түсінігін кеңейту, ризашылық пен ұлттар арасындағы қарым-қатынасты дамытудың өркениетке жетудің өлшемі екенін атап айтты. Сондай-ақ, бұл күннің тағдыр тәлкегімен Қазақстан аумағына қоныс аударған түрлі этностың миллиондаған өкілінің қазақ даласы мен қонақжай қазақ халқына алғыс айтатын күні екендігін ерекше ілтипатпен жеткізді.

Расында, елімізде мекен ететін әр ұлттың өзіндік ұстанымы, салт-дәстүрі болғанымен ұлттық ерекшеліктері достық қарым-қатынасқа ешқашан кедергі келтіріп, сызат түсірген емес. Соның ішінде Жетісу өлкесін мекендейтін жүзден астам ұлттар мен ұлыстардың ұйығын бірлігі мен достығы көптеген елге үлгі-өнеге болуда. Жеруйыққа айналған Жетісуды мекендеген түрлі ұлт өкілі өзіне ғана тән дәстүрлік ерекшелігін сақтай отырып, қазақ ұлтымен бірге өркендеп, өсіп келеді. Бұл туралы Алтынемел ауылының тұрғыны, «Байғазы» шаруа қожалығының басшысы, «Құрмет» орденінің иегері, Кербұлақ ауданының Құрметті азаматы, орыс ұлтының өкілі Юрий Дембицкий, Жайнақ батыр ауылының тұрғыны, жеке кәсіпкер, татар ұлтының өкілі Райхан Шангереева, Сарыөзек орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, орыс ұлтының өкілі, қазақтың келіні Оксана Дорошкеева айтып берді.

Айта кетерлігі, бұл күн «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының, еліміздегі барлық ұлт пен ұлыстың бір шаңырақ астына топтастыратын Қазақстан халқы Ассамблеясының, сондай-ақ, «Нұр Отан» партиясының да құрылған күні. Сондықтан шара аясында ауданның өркендеп, өсуіне үлес қосып жүрген бірқатар азамат «Нұр Отан» партиясы Кербұлақ аудандық филиалы төрағасының Алғыс хатымен марапатталса, тағы да бір топ белсенді тұрғынға «Нұр Отан» партиясының мүшелік билеті табысталды.

Қ. ОМАРАҚЫН.

Сарыөзек кенті, Кербұлақ ауданы.

Жетім көрсең жебей жүр

Жетімін жылатпаған, жесірін қаңғытпаған халықтың ұрпағы бүгін де бабалар ізін жалғап келеді. Оған дәлел Талдықорғандағы «Сити плюс» сауда орталығында өткен «Алғысым шексіз» атты қайырымдылық шарасы.

Жетісу

Айдар ҚАЛИЕВ

Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы, жастар ресурстық орталығы, «Жас Отан» Жастар қанаты облыстық филиалының ұйымдастыруымен өткен шарада «Айналайын» балалар үйінің бүлдіршіндеріне тегін «Анамды іздеймін» атты киносы көрсетіліп, артынан дәмді тағам берілді. Игілікті іс-шараға «Қышлақ» мейрамханасының демеушілік етіп отырғанын да айта кеткеніміз жөн. Мұндағы басты мақсат балаларға қамқорлық жасап, аталмыш кино арқылы олардың өмірге деген құлшынысын арттыру.

Шара облыстық жастар мәселелері басқармасының басшысы Айдын Нұрмұхамбетовтың алғы сөзімен бастау алды. Ол бүгінгі шара алғыс айту күніне орай ұйымдастырылып отырғанын және өңірімізде қайырымдылық шарасын жиі өткізіп, жетім балаларға қолдау көрсету керектігін, – айтты. Осыдан кейін балаларды кино көруге кіргізді.

Олар жаңа туындыны қызыға көріп, тамаша әсер алды. Тіпті, фильмді тапжылмай көріп отырғандардың арасында көзіне жас алғандарды да байқап қалдық. Кино аяқталған соң, бүлдіршіндер «кинокомедия жанрында өрбісе де үлкен әсер алдық», – деп, ұйымдастырушыларға шексіз алғыс жаудырды.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 31 (18307)

Бейсенбі, 16 наурыз, 2017 жыл.

КӘСІБІ – НӘСІБІ

ӨНІМГЕ СҰРАНЫС КӨП

Атшаптырым аумаққа жайғасқан нысанды әдеттегідей шағын цех десеңіз, қателесесіз. Табанын аймақ орталығына тіреп, талабын тынбай ұштаған бұл ұжымның наубайханасында бүгінде күніне 2000-ға жуық бөлке пісіп шығады. Соның арқасында өңірдегі тұтынушылардың басым бөлігінің қажеттілігі қанағаттандырылуда. Бұл – Қаратал ауданында орналасқан «Ахметбаев» ШҚ цехының қазіргі тыныс-тіршілігі.



Жетісу
Қозыбай ҚҰРМАН

1996 жылы құрылып, 20 жыл бойы үздіксіз ізденіспен алға ұмтылған өндіріс орнында бүгінде жоғары және бірінші сұрыпты ұн түрі шығарылады. Тапқанын ас атасынан аямайтын жұрт «Ахметбаев» ШҚ-ның ақ ұнын қоймада күттірмей алады. Аудан, облыс көлемінде де жақсы сұраныскқа ие.

Кәсіпорнның өндіріс меңгерушісі Айгүл Исламқызының айтуынша, бұрын да мұнда жабдықтары ескіргенімен негізінен толықтай сақталған ескі цехтың орны болыпты. Сол себепті де өз күштеріне сүйеніп, шаруаның жайын тез оңдаған.

– Әрине, бастапқыда түрлі қиындықтар болды. Басқасын айтпағанның өзінде, тұрақты 20 адамды жұмысқа тартып, олардың жалақысын толық берудің ол заманда оңай шаруа емес екенін білесіздер. Ең бастысы – бізде ұжымдық ауызбірлік болды. Соның арқасында бүгін жалпы өндіріс бойынша 70 адамды жұмыспен қамтып отырмыз, мүмкіндік болса алдағы уақытта өндіріс көлемін әлі де ұлғайта түсу ойда бар. Мүмкіндіктер де жеткілікті, – дейді Айгүл Исламқызы.

Мүмкіндік демекші, олар былтырға дейін теп бидай алып, оны өңдеп дайын ұн ретінде төмен бағада ұсынатынын айтты. Яғни, бұл ұжымның кәсібінің өрге басуына Үкімет қолдауы осылай ықпал етіпті.

Ұжымда іскерлік ортаның қалыптасқаны жұмыс барысымен танысу кезінде анық білінді. Біз жолығып, әңгімеге тартқан жұмысшылар Гүлмира Оспанова, Гүлнара Досбаева, Жадыра Бөлекова, Махаббат Нұрбаева, Гүлнар Өсербаева – барлығы осы шаңырақтың еңбеккерлері. Қазірде олардың орташа жалақысы 50 – 60 мың теңгені құрауда.

Бұл арада ұн мен нан өндірісінен бөлек, кондитерлік және кулинария өнімдерінің 60-тан астам түрі дайындалуда. Сол себепті де түрлі мерекелік шаралар мен тойларға қажетті тәтті тағам іздеген жұрт осы жерге жиі бас сұғады. Осылайша, цехтың арнайы дүкен желісі арқылы сатылатын сапалы өнімге сұраныс та күн санап артқан.

«Азия Агро Фуд» АҚ-нан бағасы арзандатылған ұн алып келіпті. Осы ретте біз бұл тиімділіктің түпкі мәнін сұрағанымызда, аталған акционерлік қоғамның үкіметтік резервтен өңірлерді қолдау мақсатында облысқа бөлінген қаражат есебінен көптеген кәсіпорындарға ұн жеткізілетінін, ал ұнның бағасы осы кәсіпорындардың өздерінің ұсынысымен белгіленетінін түсіндірді.

Қаратал ауданы.

ЖАҢҒЫРУ – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ

Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында егемендігімізді нығайтып, өнер-кәсібімізді өрге бастыратын бастамалар көп.

Агроөнеркәсіп алға басады

Елбасы Қазақстанның аграрлық өнеркәсібінің болашағына тоқталады. Одан бөлек, 5 жыл ішінде 500 мыңнан астам жеке үй шаруашылықтары мен шағын фермерлерді кооперативтерге тартуға мүмкіндік беретін жағдай жасау керектігін атап көрсетті.

Мен көп жылдардан бері осы мәселені көтеріп келе жатырмын. Бұл туралы өткен жылы республикалық «Егемен Қазақстан», облыстық «Жетісу» газеттерінде проблемалық мақалам жарық көрді. Мен онда дәл қазіргі уақытта өңірлердегі ұсақ шаруа қожалықтарын біріктіріп, кооперативтер құру керектігін алға тарттым. Кооперативтер құру арқылы қомақты несие алуға болады, жаңа трактор, техника алуға зор мүмкіндік туады. 1 немесе 5 гектар емес, 100-500 гектар жерді бірлесе игеру мүмкіндігі туады. Сонда ғана ырыс артады, береке кіреді деп жазғанмын. Бұл мақалам сол тұста көпшіліктің ықыласын туғызған болатын. Елбасымыз осы туралы жақсы мәселе қозғады. Дер кезінде айтты. Қуанып қалдым. Ауылдарда іргелі ауылшаруашылық кооперативтері құрылса, елді мекендеріміздің де болашағы арта түседі. Ауылдарымыздың жағдайы жақсарып, жұмыссыздардың саны едәуір төмендейді.

Марат ТАҚАБАЕВ,
Ұзынбұлақ ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы, Райымбек ауданының Құрметті азаматы.

СЕЛЕКТОР

ЗЕЙНЕТАҚЫ МӨЛШЕРІ
кезең-кезеңмен ұлғайтылады

Үкімет үйінде ҚР Премьер-Министрі Бақытжан САҒЫНТАЕВТЫҢ төрағалығымен селекторлық кеңес өтті. Үкіметтің кезекті басқосуында денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы қаралды. Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың айтуынша, денсаулықты сақтауда оң өзгерістер көп. Соңғы он жылда өмір сүру ұзақтығы 72 жасқа дейін ұзарған. Ана өлімі 10 жылдың ішінде 3,5 есеге азайған. Жиында «Денсаулық» бағдарламасын іске асыру демографиялық көрсеткіштің өсуіне ықпал еткені айтылды.

Өткен жылы бірінші, екінші және үшінші баланың тууына берілетін мемлекеттік жәрдемақы көлемі 66 621 теңгені құраған. 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап оның мөлшері 71 270 теңгеге жеткен. Ағымдағы жылдың 1 шілдесінен жәрдемақы мөлшері 86 222 теңгеге дейін өседі.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасы ҚР Президентінің Жолдауын іске асыру және Мемлекет басшысының биыл ақпан айында ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында берген тапсырмалары аясында әзірленген. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова айтты. Бюджеттен төленетін зейнетақы мөлшері кезең-кезеңімен ұлғайтылмақшы. 2016 жылғы зейнетақы мөлшерімен салыстырғанда 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап зейнетақы мөлшері 20%-ға дейін ұлғайтылатын болады. Зейнетақының өсуі 2 млн.-нан астам адамды қамтиды. Тамара Дүйсенованың сөзінен түйгеніміз, зейнетақы мөлшері мен баланың туылуына берілетін біржолғы жәрдемақыны өсіруге республикалық бюджетте қосымша 81,6 млрд. теңге қарастырылады. Селекторлық жиыннан соң облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асхан Байдувалиевке медицина мекемелерін компьютермен қамтамасыз ету, міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру жүйесін халыққа түсіндіру барысында тапсырмалар берді.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.

БРИФИНГ

ӨҢІР СӘУЛЕТІ ӨРНЕКТЕЛЕ ТҮСПЕК

Ендігі жерде жеке тұрғын үйлер бірегей сәулет стилінде салынбақ. Бірыңғай жобада үйлер құрылысы ғана емес, тұтастай тұрғын үй кешенінің де дизайнерлік міндеттері шешілуде. Бұл туралы өңірлік коммуникация қызметінде өткен брифингте облыстық сәулет және қалақұрылыс басқармасының басшысы Дәркен Нұржанов айтып өтті.

Дәркен Нұржановтың айтуынша, Президент тапсырмасы бойынша осы жылдан бастап "Нұрлы жер" тұрғын үй бағдарламасы іске асырылмақ. Бұл бағдарламаның артықшылығы сол – алға қойылған міндеттер тиянақты орындалған жағдайда 15 жылда 1,5 млн. отбасының баспана мәселесі шешімін табады. Мұнымен қоса, инновациялық технологияларды қолдану арқылы тұрғын үй бағасының қолжетімділігі қамтамасыз етілмек. Баспана мәселесіне орай кезекте тұрған адамдарды Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінен жеңілдетілген қарыз беру арқылы қаржыландыруға да мүмкіндік бар.

Осы ретте бірегей сәулет стилінде құрылыс салудың ерекшеліктері де тілге тиек етіліп, оның артықшылықтары жан-жақты таныстырылды. Мәселен, 90-шы жылдардың соңы мен 2000 – жылдардың басында үй құрылысы түрлі себептерге байланысты бейберекет салынып келсе, қазірде олардың орнында сәулеттік біркелкілік пен реттілікке негізделген жаңа тұрғын үйлер пайда болуда. Егер 10–20 жыл бұрын тұрғындар өз жер телімдерінде құрылыс жүргізуде отбасылық әл-ауқатына байланысты өздерінің жеке шығармашылық идеяларын тікелей іске асырса, қазіргі таңда бірыңғай озық үлгідегі үйлерді таңдайды.

– Бүгінде бізде «Нұрлы жер» бағдарламасын іске асыру мақсатында бірыңғай сәулет стиліндегі жеке тұрғын үй құрылысы мен таунхаустардың үлгілік жобаларының бірнеше нұсқалары жасалды. Қазіргі уақытта аталған жобалар келісімнен өту кезеңінде, – дейді Дәркен Нұржанұлы.

Бір анығы – жоба іске асқан жағдайда балалар алаңы, спорттық ғимараттар, мектептер, балабақшалар, жаяу жүргіншілер жолы, серуендеу аймақтары – бәрі-бәрі бірыңғай жарасымдылықта тұрмақ. Нәтижесінде өңір ажары – қала көркі онан ары өрнектеле түспек.

Қ. ӘБДІҒАПАР.



Депутаттар назарында

Көрме уақыты жақындаған сайын «ЭКСПО – 2017» қалашығының жұмысымен танысуға келетін лауазымды тұлғалардың қатары да жиілей түсті. Кеше ғана ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Мәжіліс Төрағасы Нұрлан НЫҒМАТУЛИНМЕН бірге «Астана ЭКСПО – 2017» көрме нысандарын аралап, жұмыс нәтижесімен танысып қайтты.

Жетісу
Қажет АНДАС

Халық қалаулылары сапар барысында халықаралық мамандандырылған көрме қалашығының сәнін арттырған, сапалық жағынан да талапқа сай келетін Қазақстанның ұлттық павильоны, Конгресс орталығы, халықаралық павильон, энергия зерттеу орталығы ұйым көрмеге қатысатындарын мақұлдады. Соның ішінде 109 мемлекетпен көрмеге қатысу келісімшарты жасалып, 110 секция комиссары таңдалып, 82 ел Астана төрінде өткізетін ұлттық күнін таңдап қойыпты. Қазіргі уақытта қатысушы мемлекеттер ұлттық павильондары бойынша жұмыстарды бастап кеткен. Сонымен қатар, Ұлттық компания төрағасы 8 наурыздан бастап барлық облыс орталықтарында ресми билет кассаларының ашыла бастағанын да тілге тиек етті.

Кездесу барысында Ахметжан Есімов және ұлттық компания департаменттерінің басшылары қонақтардың арнайы билет бағдарламасы, келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және медициналық көмек көрсету жайындағы сұрақтарына жауап берді.

Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин көрме құрылысының сапалы әрі халықаралық өлшемге сай салынып жатқанын айта келіп, ұйымдастырылу жұмыстарының көңілге қонымды жүргізіліп жатқанын жоғары бағалады.

– Барлық депутаттар атынан көрме ұйымдастырушыларға алғысымды жеткізуге рұқсат етіңіздер. Біз үшін бұл көрменің жоғары деңгейде өтуі өте маңызды. Мамандандырылған көрменің Астанада өтуі 2017 жылдың ең маңызды іс-шарасы болмақ, – деп атап өтті мәжіліс спикері.

Көрменің сәтті өтуі үшін депутаттық корпустың араласуымен халықаралық көрмелер Конвенциясы бекітіліп, «ЭКСПО – 2017» көрмесін ұйымдастыру мен өткізу сұрақтарына нақты жауап беретін заңдық қолданбалар құрастырылатыны да сөз болды.

Қонақтармен бірге болған «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК төрағасы Ахметжан Есімов көрмеге дайындық жұмыстарының қарқынды жүріп жатқаны жайлы әңгімелеп, депутаттарға көрмені ұйымдастыру жұмыстарының аяқталып қалғанын жеткізді. Оның айтуынша, бүгінге дейін 115 мемлекет пен 18 халықаралық қатарлы бірқатар нысанды көріп шықты.

САЛЫҚ

Текелі қаласы бойынша бюджетке түсетін салық және басқа да түсімдер жыл өткен сайын өсіп келеді. Атап айтсақ, былтыр қала бюджетіне 1 981,7 млн. теңге көлемінде қаражат түсті. Яғни, бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда бірнеше пайызға жоғары. Оның ішінде республикалық бюджет 112,7 пайызға орындалып, қазынаға 1036,2 млн. теңге түсті. Жергілікті бюджеттің орындалуы да жаман емес. Болжамнан тыс салық төлеушілердің салық есептіліктерін талдау, тексеру, салыстыру жұмыстарының қорытындысы бойынша бюджетке қосымша 190,0 млн. теңге қосылды. Мүлік пен ақшаны жария ету бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 206, 5 мың теңге заңдастырылды.

Түсім молайды

Елбасы кезекті Жолдауында бизнес-ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейтудің маңыздылығын атап өткен болатын. Текелі қаласында бірінші қаңтарда мыңнан аса шағын және орта бизнес субъектілері тіркелді. Олардан түскен түсім көлемі де аз емес. Яғни, ол жалпы түскен салықтардың 67 пайызын құрап отыр. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексіне сәйкес 21 әкімшілік іс қозғалып, салынған айыппұлдар бойынша 265,0 мың теңге бюджетке өндіріліп алынды. Салық төлеушілерге он сегіз мыңнан аса мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның он төрт мыңнан астам қызметі электронды түрде көрсетілді.

Салық төлеушілер арасында салық есептілігін электронды түрде өткізудің артықшылығы туралы үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуде. Мемлекеттік кірістер басқармасында салық төлеушілердің қатысуымен салық заңнамасына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы семинар-кеңестер, «Ашық есік күндері» өткізілді. Салық кодексін түсіндіру бойынша БАҚ-та көптеген мақала жарияланды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және ескерту мақсатында қызметкерлер арасында құқық қорғау органдары мен қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып бірнеше «дөңгелек үстел» ұйымдастырылды.

Биыл салық кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың бірқатарына тоқтала кетсек, жер салығы және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық бойынша салық кодексінің 391 және 409-баптарына өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістерге сәйкес жеке тұлғалардың мүлік және жер салығын есептеуді салық органдары есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың бірінші шілдесінен кешіктірмей жүргізетін болады. Яғни, бұл салықтарды есептеу мен төлеу бойынша салық кезеңі аяқталғаннан кейін, дәлірек айтсақ, биылға есептелген салық келесі жылдың бірінші қазанына дейін төленеді. Тиісінше, 2017 жылы аталған жергілікті салықтар бойынша өткен салық кезеңдері үшін берешектер ғана түсетін болады. Жергілікті салықтарға қатысты тағы бір өзгеріс: салық және төлемдердің 7 түрі (жеке тұлғаларға салынатын жер, мүлік, көлік салықтары, заңды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге салынатын жер салығы, заңды тұлғаларға салынатын көлік салығы және аудандық маңызы бар жол жиегіндегі жарнамаларға төленетін төлем) 2018 жылдан бастап құрылатын 4-ші деңгейлі бюджет – ауылдық округ бюджетіне беріледі.

Тағы айта кететін бір жайт, 2016 жылдан бастап шағын бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу алымы алынып тасталса, 1 қаңтардан бастап жеке кәсіпкер ретінде тіркелу процедурасын оңайлату мақсатында аталған қызмет хабарлама тәртібіне көшірілді. Бұл дегеніміз, енді жеке кәсіпкер тіркелгені жөнінде салық органдарынан арнайы құжат алуға міндетті емес. Осы және басқа да Салық кодексіне енгізілген өзгертулер мен толықтырулар жөнінде салық төлеушілермен өз тарапымыздан кездесулер өткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілетін болады. Алайда, атқарылған істерден алдағы уақытта жүзеге асырылатын жұмыстар әлдеқайда ауқымды.

Биыл бюджеттің кіріс бөлігін толықтыратын біраз жобалар жүзеге асырылуда. Мәселен, «Вару Mining» ЖШС-нің «Инновациялық технологиялар бойынша темір кенін шығару және өңдеу арқылы шойын өндірісі» зәкірлі жобасын жүзеге асыру жалғасуда. Өндірістік қуаты бойынша жылына 400,0 мың тоннаға дейін шойын өндірілмек, 500 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Жоба биыл толық іске аспақ. Сондай-ақ, ұнтақталған әк өндіру бойынша «Текелі микрокальциттер зауыты» ЖШС-нің зауыт құрылысы мен Қора өзенінде қуаттылығы 28,5 МВт. «Коринская ГЭС» ЖШС су электр стансысының құрылысы бойынша жобаларды жүзеге асыру жалғасуда. Осы аталған жобалар толық іске асқан жағдайда жергілікті және республикалық бюджеттің кіріс бөлігі көбейеді деген ойдамыз.

Қ. НҰРҒАЛИЕВ,
Текелі қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ЗИЯНЫ мен ҚАТЕРІ

Қазақ жұрты «Жеруйығы Жетісу» деп әспеттейтін Алматы облысындағы экологиялық жағдай алаңдатарлықтай. Еліміздегі жердің нәрі – мұнайы сорылып, кені қазылып жатқан өңірлерге қарағанда жағдайымыз біршама тәуір дегенмен, табиғаттың барлық белдеуі мен таусылмастай көрінген тамашасы орналасқан аймақта да қоршаған ортаны қорғауға, табиғи тепе-теңдікті сақтауға қатысты айтылған, айтылмағаны бар проблемалар жетерлік. Тіпті дабыл қағатын жағдайлар да кездеседі. Мұны қала, ауылда шашылып жатқан қатты тұрмыстық қалдыққа, полигондарда үйіліп қалған тастанды заттарға, бақылаусыз қалған кеніштердің радиациялық қалдықтар үйінділеріне қатысты айтуға болады.

Алматы облыстық экология департаментінің мәліметі бойынша, облыс аумағына жыл сайын 800 мың тоннаға жақын тұрмыстық қатты қалдық шығарылады. Оның 350 мың тоннасы Алматы қаласының, қалғаны облыс елді мекендерінің еншісінде. Бүгінде облыстағы жинақталған қалдық көлемі 9 млн. тоннаға жетті. Сондықтан облысымыздағы қатты тұрмыстық қалдықтарды қажетке жарату ісі бүгінгі күннің талабынан шығып отыр деп айта алмаймыз. Әрине, дамыған мемлекеттер сияқты қоқысты керекке жаратып, одан өміріміз бен тіршілігімізге тиімді заттарды өндіретін уақыт та келер. Ондай мүмкіндікке жету үшін жұрт болып жұмылған жөн. Сондықтан тұрмыстық қалдықты қайта өңдеуден бұрын оны есепке алу, жинау, сұрыптау жолын, сондай-ақ, қауіпті қалдықтарды залалсыздандыру, жоюдың әдіс-амалын үйренгеніміз дұрыс. Ол үшін қатты тұрмыстық қалдықтардың өміріміз бен табиғатқа келтірер зияны мен қаупін білгеніміз жөн.

Облыстық экология департаментінің ақпаратына сенсек, өңіріміздегі 741 елді мекенде жалпы көлемі 1113,6 гектар 513 заңдастырылған күл-қоқыс үйіндісі мен полигоны бар. Ондағы тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау міндеті облыстағы 17 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мен 20 жекеменшік кәсіпорынға жүктелген. Олар бүгінгі таңда тек 254 елді мекендегі қоқысты полигондарға тасымалдауға ғана қауқарлы. Осының салдарынан өңірлерде өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен айналысу саласындағы заңбұзушылықтар жиілей түскен.

Мұның себебі – стандарттарды, нормаларды және экологиялық талаптарды сақтамау, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды орналастыру ережесін бұзу, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жою және залалсыздандыру, есебін жүргізу ережесін орындамауға байланысты орын алуда. Жоғарыдағы кемшіліктерді жою үшін, ең алдымен, аса қауіпті өндірістік және тұтынған қалдықтарды есепке алып, өңдейтін және залалсыздандыратын халықаралық экологиялық талаптарға сай полигондар құрылысын қолға алған дұрыс.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 299-бабында 2-сыныпты қауіпсіз, ірі қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына қойылатын талаптар көрсетілген. Қарасай ауданындағы «PLASMA Energy Inc» ЖШС, «Тазалық-Чистота» ЖШС, Іле ауданындағы «Қарасу» ЖШС, «Утилит» ЖШС, «МПП ЖКХ» ЖШС, «BIO-GARBAGE» ЖШС, Талғар ауданындағы «Тазар» МКК, «Эко Тазарту» ЖШС, Алакөл ауданындағы «Бағалы Алакөл», Қапшағай қаласындағы «Іскер-Т» ЖШС, «Туризм и зона отдыха» ЖШС, Кербұлақ ауданы Сарыөзек кентіндегі, Ескелді ауданы Қарабұлақ кентіндегі, Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылындағы қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны ғана осы талапқа сай келеді.

Экономикасы қарыштап дамып, демографиялық ахуалы әлемді алаңдата бастаған көрші Қытай елінің ішкі өзен-көлдері мен су қоймаларын пайдалану салыстырмасының артуы сол елден елімізге ағып кіретін өзендердің су мөлшерін азайтып жіберді. Соның салдарынан өзен аңғарлары қоқыс төгетін заңсыз полигонға айнала бастады.

Арыға бармай-ақ қоялық, Алматыға барған сайын жол үстіндегі Қапшағай су қоймасының жағдайын көріп, жүрегің ауырады. Оның үстіне арнасы тартылып, құрғап жатқан өзен-шелердің қатары жыл өткен сайын көбейіп келеді. Кейінгі кездері Өзбекстаннан Қазақстанға кіретін өзендердің ластану деңгейі жоғары. Оған Сыр өзені суының егістікті суаруға жарамайтын деңгейде ластанғаны дәлел бола алады. Қырғыздан кіретін Шу өзенінің де тазалық жағдайының төмендігі жайлы ғалымдар дабыл қаға бастады. Іле мен Шу өзендеріндегі су көлемінің азаюы, ластануы Балқаш көлінің экологиялық жағдайын бүлдіре бастады. Оның зардабы Жетісу жеріндегі бай табиғатқа тиіп жатыр.

Алматы облысындағы экологиялық жағдайға талдау жасағанда дәл қазіргі кезде облыс тұрғындарының 50 пайызы тазалығы мен сапасы, пайдасы жағынан қойылатын талаптардың біразына сәйкес келмейтін ауыз-суды тұтынып отырғанын білуге болады. Жылдам өріс алып бара жатқан жерасты суларының ластануы таза ауызсу көздерінің азаюына әкеліп соқтыруда. Оған бей-берекет төгілген тұрмыстық қалдықтар араласып, адамзаттың денсаулығын мейлінше улап жатырмыз. Тіпті, тұрғындар жол бойындағы ұңғымаларды күл-қоқыс төгетін полигонға айналдырып алыпты. Жолшыбай көлікпен өтіп бара жатып, қолындағы целлофанын лақтыра салатын мәдениетсіздікті тежейтін бірде-бір ұнамды шараны көріп тұрған жоқпыз. Ал, облыс бойынша бұдан басқа қаншауы бар, санын тап басып айту қиын. Сонымен бірге Үйғыр ауданындағы Шонжы – Қалжат трассасының бойындағы ыстық су көздері орналасқан жер түгелімен жекеменшікке беріліп, көптеген демалыс-сауықтыру орындары салынып кеткен. Ағыл-тегіл, еш бақылаусыз ағып жатқан ыстық сулардың адам денсаулығына қаншалықты пайдалы екендігі белгісіздігімен қоса сол суды есепсіз тұтыну кесірінен осы өңірдегі жер астындағы таза ауызсу бассейндері ластанумен бірге таусылуға жақындаған.

Кейде пайдалы қазба байлықтардың көп болуының пайдасы мен зияны қоса жүре ме деп те ойлайсың. Жер қойнауынан қазылып алынған кен мен сорылып алынған қара алтынның орнын толтырудың оңайға соқпайтынын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Оған осыдан біраз ғана бұрын Шығыс Қазақстандағы Риддер қаласында тұтас үйдің бір сәтте жер астындағы кені алынған бос кеңістікке құлап кеткені дәлел бола алады. Сонымен бірге қажеттісі ажыратылып алынған, зиянды элементтері бар кен қалдықтарын дер кезінде өңдеуден өткізбеу, кеніш маңын қалпына келтірмеу мен қалай болса солай қалдыру да аса үлкен қатер көздерінің пайда болуына жол ашады. Осындай көзі ашық қатердің бірі Текелі қаласының желкесінде тұр. Кезінде қорғасын мен мырышты суытып, одан кейін далаға ығыстырылған су көлге айналып қалған. Текелідегі кеніш жабылғалы біраз жыл болғанымен көл сол орнында тұр. Улы суда бірде-бір тіршілік белгісі жоқ. Демек, құрамында тіршілікті өлтіретін улы зат көп. Өзенге қосылып жатқан у адамдардың денесіне тарап жатқан жоқ деп кім айта алады?..

Облыстық прокуратурадағылардың мәлімдеуінше, Жетісу жерінде радиобелсенді қалдықтарды тереңге көму мен жоюға қатысты проблемалар жылда көтерілгенімен әлі шешімін таппаған. Мәселен, Панфилов ауданындағы «Жаркент – Арасан» шипажайына таман тау беткейлеріндегі ескі уран кеніштерінен шығарылған үйінділер мен ұңғымалар радиобелсенділікпен ластанудың қауіпті көзі ретінде аймақтың экологиялық қауіпсіздігіне үлкен қатер төндіруде. Алматы облыстық мәслихатының шешімімен осындағы екі бірдей уран ұңғымасынан шықкан үйінділерді өңдеуден өткізіп, жерді қайта қалпына келтіру жұмыстарына тиісті қаржы бөлінген. Қалған бес барлау ұңғымасының радиациялық жағдайы зерделенбеген. Ондағы радиацияның әсері радиобелсенділіктің зиянсыз ұйғарымды мөлшері болып табылатын 0,34 мкзв/с-дан жеті есеге артық болып, сағатына 2,51 микрозиверді құрапты. Текелі және Рудничный кеніштеріндегі кен қалдықтары қоймасында да тура осындай проблема бар. Сонымен бірге, өңірде құрамында сынап бар қалдықтарды қайта өңдеуден өткізетін кәсіпорынның жоқтығы да алаңдатады.

Естеріңізге сала кетелік, 1987 жылы Кеңес одағы орта және жақын қашықтыққа ұшырылатын ядролық ракеталарды Қазақстанның елсіз мекендеріне жару туралы қаулы қабылдайды. Бұл шара 1989 жылдың 27 қарашасына дейін екі жылға жалғасады. Ал сондағы құжатта елсіз мекен деп көрсетілген жердің Көксу ауданына қарасты Тырнақ деп аталатын мал жайылатын учаске екенін бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Жалғыз Тырнақта емес, құпия әскери бөлімдер бұл жоспарын Алғабас елді мекенінің Мақпал мал жайылым учаскесінде де атқарған. Ал осы Тырнақ мал жайылымы Кербұлақ ауданының Сарыбұлақ ауылдық округінен 10, Сарыөзек кентінен 35, Айнабұлақтан 16, Алғабастан 30 шақырым жерде орналасқан. Ракета жарылғанымен әлі күнге ол мекенді залалсыздандыру жұмысы жүргізілген жоқ. Беті ғана жасырылған қалдықтар әлі де аспанға sahap шашып, сол маңдағы табиғат пен адамдардың денсаулығын бүлдіріп жатыр.

1989 жылы Талдықорған қаласындағы қорғасынды-аккумулятор зауыты ауаны ластағаны және адам денсаулығына зиян келтіргені үшін сол тұстағы облыстық ауруханаңың дәрігері Ғалия Әрінова сотқа береді. Сол арыз бойынша тексеріс жүргізген облыстық СЭС-тің мамандары зауыттың құю учаскесіндегі ауадағы қорғасынның қалыпты мөлшерден 150-200, қайта құю учаскесінде 250-300, кесу учаскесінде 250-300 есе артық екендігін анықтаған. Жылына Талдықорған қаласының әр азаматы 600 грамнан астам қорғасын жұтады екен. Міне, осыдан кейін қорғасын ұнтақтарын ауаға таратпай ұстап қалатын қондырғы орнатылыпты. Ал қазір бір Талдықорғанның өзінде бірнеше зауыт бар. Оның сыртында қайта өңдеу цехтары жұмыс істейді. Олардан шыққан қатты қалдықтар зауыт маңында үйіліп жатыр. Өкінішке қарай, қазір бұл туралы ешкім де бас қатырып жүрген жоқ.

Жаппай үнемдеуге көшкен жұртшылық насихатына бола сынабы бар энергоүнемдеуші шамдар мен құралдарға көшкелі қашан. Олардың тозғанын өткізетін орын таппайтындар сынабы бар дүниелерін қоқыс контейнерлеріне тастай салатынын күнделікті көреміз. Мұның соңы онсыз да дер кезінде өңделмейтіндіктен айналасын әбден бүлдіріп болған қоқыс полигондарының қауіптілігін еселеп арттырары сөзсіз. Ресми дерек бойынша әлемде соңғы 50 жылда адамдар қажеттілігі үшін өндірілген өнімдер адамзаттың өткен ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі тұтынған тауарларының көлемімен бірдей екен. Соның салдарынан өсімдіктер мен жан-жануарлардың жүздеген түрі жойылып, өңделетін жерлердің үстіңгі құнарлы қабатының 5/1 мүлде жарамсыз қалыпқа келген.

Дүниежүзілік тамақ өндірісінде азықтық қоспаның үш түрін қолдануға мүлдем тыйым салынған. Олар Е-121 қоспасы – қызыл цитрус тағамдық бояуы, Е-123 – амарант бояуы, Е-240 – формальдегид консерванты. Жақында Швейцария ақпарат құралдарында таңғаларлық деректер жарияланды. Бұдан отыз жыл бұрын жерленген адам мүрделері сол күйінде бұзылмай сақталған. Ғалымдар бұл жағдайды зерттей келе денелердің бұзылмай сақталуына жеген тамақтарының құрамындағы консерванттардың тікелей қатысы бар екенін анықтады. Малдың немесе құстың тамағына қосылатын антибиотиктер мен етті өңдеуде қолданылатын химикаттар оның құрамында сақталып қалады. Соңғы кездері ет өнімдерінен уланудың көбейіп кеткені содан. Демек химиялық заттар жылдар бойы ағзамызға шөгіп, ішкі мүшелерімізді зақымдап жатыр.

Азық-түліктің сақталу мерзімін ұзарту – тамақ өнеркәсібімен айналысатын көптеген компаниялардың басты мақсаты. Олар өнімді ұзақ мерзімге сақтаудың түрлі тәсілін қолданып бағады. Сенімді ақпарат көзіне сүйенсек, қазіргі сауда орындарында сатуға шығарылған азық-түлік заттарының 80 %-ы алдын ала өңдеуден өткен екен. Сол азық-түліктің тұтынудан артылғаны полигондарға жөнелтіледі. Оның құрамындағы химиялық заттар сол өңірде тотығып, адам болашағына үлкен қауіп төндіретін қосылыстарды жасап жатыр.

Айта берсек, экологиялық проблемалар жеткілікті. Сондықтан Қоршаған ортаны қорғау министрлігінен бастап, оның барлық деңгейдегі құрылымдарының құзыретін кеңейтіп, қосымша уәкілеттіктер берумен қатар ондағылардан өз міндеттерін орындауды қатаң талап ету керек. Сонымен бірге, табиғат қорғау заңын бұзғандарға қатысты жауапкершілікті барынша күшейткен жөн.

Қажет АНДАС,
жоба жетекшісі.
Andas_Kazhet@mail.ru



Бұл басылым Еуропалық Одақ қолдауымен әзірленген. Басылымның мазмұны автордың жауапкершілігіне жатады және Еуропалық Одақ көзқарасын білдірмейді.

● Қайта өңдеу

Ғалымдар мен қоғам белсенділері планетамыздың түтін мен күл-қоқысқа тұншығып жатқанын айтып дабыл қағуда. Әсіресе, өнеркәсібін дамытуды ойлап, экологияға мән бермейтін елдерде жағдай күрделене түскен. Қазақстан да, өкінішке қарай, бұл қауіптен ада емес. Қарасай ауданына қарасты Абай ауылында жұмысын жолға қойған «Kagazy recycling» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметі, міне, осындай мәселелерді шешуге бағытталған.



ҚАҒАЗ ҚОРАП

Жетісу
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

– Біздің кәсіпорын шикізат ретінде тұрмыс қалдықтарын, пайдаланылған қағаздарды, атап айтқанда, газет-журналдарды, кітаптар мен буклеттерді, қолданыстан шыққан кеңсе қағаздарын пайдаланады, – дейді серіктестіктің бас директоры Виктория Горобцова. – Бұл табысты бизнес болумен қатар қоршаған ортаның экологиясын жақсартып, миллиондаған түп жасыл желекті аман сақтап қалуға мүмкіндік береді. Себебі, адамзат бүгінгі күнге қағаз атаулыны ағаштан жасап келеді емес пе? Ал, тал жапырақтарының улы түтінді бойына сіңіріп алып, ауаға таза оттегін қайтаратынын, орманды алқаптар топырақтың ылғалын сақтайтынын еске алар болсақ, әрбір кесілген талмен бірге өмір сүру кеңістігіміздің де ластана түсетінін ұмытпағанымыз жөн.

Шын мәнінде біз тұрмыс қалдықтарын, қораптар мен газет-журналдарды өртеп жатқан жайларды күнде көріп жүрміз. Озық технологияны жолға қойған мемлекеттер қала маңында тау-тау болып үйіліп жататын күл-қоқысты пайдалы бизнеске айналдырып алған.

Әрине, жылына 50 мың тонна қағаз қалдықтарын өңдеуге қабілетті кәсіпорынды шикізатпен қамтамасыз етіп отыру да оңай емес. Бұл үшін серіктестік қағаз өнімдерін көп мөлшерде пайдаланатын мекемелермен шартқа отырып, тұрақты түрде тасымалдауды жүзеге асырады. Қағаз қалдықтары Қазақстанның барлық аймақтарынан жеткізіледі. Мұнда шикізатты тұрғындардан жинау жобасы да табысты орындалуда. Бір ғана Алматы қаласында тұрмыстық қағаз қалдықтарын қабылдайтын бес арнайы дүңгіршектер жұмыс істеп жатыр. Бұл, бір жағынан, тұрғындарды үйден шығарылатын күл-қоқысты сұрыптап, бөлек жинауға дағдыландыруда.

Жан-жақтан тайланып әкелінген жарамсыз қағаз кәсіпорында қайта өңделіп, бірыңғай қағазға айналғаннан кейін тапсырыс берушілердің қалауы бойынша кез келген қалыптағы қораптарға айналдырылады. Мұндай қораптар өлкеміздегі өнім шығаратын кәсіпорындар үшін ауадай қажет. Осылайша серіктестік «Қазақстандық мазмұн» жобасын да табысты жүзеге асырып келеді.

Заман талабына сай озық технология бойынша жұмыс істейтін компания 2015 жылы «ISO14001: 2008» экологиялық менеджментінің, «ISO14001: 2004» денсаулық сақтау мен еңбекті қорғау менеджментінің және «OHSAS 18001: 2007» халықаралық стандарттары бойынша үздік деп танылған болатын.

«Kagazy Recycling» компаниясы қайырымдылық шараларына да белсене атсалысып келеді. Осылайша американдық сауда палатасымен әріптесе отырып, «Табиғатты қорғау – балаларға көмек» атты жобаны қолға алған. Қорға жинақталған қаржы мүмкіндігі шектеулі балаларға күтім жасауға, оқытуға, емдеуге жұмсалып келеді.

«Іс тетігін маман шешеді» дейді емес пе. Осы орайда компания жұмысшыларды шетелден шақырудан бас тартып, жергілікті тұрғындарды мамандыққа баулуды басты мақсат етіп алған. Мысалы, 2016 жылы ғана 300-ге жуық жұмысшы кәсіби біліктілігін жетілдіру курстарынан өтіп келді. Сол сияқты, компанияның 6 қызметкері халықаралық көрмелер мен семинарларға қатысып қайтты. Елімізде ұйымдастырылып тұратын семинарлар мен тренингтерге тұрақты түрде өз мамандарын жіберіп отырады.

Алматы қаласы мен ауылдардан қатынап істейтін жұмысшыларды жеткізу, тегін аспен қамтамасыз ету жүзеге асырылады. Жалпы, зауыттың табысты болуы адамдарға байланысты болғандықтан мұндағы жұмыс орындарының жайлы, таза әрі қауіпсіз болуы басты назарда. Орташа жалақы мөлшері 124 мың теңге көлемінде болғандықтан мамандар жиі ауыса бермейді. Бұл да кәсіпорынның өркендеуіне ықпал ететін фактор болса керек.

Қаншама адамды жұмыспен қамтып, өздеріне табыс әкелумен қатар қоршаған орта тазалығына үлесін қосып жүрген компанияның келешекте атқарар жоспарлары да аз емес. Ендеше оларға табыс тілейік!

Қарасай ауданы.

Облыстық экология департаментінің ақпаратына сенсек, өңіріміздегі 741 елді мекенде жалпы көлемі 1113,6 гектар 513 заңдастырылған күл-қоқыс үйіндісі мен полигоны бар. Ондағы тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау міндеті облыстағы 17 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мен 20 жекеменшік кәсіпорынға жүктелген.



Жылдам өріс алып бара жатқан жерасты суларының ластануы таза ауызсу көздерінің азаюына әкеліп соқтыруда. Оған бей-берекет төгілген тұрмыстық қалдықтар араласып, адамзаттың денсаулығын мейлінше улап жатырмыз.

Тіпті, тұрғындар жол бойындағы ұңғымаларды күл-қоқыс төгетін полигонға айналдырып алыпты.



Сурет облыстық экология департаментінен алынды.

Жетісу
1918–2017
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

Қоқысқа қатысты заңдық талаптар

Қоршаған ортаны қорғау қызметінің негізгі бағыттарының бірі Қазақстан Республикасының тұрақты дамуының Тұжырымдамасында көрсетілген параметрлерге қол жеткізу. Өніріміздің экологиялық мәселелері және оларды шешу жолдары Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы №577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі Тұжырымдамасының, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 маусымдағы «Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесін жаңғыртудың 2014 − 2050 жылдарға арналған бағдарламасы» негізінде жүзеге асырылады.



Қатты тұрмыстық қалдықтардың пайда болуының динамикасына талдау жүргізгенде 2015 жылмен салыстырғанда өткен жылы оның көлемінің 129,4 мың тоннаға немесе 20,2%-ға артық болғаны байқалды, оның себебі халықтың өсуі мен әл-ауқатының жақсаруына және қатты тұрмыстық қалдықты қайта өңдеу деңгейінің төмендігіне байланысты. Керісінше, 2013 – 2016 жылдар аралығында қайта өңделген қатты тұрмыстық қалдықтардың көлемі тек 7,8 мың тоннаға немесе 0,9%-ға ғана өскен. Демек, қатты тұрмыстық қалдықтар төңірегінде әлі де күрмеулі мәселе ушығып тұр. Осы тұрғыдан зерделеп көргенде оның басты себептерін полигондар мен қоқыс орындарының нормативтік, санитарлық, экологиялық және құрылыс нормалары мен талаптарына сәйкес жабдықталмауы, көптеген жабайы қоқыс орындарының әлі де ашық күйінде қалғанынан көруге болады. Ендеше, осы тұрғыдан туындаған заңбұзушылықтардың біразына тоқталайық.

2011 жылдың 15 шілдесінде №461-IV Заңы бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Онда қолданыстағы заң аясында кәсіпкерлерге лицензиялық-рұқсат ережелерін жетілдіру және оңайлату мәселесі қарастырылған. Сондай-ақ, шағын және орта бизнес өкілдеріне әкімдіктер мен басқармалар тарапынан болуы мүмкін кедергілерді жою ісі де осы заңның аясында айтылады. Ондай өзгертулер мен толықтырулар 57 заң актілеріне, атап айтсақ, Жер, Салық, Экологиялық кодекстерге, ҚР-ның «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы», «Лицензиялау туралы» және тағы басқа Заңдарына енгізілді. Аталған өзгертулер мен толықтырулар жекелеген рұқсаттық құжаттар берудегі басы артық талаптарды азайтуға, беру уақытын тиімділендіруге бағытталған. Соның ішінде елеулі өзгертулер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының Жер кодексіне жасалды. Нақтырақ айтсақ, нақты бір жер телімінің кадастрлік (бағалау) құнын еншілес мемлекеттік кәсіпорындар үш күннің ішінде анықтайды. Ол жер теліміне кадастрлік (құны) бағалау актісімен рәсімделіп, жер қатынастары бөлімдерімен бекітіледі. Мұндай кадастрлік бағалау мерзімі алдыңғы заңнамаларда көрсетілмеген еді. Өкінішке қарай, облысымыздағы 741 елді мекендегі 354 полигон мен күл-қоқыс үйіндісі ғана заңдастырылған. Оның ішіндегі 10 полигон ғана (полигондар туралы айырым материал дайындалады) мемлекеттік тіркеуге алынған. Демек, өніріміз әлі де заңдық талаптарға сай жұмыс жасап жатқан жоқ.

Еңбекшіқазақ ауданы прокурорының 2013 жылғы 6-ақпандағы №7-12-13 талабы бойынша Алматы облыстық экология департаменті «ХЭМКО» ЖШС-не экологиялық талаптардың орындалуына байланысты жоспардан тыс тексеру жүргізді. Тексеру барысында «ХЭМКО» ЖШС жер қойнауын пайдалану жұмыстарын жүргізуге арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу актісімен Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданындағы Сарыбұлақ кен белгісінде құрылыс тастарын өндіру жұмыстарын жүргізуге алғандығы, №01-06-12 келісімшарт Алматы облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасында тіркелгендігі анықталды. Алайда, «ХЭМКО» ЖШС жер қойнауынан кен өндіру жұмыстарын келісімшарт аумағынан тыс жерден, яғни Сарыбұлақ кен белгісінен емес, «Жалайыр-Шора» кен белгісінен өндіріп, заңбұзушылыққа жол берген. Сөйтіп, ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңының 76-бабы 1-бөлімі 1-тармағының талаптарын өрескел бұзғандығы белгілі болды.

Аумақтық геология және жер қойнауын қорғау инспекциясы қызметкерлерінің берген мәліметі бойынша («Тас-Құм» АҚ-да) 1 текше метр құрылыс тастың нарықтағы орташа бағасы 550 теңгені құрайды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27-маусымдағы №535 Қаулысымен бекітілген «Қоршаған ортаны ластаудан келтірілген залалды экономикалық бағалау ережесінің» 16 бөліміне сәйкес, өз бетінше заңсыз пайдаланылған жер қойнауындағы кең таралған жалпы пайдалы қазба байлықтың өтем шығыны он есеге көбейтіліп есептеледі. Сонымен, «ХЭМКО» ЖШС ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңының 10-бабы 1-бөлімінің, 35-бабы 1-бөлімінің және 76-бабы 1-бөлімі 1-тармағының талаптарын бұзғандығы анықталып, шығын көлемі төленген.

ҚР Экологиялық кодексінің 321-бабында, «Экологиялық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар өздері келтірген залалды осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өтеуге міндетті» екендігі анық жазылған. Экологиялық заңды бұзғандығы үшін, экологиялық сараптаманың қорытындысының және қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттың жоқтығына байланысты да құзырлы мекеме кәсіпорынның өндірістік қызметін тоқтатуға құқылы.

Бүгінгі таңда табиғат пен жануарлар әлемін қорғау бойынша «біз осыған жеттік» деп жар салатындай жетістік таппайсың. Таптаурын тәсілдерден арыла алмағандар өз беттерімен ықпалды шараларды қолдана да алмайды. Сан рет дабыл қағылып, айтылып, жазылғанымен еліміздегі ғана емес, әлемде сирек кездесетін өсімдік түріне айналған сексеуілді заңсыз отау, түбірімен қопару жиі кездесетін заңсыздық болып тұр. Тек прокуратура органдарының рейдтер ұйымдастыруы арқасында ғана сексеуілді оңай пайда табу жолына айналдырғандар айылын жия бастады. Прокурорлар ондай табиғат қорғау заңдылығын бұзушылардың үстінен 2015 жылы Қылмыстық кодекстің 290-бабы бойынша 34 қылмыстық іс қозғапты.

Экология кодексінің 114-бабы, 12-тармағында жер қойнауын пайдалану нысандарын тұйықтау және істен шығару мемлекеттік экологиялық бақылауға сай жүргізілетіні айтылады. Ал, осы Кодестің 117-бабы, 1-тармағының 6-тармақшасында мемлекеттік экологиялық бақылау жүргізетін лауазымды тұлғалардың жеке және заңды тұлғаларға ҚР экологиялық заңнамасының бұзылғандығы туралы ескерту бере алатындығы көрсетілген. Мысалы, «Ақбұлақ» бағдарламасының аясында «Оңтүстік Қазақстан геология және жер қойнауын пайдалану бойынша аймақаралық департаменті» мемлекеттік мекемесі 2010 жылы облыс аумағынан суы сыртқа ағып кететін ұңғымаларды анықтау жұмыстарын жүргізген болатын. Зерттеу жұмыстары жүргізілген 100 нысанның 72-сі Панфилов ауданында және 28-і Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан. Зерттеу нәтижесі бойынша ұңғымалардың басым бөлігін пайдаланудан шығаруға, тұйықтауға ұсыныс берілген. Одан бөлек 33 су скважинасын пайдалануға рұқсат берілуі тиіс болатын. Алайда «Оңтүстік Қазақстан геология және жер қойнауын пайдалану бойынша аймақаралық департаменті» мемлекеттік мекемесі жүргізген жұмыстың нәтижесі кемшіліктерді жою үшін мемлекеттік уәкілетті органдарға не жергілікті атқарушы органдарға жолданбаған. Бұл уәкілетті және жергілікті атқарушы органдар арасындағы қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді. Тіпті бүгінгі таңда өндірістік және тұрмыстық қалдықтардың негізгі бөлігі қайта өңдеуге және қайталама пайдалануға асырылмай заңдастырылған және заңдастырылмаған қоқыс орындарына төгіліп, кәсіпорындардың аумағына жинақталып, жалпы экологиялық жағдайды қиындата түсуде. Нәтижесінде, тұрғындар мен кәсіпорындардың жұмысшыларының денсаулығына елеулі қауіп тудырады және қайталама ресурстардың орны толмас мүмкіндіктерін жоғалтады.

Қатты қалдықтармен айналысу жүйесінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – оны жою дәрежесі. Қалдықтарды алғашқы сұрыптау жүйесімен қол күшімен немесе механикалық жолмен кәсіпорындарда өңдеу арқылы қара және түсті металл, пластмасса, шыны, қағаз сияқты бағалы бөлігін алуға және қатты қалдықтардың негізгі массасын органикалық тыңайтқышқа, жылу энергиясына, құрылыс материалдарына айналдыруға болады. Бірақ, бүгінгі таңда зауыт құрылысын қаржыландыру көзінің болмауынан тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптап өңдеу проблемасы облыста ашық күйінде қалуда. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 434-бабына сәйкес ұсақ бұзақылық үшін 10 АЕК мөлшерінде айыппұл немесе 10 тәулікке қамау жазасы қарастырылған. Егер осы талапты шынайы қолданатын болсақ бірқатарымыз тәртіп бұзушы болып шыға келеміз. Расында қазір өңірдегі тұрғын үйлердің ауласына контейнер қойылған. Бірақ кей адамдар қоқысты контейнерге дейін жеткізбей, көрінген жерге лақтырып кетеді. Швейцариядағы сияқты Астанаға да қағаз, пластик, шыны және аралас қалдықтарды бөлек-бөлек жинауға арналған түрлі түсті контейнер орнатылған. Тұрғындар қызыл, жасыл, сары және көк түсті 4 контейнердің қайсысына шыны, органика, пластик бұйым немесе қағаз тастау қажеттігін шатастырмауы үшін контейнерлердің бетіне нұсқаулық жазылған. Бұдан бөлек, бірнеше сауда орталықтарына істен шыққан электрондық құралдарды тастайтын 10 экобокс қойылған. Қала тұрғындары мұның біріне де назар аудармайды. Тұрмыстық қалдықты қоқыс жәшігіне әдеттегідей бір пакетпен тастай салады. Көшені қоқыспен ластамау қажеттігін Елбасының өзі бұрған дейін бірнеше мәрте ескертті. Президент 2012 жылы тәртіп сақшыларына қоғамдық орындарда тазалық сақтамайтын адамдарды қатаң жазалауды ұсынды. «Мұндай адамдарды 3 тәулікке қамау керек» деген Елбасы 2015 жылы аталмыш мәселеге айналып соққанда көше ластайтындарды таяқпен жазалайтын Сингапурды мысал етті.

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес шаруашылық жүргізуші нысан соның ішінде қатты тұрмыстық қалдық полигондары іске қосылмастан бұрын қоршаған ортаға тигізетін әсеріне бағалау жүргізу, қалдықтарды орналастыру нормативтерінің жобасы мен қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу, санитарлық-эпидемиологиялық және мемлекеттік экологиялық сараптамалардың оң қорытындысын алып және қалдықтарды қоймалауға және орналастыруға қоршаған ортаға эмиссияға экологиялық рұқсат алу сияқты нормативті рұқсат құжаттарын рәсімдеуі тиіс. Облысымызда 2004 және 2011 жылдар кезеңінде 11 қатты тұрмыстық қалдық полигонын жобалауға және құрылысына облыстық бюджеттен 1 077,5 млн. теңге бөлініп игерілген. Бірақ, бірқатар аудан мен қаладағы полигон құрылысы әлі күнге аяқталмаған. Бүгінгі таңда Алматы облысындағы 12 ірі типті полигонның тек қана 8 полигоны, яғни Қарасай ауданындағы «Kaz Waste Conversion» ЖШС, Қапшағай қаласындағы «Искер-Т» ЖШС, Алакөл ауданы, Достық стансысындағы «Достық» ҚММ, Іле ауданындағы «Іле Су Құбыры» ЖШС, Талдықорған қаласындағы «Көркем Талдықорған» МКК, Көксу ауданы, Балпық би кентіндегі, Балқаш ауданы, Бақанас ауылындағы, Қаратал ауданы, Үштөбе қаласындағы полигондар Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамаларының талаптарына сай келеді. Ал Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек кентіндегі полигондардың қоршаған ортаға әсерді бағалау жобасы әзірленбеген, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындылары жоқ, қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттарын әзірлемеген.

ҚР Экологиялық кодексінің 288-бабының 2 бөліміне сәйкес қалдықтарды орналастыру мен жою қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарымен және өзге де арнайы уәкілетті органдармен келісім бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен айқындалатын орындарда жүргізеді. Сондай-ақ, Алматы облысы әкімінің 2016 жылғы 16 қыркүйектегі №473 Қаулысымен тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды шығару және орналастыруға 353 орын анықталған. Тіпті, Қазақстан Республикасының 2016 жылдың 28 сәуіріндегі № 506-V «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі мәселелері туралы кейбір заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу» Заңына сәйкес ҚР Экологиялық кодексінің өнеркәсіп және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу бөлімдеріне толықтырулар 2016 жылдың қаңтар айынан қолданысқа енгізілді.

Айта кетерлігі, Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 301-бабының 1 тармағы бойынша полигондарда сұйық қалдықтар, полигон жағдайында жарылатын, коррозиялы, қышқылданатын, өрт қаупі жоғары немесе өрт қаупі бар қауіпті қалдықтар, сумен реакцияға түсетін қалдықтар, медициналық немесе ветеринариялық мекемелердің жұқпалы болып табылатын қалдықтары, рекультивациялау кезінде тұрақтандырушы материал ретінде қолданылуын қоспағанда, пайдаланылған тұтастай шиналар және олардың бөліктері, жойылмайтын органикалық ластаушыларды қамтитын қалдықтар, пестицидтер, қабылдау критерийлерін қанағаттандырмайтын қалдықтар, пластмасса, пластика қалдықтары, полиэтилен терефталат орамасы, полиэтилен қалдықтары, макулатура, картон және басқа да қағаз қалдықтары, құрамында сынап бар лампалар мен аспаптар, шыны сынықтары, түсті және қара металдар сынықтары, пайдаланылған автомобиль майлары мен сұйықтықтары, литий, қорғасын-қышқыл батареялары, ұйымдастыру техникасы, тұрмыстық техниканы, жиһазды және өзгелерді қоса алғанда, ірі габаритті қалдықтар, құрылыс материалдарының қалдықтары, тамақ қалдықтары полигондарға төгілмеуі керек.

Осыған орай жергілікті атқарушы органдар коммуналдық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау, екінші қайтара пайдалану, полигонда орналастыру сияқты жұмыстарды істейтін шағын және орта кәсіпкерліктің қызметі мен керекті инфрақұрылымды ұйымдастыруды назарда ұстаулары қажет. (ҚР ЭК 292 ст. 3 т). Сондай-ақ ҚР Экологиялық кодекстің 41-1 тарауына енгізілген талаптарды орындаумен қатар, Экологиялық кодексінің 285-1 бабына сәйкес өндірушілердің өнім тізбесіне сәйкес өнімді Қазақстан Республикасының аумағында өндіруді және ел аумағына әкелуді жүзеге асыратын барлық міндеттер толық қамтылған. Сол міндеттер бойынша қарастырғанда, ең алдымен, қалдықтарды жинаудың, қайта өңдеудің және кәдеге жаратудың меншікті жүйесін қолдануға баса мән берілген. Алайда, қалдықтарды жинаудың, қайта өңдеудің және кәдеге жаратудың меншікті жүйесін қолдану жөніндегі талап көлік құралдарын өндірушілерге және импорттаушыларға қолданылмайды. Сонымен қатар, өндірушілер тұтыну қасиеттері жоғалған қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы түрінде ақша төлеуге міндетті.

Шынымен, ҚР Экологиялық кодексі және тағы да басқа нормативтік құжаттарда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеуге қатысты көптеген заңдық міндеттер айқындалған. Ал осы заңды білместіктен немесе онда көрсетілген талаптарды орындамаудан бірқатар келеңсіздіктер туындап жатады. Айталық, 2015 жылы экология департаменті Алматы облысының мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасымен, ҒӨО Жер РМК АӨФ-пен, жер қатынастары басқармасымен бірге жабайы заңсыз үйінділер орналасқан жер учаскелерін және жер иелерін анықтауға түгендеу жүргізген. Нәтижесінде облыстағы 370 жер учаскесіне көлемі 1000 гектардан асатын қатты тұрмыстық қалдық төгетін полигон мен жабайы күл-қоқыс үйіндісі анықталған. Атап айтар болсақ, Ақсу ауданында 38, Ескелді ауданында 16, Кербұлақ ауданында 20, Алакөл ауданында 33, Панфилов ауданында 41, Еңбекшіқазақ ауданында 33, Сарқан ауданында 25, Жамбыл ауданында 31, Көксу ауданында 28, Іле ауданында 5, Қаратал ауданында 19, Балқаш ауданында 14, Ұйғыр ауданында 25, Райымбек ауданында 31, Талғар ауданында 10, Текелі қаласында 1 жабайы күл-қоқыс үйіндісі бар.

Жабайы қоқыстар үйіндісіне жол берген тұлғаларға департаменттің мемлекеттік экологиялық инспекция бөлімі тарапынан тексерістер жүргізілді. 2015 жылы 56 тексеру жүргізіліп, 56 заңбұзушылық анықталып, нәтижесімен 55 айыппұл 1 714,4 мың теңгеге салынды. ҚР Экологиялық кодексінің 321-бабына сәйкес тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды заңсыз орналастырғаны үшін жалпы сомасы 132 865,3 мың теңгеге 40 талап-арыз қанағаттандырылған. Соның ішінен 8 аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөліміне және 31 ауылдық округтік әкімдіктерге айыппұл салыныпты. Сондай-ақ, мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың шешімімен жалпы сомасы 4 248,1 мың теңгеге 20 талап-арыз қанағаттандырылып, 4 142,5 мың теңгесі өндірілген. Ал былтыр жергілікті атқарушы органдарға 104 тексеру жүргізіліп, 104 заңбұзушылық анықталып, нәтижесімен құны 3 022,4 мың теңгеге 104 айыппұл салыныпты.

Осы материалды жазу барысында өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен айналысу саласындағы заңбұзушылықтарды мүмкіндігіміз жеткенше талдап, зерделеуге тырыстық. Осы тұрғыдан келгенде Жетісу жерінде стандарттарды, нормаларды және экологиялық талаптарды сақтамау, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды орналастыру ережесін бұзу, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жою және залалсыздандыру, есебін жүргізу ережесін бұзу сияқты заңбұзушылықтың жиі орын алатынын білдік. Сонымен бірге, 2015 жылдың 28 қазанында «Алматы облысының экологиялық проблемалары және оны шешу жолдары» атты жиналыс өткізіліп, қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарының жағдайы, жабайы қоқыс үйінділерін жою, қалдықтарды сұрыптап, өңдеу зауыттарының жоқтығы, биологиялық қауіпті қалдықтарды жою, Текелі қалдық сақтаушының жағдайы көпке таныстырылып, полигондарды экологиялық және санитарлық нормаларға сәйкестендіріп, тәртіпке келтіру бойынша қатаң тапсырмалар берілген.

Жоғарыдағы кемшіліктерді жою үшін, ең алдымен, аса қауіпті өндірістік және тұтынған қалдықтарды есепке алып, өңдеу және залалсыздандыратын халықаралық экологиялық талаптарға сай полигондар құрылысын қолға алған дұрыс болар. Ол үшін қалдық иелерінен алдағы кезеңде өздері шығаратын қалдық мөлшерін азайту шарасын енгізуін талап ету және екінші қайтара игерудің ұтымды жолдарын қарастыру керек. Мұндай тәжірибе әлемнің біраз елінде мықты дамыған. Мүмкіндігінше сол тәжірибені елімізге енгізгеніміз жөн. Мұның өзі Елбасы айтқан дамыған отыздыққа енудің басты талабының бірі. Сондай-ақ, екінші дәрежелі қалдықтарды түртүрімен сұрыптап, жинақтау жүйесін енгізіп, қалдықтарды залалсыздандыру мақсатындағы инфражүйе мен өндірістік қуатты дамыту да кейбір келеңсіздікті түзетудің жақсы тәсілі. Бұл үшін кіші және орта бизнестің, жалпы тұрғындардың ынтасын оятудың экономикалық және құқықтық механизмін жасаған жөн.

Қажет Андас,
жоба жетекшісі.
Andas_Kazhet@mail.ru



Бұл басылым Еуропалық Одақтың қолдауымен әзірленген. Басылымның мазмұны автордың жауапкершілігіне жатады және Еуропалық Одақтың көзқарасын білдірмейді.

Мың тонна

2013 жыл			2014 жыл			2015 жыл			2016 жыл		
Пайда болу	Кәдеге жарату	%	Пайда болған	Кәдеге жарату	%	Пайда болған	Кәдеге жарытыла	%	Пайда бо.	Кәдеге жарату	%
513,8	6,0	1,2	515,2	7,5	1,4	512,1	9,1	1,8	641,5	13,8	2,1

Бұл кестеде 2013 – 2016 жылдар аралығында ТҚҚ-ның пайда болғаны және кәдеге жаратылғаны туралы мәлімет көрсетілген.

Жасыл экономикаға жол

Қазіргі таңда әлем жұртшылығы қоршаған ортаның экологиялық жағдайына көп көңіл бөлуде. Халық санының өсуі мен тұрғындардың әлеуметтік хал-жағдайының жақсаруына байланысты жұртшылықтың тұрмыстық қажеттілігі де өсуде.

Осыған орай сұранысты қанағаттандырушы қызмет көрсету орындары мен түрлі өндіріс орындары да көптеп бой көтеруде. Әрине, бұл қуанарлық жағдай, алайда көпшілігінің іс-әрекеті табиғатқа кері әсерін тигізуде. Кәсіпкерлердің басым көпшілігі құжат жасату барысында қоршаған ортаны қорғау талаптарын ұмыт қалдырады. Соның салдарынан қажетті құжаттар жасалмай, тексеріс кезінде орын алған заңбұзушылықты көрсетсе: «Бізге неге алдын ала айтпайды? Біз мұндай талап барын білмедік», – деп дауласа кетеді. Алайда заң талаптарын білмеу жауапкершіліктен босатпайтыны белгілі. Осы жағдаймен күресу және алдын алу бағыты бойынша облыстық экология департаменті тарапынан біршама іс-шара атқарылуда. Атап айтсақ, 2016 жылы 291 тексеру жүргізіліп, 578 заңбұзушылық анықталды. Анықталған заңбұзушылықтар бойынша 365 нұсқама беріліп, 355 нұсқама дер кезінде орындалды.

Жергілікті атқару органдары осы уақытқа дейін экологиялық талаптардың бұзылуы негізінде тексеру жүргізілген мекемелерге 35,5 млн. теңге көлемінде айыппұл салып, оның 33,0 млн. теңгесі мемлекет қоржынына құйылды. Сонымен қатар, есепті кезеңде 91 мекемеге 20,0 млн. теңге көлемінде қоршаған ортаға келтірген залалды өтеу үшін нұсқама беріліп, толықтай қазына есебіне түсті.

Ендігі бізге алаңдаушылық туғызып отырған мәселенің бірі – тұрмыстық қалдық. Облыс бойынша жыл сайын 800,0 мың тоннадай тұрмыстық қалдық жиналатын болса, соның 350,0 мың тоннасы аудандық, селолық округтердің үлесінде. Бізде арнайы қоқыс өңдейтін зауыт жоқ, экологиялық талаптарға сай 8 полигон ғана жұмыс жасайды. Яғни, ашық далада жатқан қоқыс ауа, су, топырақты ластауда. Қоқыс төгетін орындардың маңайы жел бағытымен бірнеше шақырымға дейін полиэтилен қалталар мен дорбалардан көрінбейді. Ал, полиэтилен заттар 50 жылға дейін толық ыдырамай, топырақты ластап жата береді. Соңғы уақытта Текелі қаласындағы қалдық проблемасы да республикалық деңгейде көтеріліп жүр.

Қалдыққойма 1965 жылдан қолданыста, қазіргі уақыттағы иесі «Текелі кенді қайта өңдеу кешені» ЖШС 2013 жылдан уақытша тоқтап тұрғандықтан, құрамында шамалы қалқыма заттары бар аздаған көлемдегі Текелі кен орнының шахталық суынан өзге қалдыққоймаға өндірістік қалдықтар төгілмейді. Қалдыққоймадағы барлық қалдық қоры 34502,5 мың тоннаны құрайды. Аталған техногенді минералды түзілімдер, ауыр металдар тұрғындардың денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіп туғызатыны анық.

Біздің басты мақсатымыз – тазалығымен талай елдің таңдайын қақтырып, тамсандырған тұмса табиғатымыздың сұлу көркін қайта қалпына келтіру. Елбасымыз атап өткендей, еліміздің даму жолының бір бағыты – «Жасыл экономика». Бұл дегеніміз, ресурстарды тиімді пайдалану және басқару, қолданыстағы инфрақұрылымды жетілдіру мен жаңа инфрақұрылым қалыптастыру, қоршаған ортаға әсерді тиімді түрде азайту арқылы тұрғындардың әл-ауқатын көтеру. Ендеше осы көрсетілген бағыт-бағдарға әрқайсымыз өз үлесімізді қосайық. Тым болмаса өз үйіміз, өз ауламызды қоқыстан тазартып, қоршаған ортаны бірге қорғайық. Сонда біз әлеуметтік ахуалы жоғары, саяси және экономикалық жағдайы тұрақты, әлеуетті елге айналамыз.

Т. БАЙҒУАТОВ,
облыстық экология департаментінің мемлекеттік экология бақылау бөлімінің басшысы.



Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 35 (18311)
Бейсенбі, 30 наурыз, 2017 жыл.

БРИФИНГ

Жаңа жоба жүзеге асады

Еуропалық Одақтың Орта Азиядағы өкілдігі саналатын Internews жүзеге асырып отырған «Орталық Азиядағы қоршаған орта және табиғи ресурстар мәселелерін тиімді жариялауға арналған медиа жобасында облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Қажет Андастың «Қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу» тақырыбындағы жобасы жеңімпаз атанған болатын. Осыған орай Журналистер үйінде өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен брифинг өтті.

Жетісу
Айдар ҚАЛИЕВ

Жиында облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Қажет Андас тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу жайлы келелі әңгімеледі.

– Облыс аумағына жыл сайын 800 мың тоннаға жуық тұрмыстық қатты қалдық шығарылады. Оның 350 мың тоннасы Алматы қаласының, қалғаны облыс елді мекендерінің еншісінде. Бүгінде облыстағы жинақталған қалдық көлемі 9 млн. тоннаға жетті. Сондықтан қатты тұрмыстық қалдықтарды қажетке жарату ісі бүгінгі күннің талабынан шығып отыр деп айта алмаймыз. Облыстық экология департаментінің ақпаратына сүйенсек, өңіріміздегі 741 елді мекенде жалпы көлемі 1113,6 гектар 513 заңдастырылған күл-қоқыс үйіндісі мен полигоны бар. Ондағы тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау міндеті облыстағы 17 мемлекеттік-коммуналдық кәсіпорын мен 20 жекеменшік кәсіпорынға жүктелген. Олар бүгінгі таңда тек 254 елді мекендегі қоқысты полигондарға тасымалдауға ғана қауқарлы, – дей келе соның салдарынан өңірлерде өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен айналысу саласындағы заңбұзушылықтардың жиілей түскендігін айтты.

Сонымен қатар әр аудандардағы жағдайға тоқталып, экологиялық өзекті мәселелерді атап өтті. Еліміздің көркеюі және саф ауамен тыныстануы үшін экология мәселесін басты назарда ұстап, қатты қалдықтарды өңдейтін зауыттар салу керектігін айтты. Жиын соңында тілшілердің сауалына тұшымды жауап беріп, тың идеялармен де бөлісті.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС



ҚЫТАЙ ИНВЕСТОРЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Қытай Халық Республикасы Бас консулдығының Алматы қаласындағы сауда жөніндегі Консулы және «Beijinq Lonhua Yang Guang Investment Co. Ltd» компаниясы мен «Лунянь Жетісу» ЖШС өкілдерімен кездесті. Ресми түрде өткен басқосуда «НТК Лунюань» Қытай және «Дос Жетісу» ЖШС – Қазақстан компанияларының бірлесуімен жүзеге асырылатын жоба жайында сөз өрбіді.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Алдымен Амандық Ғаббасұлы ресми қонақтарға Алматы облысының ел экономикасын дамыту бағытындағы зор мүмкіндіктері жайында жан-жақты айтып берді.

– Жер жаннаты атанған Жетісу өлкесіне қош келдіңіздер! Біріншіден, инвестиция тарту бағытында Елбасы тапсырмасының жүзеге асырылуына үлкен үлес қосып жүрген «Лунянь Жетісу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы, белгілі кәсіпкер Болат Әбіловке ерекше ризашылығымды білдіргім келеді. Бізде де қазір көптеген кәсіпорындар ашылып жатыр. Біз былтыр Шынжаң Ұйғыр автономиялық ауданына барып, басшылармен және ірі кәсіпкерлермен жүздесіп, бизнес форум өткізген болатынбыз. Облысымыз Қытай елімен шекаралас жатыр. Жетісу – Ұлы Жібек жолының Шығысқа шығатын басты қақпасы. «Қорғас – Шығыс қақпасы» еркін экономикалық аймағы, Алтынкөл стансысы ел экономикасын өркендетудегі қуатты жаңа нүктелер болып табылады. Олар тек біздің облыстың ғана емес, сондай-ақ бүкіл Қазақстанның экономикасын дамытуға әсер етеді. Барлығы 224 мың шақырымды алып жатқан өңіріміз елдегі ірі аймақтың бірі саналады. Бұл Елбасының туған өлкесі. Өңіріміз аграрлы аймақ. Ауылшаруашылығы саласымен айналысуға өте қолайлы. Жалпы республика бойынша ауылшаруашылығы өнімдерінің он алты пайыздан астамы Алматы облысында өндіріледі. Өңірімізде мүйізді ірі қара да, ұсақ мал да жетеді. Бізге заманға лайықты жаңа технология бойынша өнімді терең өңдейтін кәсіпорындар керек. Біз Сіздермен осы бағытта жұмыс істейтін боламыз, – деді облыс басшысы.

Бұдан соң Болат Мұқашұлы жаңа салынатын кәсіпорын жайлы қысқаша мәлімет беріп, облыс басшысының жылы ілтипатына ризашылығын жеткізді. Сондай-ақ ол аталған жобаның алғашқы кезеңінде 15 млн. АҚШ доллоры көлемінде инвестиция тартылатынын, ал кластер толық іске қосылғанда инвестиция көлемі 80-100 млн. АҚШ доллорына жететінін айтып өтті. Келесі сөз кезегі «НТК Лунюань» компаниясының бас директоры Ян Гуанға берілді.

– Көрсетіп жатқан қолдауларыңыз үшін үлкен рахметімді айтқым келеді. Біраз уақыттан бері ауылшаруашылығы бойынша сараптама жүргізіп, нәтижесінде Алматы облысының аталған жобаны жүзеге асыруға қолайлы аймақ екендігіне көз жеткіздік. Сол себепті ет комбинатын осы өңірге салуды жөн санадық. Бұл жобаны жүзеге асыруға сіздердің тараптарыңыздан да көп көмек көрсетілуде. Егер осы кәсіпорынды өсіп тұрған ағашқа теңесек, сол талды суаратын су табылды деп есептейміз. Аталған жоба ойдағыдай іске асатын болса Талдықорған қаласы экономикасының өркендеуіне айтарлықтай оң әсерін тигізеді деп білеміз. Ол үшін жұмыс істеп, біраз тер төгу керек. Жобамыздың ауқымы кең. «Лунянь Жетісу» ЖШС-нің ауылшаруашылығы кластерлік тізбегін қалыптастыру бағытындағы жоба-жоспарларымыз көп. Олар май, құрама жем, органикалық тыңайтқыштар зауыты, бордақылау алаңы, асыл тұқымды құс фабрикасы болып табылады. Жалпы, бұл жобалар Алматы облысында жүзеге асырылады. Ал ет комбинатына заман талабына сай жаңа құрылғылар орнатылады. Кәсіпорында өндірілген өнімдер сапалы әрі табиғи жағынан таза болады. Сондықтан сіздерге инвесторларға жасап жатқан жақсы жағдайларыңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біз де сіздердің қоғамдарыңыздың жақсаруына өз үлесімізді қосатын боламыз. Сондай-ақ, ауыл-аймақтарға балабақша да салу ойымызда бар, – деді ол.

Жылы жүздесуден соң Амандық Ғаббасұлы осы бағыт бойынша барлық жағынан қолдау көрсетілетінін алға тартты. Себебі, өндіріс орындарының көптеп ашылуы салық түсімінің молаюына және елдің тұрмыс-тіршілігінің жақсаруына мүмкіндік тудыратынын сөз етті. Сондай-ақ, өңір басшысы тамшылатып суару құрылғыларын шығаратын зауыт салынса, бой көтеретін жаңа өндіріс орындарының құрылысына өзіміздің отандық бұйымдар қолданылса деген тілегін жеткізді.

Жылы жүздесуден кейін ресми қонақтар «Шығыс» шағынауданындағы Индустриалды аймаққа барып, аталған өндіріс ошағындағы құрылыс жұмыстары жүретін орынды көрді. Сонымен бірге жаңа салынатын ет өңдеу комбинатының іргетасы қаланды. Бұдан соң салтанатты жағдайда екіжақты меморандумға қол қойылды.

Айта кетейік, аталған жобаның жалпы ауданы 25 гектар, соның 5 гектары ет комбинатына, қалғаны мал бордақылау алаңына арналған. Бұл жоба ірі қара мал өсіріп, халал стандарттарына сай сапалы ет өнімдерінің барлық түрін дайындайтын кешенді өндіріс ошағы болмақ. Жоба ауылшаруашылығын индустрияландыруға, мал шаруашылығының дамуына және шаруалардың тұрақты табыс табуына ықпал етпек. Жобаның құрылысы наурыз айының соңынан басталып, бірінші қыркүйекке дейін жалғаспақ. Барлығы үш мың бас ірі қараға арналған бордақылау алаңы жылына он мың бас ірі қараны ет комбинатына дайындап, өткізеді. Мал сою және технологиялық желілері жылына елу мың бас ірі қараны союға есептелген.



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

ЖАҢҒЫРУ — ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ

ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы еліміздің әрі қарайғы дамуын айқындап берді. Тәуелсіздіктің 25 жылында Елбасы мен халқымыз орасан зор жұмыстар атқарып, барлық отандастарымыз үшін дамудың мол мүмкіндіктерін қалыптастырды.

Бұл шын мәнінде еліміздің ширек ғасырда жеткен жетістіктерін түйіндеп, жаһандық бәсекелестікке қабілеттілігімізді арттыруға бағытталған маңызды құжат болды. Еліміздің ең басты жетістіктері дегенде, әсіресе «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесін өткізудің орны ерекше. Қазіргі таңда біздің мемлекет әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосылуға үздіксіз ұмтылыс үстінде. «Нұрлы жол» және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының арқасында тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға арналған көптеген игілікті істер жүзеге асырылды. Бұл ел экономикасын одан әрі өркендетуге, сонымен қатар кәсіпкерлікті қолдауға мол мүмкіндік туғызады.

Бүгінде әлемдегі жағдай түбегейлі өзгеріп келеді. Бұл жаңа жаһандық ахуалды біздің ел де қабылдауы керек. Әлемде Төртінші өнеркәсіптік революция басталды. Сондықтан Мемлекет басшысы алдымызға Қазақстанның Үшінші жаңғыруы міндетін қойып отыр. Бұл ретте Жолдауда белгіленген бес басымдықты жүзеге асырудың маңызы зор. Әлемді қамтыған түбірлі өзгерістерден өз үлесімізді бәсекеге қабілетті болған жағдайда ғана ала алатынымызға Жолдауда ерекше назар аударылған. Осы мақсатта Елбасы мемлекеттің билік тармақтарын қоғамның әрбір буынын қозғаушы күшке айналдыратындай әлеуетті жүйемен құруды ұсынды. Мәселен, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту арқылы ауыл еңбеккерлерін демеу, жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын енгізу, отбасылық бизнесті қолдау сияқты салаларға Жолдаудың нақтылы тармақтары арналып, қиын түйіндерді шешудің бірегей жоспары жасалды. Ең қуанарлығы, бұл құжат қазақ қоғамының әрбір мүшесін белсенді әрекетке, шаруақорлыққа бастайтын жолдарды көрсетіп берді.

Елбасының бастамасымен Ата Заңымызға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Конституциялық реформа – ел ахуалын жақсартудың даңғыл жолы. Парламент пен Үкіметтің әлеуметтік-экономикалық бағдарламалардың іске асуына тікелей жауапты болуы – олардың құзыретін арттырып қана қоймай, жауапкершілігін күшейтеді. Конституцияға енгізілген өзгерістер алдағы уақытта мемлекеттің дамуына жол ашатын берік көпір болмақ. Себебі, бұл өзгеріс жалпыхалықтық бірлік пен келісімге, азаматтардың жақсы өмір сүруіне негізделген.

Доғдыркүл МОЛДАХАЛЫҚОВА,
облыстық мәслихат депутаты,
Жамбыл аудандық орталық ауруханасының директоры.

EXPO 2017 • Future Energy • Astana Kazakhstan

ҚАУІПСІЗДІК қамтамасыз етіледі

«ЭКСПО – 2017» көрмесінің сәтті өтуіне қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ақпараттық-байланыс шаралары да айтарлықтай ықпал етеді. Осыған орай көрме алаңында ІІМ ішкі істер бөлімінің ресми ашылу рәсімі өтті.

Жетісу
Қажет АНДАС

Жиын барысында Астана қаласы бойынша ішкі істер департаментінің басшысы Амантай Әубәкіров бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне жаңадан ашылған ішкі істер бөлімінің құрылымын таныстырды. Онда заманауи инфрақұрылыммен жабдықталған кабинеттер, тир және спортзал, тағы да басқа бөлмелер бар. Осы орайда журналистер «Астана ЭКСПО – 2017» Ұлттық компаниясы мен құқық қорғау органдары бірігіп әрекет етуге бағытталған ортақ жоспардың таныстырылымының куәсі болды.

– ЭКСПО аумағында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге 9 мыңға жуық құқық қорғау органдарының өкілдері, Ұлттық гвардия мен Қорғаныс министрлігінің әскерилері, сондай-ақ, жеке күзет құрылымы мен еріктілер жұмылдырылады. Шетел азаматтарының өтініштеріне дер кезінде назар аудару үшін полиция қызметкерлеріне ағылшын тілін меңгеру курстары жүргізілуде, – деді Астана қаласы ІІД басшысы Амантай Әубәкіров.

– Жұмыс қорытындысы бойынша «ЭКСПО – 2017 кешенді қауіпсіздік жүйесі» жобасы құрылып, жүзеге асырылады. Сонымен қатар, тексеру құралдарымен жабдықтау, көрме аумағында қонақтарға жайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету талап етіледі. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен жүкті әйелдерге, балаларға арналған бөлек жол қарастырылған, – деп түсіндірді Ұлттық компания қауіпсіздік департаментінің директоры Рустам Чакенов.

Тағы бір айта кетерлігі, ЭКСПО аумағында жедел әрекет ету үшін Астана қаласы ІІД оперативті басқару орталығына қосылған 2 мыңнан астам бейнебақылау камерасы орнатылған және адам тану міндеттерін атқаратын 140 бейнекамерасы сақадай сай.

Қауіпсіздік қызметімен қатар ақпараттық хабар тарату және байланыс қызметтері де жолға қойылған. Бұл туралы ҚР Ақпарат және коммуникация министрі Дәурен Абаев және «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК басқарма төрағасы бұқаралық ақпарат құралдары басшыларымен өткізген жиналыс барысында айтылды. Жиналыста баспасөз құралдарының өкілдері басылымдар мен редакциялық саясаттың бірегейлігін қамтамасыз ету мәселесін қозғады.

– Еліміз бұл шараның қалай өткендігін ақпараттық тұрғыдан насихаттау арқылы биік беделге ие болатынын білемін. Сондықтан бар күшімізді саламыз. Ол туралы кешенді бағдарламалар дайындалып жатыр. Өз кезінде көрермендер үшін тиімді жұмыс атқарылатын болады, – деп атап өтті Ақпарат және байланыс министрі.

Осы кездесу барысында немістің белгілі ішекті квартеті мен танымал виолончелисінің 25 маусымда Астанада өнер көрсететіні белгілі болды. «Нью-Йорктегі Карнеги-Холл, Амстердамдағы Консертгебоу, Лондонның Вигмор холында, Берлин филармониясында және көптеген қалаларда өнер көрсеткен берлиндік «Кусс квартет» өзінің бірегей классикалық туындыларымен және қызықты музыкалық бағдарламасымен көрме қонақтарын тәнті етпек.


ІССАПАР

Облыс әкімінің орынбасары Жақсылық ОМАР Алакөл ауданының әлеуметтік саласымен танысты. Өңірдегі жөндеуді қажет ететін бірқатар нысандарды аралап, жайкүйіне қанықты.

Жетісу
Мәулен ӘНЕРБАЙ

Бірінші кезекте Үшарал қаласының Зейнеп Қойшыбаева атындағы Мәдениет үйіндегі кітапханаға бас сұқты. 76 мың кітап қоры бар кітапханаға айына тек 63 адам келетін көрінеді. «Оқырмандарды тек кітаппен емес, сауда-саттық, туризм секілді салаларға қатысты республикалық, шетелдік түрлі журнал, аудио, бейнематериалдармен және деректі фильмдермен қамтуға тиіссіздер», – деді Жақсылық Мұқашұлы. Сондай-ақ, ол кітапхана ұжымына оқырман санын арттыруды тапсырды.

Мәдениет үйінің ғимаратында Алакөл ауданының әлеуметтік саласына жауапты басқарма басшылары атқарған жұмыстары мен жобаларын ұсынды. Аудандағы 15288 жастың 224-і жұмыссыз жүр. Олардың қатысуымен 2016 жылы 124 қылмыс тіркелген. Сондықтан ең алдымен жұмыссыздықты жою керектігі тілге тиек етілді.



Суретті түсірген Асқат ҚАЖЕКЕЕВ.

ЖАҢА МІНДЕТТЕР жүктелді

Жалпы өңірдегі 12439 оқушының 7%-ы ғана қосымша біліммен қамтылған. Қосымша біліммен қамту мақсатында Үшарал қалалық шығармашылық орталығында 548 бала жаттығады, жыл сайын олардың саны артып келеді. Сол себепті нысан таршылық етуде. Басшылық аудандық орталық аурухана жұмысымен танысып, Алакөл гуманитарлық-техникалық колледжіне де бас сұқты. 500 орынды білім ордасында қазіргі таңда 243 студент оқуда. Күрделі жөндеуді қажет ететін колледж ұжымына білімгер санын арттыру керектігі айтылды. «Былтыр 90 студент оқуын бітірсе, қазір соның жартысы жұмыссыз жүр», – деген облыс әкімінің орынбасары жастар арасындағы қылмыстың көбіне жұмыссыздық салдарынан жасалатынын ескертті.

Облыс бойынша Алакөл ауданы ҰБТ-дан орта есеппен 74,1% балл жинап, соңғы орындарда келеді. Білім сапасы – 54,5%. Алакөл аудандық білім бөлімі басшыларының назарына білім сапасын арттырып, үш тілді оқу жүйесін дамыту керектігі салынды. Бүлдіршіндерді балабақшамен қамту 91,2 пайыз, бұл жақсы көрсеткіш.

– «Мектеп жанынан мүмкіндігі шектеулі балаларға арнап интернат ашсақ, олар сау балалармен қатар білім алатын болады. Сонда өзгелерден өздерін төмен сезінбей, қоғамға оңай бейімделеді» деген мәселе бойынша ата-аналардың ойын біліңіздер, қолдап жатса, нұр үстіне нұр болмақ, – дей келе Жақсылық Омар үйде отырған мүгедек балаларға назар аудару керектігін айтты.

Іссапар соңындағы актив жиынында ауданға 15 дәрігер мен 29 мұғалімнің жетіспейтіндігі атап өтілді. Сондықтан аудан әкімі Әлібек Жақанбаевқа жыл соңына дейін жетіспей жатқан мамандарды іздестіру тапсырмасы жүктелді.

Алакөл ауданы.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ЖАЙДАРМАН



Қарттардың да өнерге бар таласы

Қариялар – қазына, ағып жатқан дария. Халқымыздың шежіресі, салт-дәстүрі мен тағылым-тәрбиесін ұрпаққа жеткізуші қойнауы құт қарттарымыз ұлттық өнерді де ұлықтаушы. Оған біз ардагерлер ұйымының 30 жылдық мерекесі аясында І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында «Қарттардың да өнерге бар таласы» атты өнер байқауының гала-концертінде көз жеткізе түстік. Облыс әкімі Амандық Баталов, Қазақстанның халық әртісі Нұрғали Нүсіпжанов арнайы қатысқан шара ата-әжелеріміздің ән-биімен өрнектелді.

Жетісу
Алма ЕСЕНБАЕВА

Концертте Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай аудан, қалаларда өткен «Қарттардың да өнерге бар таласы» атты байқаудың үздіктері өнер көрсетті. Шараның шымылдығын Ақсу аудандық Мәдениет үйі жанынан құрылған ардагерлер хоры «Қазақстан» әнімен ашты. Сондай-ақ, аудандардағы Әжелер халықтық ансамбльдері айрықша өнер көрсетіп, қазақтың халық әндерін шырқады. Атап айтар болсақ, алакөлдік әжелер «Ақ дариғай, Қапшағай қаласының «Әжелер» вокалдық» тобы «Аққөгершін» әндерін әуелетсе, жеке дауыста ән салған Жамбыл аудандық ардагерлер ансамблінің әншісі Сарагүл Машакова бұлбұлша сайрап, тамсандырды. Ал, ілелік Людмила Коласкова Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін шырқап, көпшілікті тебіренттті.

Биімен де таңғалдырған ата-әжелеріміз ерекше ықыласқа бөленеді. Әсіресе, Жамбыл ауданынан келген 86 жастағы Үмітжан Ботбаева әжеміз «Ата толғауы» биін билеп, ширақ қимылы, әсем биімен көрермендерді таң-тамаша етті. Үйғыр биін билеген Панфилов ауданының қарт өнерпаздары Именжан, Гүлнұр Мұсаевтар да ырғақты биімен көпшіліктің көңілін көтеріп, бір серпілтіп тастады.

Жаркент қалалық Мәдениет үйінің «Ерлер вокалдық тобы» да патриоттық әндерімен елдің рухын көтерсе, Қаратал ауданының «Аталар» вокалдық ансамблі халық әндерін попурри орындап, бір желпінтті. Қарасайлық Таухидин Заманұлы домбырамен «Балқадиша» әнін, кербұлақтық Тілеуқабыл Күдербаев «Сұрша қыз», Еңбекшіқазақ ауданынан келген Тоқтасын Әбзелов «Айбозым» әнін шырқап, құлақ құрышын қандырды. Ерекше жанрда өнер көрсеткен қараталдық қария Руслан Цой сықырымен жұртшылықты таңғалдырды.

Концерттің шымылдығы облыстық ардагерлер үйінің жанынан құрылған ардагерлер хорының орындауындағы әсем туындылармен жабылды.

Осындай тамаша кешке куә болған Қазақстанның халық әртісі Нұрғали Нүсіпжанов өнерлі елдің оты сөнбес дегендей, Жетісу жұртшылығының руханияты өрістей беруіне тілектестігін білдірсе, облыс әкімі Амандық Баталов ата-әжелеріміз шындығында ән-биімен таң-тамаша етіп, ерекше әсерге бөлегенін айтып өтті. Әлі де жалынды, жігерлі, бойларында өнер шырағы маздаған жетісулық ардагерлердің өнерін республикаға танымал етсек, деген де ойын да жеткізді.

Кеш соңында облыс әкімінің ықылас гүлі табыс етілді.



Суреттерді түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

СЕЛЕКТОР

Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен селекторлық кеңес өтті. Онда көктемгі егіс жұмыстарына дайындық барысы қаралып, «Индустриалды-инновациялық даму» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылу барысы талқыланды.

Дайындық пысықталды

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Алдымен ҚР Ауылшаруашылығы бірінші вице-министрі Қайрат Айтуғанов хабарлама жасады. Онда мәлім болғандай, биыл 22 млн. гектар жерге дәнді дақылдардың тұқымы себілмек. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 311 мың гектарға артық. Бүгінгі күнге дейін 2 млн. тоннадан аса ауылшаруашылығы дақылдарының тұқымы себіліпті. Оның басым бөлігі дәнді дақылдар. Тұқым тексеру, сұрыптау жұмыстары да өз деңгейінде жүргізіліп жатқан көрінеді. Көктемгі науқанды жүргізетін техникалардың әзірлігі де жаман емес. Дизель отынының қажетті көлемі де анықталған. Осы мәселеге байланысты бірқатар облыс басшылары есеп берді.

Өз кезегінде Алматы облысының әкімі Амандық Баталов бұл бағыттағы жұмыстардың Жетісу өңірінде де қарқынды жүріп жатқанын мәлім етті. Биыл облыста барлығы 9 мың гектар жерге қант қызылшасының тұқымы себілмек. Алдағы екі жылда тәтті түбірге арналған алқап көлемі екі есеге ұлғайып, жүгері шаруашылығына да жете көңіл бөлінетін болады. Жалпы, техникалардың дайындығы 97 пайыз. Сондай-ақ, 80 мың тонна дизель отыны бар. «Индустриалды-инновациялық даму» мемлекеттік бағдарламасының қорытындысына сәйкес, облыс алдыңғы лектен көрінуде. Ауылшаруашылығы мен экономикалық әлеует артып, жақсы көрсеткіштерге қол жеткізілген. Жалпы, ел бойынша қайта өңдеу көрсеткіші мен еңбек өнімділігінің өсу қарқыны жақсарған.

ҚР Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбектің сөзінше, былтыр Индустрияландыру картасы аясында 878 млрд. теңгеге жүзден аса жоба жүзеге асырылып, он мыңнан аса тұрақты жұмыс орны құрылған. Жиын соңында Бақытжан Әбдірұлы Үкімет тарапынан көктемгі егісті қаржылық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету бойынша қажетті шешімдердің қабылданғанын назарға салды. Осыған байланысты барлық ауылшаруашылығы жерлерінің тиімді пайдаланылуы керектігін, бюджетте егістік үшін қарастырылған қаражаттың мақсатты пайдаланылуы тиістігін, бұл тұқымдарды субсидиялауға да қатысты екендігін сөз етті.

Осы ретте ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Асқар Мырзахметовке Энергетика министрлігімен бірлесе отырып ауылшаруашылығы өндірушілерін дизельдік отынмен қамтамасыз ету мәселесін бақылауға алуды, сондай-ақ, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-на ақшалай қаражатты уақытылы бөлу және ауылдықтар үшін оның қолжетімділігін қамтамасыз етуді жүктеді.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Татарстан кәсіпкерлері келді

Қазақстан – Еуропа пен Азияның ортасында орналасқан дамушы жас мемлекет. Шетелдік туристерге, табысы тасқындаған әлемнің белді кәсіпкерлеріне Қазақстан әлі ашылмаған арал секілді. Бәрі біздің елдің жауһарларына қызығып қарайды. Әсіресе, мыңдаған жыл сауда-саттық пен мәдени байланыстың себепшісі болған Ұлы Жібек жолының әлі де өз құндылығын жоймай, бүгінде транзиттік дамудың жаңа белесіне көтеріліп отырғанын қалай жасырайық?! Сол тарихи жолдың Панфилов ауданымен өтетін бөлігінде халықаралық ауқымдағы үлкен жобалар іске асып жатқанын біреу білсе, біреу білмес.

Өткен сәрсенбіде «Қорғас» халықаралық шекаралық ынтымақтастық орталығына Татарстан Республикасының Менделеев ауданынан арнайы делегация өкілдері келді. Құрметті қонақтарды Панфилов ауданының әкімі Бердәулет Абдулдаев, «Алатау» АҚ Басқарма төрағасы Болат Тәкенов алып жүрді. Менделеев муниципалды ауданының басшысы Валерий Чершинцев бастаған делегация өкілдері шекара маңында жүзеге асып жатқан жобалардың жоспарымен танысты. Орталық президенті Қаһарман Жазин қонақтарға құрылыстың бас жоспары туралы аз-кем айтып өтті. Мұнда халықаралық орталықтан бөлек «Жетіген – Қорғас» темір жолы, «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы көптеген шетелді компаниялардың инвестиция салуға деген қызығушылығын тудырып отырғаны жасырын емес.

Биыл мұнда бес инвестициялық нысан пайдалануға берілмек. Атап айтқанда, бас алаңның, қолөнершілер қалашығының, бизнес-орталықтың, көп функционалды ғимарат пен сауда орталығының құрылысы аяқталуға таяу. Орталықтың құрылыс жұмысы келер жылы толық бітеді. «Қорғас» халықаралық шекаралық ынтымақтастық орталығы – сауда-саттықты дамытуға, экономиканы нығайтуға бағытталған үлкен мүмкіндік. Бұл жерде Қазақстан мен Қытай елінен, сонымен бірге, үшінші мемлекеттен келген азаматтар өзара әріптестік орната алады. Олар өз кәсіпорындарының өнімдерін бір-біріне таныстырып, тәжірибе алмасады.

Орталықтың жалпы аумағы 560 гектарды құрайды. Оның 217 гектары Қазақстанға, 343 гектары Қытай Халық Республикасына тиесілі. Екі мемлекетке бөлінген аумақтың арасын жаяу және көлікпен жүретін жол жалғап жатыр. Мұнда күнделікті келетін адамдар саны 1700 – 2200 аралығында. Ал демалыс күндері туристердің саны 2700-ге жуықтайды. Делегаттар шекара маңындағы орталықтың жұмысымен танысқан соң «Казстройинвест» және «Қорғас-КАТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері жүргізіп жатқан құрылыс алаңдарын көрді.

Инвестициялық нысандардың инфрақұрылымымен танысқан қонақтар «Қорғас» халықаралық шекаралық ынтымақтастық орталығының Қытай аумағындағы нысандарын аралады. Мұнда қазірше «Дунь Фань» сауда орталығы бар. Татарстаннан келген кәсіпкерлер келесі кезекте «Алтынкөл» теміржол бекетінің, «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының жұмыстарымен де танысты. Сапар соңынан Панфилов және Менделеев ауданының кәсіпкерлері өндірісті өркендету бағытында халықаралық келісімшарттарға қол қоймақ.

Әсел МҰҚАШЕВА.
Панфилов ауданы.

Кореялықтар наурызды тамашалады

Қаратал ауданының әкімі Қайрат Бисембаев Оңтүстік Кореядан келген бір топ делегация өкілдерін қабылдады. Тан самалы елінен келген қадірлі меймандар Наурыз тойын тамашалап, үлкен әсер алды.



Емен-жарқын жүздесуде делегация өкілі, Чонсон уезі мэрінің орынбасары Шин Джу Хо мырза бұл жолғы іссапардың мақсаты – Қазақстан корейлерінің депортацияға ұшырауына 80 жыл толуына арналған іс-шара жоспарын талқылау әрі Наурыз мерекесіне арнайы келіп, жергілікті халықтың салт-дәстүрімен етене танысу екенін мәлімдеді.

Корей ұлты өкілдерінің қасиетті Қаратал топырағына табан тіреуі бекер емес. Сонау XX ғасырдың 30 жылдары репрессия кезінде Қаратал жеріне корейлер отбасымен бірге қоныс аударылған болатын. Қазақ халқы осынау қиын-қыстау кезеңде жат жерліктерді бауырына басып, бір үзім нанымен бөлісіп, екі бөлмесінің бірін босатып беріп паналатқан еді. Бұл жанарға жас іркілтер жақсылықты ұмытпаған кәріс ұлтының өкілдері Үштөбеге жиі келіп, осындағы қандас бауырларымен қарым-қатынас жасап тұрады. Ал тумысынан қонақжай әрі мейірбан қазақ жұртының құрметіне «Қазақ халқына мың алғыс» атты ескерткіш те орнатты.

Чонсон уезі мэрінің орынбасары Шин Джу Хо мырза жылы жүздесу үшін алғысын білдіріп, Наурыз мерекесіне шақырғанның өзі үлкен мәртебе екенін айтты. «Қазақстанда кәріс диаспорасы емін-еркін, бақуатты өмір сүріп жатқанын жақсы білеміз, өзім Қазақстанға алғаш рет келсем де, өз Отанымға келгендей сезінемін. Қос мемлекеттің арасы қанша алыс болса да, осындай жылы қабылдаулар халық арасын жақындатады», – деді. Корейден келген қонақтар: «Қазақстан корейлерінің депортациядан ұшырауына 80 жыл толуына орай концерттік бағдарламамен келуге бола ма?» – деген сауалына аудан әкімі Қайрат Әшірәліұлы: «Әрине, келуге рұқсат», – деп көңілдерін бір марқайтып тастады.

Чонсон мэрінің ынтымақтастық жөніндегі бөлім қызметкерлері Ким Су Бок, Со Гон Хви, Чхве Сын Чжа және До Сан Хви, «Арирang» музейінің директоры Чин Ен Сон екі ел арасындағы мәдени, тарихи байланыстардың тамыры тереңде жатқанына баса назар аударды. Делегация өкілдері аудан басшыларына 2018 жылы Пхенчханда өтетін қысқы Олимпиада ойындары тақырыбында жасалған сый-кәделерді табыстады. «Орамал тон болмайды, жол болады» деген ниетпен қараталдықтар да қонақтарға ұлттық кәдесыйлардан тарту-таралғы жасады. Осыдан кейін қадірлі қонақтар аланда өткен Наурыз мерекесін тамашалады.

Ұлыс тойын көруге алыстан ат терлетіп, арнайы келген Оңтүстік Корея қонақтары қазақтың қонақжайлылығын сезініп, ақ дастарқанынан дәм татты. Ұлттық сарындағы ән-күйімізге елітіп, болмыс-бітімімізді айшықтайтын төл туындыларымызға тәнті болысты.

Той шымылдығы «Нұрлы Наурыз» атты ұлттық дәстүрімізге негізделген, театрландырылған көрініспен түрілді. Сахна төрінде аудан әкімі Қайрат Бисембаев барша қараталдықтар мен қадірлі меймандарды Ұлыстың ұлы күні – әз Наурыз мерекесімен құттықтап, өңірдің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан бірқатар азаматтарға алғыс хат табыстады.

Торқалы тойда аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Тұрсын Оспанов Наурыз тойы құтты болсын деп ақ тілегін жеткізді. Бір атаның баласындай, бір қолдың саласындай болып кеткен, ауданымызда мекендейтін ұлт пен ұлыс өкілдері де елімізге тыныштық, жерімізге бейбітшілік тіледі. Нақтырақ айтсақ, күрді этномәдени бірлестігінің мүшесі Айша Кусеиновна, корей этномәдени орталығының мүшесі Евгений Ким, славян этномәдени бірлестігінің мүшесі Анжела Беляева, ұйғыр этномәдени орталығының мүшесі Сеитжан Ниязов елімізде әмсе бірлік пен береке салтанат құрсын деп ақ тілегін арнады.

Асхат ӨМІРБАЕВ.
Қаратал ауданы.

ҚҰРЫЛЫС

Сапа басты назарда

Облысымызда кейінгі жылдары түрлі саланы байыпты дамытудың кешенді жоспарлары қолға алынды. Сол қатарда құрылыс саласының тамырына да қан жүгіріп, өлкемізде көз сүйсінетін ғимараттар бірінен соң бірі бой көтере бастады. Саннан гөрі сапаны басты орынға қоятын жерлестеріміз құрылыс басталмас бұрын оған тапсырыс беруші және жобалаушы мекемелердің жұмысын саралап, сараптап алуды дәстүрге айналдырды.

Жетісу
Қажет АНДАС

Бұған мысал ретінде облыстық әкімдікте өткен сәулетшілер басқосуын айтуға болады. Жиында алдағы уақытта өңірімізде салынатын 13 нысанның жобасы таныстырылды. Облыстық мекеме басшылары, Қазақстан Сәулетшілер мен Дизайнерлер одақтарының мүшелері және аудан, қалалардың бас сәулетшілері шақырылған шараны облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов ашып, облыстың бас сәулетшісі Дәркен Нұржанов жүргізіп отырды.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары алдымен өңірімізде салынып жатқан ғимараттардың жағдайы мен алдағы уақытта бой көтеретін нысандар туралы ақпарат беріп өтті. Келесі кезекте жобалаушы кәсіпорын өкілдерінің өз жобасын таныстыруына уақыт бөлінді. Бұл жолы 3 бюджеттік және 10 инвестициялық жобаның таныстырылымы болды.

Осыған дейін де талай маманның алдынан өтіп, сансыз өзгерту мен түзетуден, толықтырудан өтіп, әбден иі қанған жұмыстар алғашында кемшіліксіз көрінгені рас. Алайда, елімізге танымал сәулетшілер мен жобалаушылардың сарабына түскенде олардың кейбір олқылығы айқындалып, кемшін тұстары белгілі болды. Әсіресе әр жобаның қала мен елді мекендердегі жол қауіпсіздігі ережесін сақтау мен қаланың сәулетіне тигізетін кері әсері туралы көп айтылды. Кейбір жобаға тиісінше сын-ескертулер беріліп, алдағы уақыттағы құрылыс жұмысын жүргізу барысында түзетулер енгізу тапсырылды.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов жұмыстың сапасына айрықша мән берді. Жіберілген қателіктерді сол жерде сынға алып, тез арада түзетуді тапсырды. Осыған байланысты тапсырыс беруші және жобалаушы мекеме өкілдеріне сапаға көңіл бөлуді айрықша міндеттеді.

ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Жат ағымға жол берілмейді

Панфилов аудандық әкімдігінің мәжіліс залында облыстық дін істері басқармасының ұйымдастыруымен облыс әкімдігі жанындағы діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңестің алғашқы тоқсандағы отырысы өткізілді.

Жетісу
Мырзағали НҰРСЕЙІТ



Отырыстың негізгі мақсаты – дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, қоғамның бірлігі мен татулығын нығайту, конфессиялар мен ұлттар арасындағы конструктивті диалогты дамыту, жастар арасында отансүйгіштікті, толеранттықты, төзімділік пен байсалдылықты насихаттау. Басқосуға өңірлердегі аудан әкімдерінің орынбасарлары мен ішкі саясат бөлімдерінің, құқыққорғау орындарының басшылары, білім беру және әлеуметтік салаға жауапты тұлғалар, аймақтағы мешіттердің имамдары мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты. Кеңес жұмысына облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар төрағалық етті.

Жиында Жақсылық Мұқашұлы діни экстремизм мен радикализм идеяларының алдын алу барысында облыста атқарылған іс-шараларды атап өтіп, олардың маңызын, мән-мақсатын түсіндірді. Сөз тізгінін алған облыстық Дін істері басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов аймақтағы дәстүрлі дін өкілдері жүргізіп жатқан жұмыстар дамуы мен қызметі туралы жан-жақты әңгіме өрбітіп, мемлекетімізде тыйым салынған кейбір діни ағымдардың іс-әрекеттеріне, олардың қоғамдық ахуалға кері әсері жөнінде мысалдар келтіре отырып баяндама жасады. Сала басшысының баяндамасында жастарды жат ағымға жолатпай, ата-бабамыз ұстанған діни сенімге сай тәрбиелеудің тиімді әдіс-тәсілдері нақты деректермен дәйектеліп айтылды.

Мысалы, Жаркент өңіріндегі жат ағымдағы діншілдердің 76 пайызы жұмыссыз жүрген жастар екен. Жат ағымға еріп, адасқандармен түсінік жұмыстарын жүргізу мен оларға тұрақты жұмыс тауып беру шаралары кемшін. Жаркент қаласындағы кейбір мешіттерде жат ағым өкілдерінің емін-еркін уағыз айтып, өз мақсаттарын дәріптеуіне жол берілген. Сол сияқты мектептерде хиджап киетін оқушылар саны да кемімей тұр. Өңірде екі мешіт тиісті мемлекеттік тіркеуден өтпеген. Шет елден діни білім алып келіп, ел ішінде кереғар түсінік таратып жүрген дін мамандары бар. Осының бәріне жергілікті мемлекеттік қызметкерлер мен дәстүрлі дін жетекшілері көп ретте атүсті қараған.

Екі сағатқа созылған кеңес барысында облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Рустам Алпысбаев, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының Талдықорған аймағы бойынша өкіл имамы Серікхан Ахмадиев, Панфилов ауданының әкімі Бердәулет Абдулдаев діни экстремизмге қарсы күрес бағытында атқарылған іс-шаралар жөнінде қосымша баяндама жасап, кеңеске қатысушыларға мол ақпарат берді. Басқосу барысында баяндамашылар мен жиынға қатысқан жауапты тұлғаларға көптеген сұрақтар қойылып, оларға тұшымды жауап берілді.

Семинар жұмысын облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар қорытындылап, өңір белсенділерін діни экстремизм мен жат пиғылды ағымдардың әрекетіне бейжай қарамай, оларға жергілікті жерде батыл тойтарыс беруге, барша ағайынды елімізде ертеден қалыптасқан діни салт-дәстүрлеріміздің оңды дамуына үлес қосуға шақырды.

Панфилов ауданы.

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС...

Білім мен тәрбиені тең ұстаған

Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру жолында жемісті еңбек етіп жүрген ұстаздың бірі – орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Светлана Садырқұлова. Ол «Жырдың қара жорғасы» атанған Үмбетәлі орта мектебінде отыз жылға жуық еңбек етіп келеді. Тәжірибелі мұғалім осы уақыт ішінде мыңдаған шәкіртті түлетіп ұшырып, қияға қанат қақтырды.

Мұғалімнің алдына қойған мақсаты – жаңа технология әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, дамыта оқыту. Осыған орай өз жұмысын шығармашылықпен үндестіріп, озық әдістерді қолдана отырып жүргізеді. Мәселен, ұстаздың «Осложненные предложения» тақырыбында кубизм стратегиясы және «Lesson stadi» зерттеу әдісі бойынша жаңа технологияны қолдана отырып өткізген сабағы жоғары бағаланды. Оның бастамасымен орыс тілі апталығында «Поэзия қанатында» тақырыбында мәнерлеп оқудан жарыс ұйымдастырылып, оған оқушылар белсене қатысты. Сондай-ақ, мұғалім оқушылардың білімін тексеру формасының тест әдісін сабағында кеңінен қолданады.

Балаларға сабақ берумен, білім үйретумен мұғалімнің қызметі тамам болмайды. Мұғалім – бірінші кезекте тәрбиеші. Сондықтан балалардың тәліміне де жауапты. Балаларды үлгі-өнегеге баулуда ұстаз тәрбие сағаттарын қызықты етіп өткізеді. Өзі жетекшілік ететін 8 «в» сыныбында «Біздің заманның батырлары», Халықаралық әйелдер мерекесіне орай «Анашым – ардағым» атты тәрбие сағаттары әсерлі өтті.

Ұстаз еңбегі шәкірттерінің жетістігімен де өлшенбек. Бұл тұста аудандық интеллектуалдық «Ақбота» марафонына бірнеше оқушысы қатысып, жүлделі орындарға ие болғанын, сондай-ақ, орыс тілінен қашықтық халықаралық монопәндік супер жарысында Алғыс хат пен дипломдармен марапатталғанын айта кетуге болады. Халықаралық «Инфоурок» олимпиадасына оқушылары Н. Асымхан, Т. Серік, Ө. Аманғабыл қатысып, 1-ші орынды иеленді.

Білікті ұстаздың өзі де «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филалының сертификатын иеленіп, ауыл әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Аудан көлемінде өткен «Жаңашыл мұғалім» жарысында 3-ші орынды еншілеген.

Білім саласында орын алып жатқан жаңашылдықтарға да үн қосып, ұстаз ретінде өз пікірін білдіріп отыратын Светлана Бегалиқызы орыс тілі пәні мұғалімдері бірлестігінің отырысында «Дамыта оқыту» тақырыбында, мектеп мұғалімдерінің әдістемелік кеңесінде «Ана тілі – асыл мұра» атты, ал аудандық тамыз кеңесінде жаңа бағдарлама бойынша бірінші сыныпқа арналған «Оқу мен жазу арқылы ойлауды дамыту» атты баяндамалар жасады.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай айтқандай, ұстаздық атаққа еселі еңбек, шынайы шеберлік арқылы ғана жетуге болады. Осыны өмірлік шамшырағы еткен Светлана Бегалиқызының жас жеткіншектерге берер тәлімі зор, тағылымы мол екені сөзсіз.

С. АЛИБАЕВА,
Үмбетәлі Кәрібаев атындағы орта мектептің мұғалімі.
Жамбыл ауданы.

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Жетісу
1918–2017

№36 (18312), 1 сәуір, 2017 жыл

ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

ЖИНАУ МЕН СҰРЫПТАУДЫҢ жаңа тәртібін енгізу

Қазіргі уақыттағы экологиялық жағдай кез келген мемлекеттің күн тәртібіндегі мәселесіне айналды. Өйткені ол адамзат тіршілігінің маңызды факторы. Біздің айналамыздағының бәрі – табиғат, біздің өмір сүріп жатқан ортақ әлеміміз. Технология ілгері дамыған сайын «жасыл» орта бүлініп барады. Ғаламшарымыз жалғыз, сондықтан оны көзіміздің қарашығындай сақтауымыз керек. Соңғы 100-150 жылда адамның өндірістік тұрмыс-тіршілігінен туындаған жағымсыз экологиялық ахуал қазіргі уақытта адамның өзіне, денсаулығы мен өміріне зиянын тигізуде. Кейінгі жылдары дамушы елдердегі өндіріс көлемінің ұлғаюына байланысты көбейе түскен қатты тұрмыстық қалдықтардың зардабы да көбейіп келеді.

Қоршаған ортаға тигізген зардаптың ең басында ауаның ластануы тұрса, орман ағаштарын кесу қарқыны апаттық деңгейге жетті. Енді оны қалпына келтіру үшін он жылдың, тіпті, жүз жылдың өзі аз. Мамандардың ақпараты бойынша, жыл сайын жер бетінен 13 миллион гектар орман жойылады екен. Соның кесірінен құстардың әрбір төртінші түрі және қосмекенділердің әрбір үшінші түрі жойылып кетуге шақ тұр. Ауызсу қорының азаюы да адамзат үшін ең өзекті мәселелердің бірі. Ауызсу тапшылығының болашақта үлкен экологиялық мәселеге айналатыны бесенеден белгілі. Жануарларды қырып-жою кез келген қоғам үшін орны толмас олқылық. Адамның қоршаған ортаға келтірген зияны жер шарының жануарлар әлеміне де зардабын тигізіп отыр. Аңдардың бірнеше түрі жер жүзінен жоғалып кетуге шақ тұр, кейбірі соңғы 50–70 жылдың ішінде жойылып та кетті. Ұрпағымыз тіршіліксіз, сөніп бара жатқан ғаламшарға ие болып қалсын демесек, өзіміз мекендейтін биосфераны аман алып қалу үшін нақты әрекеттерге баратын кез жетті.

Адам баласы табиғаттың ажырамас бөлігі ретінде экожүйенің тәртібіне көніп, заңдарына бағынуы тиіс. Қарапайым қала тұрғыны жыл сайын 48 келе қауіпті канцероген жұтып, ауыл тұрғынына қарағанда 4 жыл аз өмір сүреді. Мысалы, орта көлемді жеңіл автокөлік бір жылда өз салмағымен бірдей көмірқышқыл газын ауаға шығарады. Автокөліктің ауаға шығарған қалдықтарының құрамында 280-нен аса зиянды зат бар. Бір ғана Еуропаның өзінде зиянды газдардан туындаған аурудан жыл сайын 225 мың адам көз жұмады. Дамушы елдерде бұл көрсеткіш 2 есеге көп.

Адамзат барда күл-қоқыс ешуақытта таусылмайды. Швецияда тұрмыстық қалдық қайта өңдеуден кейін электр қуаты ретінде пайдаланылса, әлемнің ең таза елінің бірі саналатын Сингапурде қоқыстың 90%-ы қайта өңделеді. Бұл көрсеткіш Германия мен Жапонияда 30%-ды, АҚШ-та 27%-ды, Швейцарияда 25%-ды құрайды. Дамыған елдерде қоқысты кәдеге жарату экономиканың қозғаушы күшіне айналып отыр. Қазақстанда 43 млрд. тоннаға жуық өндірістік және тұрмыстық қалдық жинақталған. Өкінішке қарай, оның тек 2%-ы ғана қайта өңдеуге жіберіледі. Демек, елімізде қоқыс көп бола тұра, оны өңдейтін зауыттар шикізатқа жарымай отыр. Бұл бизнес әрі әлеуметтік жауапты іс. Қоқысты қайта өңдеуден түскен ақша кәсіпкер мен қоршаған ортаға бірдей пайда әкеледі.

Экологиялық кодекстегі 288-баптың 3-бөлімінде «қауіпсіз жағдайда сақтауға арналған орындарда тұрмыстық қалдықтар 3 жыл ғана сақталуы тиіс» деп көрсетілген. Осы мерзім ішінде қайта өңдеуден өткізілуі немесе жерге көмілуі шарт. Өкінішке қарай, бұл тапсырма бізде орындалмай келеді. Әлемнің көп жерлерінде қоқысты өртеуге тыйым салынған, өйткені тұрмыс қалдықтарынан түрлі улы газдар бөлініп, ауаны ластайды. Қалдықтарды өртеуге АҚШ пен Жапонияда рұқсат етілген, бұл елдерде плазмалық газдау әдісі қолданылады. Португалияда өртелген қоқыс күлін арнайы құрылғылармен тығыздап, құрылыс заттарын өндіреді, ғимараттар тұрғызып, тіпті бүтін жасанды аралдар салынуда. Париж қаласы тазалығымен тамсантады. Түрік қоқыс тазалаушысы – беделді әрі жалақысы жоғары мамандық. Тазалыққа жауапты қызметкерлер үшін әлеуметтік қолдау жолға қойылған: медициналық сақтандыру, жоғары зейнетақы, қолжетімді баспана алуға мүмкіндіктері зор. Өкінішке қарай, ТМД елдері қалаларындағы қалдықтарды сұрыптап жинау жүйесі реттелмеген. Үйінділерді сұрыптауға арзан жұмыс күші саналатын мигранттар тартылған, күнделікті шайлығын табуға мұқтаж жандар осындай лас жұмысқа жалдануға мәжбүр. Тіпті біз өз отбасымызда да тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, реттеу, тәрізді әдеттегі қағидаларға мән бермейміз. Бұл туралы сауаттылықты арттыратын бағдарлама, насихаттау жұмысымен айналысатын қоғамдық ұйымдар да жоқ. Мектеп бағдарламасында да қалдықтарды сұрыптау тұралы нақты білім беретін арнайы тарау енгізілмеген.

Басынан дұрыс жиналмаған қоқыс қайта өңделетін шикізат ретіндегі құндылығын жояды. Қазіргі таңда қоқысты іріктеуді игере алмай жатқан мемлекеттер – дамушы елдер. Бұл қатарда біздің еліміз де бар. Мұның түрлі себебі бар, біріншіден, тұрмыс қалдықтарын өңдейтін технологияның жолға қойылмауы, қажетті ресурстардың тапшылығы, күнделікті шығатын қалдықтардың үлкен көлемі, сонымен қатар, адамдардың қоқыстан болатын залалды, экологияға әкелетін қауіпті толық сезінбеуі. Күнбе-күн қалдықтарды қоқыс жәшігіне салмас бұрын көпшілігіміз мұның бәрі қайда кетеді деп ойланбаймыз. Пакеттерге тамақ қалдықтары, жуынды, қағаз, пластик аралас салынып, толассыз тасталып жатыр. Сол жауапсыздықтан бүгінгі таңда үлкен қателік жібергенімізді сезіндік. Әлі де кеш емес. Барлық жұмысты үйлестіріп, батыл әрекетке келсек, қомақты нәтижелерге жететіндігіміз анық.

Қазақстанның «Жасыл экономикаға» көшуін ескере отырып, еліміздің барлық өңірінен қалдықтарды бөлек жинау бойынша іс-шаралар қолға алынған. 2013 жылдан бастап халықтан құрамында құрылымында сынап бар энергия үнемдегіш шамдарды жинау және одан әрі пайдаға асыру бойынша жоба жүзеге асырылып жатыр. Бірақ бүгінде мұны біреу білсе, біреу білмейді. Қазіргі таңда құрамында сынап қалдығы бар көптеген заттар қоқыспен бірге полигондарға жөнелтілуде. Ал сынаптың тотыққаннан кейін ауаны көп дәрежеде бүлдіретіні белгілі. Тіпті, тотыққан сынап жұққан қағаз, ағаш, пластик, тағы да басқа өңделетін қатты қалдықтар заңсыз қалдық жинаушылардың қоржынына түсіп. зауыттарға жөнелтілуде. Ал еліміздегі қалдық өңдейтін зауыттарда шикізаттың залалды, залалсыздығын ажыратын жоғары технологиямен жабдықталған лаборатория жоқтың қасы. Салдарынан тұтынушылардың бәрі: «Зауытта жасалған өнімнің бәрі сенімді», деп есептейді де, қайта өңдеуден өткен заттардың зияндылығы мен тазалығына мән бермейді. Қауіпті аурулардың дені, міне, осындай жағдайдан туындап жатыр.

Айталық, дәретхана қағазы, тамақ салатын целлофан, тағы басқа күнделікті тұрмыста қолданылған қажетті заттардың дені қалдықтардан қайта өңделген өнім деп есептеледі. Мысалы, тамақ салатын целлофан шығаратын зауыт ешқандай да таза полиэтиленнен өнім өндірмейді. Ондай болса, тапқан табысы шикізатқа жұмсалған қаржысының орнын толтыра алмайды. Тіпті, шаш етектен шығынға батуы мүмкін. Сондықтан көп ретте қаржы жұмсап сатып алмайтын, тек қоқыс жинаушылардың өте арзан мөлшердегі тасымал ақысын төлеу арқылы жиналған қатты қалдықтарды қайта өңдеу арқылы дайындалады. Ендеше, полигондағы уы мен суы араласып жатқан зиянды қалдықтан дайындалған дәретхана қағазы сіздің денсаулығыңызға пайдалы дей аласыз ба? Улы қалдықтан жасалған тамақ салатын целлофонның ағзаңызды бүлдіріп жатқанын білесіз бе? Мұның бәрін зауыттан көруге болмайды. Оның бәрі күнделікті тұрмыста шығатын қалдықтарды сұрыптамай, бәрін бір қалтаға жинап, контейнерлерге лақтыра салуға әдеттенген өзіміздің кінәміз. Қысқасы, өз денсаулығымызды бүлдіруге өзіміз үлес қосып келеміз.

Әлемнің әр елі қоқысты қайта кәдеге жарату, сұрыптауда түрлі тәсіл қолданады. Бұл саладағы жетекші орында еуропалықтар тұр. Өкінішке қарай, еуропалықтардың менталитеті бізге мүлде жат. Оның үстіне олардың қоқысты кәдеге жаратудың жарты ғасырлық тәжірибесі бар. Жапондықтар қоқысты іріктеу, реттеу жұмыстарына аса үлкен жауапкершілікпен қарайды. Олардың қоқыс контейнерлері қағаз, пластик, әйнек, темір, жанғыш, жанбайтын, қайта өндірілетін деп іріктеледі. Мәселен, көк пакетте қағаз қалдықтары болса, жасыл түсті пакетте пластик болады, егер қоқыстар аралас тасталса, сол үшін «шатасқан» тұрғын қомақты айыппұл төлейді. Олардың да тәжірибесі бірден біздің елге көшіріп, қолдануға келмейді.

Осы тұста көршілес Қытайда қоқыс сұрыптаудың, қайта өңдеудің үлкен бизнес саласына айналғанын айта кетуге болады. Бүгінгі таңда қытайлардың тұрмыстық қалдықты қайта өңдеу ісі 56 пайызға жетіп, әлемде екінші орынға шығып отыр. Күнделікті тұрмыста қолданылатын Қытай өнімдері, тұрмыстық жиһаздардың көпшілігі тұрмыстық қалдықтан өндірілген өнімдер. Былайша айтқанда, бүкіл әлемдегі Қытай тауарлары, міне, осындай жолмен дайындалады. Түптеп келгенде Қытай экономикасын өркендеткен Қазақстанның қалдық темірлері екендігі анық.


Расымен адамзаттың үштен бірі тіршілік етіп жатқан Қытайда қоқыс өңдеу ісі мықтап қолға алынбаса аумағының күл-қоқысқа толып қалатыны анық. Аспанасты елінің Бейжің іспетті ірі қалаларында қоқысты түрлі әдіспен сұрыптайды, заманауи технологиялар мен адам күші қатар қолданылады. Қоқыс жинаушыларға төлемақы күнбе-күн төленгендіктен қолма-қол ақшаға мұқтаж жұмысшылар бұл іске үйір. Бір Шанхайдың өзінде мыңдаған қоқыс қабылдау орындарында 2,5 миллионнан астам жұмысшы еңбек етеді екен. Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, елімізде жыл сайын көктем және күз айларында жүргізілетін тазалық айлығына қыруар қаржы бөлінеді. Сондай-ақ, күл-қоқыстарды тасымалдауға, полигондарды залалсыздандыруға да бөлінетін ақша аз емес. Оның дені мемлекеттік мекемелерге бөлініп, игеріледі. Яғни, көктем шыға және күз түсе тазалық айлығы басталысымен сенбіліктер, тағы да басқа науқандық шаралар ұйымдастырылады. Керісінше, еліміздегі қоқыс тасымалдаумен, сұрыптаумен, өңдеумен айналысатын жекеменшік мекемелерге қолдау жоқтың қасы. Аспанасты елінде бұл жұмыспен мемлекеттік мекеме айналыспайды. Керісінше, тұрмыстық қалдықты сұрыптау тасымалдау қоймалау оны кәдеге жаратын жекеменшік мекемелерге жүктелген.

Нақтылап айтатын болсақ, көрші елдің тұрғындары таң атқаннан кеш батқанша тұрмыстық қатты қалдықтар жинайтын жеке компания өкілдерінен мезі болады. Алайда, олардың өз тәртібі бар. Алдымен көше-көшені аралап темір қалдықтарын жинайтындар, жүріп өтеді. Сосын қағаз, пластик, мақта, шаш тәрізді бір күнде үйіңізден шығатын керекке жарайтын қалдықты әрбір жекеменшік мекеме осындай жолмен жинап алып кетеді. Ең соңында үйіңіздегі өңдеуге келмейтін қалдықтарды аулаңыздағы контейнерге тастайсыз. Ол сол күні түнімен залалсыздандыру орындарына немесе полигондарға жөнелтіледі. Қоймаланған қалдық қоқыс жинайтын кәсіпорынның қамбасында сұрыпталып, келісімшарт бойынша қоқыс өңдейтін зауыттарға жөнелтіледі. Бүгінгі таңдағы әлемдегі миллиардерлердің үшеуі қытайлық. Олар осы қоқыс тасымалдаумен байығандар. Ал Қытайдағы алдыңғы 50 миллиардердің 22-і қоқыс өңдеу саласымен айналысатындар.

Өкінішке қарай, бізде қоқыс өңдеп, оны бизнеске айналдыру былай тұрсын, күнделікті жиналып қалған тұрмыстық қалдықты қайда төгуді білмей есіміз шығып жүр. Талап бойынша 24 сағатта сұрыпталып, залалсыздандырылатын күл-қоқыстар мен қатты тұрмыстық қалдықтар аулалардағы контейнерлердің аузы-мұрнынан шығып, жартысы далада шашылып жатады. Сондықтан елімізде де қытайлық тәжірибені қолданғанның зияны жоқ. Яғни, қалдықты байлыққа айналдырамыз десек, мемлекет қоқыс өңдеумен айналысатын жекеменшік мекемелерді қаржыландыруды мықтап қолға алуы керек. Мысалы, бір жылдың көктеміндегі тазалық айлығына бөлінетін миллиондаған қаржы арқылы қалдықты сұрыптап, өңдеумен айналысатын бірнеше жекеменшік кәсіпорынды қаржыландыруға болады. Мейлі, олар зауыт салмай-ақ қойсын, сол қаржымен қоқыс тасымалдауға керекті көлік сатып алады, қойма салады, қоқыс жинайтын адамдарға жалақы төлейді. Сонымен бірге, еліміздегі, тіпті шетелдегі шикізатқа тәуелді кәсіпорындармен келісімшарт жасап, жұмыс ауқымын ұлғайтады. Осы арқылы Үкімет қоржынына түсетін салық артады, жұмыссыздар азаяды. Ең бастысы, Үкіметтің жыл сайынғы қыруар қаржысы желге ұшпайды. Бұл тұрғындар үшін де қолайлы болмақ. Өйткені, күнде контейнерге лақтырылатын заттарды сатып, азын-аулақ тиын-тебен таба алады. Мысалы, Қытайдағы әрбір отбасы тұрмыстық қалдықтан кірген кірісі арқылы ай сайынғы коммуналдық шығынын жауып отыр.

Шындығына үңілсек, еліміздегі қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеуге қатысты жұмыстарда жүйелілік жоқ. «Біз осыған жеттік» деп жар салатындай жетістік таппайсың. Таптаурын тәсілдерден арыла алмай келеміз. Өз бетімізбен ықпалды шараларды қолдана да алмаймыз. Сан рет дабыл қағылып, айтылып, жазылғанымен естір құлақ кемшін. Қоқыстан кәдеге асыратын зат жасау әлемдік тәжірибеде әуелден-ақ жолға қойылған. Ендеше, тиімді істі жандандыра түсу үшін бізде не жетпейді? Қайтсек, шетелдің озық технологиясын қолдана отырып, жаңа тауар шығарамыз? Полигонда тау болып үйіліп жатқан қалдықты қалай азайтамыз?

Ол үшін табиғи ресурстарды дұрыс пайдалану, қоршаған ортаны ластанудан қорғау және қалпына келтіруге бағытталған мемлекеттік бақылаудың, халықаралық және қоғамдық іс-шаралардың жоспарлы жүйесін енгізу – біздің ең басты міндетімізге айналуы керек. Алайда, біз сол міндетті ойдағыдай орындай алмай келеміз.



Бір дана пластмасс бөтелкеден осыншама зат өндіріледі.

Қалдық өңдеу жүйесі



Қалдық өңдеудің әлемдік ортақ заңдылығы осы.

Қағаз қалдығы



Қалдық қағаздан да кәдімгідей пайдалы зат өндіруге болады.

Шиналар



Машина дөңгелегінен жабдық пен бензин өндіруге болады.





Қажет Андас,
жоба жетекшісі.
Andas_Kazhet@mail.ru



Бұл басылым Еуропалық Одақтың қолдауымен әзірленген. Басылымның мазмұны автордың жауапкершілігіне жатады және Еуропалық Одақтың көзқарасын білдірмейді.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

▼ Тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау, жинау, қайтадан өңдеп кәдеге жарату тұрғысынан алғанда қоғамның әр саласы өкілдерінің өзіндік айтары бар. Жинақтап келгенде, саналуан пікірден екі түрлі мағынаны пайымдауға болады. Бірінші, тұрмыстық қатты қалдықтарды дұрыс басқару қоршаған ортаның ластануын азайтып, экологиялық ортаның тазаруын тездетеді. Ал екінші тараптың пікіріне сенсек, тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу – асып-төгіліп жатқан байлық көзі. Аз қаржымен миллиондаған ақша табатын бизнес, адамдарды мыңдап жұмысқа тартатын жұмыс көзі деуге болады. Осы ретте біздің жобамызға атсалысып, сарапшы ретінде көмек көрсетіп жүрген бірқатар мамандардың пікірін назарға алуды жөн көрдік.



БАБЫН ТАПСАҚ байлық табылады



Ерлан АНДАСБАЕВ, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы:

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

– Қоршаған ортаның ластануы – адам өміріне және экологияға зиянды әсер ететін физика-химиялық және биологиялық заттардың қоршаған ортаға нұқсан келтіруі. Оған табиғат құбылыстары мен заңдылықтарына қайшы келетін сандық, сапалық және құрамдық өзгерістердің барлығын жатқызуға болады. Соның ішінде тұрмыстық қатты қалдықтар қоршаған ортаны ластайтын көздердің бірі. Жер бетіндегі зиянды заттардың жинақталған массасы топырақ жамылғысына, өсімдіктерге, жерүсті және жерасты суларына жағымсыз әсерін тигізеді. Қалдықтар жанған кезде атмосфераға өте көп улы заттар бөлініп, тыныс жүйесі, тері аурулары мен репродуктивті және иммундық жүйелердің ауытқуларына әкеліп соғуы да мүмкін.

Қоршаған ортаның қатты тұрмыстық қалдықтармен ластануын, қалдықтарды қайта өңдеу және жою жолдарын талдау қазіргі кездің өзекті мәселесі. Тұрмыстық қалдықтардың жағдайын және кәдеге жарату әдісін анықтап тексеру үшін бірқатар салмақты міндеттерді атқару керек. Алдымен өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар туралы мәліметтерді жинақтау және өңдеудің әлемдік әдістерімен танысу арқылы оларға талдау жасау керек. Сондай-ақ, экологиялық тиімділігін анықтап, тұрмыстық қалдықтар мәселесін шешу мақсатындағы мемлекет тарапынан жасалып жатқан іс-әрекеттерге басымдық берген жөн. Тіпті, қаланың тұрмыстық қатты қалдықтармен ластану дәрежесін бағалау тетігін күшейтіп, қатты тұрмыстық қалдықтарды пайдаға асыру жолдарын қарастыру. Осы міндеттер жеке дара шешілмей, қалдықтарды жүйелі басқарудың консепциясына әкеледі.

Қалдықтарды жүйелі басқарудың қазіргі стратегиялық мақсаты адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсерін болдырмау. Сонымен қоса шаруашылық айналымға қосымша шикізат ретінде пайдалануды тоқтату. Ол үшін қалдықтарды жүйелі басқару принциптерін меңгеру керек. Аз қалдықты технологияны енгізу. Қалдықтардың шығуын минимизациялау. Жойылуға арналған қалдықтардағы қауіпті заттардың құрамын азайту. Материалдық потенциалын қолдану: шикізат ретінде пайдалану, компостерлеу. Энергетикалық потенциалын пайдалану: қалдықтардан энергия өндіру. Экологиялық қауіпті қалдықтарды қолданбау. Қолдану технологиялары кешенді болуы тиіс, экологиялық, экономикалық эффектісі болуы керек. Оны әкімшілік және экономикалық құралдармен кешенді қамтамасыз етуі қажет.

Бұл технологиялардың орындылығы әлеуметтік аспектілерді есепке ала отырып, барлық деңгейде жергілікті ұйымға оптималды нұсқа таңдап, экологиялық және экономикалық негізделген технологияны анықтау болып табылады. Қалдықтарды өңдеуге арналған заманауи технологияларды енгізу біраз инвестицияны қажет етеді. Оған тек құзырлы органдардың ғана араласуы жеткіліксіз. Оған жеке инвесторларды көптеп тарту қажет.

Қалдықтармен жұмыстың аймақтық жүйесін жетілдіру үшін тұрмыстық қатты қалдықтар мәселелері бойынша қоғамды ақпараттандыру және тұрмыстық қатты қалдықтарға байланысты мәселелер туралы білімді тарату жолдарын ұсыну бізден талап етіледі. Қоғамды ақпараттандыру бағдарламасының концепсиясы мақсатына жету үшін қоғамдық пікірді қалыптастыра отырып қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық жүйесін құру және азаматтардың экологиялық сауаттылықтарын көтеру мәселелері де қолға алынуы тиіс деп ойлаймын.



Тынышбай ДОСЫМБЕКОВ, республикалық қой шаруашылығы палаталары кеңесінің төрағасы, ауылшаруашылық ғылымдарының докторы:

– Төрт түліктің ішінде қой малына ерекше көңіл бөліп, қадірлеп өсірген халқымызда: «Мал өсірсең, қой өсір, өнімі оның көлкөсір» деген аталы сөз бар. Десе де кейінгі жылдары осы түлікке көңіл бөлу кенжелеп барады. Баяғыда малшылар қауымы жүн қырқымы кезінде бір байып қалушы еді. Ал бүгінде қой жүні неге іске жарамай қалды? Кеңес одағы кезінде Қазақстанда 37 миллион бас қой болған. Кейін бұл көрсеткіш құлдырағанымен, қазір өріс қайтадан қойға толып, түлік саны 18 миллион бастан асты. Мұның ішінде облысымызда 3 миллионнан астам қой өсірілуде. Бүгінде елімізде жылына 37 мың тоннаның төңірегінде жүн өндіріледі. Бұл жүннің 5500 тоннасы шетелге кетеді, 5500 тоннасы өзімізде өңделеді, 26 мың тоннасы іске жарамай қалып жатады. Ал, жоғарыда айтқандай, жылына 7 миллионнан астам қой сойылады. Жыл сайын шетелге 10 мың дана тері сатылады екен. Ішкі сұраныс та шамалы. Демек, қой терісінің 99,8 пайызы далаға тасталып жатыр.

ТЕРІ МЕН ЖҮН ДЕ КЕРЕККЕ ЖАРАЙДЫ

Кезінде Алматы облысының аумағында ғана қой жүнін алғашқы өңдеуден өткізетін 5 кәсіпорын болды. Талдықорғанның өзінде, Қаратал, Райымбек аудандарында жүнді алғашқы өңдеуден өткізетін, түбіт түтетін кәсіпорындар, Талғарда киіз басатын фабрика, Жамбыл ауданында Қарғалы шұға комбинаты жұмыс істеді. Өкінішке қарай, қой жүніне деген сұраныстың төмендеуіне орай бұл кәсіпорындар жұмысын тоқтатты. Оның үстіне, синтетикалық материалдан тоқылған, жасалған, бағасы арзан киімдер базарды жаулап алғандықтан қой жүнінен тоқылған, сапалы әрі қымбаттау киімдерге жұрт қызықпайтын болды. Сондай-ақ, қой жүніне қойылатын талап та өсіп отыр. Мәселен, қазіргі сұраныс 19 микронның көлемінде болса, біздегі қой жүні жіңішкелігінің бұл өлшемнен әлдеқайда төмен. Содан кейін де бұл бағытта атқарылатын жұмыстар жетіп-артылады. Бұл орайда ең алдымен қой, түйе жүнін өңдеуді өзімізде іске асыру жайын ойластыруымыз қажет.

Мұндай маңызды мәселені қолға алған кезде ең алдымен өндірісті шикізатпен қамтамасыз ету жайын назарға алмай болмайды. Онсыз қандай да бір жақсы бастаманың, игілікті істердің өзінің де көп ұзамай тығырыққа тірелуі ғажап емес. Қойдың жүні неге өтпейді. Себебі, жүнді сұрыптау жоқ. Қырқым кезінде ала қой мен қара қойдың жүні араласып кетеді, оны бөлектеп, тазалап, сорттап жатқан ешкім жоқ. Оның орнын, қылшығын тазалау жұмыстары жүргізілмейді. Міне, осылай жүні араласып кеткендіктен фабрика қабылдамайды, қабылдаған күннің өзінде жаңағы себептерден бағасын көп төмендетеді. Мұның өзі кәсіпкердің қой жүнін қабылдап, сақтап, тасымалдаған еңбегін зая кетіреді. Сондықтан қырыққан бетте-ақ, қойдың жүнін бөліп алып классировка жасап, қара қойды қырқып сондай екшеуден өткізіп, орнын тазалап отырса, жаңағыдай мәселе туындамайды. Сонымен қатар, қойдың біртектілігіне ерекше мән берген жөн.

Қазір қой терісін қабылдамайды. Себебі, оның сапасы нашар. Біреуі шіріп, біреуі ойылып кеткен, енді біреуі тұздалмаған деген сияқты. Содан кейін де ондай теріге сұраныс жоқ. Шетелдерде теріні алатын да шығар, бірақ соны жинап сататын адам табылмай тұр ғой. Әркім өзінше жинап сатқанынан көп пайда түскен жоқ, мемлекеттік қолдау болмады. Менің ойымша, теріні қабылдап, сату сервисін бөлек жасау керек. Онымен бір адам айналысуы тиіс, оны қолға алған кәсіпкерге субсидия беруіміз қажет. Ашқан адам байып кететін болса, кейін субсидияны қысқарта салуға болады ғой. Осындай мәселелердің шешімін тапсақ, қой шаруашылығын ретке келтірдік деуімізге болады. Сонымен қатар, экологиялық мәдениет пен білімді насихаттау болып табылады.





Қонысбек БАЙЕДИЛОВ, Алматы облысы бойынша экология департаментінің басшысы:

ҚОМАҚТЫ ҚОЛДАУ КЕРЕК

– Еліміздің экологиялық қауіпсіздігі әр аймақтың табиғат жағдайына байланысты. Десе де, Жетісу өңірі жер жаннаты деген атпен танымал. Оның үстіне Елбасының туған жері, өскен өлкесі. Оның экологиялық жағдайының заң талаптарына сай бақылауда болуы, басқа өңірлерге үлгі ететін жетістіктермен толығып отырғаны жөн. Осыған орай, жыл сайын өңірімізде облыстық әкімдіктің ұсынысы, облыстық мәслихаттың шешімімен қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарының құрылысына және қайта жөндеу жұмыстарына, жаңадан салынатын қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге, табиғат қорғау шараларының жоспарын бекітуге қыруар қаржы бөлінеді.

Қатты қалдықтармен айналысу жүйесінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – оны жою дәрежесі. Тұрмыстық қатты қалдықтарды алғашқы сұрыптау немесе механикалық жолмен кәсіпорындарда өңдеу арқылы одан қара және түсті металл, пластмасса, шыны, қағаз сияқты бағалы бөлігін алуға және қатты қалдықтардың негізгі массасын органикалық тыңайтқышқа, жылу энергиясына, құрылыс материалдарына айналдыруға болады. Бірақ, бүгінгі таңда зауыт құрылысын қаржыландыру көзінің жүйелі жұмыс істемеуінің салдарынан тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптап, өңдеу проблемасы облыста ашық күйінде қалуда.

Өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен айналысу саласындағы заңбұзушылықтың себебі – стандарттарды, нормаларды және экологиялық талаптарды сақтамау, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды орналастыру ережесін бұзу, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жою және залалсыздандыру, есебін жүргізу ережесін орындамауға байланысты орын алады.

Жоғарыдағы кемшіліктерді жою үшін, ең алдымен, аса қауіпті өндірістік және тұтынған қалдықтарды есепке алып, өңдеу және залалсыздандыратын халықаралық экологиялық талаптарға сай полигондар құрылысын қолға алған дұрыс болар. Ол үшін қалдық иелерінен алдағы кезеңде өздері шығаратын қалдық мөлшерін азайту шарасын енгізуін талап ету және екінші қайтара игерудің ұтымды жолдарын қарастыру керек. Мұндай тәжірибе әлемнің біраз елінде мықты дамыған. Мұмкіндігінше сол тәжірибені елімізге енгізгеніміз жөн. Мұның өзі Елбасы айтқан дамыған отыздыққа енудің басты талабының бірі. Сондай-ақ, екінші дәрежелі қалдықтарды түр-түрімен сұрыптап, жинақтау жүйесін енгізіп, қалдықтарды залалсыздандыру мақсатындағы инфражүйе мен өндірістік қуатты дамытуда кейбір келеңсіздікті түзетудің жақсы тәсілі болмақ. Бұл үшін кіші және орта бизнестің, жалпы тұрғындардың ынтасын оятудың экономикалық және құқықтық механизмін жасаған жөн.



Айжан РЫСҚҰЛОВА, «KazWaste» қазақстандық қалдықтарды басқару бойынша қауымдастығының үйлестірушісі:

ҚАЙТА ӨҢДЕУ ҚАРҚЫНДЫ

– Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, сұрыптау, қайта өңдеу саласымен айналысып, бизнеске айналдырамын деген кәсіпкерлерге бағыт сілтейтін «KazWaste» (http://www.kazwaste.kz/kaz/) қалдықтарды басқару бойынша қауымдастығы бар. Ұйым 2013 жылы кәсіпорындарға, мемлекет органдарына, жұртшылыққа қалдықтарды басқару саласындағы қызметті жүзеге асыру барысында туындап отыратын мәселелерді шешу мақсатында құрылған.

Қауымдастықтың құрамына жасыл экономиканы қолдайтын жеке кәсіпкерлер мен 40-дан астам ұйым кірген. Қалдықтар саласындағы мәселелерді инновациялық технологияларды қатыстырумен, Халықаралық стандарттарды ұстанумен кәсіби тұрғыдан шешуге бағытталған. Қауымдастық жұмысы өнеркәсіптік кәсіпорындардың, мемлекет пен халықтың мүддесін қорғауға ықпалын тигізеді.

Қауымдастықтың құрамында коммуналдық және өнеркәсіп қалдықтарын, сонымен бірге макулатура («Kagazy Recycling», «Kazakhstan Waste Recycling», «Астанавтрком») шыны («САФ»), ескі электроника (“ALEKS-ASU”, «ПромТехноРесурсKZ»), қауіпті қалдықтарды жою («Промотход Казахстан»), қалдықтарды кешенді басқару бойынша 10 компания, сондай-ақ қайталама материалдардан өнім шығару кәсіпорындары бар. Аталған компаниялар күнделікті ондаған, жүздеген тонна қалдықтарды өңдеп қоршаған ортаны қорғауға үлкен үлес қосады.

«KazWaste» қауымдастығы қалдықтарды басқару саласында нормативті құжаттар мен заң шығару актілерді әзірлеуге атсалысады. Қазіргі таңда қауымдастық «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне, «жасыл экономикаға» көшу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына белсене қатысуда.

Қазіргі таңда еліміздегі қатты тұрмыстық қалдықтардың тек екі пайызы ғана өңделеді. Ал 98 пайызы далада шашылып жатыр. Осы тұрғыдан келгенде, облысымыздағы қатты тұрмыстық қалдықтарды қажетке жарату ісі бүгінгі күннің талабынан шығып отыр деп айта алмаймыз. Әрине, дамыған мемлекеттер сияқты қоқысты жұз пайыз керекке жаратып, одан өміріміз бен тіршілігімізге тиімді заттарды өндіретін уақыт та келер. Ондай мүмкіндікке жету үшін жұрт болып жұмылған жөн. Алайда біз әлі де қоқысты керекке жаратудың мәдениетті жолын қалыптастыра алмай келеміз. Сондықтан тұрмыстық қалдықты қайта өңдеуден бұрын оны есепке алу, жинау, сұрыптау жолын, сондай-ақ, қауіпті қалдықтарды залалсыздандыру, жоюдың әдіс-амалын үйренгеніміз дұрыс.



Қажет АНДАС, жоба жетекшісі. Andas_Kazhet@mail.ru



Гүлнар МАДЫБАЕВА, «ЭкоСервис–Арман» ЖШС директоры:

– Бүгінгі таңдағы өндірістің дамуы қоршаған ортаның тазалығын сақтап, қоқыстарды өңдеп, тұрмыстық мақсатқа пайдалану міндетін күн тәртібіне шығарды. Осыған орай, өңірдегі қатты тұрмыстық қалдықтар мәселесін шешу мақсатында Талдықорған және Қапшағай қалаларында қалдықтарды қайта өңдеу зауытын салу экологиялық мәселелер тізіліміне енгізілген.

ҚОҚЫС – КІРІС КӨЗІ

Ел келешегінің қауіпсіздігін ескере отырып, біз де осы іске өзіндік үлес қосуды мақсат еттік. Ойлана келе Талдықорған қаласынан түрлі қалдықты өңдейтін ірі зауыт салуды қолға алдық. Осындай мақсатпен бизнес саласында жүрген әріптестерімізбен ақылдаса келіп, тұрмыстық қатты қалдықты өңдеуде тәжірибесі мол қытайлық әріптестерімізбен бірлесе жұмыс жүргізу бекіміне келдік. Сонымен 2015 жылы наурыз айында қаланың ыңғайлы жерінен жер сатып алып, құрылыс жұмысын бастап кеттік. Құны 3 миллион 200 мың долларды құраған зауыт қондырғысының идеясы Италиянікі болғанымен, барлық жабдығы Қытайда жасалды. Оны құрастыру, дайындау, іске қосу барысындағы техникалық жұмысты қытайлық мамандар атқарды. Жоба инновациялық “Еуро-4” санатты экологиялық талаптарға сай болғандықтан шикізат қалдықсыз өңделеді.

Зауыт резеңке, пластик, қағаз, медициналық қалдықтар, тіпті мал өлекселерін де өңдеп, газ, қара май, соляр-ка мен бензин, техникалық көміртегі мен жартылай кокс алады. Бұл өнімнің бәрін қайтадан өндіріске қолдануға мүмкіндік мол. Тіпті, өңдеуден кейінгі күйенің өзі баспахана бояуын шығаратын кәсіпорындарда сұранысқа ие. Сондай-ақ, зауыттың өндіріске кететін шығыны да көп емес. Пеш қызғанша ғана аз-маз көмір тұтынғаны болмаса, арнайы пештер өзі жаққан қалдық заттардан шыққан газ арқылы жұмысын жүргізе береді. Көмірден шығатын түтін мен қалдықтар жанғанда шығатын зиянды заттар пеш ішіндегі катализаторда, арнайы дайындалған су бассейнінде сүзіліп қалады. Ауаға зиянсыз ақ түтін мен бу ғана шығады. Сондықтан зауыттың мұржасынан бұрқырап шығып жатқан түтін емес, денсаулыққа зиянсыз бу екенін ескерте кеткім келеді.

Осы тұста тағы да бір айта кететін жайт, көпшілігіміз тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу мәселесін тек экологиямен байланыстырып жатамыз. Алайда, оның экологиялық тиімділігінің мол екендігін ескермейміз. Сондықтан да қоқыс жинауды лас, мәдениетті адам істемейтін жұмыс деген көзқарас қалыптасып қалған. Алайда, дамыған елдерде қоқыс өңдеумен, сұрыптаумен, жинаумен, тасымалдаумен айналысатын мекеме немесе жеке тұлғаларды адамзаттың өркениетіне үлес қосып жатыр деп жоғары бағалайды. Бізде әлі де мұндай көзқарас қалыптаса қойған жоқ. Иә, қоқыс өңдеу заман талабы. Бүгінде Талдықорған қаласынан күніне 50 тонна қоқыс шығарылады. Олар қала сыртындағы полигонда тау-тау болып төгіліп жатыр. Өкінішке қарай, қалада қоқыс өңдейтін жалғыз цех бар. Ол тек қана пластик өнімдерімен жұмыс жүргізеді. Ал жаңа зауыт айналаның сәнін бұзған қоқыстарды өңдеп, қоршаған орта үшін қауіпсіз жағдай тудырады. Ен бастысы, қоқыс өңдеуді жоғары деңгейге көтеру үшін оны сұрыптайтын арнаулы орын мен алаң қажет. Сондықтан аудан, қалалардан тұрмыс қалдықтарын жинайтын орындарды ашу ауадай қажет. Сонда ғана тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу ісін мықтап жолға салуға болады.

▼▼ Бұл басылым Еуропалық Одақтың қолдауымен әзірленген. Басылымның мазмұны автордың жауапкершілігіне жатады және Еуропалық Одақтың көзқарасын білдірмейді.

ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

▼ Біздің елде қайта өңдеу саласы кештеу қолға алынды. Сондықтан бүгінде кенже қалған саланы қайта түлетудің тиімді жолдары қарастырылуда. Сол қатарда отандық бизнесмендердің арқасында бірқатар игілікті жұмыс атқарылуда. Қысқасы, қайта өңдеу саласының тамырына қан жүгіре бастады. Соған орай біз осы жазбамызда өңіріміздегі қатты қалдықтарды қайта өңдеу арқылы қалдықсыз өнім шығарумен айналысатын бірқатар кәсіпорын мен зауыттың мүмкіндігі туралы оқырмандармен бөліскенді жөн көрдік.



ҚАЙТА ӨҢДЕУ ҚАРҚЫН АЛА БАСТАДЫ

«Қайнар-АКБ» ЖШС-нің қайта өңдеу цехында 2014 жылы 13.385 тонна, 2015 жылы 11.885 тонна, 2016 жылы 19 тонна, биылғы бірінші тоқсанда 7 538.78 тонна аккумулятор өңделген.

Қайта өңдеу жайлы сөз болғанда алдымен Алакөл ауданындағы балық өңдеумен айналысатын «Рыбпром» және «SAROS» ЖШС көз алдыға келеді. Үшарал «Рыбпромда» балықтың таза сүбесін шығаратын және балық етінен дайындалатын жартылай фабрикаттар, өңдеуден өткеннен кейінгі балық қалдығынан азықтық ұнтақ шығаратын үш цех тұрақты жұмыс істеуді бастаған. Сәтті басталған сол жұмыс жылдар бойы өзіндік жемісін беріп, өндіріс заман талабына сай жабдықталып, Қазақстан балық шаруашылығы саласында өзіндік орнын ала бастапты. Мұнда өндірілген балық өнімдерін Германия, Франция, Голландия, Канада елдеріне сату құқын алған. Аталған өндірістің екінші зауыты Балқаш ауданы, Құйған ауылында болса, үшінші зауыты Өскемен қаласында жұмысын жүргізуде. Тағы бір баса айтар жетістік, осынау өндіріс орнындағы қалдықтар сол маңдағы зауыттарға жөнелтіліп, ұнтаққа айналдырылады. Осы азықтық ұнтаққа Өскемен, Семей, Павлодар қалалары мен облысымыздың бірнеше ауданындағы құс фабрикаларынан үзіліссіз сұраныс түсіп отырады.

Өндіріс орнында 1 автоматты тазалағыш машина, 3 механикалық тазалағыш машина, сүбе дайындайтын үстел, балықтарды қозғауға арналған механикалық арба, 7 тоңазытқыш, 1 – ГП, 3 мұздату камерасы, шикізатқа арналған 2 мұздатқыш камерасы және 1 контейнер бар. Жобалық және нақтылы қуаты бойынша күніне 5 тонна өнім шығарады. Бұл жұмысты 125 адам атқарады. Жыл сайын өндіріс ауқымын кеңейте түскен кәсіпорын балық қорын көбейту мақсатымен Бесағаш ауылынан балық уылдырығын өндіретін цех ашқан. Онда дайындалған уылдырық көлге шашылып, балық санын арттыруға сеп болуда.

Есік қаласында орналасқан «Электрокабель зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің электр-техникалық өнімдері нарықта ерекше сұранысқа ие. Зауыт жылына 1000 километрге жуық кабель шығарады. Өнімдері еліміздің барлық аймағын қамтамасыз етіп отыр. Сонымен қатар, Алматыдағы бірнеше қосалқы стансы зауыт шығарған материалдарымен жарақталған. Солардың бірі – «Медеу» мен «Шымбұлақтағы» электр жүйелері.

Айта кетерлігі, кәсіпорында өнімнің сапасын бақылайтын арнайы лаборатория жұмыс істейді. Мұнда алюминий сымының диаметрін штангенциркуль арқылы өлшейді екен. Оның мөлшері қондырғыда дайындалған мөлшермен сай болуы керек. Одан кейін кептіру мен суытуға арналған жабдықтарда ыстыққа, суыққа төзімділігін анықтайды. Сосын арнайы тартқышпен алюминий сымын керіп тартады. Электр өнімдеріне қажетті шикізаттардың бәрі бұрын шетелдерден тасымалданыпты. Ал, қазір алюминий Павлодар облысынан әкелінеді екен. Мұның өзі зауыттың шығынын азайтып, уақытын үнемдеуге өз септігін тигізіп отыр.

Қарасай ауданындағы «СТМС – С.К.» компаниясы полимер құбырлары мен оған қажетті бөлшектер шығаратын зауыт ашып, өнімдерін Қазақстан нарығына шығара бастады. Мұнда алғашында немістің озық технологиясын пайдалана отырып, диаметрі 120 мм.-ге дейінгі полимер құбырларын шығару жолға қойылған. Бұл жұмысты игергеннен кейін соңғы үлгідегі еуропалық қондырғылар жеткізіліп, енді диаметрі 630 мм. болатын құбырлар жасалына бастапты. Июге, созуға көнетін, сыртқы әсерге бола бірден сынып кетпейтін бұл өнімдер әсіресе біздің өлке сияқты сейсмикалық қауіпті аймаққа өте тиімді. Пластиктен жасалған құбырлардың коррозияға ұшырамайтынын, тозбайтынын, су мен ауа ықпалынан шірімейтінін, пайдалануда өте қарапайым екенін ескерсек, оның артықшылығы көп. Мұндай құбырдың пайдалану мерзімі 50 жылға жуықтайды. Егер темір құбырлар жоғары кернеулі электр желілерінің жанында тез бүлінетін болса, полимер өнімдері оның әсерін елемейді. Темірге қарағанда әлдеқайда жеңіл болғандықтан полимер құбырын тасымалдау, тиеп-түсірудің де арзан болатыны түсінікті. Оларды бір-біріне жалғап, қалаған жеріңнен кесіп, қосымша тармақ шығаруда да ешқандай қиындық тудырмайды. Ең ақыры, жыл өткен сайын құбырлардың ішкі қабырғасы жылтырап, өткізу қабілеті де арта түседі дейді мамандар.

Бүгіндері полимер құбырлар ауызсу желісімен бірге кәріз жүйесінде де кеңінен пайдаланылуда. Сонымен бірге жылу жүйелерін жүргізуде таптырмайтын құрал болып табылады. Соңғы жылдары көптеген үйлер еден арқылы жылытылады. Осыған байланысты кәсіпорын жуырда пластмасса пен металл қоспасынан жасалатын «Pert» маркалы арнайы құбыр шығаруды жолға қойды. Бұл металлопластик құбырлар суық пен ыстыққа төзімді, қалай исең де көнетін әрі жоғары қысымға төтеп бере алатын болғандықтан су желілері мен жылу жүйесінде кеңінен пайдаланылуда.

Ақсу ауданы Суықсай ауылындағы «Жетісу – Гранит» ЖШС «Даму – өндіріс-2» бағдарламасы бойынша Қапал өңіріндегі гранит кен қазба орнын өзірлеу және өнім өндіру мақсатында 256 млн. теңге несие алып, кен барлау, анықтау жұмысын жүргізіп, өткен жылдан бастап гранит блоктарын өндіре бастады. Қазіргі жұмыс ауқымы да ойдағыдай. «Олар «Экспо – 2017» нысандарын салу үшін «АБК Құрылыс» ЖШС-ін құрылысқа қажетті гранит бұйымдарымен қамтамасыз ету туралы келісімшарт жасасқан. Қазірде мұнда жұмыс істеп жүрген 60-қа жуық адамның бәрі сол өңірдің тұрғындары екен. Жұмысшылар жатақханасының өзінде қаладағыдай жағдай жасалған. Сонымен қатар, «Жетісу – Гранит» ЖШС жобалық құны 1 млрд. 800 млн. теңге болатын гранит өңдейтін зауыт салып, өңірлік даму картасына ену үшін тиісті құжаттарын облыстық кәсіпкерлік және инновациялық-индустриялық даму басқармасына өткізіпті. Егер жоба бекітіліп, тиісті қаржы бөлінсе, Суықсай ауылынан 100-ге жуық адамды жұмыспен қамтитын ірі өндіріс орны бой көтермек. Онда тасты қажетке жаратудың қалыпты үрдісі қалыптасады деген сөз. Сондай-ақ, олар осы өндіріс орны арқылы бұрын керекке жаратылып, кейін сүріліп тасталған гранит блоктарды қайта өңдеуден өткізіп, тұрғындардың қажеттілігіне қайталай жаратпақ. Бұл алдағы күннің еншісінде. Десек те, игілікті бастама көп өтпей жүзеге асса, полигондарға төгілген керексіз тас қалдықтар қайталай кәдеге жаратылатын болады.

Үшқоңыр ауылындағы «Керуен» агрофирма ЖШС жемісті өңдеп, сақтау мақсатында жұмыс істеп келеді. Оның 2200 тонна өнімді германиялық технология бойынша ұзақ мерзімге сақтай алатын заманауи жеміс-жидек қоймасы бар. Кәсіпорын австралиялық қондырғылардың көмегі арқылы табиғи шырын өндіру мүмкіндігіне қол жеткізді. Ешқандай қант, бояуыш пен қоспасыз сығу арқылы өндірілген шырын балғын қалпында ұзақ уақытқа сақталады. Сапасы тестіктікке қарасты ауданда жүз гектарға жуық бау-бақша бар. Онда негізінен алма өсіріледі. Сол жерден жиналған өнім алдымен іріктеліп, сапасы жоғарылары тікелей сауда орындарына жіберіледі. Ал қалғаны өңделеді. Мұны шығынсыз өндіріс деп айтуға болады. Заманауи технологиямен бір сағатта бес жүз литр шырын, жүз елу келі алма тосабы өңдіріледі. Дәмі тіл үйіретін «ECO JUICE» шырыны алдағы уақытта тек еліміздеғана емес, сондай-ақ, шетелдерге де экспортталып, саудаланбақ.

Талдықорған қаласындағы «ST BEST» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі экономиканың басымдық берілген саладағы өңдеуші өнеркәсіп болып табылады. Компания негізінен тас, мақта, жылу және дауыс оқшаулау минералды жылытқышы, тау жыныстарынан балқып атқылаған кеннен жасалған базальт тобын шығарады. Бұл мақта 1000 градусқа дейін шыдайтын, жанбайтын материал. Оны қабырға, қалқа, еден, шатыр асты, жабдықтар мен құбыржолдарды оқшаулау кезінде кеңінен пайдаланады. Компания П-35, П-50, П-75, ПЖ-100 маркалы әртүрлі тығыздықтағы төрт түрлі минералды плиталар шығарады. Негізгі өндірістік шикізат базальт және металлургиялық шлак болып табылады. Желімдеу үшін фенолформальдегидті шайыр пайдаланылады. Еру шикізаты кокс және көмір көмегімен жүзеге асырылады. Жабдықтардың өндірістік қуаты аптасына 855,8 текшеметр, ал айына 3 423,2 текшеметрді құрайды. Осы тұста бұл өндірістің қоршаған ортаға тигізер ықпалының тым төмендігін айта кеткен жөн.


Іле ауданындағы «Компания В» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қағаз қалдықтарын өңдеумен айналысуда. Зауытта тәулігіне 20 тонна, айына 750 тоннадан астам қағаз өңделеді. Қалдық негізінен Алматы қаласы және облыс аумағынан жинап әкелінеді. Кәсіпорынның жұмыс істеп келе жатқанына он бес жылға жуықтапты. Содан бері талай істің басын қайырып үлгерген өндіріс ұжымының бүгінгі тірлігі жаман емес. Оған қоршаған ортаны ластанудан сақтап, экологиялық жағдайды жақсартуға үлес қосып отырғандары дәлел. Кейбір мәліметтерге сүйенсек, егер бір тонна қағаз қайта өңдеуден өтсе, он алты ағаш сақталатын көрінеді. Сондай-ақ, бұл жұмыс ағаш өңдеуге қарағанда қуат жағынан үнемді әрі экологиялық тұрғыдан тиімді өндіріс болып табылады.

Қапшағай қаласындағы «Агат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қыш бұйымдарын өндірумен танымал. Бұл жерде жарты литрлік кішкене ыдыстан бастап, гүлзарларды безендіретін бұйымдарға дейін табылады. Ал өнімге қажетті шикізатты қала маңындағы арнайы орыннан алады. Қышшеберi қолынан шыққан заттар алдымен кептіріледі. Оған көлеміне қарай екі апта немесе одан да көп уақыт қажет. Әбден кепкендерін ыстық пешке салады да, шыққаннан соң сыртын бояйды, өрнектейді, жылтыратады. Сөйтіп, дайын болғанға дейін бірнеше кезеңнен өтеді. Бір ерекшелігі – бәрі қол еңбегімен атқарылады. Сөрелердегі өзіндік нақыш, жоғары сапамен жасалған құмыралар мен кәдесыйлар, гүл отырғызатын және тұрмыста қолданылатын ыдыстар өз ерекшелігімен менмұндалап тұр. Әсіресе, ұлттық нақышта безендірілген дүниелер таңғажайып өнер әлемін паш етіп тұрғандай. Өрнектердің дені ыдыс сыртына айналдыра салынған. Ішінара өсімдіктер мен жануарлардың, неше түрлі гүлдердің суретін аңғаруға болады. Бір сөзбен айтқанда, ұлттық ерекшелікті даралап, көңілге ой салатын дүниелердің сан түрі бар мұнда.

Қаратал ауданындағы «Үштөбе-Айдын» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Бүгінде толық қуатында жұмыс істеп тұрған зауытта жылына алты мың тонна, ал күніне он бес тоннаға дейін сүт өнімдері өндіріледі. Мұнда сүт, сары май, сыр, айран, сүзбе, кілегей, қатық секілді өнім түрлері әзірленеді. Сүтті жақын маңдағы ауылдар мен аудандардан сатып алады. Өнімдерінің дәмділігі мен сапасы жағынан тұтынушылар көңілінен шығып, жүрегін жаулап та үлгерген. Зауыттың тағы бір ерекшелігі, елімізде алғашқылардың бірі болып «Ақылды тағамдар» өндірісін, яғни йодталған белокпен құнарланған сүт өнімдерінің өндірісін жолға қойып, халыққа ұсынып отыр. Дайын өнімдер арнайы зертханада тексеруден өткізіліп, сапасы қадағаланады. Бұдан соң қапталып, тиісті орындарға жөнелтіледі.

Өңделетін шикізат сүт өндірумен айналысатын жақын маңдағы елді мекендерден және шаруа қожалықтарынан тасымалданады. Қысқасы, зауыт малшы қауымның өндірген шикізатын қайталай өңдеу арқылы ел игілігіне жаратумен әйгілі. Осы ұмтылысы арқылы нәпақасын малдан айырып отырған қауымның дайын шикізатты далаға төкпей, ел кәдесіне жаратқанымен де жұрт ықыласына бөленуде.

Қажет АНДАС,
жоба жетекшісі.
Andas_Kazhet@mail.ru



Бұл басылым Еуропалық Одақтың қолдауымен әзірленген. Басылымның мазмұны автордың жауапкершілігіне жатады және Еуропалық Одақтың көзқарасын білдірмейді.

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС

Өндірісі өркен жайған Талғар ауданында отандық өнім өндіретін кәсіпорындардағы қайта өңдеу ісі ілгерілеп келеді. Белбұлақ ауылдық округінен орын тепкен сондай кәсіпорынның бірі «Артпрайм Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің іске қосылғанына екінші жылға аяқ басты.

ҚУАТЫ АРТТЫ

Жетісу

Үлбосын ИСАБЕК

«Кәсібіне қарай – нәсібі» демекші, нарықтық экономикада тыңнан түрен салғандай тұрмысқа қажетті бұйымдар шығару жолында тыным таппай ізденген кәсіпорын жетекшілерінің осы қысқа мерзімде жеткен жетістігі аз емес. Діттеген мақсатқа жету – нарық заңдылығы. Жаңа бастаманың жан-жақтылығын сараптап, елеп-екшеп, ерінбей еңбектенгенде ғана оң нәтижеге қол жеткізуге болады. Осы тұрғыда «Артпрайм Қазақстан» серіктестігі тротуарларға төсейтін резіңке плиткалар шығарумен түбегейлі айналысуда. Жаңа кәсіпорынның өндірістік қуаттылығы жылына 40 мың шаршыметр резіңке төсеніш өндіруді көздесе, өзірге оның үштен бір бөлігі жүзеге асып отыр. Бірер жылда 40-қа жуық адамды еңбекпен қамтыған аталған кәсіпорынның тауарларына сұраныс артуда.

– Бұл резіңке төсеніштерге пайдаланылатын қоспаларды көршілес елдерден, атап айтсақ, арнайы Ресейден алдырамыз. Кәдімгі көліктердің жарамсыз боп қалған ескі дөңгелектерін ұнтақтап, соны қайта престеу арқылы жасалатын резіңке төсеніштер балабақшалар мен спорттық ойын алаңдарына, аулаларға төсеуге өте ыңғайлы. Себебі, жұмсақ боп жасалатын бұл төсеніштер бала денесін жарақаттан сақтайды. Экологиялық қауіпсіз екендігі де ескеріліп, сұраныс артып келеді, – дейді аталған серіктестіктің директоры Диас Байтұғанов.

Аталған кәсіпорын шығаратын резіңке төсеніштер барлық технологиялық талаптарға сай келетін Қазақстанның құрылыс саласындағы жаңа өнім. Тротуарға төсейтін резіңке плиткаларды қалпына келтіру өте оңай әрі ыңғайлы. Бұл бұйымдарды өндіру жұмыстары жартылай автоматтандырылған жаңа технологиялар негізінде жүзеге асырылады. Мұндағы еңбек адамдарының қалыпты әрі тұрақты жұмыс істеуіне бар жағдай жасалғандығы қуантады. Әсіресе, Белбұлақ, Бірлік ауылдарының тұрғындары үшін жаңа жұмыс орнының ашылуы зор жетістік.

Міне, қарапайым ғана отандық өнім өндіретін кәсіпорынның бұл тыныс-тіршілігі таңдандырмай қоймайды. Көз тартып, көңіл қуантарлық түрлі түске боялатын резіңке төсеніштерге еліміздің әр түкпірінен тапсырыстар түсуде. Дей тұрсақта, осы төсеніштерді даярлауға қажетті шикізаттың шетелден алынатындығы ойландырады. Себебі, жарамсыз дөңгелектердің біздің елімізде де көп болмаса аз еместігі анық. Ал, әр жерді қоқысқа толтырып, босқа шіріп жататын дөңгелек атаулыны қайта өңдеп, отандық өндірісте кәдеге жаратар болсақ, мұндай кәсіп керегесінің кеңи түсері даусыз.

Белбұлақ ауылы,
Талғар ауданы.



Шағын зауыт міне, осындай!

Еуропалық, ресейлік және жапондық стандарттармен жұмыс жүргізетін «Қайнар-АКБ» ЖШС өнімінің 70%-ы шетелге экспорталуда. Бір қуанарлығы, зауыт өнімі өткен жылдан бастап Қытай нарығын жаулай бастады. Демек, бұл осыған дейін Қытай кәсіпорындарымен бәсекелесуге қауқарсыз болып келген отандық өндірістің жаңа дәуірге қадам басқанын әйгіледі. Сонымен қатар, өндіріс орны еуропалық нарыққа батарея сатуда Польшамен келісімге келудің жолдарын қарастыруда.

ӨТЕ ТИІМДІ

Әрине, «Қайнар-АКБ» ЖШС бұл деңгейге жайдан-жай жеткен жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы сан түрлі қиындықты жеңіп, нарық бәсекесіндегі аумалы-төкпелі жағдайды бастан өткерді. Соның бәрін төзімділікпен жеңген кәсіпорын өңірдің өндірістік айнасына айналып отыр. Тіпті, аталмыш зауыт көне аккумуляторларды қайта өңдеу арқылы өнім көлемін арттырып, шығынсыз өнім өндірудің мүмкіндігін дәлелдеген өңірдегі бірден-бір өндіріс орны. Олар қолданыста (қолданылған) жүрген аккумуляторларды механикаландырылған әдіспен топтастыруды көздейді. Зауытта итальяндық құрылғылармен жабдықталған қайта өңдеу цехы бар. Оның бір ауысымдағы өнімділігі сағатына 5 тоннаны құрайды. Цех ауысымның қажеттілігіне қарай жұмыс істейді, қазіргі кезде 7 адам жұмыспен қамтылған. Қайта өңдеуге керекті шикізат Қазақстанның әр өңірінен жеткізіледі. Тіпті жақын шетелдегі қолданылмайтын аккумуляторларды да тасымалдап, қайта өңдеу арқылы су жаңа өнім шығарып, экспорттың көлемін арттырып отырады. Таратып айтар болсақ, шикізат алдымен цехтың қоймасына жиналады. Одан кейін таспалы конвейерге тиеу мақсатында дірілдеткіші бар бункерге жіберіліп, ұсақталғаннан кейін «Сантамария» құрылғысына түсіп, фракцияларға бөлшектенеді. Нақтылап айтар болсақ, бір аккумулятор құрамынан 21% электролит, 28% қорғасын сульфаты, 13 %, қорғасын оксиді, 26% металл торлар, 6% полипропилен, 6% пластик бөлініп шығады. Сұрыптаудан өткен қорғасын пастасы, ылғалдылығы кем дегенде 11%, металл қорғасын, ылғалдылығы кем дегенде 2 %, пешке қайта балқытуға жіберіледі.

Аталмыш қайта өңдеу цехында 2014 жылы 13.385 тонна, 2015 жылы 11.885 тонна, 2016 жылы 19 тонна, биылғы бірінші тоқсанда 7 538.78 тонна аккумулятор өңделген. Әдетте, қорғасын паста және металдандырылған фракция автомобильдерді өлшейтін таразыға өлшеніп, цехта дайындау аймағына жіберіледі. Мұнда қорғасын қалдықтан арылып, кокс және кальций қосылған содадан, сондай-ақ, темір жоңқалардан тазарады. Осыдан кейін 1200 градус температурадағы пешке 8 сағат балқытылғаннан кейін таза қорғасын алынады. Ол қалыпқа құйылып, қоймаға сақталады. Осы өнімнен жаңа, сапасы ойдағыдай аккумулятор өндіріледі.

Бұрынғы жылдары шикізаттың тапшылығынан жылына жарты миллион дана аккумуляторды әзер өндіретін зауыт қайта өңдеу цехы жұмысқа кіріскелі өнімнің сапасы мен санын күрт арттырды. Яғни, өткен жылы 1 миллион 700 мың дана аккумулятор өндірген кәсіпорын биылғы жылы өнім көлемін 2 миллионнан асыруды жоспарлап отыр.

Айдана ҚАЛИМОЛДАНОВА,
«Қайнар – АКБ» ЖШС-нің маркетологі.

Талдықорған қаласы.



Бүгінде өңір экономикасының дамуына сүбелі үлес қосып жатқан Іле ауданында 20 ірі, 109 шағын өндіріс орны жұмыс істеп келеді. Сол қатарда «ДАНОН БЕРКУТ» ЖШС-ін ерекше атап айтуға болады. Сапалы сүттің жиырмадан астам түрін шығаруға бейімделген өндірістің жылдық қуаттылығы 12000 тоннаны құрайды.

ИГІ БАСТАМА

Балалардың таңсық асына айналған «Данон», «Растишка» иогурттары мен іш кебуінен сақтайтын «Активия» иогуртты шырындары жасалатын алып зауыт алыстан менмұндалайды. Зауыт қызметкері Надежда Сергун зауыт ішін аралатса, мұндағы технологияның құпиясы мен қыруар еңбектің сырларын өндіріс менеджері грек жігіті Софереди Константин әңгімелеп берді.

Франция технологиясы бойынша сертификатталған «АйСО 22000» құрылғысы қадағалау жүйелерімен қамтамасыз етеді. Сүттің майлылығына бөлініп, сепаратор арқылы 78 градуста ең ұсақ деген микробтардан тазаланып, пастерленіп барлық процестен өткен күндегі 30 тонналық ыдыстың ішіндегі сүт иогуртқа айналады. Құрамына қант, дәрумендер, ақуыздың құнарлылығын арттыратын құрғақ суттер қосылып, лабораторияға жіберіледі. Құрғақ сүттің өзі кәдімгі шикі сүттен жасалады. Құрамындағы заттар анықталған соң 95 градус температурада қыздырылып, пастерленеді. Бұдан соң 36 градуста суытылып, 8 сағат ішінде қалпына келеді. Мінеки, сіз бен біз көптен күткен дәмді иогурт та дайын болды. Иогурттардың арнаулы құтылары да осында жасалады. Арнайы ыдысқа құйылғанға дейін өндірістен жүк көлігіне, көліктен дүкендерге дейін таратылым процесінде 4 градус суық температурада сақталады. Ал, негізінен сақталу мерзімі 30 – 35 күнді құрайды.

Соңғы жылдары өндірісте түрлі дәммен, түрлі қасиеттерімен иогурт өнімдері шығарылуда. Әсіресе денсаулыққа пайдалы өнімдер тұтынушылардың басты назарында. Дәмі тіл үйіретін аталмыш өнімнің қолжетімділігі де маңызды фактор. Зауыт директоры Сергей Цапаевпен әңгіме барысында бұған дейін 14 мың тонна өнім шығаруға толық дайын зауыттың алдағы уақытта өнім көлемін 24 мың тоннаға дейін жеткізуді жоспарлап отырғанын білдік. Демек, сүт өнімдерін қайта өңдеу саласындағы көшбасшы компания осы жетістігі арқылы далаға төгіліп, табиғатқа зиян салатын көптеген шикізаттың жұрт қолына табысты өнім болып жетуіне сеп бола бермек.

М. МЫСА.
Іле ауданы.

ЕР ЕСІМІ — ЕЛ ЕСІНДЕ

Үш соғыстың ардагері



Ұлы Жеңістің 60 жылдық мерейтойы қарсаңында Ескелді аудандық ономастикалық комиссиясының ұйғарымымен, Бақтыбай (Елтай) ауылы тұрғындарының қалауымен Карл Маркс көшесі Өкімбай Саурамбеков көшесі болып өзгертілген болатын. Көшеге мемуарлық тақта орнатылып, үйлердің қабырғасына атамыздың есімі жазылды.

Күнде таңертең атамыздың көшесімен мектепке беттеп бара жатқан жас жеткіншектерді көріп, Өкімбай Саурамбеков есімі өшпес тұлғаға айналған екен-ау деп қуанамын. «Ер есімі ел есінде» деген осы болса керек!

1916 жылы дүниеге келіп, 1938 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылған, 1939-1945 жылдар аралығында жапон, фин, Ұлы Отан соғысына қатысып, белуардан қан кешіп, туған ауылы Өтенайға омырауын орденге толтырып оралған Өкімбай Саурамбеков атамыз пәни дүниеден өткенше мәңдай терін төгіп, елінің еңсесін көтерген азаматтардың алды болды.

Қалықтап биік жерге қыран қонған,
Жақсы көп ел ішінде жыр-ән болған.
Қазақтың тарихында батырлар көп,
Есімі ел ішінде ұран болған.

«Болар бала – бесіктен»
бабам айтқан,
Қан майданда ерлікпен дараланған.
Өкімбай омырауы орден толы,
Сұрапыл үш соғыстан аман қайтқан.

Ерлігің атақ берді өлмейтұғын,
Тәуелсіздік ту тіктік өрлейтұғын.
Ұрпағы бар, елі бар Өкімбайдың
Намысы мен шырағы сөнбейтұғын.

Мақтанышы – ұл-қызы қазағымның,
Әрқашан төріндесің санамыздың.
Көшемізде есімі жазулы тұр
Саурамбеков Өкімбай атамыздың.

Төлеухан ӘБІЛХАМИТОВ,
қарт ұстаз, ҚР білім беру ісінің үздігі.
Ескелді ауданы.

Құттықтаймыз!



Бар ғұмырын елдің өркендеуіне арнаған, 20 жыл бас агроном, 20 жылдай бөлімше меңгерушісі, бас экономист, тәуелсіздік алғаннан бастап «Дихан ата» кооперативі және «Мұрагер» шаруа қожалығының төрағасы, Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы, ардақты әкеміз **АҚЫЛБЕКОВ Әсетті** 75 жасқа толған мерейтойымен және аяулы анамыз **ТАУБЕКОВА Күлмариямен** шаңырақ құрғандарының 55 жылдығымен құттықтаймыз!

Отбасында үш ұл, үш қыз тәрбиелеп, 21 немере, 10 шөберенің ортасында шуақтарын шашып отырған шаңырағымыздың құты – әкешіміз бен анашымыздың өмірлері бәрімізге өнеге.

Әкешім – асқар тауым мәпелеген,
Біздерді биіктерге жетелеген.
Арқаңда ойнап-күліп, шалқып жүрміз,
Бақыт қой бір өзіне еркелеген.

Тамырыңнан нәр алып, жайқаламыз
Мақтанышпен атыңды айта аламыз.
Анамызбен елу бес жыл отасқан,
Ұмырларың жазылмаған жыр-дастан.

Екеуің де ұрпақтың айбары боп,
Береке мен бірліктің қаймағы боп.
Құдай берген ғұмырды бірге жасап,
Жүріңдер үлгі-өнеге қайнары боп.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: бауырлары – **Серікбай-Ырсалды,** балалары – **Ерлан-Шакизат, Еркін-Нұржан, Алик-Клара, Нұрлан-Балжан, Аман-Ғалия, Азамат-Меруерт, Назым-Дәурен,** немерелері – **Назгүл-Дәурен, Гүлназ-Бақтыбай, Дархан-Айнұр, Айбек-Бота, Дастан-Әйгерім, Дарын, Еркебұлан, Мирас, Жасұлан, Дана, Темірлан, Марғұлан, Дәулет, Айшолпан, Әния,** жиендері – **Айнұр, Айбар, Әлібек, Шыңғыс, Абылай, Шернияз, Бекарыс, Кәусар, Айерке,** шөберелері – **Еңлік, Азамат, Нұртас, Елдана, Бектас, Айбатыр мырза, Іңкәр, Бағым ханшайым, Айжұлдыз** және **Санжар төре.**



Қаратал ауданы, Қарақұм ауылының тұрғыны, асыл анамыз **НАМАЗБЕКОВА Нұрсәлімді** 75 жылдық мерейтойымен құттықтаймыз!

Өз бақытын, қуанышын өзі әкелген перзенттерінің қылығынан, қызығынан іздейтін аяулы Анам менің! Сізге әлемдегі бар жақсы ізгі тілекті үйіп-төксемде аз.

Алла сізге ең алдымен мықты денсаулық берсін! Әрқашан жүзіңізден мейірім нышаны кетпей, айналаңызға нұрыңызды шашып, аналық бақытқа кенеліп, әкеміз **РЫМЖАН** екеуіңіз қол ұстасып, бала, немере, шөберелеріңіздің ортасында бірге жүре беріңіздер!

ІЗГІ НИЕТПЕН: балаларыңыздың атынан ұлыңыз – **Тілеш,** келініңіз – **Айгүл,** шөбереңіз – **Тәуекел.**



Балқаш ауданы, Бақанас ауылының тұрғыны, асыл аға, ардақты бауырымыз **ДЕМЕУҚҰЛОВ Жеңіс Жұмағалиұлын** 9 мамырда 70 жасқа толған торқалы тойымен шын жүректен құттықтап, қардан да аппақ көңілден ізгі тілегімізді жолдаймыз. Отбасы бағын ұрпағы, ұл-қызы, жары ашқан, сыйластығы жарасқан отбасының, ұлды-қызды бауырларының, ағайын-туыс, әулетіңнің ақылман, тірегі болып, қарапайым болмысыңдағы қамқор пейіл, жанашыр көңіліңмен ортамызда биік беделге, мәртебелі мерейге ие болған, аяулы аға, туған күніңіз құтты болсын! Қуанышыңның арнасы, өміріңнің жалғасы әлпештеп өсірген перзенттеріңнің қызығына кенеліп, басыңыз аман, деніңіз сау, ғұмырыңыз ұзақ болып, Алланың нұрына бөлене беріңіз!

Жол бастаған Ақ кемеміз желкенді,
Емен-тірек, асқар тауым еңселі!
Бөлене бер, рахымына Алланың,
Ұрпағыңмен қанат жайып өркенді!
Ақ тілегі бауырлардың, Жан Аға,
Әулетіңнің шаттық-тойын базарлап,
Бүгіннен де нұрлы болсын ертеңің.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: бауырларыңыз – **Әділхан-Зәуреш, Мұрат-Күләш, Дәулет-Гүлшат, Аманқұл-Гүлнәр, Қуат-Динаш.**



Панфилов ауданы, Әулиеағаш ауылының тұрғыны асыл жар, асқар таудай әке, ардақты ата, ауылдық округтің бас маманы **БҮЙЕНБАЕВ Игембай Тұрағалдыұлы** 9 мамыр 60 жасқа толып отыр. Асқаралы жасқа жеткенше айналасындағыларды ренжітпей, бәрінің көңіліне қарап келген. Сол арқылы туысқа сыйлы, досқа адал, маңайына жағымды. Ұрпағына адал жол көрсетіп, олар үшін аянбай тер төгіп, еңбектенуде. Баласы үшін барын беретін жанның жүрегі шуаққа, бойы қуатқа толы.

Ардақты жан мерейлі мерекеңіз құтты болсын! Басыңыз бақты, астыңыз тақты болсын. Өмір атты сапардағы, әр күніңіз сәтті болсын, көңіліңіз шатты болсын. Немерелеріңіз бен шөберелеріңіздің ортасында шаттанып, бақ тауып жүре беріңіз. Сізден өнеге алған ұрпағыңыз мақтанып, шынайы қуанышпен күле берсін.

Кереметтен құралсын көңіліңіз,
Тамашамен тоғысып өміріңіз.
Ұрпағыңыз текті де тәрбиелі,
Болашаққа артады сеніміңіз.

Күн нұры бойыңызға шуақ берсін,
Санаңызға тек жақсы сұрақ келсін.
Жүзге дейін жаңылмай жететіндей,
Жаратқан бойыңызға қуат берсін.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: зайыбы – **Лашын,** балалары – **Әлібек-Жанат, Медет-Динара,** немерелері – **Жанарыс, Шұғыла, Әліби, Бұлбұл, Бекарыс, Абдулрахман,** жолдастары – **Нұрдәулет-Ардақ, Дәулетқазы-Жаңыл.**



Жамбыл ауданындағы Шолаққарғалы орталау мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі **БЕКЕНОВА Жанат Төлешбайқызын** мерейлі 50 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Әріптесіміздің білім ордасында жұмыс істегеніне жиырма жылдың жүзі болды. Осы жылдар ішінде Жанат Төлешбайқызы ұжымға өз ісін жетік білетін білімді маман, білікті басшы, шәкірттеріне ұлағатты ұстаз ретінде танылды. Көп жылдар бойы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін жемісті атқарып, оқу-тәрбие жұмыстарының ұтымды ұйымдастырылуына өзіндік үлкен үлесін қосты.

Ұлағатты ұстаз кәсіподақ комитетінің төрайымы ретінде мектептің қоғамдық өміріне де белсене қатысады. Жұбайы Марат екеуі бүгінде ұлынан балдан тәтті немере сүйіп отырған бақытты ата-әже.

Сыйлы әріптесіміз Жанат Төлешбайқызына еңбегіңіз жемісті болып, алдағы уақытта да әріптестеріңіз бен шәкірттеріңіздің, ағайын-туған мен ауылдастарыңыздың құрметіне бөлене беріңіз деген ақ тілегімізді арнағымыз келеді.

Құтты болсын алдағы
Елу – мерей жасыңыз.
Сізге айтар ақ тілек –
Өрге қарай қашанда
Домаласын тасыңыз.
Шөбереден, шөпшектен
Босамастан қасыңыз,
Кезегімен келетін
Сексен, тоқсан дейтұғын
Белестерден асыңыз.
Қуаныштар көбейіп,
Шашу ғана шашыңыз, –

деген ең бір ізгі тілектермен әріптестер атынан құттықтаушы – **Ләззат Жиенқұлова.**



Алматы қаласының тұрғыны, әулетіміздің берекесі, барлығымыздың ақылшымыз, шаңырағымыздың көркін кіргізіп отырған асыл анамыз **НҮСКЕНҚЫЗЫ Гүлнарды** 50 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Бүкіл өмірін балаларына арнап, өмірлік серігіне адал жар, ардақты ана бола білген, бүгінде ұлын ұяға қондырып, немерелерінің сүйікті әжесі болып отырған ардақты, ана сізге қажымас қайрат, зор денсаулық тілейміз. Айналаңызға шуағыңызды шашып, ұзақ өмір сүріңіз демекпіз.

Мінезіңнің міні жоқ майда қоңыр,
Бір жымисаң кетеді жайнап өңір.
Ризамыз пейіліңе дархан дала,
Айырмасын шаттықтан қайран өмір.

Төріңнен күн жоқ қонақ толастаған,
Күй шалқып, отауыңда жарасқан ән.
Ананы қазақ тәнір санапты ғой,
Өзіңнен бұл фәниде жан аспаған.

Мейірімнің нұры тұнып жанарыңа,
Қарайсың әкеміздің жанарына.
Балаларың бақытқа бөленеді,
Көзіңнен күннің нұры тамады да.

Анажан, түсір күткен келініңді,
Жоғалтпа ұрпағыңа сеніміңді.
Жүре бер шаңырақтың құты болып,
Аспанға атайын мен бөрігімді.

ІЗГІ НИЕТПЕН: Ербол әулеті.

БӘРЕКЕЛДІ!

«Жасыл экономиканың» жүлдегері

Астанада Жасыл экономиканы қолдау және G – Global-ды дамыту коалициясының ұйымдастыруымен «Жасыл Қазақстан» атты I республикалық форум өтті.



Форумда «Жасыл баспасөз» республикалық байқауының жеңімпаздарын «Үздік телехабар», «Үздік телесюжет», «Үздік радиобағдарлама», «Газеттегі үздік мақала», «Үздік интернет-ресурстағы ақпарат» номинациясы бойынша марапаттады. Аталмыш байқауда әріптесіміз, облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі **Қажет АНДАС** «Газеттегі үздік мақала» номинациясы бойынша жүлделі екінші орынды жеңіп алды. Елімізде тұңғыш рет өткізіліп жатқан байқауда жүлделі орыннан көрінген жалғыз облыстық газет журналисі екенін айта кеткеніміз жөн. Бұл – қаламы қарымды тілшіні тәрбиелеген ата басылымның мақтанышы, жеткен жетістігі.

Экология тақырыбында қалам тербеп, тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу саласын зерттеп жүрген Қажет Андас биылдың өзінде Еуропалық одақтың Орта Азиядағы Internews өкілдігі жүзеге асырып отырған «Орталық Азиядағы қоршаған орта және табиғи ресурстар мәселелерін тиімді жариялауға арналған медиа» жобасында жеңімпаз атанған болатын. Мұнда ол «Қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу» тақырыбындағы жобасын сәтті қорғап шықты.

Республикалық «Жасыл экономика» байқауының жүлдегері, халықаралық дәрежедегі жобаның жеңімпазы, қадірлі әріптесіміз Қажет Андасты шын жүректен құттықтаймыз! Тың тақырыптарға түрен салып жүрген ізденімпаз тілшімізге қаламыңыз мұқалмасын, жазарыңыз таусылмасын демекпіз.

«ЖЕТІСУЛЫҚТАР».

Облыс бойынша 7-12 мамырға арналған ауа райы болжамы

7 мамыр күні түнде жаңбыр жауады. Кей жерлерде найзағай ойнап, шығыстан және оңтүстік-шығыстан секундына 9-14 м. жел соғады. Ауа температурасы 7 мамырда түнде 10-15, кей жерлерде 18, 8-9 мамырда 10-15, кей жерлерде 7 градус жылы, мезімнің екінші жартысында температура 20-25, 27-32 градусқа дейін көтеріледі.

РЕГАТА

Желкенді жел көрнеді

Туризм саласы экономиканы дамыту көздерінің бірі болып саналады. Елімізде туризмді дамыту үшін барлық қажетті мәдени, тарихи, географиялық және климаттық жағдайлар жеткілікті.



Биылғы регатада қызықты ойындар көп болды. Спорттық шара бойынша Іле өзенінің айдынына желкенді қайықтар шықса, жағада тау туризмінен «Іле – 2017» атты республикалық жарыс ұйымдастырылды. Тауға өрмелеген жас альпинистердің қарасы көп. Барлығы да мықты дайындықпен келгенін көрсетіп, шеберліктерін шыңдай түсті.

Ұлттық спорттық ойындар да назардан тыс қалмады. Салтатты қыз-жігіттер қонақтардың көңілін көтерді. Көкпар мен қазақ күресі өз алдына бөлек әңгіме. Боз кілемге шыққан балуандар талайға таңдай қақтырды. Биыл «Регата бөрісі» деген атаумен ұйымдастырылған күресте нағыз сен тұр, мен атайын деген жігіттер белдесті. Оның сыртында жағажай волейболы мен пейнбол бәсекесі де ұйымдастырылды. Ең қызығы, кешкітұрым, күн ұясына кіргесін жағалауға алау жағылып, регатаға келушілер гитарамен ән шырқады.

Ресми ашылудан кейін дәстүрлі әншілеріміз бен эстрада жұлдыздары әннен шашу шашып, жастардың көңілін көтерді. Бір айға созылатын регата мамырдың 28-і күні мәреге жетеді. Осы аралықта Іле өзенімен сапар шегетін қайықтар Балқаш көліне жетуі керек. Еш кедергісіз, уақытынан бұрын мәреге жеткен қайықшы жеңімпаз деп танылып, арнайы жүлдеге ие болады. Тек қайықшылар ғана емес, регата кезінде ұйымдастырылған барлық мәдени шараның жеңімпаздары анықталады.

Әмір САНА.

Газетіміздің келесі саны 11 мамыр, бейсенбі күні шығады.

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: "Өлке тынысы" ЖШС

Директоры: Мейрам ЖАНӘДІЛОВ

Директордың қабылдау бөлмесі: 41-09-51

Бас редактор: Әміре ӘРІН

Эл. мекенжайымыз: WWW.Zhetysu-gazeti.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 4 желтоқсанда тіркеліп, № 15725-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі және факс – **41-10-46**, *бас редактордың орынбасарлары* – **41-10-47, 41-10-49,** *жауапты хатшы* – **41-10-50,** *бөлімдер* – **41-10-43, 41-10-68, 41-10-71,** *уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі* – **41-10-52,** *фототілшілер* – **41-10-53,** *жарнама бөлімі* – **41-10-51**.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – **279-13-37** *(факс),* **279-13-86, 279-36-43.**

Меншікті тілшілер: Панфилов – **9-12-27**, *Іле және Қапшағай қаласы* – **8-777-016-44-11**, *Жамбыл* – **8-701-254-97-55**, *Талғар* – **8-701-400-28-49-96**, *Қарасай* – **8-701-347-60-32**, *Еңбекшіқазақ* – **8-701-212-00-96.**

Газет табыс етілмесе – 8 (7282) 60-11-21 телефонына хабарласу керек.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 676.
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы 58 639, оның ішінде «Жетісу» газетінің таралымы — 34 586.
Индексі — 65469.

Кезекші редактор: Мәулен ӘНЕРБАЙ.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады


ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

▼ ЗАМАН КӨШІ АЛҒА ОЗЫП, ЭКОНОМИКА ДАМЫҒАН САЙЫН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ҚИЫНҒА СОҒЫП БАРАДЫ. ӨНДІРІСТІ ДАМЫТПАСА, ЭКОНОМИКА АЛҒА БАСПАЙТЫНЫ БЕЛГІЛІ. ҚАЗІР ӘЛЕМДЕ ИНДУСТРИАЛДЫ КЕЗЕҢ БАСТАЛДЫ. ӨЗІНІҢ ИНДУСТРИАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ ЖАһАНДЫҚ ЭКОНОМИКАДАҒЫ БЕДЕЛІН БЕКЕМДЕЙ БІЛГЕН ҚАЗАҚСТАН ДА КӨШТЕН ҚАЛМАУДЫ БАСТЫ НАЗАРДА ҰСТАП КЕЛЕДІ. ЕЛІМІЗ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ КАРТАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫП, СОҢҒЫ ЕКІ ЖЫЛДА 550-ДЕН АСА КӘСІПОРЫНДЫ ІСКЕ ҚОСЫП, 100 МЫҢНАН АСА ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛДЫ. НӘТИЖЕСІНДЕ ЕЛ ҚАЗЫНАСЫНА ЕСЕЛЕП ТАБЫС КЕЛДІ. ЕНДІ АЛДАҒЫ УАҚЫТТА «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАНЫ» ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АРҚЫЛЫ ДА ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСАРТУ КӨЗДЕЛГЕН. ЕСЕПТЕУЛЕР БОЙЫНША, 2050 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА» ШЕҢБЕРІНДЕГІ ЖАҢАРТУЛАР ЖІӨ 3% ҰЛҒАЙЫП, 500 МЫҢНАН АСТАМ ЖҰМЫС ОРНЫН ҚҰРУҒА, ӨНЕРКӘСІП ПЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУЛЕРДІҢ ЖАҢА САЛАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА, ХАЛЫҚ ҮШІН САПАЛЫ ӨМІР СҮРУ СТАНДАРТТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ МОЛ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.





Қоқыс, қалауын тапса, байлық көзі



Елімізде қоқысты өңдеуден туындайтын экономикалық мүмкіндікті пайдалану ісі әлі де кенжелеп тұр. Тіпті, біз қоқыстардың экологияға тигізер әсерін жоюдың жолын да таба алмай отырмыз. Мысалы, еліміз бойынша бүгінгі таңда 43,1 млн. тонна қоқыс бар. Шетелдік мамандардың пайымынша, біз Қазақстандағы барлық кенді жауып тастап, сол кеннің қалдықтары мен полигондарға төгілген қалдықтарды қайта өңдеумен айналыссақ, қазақстандықтарды жарты ғасыр уайымсыз асырауға жетеді. Бұл бағытта да нақты шараларды қарастырылып жатқанын жасыра алмаймыз. Мысалы, осыдан бірнеше жыл бұрын Елбасы тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесін жаңғырту бағдарламасын жетілдіру жөнінде Үкіметке тапсырма жүктеді. Аталмыш бағдарлама бұл секторды жоғары деңгейде басқаруға қол жеткізуге, сонымен бірге, жасыл экономика негіздері мен қағидаларын сақтай отырып, саланы бизнес пен жеке құрылымдар үшін тартымды етуге мүмкіндік береді. Бұл тәжірибе шетелдерде сынақтан өтіп, дәлелденген. Ендеше, алдымен соның ең тиімді жағына тоқталайық.

Шетелдіктердің тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеуде жеткен ең үлкен табысы – қалдықтарды энергияға айналдыру немесе энергияны қалдықтардан өндіру әдісі. Мұны жүзеге асыратын ең алғашқы зауыт Альберт Фрайердің жобасы бойынша Manlove, Alliott & Co., Ltd. компаниясымен 1874 жылы Ұлыбританияның Ноттингем қаласында салынды. АҚШ-та қалдықтарды өртейтін алғашқы зауыт Нью-Йоркте, Говернюс аралында 1885 жылы іске қосылды. Данияда қалдықтарды өртейтін бірінші зауыт Фредериксборг қаласында 1903 жылы салынды. Чехияда мұндай алғашқы нысан Брно қаласында 1905 жылы салынған болатын. Ал қалдықты өңдейтін кәсіпорындар өткен ғасырдың соңын ала өркендей бастады. Айталық, 2001 – 2007 жылдар аралығында қалдықтарды энергияға айналдыру қуаттылығы жылына шамамен төрт миллион тоннаға артты. Жапония мен Қытай тікелей балқытуға немесе қатты қалдықтарды қайнату қабатында жағуға негізделген бірнеше зауыттар салды. Қазірдің өзінде Қытайда қалдықты энергияға айналдыратын 50 зауыт бар. Жапония 40 миллион тонна көрсеткішпен әлемдегі ҚТҚ-ны термалдық өңдеудің ірі пайдаланушысы болып отыр. Бір айта кетерлігі, қазіргі таңдағы қалдық өңдейтін жаңа зауыттар стокер технологиясын пайдаланады, басқалары озық өтегі байыту технологиясын қолданады. Сонымен қоса, тікелей балқыту, Эбара флюидизация процесі және Термиялық-таңдау-JFE газдандыру және балқыту технология процесі сияқты біршама жаңа процестерді пайдаланатын жүзден астам термиялық тазарту зауыты бар. Грекияның Патрах қаласында Грек компаниясы жай әлеует көрсететін жүйені сынақтан өткізуді жақында ғана аяқтады. Бұл бастамалар қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу арқылы кіріс көзін молайту мүмкіндігін кеңейте түспек.

Десе де, жоғарыда айтқандай, шетелдерде тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу ісі осыдан бір жарым ғасырға жуық бұрын басталды. Қазіргі таңда ол елдер қоқыстың экологияға тигізетін зардабын түбегейлі жойып болып, енді экономикалық мүмкіндігін ұлғайтуға көшті. Сөзіміз дәлелді болу үшін өркениетті елдердің бірқатар тәжірибесін айта кеткеніміз жөн сияқты. Жапония астанасының тұрғындары 2020 жылғы Олимпиада ойындары медальдарын құюға ескі телефондарын өткізуге кезекке тұруда. Мұндай алғашқы акциялардың бірі жуырда Токио муниципалитеті ғимаратында өтті. Олимпиада ойындарын ұйымдастыру комитеті мен демеушілік көрсететін компаниялар телефондар үйіндісінің астында қалды.

Ұйымдастыру комитеті ұялы телефондар мен ескі тұрмыстық техникалардан 40 киле алтын және әрқайсысы 3 тоннадан күміс пен қола алуды жоспарлап отыр.

– Біз қоғамда ұзақмерзімді даму идеясын насихаттау және тұрғындардың «Олимпиада 2020» ойындарына тікелей атсалысуын қамтамасыз ету мақсатында осындай бастама көтердік. Сіздің ұялы телефоныңыз Олимпиада медалінің бір бөлшегі болуы мүмкін деген идея қоғамның спортқа деген ынтасын арттырды, – дейді Токио губернаторы Юрико Коикэ.

Шикізат ретінде жиналған телефондар тиісті өңдеуден өткізілген соң олардан Олимпиада және паралимпиада ойындарына арнап 5000 медаль соғылады. Сәуір айында ескі электроника құралдарын қабылдайтын осындай тағы 2400 орын ашылатын көрінеді.

Малайзиялық суретші Рэд Хонг Йи (Red Hong Yi) елді елең еткізерлік туындыны жұртшылық назарына ұсынды. Ел назарын ерекше аударған портрет «Teh Tarik Man» деп аталады. Оған кәдімгі шайдың пакеттері пайдаланылған. Суретші оларды бояп, түрлі кейіпке енгізіп, өз дүниесін жасап шыққан. Бұған 20 мың дана боялған шай пакеттері жұмсалған.

Ресейдің қоқыс пен әйнек шөлмектер шашылып жататын жағажайы тамаша демалыс орнына айналды. Қатты толқын әйнек бөтелкелерді мүжіп, олардан әдемі "бұйымдар" жасаған. Владивосток маңындағы жағажай бір кездері қоқыс тастайтын орын болған. Уақыт өте келе толқын әйнек шөлмектерден тамаша "бұйымдар" жасапты. Енді бұл жерге туристер ағылып келіп жатыр. Бір қарағанда жағажайдың маңында көптеген шырақ жанып тұрғандай көрінеді. Алайда бұл бар болғаны күнге шағылысқан әйнектің сынықтары. Бұрындары адамдар бұл жерден аяқ алып жүре алмайтын болған. Ал соңғы 10 жыл ішінде жағдай толықтай өзгерді десек те болады. Жергілікті тұрғындар бұл жерді "Әйнек жағажай" деп атап кеткен екен. Ресейдің билік өкілдері бұл жағажайдың қорғалатынын мәлімдеді. Сол жердің халқына жағажай маңына қоқыс тастауға тыйым салды. Түрлі түсті әйнектер жазда құмның үстінде жатса, қыста аппақ қардың үстінде жарқырайды. Жылдың төрт мезгілінде туристер үзілмейтін орынның ел экономикасына қаншалықты қаржы құйып жатқанын есептей беріңіз.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Тек өткен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды. Ықылым замандардан бері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келген ұлттық прагматизм санаулы жылда адам танымастай өзгеріп, ас та төк ысырапшылдыққа ұласты. Соның кесірінен, Жер-ана жаратылғаннан бері шөбінің басы тұлпарлардың тұяғымен ғана тапталған даланың барлық құнары құрдымға кетті. Түгін тартсаң майы шығатын мыңдаған гектар миялы жеріміз экологиялық апат аймақтарына, Арал теңізі аңқасы кепкен қу медиен шөлге айналды. Осының бәрі жерге аса немқұрайды қараудың ащы мысалы. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» деп айтылғандай, бүгінгі таңда еліміздегі, облысымыздағы экологиялық ахуал нашарлап барады. Оны бүгін қолға алмасақ, ертең кеш боламыз анық.

Мамандардың зерделеуінше, елімізде жыл сайын пайдалануға жарамды материалдық ресурстардан 500 мың тонна қағаз бен картонды, 300 мың тонна шыныны, 200 мың тонна металл мен 500 мың тонна пластмассаны қайта өңдеуге болады. Яғни, бұл қайта өңдеуге жарамды материалдық ресурстарды екінші рет пайдалануда үлкен әлеуеттің барын көрсетеді. Алайда, қайта өңдеу ісі толық жүйеге түспегендіктен бұл бағыттағы жұмыс ақсап тұр. Осы ретте елімізде тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау ісін 2020 жылға қарай 90, 2035 жылға қарай 100 пайызға жеткізу көзделуде. Сондай-ақ 2020 жылы санитарлық полигондармен қамтылу деңгейін 50 пайызға дейін жеткізу қарастырылған. «Жасыл» энергияны өндіру үлесін арттыру маңызды көрсеткіш ретінде орнығып, бұл тұрғыда биологиялық қалдықтарды қайта өңдеу кезінде жылу мен электр энергиясын өндіру үшін газ шығаруға ерекше мән беріледі. Бұл ретте «жасыл» энергияны өндіру бағытында пайдаланылатын қалдықтар үлесін 2020 жылы 5 пайыздан бастап, 2050 жылға қарай 30 пайызға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Ол үшін «Жасыл даму» бағдарламасы негізінде тұрмыстық қатты қалдықтарды басқарудың бірыңғай орталығын құру ұсынылды. Бағдарламаның бастапқы кезеңі үшін 52 млрд. теңге көлеміндегі бюджет шығыстары қарастырылып, республикалық бюджеттік комиссия тарапынан қолдау тапқан. Осыған орай, қоқыс өңдейтін зауыт құрылысын Ақтау мен Қарағандыда, ал жалпы, еліміздің тоғыз қаласында бастау жоспарланған. Сол қатарға Алматы облысы да енген болатын. Жасыратыны жоқ, біздің өңірде бұл іс кенжелеп тұр.

Облыс әкімі Амандық Баталов биыл облыс тұрғындары алдында берген есебінде осы жағдайды тілге тиек етіп:

«Облыста тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін зауыт жоқ. Жыл сайын облыс аумағына шамамен 800 мың тонна қатты қалдықтар шығарылады. Бүгінгі шығарылған қалдықтардың көлемі 8,4 млн. тоннаға дейін жетті. Осы уақытқа дейін қалдықтар полигоны толып кеткен және бұл мәселе дер кезінде шешуді қажет етеді», – деп өзекті мәселенің бар екенін және қай бағытта жұмыс атқаруымыз керек екендігін көрсетіп берді.

Бұл өңірімізде қайта өңдеу саласы мүлдем өркендемей қалды дегенді білдірмейді. Өкінішке қарай, кәсіпорындар тек өз қажеттілігіне қарай қайта өңдеу саласымен шағын көлемде ғана айналысуда. Ал өңір басшысының «облыста тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін зауыт жоқ» дегені қайта өңдеудің бизнестің бір саласы ретінде қалыптасып үлгермегенін меңзегені. Осы ретте, біз солардың бірқатарының өңір экономикасын өркендетіп, жұмыссыздық деңгейін азайтуға сеп болып жатқаны жайында айта кеткен жөн деп шештік.

Айталық, Қарасай ауданы Елтай ауылдық округіндегі лак және бояу шығаратын өндіріс ошағына финляндиялық «Tikkurila» компаниясы инвестиция салған. «Tikkurila» Финляндия, Швеция және Ресейдің қымбат бояулар нарығында көшбасшы болып саналады. Алдағы уақытта өндіріс өнімдері Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан және Өзбекстан сияқты мемлекеттерге экспортталмақ. Егер сұраныс өссе, өнім көлемін ұлғайтуға да дайын. Зауыт жылына екі миллион литр бояу өндіруге қауқарлы. Өндірістегі заманауи технология лак және бояудың мыңнан аса түрін шығаруға қабілетті. Қазір бұл компания он алты елде жұмыс істейді. Сапалы сүт өнімдерін шығаратын «Danone-Bercut» ЖШС-нің құрылысы өткен жылғы тамызда «Даму» индустриялдық-логистикалық орталығы аумағында басталды. Жалпы 5 гектар аумаққа орналасып, йогурт пен айранның жиырмадан астам түрін шығаруға бейімделген өндірістің жылдық қуаттылығы 12000 тоннаны құрайды. Жобаның жалпы құны 3068 млн. теңге, құрылыс жұмыстарына 80 адам тартылған. Ұйғыр ауданындағы жалпы аумағы 1,5 гектар жерге салынған Шонжы тері-жүн өңдеу зауытына инвестордың 800 млн. теңге қаржысы жұмсалыпты. Заманауи үлгідегі жабдықтармен жабдықталған өндіріс орны қой мен ірі қара терісін өңдеп, жүн жуатын болады.

«Қайнар-АКБ» ЖШС өткен жылы 1 миллион 700 мың аккумулятор батареясын өндіріп, рекордтық өнім шығарды. Өнімнің осы деңгейге жетуіне зауыттағы қайта өңдеу саласы барынша ықпал еткен. Зауыттың сапалы өнімі бұрындары ТМД елдері мен көршілес Ресей және Украинаға экспортталып келсе, ендігі уақытта Германия, Иран, Моңғолия және Араб біріккен әмірлігі сияқты шет мемлекеттерге сатылуда. Зауыттың қайта өңдеу саласы бойынша 2014 жылы 13.385 тонна, 2015 жылы 11.885 тонна, 2016 жылы 19 тонна, биылғы бірінші тоқсанда 7. 538 тонна аккумулятор өңделген. Бір ауысымда 5 адам жұмыс істейді. Олардың еңбекақысы 80 мың теңгеден жоғары.

Іле ауданындағы «Компания В» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында 6 пайызбен 33 миллион теңгеден астам несие алып, жаңа қондырғылар сатып алған. Қазіргі кезде зауытта тәулігіне 20 тонна, айына 750 тоннадан астам қағаз өңделеді. Қалдық негізінен Алматы қаласы және облыс аумағынан жинап әкелінеді. Шілде айында Қырғыз еліне 200 тонна өңделген қағаз экспортталған. Есік қаласында орналасқан «Электрокабель зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жылына 1000 километрге жуық кабель шығарады. «Colden and Young» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында 154 миллион теңгеден астам несие алып, ол қаражатты осы зауыттың құрылысына жұмсады. Одан бөлек 25 миллион теңге несие алып, айналымдағы қаржыны толтыруда. Осының арқасында өндіріс ауқымы кеңейіп, өнім көлемі артты. Ал «Алель Агро» акционерлік қоғамының «СейМар» сауда маркасы бойынша елеулі жұмыс атқарғанын білеміз. Олар 2012 жылы 20 мың тоннаға дейін сапалы өнім шығарған болатын. 2013 жылы бұл көрсеткіш 25 мың тоннаға жеткізілсе, өткен жылы 30 мың тонна өнім сатылымға жол тартты. Биыл 35 мың тонна өнім өндіру мүмкіндігі бар көрінеді. Ал, болашақта өндіріс көлемін 50 мың тоннаға жеткізу жоспары жасалынып-ты. «Эфес Қазақстан» компаниясы ел экономикасына 245 миллионнан аса АҚШ долларын инвестициялап, осы уақытқа дейін 40 миллиард теңгеден аса салық пен өзге де міндетті төлемдерді төлеген.

Қайта өңдеу саласындағы осындай жетістіктер өңір экономикасының дамуына ерекше серпін берді. Айталық, 2016 жылы өндірістің жылдық өсім деңгейі 2%-дық өсімді көрсетсе, оған облыстағы жұмыссыздық деңгейінің 2011 жылғы (өңірдегі қайта өңдеу саласы осы жылдан басталды) 5,1%-дан 4,8%-ға, ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен тұратын халықтың үлес салмағының 3,0-дан 2,1-ға дейін азайғанын қосайық. Демек, облыстағы осындай жетістікте қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорындардың үлесі аз болмағаны айдан анық. Мұның өзі бізде мол мүмкіндіктің болғанын айғақтайды. Жетпей жатқаны тынымсыз еңбек, ұзаққа бағдарланған жоспардың жоқтығы. Егер біздегі осы кемшіліктер түзетіліп, тұрмыстық қалдықты қайта өңдеу саласы ойдағыдай өркендесе, Елбасы айтқандай, «Қайта өңдеу саласын дамытудың бизнестің өміршеңдігін арттыратындығы» бесенеден белгілі.

Қажет АНДАС,
жоба жетекшісі.
Andas_Kazhet@mail.ru



ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ

Жаркент қаласындағы темір-бетоннан құрылыс материалдарын дайындаумен айналысатын «Сұңқар» ЖШС-нің өнім өндіре бастағанына 5-6 жыл болды.

Табыс еселене түсті

Жетісу

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Бетоннан ірге блоктар, су жолдарына, құбырларға қажет қуыс бетон бұйымдар, олардың қақпақтары, су жолдарына салатын дайын арықтар жасаумен және дайын бетон сұйығын дайындап берумен жұмыс бастаған жас кәсіпорын өндірген өнімінің сапасын жақсарту арқылы өндірісін өрге домалатып келеді. Нәтижесінде, бүгінгі күні Панфилов ауданындағы «Қорғас» ШМХО, «Алтынкөл», «Құндызды» теміржол бекеттері, «Құрғақ порт», Индустриялық және логистикалық орталықтар, «Байсерке-Агро» жылыжай кешені, Нүркенттегі екі 60 пәтерлі тұрғын үй және Жаркент қаласындағы орталық аурухана, Шолақай ауылындағы жаңа амбулатория құрылыстарына дайын бетон сұйығын, іргетас, төбе жабатын бетон құймалар дайындайтын негізгі кәсіпорынға айналып үлгерді.

– Бүгінгі күні, шағыл мен цемент араластырып қолдан әзірленген бетон сапа талаптарына жауап бере алмайды және құрылыс қарқынына кедергі келтіреді, – дейді «Сұңқар» ЖШС құрылтайшысы Закир Исмазов. – Мемлекеттік стандартқа сәйкес бетон арнаулы араластырғышта, қоспалардың тәзімділігі, сапасы компьютермен белгіленген жағдайда әзірленуі тиіс. Сондықтан, біз талапқа сай сапалы шағылдан, арнаулы орындарда әзірленген тас қиыршықтардан, шайылған құмнан, жоғары маркалы цементтен және өнімнің тәзімділігін жоғарылататын «Криопласт» химиялық қоспасын араластыру арқылы бетон дайындаймыз.

Серіктестік өткен жылы өндірісін кеңейтіп, бүгінгі таңда жергілікті тұрғындар арасында үлкен сұранысқа ие бетоннан жасалатын қуыс кірпіштер, үй ауласына және жүргіншілер соқпағына қалайтын өрнекті төсеніш, әртүрлі көлемді үй төбесін, көпірлер мен қораларды жабатын плиталар, электр бағаналарын, тағы басқа темір-бетон бұйымдар шығаруды қолға алыпты. Оларды құюға қажет жабдықтарды қытайлық кәсіпкерлерден келісімшарт арқылы алдырып, іске қосқан. Болашақта жоғары кернеулі электр желілеріне арналған бағандар жасауды ойластырып жатқан көрінеді.

Закир Шабазұлының айтуынша, алдағы уақытта бетон бұйымдарды булайтын жаңа цех ғимараты жасалады. Технологиялық стандартқа сәйкес зауыттан шығарылған барлық темір-бетон бұйымдар осы цехта талапқа сай дәрежеге жеткізіледі. Өндіріс қуатын арттыруға, алға басуға қажет жұмысшы күші мен техникалары жеткілікті. Серіктестікте жалпы 30-дан астам арнаулы техника бар. Олардың арасында дайындалған бетон сұйығын құрылыс объектісіне жеткізіп беретін арнаулы көліктер тоқтаусыз қызмет атқарады. Қазір зауытта мамандығына байланысты арнаулы орта оқу орындарын тамамдаған 30 жас жігіт еңбек етіп жүр.

Жаздың шыжығын ыстығында, қыстың аязды күндерінде темір-бетон бұйымдарын дайындау оңай емес. Алайда бұл зауытта алғашқы сәттен еңбек ететін Оспан Арсланов, Рахим Юсупов, Евгений Улич, Андрей Шестаков, Олег Домоковичуте, тағы басқалар өндіріс технологиясын сақтаудың түрлі әдісін меңгерген. Осы мамандардың біліктілігінің арқасында жас «Сұңқардың» жұмысы уақыт өткен сайын жанданып келеді.

Жаркент қаласы.



▼ Бұл басылым Еуропалық Одақтың қолдауымен әзірленген. Басылымның мазмұны автордың жауапкершілігіне жатады және Еуропалық Одақтың көзқарасын білдірмейді.

Жетісу
1918–2017

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

КҮРЕТАМЫР



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

ЖАҢҒЫРУ жазудан басталады

Дәйекшесі мен нүктесі, ноқаты мен ілгегі бар жаңа әріп ойлап табудың қажеті жоқ. Қазақ тіліне тән дыбыстар компьютердің пернетақтасында орналасқан классикалық латын графикасына әбден лайық. Жуырда Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық координациялық-әдістемелік орталығы осындай үлгідегі 25 әріпті жаңа әліпбиді парламенттік тыңдауға ұсынды. Бүгінде тыңдауда қаралған жаңа жоба, әсіресе, әліпби құрамындағы қосарланған дауысты дифтонгтар ел арасындағы басқосуларда қызу талқыға түсуде. Ұсынылған жаңа графикаға қатысты пікір білдірген сондай келелі жиынның бірі «Латын әліпбиі: жаңғыру жазудан басталады» деген тақырыппен Тіл сарайында жалғасын тапты.

Жетісу
Қуаныш ТҰҢҒАТАР

Елбасы жыл соңына дейін қазақ тілінің латын әліпбиіндегі стандартын қабылдауды тапсырды. Сондай-ақ, жаңа графика пернетақтадағы ағылшын әріптеріне негізделген дәйекшесіз, ноқатсыз әліпби болу керектігін айтты. Облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың ұйытқысымен өткен жиында Ассамблея мен түрлі ұйым мүшелері, мекеме қызметкерлері, өңірдің зиялы қауым өкілдері өз пікірлерін ортаға салды. Жиынды облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма басшысы Айдар Башбаев жүргізді. Өз сөзінде ол латын әліпбиіне көшу – Елбасымыздың алға қойған маңызды міндеттерінің бірі екендігін тілге тиек етіп:

– Парламенттегі тыңдауда қазақ тілін латын әліпбиіне көшіруді жаңа нұсқасы ұсынылды. Біздің міндетіміз ел дамуы үшін ұсынылып жатқан ұлы идеяларды тек түсінумен шектелмей, олардың іске асуына белсене атсалысуымыз қажет, – деді. Келелі жиынның келесі сөзі облыстық «Жетісу» газеті бас редакторының міндетін атқарушы Нүсіпбай Әбдірахымға берілді. «Кез-келген бастаманың сәтті жүзеге асуы үшін оған қоғам тарапынан сұраныс болуы керек. Ал латын қарпіне көшуге қатысты мәселе қоғам тарапынан зор қолдауға ие. Өздеріңіз жақсы білесіздер, халқымыздың әліпбиі бірнеше рет өзгерді. Көне түркі таңбасын былай қойып, қазақтар он екі ғасыр бойы араб жазуын пайдаланып келді. Тарихымыздың қаншама бөлігі, үлкен қатпары араб жазуымен жазылған еді. Кейін А. Байтұрсынұлының реформасы негізінде төте жазуға көштік. Төте жазудан кейін аз уақыт латын әліпбиі қолданылып, бірден кириллицаға ауыстық», – деп қазақ жазуының тарихын қайта парақтаған Нүсіпбай Додабайұлы өз сөзін: «Латын әліпбиіне өтуіміз керек – ол анық дүние. Талқылау басталды. Ендеше, мұны көпшілік болып қолға алып, қолдауға тиіспіз. Ұсынылған әліпби нұсқасында әлі де жетілдіретін, өзгертетін, мәселелер бар сияқты. Ол жайында түрлі ұсыныстар да айтылып жатыр. Қандай жағдайда да көпшіліктің пікірімен санасу керек деп ойлаймын. Біз нақты тәуелсіздікке қол жеткіздік, ал латын әліпбиіне көшу – рухани тәуелсіздікке қол жеткізуге жасалған алғашқы қадам», – деп түйіндеді.

Мұнан кейін сөз алған облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбайұлы латын әліпбиіне көшу ұлт үшін қажетті бастаманың бірі болып табылатынын, ҚР Парламентіндегі алқалы жиында айтылған ұтымды ойлар мен ұсыныстар ел үшін жасалып жатқан игі қадам екендігін тілге тиек етіп, бұл жұмысты тиянақтылықпен, жауапкершілікпен жүргізу керектігін алға тартты. Жиында облыстық «Тіл» оқыту-әдістемелік орталығының директоры Әлмұхамбет Иманбақов, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Светлана Гаитова, «Жаңғырудың жаңа белесі» атты ақпараттық насихат тобының мүшесі Қажет Андас, «Алматы облысының өңірлік коммуникациялар қызметі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысы Данияр Жаныс сөз алып, өз ойларын ортаға салды.

КӨГІЛДІР ОТЫН

Өткен жылдың соңына қарай «Алматы – Талдықорған» магистральді газ құбырын тарту жұмысы ресми аяқталып, облыс орталығын газдандыру жұмысы басталған болатын. Осыған орай, республикалық және жергілікті бюджеттен қомақты қаржы бөлініп, қаланы төрт кезең бойынша көгілдір отынмен қамтамасыз ету көзделген.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

ГАЗ ҚЫЗЫҒЫН КӨРЕДІ

Жетісу
Қажет АНДАС

Десе де, жыл соңына таяған сайын тұрғындар арасында түрлі әңгіме шыға бастады. «Қаланы газдандыру жұмысы уақытында бітпейтін көрінеді» деген күдік-күмәнға толы пікірлерді де естіп қалып жүрміз. Сонымен қатар, газ құбыры тартылған аумақтың тұрғындары да әне-міне газ келіп қала ма деп қыстық дайындықтың қамына кіріспей қамсыз отыр. Олар: «Газ уәделі уақытында берілмесе қыста қысылып қаламыз ба?» – деп алаңдаулы. Жұрт күдігін сейілту үшін жұмыс алаңына барып, газ тарату кешендерін аралап көрдік.

Жоба бойынша жоғары қысымды магистральдан бөлініп алынған газ 22 қосу нүктесі арқылы қаланың төрт бұрышындағы тұрғын үйлерге жеткізіледі. Бүгінде жоспар бойынша 7 газ қосу кешенінің жұмысы жүріп жатыр. Қазір қалааралық құбырдың 1, 2, 3-ші газ қосу кешенінің жұмысы аяқталып, газ жіберілді. Кеше ғана 530 дм. жоғары қысымды қалааралық жүйелік газ құбырының 1 және 7-ші жоғары қысымды газ қосу кешені Ескелді би және Жансүгіров көшесінің қиылысында қосылды.

– Ұзындығы 170 шақырым газ құбырын жерастына төсеу жұмысы біздің компанияның еншісінде. Қазір оның дені төселіп, газ магистраліне қосылып, құбырға көгілдір отын жіберілді. Жұмыс жоспарланған уақыт шегінде орындалып жатыр. Алдағы қазан айына дейін үш газ қосу кешеніне құбыр тарту жұмысы аяқталып, тұрғын үйлерге газ тарту жұмысы басталады, – дейді газ құбырын төсеу жұмысына жауапты мердігер «Ақниет БН» ЖШС жоба жетекшісі Александр Петлин.

Айта кетерлігі, қаламыздағы газ құбырын төсеу жұмысымен үш ірі компания айналысады. Ал «Ақниет БН» ЖШС өзіне тиесілі бөліктегі газ құбырын төсеп болғаннан кейін тұрғын үйлерге газ тарту жұмысын «КазТрансГаз аймақ» ЖШС атқарады. Аталған компания өкілдерінің айтуынша, олар қазірдің өзінде құбыр тартылған көше бойларына газ бөлетін сандықшаларды орнатып, тұрғын үйлерге кіретін газ желісі құрылысын бастап кеткен. Тек газ тартуға ресми рұқсат алатын құжаттандыру жұмыстары бітпегені қолды байлап тұрған көрінеді.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы қазан айына дейін тұрғын үйлерге газ тарту жұмысын облыстық әкімдіктің балансынан «КазТрансГаз аймақ» ЖШС еншісіне беруге қатысты заңдық құжаттар толық аяқталатынын алға тартты. Демек, келесі айдан бастап, Ескелді, Абылайхан сияқты бірқатар көшенің тұрғындары көгілдір отынның қызығын көрмек.

«БАЛАПАН»

Шаттық мекені

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі бойынша іске қосылған балабақшалардың саны бойынша Алматы облысы өзге өңірлерден озық тұр. Былтыр Жетісу жерінің жұртшылығы 200 балабақшаның ашылуына куә болып, мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің тиімділігіне көз жеткізді. Осыған орай облыстың аудандары мен қалаларында өз кәсібін жүргізіп отырған кәсіпкерлер мемлекеттік тапсырыс алуға көптеп сұраныс білдіруде. Ұйғыр ауданының орталығы Шонжы селосында былтырғы жылдың соңында ашылған «Балдырған» балабақшасы сондай мекеменің бірі.



Жетісу
Мәди АЛЖАНБАЙ

Балабақша меңгерушісі Раиса Тұрсынбекқызы өмірін ұстаздыққа арнаған жан. Зейнеткерлікке шыққан соң 40 жылдық тәжірибесін тиімді пайдалануды ойластырған ол отбасылық кәсіп ретінде балабақша ашуды жөн көріпті. Өйткені, ауыл тұрғындары үшін ең алдымен балабақшаның қажеттігі алдыңғы орында тұрған.

– Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2010 жылғы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында айтылған мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде балабақшаның ғимаратын сатып алып, жұмыс істеп отырмыз. Зейнет жасына жеткен соңда өмір бойы жинаған іс-тәжірибемді өскелең ұрпақтың тәрбиесіне жұмсауды жөн көрдім, – деген Раиса Қойшыбаева былтырғы жылдың соңында, Тәуелсіздік күні қарсаңында ашылған балабақшаның жұмысын таныстырып өтті.

– Балабақшада 3 топ бар. Оның екеуінде 3-5 жас аралығындағы сәбилерге қазақ және орыс тілдерінде тәлім беріледі, үшіншісіне 2 жастан 3 жасқа дейінгі бүлдіршіндер тобы кіреді. Балаларға төрт уақыт тамақ беріледі. Біз үшін ең бастысы табыс табу емес, болашақ өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне үлес қосу. Сол үшін оларды жақсы тамақтандырып, денсаулығының мықты болуын қадағалаймыз. Дәрумендер мен жеміс-жидектерді уақтылы беріп, мерзімінде үйқыға жатқызамыз. Үйқыдан тұрғанда аяқтарына массаж жасатып, салқын сумен жуындырамыз. Дене шынықтыру жаттығуларын жасайды. Сонымен қатар, балалардың тілінің шығуына, ойын еркін жеткізуіне, тіл байлығының қалыптасуына баса көңіл бөлеміз. Мектепке дайындық ретінде бүлдіршіндердің қазақ, орыс тілдерін еркін меңгеруіне ықпал жасап, ағылшын тілін вариативті топта үйрену үшін білікті мұғалімдерден сабақ алуына мүмкіндік қарастырып отырмыз. Музыка, қолөнер сыныптарында да білікті ұстаздар сабақ береді.

Әр бала үшін ата-анасы ай сайын 10 мың теңге төлейді. Бұл үлкен қалалармен салыстырғанда ең төменгі сома саналады. Еліміздің болашағын тәрбиелеуді мақсат еткен балабақша ұжымында 22 адам жұмыс істейді. Оның 9-ы тәрбиеші болса, қалғаны күзетші, жүргізуші, бухгалтер, шаруашылық меңгерушісі сияқты мамандар. Еліміздегі стандарттау саласы бекіткен ережелерге сәйкес әр баланың ұйықтайтын, ойнайтын жері балабақша ғимаратының 1-1,5 шаршы метріне тең болуы тиіс. Осы үдеден шыққан «Балдырған» балабақшасы ашылғанына жыл толмаса да көпшіліктің ықыласына бөленіп отыр.

Шонжы ауылы, Ұйғыр ауданы.

МҮГЕДЕК: ҚОЛДАУ МЕН ҚОРҒАУ

Оңалту орталығындағы оңды істер

Мүмкіндігі шектеулі балалардың өмірге келуі шын мәнінде отбасын психологиялық өзгерістерге алып келеді. Ауытқушылығы бар бүлдіршіндердің отбасында алғашқы күннен бастап ата-анасының ұнжырғасы түсіп, қоғаммен қатынас аясы тарылады. Кей жағдайда отбасылық қарым-қатынастың бұзылуына әкеп соқтырады. Сондықтан, мұндай балаларды тәрбиелеуде ата-аналарға тек педагогтардың ғана емес, арнайы мамандардың да көмегі қажет.

2010 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Үміт» күндізгі болу орталығында бүгінде 42 бала арнаулы әлеуметтік қызмет алуда. Олардың 28-і ер бала, 14-і қыз бала. Балалардың ынталары мен қабілеттеріне байланысты 3-5 адамнан топтар құрылған.

Мекемеде дефектолог, психиатр, балалар дәрігері, медбике, массажист, әлеуметтік қызметкерлер, музыкалық жетекші, еңбек пәнінің мұғалімі, мәдени ұйымдастырушы, тәрбиешілер, дене шынықтыру мұғалімі және бөлме санитарлары жұмыс атқарады.

Кембағалдарға қызмет көрсеткен 7 жыл ішінде бұл мекемеде жұмыстар оң жолға қойылды. Қазіргі таңда мекеменің әр қызметкері баланың қабілетіне қарай жеке жұмыс істейді. Орталықта балаларды күніне 3 кезеңмен тамақтандырады. Орталықта сенсорлық бөлме жұмыс істеп тұр, балалардың ой өрісін дамытуға арналған дидактикалық құралдар да жетерлік. Балақайлар онда шамалары келгенше би билеп, ән салады. Әр мерекеге арнап іс-шара өткізеді. Ал біз өз кезегімізде ұл-қызымыздың жетістігіне қол соғып, қуаныштан көзімізге жас үйіріледі. Оңалту орталығына келген балаларымыз киімдерін өздері киюді, ас ішкенде де өзге адамның көмегінсіз тамақтануды, үй шаруасына көмектесуді, сөйлегенде жекелеген әріптерді анық айтуды, тіпті, жүре алмайтындар өз еркімен жүруді үйренді. Мұның барлығы оңалту орталығының қолы шипалы, жүректері кең қызметкерлерінің еңбегі. Сондай-ақ, оңалту орталығы мүмкіндігі шектеулі балалардың ортаға бейімделуіне, дамуына ғана емес, ата-аналарына да көп көмегін тигізіп отыр. Себебі, орталық ашылғаннан бері талай ата-ана жұмысқа шығып, еңбек етіп жүр.

Қазіргі таңда өз істерінің майталманына айналған әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, еңбек мұғалімі, тәрбиешілер, дефектолог, логопед, психолог сенімді мамандар ұжым мақтанышы. Мекемені басқарып отырған Әлия Садықова Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жолында ұжымды бір кісінің баласындай етіп, ортақ іске жұмылдырып, алдыға нақты мақсат қойып отырғаны ұжымның ертеңіне деген сенімін нығайта түсуде.

Жұлдыз ТАЗАБЕКОВА, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Үміт» күндізгі болу орталығының заңгері.
Көксу ауданы.

ОЙ-ӨРІМ

- *Ана сүті бой өсіреді, Ана тілі ой өсіреді.*
- *Ана тілің алтыс тілге татиды.*
- *Ғылым – теңіз, білім – қайық.*

МҮШӘЙРА

Жыр арқауы – ТАЛДЫҚОРҒАН

Талдықорғандағы Қала күні мерекесіне орай жазба ақындар мүшәйрасы өтті.

Шараның басты мақсаты – Жетісудың кіндік қаласының өсіп-өркендеуін, тамаша табиғатын ақындардың шұрайлы тіл, кестелі ой, көркем сөзі арқылы насихаттау. Сондай-ақ, жас қаламыздың тарихын, мәдени ошақтарын өлең өрнегіне айналдыру.

Дәстүрлі жыр додасына 22 ақын қатысты. Олар өздерінің бұрын еш жерде жарық көрмеген тың туындыларын оқыды. Жетісу өлкесіне танымал ақындардан құралған қазылар алқасы үздік өлеңдерді сұрыптап, жеңімпаздарды анықтады. «Бақ қала – Талдықорған» жыр мүшәйрасында «Талдықорғанның ауасы» өлеңінің авторы, облыстық филармонияның М. Төлебаев атындағы халық аспаптар оркестрінің мүшесі Азамат Нұрмұханов топ жарып, 1-орынды қанжығалады. Екінші орынды «Ару қала» өлеңінің авторы, Ескелді аудандық «Жетісу шұғыласы» газетінің тілшісі Мағрипа Сандуғаш иеленді. Үшінші орыннан «Талдықорған – бақ қала» өлеңінің авторы, өңірімізге белгілі ақын Жангелді Немеребаев көрінді.

Одан бөлек, Салтанат Құмархан, Мұхтар Күмісбек, Есейбай Нұрболат, Медет Жұмабаев, Гүлнұр Оразбайқызы сынды ақындар ынталандыру сыйлықтарына ие болды. Өзге де үміткерлердің барлығы да арнайы дипломдармен марапатталды.

Осы мерекенің жалғасы ретінде қаламызда «Жайнай бер, менің қалам – Талдықорған» атты жыр кеші өтті. Шараға мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттері қатысты. Олар қаламыздағы Мұқағали Мақатаев ескерткішінің алдына жиналып, патриоттық тақырыптағы өлең-жырларды оқыды. Алып тұлғаларға арналған әндерді орындап, халықтың қошеметіне бөленді. Сонымен қатар, ескерткіштің тарихы туралы да мол мағлұматтар айтылды.

Қабыл ИСА.

БІЛГЕНІҢІЗ АБЗАЛ!

ҰНАМАҒАН ТАУАРДЫ айырбастауға немесе қайтаруға бола ма?

Тұтынушы тауар таңдауда қателесуі мүмкін. Мәселен, сіз жаңа киім сатып алдыңыз. Ол киіміңіз шақ келмеді немесе үлгісі жараспады. Енді не істеу керек? Мұндай тауарды айырбастап, қайтаруға бола ма? Әрине. Тек, бұл заң негізінде жүзеге асырылады.

Мысалы, сіз дүкеннен көйлек сатып алдыңыз. Ол ұнамай қалды. Келесі күні сатушыдан басқа көйлекке айырбастап беруін немесе кері қайтарып алуын және төленген ақшаны қайтаруын сұрайсыз. *«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 14-бабының 1-тармағына және 30-бабының 1-тармағына сәйкес егер тиісті сападағы азық-түліктік емес тауар пайдаланылмаса, оның тауарлық түрі, тұтынушылық қасиеттері, пломбалары, заттаңбалары, сондай-ақ, тауарды сатып алу дерегін растайтын құжат сақталса, егер шартта негұрлым ұзақ мерзім белгіленбесе, тауар сатып алған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде сатушы (дайындаушы) оны айырбастауды немесе қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.*

Сатушы тұтынушы үшін қажетті көйлекті таба алмағандықтан оны кері қайтарып алды және тұтынушыға ақшасын қайтарып берді. Бірақ, белгілі бір ерекшеліктерді ескерген жөн. Мысалы, тиісті сападағы заттардың бәрін бірдей қайтарып беру мүмкін емес. Ауыстыруға немесе қайтаруға жатпайтын заттардың белгілі бір тізбесі және сатушының да тиісті сападағы затты қайтару кезінде өз міндеттері бар. Мәселен, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 30-бабы 1-тармағына сәйкес, дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, іш киімді, шұлық-ұйық бұйымдарын, жануарлар мен өсімдіктерді, метрлеп сатылатын тауарларды, атап айтқанда, барлық түрдегі талшықтардан жасалған маталарды, тоқыма және перделік кенеп матаны, жасанды теріні, кілем бұйымдарын, тоқыма емес материалдарды, ленталарды, шілтерді, таспаны, сымдарды, бауларды, кабельдерді, линолеумды, багетті, пленканы, клеенканы қоспағанда, егер тиісті сападағы азық-түліктік емес тауар пайдаланылмаса, оның тауарлық түрі, тұтынушылық қасиеттері, пломбалары, заттаңбалары, сондай-ақ тауарды сатып алу дерегін растайтын құжат сақталса, сатушы (дайындаушы) оны айырбастауды немесе қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.

Ал егер тұтынушы тарапынан тауарды айырбастап, қайтару жағдайы талап етілсе, ол да өз міндеттерін білуі керек. Заңда көрсетілгендей, айырбастау және қайтару үшін тауардың заттаңбалары, сондай-ақ, тиісті сапалық түрі сақталуы қажет. Егер зат барлық өлшем жағынан Сізге тура келетініне жүз пайызға сенімсіз болсаңыз, барлық тауарлық белгілерді алып тастауға асықпай заттаңбасымен бірге киіп өлшеңіз. Себебі, мұндай жағдайда Сіз затты айырбастап немесе қайтарып алуға сенімді боласыз. Бірақ, тұтынушы сатып алған затын пайдаланып, соңынан қайтарып беруге құқысы жоқ. Заңда анық жазылғандай, пайдалануда болмаған зат қана айырбастауға және қайтаруға жатады.

Егер сатушы Сіздің затты пайдаланғаныңызды дәлелдесе, онда заңды негізде оны айырбастаудан немесе ақшаны қайтарудан бас тарта алады. Тағы ескеретін жайттың бірі – тауарды сатып алғаннан кейін міндетті түрде тауар чегін сақтап қойыңыз. Оны сақтау мерзімі сатып алу және кепілдік мерзіміне байланысты болады. Бұл сақтық шаралары көптеген қиындық пен келеңсіз жағдайлардан құтқарады және заттың осы сатушыдан белгілі күні сатып алынғанын дәлелдеуге мүмкіндік туғызады. Бұл өте маңызды. Тиісті сападағы затты сатып алған кезден бастап 14 күн ішінде қайтара аласыз. Сондықтан, осы айтылғандарды ескере отырып, тауарды сатып алу кезінде және оны таңдауда мұқият болғаныңыз дұрыс.

Тұрсынбай ГАЛИНОВ, табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің облыс бойынша департаментінің басшысы.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№34 (18454)

Бейсенбі, 29 наурыз, 2018 жыл.

■ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Алматы облыстық Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы өтіп, онда Жетісу жерінің әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени дамуына қажетті бағдарламалар мен іс-шараларды жүзеге асыру нәтижесі таныстырылды.



БІРЛІКТІ ЖЕРДЕ БЕРЕКЕ ОРНАР

Алқалы жиынды ашып, жүргізіп отырған Қоғамдық кеңес төрағасы Әлихан ТОЙБАЕВ отырыста 3 мәселе қаралатынын жеткізіп, Қоғамдық кеңестің жаңарған құрамын таныстыру үшін алғашқы сөзді облыстық мәслихаттың төрағасы Сұлтан ДҮЙСЕМБІНОВКЕ берді. Жетісу жеріндегі жол, ауызсу, денсаулық сақтау, білім, қоғамдық қауіпсіздік сынды салаларға қатысты өзекті мәселелерді қарастыратын Қоғамдық кеңес мүшелерінің жұмысына сәттілік тілеген модератор одан соң Жетісу жерінің былтырғы жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты есеп беріп, осы жылға межеленген міндеттерді көпшілікке таныстыру үшін сөз кезегін облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВҚА** ұсынды.

Өз сөзін:

– Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері! 2017 жылы облыстың барлық негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері табысты іске асырылды. Экономика өсімі 2,7%-ды құрап, меншікті кіріс 24%-ға өскен. 527 миллиард теңге инвестиция тартылды, 26 мыңнан астам жұмыс орны құрылып, жұмыссыздық деңгейі 4,7%-ға төмендеген. Өнеркәсіпте өндіріс көлемі 2,9% өсіммен 750 миллиард теңгеден асты. «Индустриялық-инновациялық даму» бағдарламасының арқасында өңдеуші сектордағы өнім шығару 2 есеге өскен және қазір оның үлесі 85%-ды құрайды. Индустрияландыру картасы шеңберінде инвестициялар көлемі 319 миллиард теңге болатын 55 жоба іске асырылып, 8,7 мың жұмыс орны құрылды, – деп бастаған облыс әкімі жеткен жетістіктерді біртіндеп таныстырып шықты. Оның айтуынша, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауына сәйкес облыстағы 40 кәсіпорын инновациялық технологиялар мен цифрландыру жүйесін өндіріске енгізуде. Соған орай жаңа зауыттарда «Индустрия 4.0» элементтерін қолдану тәртібі қарастырылуда. Олардың қатарында Трансұлттық компаниялардың қатысуымен жүзеге асырылатын 9 жоба бар. Соның ішінде Ресей, Вьетнам елдерімен әріптестік негізде салынатын «Маревен Фуд» зауыты алғашқы жартыжылдықта іске қосылады. Жергілікті шикізатты өңдейтін өндіріс орны 500 адамды жұмыспен қамтып, «Қазақстанда жасалған» брендімен жылына 24 миллиард теңгенің өнімін шетелдерге экспорттайды. Одан бөлек, жыл соңына дейін жүз елу жаңа жоба іске қосылып, 31 мың тонна құмшекер өндірілген. Енді биыл егістік алқаптарын 11 мың гектарға дейін ұлғайту және 400 мың тонна қант қызылшасын алу жоспарланып отыр. Бір сөзбен айтқанда, ауылшаруашылығында өсім мол, ілгерілеу басым. Мысалы, былтыр 100,2 мың тонна жеміс-жидек жиналып, мал басы өскен. Халықты таза етпен қамтамасыз ететін мал бордақылау алаңдары жұмыс істеп, ет өндеу көлемі ұлғайған. Одан бөлек, жұмыс орындары көптеп ашылып, шағын және орта кәсіпкерлік бойынша елеулі жұмыстар атқарылып келеді.

Алғашқы жартыжылдықта іске қосылады. Жергілікті шикізатты өңдейтін зауыттың іске қосу жұмыстары басталады. Толықтай автоматтандырылған «ақылды қойма» жүйесімен қамтылған зауытқа салынатын инвестиция көлемі 27 миллиард теңгеге тең. Сондай-ақ, немістің «Бауманн» компаниясы 30 мың тонна қой етін экспорттайтын жобаны жүзеге асыруға кіріседі. Осындай жобалар 2020 жылы өндірістік өнімнің көлемін 1 триллион теңгеге жеткізуге мүмкіндік береді. Жетісу жерінің басты бағыты ауылшаруашылығы болғандықтан дихандар өндірген өнімнің көрсеткіші күллі республика бойынша алдыңғы орында. Соның арқасында былтыр егістік алқабының көлемі 948 мың гектарға жетіп, 648 миллиард теңгенің ауылшаруашылық өнімі өндірілген. Олардың ішінде 1,3 миллион тонна дәнді дақыл, 293 мың тонна майлы дақыл, 1,8 мың тонна картоп, жеміс пен көкөніс алынған. Еліміздегі қант өндірісіне елеулі үлес қосқан Жетісу жерінің 9 мың гектардан астам алқабынан 334 мың тонна қызылша жиналып, 31 мың тонна құмшекер өндірілген. Енді биыл егістік алқаптарын 11 мың гектарға дейін ұлғайту және 400 мың тонна қант қызылшасын алу жоспарланып отыр. Бір сөзбен айтқанда, ауылшаруашылығында өсім мол, ілгерілеу басым. Мысалы, былтыр 100,2 мың тонна жеміс-жидек жиналып, мал басы өскен. Халықты таза етпен қамтамасыз ететін мал бордақылау алаңдары жұмыс істеп, ет өндеу көлемі ұлғайған. Одан бөлек, жұмыс орындары көптеп ашылып, шағын және орта кәсіпкерлік бойынша елеулі жұмыстар атқарылып келеді.

(Соңы 2-бетте).



Суреттерді түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ.

■ ӨҢІР

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

Бұл жолғы Үкімет отырысында күн тәртібінен тыс мәселелер қаралып, Шығыс Қазақстан облысында орын алған су тасқынына назар аударылды. ҚР Премьер-Министрі Бақытжан САҒЫНТАЕВ көп адам қаза тапқан Кемероводағы қайғылы оқиғаны да еске алды.

– «Өздеріңізге белгілі, наурыз айының ауа райы өте құбылмалы болып тұр. Тек, соңғы аптаның өзінде Астана қаласы мен Ақмола, Павлодар Ақтөбе, Қостанай, тағы басқа облыстарда күн райы бұзылып, жауын-шашынға ұласуда. Бұл туралы ескерту де жарияланды. Мәліметтер бойынша, алдағы күндері Оңтүстік Қазақстан мен Қызылорда облыстарында жаңбыр жауып, өзендер ернеуінен асуы мүмкін. Шығыс Қазақстан облысында жауын болады деп күтілуде. Бұған дейін Шығыста таудан аққан және өзендерден тасыған су бірнеше елді мекендерді басып қалды», – деп мәселені көлденең тартқан Үкімет басшысы аталған өңірдің қазіргі жағдайы мен осы бойынша қабылданып жатқан іс-шаралар жөнінде тереңірек білу үшін сөз тізгінін Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметовке ұсынды.

Жиында мәлім болғандай, ауа райы қолайсыздығының салдарынан Шығыс Қазақстан облысында екі жүзден аса тұрғын үй су астында қалып, су басқан үйлерден мың жарым адам қауіпсіз жерге көшірілген. «Қызыл жарты ай» қорының қызметкерлері бес жүзге жуық адамға қомақты қаражатқа материалдық көмек көрсетіпті. Наурыз айының басынан жиырма бесіне дейінгі аралықта аталған өңірде автокөлік жолдары мен су өткізу құбырларын екі рет су шайып, он жеті арнадан су тасыған. Бүгінде бұл мәселелер оң шешімін тауып, арналардан су тасу қаупінің алдын алу бойынша қажетті іс-шаралар қолға алыныпты.

Су тасқынына қарсы жүргізіліп жатқан жұмыстар мен гидрометеорологиялық болжамдар туралы ҚР Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Жанат Сүлейменов пен ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаев хабарлама жасады. Осы мәселелерге байланысты ой қорытып, апаттың айтып келмейтінін еске салып өткен Бақытжан Әбдірұлы аймақтар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне су тасқынына байланысты жағдайды ерекше бақылауға алып, зардап шеккендерге барынша көмек көрсетуді тапсырды.

Үкімет басшысы: «*Кемероводағы сауда орталығында болған жағдай бәріңізге белгілі. Онда көптеген адам қаза тапты. Оның жартысынан көбі балалар. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президентіне ресми түрде көңіл айтты. Біз де мұндай төтенше жағдайдан сабақ алуымыз керек*», – деді.

Осы орайда, Ішкі істер министрлігіне және өртке қарсы қызметтерге әкімдермен бірлесіп барлық сауда орталықтарына тексеру жүргізіп, қажетті шараларды қабылдау қажеттігі тапсырылды.

Бұдан соң 2015–2019 жылдарға арналған индустриялдық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың қорытындысы тыңдалып, мемлекеттік қала құрылысы кадастрының қызметі мен оны енгізу мәселелері баяндалды. Бірінші мәселе бойынша ҚР Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек, ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаев және ҚР Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов хабарлама жасады.

Онда белгілі болғандай, былтырғы қорытындыға сәйкес индустриялдық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы сәтті іске асырылып, 2015 жылмен салыстырғанда өңдеу өнеркәсібінің көлемі 5,7 пайызға өскен. Бұл көрсеткіш негізінен металлургия, мұнай өңдеу, химия өнеркәсібі, фармацевтика және азық-түлік өнімдерін өндіру салалары есебінен ұлғайған. Өңдеу өнеркәсібінің экспорты, өңдеу өнеркәсібіндегі инвестициялар көлемі де артқан. Соңғы үш жыл ішінде мемлекеттік бағдарлама аясында құны 3 трлн. -нан астам теңгені құрайтын үш жүзден аса жоба іске қосылып, отыз мыңнан аса тұрақты жұмыс орны құрылыпты.

Мұндай жұмыстар биыл да жалғасын тауып, жыл соңына дейін жүз елу жаңа жоба іске қосылып, он бес мың тұрақты жұмыс орны ашылмақ. Ендігі кезекте қазақстандық өңдеу өнеркәсібінің өнімдері 122 елге экспортталатын болады. Шетелдерге шығарылатын өнімдердің үштен бірі шикізаттық емес экономика секторына тиесілі. Қазақстандық өнімдерді Орталық Азия елдеріне тасымалдау 30 пайызға өскен. Жалпы отандық ауылшаруашылығы өнімдері шетелдерде үлкен сұранысқа ие. Бүгінде Ауғанстан, Біріккен Араб Әмірлігі, Иран елдеріне шығарылса, ет, құс өнімдері мен өсімдік майы және бал Қытайға жеткізіле бастаған. Жыл сайын 380 экспорттаушы қаржылық және сервистік қолдауға ие болады.

Энергетика желісі бойынша аталған бағдарлама шеңберінде алты ірі жоба іске асырылуда. Жалпы, индустриалдық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасының соңғы үш жылдық кезеңі жоспарлау сапасы, қол жеткен нәтижелер, әлеуметтік-экономикалық тиімділік бағыттары бойынша жүзеге асырылған.

Сондай-ақ, жиында қала құрылысының кадастры сәулет және құрылыс жұмыстарының ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіні айтылды.

ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлының сөзінше, соңғы жылдары елде қазақ тілін үйренуге құштарлық танытып жүрген азаматтардың қатары көбейген. Мәселен, былтыр 58 мыңнан аса адам мемлекеттік тіл курстарынан өтіпті. Мемлекеттік тілді оқып, үйренуге ынталанып жүрген мемлекеттік қызметкерлер де аз емес. Үш тілді қатар білгісі келетіндер де бар. Осы бойынша қазір қажетті іс-шаралар қолға алынып, тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Жиын соңында Үкімет басшысы жалпы аталған бағдарламалар бет алысының жаман еместігін айта отырып, өңдеу өнеркәсібін жандандыру, экспорттық әлеуетті арттыру, индустриаландыру картасының жобаларын іске асыру, халыққа қазақ тілін үйретін тегін курстар ұсыну, латын әліпбиіне көшуді жүзеге асыру мақсатында түсіндіру жұмыстарын одан әрі күшейту, осы бойынша іс-шаралар жоспарының уақытылы орындалуын қамтамасыз ету сынды мәселелерге назар аударып, салаға жауапты лауазымды тұлғаларға тапсырмалар жүктеді.

■ ӨҢІР

БАСПАНАМЕН ҚАМТИТЫН БАСТАМА

Қазір қол жеткен табыстарға тоқмейілсіп қарап отыратын уақыт емес. Тәуелсіз Қазақстан әлем мойындаған қуатты елге айналуы керек. Ол үшін халықтың әл-ауқаты жоғары болуы тиіс. Елбасы осы мақсатты көздей отырып, бес әлеуметтік бастамасын ұсынды.

Онда әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру, жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту, жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту, шағын несие беруді көбейту, елді газбен қамтамасыз етуді жалғастыру мәселелері айтылған.

– Біз соңғы жылдары қазақстандықтардың баспана алу мүмкіндіктерін кеңейту үшін көп нәрсе жасадық. 2017 жылы 11,2 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Дегенмен, оның өзі жеткіліксіз, әлі күнге дейін көптеген отбасы баспанасыз жүр. Бұл – айрықша әлеуметтік маңызы бар мәселе. Оның шешімін тұрғын үй ипотекасының қалың көпшілікке жаппай қолжетімділігін арттыру арқылы табуға барлық жағдай жасау керек. Жұмыс істейтін әрбір адам несиеге пәтер сатып алып, оны отбасылық бюджетінің мүмкіндіктері аясында төлей алатындай болуы үшін арзан ресурстар ұсынатын тетіктер қажет, – деген Н. Назарбаев бірінші бастамасында «7 – 20 – 25» деген бағдарламасын ұсынды. Бұл бағдарлама миллиондаған қазақстандықтың баспаналы болуына үлкен мүмкіндік туғызады деген сенім бар. Мәселен, несие өсімінің мөлшерлемесі қазіргідей 14–16 емес, жылына 7 пайыздан аспайтын болады. Қазір банктер бастапқы жарнаға баспана құнының 30 пайызына дейін, кейде тіпті 50 пайызын салуды талап етсе, бұл бағдарлама бойынша ол 20 пайыздан аспауға тиіс. Несие алушының ай сайынғы төлемін азайту үшін оның мерзімі 10–15 емес, 25 жылға дейін ұзартылды. Міне, мемлекет алдағы жақын күндері осындай түбегейлі әрі нақты шараларды қолға алатын болады.

Біз ел болашағы жастар үшін еңбек етіп, тер төктік. Қазір заман басқа дегенмен, ел де, жұрт та, бүгінгі жастар да өзіміздікі. Мен халқымның, оның ішінде қарақөз жастарымның «өз үйім – өлең төсегім» деп мақтанып, марқаятындай тұрақты өз баспанасы болуын тілеймін. Сондықтан баршаның, әлеуметтің игілігіне арналған ұтымды жобаларды қолдауға шақырамын.

Рая ИДРАЛИЕВА,
«Алматы облыстық жергілікті кәсіби агроөндірістік кешені және мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің одағы» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары

■ КӨКТЕМГІ ТАЗАЛЫҚ

ЕҢБЕГІНЕ ҚАРАЙ ӨНБЕГІ

Наурыз мерекесі қарсаңында облыс елді мекендерінде «Таза сейсенбі» атты тазалық акциясы өтті.

Қажет АНДАС
"Жетісу"

Расында, көктем шыға тазалық мәселесі күн тәртібіне қойыла бастайды. Өйткені, қыс бойы қалың қар астында жатқан күл-қоқыс, қатты тұрмыстық қалдықтар, тағы да басқа заттар қар кете жер бетіне шығады. Жол бойындағы, көше жағалауындағы сұрықсыз көріністер көзге шалынып, жайсыздық тудырады. Оны дер кезінде тазалап отырмаса экология мен қоршаған ортаның тазалығына, көркемдігіне залал әкеледі.

– Жыл сайын мереке қарсаңында өткізілетін санитарлық тазалау, абаттандыру және көгалдандыру жұмысы биыл да жалғасып, ең алдымен мемлекеттік мекемелер үлгі көрсетуде, – дейді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Нұрлан Шаяхметов.

Аталған акцияға талдықорғандықтар белсене атсалысты. Қаланың әр тұсын, мекеме ғимараттарын, тұрғын үйлердің ауласын, жол бойлары мен арықтарды қоқыстан тазартқандардың қарасы көп болды. Таң атқаннан кеш батқанша жүргізілген тазалық барысында қаланың көркі кіріп, қоқыстан тазарып, жаңа жайлылық сыйлады. Мұндай игілікті іс облыстың барлық елді мекенінде орын алды.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметіне қарағанда, биылғы «Таза сейсенбі» акциясына аудан мен қалалардан 277 135 адам қатысып, 71276 аула, ғимарат және тұрғын үй, 3746 көше, 1989 шақырым арық жүйесі мен 4090 шақырым жол тазартылыпты. Осы жұмыстарды нәтижелі орындауға 122 бірлік мамандандырылған техника тартылып, 12462 тонна қатты тұрмыстық қалдық шығарылған.

Көктемгі тазалық жұмыстары алдағы уақытта да жалғасады.

■ ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

Нақты тапсырма берілді

Ресейдің Кемерово қаласындағы ойын-сауық орталығының қызыл жалынға оранып, 64 адамның ажал құшқаны бүкіл әлемнің қабырғасын қайыстырды. Осы ретте облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВ өңіріміздегі ойын-сауық орталықтары мен сауда үйлеріндегі өрт қауіпсіздігі жайлы жиын өткізді.

Жиынды ашқан облыс әкімінің бірінші орынбасары: «Бұл шара облыс әкімінің тікелей тапсырмасымен өтуде. Ресейдегі оқиғаны естідіңіздер. Апат айтып келмейді. Облыс аумағында 3826 нысан бар. Оның елуі өрт орын алса қауіпті деңгейдегі нысан. Сондықтан өңірімізде төтенше жағдай орын алмас үшін сауда үйлерінде өрттің алдын алу шараларын, әр нысанның иелеріне өрт қауіпсіздігі жайлы түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек. Сондай-ақ, ірі сауда үйлерінің маңындағы заңсыз салынған нысандарды азайту керек», – деп ескертті.

Облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Юрий Чернышов: «Біз жыл сайын өңірдегі әр нысанға барып, өрт қауіпсіздігінің алдын алу шараларын жүргізіп, тексереміз. Жүргізілген тексеру барысында қуат пен жарық беретін электр тораптарын, өрт сөндіретін алғашқы құралжабдықтар мен автоматтық жүйелерді жіті қадағалаймыз. Мәселен, былтыр 40 ірі нысанның он сегізінде өрт қауіпсіздігінің талаптары сақталмаған. Оларға тиісті шаралар қолданылды. Сонымен қатар, азаматтық қорғаныс органдарымен бірлесе сауда үйлері мен ойын-сауық кешендеріне барып, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау және өрттің туындау жағдайында не істеу керектігі жайлы тәжірибелік жаттығулар жүргізілді. Ендігі тексеріс осы жылдың алғашқы жартыжылдығына жоспарланған», – деді.

Жиын соңында Лаззат Махатұлы мамандарға сауда үйлеріндегі қауіпсіздікті жіті бақылауда ұстап, өрт сөндіргіш техникаларының сақадай сай тұруы керектігін айтты. Сондай-ақ, қауіпті нысандарды арнайы тексеру керектігін тілге тиек етіп, бірқатар тапсырмалар берді.

А. НАЗАРҰЛЫ

■ ҚОНЫСТОЙ

ПӘТЕР КІЛТІ ТАБЫС ЕТІЛДІ

Ұлыстың ұлы күнінде Үшарал қаласында «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында бой көтерген бес қабатты тұрғын үй халық игілігіне беріліп, жиырма отбасы қоныстойын тойлады.

Салтанатты шарада сөз алған аудан әкімі Ә. Жақанбаев жиналғандарды төрден орын алған төл мерекемізбен құттықтап, баспаналы болу бақыты бұйырғалы тұрған азаматтарға пәтер кілттерін табыстады. Көптен бергі армандары орындалған тұрғындардың қуанышында шек жоқ. Бірінің жанарын қуаныштан жас торласа, екіншілері езулерін жия алмады. Қоныстойында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С. Байбазаров ақ батасын беріп, тұрғын үй лентасын қиды. Дәмі кетпеген дәстүріміз бойынша шашу шашылып, пәтер есіктері ашылды.

Қолданысқа берілген көпқабатты баспана Үшарал қаласының шығыс беткейінде құрылысы басталған шағын ауданның алғашқы нысандарының бірі. Аталмыш тұрғын үйдің инфрақұрылымы толықтай ретке келтірілген. Жарық тартылған, судан тапшылық жоқ. Жылу мәселесі де шешілген. Бас мердігер «Бағалы Алакөл» ЖШС ғимарат құрылысына соңғы үлгідегі әрі төзімді материалдарды пайдаланған. Көпқабатты үй жүзжылдық сынақтарға шыдас берердей тұрғызылған. Жобаның жалпы құны 137 миллион теңгені құрайды.

Бір айта кетерлігі, пәтер кілттері кезекте тұрған азаматтарға, ерекше күтімді қажет ететін жандарға, көп балалы аналар мен мемлекеттік қызметкерлерге табыстады. Бұдан бөлек, шағын ауданда жиырма, алпыс пәтерлі бірнеше тұрғын үй, мектеп ғимараттары бой көтермек. Сонымен қатар, осы маңда орталық саябақ (құны 338 миллион теңге) пен «Туған жер» бағдарламасы негізінде жерлесіміз С. Мыңбаевтың демеушілігімен спорт кешені (құны 550 миллион теңге) салынуда.

Алмат ЕСЕНБЕКОВ
Алакөл ауданы

Біз еліміздегі алуан түрлі мәдениеттің, барлық тілдер мен дәстүрлердің өркендеп келе жатқанын көріп отырмыз. Біз – біртұтас халықпыз, бір-бірімізді құрметтейміз әрі жақсы көреміз. Ортақ Конституция мен заңдарға бағынамыз. Бір-бірімізді құрметтеп, достық қарым-қатынаста болу – зор бақыт. Осы бірлігімізді сақтап, бақытымыздың қадірін білейік.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№48 (18468)

Бейсенбі, 3 мамыр, 2018 жыл.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Игілікке бастаған БЕС БАСТАМА

Астананың Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті XXVI сессиясы өтті. Биылғы жиын «Бес әлеуметтік бастама – қоғамның әлеуметтік бірлігінің тұғыры» тақырыбында өрбіді. Түрлі салада қызмет ететін 1500-ден астам адамның басын қосқан сессияға Елбасы – Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ қатысып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарған біртұтас мемлекет құрудың маңыздылығын әңгімелеп берді. Сондай-ақ, барша халықты қуантқан бес әлеуметтік бастаманың артықшылықтарын түсіндіріп, Ассамблеяға сегіз жаңа міндет жүктеді.

Қуаныш ТҰНҒАТАР,
"Жетісу"

Сессия шымылдығы мемлекеттік Гимнмен түрілді. Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – хатшылық меңгерушісі Леонид Прокопенко жиын тізгінін қолға алып, алғашқы сөзді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа ұсынды. Президент әуелгі сөзін жиынның тақырыбына тоқталудан бастады. Бүгінгі таңда бәсекеге қабілетті, дамудың даңғыл жолына түскен, өзге мемлекеттермен терезесі тең елдер ең алдымен әлеуметтік интеграцияға мән беріп отыр. Халықты әлеуметтік тұрғыда қамтамасыз ету бірлікті нығайтады, экономиканы өсіреді, біртұтас ұлтқа айналдырады. Қазақстан да осы жолға түсіп үлгерді. Сондықтан әлеуметтік бірлік саясатына ерекше көңіл бөлгеніміз абзал. Әлемде қаншама халық әлеуметтік жаңғыртудың жоқтығынан бірлігінен айырылып, болашаққа бағдар жасаудан шет қалып отыр. XXI ғасыр қауіп-қатердің бұрынғыдан да күрделене түскенін көрсетіп берді. Бұл ретте Қазақстан тек ынтымақ-бірлігімен ғана өзінің сара жолын салуы тиіс. Әлеуметтік саясат ел бірлігінің кепілі болатынына кеңінен тоқталған Мемлекет басшысы жуырда жариялаған бес бастаманы іске асырудың үш негізгі факторын да атады.

Оның біріншісі дағдарыстың туындау себебін дұрыс анықтай алмаумен байланысты. Мәселен, қазіргі таңда дағдарыстың шығуына егемен елдердің ішкі ісіне араласу басты себеп ретінде қаралған.

Алайда әлеуметтік бірліктің жоқтығын зерттеп, салдарына назар аударатындар некен-саяқ. Қазақстандағы бес әлеуметтік бастама ең алдымен әлеуметтік бірлікті нығайтуға бағытталған. Ал екінші фактор өндірісті роботтандыру, технологияны цифрландыру жұмыстары әлеуметтік-мәдени капиталдың қозғаушы күші болып саналғаны жөн. Осы орайда бес бастама елдің әлеуметтік потенциалын көтеріп қоймай, экономикамыздың да қарыштап дамуына оң серпін бермек. Үшінші тетік ұлттық саясатқа тікелей қатысты. Көпұлтты Қазақстанда әлеуметтік бастамалардың артықшылықтарын барлық азамат түсінуі тиіс әрі шарапатын көруі керек. Әсіресе, жастар үшін маңызы зор.

– Біз адам басына шаққандағы ішкі жалпы өнім көлемін арттыру үшін үлкен жолдан өттік. Ол 600 доллардан 10 мың долларға дейін көтерілді. Бұл – әлеуметтік капиталға салынатын инвестиция көлемін арттыруға мүмкіндік беретін база. Бір ғана мысал, биыл қаңтар айында Дүниежүзілік экономикалық форумда мемлекеттерді бағалаудың жаңа жүйесі енгізілді. Ол – ішкі жалпы өнімнің өсуіне және басқа да он бір параметрге байланысты болатын инклюзивті даму индексі. Бұл индекстің басты көрсеткіші – әл-ауқат деңгейі. Дамушы 74 елдің рейтингінде Қазақстан 15-орында. Меніңше, бұл лайықты нәтиже! – деді Президент.

Елбасы жиында бес бастамада неліктен баспана мәселесі басты орынға қойылғанын айтып өтті. «Бәріміз жайлы тұрмыс үшін баспананың алатын орнын жақсы түсінеміз, – деп жалғады сөзін Нұрсұлтан Әбішұлы. – Жұмыс істей алатын кез келген азаматтың жаңа талап бойынша ипотекаға қол жеткізе алуы айрықша маңызды. Бұл дегеніміз – біздің миллиондаған азаматымыз! Олар мерзімі 25 жылға дейін ұзартылған арзан ипотека ала алады. Осыған орай, бастапқы жарна 20 пайыздан аспайтын болады. Ал бұрын бұл 50 пайыз болған еді».

Бес әлеуметтік бастаманың басымдықтарын жекежеке түсіндіріп берген Президент бөлінетін қаржы көлемін де жасырған жоқ. Бастамаларды жүзеге асыру үшін мемлекет тарапынан 2,6 триллион теңге қарастырылған. Сессияда жаһанда ушығып тұрған экстремизм, терроризм, экономикалық санкция мәселелері де көтерілді. Қазақстан әлемдік сын-қатерлерге қалай төтеп беруді жақсы біледі әрі татулығымен, бірлігімен өзге мемлекеттерге үлгі. Сөз соңында Елбасы Ассамблеяға қазақстандық этностардың мәдениетін дамыту, әлеуметтік бірлік шеңберінде үкіметтік емес ұйымдарға берілетін гранттардың тақырып аясын кеңейту, бес бастаманың ғылыми жобасын әзірлеу, Ассамблеяның даму жоспары мен Концепциясын жетілдіру, қайырымдылық жұмыстарын жалғастыру, жаңғыруға жастарды тарту, бюджетті тиімді пайдалану, Астанада Достық үйін ашу, ақпарат кеңістігінде бейбітшілік тақырыбында әлеуметтік бейнематериалдар дайындау, кітаптар мен мақалалар әзірлеуді жүйелі үйлестіру бағыттарында барлығы сегіз міндет артты.

Президенттің баяндамасынан кейін Ингушетия Республикасының Тұңғыш Президенті Руслан Аушев, ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев бастаған түрлі мекеме өкілдері мен студенттер сөз алып, жылы лебіздерін жеткізді. Сессия соңынан Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының жаңа орынбасарлары тағайындалды. Олар – «Lituanica» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Виталий Тварионас пен меценат Исламбек Салжанов. Жиын соңында Үндеу қабылданып, шара концерттік бағдарламамен жалғасты.

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

Еліміздің өркендеп, дамуы, болашаққа қарышты қадам басуы ең алдымен тыныштыққа, тұрақтылыққа, риясыз ынтылас-пейілге байланысты. Осынау асыл құндылықтар алдыңғы орынға шыққан жерде өркенді істер өрістеп, көрушінің көңілін қуантады.



БІРЛІК ТҰҒЫ – БЕРЕКЕ



Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

Мәди АЛЖАНБАЙ,
"Жетісу"

Дала төрінде 100-ден астам этнос өкілдері бір шаңырақта бірлікте өмір сүруде. Мұның бәрі Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың әлем мойындаған оң саясатының жемісі. Елбасымыз әлемде теңдесі жоқ қоғамдық институт – Қазақстан халқының Ассамблеясын құрды. Оның қызметінің аясында елімізде тұратын әрбір этнос өкілінің өз тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпын ұстанып, өркендетуге мол мүмкіндік жасалуда. Күні кеше Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVI сессиясында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы: «Ассамблея құрылған күннен бастап еліміздегі мызғымас бірліктің ұйытқысы, сарқылмас берекенің бастауы болып келеді. Бүгінгі күні ол – еліміздің татулығы мен тұрақтылығының ең басты кепілі» деп бұл орайда атқарылған жұмыстарға жоғары баға берді. Президентіміз наурыз-да жариялаған «Бес әлеуметтік бастаманы» қоғамның әлеуметтік бірлігінің тұғыры деп атап, оны жүзеге асыруға Ассамблея арқылы бүкіл халықты жұмылдыруы да тегін емес. Халқымызда «Саусақ бірікпей ине іліктейді» деген мақал бар. Әр істі тілге, дінге, ұлтқа бөлінбей, бір адамдай атқарсақ, біз тек биіктен көрінеміз. Ел абыройы асқақ болады. Ардақты ағайын! Тұрақтылық пен келісім, достық пен татулықтың мерекесі құтты болсын! Баршаңызға зор денсаулық, баянды бақыт тілеймін! Отанымыздың, Мәңгілік Еліміздің мерейі үстем, болашағы жарқын болсын! Мақсаты бір, мүддесі ортақ халқымыздың бірлігі арта берсін!

Мерекеге арналған шара аясында Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның, «Талдықорған әуендері» фольклорлы-этнографиялық ансамблінің, қаладағы шығармашылық ұжымдардың өнерпаздары мен отандық эстрада жұлдыздары көпшілікке концерттік бағдарлама ұсынды.

Құдайға шүкір, Ұлы Даланы мекендеген еліміз жер бетіндегі мемлекеттер арасында әжептәуір беделге ие. Онда да Қазақстандағы қоғамдық келісім өзгелерге үлгі болып отыр. Сол себепті де 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні ретінде мерекеленеді.

Биылғы мереке кезінде жауған жаңбыр сауықшыл көңілге әсер етпеді. Керісінше, жауынды төгілген нұр деп танған жұртшылық су болғанына қарамастан «Жастар» саябағына ағылып, арнайы дайындалған мерекелік концертті тапжылмай тамашалады.

Облыс әкімі Амандық Баталов бастаған өңірдің ақсақалдары, зиялы қауым өкілдері, департамент, басқарма басшылары алдымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы желбіреген алаңды жағалай орналасқан шатырларға бас сұғып, өңірдегі этномәдени орталықтардың дастарқанынан дәм татты. Алдымен аппақ күнқағар тағып, қамзол-бешпет киген әжелеріміз шашу шашып, көпшіліктің көңілін бір серпілтті. Әр ұлттың киімін киген әншілер мен бишілер қойған шағын қойылым кезінде бүлдіршіндер қолдарындағы шарларын көкке жіберіп, бейбітшілік құсы – ақ көгершіннің қанат қағуына қызыға қарады. Одан соң орталық концерттік алаңға апаратын аллеяға қойылған мектеп оқушыларының көрмесі көрушінің назарын еріксіз аудартты. Оқушылардың өз қолымен салған суреттері мен туындыларына «Бейбітшілік, бірлік, келісім» деген айдар тағылыпты.

Орталық сахнада елімізде тату-тәтті тіршілік кешіп, балаларының болашағы бейбіт болуын тілеген орыс, украин, өзбек, ұйғыр, түрік, татар, чешен, кәріс сынды ұлттардың ұлттық музыкасына шыр айнала билеген бишілер тобы ақырында «Достық сюитасы» деп аталған қазақы әуенге қосылды. Арғы-бергі тарихқа шолу жасап, Жетісу жерінің бүгінгі бет-бейнесін сипаттаған жүргізушілер көпшілікті мемлекеттік Гимнді бірлесе орындауға шақырды. Маңдайынан сырғыған жаңбыр тамшысына қарамастан алақанын кеудесіне қойып, Гимннің қайырмасын қайталаған жастардың жанарындағы жалын мен қайрат көңілге қуаныш сыйлайды.

Жүргізушілердің шақыруымен мінберге көтерілген облыс әкімі өңір, қала тұрғындарын мерекемен құттықтады.

– Сіздерді бейбітшілік пен келісім мерекесі – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Татулығы мен бірлігі жарасқан Жетісудың ел-жұртына бақ-береке, үлкен табыс тілеймін! – деді көпшілікті айтулы мерекемен құттықтаған Амандық Ғаббасұлы. *– Бүгін Қазақстан халқы мызғымас достығының мерекесін ел болып атап өтуде. Отанымыздың ең басты байлығы – бірлігі жарасқан көп этносты халқы. «Жүзі басқа болса да жүрегі бір, тілі басқа болса да тілегі бір» халқымыз Қазақ жерінде тату-тәтті өмір сүруде. Тәуелсіздіктің ширек ғасырдан астам уақытын өткерген еліміздің әлеуметтік-экономикалық табыстарының басты факторы да – осы. Ұлы*

ТУРИЗМ

АЛАКӨЛГЕ ЖЕТУ ЖЕҢІЛДЕЙДІ

2014 жылдан бастап облыста туризмді дамытудың шеберлік-жоспары жүзеге асырылып келеді. Онда Балқаш, Алакөл көлдерінің жағалауларында инфрақұрылымды дамыту көзделген. Осы құжат шеңберінде өңірге инвесторларды тартуға және оларға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндіктер туды. Осыған орай жуырда облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ «СКАТ» әуекомпаниясы» АҚ-ның өкілдерімен кездесіп, Талдықорған – Үшарал бағытында жаңа рейстер ашудың мүмкіндіктері жайлы әңгіме өрбітті.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

– Облыстың туристік бағыттағы әлеуеті инвесторлардың назарын көптеп аудара бастады. Былтыр облыста жеке инвестициялар есебінен бірнеше туристік нысан қолданысқа берілді. Олардың дені Алакөл көлінің жағалауында салынып, бүгінгі таңда қонақтарға қызмет көрсетуде. Сонымен қатар, жаңа жұмыс орны ашылып, тұрғындардың тұрмыс жағдайының жақсаруына сеп болды, – деді кездесуде өңір басшысы.

Көл бойындағы қызмет көрсету сапасын жоғарылату үшін Алакөл жағалауына қажетті инфрақұрылымды тарту жұмыстары қарқын алып отыр. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде Ақши ауылында орналасқан демалыс аймақтарына бюджеттен қомақты қаржы бөлініп, электр желілері тартылды. Жергілікті бюджет есебінен демалыс орындарына дейінгі автожолдың құрылысы басталды. Алакөл көлінің жағалауында демалушылар санының жыл сайын өсіп келе жатқанын ескере келе жазғы туристік маусым барысында облыс әкімдігі «Жетіген-Достық-Жетіген» жаңа теміржол қатынасын іске қосты. Сондай-ақ, өткен жылы Үшарал әуежайы қолданысқа берілді.

Кездесу барысында облыс басшысы әуежайдың мүмкіндіктері туралы да айтып берді.

– Әуежайдың ұшу жолағы мен халықаралық талаптарға жауап бере алатын ғимараты ЯК-40, АН-24, Embraer, Bombardier CRJ200 сынды ұшақтар мен тіқұшақтардың кез келген түрін қабылдауға қабілетті. Астанадан Үшаралға дейінгі рейс билетінің бағасы 16 мың теңге болса, Талдықорғаннан Алакөлге 8 мың теңге төлеп жарты сағатта жете алады. Әуежайдың пайдалануға берілуі мен облыс орталығы және елордамен тікелей әуе қатынасының жолға қойылуы аймақтың туристік әлеуетіне серпін беріп, қосымша табыс көздерін ашты. Алдағы кезде Жетісу өңірінің басқа да аймақтарындағы туристік мүмкіндіктерді толықтай пайдалану жобаларын жүзеге асырамыз. Өйткені, Үшарал қаласының жаңа әуежайы сағатына 50 адамға қызмет көрсете алады. «Жетісу» әуе компаниясы» АҚ Астана – Үшарал – Астана, Талдықорған – Үшарал – Талдықорған бағыттары бойынша әуе рейстеріне қызмет көрсетеді. Астанаға ұшақ аптасына төрт мәрте қатынаса, Талдықорғанға аптасына үш рет ұшатын болады. Жоғарыда аталған әуе бағыттарын субсидиялауға республикалық және облыстық бюджеттен тиісті қаржы қарастырылған», – деді ол.

Алакөлдің туристік әлеуетін дамыту бағытында атқарылған жұмыстармен толық танысқан «СКАТ» әуекомпаниясы» АҚ президенті Владимир Денисов өзі басшылық етіп отырған компанияның құрылғаннан бүгінге дейінгі басып өткен жолы, әуе компанияның сенімділігі туралы баяндады. «СКАТ» әуе компаниясының көп жыл бойы жақын және алыс шетелдерге ірі әуе тасымалдаушысы екенін жеткізді. Қазіргі таңда аталған компания тұрақты рейстер мен бірінші санатты қызмет көрсету бағыттарын ашу үстінде. Осыған орай, компания маршруттық тораптарды кеңейтуді және Талдықорған қаласына тұрақты бағытты ұсына отырып, Қазақстан халқы үшін қолайлы авиаұшулардың жаңа бағдарламасын жалғастыруға ниеттеніп отырғанын жеткізді.

Екіжақты әңгіме барысында ортақ түсіністік қалыптасты. Сөз кезегінде өңір басшысы тиісті мекеме басшыларына «СКАТ» әуекомпаниясының» ұсынысын зерделеп, нақты қорытынды жасауды тапсырды. Егер іс сәтін салса отандық және шетелдік туристер «СКАТ» әуекомпаниясы» АҚ ұшақтарымен Алакөлге ұшып барады.

Кездесу соңында әуе компаниясының өкілдері облыс басшысына «СКАТ» әуекомпаниясы» АҚ-ның соңғы үлгідегі ұшақтарының моделін естелік ретінде сыйлады.

БАСПАСӨЗ – 2018

БІР ҒАСЫР БІРГЕМІЗ!

Құрметті оқырман! Егер сіз ғаламтордағы сан алуан ақпараттың ағы мен қарасын ажырата алмай, шындығы қайсы деп әуре-сарсаңға түссеңіз, күнара танымдық-сараптамалық әрі мазмұнды мақалалар оқығыңыз келсе, онда ойланбастан жүз жыл толған «Жетісу» газетіне жазылуға асығыңыз. Зерделі ойымен, зерелі сөзімен замана ағымына зер салып, қоғам тынысы жайлы қалам тербейтін қара шаңырақтың тілшілері сізге өңірдің ең өзекті жаңалығын жеткізіп отырады. Оқыңыз, ой түйіңіз, біз халықпен бір ғасыр біргеміз!

Жетісу
1918–2018
№65(18485), 16 маусым, 2018 жыл
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz E-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

ЕЛБАСЫ ЖОЛЫ – ЖАСТАРҒА ҮЛГІ

Халқының жартысына жуығы ауыл-селода тұратын Қазақстан Республикасы үшін аграрлық саланың дамуының, білім мен ғылымның алар орны ерекше. Мамандардың пайымдауынша, ауылшаруашылығы саласын бәсекелік қабілеті жоғары деңгейге көтере алсақ, ең дамыған елдердің қатарынан көріну мүмкіндігіне ие боламыз.

Қазақстанның аграрлық экономикасын, білімі мен ғылымын заманауи талапқа сай түлетудің өзекжарды міндеттері Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында жан-жақты тиянақталса, одан кейін көтерілген «Бес әлеуметтік бастамасында» қарастырылған білім алушы жастарды қолдау саясаты да бұл үдеріске серпін берері сөзсіз.

Президенттік стратегия мен жобаларды жүзеге асырудың алдыңғы шебінде Қазақ ұлттық аграрлық университеті келе жатыр. Оның жетістіктері баршаға аян. Аталған оқу орнын мыңдаған түлектер бітіріп шығып, агроөнеркәсіп саласының өсіп-өркендеуіне мол үлес қосты. Биылғы Жолдауда: *«...аграрлық университеттердің рөлін қайта қарау керек. Олар диплом беріп қана қоймай, ауылшаруашылығы кешенінде нақты жұмыс істейтін немесе ғылыммен айналысатын мамандарды даярлауға тиіс»* – деген жолдар оқу орны басшылығы мен ұжымын тың ізденістерге жетелейді. «Келісіп пішкен тон келте болмас» дегендей, ұстаздармен, студент жастармен ақылдаса келе, болашақ мамандардың санасын жаңыртатын, яғни бәсекелік қабілетін, прагматизмін арттыратын, білімнің салтанаты мен сананың ашықтығын қамтамасыз ететін ең пәрменді іс-шара тұңғыш Президентіміздің қайраткерлігін, мемлекеттік қызметін, Қазақстан жолын жүйелі насихаттау әрі зерделеу деп ұйғарылды. Сонымен, қызу жұмыс басталып кетті. Университетте түрлі қоғамдық бірлестіктер мен клубтар бұрыннан жұмыс істейтін. Мәселен, 2004 жылы Қазақстан ЖОО-ларында тұңғыш рет «Достық» студенттік ассамблеясы құрылған еді. Ассамблея құрылған күннен бастап республиканың қоғамдық-мәдени өміріне, рухани тыныстіршілігіне белсене араласып келеді. 2006 жылы ассамблея мүшелері Астана қаласында өткен республикалық жастар форумына қатысты. 2008 жылы университеттің көшбасшы студенттерінің бірі, ассамблея мүшесі Айсят Балаева Қазақстандағы гендерлік саясат мәселелері бойынша Елбасы Н. Назарбаевпен болған кездесуге Қазақ ұлттық аграрлық университеті студенттері атынан қатысу құрметіне ие болды. Ол осы кездесуде университеттің тәрбие саласындағы тәжірибесі туралы айтып берді. 2010 жылдың мамыр айында «Достық» студенттік ассамблеясы университеттің 80 жылдығына орай «Наурыз бен Масленица» деп аталатын ертегі-спектаклін сахналады. Бұл шараның басты идеясы – әртүрлі ұлттың салт-дәстүрі мен дініне қарамастан өзара тату болуының маңызын және этносаралық достастықты насихаттау.

Аталған шараға Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы этномәдени орталықтардың өкілдері қатысып, студенттерімізді өнеріне ризашылық білдірді. 2012 жылдың 27 сәуірінде Астанада өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XIX сессиясына біздің «Достық» студенттік ассамлеясының белсенді мүшелері, университет студенттері Зарина Талуенко, Зулихан Каримова, Оксана Гефт қатысты. Осы сессия жұмысы барысында Қазақ ұлттық аграрлық университеті мен «Қазақстан халқы Ассамлеясының Қоры» қолжазбаларын, Қазақстан халқы Ассамблеясының Қоры мен Қазақстан халықтарының Ассамблеясы Хатшылығының ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Одан бөлек, Б. Римова атындағы «Әдеп» клубы, О. Сүлейменов музейі жастар руханиятына жағымды реңк беріп, жан дүниелерін байытуда.

Міне, осылардың бәрінің жұмысын орталықтандыру үшін Елбасы мен Қазақстан жолын санаға сіңіруге қызмет ететін құрылымдық бөлімше құру қажеттігі күн өткен сайын білініп тұрды. Ізденіс зая кетпеді. Университет ректоры Т. Есполовтың жан-жақты қолдауы арқасында «Н. Назарбаев білім және ғылым орталығы» дүниеге келді. 2-сәуір күнгі салтанатты ашылуына ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Г. Исимбаева, Г. Ықсанова, З. Аманжолова қатысқан орталық төрт бөлімнен тұрады. «Менің Президентім» залында «Бастау», «Құрышпен шындалған», «Саясат сәңлағы», «Сын сағаты», «Астана – төуелсіздік мақтанышы», «Бірлік пен келісім», «Руханият», «Қазақстан және әлем», «Ұлы күн» стенділері қойылған. 100-ге жуық құжаттар, жәдігерлер, фотоматериалдар, кітаптар, газет мақалалары Шамалғандағы қоржын үйде тұрып, Қаскелеңдегі шағын ғана мектептен түлеп ұшқан қарапайым қазақ баласының әлем танырған тұлғаға айналғанын қысқа да нұсқа түрде баяндайды. «Менің университетім» залындағы 50-ге жуық жәдігер ҚазҰАУ тарихынан хабар береді. Мұнда келгендер оқу орны базасындағы Агротехнологиялық Хаб құрамына кіретін Қазақстан – Жапон, Қазақстан – Беларусь агроинженерлік, Су, Тұрақты егін шаруашылығы, Агроөнеркәсіптік кешенге сандық технологияларды енгізумен айналысатын Ситуациялық орталықтармен, Инновациялық жылыжай, Коллекциялық бақ, «Мемлекеттік индустриалды-инновациялық даму» бағдарламасы шеңберінде мамандар даярлауға арналған оқу, ғылыми-зерттеу зертханаларымен танысады. Одан кейінгі бөлмелерде орналасқан Елбасы кітапханасында 1000-ға жуық кітап, журналдар, олардың электрондық нұсқасы шоғырланған. Университетте 20-дан астам ұлт өкілі білім алуда. Олардың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, мәдениеті студенттердің «Достық» ассамблеясына арналған залда ұлықталған.

Ашылғаннан бері өткен екі айдан астам уақыт ішінде орталықты университет студенттерінен басқа оқушылар, зиялы қауым өкілдері, алматылық қонақтар тамашалады. Құрметті қонақтардың ішінде Үкімет басшысының орынбасары Өмірзақ Шөкеев, Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек, Елбасы кітапханасы директорының орынбасарлары Ә. Рахымжанов пен К. Ақтаева болғанын мақтан етеміз. «20 мың шақырымдық сапар бірінші қадамнан басталады», – дейді қытай нақылы. Орталық алғашқы қадамдарын жасауда. Ол Елбасы бастамаларын, университет болашағын ұлықтауға, Рухани жаңғыруға олжа салуда.

Ханкелді ӘБЖАНОВ,
ҚазҰАУ «Рухани жаңғыру» гуманитарлық зерттеулер орталығының жетекшісі, ҰҒА академигі

КЕЛБЕТ

Ғылымның жаққан шырағын



Адам үлкендердің батасымен өсіп-өніп, өз орнын тауып, абыройлы болатыны - өмір заңдылығы. Әсіресе, атасы мен әжесінің ақ көңілі, пейіл-шуағына шомылған баланы Тәңірдің өзі қолдап жатады. «Екі қарияның қасында өскен бала дана болады, екі баланың қасындағы қария бала болады» деген сөз де осыны дәлелдейтіндей. І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру офисінің директоры, психология ғылымдарының докторы, профессор Хапиза Наубаева да атасының ықыласына бөленіп өскен жан.

Алма ЕСЕНБАЕВА,
"Жетісу"

Атасының қызы

Бауырына басқан үлкен немересінің есімін Хапиза деп те Байболат атаның өзі қойған. Әжесінің есімі Қазиза болған еді. Бірақ 37 мүшел жасында өмірден ерте кетіпті. Көп адамдар Қазиза әжеге көз тиген деседі. Ол кісі табиғатынан жаны да, келбеті де үйлесім тапқан ажарлы болыпты. Әжесінің есімін қоя тұрып, жасамаған жасын жасасын, әдемі, ақылды болсын деп ырымдаған екен. Ақ тілектің әсері ме, Хапиза бала күнінен білімге құштар болып өсті. Оның әрбір қадамына қуана қарап отыратын Байболат атасы бетінен қақпай, еркелетіп өсірді. Барлық талап-тілегін орындады. Атасы туралы еске алғанда Хапиза Тәнірбергенқызы:

– Баланың ең үлкені болғандықтан атамның қызы болып өстім. Балалық еркелігімді жақтаушы менің тірегім – Байболат атам болатын. Өмірде әкемді «көке», анамды «тәте» деп атайтынмын. Анамның айтқан тілін алмаған кездерімде атамның артына тығылып, жазасынан оңай құтылып кетуші едім. Байболат атам жалғанда жаратқаннан жалбарынып сұраған жалғыз ұлының балаларын қызғыш құстай қорып, әрбір қадамына баладай қуанып отыратын. Атамыз балажан, еңбеккор, әңгімешіл, ұқыпты адам еді. Атамның артынан қалмай, қайда барса да ілесе жүріп, туыс-жекжаттарды аралап, үлкендердің үлгі-өнегесін, ғибратты әңгімелерін көкейіме түйіп өстім, – деп тебірене әңгімесін сабақтайды.

Есті қыз атамның еркесімін деп шолжаңдап кеткен жоқ. Керісінше, өсе келе анасына қолғанат болды. Артынан ерген іні-сіңлілерін жетелеп, ойнатып, үстібастарын тазалап, тамақтарын беріп, мейлінше қамқор, бауырмал болып өсті. Туған әкесі Тәнірберген Мәмековтен алған үлгі-өнегесі де мол. Ол кісі өмірде көрген, тіршілікте көкейге түйгенін қағаз бетіне түсіріп, ұрпағына аманат етіп қалдыруды ұлы мақсаты санаған жан еді. Өмірінің әрбір сәтінен хабардар етіп, балалары мен немерелеріне өсиет ретінде жазып кеткен әкенің әрбір сөзі бүгінде ұрпағы үшін ең құнды дүние. Қалдырған осынау мұрасын балалары әспеттеп, ардақ тұтып, жинақ етіп шығарды. Әкенің тек балалары ғана емес, жасөспірімдер мен жас келіндер біле жүрсін деп айтқан ғибратты сөздері баға жетпес байлық іспетті. Тіпті, қағаз бетіне қалдырған қолжазбалары жауқазындай жайқалып, өсіп келе жатқан жас толқынның күнделікті қолданатын оқу құралы тәріздес деп айтсақ артық болмайды. Әр сөздің астарынан асқан данышпандық, көсем көрегендік, шешен білгірлік байқалады. Қалам ұстап, ұстаздық етпесе де бала тәрбиесіне аса зор мән берген әкенің осындай асыл сөздер жазып қалдырғанынан жан дүниесінің байлығын, тереңдігін танимыз. Өзінің даналық сөздерін ұқыптылықпен жазып, сақтап қойғанына қарағанда, өз өмірінің сәулелі шақтарынан сыр шерткен күнделік беттерін ұрпақтары ашып оқыса, өміріне сәл де болса ғибрат алса деген тілегі болғаны даусыз.

Тәнірберген Байболатұлы өз күнделігінде: «Күнделікті жазудағы мақсатым – өз болмысымды мақтан етіп, елдің аузында қалу емес, көрген-білгенімді еш боямасыз жазып, ұрпақтарыма естелік қалдырғым келеді», – деп жазған екен. Абзал әкенің изгі тілегі бүгінде орындалды да.

«Ұлды әкесіне, қызды шешесіне қарап таны» демекші, Хапиза Тәнірбергенқызының тәлім-тәрбиесінде анасының сіңірген еңбегі зор. Анасы Нұрғалипа Бейсенбіқызы көп сөйлемейтін, бірақ көп іс тындыратын еңбеккор, сабырлы, салиқалы жан еді. Шиеттей бала-шағаның күнделікті тамағы, жуылатын киім-кешегі, үйдің ішкі-сыртқы тазалығы, күтімді керек ететін қарт атасы, оның сыртында мал-жаны бар-тұрғын. Таң азанмен тұрып, үйдегі «орыс» пешіне он екі бөлке нан жабатын. Көктем, жаз, күз айларында тоған тазалығы, қант қызылшасын баптап күту сияқты ауылшаруашылығының жұмыстарынан да қалған жан емес. Күнделікті күйбең тіршілікте Байболат атаның уақытында тамағын беріп, жарының да қас-қабағына қарап, сөзін екі етпеген анасының әр ісінен балалары өнеге алып, жақсы қасиеттерін бойларына сіңіріп өсті. Асыл ананың осы бір қасиеті бүгінгі жастарға үлгі-өнеге. Өйткені, бұрынғының сарқыты аналарымыздай қайын атасына, енесіне өз қамқорлығын көрсетіп, өмірден өткенше күтіп-бағатын келіндер бүгінде некен-саяқ.

Психология профессоры

Көксу ауданы, Алғабас ауылдық округына қарасты Қызылтоған ауылының киелі топырағында туып, ата-ананың ақ пейіліне шомылып өскен Хапиза Тәнірбергенқызы 1975 жылы Талдықорған қаласындағы №1 қазақ орта мектеп-интернатын үздік аяқтап, Талдықорған педагогикалық институтының физика-математика, филология факультеттерін және психология мамандығы негізінде аспирантурасын тамамдады. 1995 жылы Талдықорған педагогикалық институтының «Педагогика және психология» кафедрасына оқытушы қызметіне жұмысқа қабылданып, «Жалпы педагогика, педагогика тарихы» мамандығы негізінде аспирантурада білім алды.

Терең ізденіс пен еңбекті өмірлік мақсатына айналдырған Хапиза Тәнірбергенқызы 1999 жылы Тараз қаласында «Мектеп жасына дейінгі балалардың өзара бірлесіп атқаратын іс-әрекеттерін гумандық негізде жүзеге асыру» атты тақырыпта жалпы педагогикадан ғылыми диссертация қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алады. Білімін жетілдіріп, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде докторантурада оқиды. Одан кейінгі жылдары педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады.

2004 жылы педагогика мамандығы бойынша доцент ғылыми атағы беріледі. Педагогикамен қатар ел өміріне жаңадан еніп жатқан психология саласын зерттеуді де қолға алған ғалым-ұстаз 2008 жылы І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің педагогика және психология факультетінің деканы қызметіне тағайындалады.

Жаңашылдыққа жаны құштар, ізденуден талмайтын Хапиза Тәнірбергенқызы университет ректоры тағайындаған «Инновация – 2010» ғылыми жоба грантының иегері атанады. Ғалым үшін жемісті болған осы 2010 жылы «Оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамытуға этникалық қарым-қатынастың психологиялық әсері» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғайды. Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялық комиссиясының шешімімен «Психология ғылымдарының докторы» ғылыми дәрежесі беріледі.

2012 жылы Германияның, Дюссельдорф қаласында «Білімді жетілдіру және ғылыми ақпараттық халықаралық орталығында» өткізілген «Әлеуметтану ғылымдарындағы өлшеуді басқарудың өзекті мәселелері» атты халықаралық семинарға қатысып, сертификат алады. Психология ғылымдарының докторы Х. Наубаева Бельгия университетінің колледж кеңесінің шешімі негізінде профессор, доктор Фолькер Браунстың төрағалық етуімен белгіленген шарттарға сәйкес «психология профессоры» атағы беріледі. Соған сай оқу және зерттеу жұмыстарын өткізу құқықтары мен міндеттеріне ие болады.

Франция мемлекетінде, Париж қаласында «Дүниежүзілік ғылым, инженерия және технология академиясы» аралығында психология проблемалары бойынша ғылыми-практикалық конференцияға қатысып, «Этникалық ерекшеліктерді зерттеу» атты тақырыпта баяндама жасап, ғылыми мақала «SKOPUS» бағдарламасына енгізіледі.

Ғалым-ұстаз 125-тен астам ғылыми мақаланың, сонымен қатар, 1 монография, 1 оқулық, 4 оқу құралы, 3 электрондық оқулық, 6 оқу-әдістемелік құралдардың және 1 естелік кітаптың авторы. Thomson Reuters (ISI web of Knowledge Thomson Reuters) ақпараттық базасында импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналда мақалалары жарияланған.

Ғылымда осындай жетістіктерімен танылған Хапиза Тәнірбергенқызы 2015 жылдың қаңтар айынан Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және мамандарды қайта даярлау институты директоры қызметіне тағайындалды. 2018 жылы аталған институт Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі болып қайта ұйымдастырылды. Бүгінгі күні осы бөлімнің басшысы қызметін атқаруда.

Адал адамның еңбегі мемлекет тарапынан ескерусіз қалмайтыны сөзсіз. Бұл орайда Х. Наубаеваның 2015 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №2 шешімімен «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталғанын, 2016 жылы «Қазақтың Ұлы тұлғасы Мұхамеджан Тынышпаевтың тарихи мұрасын зерттеуге үлес қосқаны үшін «Мұхамеджан Тынышпаевтың туғанына – 135 жыл»» медалінің иегері атанғанын мақтанышпен айтуға болады. Сондай-ақ, әр жылдарда жоғары білікті мамандар даярлау, жастарға білім және тәрбие беру ісіне сіңірген ұзақ жылғы қызметі үшін Алматы облысы әкімінің Құрмет грамотасын, Білім және ғылым министрінің «Ғылым және білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін» «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін иеленіп, Көксу ауданының мәдени іс-шараларына, қоғамдық істеріне белсене қатысқаны үшін Көксу ауданының Құрметті азаматы атанды.

Берекелі шаңырақ

Хапиза Тәнірбергенқызының осынау жетістіктерге жетуінде өмірлік жолдасы Әбдіқадыр Наубаевтың да игі ықпалы мол. Жолдасы Әбдіқадыр екеуі 1978 жылы отбасын құрды. Жас жұбайлар шаңырақ көтергенде Әбідақадырдың ата-анасы болмады. Ол отбасының кенже ұлы болатын. Ата-анасы өмірден ерте дүние салды. Сондықтан Хапизаның ата-анасы Әбдіқадырдың да әке-шешесіне айналды. Олар күйеубаласын туған балаларындай көрді. Әке барлық мәселені Әбдіқадырмен ақылдасып шешсе, енесі күйеубаласына дәмділеп шайын беріп, бар сақтаған дәмді тағамдарын алдына тосты.

– Әке-шешемнің шаңырағы Әбдіқадыр екеуімізді шаршағанда тыныштандыратын, береке-бірлікке шақыратын, көңіліміз жай табатын ең жылы ұямыз болды. Балалар кішкентай болғанда жазғы демалысында ауылға әке-шешемізге апарып тастайтынбыз. Қаладан келген немерелеріне бақша шөптететін, алма жинатқызып, оларды еңбекке баулитын. Балаларымыз бүгінгі күні: «Бізді жазда ауылға апарып тастаушы едіңіздер, енді өздеріңіздің немерелеріңізді демалыс уақыттарында қараңыздар», – деп тапсырма беріп жатады. «Атаңа не істесең, алдыңа сол келеді» деген қазақтың дана сөзінің өмірлік тәжірибемізде орындалып жатқанын айтқым келеді. Әбдіқадыр Мұханұлының қолдауы мен сенімі болмағанда мен қазіргі жетістіктерімнің тең жартысына ғана жетер ме едім немесе бұл жетістіктер болмас та ма еді?! «Әрбір мықты азаматтың артында оған сенетін бір әйел болады» дейді ғой, сол айтпақшы, әр жетістікке жеткен әйелдің де артында арқа сүйер азаматы тұрады. Себебі, сен сене алатын, саған сенетін екінші жартың болмаса, сенің өмірде тез құлап немесе құлдырап кетуің ықтимал. Ал еңбекқорлық, жауапкершілік ол әр адамға керек қасиеттердің бірі. Ол болмаса, әрине, ешқандай тірлік өнбейді, жемісін бермейді, – дейді Хапиза Тәнірбергенқызы жан сырымен бөлісіп.

Хапиза Наубаева өмірлік жолдасы Әбдіқадыр Наубаевпен бірге Әсел, Айым және Олжас есімді ұл-қыз тәрбиелеп өсірді. Балаларының барлығы да жоғары білімді, әртүрлі салада қызмет атқарып, еліміздің дамуына үлес қосуда. Хапиза Тәнірбергенқызы мен Әбдіқадыр Мұханұлы олардан тараған тәп-тәтті немерелерінің бал қылығын тамашалауда.

Отбасында аяулы ана, асыл жар, сүйікті әже, қызметте бағындырған өзіндік шыңы, биігі бар ғалым ұстаз Хапиза Наубаева бүгінде 60 деген асқаралы жасқа қадам басып отыр. Өмірінің осынау шуақты сәтінде еңбегіне сай марапат пен елтіпатқа бөленіп, абыройы арта берсін дейміз.

КОНФЕРЕНЦИЯ



ЖҰМЫР ЖЕРГЕ СҮЙІСПЕНШІЛІК КЕРЕК

Экология саласының құрылғанына 30 жыл толуына орай облыстық экология департаментінің ұйымдастыруымен Тіл сарайында «Табиғатты қорғау – болашақты ойлау» атты конференция өтті. Оған танымал экологтар, табиғат жанашырлары және осы салада еңбек етіп жүрген мамандар қатысты. Сондай-ақ, жиналыста өңіріміздің экологиялық жағдайын зерделеген бейнебаянның тұсауы кесіліп, алыс-жақыннан келген қонақтар ой-пікірімен бөлісті.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Расында, қазіргі уақытта экологиялық жағдай кез келген мемлекеттің күн тәртібіндегі мәселеге айналды. Технология ілгері дамыған сайын жасыл орта бүлініп барады. Соңғы 100-150 жылда адамның өндірістік тұрмыс-тіршілігінен туындаған жағымсыз экологиялық ахуал адамның өзіне, денсаулығы мен өміріне зиянын тигізуде. Жаз ортасы болса да күн жылынбай, айлап жаңбыр жаумай, дүлей дауыл түрлі экономикалық шығынды туындатуда. Өңіріміздің экология саласында атқарылған жұмыс та көп, шешімін күткен мәселелер де баршылық. Бұл туралы кездесуде облыстық экология департаментінің басшысы Қонысбек Байеділов сөз етті.

– Еліміздің экологиялық қауіпсіздігі әр аймақтың табиғат жағдайына байланысты. Десе де, Жетісу өңірі жер жаннаты деген атпен танымал. Сондықтан оның экологиялық жағдайы заң талаптарына сай бақылануда. Осыған орай, жыл сайын өңірімізде облыстық әкімдіктің ұсынысы, облыстық мәслихаттың шешімімен табиғатты қорғау шараларының жоспары бекітіліп, тиісті қаржы бөлінеді. Десе де, экологиялық ортаға залал келтіріп отырған жағдайлар да жоқ емес. Айталық, облыстағы энергетика саласының 87 пайызы қара көмірді пайдаланатындықтан, оның табиғатқа тигізіп отырған залалы тіпті көп. Жердің тозуы, күннің жылынуы, мұздықтардың еруі де климаттың өзгерісіне ықпал етіп жатыр. Сондай-ақ, өңіріміздегі тұрмыстық қатты қалдықтар мәселесі өзекті бола түсуде. Бүгінде облыстағы жинақталған қалдық көлемі 9 млн. тоннаға жетті. Сондықтан облысымыздағы қатты тұрмыстық қалдықтарды қажетке жарату ісі бүгінгі күннің талабынан шығып отыр деп айта алмаймыз. Әрине, дамыған мемлекеттер сияқты қоқысты керекке жаратып, одан өміріміз бен тіршілігімізге тиімді заттарды өндіретін уақыт та келер. Ондай мүмкіндікке жету үшін жұрт болып жұмылған жөн, – деді ол.

Жиында «Табиғат» экологиялық одағының төрағасы Мәлс Елеусізов сөз алып, қоршаған ортаның бүлінуі себептеріне тоқталды. Оның айтуынша, өңірімізде ауаның ластануымен қоса, орман ағаштарын кесу қарқыны үдей түскен. Мамандардың ақпараты бойынша, жыл сайын жер бетінен 13 миллион гектар орман жойылады. Соның кесірінен құстардың әрбір төртінші түрі және қосмекенділердің әрбір үшінші түрі жойылуда. Жануарларды қырып-жою кез келген қоғам үшін орны толмас олқылық. Адамның қоршаған ортаға келтірген зияны жер шарының жануарлар әлеміне де зардабын тигізіп отыр. «Ұрпағымыз тіршіліксіз, сөніп бара жатқан ғаламшарға ие болып қалсын демесек, өзіміз мекендейтін биосфераны аман алып қалу үшін нақты әрекеттерге баратын кез жетті», – деген экологтың дәйекті сөзі көпшілікті ойландырып тастады.

Ал су шаруашылығы бойынша сарапшы Анар Тілеулесова ауызсу қорының азаюы да адамзат үшін ең өзекті мәселелердің бірі екендігіне айрықша тоқталды. Оның айтуынша, ауызсу тапшылығы болашақта үлкен экологиялық мәселеге айналмақ. Қазіргі таңда Гренландия аралындағы мұздықтардың өзінде еру құбылысы байқалуда. Тянь-Шань тауындағы мұздықтардың еруінен еліміздегі су тапшылығы 20 пайызға дейін өсіп отыр. Аңның бірнеше түрі жер жүзінен жоғалып кетуге шақ тұр, кейбірі соңғы 50-70 жылдың ішінде жойылып та кетті. Анар Иманғазықызының сөзіне қарағанда, су пайдаланушылардың міндетіне бұрындары мониторинг кірген. Ал бүгінде бұл міндет жоқ. Яғни, тек мемлекеттік мониторинг бар. «Ал бізде мемлекеттік мониторингті «Қазгидромет» жүргізеді, онда еліміз бойынша 307 бекет қамтылған. Осы орайда бізде қаншама су нысандары бар?! Олар мониторинг жүргізуге қауқарсыз», – дейді сарапшы.

Қоршаған ортаны қорғау, табиғат байлығын аялауда ұлтымыздың өзгеше тәжірибесі бар. Тіпті, кездесу барысында Анар Тілеулесова бабаларымыздың сонау XIX ғасырдың екінші жартысында суды қорғауға қатысты ереже шығарып, тәртіп бекіткенін мәлімдеді. Тарихқа үңілсек, табиғатқа деген жанашырлығымыз қанымызға сіңіп, жадымызда жатталып қалғаны анық. Бұл туралы бірінші рет табысталған «Экология саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Әміре Әрін айтып берді.

– Менің пайымымша, экология мен рухани экология егіз ұғым. Себебі, рухани жаңғырмаған, рухы бай болмаған адам туған Отанын, қасиетті мекенін, кешегі қастерлі тарихын, ардақты ата-анасын ардақтай алмайды, туған табиғатын қорғамайды. Сондықтан экологиялық апаттың алдын алу үшін ең алдымен рухани апаттың алдын алу керек. Жастардың бойындағы туған жерге деген сүйіспеншілікті тереңдеткен жөн. Егер тарихқа бойласақ, түркі халқы Шыңғысханға дейін де, кейін де табиғатты көздің қарашығындай қорғауды ұрпағына үлгі етіп келді. Қыс қыстауда, жаз жайлауда, көктеу, күзеуде көшіп жүріп, қоршаған ортаны қорғаудың ғажайып үлгісін көрсетті. Жұрт көшкенде басқаға әсері тимеуі үшін керме ағашты кесіп, ошақтың шұқырын жауып кетіп отырған. Шыңғысханның «Жосық» заңының екінші пунктінде: «Суды көздің қарашығындай сақтау керек. Суға кім кір жуады, сол өлім жазасына кесілсін», – делінген. Бұдан өткен ғаламат жоқ шығар?! Осы үлгіні үкілеп, бүгінгі өнегелі істерге жол ашқан экологтардың істері өркенді болсын, – деді ол өз сөзінде. Шара аясында бір топ азамат елімізде бірінші рет табысталған «Экология саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Мұндай марапатқа Мәлс Елеусізов, Анар Тілеулесова сияқты экология саласының майталмандары және осы салада ұзақ жыл еңбек еткен ардагер экологтар ие болды. «Жетісу» газетінің бас редакторы Әміре Әріннің де осы қатардан табылуы журналистер қауымына жасалған үлкен сый деп қабылдадық. Сондай-ақ, экология саласының 30 жылдығына орай республика бойынша жас экологтар арасында сурет байқауы өтіп, 14 облыс пен 2 қаладан іріктеліп шыққан 16 жас суретші Астана төрінде бағы мен бабын сынға салды. Нәтижесінде, «Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушісі Ольга Веснина бірінші орынды жеңіп алып, олжалы қайтты. Салтанатты шара аясында ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаевтың қолы қойылған Құрмет грамотасы жас суретшіге табысталып, мерейін өсірді.

Ардагер экологтардың тың ойлары айтылып, жастарды қанаттандырған әсерлі кездесу ақынжанды азаматтарды шабаттандырды. Әсіресе, өңір экологтары «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» дегендей, облыстық экология департаментінің басшысы Қонысбек Байеділовтың басшылығымен атқарылған жұмыстарға шынайы ризашылығын білдірді. Осы тұста ардагер эколог Сейдалы Сариев өз тілегін:

Үздігі болып саланың,
Үлкенін алып бағаның.
Құтты болсын медалің,
Айтары сізге ағаның.

Өмірде көп көргенің,
Еңбегіңмен өрледің.
Елбасынан алғайсың,
Келесі Құрмет орденін, –

деп өлеңдетіп жеткізді.

«Өсер елдің баласы бірінбірі батырым дейді» деген атабаба дәстүрін үлгі еткен салтанатты шара осындай жылы жүздесу, жайдары әңгіме, жалынды жырмен аяқталды.

■КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ



ӨНІМ ТҮРІ КӨБЕЙДІ

«Үйгентас – Береке» өндірістік кооперативінің жұмысы 2003 жылы нан пісіруден басталды. Кәсіпорын басшысы Болат Жункураевтың тәжірибесі мен біліктілігінің арқасында кооперативтің қызметі кеңейіп, ұн өнімдерінің түрі көбейді. Соның ішінде нан, тоқаш пен кондитерлік және кулинарлық өнімдер де бар. Қазіргі кезде наубайханада екі жүзден аса өнім шығарылады.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
"Жетісу"

«Үйгентас – Береке» өндірістік кооперативі» ЖШС басқармасының төрағасы Болат Жункураев: «*Кәсіпорында төрт өндірістік цех жұмыс істейді. Онда нан, тоқаш пен кондитерлік, кулинарлық өнімдер дайындалады. Сондай-ақ, екі жүз орынға арналған «Береке» кафесінің ас бөлмесі бар. Жыл өткен сайын өнім түрі көбейіп келеді. Жаңа рецептураларды ойлап тауып, қолданысқа енгізудеміз. Жылдық қуаттылығымыз 195 тонна өнім. Бір айдың өзінде 600 литр сүт дайындалады*», – деді.

Өндірістік кооператив Алакөл ауданының Қабанбай ауылында орналасқан. Ол өңірдегі ірі және жетекші кәсіпорынның бірі саналады. Қазір мұнда қырық адам жұмыс істейді. Компания жыл бойы кәсібін дөңгелентіп, жұмысын жетілдіруде. Түрлі байқауға да қатысады. Кәсіпорын бірнеше жылдан бері «Ұлттық бизнес-рейтинг» жобасының қатысушысы атанып, ТОП-50 кәсіпорындар тобына кірді. Сарапшылардың бағалауынша, бұл кооперативтің экономикалық көрсеткіштері республикалық орташа статистикалық көрсеткіштерден жоғары. Сондықтан, көшбасшылық символиканы жарнама және маркетингтік мақсаттарда қолдану мүмкіндігі бар.

Ұлттық бизнес-рейтинг қорытындысы негізінде өндірістік кооператив үздік атанып, «Сала көшбасшысы – 2013» атағымен марапатталды. Қызметкерлер де түрлі аталым бойынша жеңімпаз атанған. Кәсіпорын жыл сайын «Ақ дастарқан» байқауына қатысып, «Үздік аспаз», «Үздік кондитер» номинациялары бойынша жеңімпаз атануда. Биыл аталмыш кооператив Талдықорғанда өткен «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік-көрме байқауына қатысып, өнімдері жоғары бағаға ие болды. Ендігі таңда бұл компания сапа саласындағы «Алтын сапа» ҚР Президентінің сыйлығы байқауына қатысуды мақсат етіп отыр.

■ТУРИЗМ

Елбасы биыл Алакөл өңірінде болып, оны бүгінгі күн талабына сәйкес туризмді дамытудың орталығына айналдыруға қатысты бірқатар маңызды тапсырма берді. Осыған орай, көл маңында көңіл көншітерлік қауырт тірлік орын алғанын байқауға болады.

Жақсы жағдай жасалса

Өткен шілде айында Көктұма ауылындағы «Самал» пансионатында демалып қайттым. Пансионат иесі Союзхан Нәсерханқызы демалушыларға бар жағдайды жасап отыр. Азық-түлікті Үшарал қаласынан тасымалдап, демалушыларды үш мезгіл дәмді ыстық тамақпен қамтамасыз етуде. Демалыс орны абаттандырылған, бөлмелер таза да жайлы. Балалардың ойын алаңы, кешке көңіл көтеретін би алаңының орны табиғи шөппен қапталып, жаңға жайлылық сыйлайды. Екінші бір пансионат иесі атым Әлім деп таныстырды. Оның демалыс орны көл жағасына таяу орналасқандықтан серуендеуге қолайлы, моторлы кішігірім жүзу техникалары толық. Жеке шаруа қожалығы да бар. Азық-түлікке керекті мал өнімін өзі қамтамасыз етіп отырады.

Қысқасы, Көктұма ауылының барлық тұрғыны жаз айларында өз үйі мен ауласын демалыс орнына айналдырып, қаржы табуға бейімделген. Бұл қысқа мерзімге демалып қайтуға келгендерге жайлылық сыйлауға жеткілікті. Ал ұзақ уақыт демалушылар мен шетелдік туристердің алаңсыз демалысы үшін көл бойына қалталы азаматтар зәулім ғимараттар салып, пансионаттар ашып, келушілердің көңілін табуда. Сол қатарда алматылық Марат есімді азамат бар. Ол бізге туризмді дамытудың ел экономикасын өркендетуге пайдалы екендігін айтып берді.

Көктұма ауылына қарағанда одан он бес шақырым жердегі Ақши елді мекенінің маңы тиімді игерілген. Десе де, жетіспей жатқан жерлері де баршылық. Әлі де көлдің жағалауы толық игеріліп, жабдықталмаған, жол мәселесі шешімін таппаған, азық-түлік алыс жерден тасымалданады, көл жиегін абаттандыру ісі де ақсап тұр. Көл жағалауындағы биіктігі жеті-сегіз метрге жететін тік жарлардың опырылып, құлап жатқаны мазалайды. Тазалық мәселесі де толық тәртіпке түспеген. Осы келеңсіздікке жергілікті билік жақсырақ назар аударса дұрыс болар еді.

Әрине, Алакөлдің келешекте жақсы демалыс орнына айналатынына кәміл сенімдіміз. Әйтсе де, көл жағалауының инфрақұрылымын жақсартуға жақсы жағдай жасалса, отандық туризмді дамытуға қосылған үлес болар еді.

Еркін ДӘУЕШҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі
Астана қаласы

■БРИФИНГ

ҚАЛА КҮНІ қалай тойланады?

Талдықорған шаһарының дәстүрлі түрде өтер мерекесі биыл да жылдағыдай алтын күзбен тұспа-тұс келіп, Қала күні жаңаша рәуіште аталып өтпек. Қыркүйек айының алғашқы күнінен бастап ай соңына дейін жалғаспақ мереке барысында қала тұрғындарын қандай қызықтар күтеді? Бұл жайында өңірлік коммуникациялар қызметінде қонақ болған Талдықорған қаласының әкімі Дастан Шалтабаев ақпарат берді.

Құралбек СӘБИТОВ,
"Жетісу"

Жыл сайын түрлі жаңалығын жалпыға жариялап, қала тұрғындарының қуанышын еселей түсер мерейлі мерекенің биылғы жұмыстары да жүйелі. Шаттыққа толы мейрам аясында түрлі акциялар жалауын желбіретіп, фестивальдар мен шапағатты шаралар жоспарланған. Сондай-ақ, үлкен дәрежедегі концерттік бағдарламалар мен спорттық сайыстар өткізіліп, түрлі әлеуметтік нысандардың ашылуы болмақ. Дастан Тұрарбекұлының мәліметінше, биыл мереке ерекшелігі мен өзгешелігі өте көп. Оған дәлел, қаладағы тарихи нысандардың түгелімен жаңартылуы болса, қалаға көрік берер ғимараттардың жанды бейнесін сақтауы да мереке берекесін арттырмақ. Осы орайда қала әкімі І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайының қолданысқа беріліп, сол алаңдағы субұрқақтардың іске қосылып, «Өркен» спорт кешенінің жаңаланған күйде есігін ашатындығын айтып өтті.

Мереке ұйымдастырушылары үлкен шара аясында бірде-бір күнді қалыс қалдырмай, әрбір датаға ерекше шырай берген. Мәселен, 4 қыркүйек жас суретшілер көрмесі басталса, 29 қыркүйек «Жастар» саябағында ұзындығы мен ені 3 метр болатын тәтті бәліш пен пицца таратылмақ. Ал осы күндердің ортасында «Мейірімді жүрек» атты қайырымдылық шарасы, эстрада жұлдыздарының қатысуымен ретро кеш, түрлі байқау, футболдан жолдастық кездесу, «Көңілді тапқырлар клубы», «Денсаулық» фестивалі, «Көшбасшы – 2018», «Балалар әлемі», «Салтанатты неке қию рәсімі», «Асар», «Мама мия» сынды жас дарындар жарысы, мерекелік гала-концерт өтпек. Сондай-ақ, жаңа учаскелік полиция бөлімшелерінің, шағын және орта бизнес субъектілерінің, 75 орынды балабақшаның ашылу салтанаты да мереке аясында жүзеге аспақ. Әр аптаның сенбі күндері «Күз тартуы» жәрмеңкесі ұйымдастырылып, ауылшаруашылығы өнімдері қала тұрғындарына төмен бағада сатылмақ. Талдықорған тазалығы да арнайы назарға алынып, саябақтар мен демалыс орындары қоқыстан аршылмақ. Бұл орайда арнайы акция өткізіліп, атсалысқандарға алғыс жарияланбақ.

Қала әкімі өз сөзінде облыс орталығы Талдықорғанға ауысқанда көшпен бірге келгенін, 2001 жылғы жағдаймен салыстырғанда бүгінгі шаһар келбеті әлдеқайда шырайлы екенін айтып өтті. Қаланың аз ғана уақытта бөлекше кейіпке еніп, күн санап көріктенгендігін Елбасы мен облыс әкімінің ерекше еңбек нәтижесі екендігін де назардан тыс қалдырған жоқ. Сөз соңында қала басшысы айтулы мерекені Жетісу жұртшылығы болып жұмыла тойлау керектігін жеткізіп, облыс орталығының абыройын асқақтатуға барынша атсалысу керектігін тілге тиек етті.

■ТАҒЗЫМ

Оларды көшеде кездестірсеңіз қарапайым еңбек адамы деп ойлауыңыз өбден мүмкін. Себебі, олар артық мақтанды, ерекше көңіл аударуды аса қажет етпейді. Көпшіліктің құрметіне лайық ондай жандар өткен қаралы күндерді еске алып, атаулы сәттерді назардан тыс қалдырмайды. Шынында, қала ардагерлері бүгінде жас ұрпақ тәрбиесіне белсене қатысып, отаншылдық рухта тәлім беруде.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕҢІСІ

Талдықорғандағы Мәңгілік алау мен Ауған соғысына қатысушыларға арналған обелискіге гүл шоқтарын қойған ардагерлер Семей полигонында жастай өлім құшқан боздақтарды бір минуттық үнсіздікпен еске алды. Одан соң Қазақстан Республикасының Гимнін бірлесе шырқап, бүгінгідей бейбіт өмірге шүкіршілік танытты. Шараның өтуіне мұрындық болған «Ардагерлер мен мүгедектер» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Толыбек Данабеков өз сөзінде бұл күнді үлкен жеңіске балады.

– Осыдан 27 жыл бұрын 1991 жылы 29 тамызда еліміз үшін тарихи шешім қабылданды. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 40 жыл бойы ядролық сынақтар жүргізіліп, қазаққа зор қасірет төндірген Семей полигоны жабылды. Тәуелсіздіктің теңдессіз жеңісі бұл, – деді ол.

Қазаққа орасан қайғы-қасірет әкелген полигон Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың шешімімен 1991 жылы жабылды. Осылайша полигонда 40 жылдан астам жүргізілген жарылыстың үні мәңгіге өшті.

– 29 тамыз күні адамзаттың игілігі үшін Қазақстан әлемдегі ең ірі ядролық сынақ полигондарының бірін жапты. Бұл, әрине, ең алдымен Қазақстан халқы мен Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі әрі ерлігі. Осы күн – ең алғаш рет бейбіт атомды дамытуға негіз салынған күн, – дейді ардагер ұстаз Марат Қошымбаев.

Туған елінің тыныштығын, адамзаттың қауіпсіздігін ойлаған Елбасы АҚШ, Ресей, Франция елдерінің басшыларымен ұзақ та күрделі келіссөздер жүргізіп, ядролық қаруды Қазақстаннан аластауға 1994 жылы келісті. Ядролық державалар Қазақстанның тәуелсіздігіне қарсы күш көрсетпеу жауапкершілігін мойнына алып, қысым жасамайтынына сендірді. 1995 жылы соңғы ядролық қару қазақ жерінен шығарылды. Осылайша, Қазақстан адамзат тарихында тұңғыш рет жойқын қарудан ерікті түрде бас тартқан мемлекет ретінде белгілі болды.

Шараға қатысқан көпшілік қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі ғимаратындағы мәжіліс залында концерттік бағдарламаны тамашалады.

Қабыл ИСА

■МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

ПЛАСТМАССА БҰЙЫМДАРЫ ӨНДІРІЛЕДІ

«PlastForma Kazakhstan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік қолдаудың арқасында пластмасса бұйымдарын өндіруді кеңейтпек. Аталмыш серіктестік Қазақстан нарығында тоғыз жылдан аса жұмыс істеп келеді.

Компания пластикалық контейнерлер және осымен байланысты өнімдер өндірумен айналысады. Жұмыс Қарасай ауданының Қаскелең қаласында жүзеге асырылуда. Аталған серіктестік өндіріс ауқымын кеңейту мақсатында мемлекеттік қолдау алу үшін «Ресей Банк» АҚ ЕБ-нің көмегіне жүгінді. Сейтіп, «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы бойынша 7 пайызбен жеңілдетілген несиеге қол жеткізді. Сондай-ақ, кепілдіктің болмауына байланысты «Даму» қорының кепілдігі бекітілді. Қаржыландырудың арқасында полимерлі материалдардан жасалған бұйымдарды өндіруге арналған жабдықтар сатып алынды.

– Біздің компания пластикалық канистраларды шығарады. Бүгінгі күні мемлекеттік қолдаудың арқасында өндірісті кеңейтіп, пластикалық шелектер мен қақпақтар жасауға арналған жаңа жабдықтар сатып алудамыз. Цех заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген. Өнімдерімізді тек Қазақстанда ғана емес, республикадан тыс жерлерде де сатуға мүмкіндігіміз бар, – дейді компания директоры Әлия Избекенова.

Бүгінде кәсіпорында пластмасса бұйымдарын өндіретін оннан аса құрылғы жұмыс істейді. Сондай-ақ, компания өнімдердің жаңа түрлерін шығаруды да жоспарлап отыр. Өнім сапасын жақсартуға да ерекше көңіл бөлінуде.

■ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА

САРҚЫНДЫ СУ өңдейтін құрылғы



Облыста ауылды жерлердегі дренаж суын жинап, оны экономикалық тұрғыда тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін, 950 мың еуро жұмсалған алғашқы пилоттық жоба жүзеге асты. Жобаны Еуроодақтың қаржыландыруымен Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасы және ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетімен бірлесіп жүзеге асырды.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Іле Алатауының бөктеріндегі Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Ақши ауылы сазды жерге орналасқандықтан көктем, жаз айларында жерасты суы көтеріліп, тұрғындардың жиі мазалайтын. Тіпті, ауыл мектебінің жертөлесі жыл он екі ай суға көміліп, одан шыққан күлімсі иіс пен сасық ауа тұрғындардың денсаулығына қауіп төндіріп келді. Енді ақшиліктер сарқынды суларды тиімді пайдаланып, экономикалық табыс табудың тәсілін меңгерді.

– Ең бастысы, «Аймақтағы су инфрақұрылымын тиімді басқару» пилоттық жобасы ауылдағы білім беру мекемесіндегі балаларды таза ауызсу және ыстық сумен қамтамасыз етіп, жылдар бойы шешілмей келе жатқан мәселенің түйінін тарқатты, – дейді Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің орынбасары Нұржан Құдайбергенов.

Бүгінде Ақши ауылдық мектебі жаңа түрге енген. Мектеп ауласында бұл өңірде кездесе бермейтін ағаш пен гүл жайқала өсіп, жаңға жылылық сыйлайды. Мектеп ғимаратына жапсарласа орнатылған су жинағыш құрылғы сарқынды суларды жинап, тазартып, оқушыларға ауызсу даярлап береді. Ал күн энергиясынан қуат алатын гели қондырғысы сынып-тар мен мектеп асханасын жыл он екі ай ыстық сумен қамтамасыз ете алады. Жиналған сарқынды су тағы да биологиялық тазартудан өтіп, өңделген соң ауыл сыртындағы жылыжай кешеніне жіберіліп, ондағы көкөністерді суғаруға пайдаланылады.

– Су инфрақұрылымын реконструкциялау бюджеттік қаржыны үнемдеуге, тиімді жұмсауға мүмкіндік береді. Ондағы жауапкершілік пен оның ары қарай қаржыландырылуы жергілікті қауымдастықты тарту арқылы қамтамасыз етіледі, – дейді Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасының Қазақстандағы тұрақты өкілі Норимаса Шимомура.

Ғылыми-техникалық даму экологиялық ортаның ластануға қарсы күресін қиындатып жіберді. Табиғи ресурстарды пайдалану көлемінің үнемі артуы табиғи ортаның өндіріс қалдықтарымен ластану проблемасын шиеленістіре түседі. Мысалы, өнеркәсіптік-тұрмыстық ағындар арқылы ластанған судың көлемі қазірдің өзінде өзен суының 16 пайызын ұстайды. Суармалы егіншілік жерлерінің кеңейуі өзен-көлдердің сарқылуын тездетті. Осыған орай, көлемді су қоймаларын жасау қауырт қолға алынды. Су қоймаларын тазартылған сумен толтыру үшін қолға алынған шаралар тағы да экологияны бүлдіріп, климаттың өзгерісін тездете түсті. Сондықтан қазіргі таңда жерасты сулары мен іркінді суларды тазартып, оны күнделікті тіршілік пен ауылшаруашылық мақсатында істету қауырт қолға алына бастады. Ақши ауылында жүзеге асқан пилоттық жоба ең алдымен өңірдегі сарқынды суларды тазартып, игілікке жаратуға болатындығын ұғындырды.

Айта кетерлігі, облыста ылғалды жерде отырған елді мекендер көп. Демек, сондағы жерасты сулары мен сарқынды көлшіктер тиімді түрде керекке жаратылса, нұр үстіне нұр болар еді. Бұл мәселе де өз кезегінде шешімін табатын сияқты. Жобаны қаржыландырған Еуроодақ өкілдері бірлесе жұмыс жүргізу алдағы уақытта да жалғасатынына сенімді.

– Біз Қазақстанды келешек дамудағы өте маңызды стратегиялық әріптесіміз ретінде санаймыз. Осы елдің елді мекендерінде жұмыс істеу біздің болашағымызда шешуші рөл ойнайды. Алдағы уақытта аймақтармен, оның ішінде Алматы облысымен түрлі даму банктері арқылы жаңа форматта жұмыс істеуге шешім қабылдадық. Өйткені, осы жоба екі тараптың ынтымақтасып, нәтижелі жұмыс істей алатындығын дәлелдеді. Осы орайда, бізді қолдап, көмек көрсеткен облыс, аудан басшылары, жергілікті қауымдастықтарға алғыс айтқым келеді. Сондай-ақ, Еуроодақтың қаржыландыруымен жүзеге асқан бұл жоба жасыл экономика саласындағы қазақстандық тәжірибенің табысты үлгісі. Бұл үлгі басқа өңірлердің де қызығушылығын тудыратыны сөзсіз, – дейді Еуроодақтың Қазақстандағы өкілдігі ынтымақтастық бөлімінің басшысы Йоханес Стенбаек Мадсен.

Ластану көздері негізінен тұрмыстық және өндіріс қалдықтары, су көздеріне жақын орналасқан мал шаруашылығы кешендері мен улы химикат-тыңайтқыштарды сақтайтын қоймалардан келіп отыр. Облысқа жылына 100 мың тоннадан астам тыңайтқыш түседі. Қоймалардың жетіспеуінен тыңайтқыштардың дені ашық аспан астында далада сақталады. Мұндай жағдайлар Талғар, Балқаш, Іле аудандарының шаруашылықтарында орын алған. Сондай-ақ, облыста 124 үлкенді-кішілі өзен бар. Осындай табиғат көрінісі сырттай қарағанда ешқандай зиянсыз көрінуі мүмкін. Бірақ оның экологияға қаншалық деңгейде зияны тиіп жатқанын білмейміз. Ал Ақши ауылында жүзеге асқан жоба осы ақтаңдақтарды жойып, ластанған суларды қайта тазартып, экологиялық таза қалпында керекке жаратуға мүмкіндік береді.

Жалпы, жоба аймақтарда су ресурстарын рационалды үрде қолдану мен су инфрақұрылымын тиімді басқару саласында заманауи «жасыл технологияларды» іске асырудың өміршеңдігін көрсетті. Бұл жетістікті еліміздің аграрлы-индустриялды дамуы мақсатында пайдалануға болады.

Шара соңында қонақтар мектеп ауласындағы «Жасыл технологиялар» паркі мен ауыл іргесіндегі жылыжайларды аралап, үш жыл бойы тынымсыз істелген еңбектің жемісін көріп шықты.

Еңбекшіқазақ ауданы

■МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

Білім күні Еңбекшіқазақ өңірінде де мерекелік көңіл-күймен аталып өтті. Аудандағы 86 мектеп жас жеткіншектерге есіктерін қайтадан айқара ашты. Биыл аудан бойынша 48424 оқушы мектепке барды. Оның ішінде 5977 бүлдіршін білім шаңырағының табалдырығын тұңғыш рет аттап отыр.

ҚОС ҚУАНЫШ

Болат МӘЖИТ,
"Жетісу"

Алғашқы қоңырау, әсіресе, Қаратұрық ауылы үшін ерекше. Олай дейтініміз, бұл елді мекендегі ескі мектепке биыл күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын. «Капитал строй груп» фирмасы қолға алған құрылыс жұмыстары белгіленген межеде аяқталып, пайдалануға берілді. Оған бюджеттен 433 миллион теңге қаражат бөлінген. Қайта жаңғырған сәулетті, кең де жарық мектепке ауыл тұрғындары дән риза. Көпшіліктің қуанышына ортақтасқан аудан әкімі Бинәлі Ысқақ оқушылар мен ұстаздарды және ата-аналарды Білім күнімен құттықтап, жас ұрпаққа сәт сапар тіледі.

– Білім – адам баласының өмірлік азығы, таусылмас байлығы. Сондықтан, мемлекетіміз жастарды білім нәрімен сусындатуға барынша жағдай жасап отыр. Бүгінгі таңда жер-жерде заманауи білім ордалары бой көтеруде. Мәселен, біздің ауданда соңғы алты жылдың ішінде 12 жаңа мектеп пайдалануға берілді. 14 мектеп күрделі жөндеуден өткізілді. Міне, бүгін сол игі жұмыстардың біріне куә болып отырмыз. Тәуелсіздігіміздің баянды болуы білімді де білікті жастардың қолында, – деді аудан әкімі Бинәлі Әбдіқапасұлы. Ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Қасым Исмаилов та ізгі лебізін білдіріп, ақ батасын арнады.

Мектеп директоры Шимангүл Амилова жаңалған көпшілікті жаңадан ашылған кабинеттермен таныстырды. Оқушылар енді физика, химия, биология пәндерін заманауи үлгіде жабдықталған сыныптарда оқиды. Соңғы үлгідегі кабинеттер, сөз жоқ, жастардың танымын одан ары тереңдете түсетіні анық.

Дәл осындай қуаныш Рахат ауылдық округіне қарасты Өрікті ауылында жалғасын тапты. Мұнда мектепке жапсарлас салынған 300 орынды ғимараттың ашылу салтанаты өтті. Бұдан былай ауыл балалары қысылмай, қымтырылмай емін-еркін білімдерін жалғастырады.

– Бүгін, міне, көптен күткен қуанышқа ортақтасып отырмыз. Жаңа ғимаратта, жаңа сыныптарда білім алу оқушыларға шабыт беретіні сөзсіз. Осының бәрі ел тәуелсіздігінің арқасы. Біліммен қаруланған өскелең ұрпақтың болашағы жарқын. Өйткені, олар – еліміздің ертеңі, – дейді ардагер ұстаз, осы ауылдың тұрғыны Нұрбай Тұраров.

Білім күнінің мерекесі мен берекесі жас жеткіншектердің бал-бұл жайнаған жүздерінен анық аңғарылып тұр. Олар жаңадан ашылған білім ұяларының табалдырығын қуана-қуана аттады.

Еңбекшіқазақ ауданы

ҒАЛАМШАР

КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫ



ЫСТЫҚКӨЛДІҢ ЖАҒАСЫНДА III ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ РӘСМИ ТҮРДЕ АШЫЛДЫ. ОЙЫНДАРДЫҢ САЛТАНАТТЫ АШЫЛУ РӘСІМІ ШОЛПАН-АТА ҚАЛАСЫНЫҢ ИППОДРОМЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ОҒАН ҚАЗАҚСТАН, ҚЫРҒЫЗСТАН, ТҮРКИЯ, ӘЗЕРБАЙЖАН МЕН ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТТЕРІ ҚАТЫСТЫ.

Жарыстың басым бөлігі Қырғыз шатқалында өтеді. «Қазақпарат» тілшісі сол жердегі этноауылға барып, көшпенділер Олимпиадасына дайындық шараларын көріп қайтты. Шыны керек, осы жолғы ойындардың ауқымы кең. Киіз үйлердің санында шек жоқ. Тек бір қырдың астына 250 киіз үй тігілген. Қырғызстанның әрбір облысы бір-бір қалашықты ашып қойған. Көшпенділер ойындары Қырғызстанда осымен үшінші мәрте өтуде. Ойын бағдарламасы қатысушыларды көшпенділердің ежелгі мәдениетімен арнайы таныстыру үшін ұйымдастырылған. Ал 2020 жылы ойын Түркияда өтпек. Жарысқа 60 елден 2000-ға жуық спортшы, мыңдаған турист, 500 журналист келді.

ЕКІ ҒАСЫРЛЫҚ МУЗЕЙ ӨРТЕНДІ



РИО-ДЕ-ЖАНЕЙРОДА ОРНАЛАСҚАН БРАЗИЛИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІН ӨРТ ЖАЛМАДЫ. ҒИМАРАТ ЕЛДІҢ ЕҢ КӨНЕ ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ БОЛҒАН ЕДІ. БҰЛ ЖАЙЛЫ «GLOBO» ТЕЛЕАРНАСЫ ТҮСІРІЛІМ ЖАСАДЫ.

Өрт сөндірушілердің әрекеттеріне қарамастан, тілсіз жау музейдің 20 миллион ең құнды жәдігерін жойды. Атап өтілгендей, жанып жатқан ғимаратқа суды жеткізу қиынға соққан. Оның үстіне, көне бұйымдарды сақтау үшін тез тұтанатын химикаттар пайдаланылып келген. Оқиғаның мән-жайы мен келген шығын көлемі анықталуда. Құрбандар мен зардап шеккендер жоқ. Музейдің баспасөз қызметі мәлім еткендей, жұмыс орнында болған төрт бақылаушы қызметкер ғимараттан уақытында шығып үлгерген. Ел президенті Мишель Темер бұл барша бразиялықтар үшін қайғылы оқиға екенін айтты. Музейдің іргетасын 1818 жылы Португалия королі Жаун VI қалаған.

ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ ОРНЫН БОСАТТЫ



ФРАНЦИЯНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТА МИНИСТРІ НИКОЛЯ ЮЛО «FRANCE INTER» РАДИОСЫНЫҢ ТІКЕЛЕЙ ЭФИРІНДЕ СҰХБАТ БЕРІП ОТЫРЫП, ҚЫЗМЕТІНЕН БАС ТАРТАТЫНЫН МӘЛІМ ЕТТІ. БҰЛ ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ ЭММАНУЭЛЬ МАКРОН ҮШІН ДЕ КҮТПЕГЕН ШЕШІМ БОЛДЫ.

«BBC» агенттігінің мәлімдеуінше, Николя Юло бірқатар экологиялық мәселенің шешімін табу үшін жасаған әрекеттері сәтсіз болғандықтан, министрлік қызметінен бас тартатындығын мойындады. Оның айтуынша, климаттың өзгеруіне қарсы күрес шаралары Франция билігі тарапынан назарға алынбаған. Юло нақты қолдау көрмегендіктен министрлер кабинетінде өзін жалғыз сезінетінін жеткізді. Ол кету туралы шешімді кенеттен қабылдаған, ол жайында, тіпті, әйелі де білмеген. Орнын босататыны туралы шешімін Юло мемлекет аңшылық жасауға қатысты шектеулерді босаңсыту жөнінде хабарлағаннан кейін жария етті. Қызметінен бас тартқанын аяқасты тікелей эфирде мәлім еткен министр «France Inter» радиостансысында 1970 жылдары жұмыс істепті.

ЖЫЛАН УЫН ЭКСПОРТТАМАҚ



ӘЗЕРБАЙЖАН СҰР ЖЫЛАННЫҢ УЫН ЭКСПОРТТАМАҚ. БҰЛ ТУРАЛЫ «TREND» АГЕНТТІГІ ӘЗЕРБАЙЖАН ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ ЗООЛОГИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ ЭЛЬМАН ЮСИФОВҚА СІЛТЕМЕ ЖАСАП ХАБАРЛАДЫ.

Институт директорының сөзіне қарағанда, қазіргі кезде Түркияның «Marmara Trade» компаниясымен жыланның уын экспорттау жөнінде келіссөздер жүргізіліп жатыр. «Олар халықаралық зертханада уға талдау жасайды. Удың жарамдылық деңгейі туралы нақты мәліметтер алынған соң келіссөздердің келесі кезеңі басталады», – дейді ғылыми мекеме директоры. Оның айтуынша, Әзербайжанға кеңестік кезеңнен шамамен 20 келі жылан уы мұра ретінде қалған. «Marmara Trade» компаниясы сол удың 8-10 келісін сатып алуға ниет танытып отыр. Халықаралық нарықта жылан уының бір грамы 500 АҚШ доллары шамасында бағаланады. Экспорт жүзеге асса, Әзербайжан жылан уын өндіруді жаңғыртпақ. Айта кетейік, Оңтүстік Кавказ аумағында қарасұр жылан ең көп мекендейтін аймақ – Әзербайжан мемлекеті.

РОНА МҰЗДЫҒЫ ЕРІП БАРАДЫ



ЕУРОПАДА ОСЫ ЖАЗДА БОЛҒАН АПТАП ЫСТЫҚ МҰЗДЫҚТАРДЫҢ ЕРУІН ЖЫЛДАМДАТТЫ. БҰЛ ҚҰБЫЛЫС ШВЕЙЦАРИЯНЫҢ АЛЬПІ, ТАУЛАРЫНДАҒЫ РОНА МҰЗДЫҒЫНА ДА ӘСЕРІН ТИГІЗДІ. «EURONEWS» МӘЛІМЕТІНШЕ, ҚАР ЖАМЫЛҒЫСЫ ЖҰРТТЫҢ КӨЗ АЛДЫНДА ЕРІП ЖАТЫР.

Шың басындағы үңгірге келген туристер еріген қар суының қалай ағып жатқанын көре алады. Лозанна университетінің сарапшысы Кристоф Ламбельдің түсіндіруінше, әзірге мұздықта қар баршылық, толық ерімеген. Тек қар ғана. Бірақ қар біткеннен соң мұзға кезек келмек. Рона мұздығы ерімес үшін еріктілер оны арнайы оқшаулағыш шүберекпен жабуда. Бұл Швейцарияның табиғи байлығын ертітетін күн сәулесіне қалқан болмақ. Бұл мұздықты қорғай ала ма, оны уақыт көрсетеді. Ал басқа мұздықтардың жағдайы тіптен мүшкіл. Кристоф Ламбельдің сөзіне қарағанда, енді 20 жылдан соң әлемде көптеген мұздық жоғалады. Ал Рона мұздығы болса, соңғы 120 жыл ішінде 1400 метрге кеміген. Әр ыстық болған күні 10-12 сантиметрге қысқарып жатыр.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№143 (18563)

Сейсенбі, 25 желтоқсан, 2018 жыл.

■ ПРЕЗИДЕНТ ШЫРШАСЫ

Дана халқымыздың: «Ескі жыл есірке, жаңа жыл жарылқа», – деп өткен күніне бір салауат айтатын әдеті қандай жақсы. Құдды үлкен үміттің бастауындай жүрекке жылы тиеді. Жаңа жылды жақсылыққа жоритын жұртымыз осы бір жылы лепес арқылы алдағы өмірінің сәулелі болуын тілейтіндей. Тарих қойнауына еніп бара жатқан 2018 жыл еліміз үшін елеулі оқиғаларға толы болды. Әсіресе, балалардың көңіліне шуақ шашуымен есте қалды. Оны Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жарқыра, Қазақстан! Жарқыра, туған жер!» атты жаңа жылдық шыршасына жиылған бүлдіршіндердің жанарынан аңғарғандаймыз.



ЖАҢА ЖЫЛ, ЖАРЫЛҚАЙ БЕР!

Мұхтар КҮМІСБЕК,
«Жетісу»

Әдемі безендірілген алып шыршаның маңына топтасқан балалар ертегі әртістерін қошеметпен қарсы алды. Әртүрлі кейіпкерлердің рөлін сомдаған бүлдіршіндердің қуанышында шек жоқ. Елбасы шыршасына қатысуға мүмкіндік алғандарына дән риза. Өз перзенттерінің өңіріміздегі ең таңдаулы балалар қатарынан көрінгендеріне ата-аналар да мәз-мейрам. Кеш жүргізушілері алдымен қатысушылардың білімін сынамақ болып, Жетісу мекенінің жеті кереметін сұрады. Оған мүдірмей жауап берген оқушылар туған жеріне деген құрметтің зор екенін көрсете білді. Әрі жеті өзенді бауырына басқан жер жаннатының бүгінгі көрінісін сұлу сөзбен безбендеп берді. Мұндай жауапты күтпесе керек, жүргізушілер оқушылардың тапқырлығына тәнті болып, ары қарай сергіту ойынын ойнатты.

Одан кейін еліміздің бас шыршасына арнайы шақыртумен келген балалар Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бейнеқұттықтауын тыңдады.

– Қымбатты балалар, бүгін байтақ еліміздің барлық өңірінде өнегелі балалар жаңажылдық шыршаның айналасына жиналды. Мен сендерді, сендер арқылы барша қазақстандық балаларды келе жатқан Жаңа жылмен құттықтаймын! Биылғы жыл бәріміз үшін айрықша жыл болды. Тәуелсіздік арқылы біздің Отанымыз жылдан-жылға өркендей түсуде. Қазір дүниежүзі қазақ елін құрметтейді. Сендер осындай ерекше елде өсіп келе жатқан бақытты ұрпақсыңдар. Зерделі де зерек, білімді болыңдар. Бұған елімізде барлық мүмкіндік бар. Жасампаз істердің барлығы сендердің жарқын болашақтарың үшін жасалған. Айналасын алтынға бөлеген шырша – базарлы балалықтың белгісі. Шырайын бермейтін осы шыршадай жайнап өсе беріңдер. Болашақтарың баянды болсын, – деген Мемлекет басшысының ақ тілекке толы лебізі жиналған қауымның көңілін бір толқытты.

Ұлт Көшбасшысының жүрек сөзін облыс әкімі Амандық Баталов жалғады.

– Құрметті Жетісудың өнерлі ұлқыздары! Жаңа жыл мерекесімен сендерді және өздеріңдей барша жетісулық балаларды шын жүректен құттықтаймын! Бүгін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей қолдауымен Президент шыршасы ұйымдастырылып жатыр. Бұл салтанатты шырша тойы Елбасының өздеріңдей өскелең ұрпаққа көрсеткен құрметі! Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабдал саясатының арқасында еліміз 27 жылдың ішінде көптеген жетістікке қол жеткізді. Ұлы Даланың ұрпақтары ақылды да алғыр, зерделі де зерек болуы керек. Жаңа жыл – барша баланың асыға күтетін, армандайтын ең көңілді, ең ғажап мерекесі.

Міне, Жаңа 2019 жылға санаулы күндер ғана қалды. Бәріміз Жаңа жылдан үлкен үміт күтеміз. Сендердің бала жүректеріңде жаңа жылдық ғажайып сезім бар. Арман бар. Оны мен жақсы түсінемін. Себебі, біз де сендер сияқты бала болғанбыз. Айналайын, балалар! Бақытты болыңдар! Тәуелсіз елімізбен бірге өркендеп, биік белестерді бағындырыңдар! – дей келе өңір басшысы ел Президенті атынан №1 балалар үйінің тәрбиеленушісі Ұлықпан Қабылбеков пен «Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушісі Ирина Веснинаға жаңа жылдық сыйлық табыс етті.

Айта кетейік, қазіргі таңда облыста барлығы 390 мыңнан астам оқушы білім алса, 80902 бүлдіршін балабақшада тәрбиеленуде. Президент шыршасына өңіріміздің қалалары мен аудандарынан ең үлгілі 200 оқушы қатысып отыр.

Бұдан кейін балдырғандар Аяз ата мен Ақшақарды ерекше ықыласпен қарсы алды. Мерекенің бас кейіпкерлері бүлдіршіндерді Жаңа жылмен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді. Содан соң балалар бір-бірінің қолдарын ұстап, шыршаны айналып ән салды, би биледі. Осылайша олар шырша шамдарының жануы үшін бар өнерлерін көрсетті.

Шара соңында оқушылар Амандық Ғаббасұлымен естелік суретке түсті.



Суреттерді түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ

■ РУХАНИЯТ

ЖАЗУШЫЛАР БАС ҚОСТЫ

Жуырда Жазушылар одағында «Ұлы Даланың жеті қыры және қазақ әдебиеті» тақырыбында одақ басқармасының I пленумы өтті. Жиында Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы талқыланып, сонымен қатар басқарманың 9 айдағы атқарған жұмысының есебі тыңдалды.

Осы бойынша Жазушылар одағының төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет баяндама жасады. Сақ, ғұн дәуірінен бастап, ежелгі орта ғасыр кезеңі – көне түркі дәуірінен жалғастыра сөз сабақтаған төрағаның тарихымызды түгендеудегі рөліне тоқталып өтті. Және бұл орайда қазақ әдебиетіне де зор міндет артылатынын айтты.

Сондай-ақ ұйымның жаңа бағыттағы жұмысы жайлы баяндап, соның ішінде одақтың материалдық жағдайын түзеу, «Өлкетану» жобасы, мерейтойлық шаралар, өзге елдермен халықаралық шығармашылық байланыстар және басқа да қолға алынған мәселелер жайлы кеңінен айтып берді. Өз сөзінде Ұлықбек Есдәулет пленумға арнайы делегацияларын ұйымдастырып жіберген бірқатар облыс әкімдіктеріне, соның ішінде ақын Ерлан Жүніс бастаған жетісулық делегацияның барып қайтуына қолдау көрсеткен облыс әкімі Амандық Баталовқа ризашылық білдіріп, алғыс айтты.

Одақ төрағасының бірінші орынбасары, ақын Ақберен Елгезек Жазушылар одағының жарғысына енгізуге ұсынылып отырған өзгерістер мен толықтыруларды атап берді. Ескі жарғымен жаңаша жұмыс істеудің қиын екенін өз сөздерінде тілге тиек еткен басқарма мүшелері аталмыш ұсыныстарды бірауыздан қолдады.

Жиында көрнекті жазушылар Қабдеш Жұмаділов, Бексұлтан Нұржекеев, Марал Ысқақбай және басқа да қаламгерлер Елбасы мақаласына орай ой қосып, пікірлерін білдірді.

Басқосу соңында Тәуелсіздік күніне орай мемлекеттік марапатқа ие болған қаламгерлердің аттары аталып, наградалары тапсырылды.

Сағыныш НАМАЗШАМОВА

■ ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА

АЛДАҒЫ МІНДЕТ АУҚЫМДЫ

ҚР Премьер-Министрі Бақытжан САҒЫНТАЕВТЫҢ төрағалығымен «Жасыл экономикаға» көшу туралы кеңестің отырысы өтті. Онда еліміздің «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасының 2013-2020 жылдарға арналған іс-шараларды іске асыру барысы қаралып, келесі жылғы жоспарлар талқыланды.

Қажет АНДАС,
«Жетісу»

Әрине, кейінгі жылдары әлем елдерін экологиялық ахуалдың нашарлауы алаңдата бастады. Сөйтіп қоршаған ортаны қорғау мәселесі басты тақырыпқа айналды. Осы келеңсіздікті ескеріп, оның алдын алу үшін еліміздің «Жасыл экономикаға» көшу туралы тұжырымдамасы жасалды. Осыдан кейін бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде атқарыла бастады. Қазірде экологиялық жағдайды одан әрі жақсарту және «Жасыл экономикаға» сапалы көшуді қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан жобалар жеткілікті. Отырыс барысында ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаев осы атқарылған жұмыстар жайлы толыққанды баяндап берді. Мәселені талқылауға «Жасыл технологиялар мен инвестициялық жобалардың халықаралық орталығы» КЕАҚ басшысы Рапил Жошыбаев, ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов, қазақстандық KazWaste қалдықтарды басқару жөніндегі қауымдастығының атқарушы директоры Вера Мұстафина, «Жасыл академия» ғылыми-білім беру орталығының директоры Бақыт Есекина, «Жасыл экономика және G-Global-ды дамыту коалициясы» ЗТБ басқарма төрайымы Салтанат Рахымбекова, «Қазақстанның экологиялық ұйымдарының қауымдастығы» ЗТБ басқарма төрайымы Айгүл Соловьева қатысты. Бұдан өзге де лауазымды тұлғалар отырыс жұмысын бейнеконференция байланыс режимі арқылы бақылап отырды.

Баяндамашының айтуынша, қазіргі таңда еліміздегі экологиялық жағдайда кейбір тұрақсыздықтар болғанымен оның алдын алудың, әсіресе, «Жасыл экономикаға» көшуді қамтамасыз етудің жан-жақтылы мүмкіндігі қарастырылған. Осы бағыттағы барлық жұмыс ҚР Экологиялық кодексі және Қазақстан Рес-публикасының «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжы-рымдамасы арқылы реттеліп отырады. Осыған дейін Үкімет «Жасыл экономикаға» көшудің жалпыұлттық жоспарын орын-дауға баса мән берсе, биылғы 5 қазанда жарияланған Елбасы Жолдауын іске асыру бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр.

Десе де, алдағы уақытта атқарылатын жұмыс ауқымды. Өйткені жаңадан әзірленіп жатқан Экологиялық кодекс өңірлерге тың міндеттер жүктейтіні анық. Соның ішінде қоршаған ортаны қорғаудағы технологиялық процестерді жетілдіру ісі жетіле түседі. Отырыс соңында Үкімет басшысы облыс әкімдеріне атмосфераға зиянды қалдықтардың таралуын төмендету бойынша алдын алу шараларын қолдануын тапсырып, белсене жұмыс жүргізуге шақырды.

■ ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ЖЕТІСТІК АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Сынаптай сырғыған уақыттың бір жылын Жетісу жері толайым табыстармен тарих қамбасына тоғытқалы отыр. Ерен күшпен атқарылған әрбір жұмыс жемісті, нәтижелі болды. Алдағы 2019 жылды облысымыз әлеуметтік-экономикалық дамудың барлық негізгі ұстанымдары бойынша жақсы нәтижелермен қарсы алмақ. Бұл туралы облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ аппараттық кеңес барысында мәлімдеді.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ,
«Жетісу»

– Биыл біз үшін жарқын жетістіктерге толы жыл болды. Ең маңызды оқиға – Мемлекет басшысының жеке тапсырмасы бойынша қайта жаңғыртылған Ақсу қант зауытының іске қосылуы, Астана қаласының 20 жылдығына орай Елорда төрінде «Жетісу» саябағының ашылуы. Біз тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс сынды өзге де салалар бойынша көптеген нәтижелерге қол жеткіздік, – деп атапөтті облыс басшысы.

Ақиқатында облыстағы қос қант зауытының өнімі көл-көсір болды. Қант қызылшасын өңдеу көрсеткіші бойынша өңіріміз биыл рекордтық нәтижеге қол жеткізді. Ал Астанаға тарту ретінде бас шаһардың төрінде ашылған «Жетісу» мәдени-демалыс саябағы жетісулықтарға Елбасының алғысын арқалатты. Дәл осындай жарқын жетістіктер сараланған жиын барысында биыл болған кадрлық ауыс-түйістер туралы да әңгіме өрбіді. Ағымдағы жылы бірқатар аудан әкімінің орынбасарлары аймақ басшысы лауазымына ие болып, оларға зор сенім артылды. Осындай оң өзгерістер мен жаңа шешімдер, жыл бойғы атқарылған игі істерге тоқталған өңір басшысы өз кезегінде жекелеген кемшіліктерді де атап өтіп, басқарма басшылары мен әр салаға жауапты мамандарға оларды жоюды ерекше бақылауда ұстауды тапсырды.

– Келесі жыл бүгінгі жетістікті қанағаттандырмайды. Уақыт өткен сайын ел дамуына облыс оң септігін тигізуі қажет. Сондықтан сан сала бойынша көрсеткіш деңгейін жоғарылатып отыруымыз қажет. Сондықтан барлық мемлекеттік бағдарламалардың сапалы және уақытылы орындалуына назар аударуды тапсырамын. Әсіресе «7-20-25» бағдарламасын жүзеге асыру қажет. Жалпы барлық қол жеткізілген көрсеткіштер – бұл біздің ортақ еңбегіміздің және бірлескен күш-жігеріміздің нәтижесі. Мәселен, Талдықорған қаласы рейтингтердің негізгі көрсеткіші бойынша «Ең үздік қала» атағына ие болды. Алдағы уақытта біз бұл жеткен биігімізден түспеуіміз қажет, – деп облыс әкімі Амандық Баталов жиынды қорытындылады.

■ ЖАЙДАРМАН

Іле ауданының Жетіген ауылдық округіне «көгілдір отын» берілді. Бұл жұмыс «Алматы облысын 2020 жылға дейін газдандыру» өңірлік бағдарламасы аясында жүзеге асты. Шараға Іле ауданының әкімі Бағдат Қарасаев, сондай-ақ, спортшылар Жақсылық Үшкемпіров, Ермахан Ыбырайымов, Қанат Ислам, Ардақ Назаров пен Жетіген ауылының тұрғындары және мемлекеттік мекемелердің өкілдері, аудан ардагерлері және кәсіпкерлер қатысты.

ЖЕТІГЕНДЕ ГАЗ АЛАУЫ ЖАҒЫЛДЫ

Мақпал МЫСА,
«Жетісу»

Аудан бойынша газбен қамту көрсеткіші бүгінде 85 пайызды құрады. Игі іс «Жақсылық Газ Строй сервис» компаниясының мұрындық болуымен жүзеге асты. Бұл жобаға грек-рим күресінен тұңғыш Олимпиада чемпионы, Қазақстанның Еңбек Ері Жақсылық Үшкемпіров басқаратын компания 1 миллион 800 мың теңге инвестиция тартқан.

Салтанатты шараға жиналған қауымды алдымен аудан әкімі Бағдат Қарасаев құттықтап, ақжарма тілегін арнады. «Жақсылық Газ Строй сервис» компаниясының атынан Жақсылық Үшкемпіров көпшілікті «көгілдір отын» құбырының тартылуымен құттықтап, игі шара ары қарай да жалғасын таба беретінін айтты.

Бұл күні 24 мыңнан астам тұрғыны бар жетігендіктердің шаттанысы шат күлкілерінен, қуанышты жүздерінен байқалып тұрды. Ең алдымен үш газ пеші ауыл мешітіне қосылды. Ауыл қарттары игі істі қуаттап, қолдап, алғыстарын жаудырды.

Өткен жылы ауданда «Алматы – Талдықорған» газ құбырының құрылыс жобасы негізінде 6 мыңға жуық тұрғыны бар Ақши ауылы газбен қамтамасыз етілген еді. Ағымдағы жылы «Алматы – Қапшағай» газ құбырының желісіне Жетіген ауылы қосылып, аудандағы он округ көгілдір отынға қол жеткізді. Аудандағы газ құбырының жалпы ұзындығы 387 шақырым аумақты құрайды. Бүгінде 31 елді мекеннің 26-сы көгілдір отынмен қамтамасыз етілген. Талдап айтқанда 31395 жеке тұрғын үйдің 21755-і, 359 көпқабатты үйдің 220-сы газдандырылды. Аудандағы 93 әлеуметтік нысанның 44-і газбен қамтамасыз етілді.



Магистральдық газ құбырының жалпы ұзындығы 11,1 шақырым, өткізу қуаты сағатына 23,0 нанометр кубты құрайды. Жетіген ауылында орналасқан әлеуметтік нысандарды газбен қамтамасыз ету үшін жобалық-сметалық құжаттар дайындалуда. Әр отбасы орталық құбырдан өз ауласына газ тарту үшін 300 мың теңге төлеуі тиіс. Ауыл әкімдігі мен мердігер келісімге келіп, жағдайы төмен отбасыларына газды тегін кіргізіп беру жайын қарастыруда. Осы орайда көпбалалы ана Эльнура Бадалованың үйіне газ тегін кіргізілді. Оты маздап, үйі жылынған отанасы бұдан кейін көмір жағып, күл шығармайтынын айтып, шаттануда. «Армандар орындалады екен. Балаларым жылы үйде асыр салып ойнап жүрсе деп армандайтынмын. Енді оларды таңертең алаңсыз мектепке шығарып саламын», – дейді қуаныштан толқыған Эльнура.

Жақын уақытта Жетіген ауылдық округінде орналасқан орта мектеп, емхана, әкімшілік ғимараты, басқа да әлеуметтік нысандар «көгілдір отынмен» қамтамасыз етілмек. Ал, даму жоспары бойынша келесі жылдың соңына дейін Нұра, Жаңа Арна, Құйған және Еңбек ауылдарына газ жеткізу толықтай жүзеге аспақшы.

Іле ауданы

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Jetisý

№21
(18585)
Бейсенбі,
21 ақпан,
2019 жыл

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады
www.7-su.kz
@Jetisugazeti
Jetisu2002@mail.ru

ӘКІМ ЕСЕБІ

Басшыны жұртшылықпен жақындастыратын, оларды толғандырып жүрген мәселелерді ортаға салып, көкейдегі көп ойды тарқататын, облыста атқарылған істер мен алдағы даму жолын саралайтын бірден-бір жиын – әкімнің есеп беруі. Бұқара мен билік арасына алтын көпір салған облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ ел алдындағы есеп беру жиыны Б. Римова атындағы облыстық драма театрында өтті. Жетісу жұртшылығы үшін бұл күні театр есігі айқара ашылып, әкімнің есебін тыңдауға, елдің аманатын жеткізуге жер-жерден келгендердің қарасы көп болды. Облыс әкімі халық алдындағы есеп беруінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму барысын жан-жақты сөз етті.



ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БАСТЫ НАЗАРДА

– Барша жетісулықтардың бірігіп атқарған еңбегінің арқасында өткен жылы экономиканың негізгі салаларында оң динамика сақталды, – деп бастады сөзін Амандық Ғаббасұлы.

– Жалпы өңірлік өнім 3,5 пайызға өсіп, 2,7 трлн. теңгеге жетті. Ауылшаруашылығы, өнеркәсіп салаларында өсім байқалып, бөлшек тауар айналымы, құрылыс жұмыстарының көлемі артты. Облысымызға 574 млрд. теңге инвестиция тартылып, 31 мыңнан астам жұмыс орны құрылды, бұл жоспардан 5,8 мыңға артық, жұмыссыздық деңгейі 4,6 пайызға дейін төмендеді. Бюджетке 387 млрд. теңге түсті.

Өткен жыл облысымыз үшін табысты болды. Солардың қатарында жетісулықтарға қуаныш сыйлаған оқиғаларды атап өткім келеді.

Біріншіден, халықтың ұзақ жылғы қалауы орындалып, Мемлекет басшысының Жарлығымен Райымбек және Кеген аудандары қайта құрылды. Соның нәтижесінде 700-ге жуық адам өз туған жерлеріне қайта оралды.

Екіншіден, халық – біздің басты байлығымыз. Осы орайда, облыс тұрғындарының саны 2 миллионнан асып, республикадағы ең ірі аймаққа айналдық.

Үшіншіден, Елордамыздың 20 жылдығына байланысты Астананың төрінде Жетісудың тұмарындай болған «Жетісу» саябағын жаңарттық. Саябақтың жаңа келбеті астаналықтарды қуантып, Елбасы облыс жұртшылығының еңбегіне жоғары баға берді.

Жалпы, облыс экономикасының тұрақты өсімі Мемлекет басшысының Жолдауларын, бес әлеуметтік бастамасы мен мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру арқылы қамтамасыз етілді. Өз Жолдауында Елбасы индустрияландырудың жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиіс екенін атап өтті. Сондықтан еңбек өнімділігі жоғары өңдеу секторына баса назар аударылуы тиіс. Ол облыс өнеркәсібінің 86 пайызын құрайды.

Ірі кәсіпорындарда цифрландыру мен инновациялық технологияларды пайдалану есебінен өнеркәсіп өнімінің көлемі 884 млрд. теңгеге жетті. Биыл 1 триллионға дейін жеткізуді жоспарлап отырмыз.

Өткен жылы трансұлттық компаниялардың қатысуымен 9 жобаның (республикалық тізімге енгені – 16) екеуі жүзеге асты. Бұл – Іле ауданындағы сорғы құрылғыларын шығаратын немістің «WILO» компаниясы және Қапшағай қаласындағы отандық ұннан азық-түлік және жартылай фабрикаттар дайындайтын «Маревен Фуд» зауыты. Мұнда шығарылатын өнімнің 80 пайызы Орталық Азия елдеріне «Қазақстанда жасалған» деген сауда белгісімен экспортталатын болады. Биыл экспортқа бағдарланған тағы үш ірі кәсіпорын ашу жоспарда бар. Нақты айтатын болсақ, «Лукойл» ресейлік компаниясы Іле ауданында майлау материалдарын шығаратын зауытты, Сингапур-Қытай компаниясы Кербұлақ ауданында «АлаЦем» кірпіш зауытын, Біріккен Араб Әмірліктерінің «Феникс» және «Заря» компаниялары «Қорғас – Шығыс» қақпасы арнайы экономикалық аймағы аумағында екі құрама жем зауытын іске қоспақшы. Нәтижесінде өңдеуші өнеркәсіпке 87 млрд. теңге инвестиция тартылып, экспорт көлемі 6 пайызға өсіп, 395 млн. долларды құрайтын болады. Өткен жылы бұл орайдағы көрсеткіш 298,3 млн. доллар болған.

Облысымыздың басты драйвері – ауылшаруашылығы болып табылады. Халықтың 80 пайызы ауылдық жерде тұрады. Сондықтан ауылдарға жағдай жасау басты міндетіміз болуы керек. Дамыған елдердің тәжірибесінде, мысалы, Норвегияның мұнай-газ саласында табысқа жеткен бизнесмендері қаржысын ауылдың әлеуметтік жағдайын көтеруге бағыттайды. Бізде де осындай озық тәжірибе жоқ емес.

Жақында Кеген ауданына барғанымда бұрын мұнай саласында жұмыс істеген кәсіпкерлердің қомақты қаражатқа ірі қара мал өсіру және оның етін өңдейтін кешен салғанын көріп, риза болдым.

Бүгінгі күні 6 мың бас ірі қара бордақыда тұр. Болашақта жоғары сапалы «мрамор» етін өндіріп, экспортқа шығаратын болады.

Алдағы уақытта облыстың барлық аймағында ірі кәсіпкерлерді ауылдардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға тартып, қолдау көрсетуіміз керек. Сонда жаңа жұмыс орындары ашылса, жастарымыз ауылдан кетпей, тұрақты еңбек етер еді.

Бұдан кейінгі сөзін ауылшаруашылығы саласында атқарылған істерге бағыттаған облыс басшысы жалпы өнім көлемінің 700 млрд. теңгеден асып, агроөнеркәсіп кешеніне 82 млрд. теңге инвестиция тартылғанын атап өтті. Егіс алқабы ұлғайтылып, қант қызылшасын өсіруге айрықша көңіл бөлінгеніне тоқталды. Атап айтар болсақ, 442 мың тонна қызылша жиналып, орташа өнімділігі әр гектардан 400 центнерге жеткен. Ал Ескелді ауданында 520 центнерден өнім алынған. Көксу және Ақсу қант зауыттары 42 мың тонна қант өндірген. Биыл қант қызылшасының көлемін 14 мың гектарға жеткізіп, 485 мың тонна тәтті түбір алу жоспарланып отыр. Алакөл және Қарабұлақ қант зауыттарын қалпына келтіру, Қапшағай қаласында жаңа қант зауытын салу көзделуде.

Алдыңғы қатарлы технологияларды енгізудің нәтижесінде соңғы он жылда жүгерінің өнімділігі арта түскен. Райымбек ауданында картоп өсіру қолға алынған. 26 бірлік техника мен картоптың элиталық тұқымдары сатылып алынып, екі сервистік-дайындау орталығы құрылған. Алғашқы 100 гектарда өнімділігі 300 центнерді құраған, бұл әдеттегіден 2 есе жоғары.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ирригациялық желілерді қалпына келтіру ісі басталып, қайта жаңғырту, күрделі жөндеу жұмыстары қолға алынған. 15 мың гектардан астам суармалы жер қалпына келтірілген. Биыл 25 мың гектарды қалпына келтіру жоспарланып отыр. 2022 жылға дейін бұрын айналымнан шыққан 126 мың гектар суармалы жер пайдалануға берілмек.

(Соңы 2-3-беттерде)



ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА

Қазақстан Республикасындағы БҰҰ-ның Даму бағдарламасы облыстық энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы және Global Water Challenge мен Coca-Cola бейкоммерциялық ұйымдарымен бірлесіп «Талдықорған қаласындағы автоматтандырылған ауызсумен жабдықтау жүйесіндегі жаңа тәсілдерді және шоттарды ұсынудың электрондық жүйесін үлгі ретінде көрсету және диспетчерлендірудің пилоттық жүйесін іске асыру» атты жобаны жүзеге асыруға кірісті.

Су үнемдеудің тиімді тәсілі

Қажет АНДАС

2018 – 2020 жылдарға арналған ауқымды жоба автоматтандырылған ауызсу мен жабдықтау жүйесіндегі жаңа тәсілдерді көрсету, шоттарды ұсынудың электрондық жүйесін үлгі ету мен пилоттық жүйені іске асыруды мақсат етеді.

Аталмыш жобаны іске асыру кезеңінде ыстық судың шығынын азайтып, оны тиімді пайдалану үшін көппәтерлі үйлердегі автоматты ыстық су беру жүйесін қайта айналымға енгізу көзделуде. Бұл тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласын сандық жүйеге көшіруге тиімді. Сондай-ақ, шоттарды тұтынушыларға қағазша ұсынуды тоқтатып, халықты заманауи сандық технологиялардан пайдалануға мүмкіндік береді. Тіпті, деректерді диспетчерлендіру орталығына сымсыз жөнелту мен сумен жабдықтау жүйесін автоматтандыру технологиясының қызметін арттырады.

Жобаның атқарылу барысы үш кезеңнен тұрады. Ең алдымен автоматтандырылған ауызсу мен жабдықтау жүйесін және орталықтандырылған диспетчерлік жүйені біріктіреді. Екіншіден, ескі көппәтерлі үйдегі біріктірілген ыстық сумен жабдықтау жүйесінің қызметін кемелдендіреді. Үшіншіден, сумен жабдықтау жүйесі туралы ақпаратты тандыруды тездетеді. Осы барыста «Жетісу Су арнасы» мекемесі сумен жабдықтаудағы заманауи технологиялар және тәсілдер бойынша әлеуметтің әлеуетін дамытуға, халықты сумен жабдықтау жүйесі және суды есепке алудың тиімді жүйелері туралы түсінігін арттыруға бағытталған жұмыстарды жүргізуге міндетті. Сондай-ақ, веб-технологияларды және клиенттердің дерекқорлардан пайдалануын қолжетімді етуге күш салады. Есепке алу жүйесін құру және төлемдерді, банктік үзінді көшірмелері мен жазылушыларға арналған ай сайынғы шоттарды автоматты есептеу функциясын жетілдіруге күш салады. Электрондық шоттарды ұсыну жүйесін, функциялары автоматтандырылған әрі орталықтандырылған диспетчерлік орталығын құруды жоспарлайды.

Жоба толық аяқталғанда облыстағы 45 үй шаруашылығын пилоттық режимдегі су шығынын сымсыз деректерді пайдаланып, өтеуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, Талдықорған қаласындағы көппәтерлі үйдегі ыстық сумен жабдықтау бойынша құбырлар жүйесін оңтайландырып, жылу, сумен жабдықтау және шығынды үнемдеудің заманауи технологиялары мен үлгілерінен толық игіліктенетін болады.

БРИФИНГ

916 ЖОБА ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛДЫ

Былтыр «Атамекен» 700 млн. теңгеден аса қаражатқа бизнестің мүддесі мен құқығын қорғады. Ал 20 мыңнан аса кәсіпкер тегін сервистік қызметке ие болыпты. «Бастау» жобасын іске асырудың нәтижесінде 3 мыңнан аса жұмыссыз адам кәсіпкерлік негіздерін оқып, оның ішінде 916 жоба 2,5 млрд. теңгеге қаржыландырылған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар орталығында өткен баспасөз мәслихатында аймақтық кәсіпкерлер палатасының басшысы Нариман Әбілшайықов мәлімдеді.

Палатаның өткен жылы атқарған жұмыс қорытындысына сәйкес шағын және орта бизнес саласы тұрақты даму жолына түскен. Кәсіпкерлікпен айналысушылардың қатары алдыңғы жылмен салыстырғанда бірнеше пайызға өсіп, «Бастау» және «Бизнес кеңесші» жобаларына қатысушылардың саны артқан. «Атамекеннің» негізгі қызметінің бірі кәсіпкердің құқығы мен мүддесін қорғау екенін ескерсек, есепті кезеңде палатаға осы бойынша үш жүзден аса шағым келіп түскен. Оның екі жүзге жуығы оң шешімін тауыпты.

Жыл басынан бері барлық бизнес-субъектілер арасында ауқымды сауалнама жүруде. Мақсаты – бизнестегі өзекті мәселені анықтап, кері байланыс орнату. «Адами капиталды дамыту», «Сатып алулар» бойынша іске асырылып жатқан жұмыстар жөнінде айтқан спикер «Atameken Services» порталын, тегін құжаттар үлгілері жинақталған «Құжаттар конструкторы» жобасын, әлеуметтік жобаларды шешуге бағытталған «Менің Атамекенім» платформасын да таныстырды. Баспасөз мәслихатында, сондай-ақ, биыл кәсіпкерлер арасында скрининг жүргізу жоспарланып отырғаны белгілі болды.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisy

№24
(18588)
Бейсенбі,
28 ақпан,
2019 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады
www.7-su.kz
@Jetisugazeti
Jetisu2002@mail.ru

Нұр Отан 20 жыл

ЕЛ ҚАМЫ – ЕЛДІГІМІЗДІҢ КЕПІЛІ

Астанадағы Тәуелсіздік сарайында «Нұр Отан» партиясының 20 жылдығына орай кезекті XVIII съезі өтті. Съезге Қазақстан Президенті, партия Төрағасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ арнайы қатысты. Мемлекеттік Гимннен кейін партия Төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев дәл қазіргі уақытта съезге 1 117 делегат қатысып отырғанын және бүгінгі қаралатын барлық шешімнің ашық дауыс беру арқылы қабылданатынын айтты. Партия съезін Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің құттықтау сөзімен ашты.



Олжас СӘНДІБЕК

– Баршаңызды «Нұр Отан» партиясының 20 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

1999 жылғы 1 наурыз егемен еліміздің жылнамасына партиямыздың негізі қаланған күн ретінде енді. Тарих өлшемімен қарағанда бұл – көп уақыт емес, бірақ біз үшін тұтас дәуірге парапар. Ғасырлар тоғысындағы күрделі экономикалық жағдай тез арада дұрыс таңдау жасауымызды талап етті. Тәуелсіздігімізді нығайтып, мықты мемлекет құру үшін бізге батыл әрі маңызды реформалар жасау керек болды. Әйтпесе, өркениет жолына бастайтын әлемдік даму көшінен қалып қоятын едік. Осындай ұлы мақсатты көздеген «Нұр Отан» партиясы халықтың сенімін ақтап, орнықты ілгерілеуімізді қамтамасыз ететін бірден-бір саяси күшке айналды. Сындарлы жылдарда жанымнан табылып, биік белестерді бағындыруға атсалысқан партияластарыма алғысымды білдіремін. Мен бүгін өздеріңізбен бірге атқарған жұмысымызды қорытындылап, болашақ бағдарымыз туралы ой бөліссем деймін.

Ең алдымен, қол жеткізген жетістіктерімізді айшықтайтын нақты фактілерге тоқталайын. Еліміздің экономикасы айтарлықтай өсті. Сыртқы сауда айналымының көлемі 9 еседен астам артты. Қазақстанға шетелден 320 миллиард долларға жуық тікелей инвестиция тартылды. Азаматтарымыздың кірісін 16 есе көбейттік. 141 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй салынды.

Бүкіл елімізде әлеуметтік маңызы зор жаңа инфрақұрылым нысандары бой көтерді. 1 400 заманауи аурухана, емханалар мен амбулаториялар, 2 865 жаңа мектеп, колледждер мен балабақшалар ашылды. Мұның бәрі – бүкіл халқымыздың ерен еңбегінің нәтижесі. «Нұр Отан» мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдауға ықпал етіп, сайлаушылардың сенімін ақтап келеді, – деді партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің құттықтау сөзінде.

Осыдан кейін Елбасы еліміздің әлеуметтік саласында шұғыл шешімін табуы тиіс бірнеше өзекті мәселе бар екендігін атап өтті.

– Биыл республикалық бюджеттің 45 пайыздан астамы әлеуметтік салаға жұмсалады. Мен Ұлттық қордан халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және әл-ауқатын көтеру мақсатында қаржы бөлу туралы шешім қабылдадым.

(Соңы 2-бетте)

ДЕЛЕГАТ ЛЕБІЗІ



Ермек КЕЛЕМСЕЙІТ,
облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы, облыстық мәслихат депутаты:

– «Нұр Отан» партиясы өзінің 20 жылдық тарихында өрелі өзгерістер, жаңғыртулар мен күрделі қадамдардан өтті. Партия заман талабынан шығу үшін цифрландыру, сандық жүйеге көшу қадамын жасап шықты. Партиялық кадрлар толыққанды сұрыпталып, саны мен сапасы сараланып отырады. Жаңашыл партиялық жобалардың да өміршеңдігі зор. Мәселен, жуырда ғана ашылған «Белсенді ұзақ өмір сүру» атты егде адамдарға арналған арнайы орталық қарт адамдардың бос уақытын тиімді өткізуіне, тегін секцияларға жазылып, денсаулығын түзеуіне мол мүмкіндік береді.

«Нұр Отан» партиясының құрылғанына 20 жыл толуына орай Астанада өткен кезекті XVIII съезде партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын отбасыларға облыс, қала әкімдерінің қолдауы керектігін ескертіп, жергілікті бюджеттен әлеуметтік қажеттіліктерге қаржы қарастыруды тапсырды.

Осының өзі әлеуметтік мәселелерге мемлекет тарапынан лайықты көңіл бөліне бастағандығын көрсетеді.



Күләйхан ДӘУЛЕТБЕКОВА,
«Нұр Отан» партиясы Ақсу аудандық филиалы төрағасының орынбасары:

– «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінің делегаты ретінде Елордамызда өткен ең ірі, маңызы зор саяси шараға қатысқаныма қуаныштымын. Әсіресе партия Жарғысына енгізілген бірқатар өзгерістер мен партия қызметіндегі жаңа бетбұрыстың негізгі идеясы менің көңілімнен шықты. Мәселен, Саяси Бюро өкілеттіліктерінің толықтырылуы, партия мүшелерін есепке алу тәртібі турасында айтылған нақты ұсыныстар партия басшылығының назарында болатынына сенімдімін. Шынында нағыз халықтық сипат алып отырған «Нұр Отан» партиясының алдыңғы кезеңге жобалаған жоспарларының ауқымдылығы мен маңыздылығын, өзге саяси ұйымдардан оқ бойы озық тұрғанын бүгінгі съезд көрсетті.

Жиында сөз алған партия Төрағасы, Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы барша партияластарды айтулы мерекемен құттықтап, өткен кезеңде қол жеткізген жетістіктерді паш етті. Өз сөзінде: «Еліміздің экономикасы айтарлықтай өсті. Азаматтарымыздың кірісін 16 есе көбейттік. 141 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй салынды», – деп көңіл қуантар мәліметтерді айтқан Мемлекет басшысы осынау табыс пен жетістіктің бүкіл халқымыздың ерен еңбегінің жемісі екендігіне ерекше тоқталды.



Серік МҰҚАНОВ,
облыстық мәслихат депутаты, партияның облыстық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық кеңес төрағасы:

– Партияның кезекті съезіне Жетісу өңірінен 120-ға жуық делегат қатысып отыр. Талқылауда айтылған басты ой – «Қазақстан – 2030» Бағдарламасына сәйкес қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайын жақсартуда, халықтың әл-ауқатын арттыруда партия нақты көмекті қолға алмақ. Біз болашақта қоғам мүддесінен шығатын, отбасы құндылықтарын қорғайтын, еліміздің медицина, білім беру саласы қызметінің жақсаруына жұмыла атсалысатын үлкен саяси ортаға айналмақпыз. Ол туралы ерекше тоқталып, келешекке межеленген міндеттердің орындалу жолын таныстырған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында көпбалалы отбасыларға 40 мың жалдамалы пәтер салу, көпбалалы отбасыларындағы әрбір балаға 21 мың теңгеден жәрдемақы беру, мүгедек балалардың ата-аналары мен тәрбиелеушілерге, қамқоршыларға берілетін жәрдемақы көлемін 30 пайызға ұлғайту сынды аса маңызды мәселелерді көпшіліктің назарына ұсынды. Сол арқылы қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру керектігін қайтара еске салды.

«КӨКТЕМ – 2019»

Төтенше жағдай төнсе егер...

Төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында «Көктем – 2019» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу басталды. Алматы облысында өткен Республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуларына әртүрлі техника мен арнайы жабдықтар, 137 адам қатысты.

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

Оқу-жаттығу жиынынан кейін облыстық әкімдікте штаб отырысы өтті. Төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында бас қосқан жиынды облыс әкімінің бірінші орынбасары **Лаззат ТҰРЛАШОВ** өткізді. Жиын селекторлық режимде өтіп, оған облыстың барлық аудан, қала әкімдері қатысты.

Лаззат Махатұлы бірінші сөзді облыстық төтенше жағдайлар департаменті төтенше жағдайларды жою бөлімі бастығының міндетін уақытша атқарушы азаматтық қорғау майоры Нұрлан Ыбышевқа берді.

Нұрлан Жолдасқанұлы облыста өткен оқу-жаттығу жиыны жайлы егжей-тегжей баяндап, өңірде төтенше жағдай туғызатын қауіпті аймақтарды атап өтті. Өткен жылмен салыстырғанда таулы аймақта қар қалыңдығы едәуір жоғары. Қар қалың түскенімен ауа райының қалыпты жағдайда екенін ескертіп, айтарлықтай қауіпті жағдай туғызбайтындығын тілге тиек етті. Сондай-ақ, бүгінгі таңда қандай жағдайға да қарсы тұруға облыстық төтенше жағдайлар қызметінің сақадай сай тұрғанын атап өтті.

Бұдан кейін «Казгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Алматы облысы бойынша филиалының директоры Алмасхан Нұрланов сөз алып, алғашқы онкүндіктің ауа райы жайлы айтып өтті.

"Казгидрометтің" болжамы бойынша, облыс аумағында күндіз температура 0+8 градустан (кезеңнің соңына қарай +5+13 градусқа дейін) және түнгі температура – 2-10 градустан -2+3 градусқа дейін көтеріледі. Сонымен қатар, 28 ақпан мен 1 наурызда жауын-шашын болады деп күтілуде.

Ақпараттарды толықтай тыңдаған Лаззат Махатұлы төтенше жағдайлар департаменті мен аудан, қала басшыларына жағдайды жіті бақылап, қауіпті аймақтарға кезекшілік қоюды тапсырды.

Селекторлық режимде тыңдап отырған аудан әкімдері кезегімен сөз алып, аудандардағы жағдайды баяндады. Талғар ауданының әкімі Рыскелді Сәтбаев су басу қаупі бар аймақтарға кезекшілік қойып, төтенше жағдайдың алдын алу мақсатымен ауданда арнайы топ құрылғандығын және техника мен жанар-жағармайдың дайындалып қойғанын атап өтті. Бұған қоса су өткізу құбырлары мен арықтардың тазаланып, жағдайды күнделікті бақылап отырғанын жеткізді.

Жиын соңында облыс әкімінің бірінші орынбасары, штаб төрағасы Лаззат Тұрлашов қауіптің алдын алуға дайын болуды және жағдайды жіті бақылап, төтенше жағдайлар департаментіне күнделікті ақпарат беріп отыруды тапсырды.

КӨҢІЛДІР ОТЫН

Газға тегін ҚОСЫЛАДЫ

Жыл соңына дейін облыс тұрғындарын газдандыру мөлшері 62 пайызға жетеді. Сондай-ақ, көпбалалы және тұрмысы төмен отбасыларын газға тегін қосу үшін облыстық бюджеттен 500 млн. теңге бөлініп отыр. Оны атқарудың механизмі қарастырылуда. Бұл туралы облыс әкімінің орынбасары Айдарбек БАЙЖАНОВТЫҢ төрағалығымен өткен аймақтағы газдандыру жағдайына қатысты жиында айтылды.

Қажет АНДАС

Шарада үш негізгі мәселе қаралды. Алдымен көпшілік аймақты газдандырудың барысы мен ондағы сақталған мәселелер төңірегінде облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Айдар Беркімбаевтың баяндамасын тыңдап, сол төңіректе туындаған сұрақтарға жауап алды. Келесі кезекте инвестициялық меморандум барысындағы міндеттелемелерді орындау жоспары қаралып, облыстағы көпбалалы және жағдайы төмен отбасыларын газға тегін қосу мәселесі сөз болды. Соңында Талдықорған қаласындағы абоненттердің газға қосылу барысы туралы «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалының директоры Жайық Әлішевтің есебі тыңдалып, алдағы жұмыс жоспары мен күтілетін нәтиже тиянақталды.

Жиын барысында басқарма басшысы Айдар Беркімбаев бүгінгі таңда облыс бойынша газдандыру деңгейі 30 пайызға жетіп, газдандырудың үш кезеңге бөлінген жұмыс жоспары өз ретімен, белгіленген тәртіп бойынша атқарылып келе жатқанын тілге тиек етті. Айта кетерлігі, биыл аймақтағы газға қосылатын обаненттердің саны арта түседі. Бұл жайлы Айдарбек Естебекұлы: «Жұмыс нәтижесі көрсеткендей, осы жылдың соңында тұрғындардың газға қосылу көрсеткіші 62 пайызға жетеді», – деді.

Талдықорған қаласын газдандырудағы жұмыс қарқынды. Айталық, бүгінгі таңда облыс орталығында газбен 1 және 2 кезекте газдандыру желісіне қосылған абоненттер газбен қамтамасыз етілген. Газбен жабдықтау жүйесіне 2500-ден астам тұрғын үй және көпқабатты тұрғын үйлердің 129 пәтері қосылған.

– Ағымдағы жылы Талдықорған қаласында 6000 тұрғын үй табиғи газға қосылады деп күтілуде. Оның 12 айлық жоспары жасалып, қаңтар айындағы жоспар толық орындалса, ақпан айында газға қосылуға тиісті 100 үйдің 97-сі көгілдір отынның қызығын көрді. Алдағы айлардағы жоспар да өз деңгейінде орындалады, – деп сенім білдірді «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалының директоры Жайық Әлішев.

Панфилов, Еңбекшіқазақ, Балқаш, Көксу аудандары мен Қапшағай қаласында газ қабылдау-тарату пункттері салынып, газ жіберілді. Алдағы уақытта Қаратал ауданында осындай пункт салынады. Ақсу, Сарқан, Алакөл, Райымбек, Кеген аудандарын газдандыру жұмысының жобалық- сметалық жоспары жасалуда. Өкінішке қарай, Ескелді, Көксу аудандары мен Текелі қаласында тұрғын үйді газға қосу көрсеткіші төмен. Тіпті, Текелі қаласының тұрғын үйлерін газға қосуды міндетіне алған инвестициялық компания жұртқа құрғақ уәде беріп, бітер істі кешіктіріп келе жатқаны белгілі болды. Бұл мәселеге айрықша назар аударған Айдарбек Естебекұлы компания өкілдеріне келесі аптаның бірінші күніне дейін орын алған кемшілікті түзетуді тапсырды.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№ 49
(18613)
Сейсенбі,
23 сәуір,
2019 жыл.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz
@Jetisugazeti
Jetisu2002@mail.ru

НАУҚАН



КӨКТЕМГІ ЕГІС – КҮЗГІ ЫРЫС

Көктем шығысымен барлық аймақта қызу жұмыс басталып, шаруа қожалықтары егіс науқанына кірісті. Солардың қатарында 24 адамды жұмыспен қамтып отырған «Абдрахимова» шаруа қожалығы бар. Қожалық негізін Мират пен Рафаэль Абдрахимовтар 1994 жылы қалаған.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Биылғы жоспарға сәйкес 1530 гектар алқапқа дәнді және майлы дақылдар егіліп, алынған өнім елімізден бөлек шетелге де экспортталады. Қожалық тек егінжаймен ғана емес, атакәсіпті де нәсіп еткен. Бұл жөнінде Фархат Миратұлы:

– 124 бастың 32-сі етті бағыттағы ангус ірі қара мал тұқымынан. Уақыт өте келе барлығын осы тұқымға алмастыру жоспарда бар. Бұдан бөлек, 600 гектар жайылымға арналған жеріміз бар, – деді.

Үш жылдан бері жұмыс істеп жүрген Ержан Жүнісов есімді малшымен тілдескенімізде шаруа қожалығынан көп көмек алып жатқанын айтты. Ол:

– Ұдайы азық-түлік беріп тұрады, қысты күні көмір-отынмен қамтамасыз етеді. Айлығымды уақытылы аламын. Жыл сайын соғым береді. Осы жұмысым өзіме ұнайды, – деп ризашылығын білдірді.

Шаруашылық жаңа техникаға мемлекет тарапынан субсидия алған. Жалпы соманың 25 пайызын үкімет төлейді. Меншігінде жеті трактор, үш комбайн, үш «КамАЗ» бар. Жүргізушілері арнайы оқыту курсынан өтіп, жаңа техниканың қыр-сырын жетік меңгерді. Жұмысшылардың айлық жалақысы орта есеппен – 120 мың теңге. Одан бөлек, баспанамен де қамтамасыз етеді. Он жылдан астам жұмыс істесе, берілген үй жекеменшігіне аударылады.

Алдағы уақытта мал басын асылдандырудың толайым табысқа жеткізері сөзсіз. Кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан қолдау барда тұрғындардың да қарап қалмасы анық.

Сарқан ауданы



Суреттерді түсірген А. КАЖЕКЕ

ТӘТТІ ТҮБІР ӨСІРЕДІ

Бүгінде егін егіп, одан өнім жинауға қызығушылар саны артып келеді. Сондай шаруашылықтың бірі – «Ж-Анар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Еңлік ҚАБДЕШ

Н. Алдабергенов ауылының тұрғыны Саят Жуанышбеков басшылық жасайтын серіктестік құрылғаннан егін шаруашылығына қоршау жұмыстары аяқталып, жер жырту мен егу жұмыстары қызу жүріп жатыр.

– Былтыр қызылшаның «Ардан» тұқымынан әр гектарынан 650 центнер, майлыбұршақтың гектарынан 22 центнерден өнім алдық. Биыл өнімділігі жоғары «Игорь» тұқымын себеміз, – дейді Саят Төркімбайұлы.

Жанар-жағармай, тұқым сатып алу жағын егіншілер әзірге өз күштерімен шешуде. Сондай-ақ, С. Төркімбайұлы егіс жұмыстарына жұмыссыз жүрген жергілікті тұрғындарды тартуда.

Жалпы, Н. Алдабергенов ауылы ден қойған. Биылға 28,8 гектардың барлығына қызылша егу жоспарда бар. Былтыр қызылша және майбұршақ тұқымдары себілген.

Қазіргі уақытта егін алқаптарын 560 гектар алқапқа қызылша, 2000 гектарға майбұршақ тұқымын себуді жоспарлап отыр.

Ескелді ауданы

НАУҚАН

ҚОЙ ҚОЗЫДАН ӨСЕДІ

Мал қыстату мен қой төлдету науқанына тың-ғылықты әзірленген жар-кенттік шаруалар қыс қа-һарына төтеп беріп, шығынға ұрынған жоқ. Көктемгі мал төлдету науқанына барлық түлік түрі қоңды келді. Осындай алдын-ала жасалған тыңғылықты дайындық-тардың нәтижесінде қой төлдету науқаны қалыпты жағдайда жүргізілуде.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Бұған біз Көктал ауылдық округіндегі қой отарларын аралап көргенде көз жеткіздік. Округтегі Ұлан Сарыпбеков жетекшілік ететін «Айгерім» ЖШҚ 800, Нұртай Жұмақов 500 саулығын шығынсыз төлдетіп, қозы өргізіпті. Кеңес кезеңінде асыл тұқымды қой өсірген көкталдық шаруалар мал тұқымын асылдандыруға да ерекше ден қойып, жыл өткен сайын түлік сапасын жоғарылатып келеді.

– Осыдан біраз жыл бұрын өңірдегі қой тұқымы шөжіп, жүн салмағы төменден, туған қозылары әлжуаз кейіпке ене бастаған еді. Соңғы бірнеше жылдан бері ғалымдардың шаруалармен бірге жұмыс істеуі нәтижесінде Шопаната түлігінің тұқымдық сапасы жоғарылады, – дейді аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бас мал маманы Ермек Қонақбаев.

Соңғы кезде «Жетісу» аймақтық қой шаруашылығы қауымдастығы шетелдерден асыл тұқымды қошқарлар әкеліп, облыстағы қой тұқымын асылдандыруға көп көмек жасап келеді. Өткен жылы өңіріміздегі бірқатар қой өсіретін қожалықтар қауымдастықтың жанды көмегін пайдаланды. Қауымдастық науқан кезінде техник ұрықтандырушыларын өздері дайындап, ұрықтандыру пункттерін де жабдықтап берді. Нәтижесі жақсы, биыл қозылар ірі туылуда.

Биыл қой шаруашылығына Үкімет те ерекше назар аударып, үстіміздегі жылы әр килограмм биязы жүнге 150 теңгеден қолдау қаражат бермекші. Бұл да қой өсірушілерге үлкен көмек болмақ.

Панфилов ауданы

ГАЗДАНДЫРУ

ЖҰМЫС ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ

Өңірлерді газдандыру жұмысы биыл да өз деңгейінде атқарылуда. Әсіресе, Талдықорған қаласындағы жұмыс қарқынды. Облыстық әкімдікте өткен селекторлық жиында мұны облыс әкімінің орынбасары Айдарбек БАЙЖАНОВ мәлімдеді. Десе де бұл орайдағы нәтижелерге қанағаттанып қалуға болмайды. Түйіні тарқамаған мәселелер әлі де жетіп-артылады. Сондай кемшіліктерді атап көрсеткен Айдарбек Естебекұлы оның орын алу себептерін тиісті өңір әкімдерінен сұрап, шешу жолдарын қарастырды.

Қажет АНДАС

«Мың айтқаннан бір көрген артық» дегендей, Айдарбек Естебекұлы жиын өткен күннің ертесінде Талдықорған қаласын газдандыру жұмысына қатысты барлық компания өкілдері мен мемлекеттік мекеме басшыларын жинап, қаладағы газ желісі тартылып жатқан нысандарды аралап, табиғи газға қосылған тұрғын үй иелерімен кездесіп шықты.

Алдымен қаланың шығыс кіреберісіндегі Кемаращы көшесі мен Жеңіс көшесінің қиылысында жүргізіліп жатқан газ желісін тарту жұмысын көрді. Құрылысты жүргізіп жатқан «КомБиСтрой-1» ЖШС-ның дайындығы сақадай сай екен. Олар жұмысты уақытынан бұрын орындап тастау үшін 16 техниканы, 40-тан астам жұмыс күшін жұмылдырыпты.

– Егер осы қарқынмен жұмыс жүрсе, қыркүйекке дейін жоспарланған газ желісін тарту жұмысын тамыздың ішінде бітіріп, жеке тұрғын үйлерді газ желісіне қосу жұмысын бастаймыз, – дейді құрылыс жұмысына жауапты маман Сергей Рязанцев.

Келесі кезекте «Қаратал» шағынауданындағы 45 «Б» және 45 «В» үйдің табиғи газға қосылу жағдайын көріп шықты. Расында, қазір қаладағы көпқабатты үйлер бірінен соң бірі табиғи газға қосылып, тұрғындар қуанышының еселене түскені байқалады. Оған осы жолы да көз жеткіздік. Айдарбек Байжанов бастаған топ пәтер иелерімен жолығып, табиғи газдың артықшығы туралы сұрады. Айта кетерлігі, биылдан бастап өңірдегі көпбалалы, жағдайы төмен отбасылардың пәтерін газ желісіне тегін қосу жұмысы қолға алынды. Сол қатарда Ескелді би көшесіндегі 23-үйді айтуға болады. Үй иесі көрсетілген көмекке ризашылығын білдіріп, көмір жағудың қиыншылығынан құтылып, табиғи газдың рақатын көріп отырғанын қуана жеткізді. Ал Исмайлов көшесі, 59-үйдің тұрғыны Александр Бухансов газ желісіне өз қаражатымен қосылыпты.

– Газ желісіне қосылуға барлық шығынды есептегенде 250 мың теңгедей қаржы кетті. Бірақ бұрынғыдай көмір тасып, от жағатын қиындықтан мүлдем құтылдық. Газбен үй де жылиды, су да қайнайды, бір жаққа қонаққа кетсең де қауіпсіз. Бұрындары пеш жағатын кезде балаларды үйге жалғыз қалдырып кете алмайтынбыз. Қазір баратын жерімізге алаңсыз кете береміз. Қыс бойы қолымыз босап қалды. Жыл бойы қатты отынға кететін шығынға қарағанда газға төлейтін қаржының тым аз екенін байқадық. Талдықорғандықтар табиғи газға ертерек қосылса жақсы болар еді, – дейді ол.

Иә, өңірді газдандыру жұмысының мақсаты – тұрғындарды табиғи газға қосып, қаланың экологиялық тазалығын жақсарту. Бірақ әр жұмыстың өз жоба-жоспары, аяқталатын мерзімі болады. Рейд барысында «ҚазТрансГазАймақ» АҚ облыстық өндірістік филиалының директоры Жайық Әлішев газдандыру жұмысының кесте бойынша жүріп жатқанын, жоспардың белгіленген уақыт шегінде орындалатынын жеткізді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАРДЫ «АЛТЫН АЛҚА» ЖӘНЕ «КҮМІС АЛҚА» АЛҚАЛАРЫМЕН НАГРАДТАУ ТУРАЛЫ

Үзінді

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Жеті және одан да көп бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Алтын алқа» алқасымен наградталсын:

Алматы облысы бойынша

Абдимуратова Сарбиназ Балтабаевна	–	үй шаруасында, Іле ауданы
Баратова Алия Исаевна	–	үй шаруасында, Іле ауданы
Бегешова Баян Жомартовна	–	үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Дорбытқан Рсалды	–	үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Жолды Алтын	–	үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Жүнісхан Зинат	–	үй шаруасында, Көксу ауданы
Зарлықан Зәбікен	–	үй шаруасында, Көксу ауданы
Имангазиева ЖадырШаймерденовна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Исенаманова Салима Абдыкадыровна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Косаева Загира Куандыковна	–	«Сарыжаз кәсіптік-техникалық колледжі» КММ қызметкері, Райымбек ауданы
Қонқасова Роза Төлендіқызы	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Мукамбаева Назым Аделкановна	–	үй шаруасында, Қаратал ауданы
Рамазан Көкен	–	үй шаруасында, Текелі қаласы
Ратова Толкын Женискалиевна	–	үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Сабурова Алтынай Мауленовна	–	үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Садыкова Римма Нурдавлетовна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Талдыбаева Ляззат Такебаевна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Тимофеева Валентина Геннадьевна	–	үй шаруасында, Көксу ауданы
Тынаева Лаура Аутқызы	–	бөбекжай тәрбиешісі, Райымбек ауданы

2. Алты бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Күміс алқа» алқасымен наградталсын:

Азимбаева Айгуль Болатовна	–	үй шаруасында, Үйғыр ауданы
Азимбаева Алтынгул Рыскалиевна	–	орта мектеп мұғалімі, Іле ауданы
Айтхожина Айман Талгатовна	–	үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Акбаева Айнур Зейрахыновна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Акейхан Айнагул	–	үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Амиреева Айжан Серикбаевна	–	үй шаруасында, Үйғыр ауданы
Амреева Эльмира Кадиркишевна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Асқарғали Мөлдір Еркінқызы	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Аубакір Жұпар	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Аханова Бакыт Бостановна	–	үй шаруасында, Қаратал ауданы
Ахымет Алтынхан	–	үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Әкімжан Бақытгүл Отанқызы	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Байдолла Шолпан	–	үй шаруасында, Текелі қаласы
Байдуллаева Динара Есперовна	–	үй шаруасында, Қапшағай қаласы
Байсабаева Назира Байжумаевна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Балтабаева Гауһар Ешмухамедқызы	–	үй шаруасында, Кеген ауданы
Баятова Шапагат Бектуровна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Бекбауова Асель Заурбековна	–	үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Бектемисова Гульзира Нурланқызы	–	үй шаруасында, Көксу ауданы
Бесбаева Алтын Туркменбаевна	–	үй шаруасында, Текелі қаласы
Боранбаева Динара Бирликовна	–	үй шаруасында, Қапшағай қаласы
Буйембаева Айгул Жанетовна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Далибаева Гульнур Иманбековна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Даулетбай Алиплам	–	үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Джуматаева Назгуль Муратовна	–	үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Жайсанова Эльмира Жарылкасыновна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Жайынбекова Гулбану Кадирбековна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Жексембинова Мархабат Мухтаровна	–	үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Жумаханова Зинагуль Мукановна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Жүнісбек Рақат	–	үй шаруасында, Текелі қаласы
Жүнісхан Мағырипа	–	үй шаруасында, Көксу ауданы
Зхиева Динара Бакыткалиевна	–	«Қапшағай қалалық ауруханасы» КММ медбикесі
Исанова Шынар Ерузаковна	–	«Penoplex» ЖШС қызметкері, Қапшағай қаласы
Испанова Эльвира Маратовна	–	үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Кадырова Ильмира Мухтаровна	–	үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Калканбаева Айгерим Науановна	–	орта мектеп мұғалімі, Балқаш ауданы
Канабекова Баян Тынысбековна	–	үй шаруасында, Қаратал ауданы
Капсаламова Сандугаш Турганбековна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Кенжебекова Айнур Кураловна	–	үй шаруасында, Балқаш ауданы
Кожебаева Мадина Орынбасаровна	–	үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Көмірхан Үмітхан	–	үй шаруасында, Көксу ауданы
Кыдыкова Бакытгуль Нурдаулетовна	–	үй шаруасында, Үйғыр ауданы
Қожекеева Майгүл Әбікенқызы	–	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» АҚ Алматы облысы бойынша филиалының Райымбек аудандық бөлімінің бас маманы
Құдайберген Гүлшат	–	үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Құралбек Сәулегүл	–	үй шаруасында, Кеген ауданы
Қызырбек Әуелхан	–	үй шаруасында, Көксу ауданы
Махажанова Ергуль Нурсалиевна	–	үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Мекешова Алия Нуркеновна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Мендыбаева Камшат Сбашевна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Молдабаева Карлыгаш Куанышбаевна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Молдахунова Асем Дуйсенбековна	–	үй шаруасында, Үйғыр ауданы
Мурзалиева Ляйла Куанышбаевна	–	үй шаруасында, Көксу ауданы
Мұқпыр Майра	–	үй шаруасында, Текелі қаласы
Мүтәліп Зинахан	–	үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Мырзабекова Гульфия Абилакыновна	–	үй шаруасында, Іле ауданы
Назир Ризагул	–	үй шаруасында, Текелі қаласы
Нарумова Аида Оразовна	–	үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Оразай Бақыт	–	үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Пәзіл Мәнәйхан	–	үй шаруасында, Көксу ауданы
Пренова Шолпан Абдинайымовна	–	үй шаруасында, Іле ауданы
Равакова Нургул Какеновна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Сабанбаева Зура Баратбековна	–	үй шаруасында, Қапшағай қаласы
Сабденбекова Гулнур Мендибаевна	–	үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Сектаева Гулсая Баядиловна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Серік Әсем Серікқызы	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Скакова Жадыра Сабитовна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Смирнова Евгения Владимировна	–	үй шаруасында, Іле ауданы
Спичкина Наталья Александровна	–	үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Тажигулова Назигул Адилбаевна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Таргапбаева Асем Курмангазиевна	–	үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Тәбиғат Әтіргүл	–	үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Тоқтарбаева Айман Улмесовна	–	үй шаруасында, Іле ауданы
Тоқтыманап Жұпархан	–	үй шаруасында, Кеген ауданы
Толебаева Гулжазира Казихановна	–	үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Турарбекова Айгуль Курмановна	–	үй шаруасында, Қаратал ауданы
Узакбаева Жамила Жумабаевна	–	үй шаруасында, Іле ауданы
Уразалиева Бахыткуль Куанышбаевна	–	үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Усманова Назигул Ибраимовна	–	үй шаруасында, Үйғыр ауданы
Халым Қуанышгүл	–	үй шаруасында, Көксу ауданы
Шалимбекова Жазира Байжумаевна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Шарғынова Шынар Сыдыққызы	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы
Шыныбаева Гулжан Избасаровна	–	үй шаруасында, Райымбек ауданы

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2019 жылғы
1 сәуір № 14

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisy

№85
(18649)
Бейсенбі,
25 шілде,
2019 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫ



АЛҒАШҚЫ БОЛЫП БАСТАДЫ

Сарыжаз ауылдық округінде мал азығын дайындау науқаны басталды. Айта кетерлігі, игілікті іске аталған елді мекен тұрғындары алғашқы болып кірісті.

Қанат БІРЖАНСАЛ

Сарыжаз ауылдық округінің әкімі Медет АЗАНБАЕВТЫҢ айтуынша *(суретте оң жақта)*, округ бойынша 6638 бас ірі қара, 29866 қой-ешкі, 3617 бас жылқы өсірілуде.

– *Шабындық жер 2300 гектарды құрайды. Биыл жалпы 18638 тонна мал азығын дайындау жоспарда. Оған мүмкіндігіміз жетеді,* – дейді ол.

Мәлік Жүнісбеков басқаратын «Байсерке» шаруа қожалығындағы 64 гектар жерге шалғы түсті. Мал азығын дайындау жайы жаман емес. Қожалықтың 10 гектар арпасы өсіп келеді. Жалпы, шабындық, егістік, жайылымдық алқаптарын қосқанда барлығы 350 гектар жері бар.

– Көптен күткен сындарлы науқан басталып кетті. Биыл 200 тонна мал азығын дайындауды көздеп отырмыз, – дейді қожалық жетекшісі.

Аталмыш қожалық соңғы жылдардан бері қарай мемлекеттік «Сыбаға» бағдарламасымен жұмыс жасап келеді. Мұнда ет бағытындағы «Герефорд» тұқымды ірі қара өсірілуде.

Райымбек ауданы

Тұрмысын түздегі тірлікпен байланыстырып, асыл тұқымды ірі қара малын өрбітіп отырған қожалықтың бірі – «Сельский механизатор» ЖШС. Олар алғашында «Нағашбек» шаруа қожалығы болып құрылған.

«СЫБАҒАНЫҢ» ИГІЛІГІН КӨРДІ

Алмат ЕСЕНБЕКОВ

Аталмыш қожалық ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры арқылы «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 20 млн. теңге көлемінде несие алды. Қаражатқа Ресей мемлекетінен 80 бас қалмақ тұқымды ірі қара малын сатып әкеледі. Ендігі мақсат – осы мал басын қыстан аман алып шығып төл алу, санын көбейту. Осы ретте 80 басқа 2 мың орама шөп әзірленуде. 300 гектар жерге қарабидай, ақбидай, сұлы егілген. Одан бөлек 600 гектардай жерде еркекшөп, судан шөбі, эспарцет бар.

Бүгінде жоспардағы жемшөптің 70 пайызы дайын. Дала төсінде тыным таппай жатқан жұмысшылар алдағы уақытта межелі мөлшерді толықтай орындамақ. Техникада да ақау жоқ. Бір тоқтау көрмеуде. Бұл – өмірін дала жұмысымен байланыстырған «Сельский механизатор» ЖШС-нің төрағасы Дарын Нағашбекұлының еңбегінің жемісі.

– Мектепті аяқтай салысымен ауылдағы тірлікке араластық. Ес білгелі мал мен егін даласындамыз. Бала-шағамызды өзгелерден кем қылмау үшін, олардың болашағын баянды ету мақсатында тыным таппаймыз. Себебі, өміріміздің мәні солар. Бір айтарым, біздің білім – маңдай терде. Қара жұмыстан әбден қатқан қолымыз, таза еңбектің нәтижесінен тамған теріміз – міне, біздің ғылым, – дейді қожалық жұмысшысы Мұрат Хасанов.

Жалпы, аудан бойынша 53 мың гектарға жуық шабындық жерден 340 мың тоннадан астам жемшөп дайындау көзделген. Қазіргі таңда соның 154 мың тоннасы әзірленді. Жоспар тамыздың соңына қарай толықтай орындалады деп күтілуде.

Алакөл ауданы

ЕЛ ІШІНЕН

ӨНЕРЛІ ӨРЕНДЕР ОРДАСЫ

Шалғай аудандағы Кеген ауылы тұрғындарының облыс әкімі Амандық БАТАЛОВҚА айтар алғысы шексіз. Таулы өңірге келген жұмыс бабындағы сапарының бірінде ауыл халқы Кеген ауылынан бір өнер мектебі ашылса деген жүрекжарды ұсыныстарын жеткізген болатын.

Жалпы, Кеген өңірінде бір өнер мектебінің жоқтығы жанға батып жүретін. Ел келешегін, ұрпақ болашағын ойлайтын облыс басшысы бұл мәселеге қолдау көрсететінін айтып, уәде беріп кеткен. Сол уәде орындалды. 2015 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Кеген балалар өнер мектебі ашылып, жұмысын жүргізіп келеді.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» демекші, өнерлі шәкірттерге дәріс беріп, білімін кеңітіп, болашағына негіз қалағанға не жетсін?! Ашылғанына биыл 4 жыл толған өнер мектебінде домбыра, қобыз, дәстүрлі ән, хореография, тігін, тоқыма, ағаш өнері, бейнелеу, сурет және мүсін кластары бойынша дәріс берілді. Биылғы оқу жылында жалпы 447 шәкірт білім алды. Аталған өнер мектебі аудандағы Тасашы балалар интернатын, Бөлексаз орта мектебін қамқорлығына алған. Өнер мектебінің ұстаздары сол жерде тұратын шәкірттеріне арнайы барып, дәріс беріп жүрді. Талантты өрендер де халықаралық, республикалық, облыстық түрлі байқауларға қатысып, жүлделі орындардан көрініп келеді.

Қанат БІРЖАНСАЛ
Кеген ауданы

ЖАСТАР – ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ

Талдықорғандағы Жастарға қызмет көрсету орталығында облыс әкімінің орынбасары Ақан ӘБДУӘЛИЕВТІҢ қатысуымен жастар ісі жөніндегі кеңес отырысы өтті. Онда облыста Жастар жылын өткізу жөніндегі жол картасының орындалуы және 2020 жылы «Ерiктiлер жылын» өткізуге байланысты дайындық жұмыстары айтылды.

Жыл басынан облыстық Жастар саясаты мен Жастар ресурстық орталығы жалпы 415 мың жастың қатысуымен әртүрлі бағытта 1415 шара ұйымдастырды. Ендігі жартыжылдыққа да жоспар құрылған. Бұл турасында облыстық Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың басшысы Жомарт Қаратас өз баяндамасында айтып өтті. Сондай-ақ басқарма басшысы жастарды жұмыспен қамту істері, отбасы мәселесі бойынша да нәтижелерге тоқталды.

Биыл 2412 жас шаңырақ көтерсе, 912-і ажырасқан. Ажырасу бойынша жоғары нәтиже көрсетіп тұрған – Талғар, Қарасай аудандары. Мамырдан бастап әр ауылда, елді мекенде осы мәселе бойынша психологтар жұмыс істейді. Ақан Жылқышыбайұлы жауаптыларды тұрғызып, нәтиженің ұлғайып кетпеуін қадағалауды, психологтармен және психологтар халықпен дұрыс жұмыс істеуін тапсырды.

Мамырда Қостанайда өткен Қазақстан-Ресей жастарының форумында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев келер жылды «Ерiктiлер жылы» деп бекіткен болатын. Бүгінде облысымызда 800 ерікті болса, келер жылы бұлардың санын 2 мыңға жеткізу көзделген. Бұл бағытта Жастар саясатының бағыты айқын, жоспары дайын.

Қали АСҚАР

ҮШІНШІ АУЫСЫМЫН АЯҚТАДЫ

Талдықорғандағы Абай атындағы №1 орта мектеп-гимназиясының жанынан құрылған «Ұлан» лагері өзінің үшінші ауысымын аяқтады.

Шілденің басынан ортасына дейін ұйымдастырылған «Ұлан» лагерінің үшінші ауысымында 60 оқушы 6 топқа бөлінді. Әр сынып бөлмесі «Жас толқын», «Жалын», «Арай», «Ребята», «Солнышко», «Ромашки» сынды атауларына байланысты безендірілді. Жоспар бойынша балалар қаланың көрікті жерлерін аралап, тарихи орындарға барып, ойын-сауық орталықтарында демалды. Әр күн – бір қызық. Жиналғандар көңілін көтеру үшін түрлі ойындар мен қызықты концерттік нөмірлер әзірленді. Мәселен, иллюзионист Дулат Байсовтың «Дука» атты цирктік қойылымы балалар жадында ерекше сақталды. Сондай-ақ, балалардың таным көкжиегін кеңейтіп, ой-өрісін дамытуға бағытталған бірнеше іс-шара жүзеге асты. Осы тұрғыда мектеп директоры С. Долаев және лагерьге жауапты болған директордың тәрбие-жөніндегі орынбасары Д. Татенова сынды қызметкерлерге айтар алғыс көп.

Назым НҰРБАТЫРОВА,
Абай атындағы №1 орта мектеп-гимназиясының логопед маманы, лагерь басшысы

СЕЛЕКТОР

БАНК АЙЫППҰЛДАРДЫ КЕШІРЕДІ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Асқар МАМИН өткізген мәжілістің күн тәртібінде 15 шілдедегі кеңейтілген отырыста Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың берген тапсырмаларын орындау барысы талқыланды.

Гүлжан ТҰРСЫН

«Мемлекет басшысы халықтың әл-ауқатын және жалпы экономиканы жақсартуға бағытталған бірқатар тапсырмалар берді. Үкіметтің қазіргі және алдағы басты міндеті – халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және табысын арттыру, жаңа жұмыс орындарын ашу және жаңа инвестициялар тарту», – деді Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Мамин.

Селекторлық жиында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қаржы министрі Әлихан Смайылов, ҚР Премьер-Министрінің орынбасарлары Жеңіс Қасымбек пен Гүлшара Әбдікалықова, ҚР Ұлттық банкінің төрағасы Ерболат Досаев өздері жетекшілік ететін бағыттар бойынша баяндама жасады. Қаржы министрі Әлихан Смайылов Мемлекет басшысының алға қойған міндеттерін іске асыру үшін нақты шаралар жоспары әзірленгенін жеткізді. Жыл соңына дейін мемлекеттік басқаруды дамыту тұжырымдамасының жобасы әзірленіп, мемлекеттік аппаратты оңтайландыру, кадрлық жоспарлау және мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру мәселелері көрініс табатынын айтылды.

ҚР Ұлттық банкінің төрағасы Ерболат Досаев Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Маминге Мемлекет басшысының тапсырмасына орай банктерге «қарапайым заттар экономикасын» несиелеу үшін ұзақмерзімді қор беру механизмі жетілдірілетіндігін айтты. Бөлінген қаржы тек несие беруге жұмсалмақшы. Сонымен бірге, Е. Досаев Ұлттық банк бекіткен, кепілсіз тұтынушылық несие бойынша есептелген айыппұлдар мен өсімпұлдардың биылғы 30 шілдеге дейін есептен шығарылатынын айтты. Яғни, қарызды төлей алмағандардың банк қосқан пайыздық өсімі қысқартылады. Жақын күндері банктер мен микроқаржы ұйымдары тұрақсыздық айыбын да кешіреді.

Банктер, микроқаржы ұйымдары және проблемалық кредиттер қоры арасында есептен шығарылған айыппұлдар мен өсімпұлдардың бір бөлігін өтеу туралы келісім жасалады. Сондай-ақ, 20 тамызға дейін банктер және микроқаржы ұйымдарына айыппұлдар мен өсімпұлдар бойынша кешірілген берешектің 30 пайызы өтелмекші. Жүйелік проблемаларды және болашақта азаматтардың берешегінің бақылаусыз өсуін шектеу мақсатында осы жылдың соңына дейін Ұлттық банк несиелеу құрылымдарын, оның ішінде несиелік серіктестіктер және ломбардтарды реттеу мәселелері бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілер қабылдайды. Қазақстан Республикасы Ұлттық банк төрағасының айтуынша, "Банктер мен банктік қызмет туралы" Заң мен "Микроқаржылық ұйымдар туралы" Заңға 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздарға тұрақсыздық айыбын, комиссиялар және өзге де төлемдер есептеуге тыйым салу бойынша түзетулер енгізіледі. Азаматтардың борыштық жүктемесінің коэффициентін есептегенде, несие бергенде қарыз алушының барлық міндеттемелері, оның төлем қабілеттілігі және әлеуметтік мәртебесі есепке алынады. Мәселен, борыштық жүктеме коэффициентінің шекті мөлшерін есептеу кезінде отбасының кәмелеттік жасқа толмаған әрбір мүшесіне тиесілі ең төменгі күнкөріс мөлшері шегерілетін болады.

Жиын соңында ҚР Премьер-Министрі әлеуметтік саланы дамыту мақсатында бірқатар нақты шаралардың қолға алынатынын айтты. Мұқтаж адамдарға әлеуметтік қолдау көрсетудің нақты және ашық рәсімдері белгіленіп, әлеуметтік қолдаудың кепілді көлемін көрсетудің бірыңғай тәсілдері жасалатынын жеткізді.

Облыстық мәслихат депутаттарының назарына!

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес 2019 жылғы 31 шілдеде облыстық мәслихаттың кезекті **51** сессиясы өткізіледі.

Басталу уақыты 15.00

Өткізілетін орыны: **Талдықорған қ., Назарбаев даңғылы, 38. Облыс әкімдігінің үлкен залы.**

Күн тәртібінде:

1. Алматы облысында мемлекеттік жастар саясатының іске асырылу барысы туралы;

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы №746 қаулысымен бекітілген нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасымен қаралған **11 міндеттің** 2018 жылы және 2019 жылдың өткен кезеңінде Алматы облысында жүзеге асырылуы және жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмектің тағайындалуы мен төленуі саласындағы хал-ахуал туралы.

3. Алматы облысы бойынша 2019-2025 жылдарға арналған энергия үнемдеудің өңірлік кешенді жоспарын бекіту туралы.

4. Алматы облысында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын бекіту туралы.

5. Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласының шегарасын (шегін) өзгерту туралы.

6. Жер учаскелеріне төлемақының базалық ставкаларын бекіту туралы.

7. Алматы облысындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы.

8. Алматы облысы әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы.

9. Алматы облысы әкімдігінің жанындағы тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау жөніндегі өңірлік үйлестіру кеңесінің дербес құрамын бекіту туралы.

10. Алматы облыстық мәслихатының кезекті сессиясының төрағасын сайлау туралы.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСАЙЫҚ

Қазіргі уақытта экология мәселесі кез келген мемлекеттің күн тәртібіне шықты. Өйткені ол адамзат тіршілігінің маңызды факторы.

Қажет АНДАС

Биыл ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі құрылып, жұмыс бастағаны салаға қан жүгіргенін көрсетті. Соның бір дәлелі ретінде «Бірге – Таза Қазақстан» экологиялық акциясын айтуға болады.

Аталмыш шара ең алғаш рет ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің қатысуымен Қоянды су қоймасының айналасын тазарту жұмысы арқылы басталғаны анық. Осыдан кейін игілікті іс қоғам тарапынан қолдау тауып, көпшіліктің көңілінен шыққан бастамаға айналды. Десе де, кейбір адамдардың: «Тазалық жұмысы белгілі бір мемлекеттік мекеменің құзырындағы іс» деп қарайтыны да жасырын емес. Шын мәнінде қоршаған ортаны қорғау, өзі тіршілік етіп отырған ортаның тазалығына көңіл бөлу, жанға жайлы өмір сүретін әлем қалыптастыру әрбір қазақстандықтың ортақ міндеті. Сол міндетті терең сезінген қоғамдық ұйымдар да аталмыш шараға белсене атсалысып, ортақ іске қолдау танытуда.

Кеше облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіровтің қатысуымен облыстық әкімдікте өткен жиында «Бірге – Таза Қазақстан» акциясын жетісулықтардың да қолдайтыны сөз болды. Сондай-ақ, алдағы 27 шілде күні бүкіл облыс аумағында «Бірге – Таза Қазақстан» акциясының ұйымдастырылатыны айтылды. Акция аясында аймақтағы су қоймалары, көл жағалауы, демалыс орындары, жол жиектері және көпқабатты үйлердің маңында, тағы да басқа адам аяғы үзілмейтін нысандардың айналасында тазалық жұмыстары ұйымдастырылады.

Аталмыш акция барысында атқарылатын барлық жұмыстар облыстық экология департаменті мен облыстық энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының үйлестіруінде атқарылатыны анық. Алайда, Алакөл, Балқаш, Қапшағай сияқты үлкен су қоймалары мен жеті өзен өрнектеген облысымызда тазалануға тиісті аумақ өте көп. Облыс әкімі орынбасарының айтуынша, бұл жолғы тазалық акциясына облысымыздағы барлық мемлекеттік мекемелермен қатар мемлекеттік емес ұйымдар, елді мекен тұрғындары толық жұмылдырады.

Қоршаған ортаны қорғау – баршаға ортақ іс. Демек, осындай маңызды бастаманы көп болып қолдап, нәтижелі аяқтау әрбіріміздің азаматтық ұстанымымыздың көрінісі. Сондықтан бұл акцияға біркісідей жұмылып, белсенділігімізді танытқанымыз абзал.

Алматы облысының тұрғындары мен қонақтары!

Биылғы жылдың 27 шілдесінде сағат 9.00-де облыс аумағындағы саябақтардың, сквердердің, демалыс орындарының, көл жағалауларының, су қоймаларының, өзендердің, бұлақтардың және автокөлік жолдарының аумақтарын тазалау бойынша #Birge #Taza Qazaqstan республикалық экологиялық акциясы өтеді.

Осыған орай баршаңызды аталған акцияға белсенді қатысуға шақырамыз. Аталған іс-шараға атсалысу арқылы қоршаған ортаның тазалығына үлес қосайық.

Табиғат тазалығы – халық саулығы!

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№ 141
(18705)

Сенбі,
21 желтоқсан,
2019 жыл.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz YouTube @#Jetisugazeti @ Jetisu2002@mail.ru

РЕСМИ



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

ЭКОТУРИЗМДІ ДАМЫТУ МАҢЫЗДЫ

Бүгінде экологиялық туризмді дамыту маңызды мәселенің бірі. Осы бағытта елде қажетті іс-шаралар қолға алынып, жұмыстар жүргізіліп жатыр. Аталған саланы өркендетуге әсіресе Жетісу жерінің табиғи-климаттық жағдайы өте қолайлы. Бұл шетелдік туристер мен жергілікті демалушылардың жеріміздің табиғат ерекшелігі мен сұлулығын жан-жақты тануына мүмкіндік береді.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Осы мақсатпен облысымызға ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Ерлан Нысанбаев және ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Өркен Бисақаев келді. Лауазымды тұлғалар облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВПЕН** ресми түрде кездесу өткізіп, экологиялық туризмді дамыту жөнінде мәселе қозғады. Сонымен бірге басқосуға «Алтынемел», «Шарын», «Жоңғар Алатауы», «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтары мен орман және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар басқармасының өкілдері қатысты.

Алдымен қос тарап облысқа келудегі мақсаттарын баяндап, экологиялық туризмді дамытудағы жоба-жоспарларымен таныстырды. Белгілі болғандай, олар жоғарыда аталған ұлттық саябақтар базасында экожүйені сақтай отырып, экологиялық туризмді дамытуды көздейді. Бұл жұмыстар туристердің келуіне рұқсат етілген аймақтарда жүзеге асырылмақ. Мәселен, жоспарда визит орталықтарын орналастыру, оның ішінде көлік тұрақтары, велосипед қоятын орындар, санитарлық тораптар, шағын музейлер, сол жер туралы ақпарат беретін пункттер, басқа да нысандар орналастыру бар.

Мұндай жұмыстарды жүзеге асыру Жетісу жерінің ерекшелігін айқындап, табиғи сұлулығын паш етуге үлкен жол ашатын болады. Ол үшін, біріншіден, инфрақұрылымдық жағдайды жақсарту қажет, сондай-ақ, туристерге сапалы қызмет ұсынылуы тиіс. Ойға алынған жоба-жоспарлар сәтімен жүзеге асырылатын болса, аймаққа келетін туристердің ағыны көбеймек. Мұндай мүмкіндікке қол жеткізу үшін алдымен мемлекеттік органдар мен бизнес-қауымдастық өкілдерінің күш-жігері біріктірілуі керек.

Ресми қонақтардың жоба-жоспарларына құлақ асып, ұсыныс-тілектерін тыңдаған Амандық Ғаббасұлы өз кезегінде жалпы туризм саласын өркендету бағытында Жетісу жерінде жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде егжей-тегжейлі әңгімелеп берді. Оның ішінде, Алакөл мен Балқаш, Көлсай көлдері, Шарын шатқалы, ұлттық саябақтар, тау туризмдері, тағы басқалары бар.

Облыс әкімінің айтуынша, соңғы жылдары аймақта аталған саланың даму қарқыны ойдағыдай. Жетісу өлкесінде тыныстап, табиғат әсемдігін тамашалау үшін жер-жерлерден ағылатын туристердің қатары жыл озған сайын көбейіп келеді. Олардың алаңсыз демалуына барынша жағдайлар қарастырылып, нысандардың инфрақұрылымы жақсару үстінде. Осының бәрін бүге-шігесіне дейін жеткізген облыс әкімі аталған министрліктер басшыларының талап-тілектерін құптап, тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуге әзір екендіктерін жеткізді.

СЕЛЕКТОР

Әлеуметтік қолдау шарасы күшейеді

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар МАМИННІҢ төрағалығымен өткен Үкімет отырысында барлық мектептер жаңа модификациядағы пән кабинеттерімен жабдықталатыны және 2025 жылға дейін елімізде 800-ге жуық жаңа мектеп және тірек елді мекендерде 114 интернат салынатыны сөз болды.

Гүлжан ТҰРСЫН

Селекторда төрт жыл ішінде педагогтардың жалақысы 2 есеге кезеңкезеңмен арттырылып, балалар балабақшалармен 100 пайыз қамтамасыз етілетіні, үш ауысымда оқыту және апатты жағдайдағы мектептер толығымен жойылатыны айтылды. Үкімет басшысы 5 жылда салаға 11,5 трлн. теңге бағытталатынын айтты. Жеке инвесторлар есебінен 150 мың орынға қосымша мектептер салуға мүмкіндік берілмекші.

– Ел экономикасы үшін ғылымның нәтижелілігін арттыру үшін ғылыми-зерттеу қызметі жетілдіріліп, ғылымға жұмсалатын қаржы көбейтіледі. Білім беруді қаржыландыру ЖІӨ-нің 7 пайыз деңгейін құрайды, – деді Үкімет басшысы.

Селекторлық жиындағы екінші мәселе денсаулық сақтау саласындағы қолға алынған және алдағы уақытта атқарылатын шаруалар жайында өрбіді. Мұнда денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының қорытындылары және 2020 – 2025 жылдарға арналған жобасы қаралды.

Жиында ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов бағдарламаны жүзеге асырудың нәтижесі туралы жан-жақты баяндады. «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға шамамен 513 млрд. теңге бөлінген. Елімізде негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштер жақсарып, орташа өмір сүру ұзақтығы 73 жасқа жетті. Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, алғашқы медициналық көмек көрсету, халықтың өмір сүру жасын ұзарту барысындағы атқарылған шаралар жан-жақты баяндалды. Денсаулық сақтау барысындағы мәселеде Ұлттық ғылыми кардиохирургиялық орталықтың басқарма төрағасы Ю. Пя медициналық қауымдастықтың ұстанымы туралы әңгімеледі.

Атқарылған жұмыстар туралы айтқан Үкімет басшысы Асқар Мамин:

– Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев медициналық көмектің сапасын жақсарту, алғашқы медициналық-санитарлық көмекке жұмсалатын шығыстарды 60 пайызға дейін ұлғайту бойынша нақты тапсырмалар берді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сырқаттанудың алдын алу және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша шаралар қабылдап, медициналық ұйымдардың қадамдық қолжетімділігін қамтамасыз етуді тапсырды, – деді.

Медициналық көмек сапасын арттыру, денсаулық сақтаудың бірыңғай цифрлық кеңістігін құру жұмыстары аяқталып қалды. Емханалар мен ауруханаларды қаржыландыру жүйесі жетілдіріліп, халықты салауатты өмір салтына бейімдеу, қоғамдық денсаулық сақтау қызметін жаңғырту шаралары қолға алынды. Дәрігерлердің дәрежесін арттыру мақсатында медициналық кадрлық ресурстардың ұлттық жүйесі құрылып, дәрігерлер мен мейірбикелердің жалақысы орта есеппен 2 есе артып, оларды әлеуметтік қолдау шаралары күшейтілмек.

Премьер-Министр Асқар Мамин осы шаралардың барлығы медициналық инфрақұрылымды жақсартып, ауру-сырқаудың деңгейін азайтып, қазақстандықтардың орташа өмір сүру ұзақтығын 2025 жылға қарай 75 жасқа дейін жеткізуге ықпал ететінін атап өтті.

Жиын соңында облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** айтылған мәселелер бойынша салаға жауапты басқарма басшыларына тапсырмалар беріп, білім, медицина бойынша атқарылатын шараларды пысықтады.

Күнделікті өмірде тұтынатын электр, жылу және тұрғындарды табиғи газбен қамту мәселесі Үкіметтің назарынан түскен емес. Премьер-Министр Асқар МАМИННІҢ төрағалығымен өткен ҚР Президенті жанындағы «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі кеңестің отырысында осы мәселелер сөз болды. Селекторлық жиынға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ пен орынбасарлары және басқарма басшылары онлайн режимде қатысты.

Газдандыру жұмысы жалғасады

Қажет АНДАС

Жиында ҚР Энергетика министрі Нұрлан Ноғаев «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған тұжырымдаманың іс-шаралар жоспарын іске асыру барысы туралы, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов пен Алматы қаласы әкімінің орынбасары Мұхит Әзірбаев өңірлердегі экологиялық жағдайды жақсарту және «Жасыл экономиканы» дамыту шаралары туралы баяндады. Сонымен қатар, елорданы, республиканың солтүстік және орталық өңірлерін газбен қамтамасыз ету үшін қолға алынған «Сарыарқа» магистральді газ құбырының құрылысын іске асыру барысы да сөз болды. Олардың айтуынша, Нұр-Сұлтан қаласына газ құбырын тарту жоспары аяқталу сатысында тұр. Ол биылғы 31 желтоқсаннан бастап пайдалануға беріле бастайды деп жоспарланған. Елорда, Қарағанды және Ақмола облыстарында газ тарату желілерін салу бойынша дайындық жұмысы жүргізілуде.

Отырыста жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) дамыту мәселесі де назардан тыс қалмады. Бүгінгі таңда елімізде белгіленген қуаттылығы 938,8 МВт. болатын 84 ЖЭК нысаны жұмыс істейді. Биыл осындай 16 нысан пайдалануға берілсе, алдағы уақытта тағы да үшеуі ел игілігіне тапсырылады. Осы жылдың он айында электр энергиясын өндіру көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 65 пайызға артып, 1,7 млрд. кВт/сағ. құрапты. Алдағы жылдары бұл көрсеткіштің еселене түсетіндігі анық.

Бұл жетістікпен қанағаттануға болмайды. Өйткені ҚР Үкіметі мен ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы) арасындағы келісім аясында Қазақстан «жасыл өсім» жөніндегі зерттеу нәтижелерін жетілдіре беруі керек. Атап айтқанда, еліміз «Жасыл экономикаға» көшудің заңнамалық және институционалдық негіздерін жетілдіру, халықаралық стандарттарға сәйкес жасыл экономикаға көшу барысын бағалау әдістемесін және жаңа жасыл индикаторларды енгізумен статистикалық есепті жалғастыруға мүдделі. Жиында сөз алған министрлік пен ведомство өкілдері осы бағыттағы ойларымен де бөлісті.

Отырыста Алматы облысының газдандыру жағында өзгелерге үлгі боларлықтай жақсы тәжірибелердің бар екені айтылды. Селекторлық отырыстан кейін Амандық Ғаббасұлы орынбасарлары мен басқарма басшыларына тұрғындарды электр энергиясымен қамтамасыз ету, жылумен қамтуды жетілдіру, газдандыру жұмысын жоспарға сай жүргізілуін қадағалау бойынша тапсырмалар жүктеді.

Тыныштық, татулық кепілі

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерімен және белсенділерімен кездесу өткізіп, өңірдің өркендеуіне үлес қосқан жандарды марапаттады.

Мәди АЛЖАНБАЙ

Алдымен Жетісу жерінің жетістіктеріне тоқталған Амандық Ғаббасұлы келер жылға деген жоспарымен бөлісті.

– Биылғы жылды жақсы көрсеткішпен аяқтап отырмыз. Облыстық мәслихатта келер жылдың бюджетін бекітіп үлгердік. Шешімін таппай жатқан мәселелерді жыл соңына дейін орны-орнымен шешеміз деген ойымыз бар, – деген облыс әкімі бірқатар мәселелерге тоқталды.

– Өздеріңіз жақсы білесіздер, Елбасы бізді Нұр-Сұлтан қаласына шақырып, кездесу өткізді. «Нұр Отан» партиясының Төрағасы, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы ретінде көптеген мәселені алдымызға міндет ретінде қойды. Өткен жыл еліміз үшін үлкен саяси шешімдер қабылданған жыл болды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан Президенті лауазымын Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа өткізіп бергені күллі әлемнің назарын аудартты. Одан соң ашық бәсеке негізінде өткен сайлауда Тоқаев айқын басымдықпен алға шықты. Сол сайлауда Алматы облысының жақсы нәтиже көрсеткені белгілі. «Нұр Отан» партиясының Төрағасы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасын халықтың бірауыздан қолдауы көңілімізді қуанышқа кенелтті. Билікті бейбіт жолмен өткізу еліміздің қоғамдық және ішкі саясаттағы табысты қадамы болғаны анық.

Еліміздегі тыныштық пен тұрақтылықтың, бейбітшілік пен ынтымақтың негізін қалыптастыруға үлкен үлес қосып отырған Қазақстан халқы Ассамблеясының ұлттар мен ұлыстардың басын біріктіретін ұйым екендігіне тоқталған облыс әкімі Амандық Баталов 28 қарашада ҚР Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің кеңейтілген отырысында Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмысының оң бағаланғанына баса назар аударды. Сондай-ақ, ҚР Қоғамдық даму министрлігінің марапатына ілінген «Элефтерия» Алматы облыстық гректер қоғамы» мен «Бірлік» жастар қауымдастығының» республикадағы ең үздік бірлестіктер деп танылуымен құттықтаған өңір жетекшісі сөз кезегін «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы аумақтық штабының белсендісі Владимир Чеппельге, «Милосердие» қоғамдық-қамқоршылық қорының атқарушы директоры Лариса Янинаға, Қазақстан халқы Ассамблеясының және Ассамблея жанындағы кәсіпкерлер қауымдастығының мүшесі Закиржан Кузиевке кезекпен беріп, пікірлерін тыңдады.

Алқалы жиын соңында «Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығының» директоры Тәңірберген Қасымберкебаевтың, «Алматы облыстық славян қозғалысы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Наталья Беликтің, Еңбекшіқазақ ауданы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Савелий Карасивидидің және «Қазақстан ұйғырларының республикалық орталығы» қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы Закиржан Кузиевтің кеудесіне «Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» алтын медалі» қоғамдық медалін қадаған Амандық Ғаббасұлы ұлтаралық татулық пен келісімді нығайтуда белсенді жұмыс атқарып жүрген отыздан астам азаматқа Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жомарт жан» төсбелгісін, Қазақстан халқы Ассамблеясының Құрмет грамотасын, ҚР Премьер-Министрінің Алғыс хатын және облыс әкімінің Құрмет грамотасын табыстады.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№27
(18735)

Сейсенбі,
3 наурыз,
2020 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@Jetisugazeti

@Jetisu2002@mail.ru

◆ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Әкімдікте облыс активінің жиналысы өтті. Жиынды облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ ашып, өңірімізде кадрлық өзгерістер орын алып отырғанын атап өтті. Бұған дейін облыс әкімінің орынбасары қызметін атқарған Бағдат Мәнізоровтың өз еркімен қызметін босатуына орай орнына Серік Тұрдалиевтің тағайындалғанын жеткізді.



ЖАҢА ҚЫЗМЕТ ЗОР МІНДЕТ ЖҮКТЕЙДІ

Алма ЕСЕНБАЕВА

– Бағдат Сайланбайұлы облыс әкімінің орынбасары болып лайықты қызмет атқарды. Қаншама жыл шешілмеген мәселені шешіп берді. Міне, орталықтағы балалар саябағы толық жаңарудан өтіп, балдырғандардың игілігіне берілді. Ал, оның орнына тағайындалып отырған Серік Мелісұлы бұдан бұрын да осы қызметте болған. Соңғы үш жылда бизнеске кетуіне орай мемлекеттік қызмет атқармады. Дегенмен, ол облысымыздан алшақтаған жоқ. Менің штаттан тыс кеңесшім болды. Кезінде оның басшылығымен жасалған бизнес жобалар облысымызда әлі де жүзеге асуда, – деді ол.

Облыс әкімі аппаратының басшысы болып Төлеген Сәрсембаев тағайындалды. Бұған дейін ол Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы қызметін атқарған. Ал, осы уақытқа дейін облыс әкімі аппаратының басшысы болған Темірлан Бектасов басқа жұмысқа ауысуына орай қызметін босатып отыр.

Өз кезегінде сөз алған Серік Мелісұлы мен Төлеген Қапсалықұлы сенім артып, жаңа қызметке тағайындаған облыс әкіміне алғысын айтып, өздеріне жүктелген міндетті бар қажыр-қайратын салып, абыроймен атқаратындықтарын жеткізді.

Аға буын атынан сөз сөйлеген облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ермек Келемсейіт облыс экономикасының көтерілуі басшылықта отырған азаматтардың қажырлы еңбегінің арқасы екенін еске салды. Жаңа қызметке тағайындалған жігерлі басшы Серік Мелісұлының әлі талай биікті бағындырарына сенім білдіріп, Павлодар, Түркістан, Жамбыл облыстарында қызмет жасаған Төлеген Қапсалықұлының мол тәжірибесін алға тартты.

Облыс әкімі Амандық Баталов та жаңа лауазым иелеріне үлкен сенім артатынын жеткізіп, жемісті қызмет тіледі.

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен Серік Мелісұлы Тұрдалиев Алматы облысы әкімінің орынбасары болып тағайындалды.

Серік Мелісұлы ТҰРДАЛИЕВ



1969 жылы туған. Қазақ мемлекеттік аграрлық университетін, Ресей Федерациясы Үкіметінің жанындағы халық шаруашылығы академиясын ауылшаруашылығы өндірісінің экономист-ұйымдастырушысы және іскери әкімшілік шебері мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын «Мақсат» сыртқы экономикалық акционерлік қоғамы Талғар филиалы бас директорының орынбасары болып бастады.

Әр жылдарда кәсіпкерлік және сауда саласында түрлі жауапты қызметтер атқарды. Кейін Алматы қаласы, Медеу ауданы әкімі аппаратының ұсақ сауда бөлімшесінің маманы, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының, бірінші орынбасарының көмекшісі, Қарағанды облысында «Қазақмыс корпорациясы» АҚ вице-президентінің, Алматы қаласында «Қазақмыс корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасы орынбасарының, ҚР Премьер-Министрі орынбасарының кеңесшісі, Алматы қаласында «Қазақмыс корпорациясы» АҚ-ның қаржы және инвестиция жөніндегі директоры, «Қазақстан Халық банкі» АҚ атқарушы директоры, Директорлар кеңесінің хатшылық жетекшісі, Қарағанды облысында «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Басқарма төрағасының орынбасары, президентінің, Басқарма төрағасының кеңесшісі, вице-президенті, вице-президенті-аппарат басшысы, әкімшілігінің басшысы, Алматы облысы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарған.

2017 жылдың шілде айынан – Алматы қаласындағы «Қайнар» ЖШС бақылау кеңесі төрағасының кеңесшісі.

Хроника

Алматы облысы әкімінің өкімімен Бағдат Сайланбайұлы Мәнізоров өз өтініші бойынша облыс әкімінің орынбасары лауазымынан босатылды.

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен Төлеген Қапсалықұлы Сәрсембаев Алматы облысы әкімі аппаратының басшысы болып тағайындалды.

Төлеген Қапсалықұлы СӘРСЕМБАЕВ



1968 жылы туған. Алматы халық шаруашылығы институтын, Қ. А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін экономист және заңгер мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын Алматы зооветеринарлық институты «Ақсай» оқу-тәжірибелік шаруашылығының бухгалтері болып бастады.

Әр жылдарда Алматы зооветеринарлық институты «Ақсай» оқу-тәжірибелік шаруашылығының жоспарлау-экономикалық бөлімінің бастығы, Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті басқармасының ревизор-бақылаушысы, аға ревизор бақылаушысы, бас ревизор-бақылаушысы, Алматы облысы бойынша мемлекеттік қаржы бақылау комитеті басқармасының бас ревизор-бақылаушысы, бөлім бастығының орынбасары, бастығы, Алматы қаласы Түрксіб ауданы бойынша салық комитетінің бас салық инспекторы, сектор меңгерушісі, сектор бастығы, Алматы қаласы Түрксіб және Бостандық аудандары бойынша салық комитеттері бастықтарының орынбасары, Қызылорда облысы бойынша салық комитетінің бастығы, Алматы қаласы Түрксіб ауданы бойынша салық басқармасының бастығы, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстары бойынша салық департаменттерінің бастығы, ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кіріс комитеті Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы, Оңтүстік Қазақстан, Түркістан облыстары әкімдерінің орынбасары қызметтерін атқарған.

2019 жылдың мамыр айынан – Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы.

Хроника

Алматы облысы әкімінің өкімімен Темірлан Амангелдіұлы Бектасов басқа жұмысқа ауысуына байланысты облыс әкімі аппаратының басшысы лауазымынан босатылды.

◆СЕМИНАР

ҮШ МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ

Облыстық кәсіпкерлік палатасында жергілікті атқарушы органдарының заң қызметі өкілдерінің қатысуымен нормативтік-құқықтық актілерді келісу және мемлекеттік тіркеу мәселесіне қатысты семинар-кеңес өтті. Жиынға облыстық әділет департаменті басшысының орынбасары Қайрат Пилалов төрағалық етті.

Алдымен әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік-құқықтық актілердің қатарынан жекелеген НҚА-ны алып тастау мүмкіндігіне қатысты облыстық әділет департаментінің нормативтік-құқықтық актілерді тіркеу бөлімі басшысының міндетін атқарушы Тілек Арынханұлы баяндады. Айтуынша, қазіргі мемлекеттік стандарттарға сүйене отырып, жергілікті атқару органдарындағы регламенттерді алып тастау керек. Бұл ұсыныс қатысушылар тарапынан қолдау таппады. Себебі, мұндай жағдайда қазіргі құжат алмасу бойынша бір қалыпта тұрған жүйе бұзылып, мемлекеттік қызметшілер арасында түсініспеушілік пайда болуы мүмкін.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының кәсіпкерлердің құқығын қорғау және әкімшілік кедергілерді азайту жөніндегі бөлімнің 2-санаттағы сарапшысы Мұхит Қамбаров ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 65-бабы және «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» айта келе облыстық кәсіпкерлер палатасы былтыр жергілікті атқарушы және өкілді органдардың нормативтік-құқықтық актілерінің жобаларын қарау бойынша жүргізілген кезең ішінде барлығы 187 жоба қабылдағанын, олардың 45-і жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделеріне әсер етпейтінін жеткізді.

– Облыстық әділет департаменті, облыстық кәсіпкерлер палатасы облыс аумағындағы жергілікті атқарушы және өкілді органдарымен бірлесіп, кәсіпкерлердің мүдделерін қозғамайтын нормативтік-құқықтық актілердің тізбесін бекітсін деген және облыс әкімдігіне нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу мен қабылдауды бақылауды күшейту туралы ұсыныс білдіремін, – деді Мұхит Қамбаров.

ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институтының облыс бойынша филиалының директоры Салтанат Батырханова «Заң» деректер базасында нормативтік-құқықтық актілермен жұмыс істеу мүмкіндіктері туралы айтты. Салтанат Сайлаубекқызы бірден сайттарға кіріп, сілтемелер арқылы қалай жұмыс істеп, қалай оңтайландыруға болатынын көрсетті.

Жиын соңында мемлекеттік қызметкерлер жұмыс барысында кездесетін кедергілерге қатысты қосымша сұрақтар қойып, қанағаттанарлық жауаптар алды.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

Экобелсенділер үлесі

Биыл әлем деңгейінде өтетін Worldcleanupday шарасына облыстағы еріктілер де өз үлесін қосуға дайын. Жоспар бойынша бұл шараға еліміздің 1,5 миллион тұрғынын тарту керек. Осыған орай, Жастарға қызмет көрсету орталығында облыстық экология департаментінің ұйымдастыруымен алғашқы экослет өтті.

Қажет АНДАС

Еріктілер жылы аясында атқарылатын шараны аймақтағы экоамбассорлар, қоғамдық ұйымдар, экобелсенділер және еріктілер бірлесіп жүзеге асырады. Жиында облыстық экология департаменті директорының орынбасары Данияр Құрманбеков, Ө. Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясының құқықтық зерттеулер және заң практикалық орталығының басшысы, құқықтану мамандығы бойынша PD докторы Дәурен Бекежанов, облыстық жастар саясаты басқармасы оқу орындары, үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс және отбасы құндылықтарын дәріптеу бөлімінің басшысы Ұлан Боранбаев экологиялық бастамаларды жүзеге асырудағы еріктілердің қосатын үлесін айтып берді. Сондай-ақ, облыстық экология департаментінің зертханалық-талдамалы бақылау бөлімінің басшысы Ерасыл Бекжанов жыл бойы атқарылатын шаралардың Жол картасын таныстырды.

Соңында шараға қатысқан жастар экологиялық жағдай, қоршаған ортаны қорғау бағыттарында өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойып, тұшымды жауап алды. Сонымен бірге, экобелсенділер мен еріктілердің деректер базасына тіркеліп, өзге де жастарды осы шараға қатысуға шақыратын болып тарқасты.

◆ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Панфилов ауылында тұратын Шеңгелбаевтар шиеттей жеті баласымен далада қалғандай күй кешкен еді. Облыс әкімінің тапсырысына сәйкес «Өркениет конструкшн» компаниясының өкілдері қыс көзі қырауда баспанасыз қалған көпбалалы отбасына үй сатып алып берді.

Ұлбосын ИСАБЕК

Шын ниеттенген атымтай жомарт жандар ауыл ішіндегі сатылымға қойылған оншақты үйді аралап көріп, ішіндегі ең тәуірі мен қолайлысын қомақты қаржыға сатып алған.

– Бірінші кезіккен үйді сатып ала салуды ойламадық. Өйткені, талай жыл қиындық көрген көпбалалы отбасының ертеңгі тіршілігіне ыңғайлы, қолайлы баспана болуына баса көңіл бөлдік. Ойлана келе аумағы 91 шаршы метрден тұратын осы үйді сатып алдық. 15 сотық жерінің, ауласында моншасы мен шағын қоймасының, бақшасында жылыжайдың барына қуандық, – дейді аталған компанияның өкілі Жомарт Райымжанов.

Бес бөлмелі тұрғын үй табиғи газға қосылған. Жарық та жайлы үй ішінде жатын бөлмелер мен ас бөлмесі, жуынатын торап, тіпті, дәретханасына дейін бар. «Қайыр қылсаң – бүтін қыл» деген даналыққа сүйенген кәсіпкер отбасын қажетті жиһаздармен, тұрмыстық техникамен де қамтамасыз еткен. Айналасы тап-түйнақтай тұрғын үйдің мінсіз екендігі байқалады.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

ЖАЙЛЫ ҮЙГЕ ҚОНЫСТАНДЫ

Осыдан он үш жыл бұрын Балқаштың Балатопар ауылынан көшіп келген Бауыржан Шеңгелбаев пен Ботагөз Байтокова пәтер жалдап келген. Өмірге әкелген 7 баласын қиындықтарға мойымай өсіріп, қанаттарын қатайтуда. Көпбалалы отбасының тұла бойы тұңғыштары Қуаныш Панфилов ауылындағы №17 орта мектепте 8-сыныпта оқыса, кішкентай Аяласы небәрі 3 жаста екен. 4 бала мектепке барады. Алапат өрттен аман қалған отбасына еріктілер мен жергілікті әкімшілік көмек қолдарын созған.

Облыс әкімі Амандық Баталовтың қолынан «Алтын алқа» алған ана Ботагөз Байтокова балабақшада тәрбиеші болып еңбек етеді. Ал ері Бауыржан Шеңгелбаев болса құрылыста жалдамалы жұмыс жасап, балаларының нәпақасын тауып беруде.

«Қорыққан мен қуанған бір» дейтін еді, күні кеше күтпеген өрттен бойларын үрей билеген отбасы мүшелері араға аз уақыт салып баспаналы болғандарына сене алар емес. Өрттен зардап шеккен отбасын жаңа қоныстарына, дәлірек айтқанда, өз үйлеріне Талғар ауданының әкімі Жолан Омаров, Талғар аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Матан Бекбосынов, Талғар ауданының Құрметті азаматы Нұрсейіт Құдықов, аудандық мәслихаттың хатшысы Жұмахан Еңкебаев және меценат Жомарт Досанұлы бастап келді. Балаларының бақытына бұйырған баспананың табалдырығын аттамас бұрын дәстүрге сай ақ бата беріліп, алқызыл лента қиылды. Шашу шашылды.

– Көпбалалы отбасының осындай қиын жағдайға тап болғанын естіген облыс әкімі Амандық Баталовтың тапсырмасымен бүгінгі қуанышқа қол жеткіздік. Осы тұста қол ұшын созып, жақсылықтың жаршысына айналған Жомарт ағамызға алғыс айтамыз. Баспаналы болу ісі мұнымен тоқтап қалмайды. Қазіргі кезде әр округтен бір-бір үй тұрғызу мақсатында жер телімдері бөлініп, бір ауладa 6-8 пәтерлік қоржынтам салудың жобалары жасалуда. Олардың әрбірі 60 шаршы метрді құрайтын болады. Сондықтан әлі талай қоныстойдың куәсі боласыздар, – деген Талғар ауданының әкімі Жолан Омаров қоныс иелеріне құтты болсын айтты.

Тал түсте жалаңдаған өрттен зардап шегіп, жүректері шайлыққан отбасы мүшелерінің бұл күнгі қуаныштарына шек болмады. Тарамдалған көз жастарын тия алмады. Енді олардың өз баспаналары бар. Ешкімге жалтақтамай еркін ойнап, көсіліп жататын күнге жетті.

Осы орайда үй иелері өңір басшылары мен аз уақыттың ішінде кең сарайдай үйді сатып әперген «Өркениет констаркшн» ЖШС-нің өкілі Жомарт Досанұлына алғыстарын жаудырды.

Талғар ауданы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti
Jetisý
№66-68 (18776) 13 маусым, 2020 жыл

Жер шары да адам сияқты. Ол сүйіспеншілікті сезінеді, көрсеқызарлыққа жаны қас. Өз сезімін таптаған әрбір қитұрқы әрекетті анық біледі, бірақ есебін алуға асықпайды. Жер қадірін жете түсінген халқымыздың да бітім-болмысы осыған келеді. Сондықтан халқымыз ақылды, байсалды, сабаз адамдарға: «Жер қозғалса да қозғалмайды», – деп баға берген. Бірақ олар бір қозғалса, тауды бұзып, тасты жарып, өзенді сапырады. Алайда адамдар осы күнге дейін өзімізді тым ақылды, білімді, парасатты сезініп, ойымызға келгенді істеп, Жер шарының берекетін қашырып жатырмыз. Бабаларымыз «Жер-ана» деп қастерлеген осы қара топырақтың қадірін сезінуден қалдық. Ана өз перзентіне ешқашан жамандық ойламайды, кешірімді. Десе де, ананың қарғысы мен наласына қалған ұрпақтың көсегесі көгергенін осы күнге дейін көрген жоқпын.



ЖЕРГЕ ДЕ ЖЫЛЫЛЫҚ КЕРЕК

Қажет АНДАС

Апам үнемі: «Мұнан да жаман күнде тойға барғанбыз», – деп жаны қиналғанда айтып, жылы сөзбен өз-өзін сергітіп алатын. Ал табиғатта тіл жоқ. Өз өкпесі мен өкінішін айтып жеткізе алмайды. Сондықтан, адамдардың өзіне жасаған қиянатына тосын әрекеттер, қайғылы оқиғалар арқылы жауап береді. Беріп те келеді. Біз осыған дейін табиғаттағы тосын оқиғаларды ғылым тұрғысынан түсіндіріп келдік. Соны сүйіспеншілік тұрғысынан түсіндіруге құлқымыз бармады. Өйткені, оған сана-сезіміміз жеткен жоқ. Костюм киіп, галстук байлағанымызға, ұшақпен ұшып, қымбат маркалы көлік мінгенімізге желпіндік. Оның бәрі біздің ақыл-парасатымыздың туындысы емес, табиғаттың сыйы екенін сезінуден қалдық. «Қорқа жесең, қой қалады, тарта жесең, тай қалады», – дейтін халық даналығын қайырып қойып, бағасыз байлыққа барынша құныққтық.

Абай Құнанбайұлының «Ескендір» поэмасын өмір бойы оқып өтсек те, әлемді билеген, байлыққа құныққан билеушінің тойымсыздығын бір-ақ уыс топырақпен тойдырған табиғаттың құдіретіне назар салмадық. Нәтижесінде, жер шарына жылылық танытуды ұмыттық. Есесіне, Жер шарын адам айтқысыз апаттар әкелетін жылынуға жетелеп келеміз. Шындығына келер болсақ, осы қасіретке бүгін біз жауаптымыз. Демек, кейінгі жарты ғасырда өмір сүрген біздер адамзат тарихындағы ең қайырымсыз ұрпаққа айналдық.

Ғалымдардың зерттеуі көрсеткендей, 1980 жылдан бастап ғаламшардағы орташа температура 0,8°С-қа көтерілді. Егер зерделеп қарар болсақ, жаһандық жылынудағы 20 өзгерістің 19-ы 1980 жылдан кейінгі уақытқа тұспа-тұс келеді. Қазір жер шары бұрынғыға қарағанда 1,1 градусқа жылыған. Егер жер қыртысы 3-4 градусқа қызса, адамдар арасында ойламаған апаттың орын алатындығы анық. Осындай күннің шамадан тыс қызуы салдарынан полюстік мұздар тез еріп бара жатыр. Мәселен, Арктиканың мұздықтары еруін жарты ғасыр бұрын бастаған. Гренландия мұздары еріп кетсе, мұхит деңгейі 7 метрге көтеріледі. Мұндай жағдай орын алғанда Мальдив сияқты теңіз деңгейінен бір метрге ғана жоғары орналасқан елдердің су астында қалары сөзсіз. Ал Антарктида мен Арктика мұздығы ерісе, мұхит суы 60-70 метрге жоғарылайды. Бұл кезде атом бомбасының зардаптары түкке тұрғысыз болып қалады. Егер осы апат болып жатса, жер бетінің өсімдіктер мен жануарлар әлемі түгелдей өзгеріп, су тапшылығынан 3 млрд. адамның өмірі қыл үстінде қалады.

Осы апаттың жақындағанын биылғы жағдай да көрсете бастады. Адамзат баласын бір тарының қауызына сыйдырған індет енді әлемдегі ыстық ағысқа ұласты. Шетел баспасөзіндегі ақпараттарға сүйенсек, Оңтүстік, Орталық Африкада қатты құрғақшылық орнап, теңіз деңгейі көтеріліп кеткен. Осыған байланысты Еуропа елдерінің бірқатарында аномальді ыстық тіркелді. Біздің еліміздегі ауа температурасы да бірте-бірте көтеріліп келеді.

Жаһандық жылынудың қатері жетісулықтарға да жеңіл тиіп тұрған жоқ. Бірнеше жыл қатарынан жаз аптап ыстықпен жер танабын қуыратынды шығарды. Статистикаға сенсек, жаһандық жылыну процесінен Іле Алатауынан бастау алатын өзендердің суы соңғы жылдары 16 пайызға кемітті. Мұндай келеңсіздік жер жаннаты атанған Жетісудың әр тұсынан кездеседі. Егер осыны ертерек қолға алып, оның шешу жолдарын таппасақ, жеті өзені сарқырап ағып, құзар шыңдары көкке бой созған және көкпеңбек көлдері көздің қарашығындай мөлдіреген жерұйық мекенді құла түзге айналдыруымыз әбден мүмкін.

Өткен аптада Америка ғалымдары күн сәулесі коронавирусты жоя алады деген мәлімдеме таратып, айды аспанға шығарды. Олардың айтуынша, Солтүстік ендіктің талтүс кезіндегі 40 градус ыстығында 5,8 минуттан кейін коронавирустың 90 пайызы сілекейленіп, ал 13,4 минуттан кейін тіршілік ортасындағы белсенділігі жоғалады екен. Осы 40 градустық параллельде Испания, Португалия, Италия, Грекия, Түркия, Қытай, Жапония, АҚШ-тың оңтүстік штаттары орналасқан. Өкінішке қарай, коронавирус осы өңірлерде ең белсенді таралып жатқанын байқап отырмыз. Мүмкін, ғалымдардың көпке айтпайтын өз құпиясы бар шығар?!

Бұған қарап, ыстық ауа коронавирустың инфекциясын әлсіретеді деп сеніп, қамсыз отыра беруге болмайды. Мәселенің екінші жағынан ойланып көрейікші. Яғни жылдың жылы маусымында күннің бір градусқа ысуы цереброваскулярлық аурулардың артуына түрткі болады. Бұл жерде ми аурулары туралы айтылып отыр. Медициналық тілмен айтсақ, мидағы қан айналысы бұзылып, церебралдық қан тамырлары патологиялық өзгерістерге ұшырайды. Ал мидағы қан айналысының бұзылуынан болатын аурулардан көз жұму көрсеткіші жүрек сырқатынан кейін екінші орында тұр.

Коронавирус – тұмау сияқты жануарлардан жұққан кесел. Атам заманнан бері адам өмірін қауіп төндірген індеттер, айталық, шешек – ешкіден, оба – тауықтан, өкпе ауруы – жылқы, есек, қашырдан, тағы басқа да жануарлар арқылы таралып отырған. Өз кезінде оның емін ойлап тауып, алдын алу шаралары жасалды. Жер шарының қалыптан тыс жылынуының жанында коронавирус қарапайым зат болып қалады. Жер шарының жылынуы табиғатты бүлдіреді. Ал бүлінген табиғаттан қоректенген жануарлардың ағзасы қауіпті вирустарды өндіріп, адам баласына тарата бермесіне кім кепіл? Сондықтан аталарымыз айтқандай, аурудың емін емес, ең алдымен, ауырмайтын жол іздегеніміз абзал. Ол жол – табиғаттың тепе-теңдігін сақтау.

Қазақстан климаты құбылмалы. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, елімізде қыста минус 40 градус, жазда плюс 40 градус болады. Бұл, әрине, адам ағзасына әсер етпей қоймайды. Қазір Алматы облысында ауаның ластану деңгейі жоғары болып отыр. Оған Алматы қаласының да әсері көбірек тиюде. Өйткені, Алматы қаласы ойықта орналасқандықтан, ауаның алмасуы сирек құбылыс. Тағы бір айта кететін жайт, қала мен қала сыртындағы жайма базарлардың айналасы қоқысқа, әртүрлі тұрмыстық қалдықтарға толы. Олардан бөлініп шыққан химиялық газдар Алатаудың ақбас шыңдарына әсер етуде. Сол шыңдардағы қар-мұздар Іле және Жетісу Алатауларының түйіскен тұсынан Сырдария бойына дейінгі ұлан-ғайыр өлкенің қалыпты тіршілігін сақтап тұр. Егер одан айырылсақ, арғы жағын айту қиын. Ғалымдардың болжамынша, алдағы бірнеше онжылдықта да температура көтеріліп отырады. Сонымен қатар, соңғы жылдары толқынды немесе «аптап толқыны» деп аталатын күндер көбейіп кетті. Яғни, бірнеше күн бойы күн қатты ысиды. Жылдың жаз мезгілдерінде осындай ыстық күндердің көбейгені биыл да анық байқалды. Егер облыстың осы бір айдағы ауа райының өзгерісіне қарайтын болсақ, күндіз қапырық ыстық бет қаратпаса, түнде салқын ауа денеңді тоңдырады.

Бұл жағдайға, ең алдымен, Арал теңізі құрғап кеткеннен аспанға тұздың ұшуы климатқа әсер етсе, екіншіден, еліміздегі мұнайдың әсерінен шығатын парниктік газдар, көліктердің пайдаланатын жанармайы, көмір жағатын үйлер, жылу электр орталықтары әлемдік жылынуға әжептәуір үлес қосып жатыр. Климатологтардың айтуынша, мемлекеттердің көпшілігі, тіпті, Еуропа елдерінің барлығы дерлік климаттың өзгеруіне дайын емес. Қазіргі кезде Еуропа елдерінің бірқатары балама энергия көздерін 30-40 пайыз қолдануға көшті. Осы бағытта Америка, Еуропа елдері жақсы жұмыс істеп жатыр. Мәселен, біздің елімізде балама энергия көзін пайдалану тек 1 пайыз ғана. Бұл – өте қиын жағдай. Әлем елдері бірлесіп қол қойған Париж келісімінде еліміз 2020 жылға дейін парниктік газдардың белгілі бір өлшемін азайту жайлы жауапкершілік алды. Алайда бүгінгі таңда біз осы келісімге сәйкес іс-қимылдар жасап жатқан жоқпыз. Керісінше, парниктік газдардың мөлшері көбейіп жатыр. Бұл жер шарының жылынуын тудыратын ең қауіпті жағдай.

Иә, қалай айтсақ та, жер шарының қалыптан тыс жылынуы бүгінгі күннің басты тақырыбына айналып үлгерді. Ол экологиямен шектелмей, әлеуметтік жағдайға, экономикалық өсімге, денсаулық, тағы да басқа салаға орасан зор ықпал етеді. Сондықтан, осы апаттың алдын алудың түрлі жолдарын ертерек қарастырған абзал.

Ол үшін «жасыл экономикаға» көшу міндетті болып отыр. Бүгінде «жасыл экономиканы» дамытуда Германия, Оңтүстік Корея мемлекеттері оң нәтижелерге қол жеткізген. Соған орай Қазақстан мемлекеті де әлем елдерінің оң тәжірибелерін барынша пайдалануға мәжбүр. «Жасыл экономикаға» көшудің маңызды бір қадамы – қоқыс өңдеу, жел энергетикасы, қуат көзін үнемдеу, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату жөнінде біршама жұмыстар атқару. Бұл бағытта жұмыстар қолға алына бастады. Дегенмен, оған деген жұрттың ықыласы әлі де ауа қойған жоқ.

«Ештен кеш жақсы» дегендей, бұл мәселені әлі де қолға алсақ, кеш қалмаймыз. Десе де, мәселенің түйінін тарқату үшін көп болып жұмылумен қатар ел болып қолдау таныту керек. «Жалғанның ісі жалғанда, ақыреттің ісі барғанда» дегендей, әркім жер шарына жасаған қиянаты үшін түптің-түбінде жауап беретінін есте ұстайық.

Мұнайдың өндірілуі, кен орындарының қазылуы, сансыз зауыт-фабрикалардан шығатын қалдықтар жұмыр жерге кері әсерін тигізбей қоймайды. Әрине, мұның бәрі өркениет үшін істеліп жатыр деп ақталудың сан әдісі бар. Бірақ табиғатқа зиянымызды тигізбеудің бұдан басқа жолын қарастырып көрдік пе? Басқасын айтпай-ақ қояйын, жыл сайын қаншама жас отау құрып, шаңырақ көтереді? Сән-салтанаты келіскен той жасап, шетелге қыдырып, бал айын өткізген сол жастардың бірде-бірі отау болғанының құрметіне бір тал ағаш отырғызыпты дегенді естімеген екенбіз. Бір тал ағаш бір жылда қанша мыңдаған каллория оттегін бөліп шығаратынын білесіз бе? Ол ауадағы сутегімен тотығып, суға айналады. Су – тіршіліктің күретамыры болып қалмастан, жер шарының жылынуын тосатын бірден-бір себеп. «Денсаулықты жақсарту үшін күн сайын литрлеп су ішіп тұру керек» дегенді әркім айта алады. Алайда табиғат сыйлаған сол суды өндіретін қадамға бірде-бірі барып көрген жоқ. Қайта табиғатты бүлдіріп, суды лайлайтын әрекетке күнде куә болып жүрміз.

Біз балаларымыз үшін нұрлы болашақ жасағымыз келеді. Нұрлы болашақты осыған дейін ақшамен, байлықпен, атақпен, билікпен өлшеушілер көп еді. Биылғы індет жер шарын қорғау мен денсаулықты сақтаудың бәрінен де қадірлі байлық екенін сезіндірді. Қытайдың Ухан қаласындағы індет кезінде коронавирустан қайтыс болған жалғыз ұлын құтқара алмаған миллионер әке баласын өмір бойы жинаған сейф толы ақшасымен өртеп, аза дәптеріне «Табиғатты қорғайық!» деп бірауыз сөз жазғаны бәрімізге сабақ болуы керек.

Жоғарыда айтқандай, енді біздің алдымызда жер шарының жылынуынан туындайтын үлкен қасіреттер төніп келеді. Әрине, біздің қалыпты өмірге оралуымыз үшін жер шарының жылынуы керек емес, қайта ж ерге жылылық сыйлап, оны сақтап қалу маңызды. Сіз бұған қандай үлес қоса аласыз?

ҚАРАҒАЙ КӨШЕТІМЕН КӨРКЕЙЕДІ

Жап-жасыл боп сап түзеген қарағай,
Биігіңнен құйылады таң арай.
Ғасырлардан ғасырларға жасай бер,
Тауларыма көрік беріп жағалай, –

деп ақын жырлағандай, өлкеміздің мәні мен сәні, шертілер жыры мен әні, өсімдік әлемінің жаны мен бағы іспетті қарағайға жетер ештеңе жоқ. Қарағай – кең өлкеміздің, тауларымыздың әрін кіргізіп отырған мәңгілік жасыл ағаш.



Қанат БІРЖАНСАЛ

Шын мәнінде, 500-600 жылға дейін өмір сүреді. Бұл ойлап қарасаңыз, толқын-толқын 5-6 ұрпақтың ғұмыры. Қарағай – адамзаттың басына түсін жататын неше түрлі өмір өткелдерін, ғаламда болып жатқан өсу мен өшу, жаңғыру кезеңдерін көріп, куә болып тұратын қысы-жазы өңін бұзбайтын ғажайып өсімдік. Ең негізі, өңіріміздің тек күн шығыс жағына қаптай, сап түзей орналасып алған қарағайлар күнделікті ауамызды тазартып, тынысымызды кеңітіп, көрген сайын жан сарайымызды ашып тұрады. Тәуелсіз Отанымыз үшін қарағай әлемі баға жеткізгісіз байлығымыз! Ұрпақтан ұрпаққа нәсіп болып қалар қымбат қазынамыз. Мемлекетіміз үшін, оның құшағында жүрген әрбір адам үшін қарағайдың неғұрлым көшетімен көбейіп, көріктене, жайнай, жаңғыра түскені аса қажет.

Бұл орайда айналамызды қоршаған орман әлемін, қарағай дүниесін көздің қарашығындай сақтайтын, әр жыл сайын көшетімен көркейтіп жататын орманшылардың орны бөлек. Жүздерін күн сүйіп, гүлдеріндей шырайланып қана жүретін орманшылардың ұрпақ болашағына, ұлт келешегіне арналған игілікті де ізгілікті істері ерен, еңбектері орасан. Біз сөз еткелі отырған Кеген орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі облыстағы ең алдыңғы қатарлы озат еңбек ұжымының бірі. Жай ғана орман шаруашылығының мекемесі емес, Жалаңаш деп аталатын орманшылығында 54 гектар тұрақты тұқымбағы, Темірлік орманшылығында 3 гектар уақытша тұқымбағы бар бірегей орман мекемесі. Олар орман әлемін жыл он екі ай қорғап қана қоймайды. Орман қорын молайту, көшетімен толықтыру, молықтыру жұмысымен тікелей айналысады. Жұмыстары күз айында қарағайдың тұқымын жинаудан басталады. Тұқымға бір жыл бұрын арнайы жер дайындалады. Себу жұмыстары Темірлік орманшылығындағы уақытша тұқымбақта қолмен, Жалаңаш орманшылығындағы тұрақты тұқымбақта механикалық әдіспен жүргізіледі. Тұқымбаққа егілген қарағайдың тұқымы 4 жылда жап-жақсы бойы 15-20 сантиметрге дейін өскен, тамырланған қарағай көшетіне айналады. Содан бастап жасыл шыршаның көшеті ел игілігіне айналады.

Кеген орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Айболат Солтанғазиевтің жол бастауымен орманшы Дәурен Досайбеков басқаратын Жалаңаш орманшылығына қарасты тұқымбағында болдық. Ауылдың етек жағында 54 гектар жерді алып жатқан тұрақты тұқымбақты көргенде арманда, көрмегенде арманда. Қарағай, өсімдік әлемінің неше түрі осында. Орманшылардың қолымен өсірілген 1 жылдық, 2 жылдық, 3 жылдық, 4 жылдық шырша көшеттерінің алқабы жаныңызды баурап, көңіліңізді қуанышқа бөлеп жатады. Баладай балғын көшеттерді жаз маусымында қорғау, күту, суару, арамшөптерден арылту секілді жұмыстары оңайлыққа түспейді. Осынау бейнет үшін тынбай жұмыс істейтін жандар бар.

Кеген орман шаруашылығы мекемесіне қарасты Ұзынбұлақ, Қарқара, Екіаша секілді орманшылықтарының да орманшылары осында. Мекеменің жап-жаңа «МТЗ» маркалы тракторы арнайы агрегатымен 4 жылдық Шренк шыршасының көшетін қазып жүр. Тамырмен қопарылып түскен балауса шыршалар жеке-жеке отырғызуға дайындалуда. Бұл шын мәнінде орманшылар үшін 4 жылғы еңбектерінің нәрлі нәтижесін көрумен пара-пар. Тұқымбақтың іші қызу еңбек. Дәурен Досайбеков бастаған Жалаңаш орманшылығының жігіттері 80 сотық жерге, Ернат Еңсебаев бастаған Екіаша орманшылығының ұжымы 70 сотық жерге Шренк шыршасының көшеттерін отырғызуда.

– Өткен жылы Жалаңаш орманшылығындағы тұрақты тұқымбақтан және Темірлік орманшылығындағы уақытша тұқымбақтан барлығы 348030 түп Шренк шыршасының көшеті алынып, 17 гектар орман алқабы толықтырылды. Оның сыртында 1150 түп сосна қарағайы, 896 түп қырым қарағайы, 950 түп туя, 50 түп алма, 50 түп алмұрт көшеті отырғызылды. 346830 түп Шренк шыршасының көшеті орман қорын молайту мақсатында облыс аумағындағы орман шаруашылығы мекемелеріне бөлінді, – дейді Кеген орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Айболат Солтанғазиев.

Осынау баға жетпес игілікті іс биылғы көктемде де жалғасын тапты. Биыл да мекемеге қарасты 5 орманшылықтың орманшылары жұдырықтай жұмылып жалпы көлемі 17 гектар тау беткейлеріне 176200 түп Шренк шыршасының балғын көшеттерін отырғызды. Оның сыртында биыл 5000 түп сосна қарағайын, 950 түп туя, 30 түп алма, 50 түп абрикос, 300 түп шетен, 300 түп долана көшеттерін отырғызуды жоспарлаған. Кеген орман шаруашылығы мекемесінің түрлі жеміс ағаштарын өсіріп отырған арнайы орындары да бар. Гүлденіп-түрленіп тұрған шағында барсаңыз, тіптен де тамаша көңіл-күй ауанында боласыз. Кеген орман шаруашылығы мекемесіне қарасты орманшылардың ерен еңбегі, көпке тигізіп жатқан шарапаты деуге болады, биылғы жылы да облыстағы орман шаруашылығы мекемелеріне 129720 түп Шренк шыршасының көшеті босатылмақ. Аудандағы мекемелердің айналасына отырғызылатын, жалпы, көгалданды ру жұмысына қажетті сұраныс бойынша берілетін шырша көшеттері жетіп-артылады. Осындай шақта мекемеде ұзақ жылдан бері еңбек етіп келе жатқан орманды өсіру, қалпына келтіру жөніндегі бас инженері Гүлнара Аубакированың атына жылы лебіз білдірген артық емес. Тәжірибелі маманның ұжым ісіне тигізіп жүрген шарапаты бөлек.

Орманшылардың ел мен жерге тигізіп келе жатқан шапағаты осындай. Қараңызшы, жыл сайын орман алқабын толықтыру үшін 17 гектар шырша көшеттерін отырғызу дегеннің өзі неге тұрады?! Соңғы 20 жылдың ауқымында 340 гектар орман алқабы толықтырылған. Бұл көңіл көркейтер сүйінішті жағдай. Рас, таулардың құшағына сапар шегіп жатсаң, біргелкі бой түзей өсіп келе жатқан балғын қарағайлы алқап ерекше көзге түсіп жатады. Бұл орманшылардың еңбегі екеніне риза болып, үлкен әсерге бөленесің. Орман – Отанымыздың байлығы, ұрпақтың болашағы болса, оны көшетімен көркейтуге, молықтырып, толықтыруға негіз қалап жүрген орманшыларға алғыстан басқа айтар жоқ.

Кеген ауданы.

ҚАЗҰУ – ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Елбасы Н.Назарбаев тапсырған және Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасына енгізілген 2020 жылы әлемнің ең үздік 200 жоғары оқу орнының қатарына кем дегенде 2 қазақстандық ЖОО-ның кіруі міндетін абыроймен орындап шықты. Қазақстандық университет QS жаһандық рейтингісінде 165-орынға көтеріліп, феноменалды серпіліс жасады. ҚазҰУ халықаралық ғылым және білім кеңістігіндегі өзінің әлемдік көшбасшы университеттер қатарында екендігін дәлелдеді.

Жаһандық ең танымал және беделді Quacquarelli Symonds (QS) рейтингтік агенттігі әлемнің жоғары оқу орындары бойынша зерттеудің биылғы жылғы нәтижелерін жариялады. QS аналитикалық есебінде атап өтілгендей, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 42 орынға ілгерілеп, жаһандық рейтингте 165-орынды иеленді және «әлемнің ең үздік 200 университеттерінің қатарына енген алғашқы қазақстандық жоғары оқу орны болды». Посткеңестік елдерден тек екі университет қана осы топқа еніп отыр – М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

Әлемдік жоғары білім беру тарихында бұрын-соңды болмаған қарқынды дамуды көрсете отырып, 9 жыл ішінде университет шамамен 500 орынға алға жылжыды. Әлемдік рейтингте қысқа уақыт ішіндегі бұндай бірегей ілгерілеу «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ феномені» деп аталып шетелдік сарапшылар назарын өзіне аудартты. Қазақстандық жоғары оқу орны қарқынды дамуының жарқын үлгісі халықаралық академиялық ортада белсенді түрде талқылануда. Көптеген шетелдік жоғары оқу орындары ҚазҰУ-дың оң тәжірибесін қолданысқа енгізуде.

Әлемдік рейтингте жеткен биік жетістікте университет ректоры, академик Ғалым Мұтановтың басшылығымен ҚазҰУ-дың жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша университет ұжымы атқарған қыруар жұмыстар түр. Кластерлік тұрғыдан кешенді құрылымдық модернизациялау жүзеге асырылып, нәтижеге бағытталған басқару жүйесі енгізілді. Алдыңғы қатарлы шетелдік университеттермен бірлесе қос диплом бағдарламасы және ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда, соның нәтижесінде Қазақстан бойынша ең көп шетелдік студенттер ҚазҰУ-да білім алуда. Тек соңғы жылдың өзінде олардың саны 15 есеге өсті.

«Майкрософт» компаниясы ҚазҰУ цифрлық моделін ең озық тәжірибелердің бірі ретінде таныды. Университетте «ғылыми идеядан бастап оны коммерциализациялауға дейінгі» технологиялық дәліз құрылған. Оны тиімді пайдалану арқасында университетте 5 жыл ішінде ғылыми жобалар көлемі 2,5 есеге артты. Халықаралық рейтингі жоғарғы журналдардағы қазақстандық авторлардың әрбір бесінші жарияланымы – ҚазҰУ ғалымдарының үлесі. Соңғы 5 жылда университет инфрақұрылымның жалпы аумағы 50 пайызға дейін өсті.

БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі «Академиялық ықпал» бағдарламасының Жаһандық хабы ретінде ҚазҰУ жаңа буын университетінің «Университет 4.0» моделін жасап енгізді. Нью-Йорктегі БҰҰ-ның штаб-пәтерінде таныстырылған «Университет 4.0» моделі халықарылық деңгейде кеңінен таратуға ұсынылды. ҚазҰУ әлемнің 12 елінде әл-Фараби орталықтарын ашты.

Қазақ ұлттық университетінің әлемдік білім беру кеңістігіндегі көшбасшылық деңгейі басқа да халықаралық рейтингтік агенттіктерде көрініс табуда. ҚазҰУ әлемдегі үздік 200 экологиялық және ең озық технологиялық университеттердің үздік 50 тобына кіреді. Еуропалық ғылыми-өнеркәсіптік палатасы рейтингінде ҚазҰУ «АА+» бағасын иеленіп, жетекші еуропалық жоғары оқу орындарының қатарына енді. Барлық осы жетістіктер арқасында ҚазҰУ түркі және ислам әлеміндегі ең үздік университет ретінде танылды.

QS рейтингісінде Массачусетс технологиялық университеті көш бастайды, екінші және үшінші орында сәйкесінше – Стэндфорд және Гарвард университеттері (барлығы АҚШ-тың жоғары оқу орындары). Ең үздік әлемдік жоғары оқу орындарының ондығын толығымен американдық және британдық жоғары оқу орындары құрайды.

www.kaznu.kz

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

◆НҮСІПБЕК ӘШІМБАЕВ — 110



Тарих деген ұлы жазбаның әр бетіне бедерленер тұлғалар болады. Олардың бірі көмейінен сөз нілін тамызған көсем, бірі кәрі еменнің тамырындай шатысқан дүниені бірауыз лепеспен шешер шешен, енді бірі аттың жалын жастанып, қара жұрттың қамы деп қара адырларда шашақты найзасына сүйеніп қалғыған батыр болуы бек мүмкін. Ал солардың қатарында ерен еңбектің көрігін қыздырған атан жілікті, қара нардай қажырлы тұлғалардың есімі де қосарлана айтылып, қапталдаса таңбаланып жататыны бар! Неге? Өйткені, сан мехнатты жол жүріп өткен халықтың болашағының кемел болуы үшін қамау терін қара жерге шүмектете төккен еңбекторы азаматтардың да әр ісі жау жапырған батыр ерлігімен пара-пар! Міне, сондай тұлғамыздың бірі де бірегейі деп Социалистік Еңбек Ері Нүсіпбек ӘШІМБАЕВ атамызды айтамыз.

АҢЫЗҒА БЕРГІСІЗ ТҰЛҒА

Биыл дала академигі атанған Нүсіпбек Әшімбаевтың туғанына 110 жыл. Табиғаттың төл перзентін, қазақ халқының аяулы ұлын, бірегей тұлғасын кезінде көрнекті мемлекет қайраткері, Алматы облысында аттай 14 жыл бірінші басшы болып жұмыс атқарған Асанбай Асқаров «дала академигі» деп ерекше атап еді. А. Асқаров басқарған осынау уақытта облыстың дамуға бет алғанын, ірі жетістіктерге жетіп, бірнеше мәрте одақтың алдыңғы қатарынан табылып, Қызыл Туды жеңіп алып жүргенін, сол кезеңде аймағымыз үш мәрте Ленин орденін иеленгенін де өткен күн жазбаларынан жақсы танимыз.

Расында, құйқалы жер, құтты қоныстың гүлденіп, туған жер түтінінің түзу шығуына ерекше ықпал еткен Нүсіпбек Әшімбаевты замана заңғарларының бірі деп айтсақ, ұшқары байлам жасамағанымыз. Ол сол кездегі Нарынқол ауданындағы Ленин атындағы ұжымшарын аттай 30 жыл басқарды. Сол кезеңдерде ұжымшар ірі шаруашылыққа айналды. Орталығы Сарыбастау қыстағының өзі кентке пара-пар үлкен ауылға ұласты. Шаруашылықтың экономикасы айтса нанғысыз өркендеуге жол ашып, ұжымшар миллионер атанғаны бар.

Табиғат дарытқан еңбексүйгіштік, жігерлілік қасиеттерінің арқасында өзінің екі тізгін, бір шылбырын салалы саусақтарынан сусытпай, ұлы істердің ұйытқысы болған, шаруашылық тасын өрге домалатқан Нүсіпбек Әшімбаев басқарған сол уақыттарда аталмыш ұжымшар өкіметтің жәрдемінсіз, өз күшімен екі мектеп, Мәдениет үйі мен монша, кірпіш пен әк шығаратын цех, жүз орынды стадион, аурухана сияқты ғимараттардың іргетасын қалап, оны ел игілігіне бергені де әмбеге аян.

Міне, осындай келелі істің басында елдің келешегі үшін маңдай терін еселеп төккен Нүсіпбек Әшімбаевтай нар тұлғаның жүргені де тарихтың бетінде хатталып қалды.

Халық тұрмысының түзеліп, шаруашылықтың табысын еселеуге жан жүрегін, қажыр-қайратын жұмсаған ел перзенті Нүсіпбек әкеміз сонау 1910 жылы Шартас ауылдық кеңесіне қарасты орта шаруа отбасында дүниеге келген. 12 жасында, бір мүшелді қайырған тұсында әкесінен айырылып, бір іні, бір әпкесімен бірге ғазиз жүректі анасының қолында қалады. Молданың алдынан өтіп, төрт жыл араб жазуын үйреніп, тіл сындырған. Кейіннен Кеңес өкіметі орнаған уақытта сол білімімен хат танымайтын «ликвидация безграмотностиға» қатысып, ауыл адамдарын, қара домалақ балаларын оқытқан көрінеді. Ірі байлар кәмпескеленіп, ел алатайдай бүлінген шақта жаңы сергек Нүсекең ауылдық кеңеске хатшы болып қызмет еткен.

Иә, Нүсіпбек Әшімбаевтың ат жалын тартып мініп, елдің еңсесін түзеуге азаматтық күш-жігерімді сарп етермін деп қайраттанған шағы қазақ тарихындағы ауыр оқиғалармен тұспа-тұс келген. НЭП кезеңінде байлар кәмпескеленіп, оның арты орталық Ресей, Украинадағы аштыққа ұласып, 1931 жылы өкімет қаулысымен деп халықтың малын тәркілеу науқаны жүргені де көпке аян. Басында мал ауру десе, кейін түлікті жануарларды қажетсініп, ақыр-аяғында бәрін таразылап, қой мен ірі қараны түгел жинап алып кетті. Халықтың қолында азын-аулақ жылқы шұрқырап қалды. Зұлмат заман басталғанынан тіксінген елдің дені ертеңгі күнге сенбей шегарадан аттап, Қытайға бас сауғалады. Сол кезде комотрядтар мен заставалар тыңшылар арқылы елдің қай күні арғы бетке өтетінін біліп, оларға тосқауыл қойды. Жаппай қырғынға ұшыратты. Сонда біреудің баласы, біреудің анасы қой үстіне бозторғай жұмыртқалар кезеңнің келмеске кеткенін андап, туған жерден үдере көшті емес пе? Қытай асамын деп қыршыннан кеткен көптің қынадай қырылуы былай тұрсын, жетімдер қорғансыз жылап, талай жайсаң бір-бірін мәңгіге таба алмай дүниеден өтті-ау. Міне, осы кезеңді басынан өткерген атам маған құба түздегі ағарып жатқан сүйектерді нұсқап тұрып: «Қарашы, ана бетке застава пулеметтерін қойып, қаншама бейбіт халықты қырғынға ұшыратты. Қолдарында қару тұрмақ қатты таяқ жоқ аңғал жұрт, бала-шаға ажал ұңғысынан тәсілім болды», – деп аза бойы қаза болып әңгіме айтушы еді.

Қазақтың сол жылдары басынан өткерген ауыр-ауыр оқиғалары тек Алаштың ғана емес, адамзат тарихының трагедиясы іспетті. Ол ең үлкен қателікке ұласқан саясаттың солақайлығынан орын алған оқиғалар еді. Соның бәрін көзімен көріп, көкірегіне мұң ұяласа да, елім мен жерім үшін ерен еңбек етуге дайынмын деп іштей серт еткен Нүсекеңнің тағдыры да шым-шытырық жайттарға ұласқаны бар. Бір күні жарқын бейнелі асыл азамат ОГПУ «үштігінің» сырттай шығарылған қаулысымен үш жылға бас бостандығынан айырылып, Карлагқа айдалады. Кенеттен орын алған бұл жайттың түбі, әрине, шикі еді. Ауылдағы үш адам Нүсіпбек атамыздың үстінен «домалақ арыз» дөңгелетіпті. Сондағы уәжі: «Нүсіпбек туыстарын Қытайға көшіргелі жүр. Күндіз-түні ел аралайды. Жер шалады», – деген дәлелсіз қаңқу.

Қай заманда болмасын, жақсының артынан сөз еретіні рас. «Болат қайнауда, ер майданда шынығады» деген ділмар ой да бекер айтылмаса керек. Сонымен үшеудің дәлелсіз шешімі, «үштіктің» айғақсыз кесімімен жауапқа да тартылмастан үш жылға «за нарушение гос границы» деген айыппен Карлагқа айдалған Нүсекең сол бір қиын жылдардан да үлкен сабақ ала білген. Айдауға ауыр жазамен бармаған соң, ол жерде статьясына қарап, жеңілдік жасап арбакештің жұмысын тапсырыпты. Лагерь мен Қарағанды арасында арбамен, шанамен азық-түлік тасыған. Тағдыр тасы ауыр тартқан сайын ұлы жүрек иелері өмірге құштар болатыны рас. Біз сөз етіп отырған тұлға да айдаудағы ауыр кезеңде жүріп үлкен өмірден тәлімді, ұлы сабақ ала білген. Өзі де сол бір кезді еске алғанда: «Лагерь – менің университетім болды. Онда мен орысша тіл сындырып, кириллица жазуын танылым. Елмен қалай сөйлесуді, азаматтармен қалай тіл табысуды үйрендім», – деп тебірене термелеп отыратын.

Нар тұлғалы Нүсіпбек қария сол бір кезеңді былай деп толғанғаны бар. «Жазамды өтеп келгеннен кейін жұмыс бермейді. «Екі қолға бір күрек» демекші, құры жатуды жаным қаламайтын болған соң Живсырье деген мекемеге барып, заготовщик болып орналастым. Астымда велосипед. Көбіне ат арбаға тиеп тері, жүн жинаймын. Оны Нарынқолға апарып өткізем»...

Еңбек майданында шыныққан тұлға тағы бір тағдырдың ұлы сынағын бастан өткерді. Ол – зұлмат дүбірдің дабылы қағылып, Ұлы Отан соғысының әлемді қара бұлтымен қармауы еді. Міне, сол тұста Нүсекеңді сотталған деп армияға алмайды. 1942 жылы сотталғандары бар, туыстары Қытай асқан дегендері бар, жалпы саны 300-ге жуық адамды Қарағандыға қара жұмысқа (трудовая армияға) жібереді. Содан шахтер болып жер үңгіп, стахановец атанып, еңбек майданында тағы да шыныға түскен. 1944 жылдың қаңтар айында демалыс алып Сарыбастауға келген. Келген бетте А. Наурызбаев деген ұжымшардың сол кездегі басшысы Нүсекеңе: «Адам жоқ. Мен оқуға кетіп бара жатыр едім. Орнына істей тұрсаң» – деп қолқа салып, жатта жабысады. Олай болмайды, ертең мән-жайдың ақ-қарасын ажыратып, іздеп, «дизертир» деп соттайды деген Нүсекеңе, жүр-жүрлеп Алматыдағы обкомға апарып, броньмен қызметте қалдырады. Міне, содан бастап еңбек майталманы ел үшін, қоғам үшін бейнетшіл пейілін, адал терін сарп етеді. Аттай он жыл қой ферма бастығы болып істейді. Сол кездегі қиыншылықты, тірлік ауыртпалығын еске алғанда Нүсіпбек ата: «Өгізбен қойшыларды көшіреміз. Қой соңында жүргендердің көбі – әйел мен шал-кемпір. Қолмен қой қырқамыз. Адам тапшы болған соң, жұмыс оңай өнбейді», – деп сол жылдарды санаға салып, сабақ ретінде айтып отыратын.

1954 жылы сол кездегі ауданның бірінші хатшысы Рақымжан Мақашевпен бір кездесіп қалғанында Нүсіпбек әкеден «бастық болғың келмей ма?» деп сұраған екен. Сұрақтың мәнісін білмекке ұмтылса, алтыайлық курсқа жібермекші екен. Содан келісім беріп, курсты бітірген сол жылы-ақ еңбек майталманы Ленин атындағы ұжымшарға бастық болып тағайындалады.

Нүсіпбек Әшімбаев ұжымшар тізгінін алған уақыттан кейін шаруашылықтың табысы еселенеді. Жоғарыда атап өткеніміздей, миллионер ұжымшар үкіметтен бір тиын алмай бірқатар құрылыс жұмыстарын жүргізеді. Мектеп, Мәдениет үйі мен моншадан бөлек, төрт мың метр биіктікке теледидар мұнарасы салынып, ұжымшардағылар көкжәшіктің көзайымына айналады. Оған қоса, үш мың қой бордақылайтын комплекс, инкубатор станысы бой көтереді. Республиканың ғылыми институттарымен бірлесіп ұжымшар қойын асылдандырып, арқар-меринос тұқымы өсіріледі. Оның пайдасын бір ғана «Ленин» ұжымшары ғана емес, республиканың көптеген шаруашылығы көреді. Осынау ерен істердің нәтижесінде ұжымшар экономикасы көтеріліп, жұмысшылардың табысы артып, көптеген құрылыс тек шаруашылық есебінен салынады.

Осындай жағдай туғызған, жаңашылдық пен жаңқиярлық жігерді ұштастырып, еңбек көрігін қыздырған Нүсіпбек әкейдің ұжымшар тізгінін ұстаған отыз жылдағы жетістіктері толайым еді. Солардың қатарына мақтанышпен ауданның өзге шаруашылықтарынан көп жыл алда жүргенімізді атап өтуге негіз бар. Мәселен, өзге ұжымшарлардан бұрын ауылға ауызсу тартып, су қоймасын салып, онымен егінді алқапты суаруға мүмкіндік алдық. Оған қоса, ұзындығы 18 шақырым болатын Шақрамбал су каналы Тұздыкөл бөлімшесіндегі 1650 гектар жерді суғаруға мүмкіндік туғызды. Міне, осының өзі бір тұлғаның ғұмырында атқарған ғажайып істері десек, ең алдымен, оның нағыз нар тұлға екенін көзге елестетіп, «дала академигі» деген атаққа лайықтығын жете түсінеміз.

Оған қоса сол кезеңде малшылар тұратын үйлер стандартты үш бөлмелі болып еңсе көтерген. Бәріне электр жарығы тартылып, көптің қолы жетпейтін «Волга» автокөлігі (өзге көліктерді айтпағанда) ауыл еңбеккерінің он шақтысының астында жүрген. Оған қоса, тірлік тауқыметін тартып, келешектен күдер үзіп Қытай асқан қандастардың 2 миллиондайы елге оралғанда, Сарыбастау ауылына соның мыңға жуығы қоныс тепкен болатын. Міне, сол тұста ел десе ерен күшпен іс қылатын тұлға бәрін тез арада үймен қамтамасыз етуді өзекті мәселе етіп күн тәртібіне қояды. Ағаш тілу, құрылыс бригадаларын ұйымдастырып, бір жазда 300-ге жуық үй тұрғызған. Осындай көптеген кемел істің жүзеге асуына мұрындық болған Нүсіпбек ата елім деп келген қандастардың да алғысына ие болды.

Елге ел қосылды. Жұмыс күші арты. Бала саны көбейді. Міне, сол тұста тағы да Нүсекең парасаттылықпен шешім қабылдап, 7 жылдық мектепке бала саны симайтын болған соң алты айдың ішінде екі қабатты онжылдық мектеп тұрғызуға мұрындық болады. Осы орайда Нүсіпбек әкенің жиі айтып жүретін мына бір естелігіне зер салсақ: «Мектеп тамыз айында бітетін болды. Мен Алматыдағы атақты партизан, оқу министрі Шәріповқа бардым. Министрдің өзіне кіріп штат сұрадым. «Ақсақал, мұндай жұмысты бір жыл бұрын жоспарлаймыз. Ал сіз жоспарсыз мектеп тұрғызасыз және штат сұрайсыз», – деп қиқарлық танытты. Бірақ артынан солтүстік жақтағы бір мектеп бітпей қалуына байланысты сол жаққа белгіленген штатты бізге беруге тура келді» дейді дала академигі. Осының өзінен сонау қиян-қыстау заманда мектеп салып, оған ұстаз бекіттірген тұлғаның асқақ болмысын, ел үшін жаралған жан екенін түсінуге негіз бар.

Даланың түйір дәнінің түзде қалмай халық қамбасына құйылуын қадағалайтын еңбеккөр тұлға сол кездегі атқамінер азаматтардың қолдауымен жаладан арылды. Партияға өтті. Ерен еңбегі бағаланып, 1987 жылы Дінмұхамед Қонаевтың қолынан Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Абыз ақсақалға айналған шағында, нақтырақ айтсақ, 74 жасында зейнетке шықты. Кейіннен Алматыға қоныс аударып, облыс әкімдігінің қолдауымен 1988 жылы 3 бөлмелі пәтерге қол жеткізді.

Түз тіршілігінің көрігін қыздырып қана қоймай, отбасында асқар таудай әке, абыз ата атанған Нүсіпбек Әшімбаев ұрпағына тағылымы мол тәрбие бере білді. Өзімен бірге қызметте болған А. Асқаров, К. Аухадиев, Қ. Байжанов, З. Батталханов, С. Тәнекеев, Қ. Ұлтарақов, Ә. Алыбаев, У. Нұрғазиев, С. Серкебаев, А. Алпысбаев сияқты атпал азаматтармен бірге тонның ішкі бауындай араласып жүрді.

Текті тұлғаның тіршілігіндегі сөздің түбін тауып айтатын әзілдері де елдің жадында еңбегімен қатар аталып жүр. Бірде, райкомның бюросында бірінші хатшы Б. Оспанов: «Сіздер жұмысты партияның барлық талаптарына сай істемейсіздер! Үкімет сіздерді 10 жыл мектепте, 5 жыл институтта оқытты. Ал бұл қалай?» деп көпшілікке қарата ренішпен сауал тастапты. Сонда Нүсіпбек әкей: «Бұл сөзге мен де жатамын ба? Менің бар оқығаным молданың 4 жылдық, курстың 6 айлық оқуы ғана. Партияның бар тапсырмасын артығымен орындап жатырмыз. Мен Үкіметке түскен тегін кадрмын ғой» десе керек. Сонда әзіл болса да аталы сөзге тоқтаған бірінші хатшы тегін кадрға қаратып айтылмаған сөз екенін мойындап, көпшілікті риза етіпті. Міне, осындай көптеген тапқырлық, аталы сөз, астарлы әзіл айтып жүретін нар тұлға ел үшін бейнет қамытын мойнынан шешпей жүріп, егемен елдің еңсе тіктегенін көзімен көрді. Өзі басқарған өңірдің гүлдей жайнағанын аңдап, өзі қалаған тіршілік іргетасының берік болып, ел игілігіне жарағанына жүзі жылып, шүкіршілікпен ел ортасында қасқайып жүрді. 2010 жылы жүзге таяған шағында ел абыройын асқақтатқан абыз тұлға, аңыз адам бақиға бет түзеді. Жұрт үшін ұлы істер атқарған әкеміз Нүсіпбек Әшімбаевтың есімі Мәңгілік елмен бірге жасай беретіні де сөзсіз.

Сағатбек ОМАРОВ

◆ДҮНИЕ ДАБЫЛ



АДАМАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

Кейінгі бір-екі ғасырда адам баласы Жер шарын аялап, басқа жан иелерінің қалыпты тіршілік етуін қамтамасыз ету сынды жауапкершілігін ұмытып, табиғатты мейлінше бүлдіруге көшті. Осының салдарынан неше түрлі жойқын апаттар орын алып, тарих парақтарына қанмен жазылған қасіреттерді таңбалап кетті.

Қажет АНДАС

Былай қарағанда, адамзатқа ауыр қасірет әкелген апаттар өмірде болатын қалыпты құбылыс болып сезілуі мүмкін. Түптеп келгенде, соның бәріне адам баласы кінәлі. Өйткені, біз өзімізді табиғаттың қожасымыз деп шексіз сеніп кеттік. Өзіміздің шөп, ағаш, жәндік, жануар, су, топырақ сияқты Жер шарын мекен еткен түрлі жан иесінің біреуі ғана екенімізді ұмыттық. Оны қазақ «Шеткі үй көшсе ортаңғы үй шет болады» деген бір-ақ ауыз сөзбен тұжырымдаған. «Көкті жұлма, көктей орыласың» деген тежеммен санамызға шегелеген.

Осыдан бірнеше жүз мыңдаған, тіпті миллиондаған жылдардың алдында адамзат баласы тым әлсіз болды. Ол кезде ұлы табиғатқа алып динозаврлар мен айбатты тасбақалар, одан бертін келе сан түрлі жыртқыш аңдар қожалық етті. Қоршаған ортаға келтірген зияны көбейген тұста оларды табиғаттың өзі жер бетінен жойып жіберді. Кейін келе табиғатты қорғау міндеті адам баласының еншісіне тиді.

Адам баласы жетілген сана-сезімі, пайда мен зиянды, жақсы мен жаманды салмақтай білетін қасиеті арқылы айналасындағы жанды тірліктің бәрін бағындырды. Сан түрлі техника ойлап тауып, табиғатты өз ыңғайына бейімдеді. Жер бетінде өзіне тең келер күш қалмаған тұста байлық пен мансап үшін, мәртебе үшін бірімен-бірі қырқысатын жаман індетті санасына сіңіріп алды. Содан бастап Жер шарынан тыныштық кетті.

Ғалымдар адамзат өркениеті басталған 5 жарым мың жылдың ішінде жер бетінде 14 мың ірі соғыс болып, 4 миллиард адамның опат болғанын есептеп шығарды. Соңғы 3,5 мың жылдың 150 жылы ғана бейбіт өткен екен.

Адам баласының ындыны бұзылғаны соншалық, жиырмасыншы ғасырда екі бірдей дүние жүзілік соғысты бастан өткерді. Ұшақтар көкті тілгілеп, атом бомбалары, сынақтары жер танабын уытқа толтырды. Осы соғыстардың бәрінде бір жақ екінші жағын жеңу үшін сан түрлі жойқын құрал ойлап тапты. Түптеп келгенде азаптың бәрін Жер шары тартты, табиғат назаланды.

Физикада «Қысым артқан сайын кернеу күші де өседі» деген заңдылық бар. Бүлдіргісі бүлінген табиғат енді адам баласына өзінің ескертуін жасай бастады. Оның бірі зілзала, су тасқыны, сел мен цунами болса, енді бірі обыр шегіртке, оба кеселі, жер көшкіні ретінде көрініс тауып, тағы да басқа сипаттармен бейнеленді. Бірақ мұның өзін де біз табиғаттың бізге білдірген қарсылығы емес, әдеттегі құбылыс ретінде қабылдадық.

Біз асқазанымызға ас батпаса дәрі ішіп, оның қызметін реттеп аламыз. Әрине, біз оны дәрінің қуатынан көреміз. Негізінде дәрі тек аурудың салмағын уақытша бәсеңдететін қуатқа ие. Шын мәнінде асқазанның бұзылуын ағзамыздың ауруға қарсы элементтердің бір-біріне әсері арқылы реттейтінін ескермейміз. Бұл ақиқатты коронавирус Жер шарына таралғанда сезіндік. Демек, қанша ақылды болғанымызбен құдіретті табиғаттың алдында мыңдаған тіршілік иесінің бірі ғана екенімізді білетін кез келді.

Табиғаттың адамзатқа білдірген ескертпесі жайын сөз еткенде, арыдан тартып айтпай-ақ, тек XX ғасырда ғана жұмыр жер бетінде ірілі-ұсақты мыңға жуық апаттың тіркелгенін мысал етсек те жетер. Атап айтсақ, 1908 жылғы 29 желтоқсанда Мессина мен Реджо-ди-Калабрия қалаларында, 1920 жылы Қытайдың Ганьсу мен Шэнси аймақтарында, 1923 жылы Токио қаласында, 1950 жылы Моңғолияда, 1960 жылы Чилиде, 1976 жылы Гватемалада, дәл осы жылы Индонезияның Серирит қаласында, Түркияның Муардие шаһарында болған зілзаладан бірнеше мыңдаған адам қаза тауып, елді мекендер құлазып қалды.

2004 жылдың 26 желтоқсанында Индонезияның Суматра аралынан бастау алған зілзаланы теледидардан көріп, ақпараттан оқып, жағамызды ұстаған едік. Оның адамзат баласына әкелген қасіреті 1991 жылғы Бангладештегі тайфуннан да асып түсті. 1815 жылы Индонезиядағы Тамбора жанартауының, 1883 жылы Кракатау жанартауының атылуы да жаға ұстатар жағдайларға жеткізді.

Мұндай апат бізді де айналып өткен жоқ. Алматы қаласында 1911 жылы болған 9-10 баллдық жер сілкінісі Алатау баурайын қирандыға айналдырды. 1963 жылы Іле Алатауындағы Есік көлінде болған тасқын әлі күнге есімізден кеткен жоқ. Екінші дүниежүзілік соғыста атом бомбасының қолданылуы, Чернобыль АЭС-сында болған техногендік апат, Арал теңізінің тартылып қалуы да табиғаттың өзіне жасалынған қиянатқа жасалынған ескертпесі еді. Оны да қаперімізге алған жоқпыз. Ғарыш зымырандары апаттарының да берісі қазақ жеріне, арысы ұлы табиғатқа зор зиян келтіргені белгілі.

Ғалымдардың пайымынша, 2050 жылға қарай Қытай, Үндістан, Бангладеш, Тайланд, Вьетнам, Индонезия, Жапония, Филиппин елдерінің 300 миллионнан астам адам тұратын жері су астында қалуы мүмкін. Мұздықтардың еруі қазіргідей қарқынмен жүретін болса, 2075 жылы теңіз деңгейі 2 метрге көтерілуі мүмкін. Климаттың өзгеруі және экологияның бұзылуы салдарынан мұздықтардың еруі осылай жалғаса беретін болса, 1000 жылдан кейін жер бетін толықтай су басуы да ғажап емес. Қазақ оны «Ескермеген жау жаман» деп түйіндеген. Біз осы ескертулерді дұрыс қабылдап, дер кезінде қорытынды жасауымыз керек еді. Керісінше, табиғатқа қиянатымызды бұрынғыдан да өршіте түстік. Нәтижесі қалай болды?

Бүгінде байлығы сарқылған кен орындарының орнын сумен толтыру әдетке айналды. Былғанған сол су жерасты суына қосылып жатыр. Оны тұтынған тіршілік бұзылмайды деу де қиын.

Мүмкін, қазіргі адамзаттың ғылым мен техника саласында жеткен жетістігі кемел, соған арқасында қандай да бір апаттың алдын алып, тіршілігін қамтамасыз ете алады деп ойлайтын шығарсыз. Онда қателесесіз. Бір ғана мысал – осы төрт айдың ішінде бүкіл адамзатты әбігерге салған коронавируспен күрес барысы біздің табиғаттың алдында тым әлсіз екенімізді мойындатты. Осылайша табиғаттың тылсым күші өзін қорғайды деп сенген адам баласының ашкөз пиғылына анық қарсылығын көрсетті. Бұл жағдай жеке бастың байлығы үшін өзара қырқысып келген адамзат баласының алдына табиғатты қорғау үшін үлкен күрестің басталғанынан дерек береді. Бұл күрес дәл біз өмір сүрген ғасырға тура келіп отыр. Басқа сөзбен айтқанда біздің табиғатқа жасаған бірнеше мыңжылдық қиянатымызға жауап беретін мезгіл жетті.

Коронавирустың әлемге таралуының себебін сан-сақа жүгіртіп жүргендер көп. Оның бәрі адам баласының қауіп-қатердің түпкілікті себебін түсінбеуінің, қанына сіңген атаққұмарлық пен баянсыз байлыққа деген ашкөздігінің кесірі. Адамның ең асыл парызы – табиғатты қорғау екенін ескермей жүргеніміз өкінішті.

Су тасқыны неге жиі болады? Өйткені, біз аталарымыз айтып кеткен ақиқатты – «судың өз арнасынан ауып ақпайтынын» ескермедік. Соның салдарынан «суға кетіп, тал қармап» қалдық. Қисапсыз жарылыстардың кесірінен зілзала, цунами орын алды, тауды бұзып, ағаш-орманды қисапсыз бүлдіргеннен жер көшті, аспан әлемін тіліп ұшқан ұшақтар мен зымырандардың кесірінен ауа ағысы бұзылды. Ұшқан құс, жүгірген аң, жыбырлаған жәндіктерді жойып жібергеннен неше түрлі індет таралды. Қырып-жоятын радиоактивті, биологиялық қарулардың, орынсыз ыс-түтектің, уақытылы залалсыздандырылмаған қатты қалдықтардың кесірінен табиғатта жоқ микробтар ауаға таралды. Айта берсең, кете береді. Ақыр аяғында бүгінгідей ауыр халге дұшар болдық.

Жалпы, табиғат өзін-өзі реттеп отыратын үлкен күшке ие. Биыл Африканың бірнеше мемлекеті шегіртке апатынан ауыр зардап шекті. Шегіртке апаты бұрынғы жылдары да болған. Биыл олардың саны төрт жүз миллионнан асып, әкелген шығыны бұрынғы жылдардан бірнеше есе көп болды. Оның алдағы уақыттағы салдарының қалай боларын болжау қиын.

Бала күнімізде шегіртке айналамызда өріп жүретін. Бірақ апат тудырмайтын. Себебі, ол кезде табиғатта шегірткенің уытын қайтаратын өсімдіктер болатын. Қазір ол өсімдікті дәрі-дәрмек жасау үшін жұлып бітірдік. Ал адамдардың ақылпарасатымен шегіртке қарсы жасалынған дәрі-дәрмектің қуаты табиғи өсімдіктің қуатына жетпегендіктен оны жоюға дәрменсіз болып отыр.

Ғалымдардың айтуынша, коронавирус індеті жарғанаттан таралған екен. Бұл шындық. Алайда, менің замандастарым мен аға буын жарғанатпен бірге өстік. Жарықта қараңғы жерлерге жасырынып, кешкі қараңғылық үйірілгенде айналамыздан суылдап ұшып өтіп жарғанаттар әлі күнге көз алдымызда. Олардың бұл вирусты сол кезде таратуға да мүмкіндігі өте мол еді. Қазір өзіміз өскен ауылдан жарғанат түгілі оның елесін де көре алмайсың. Ертеңгі күні мұндай жойқын вирустар басқа да құстар мен жәндіктерден, өсімдіктерден таралмайды деуге бола ма?..

Әрине, коронавирустың емі табылады. Десе де табиғатқа жасалған қиянат осылайша жалғаса беретін болса, одан жүз, мың, миллион есе қуатты вирустар Жер шарының басқа бір жерінен бұрқ ете қалуы әбден мүмкін. Мүмкін емес, ақиқат. Сол үшін адам баласы табиғатты тынықтыруы керек. Жер бетінен жойылып бара жатқан өсімдіктерді қайта өсіріп, бір-бірімен байлық үшін бақталаспай баянды өмір сүру үшін Жер шарын қорғаудың түрлі жолдарын қарастырғаны жөн.

Табиғатқа құрмет біздің қанымызда бар. Көкті жұлмау, жас шыбықты кеспеу, суды лайламау, қоршаған ортаны қорғау бала күнімізден санамызға сіңген ұғымымыз. Қысқасы, дүниеге келген күннен бастап ұғымырымыз таусылғанша барлық өміріміз табиғатпен біте қайнасып жатады. Бірақ кейінгі кездегі жаһандану дерті көптеген салт-сана, әдет-ғұрыптарымыздан айырылуға мәжбүр етті. Мәселен, қазіргі көп келіндер нәрестені қырқына шығарғанда суға салатын қойдың қырық құмалағынан жиіркенеді.

Ғалымдардың дәлелдеуінше, сәбиге қырық күн толғанда оның терісі сыртқа әлемнің тітіркендіруін қабылдай бастайды. Қырық қойдың құмалағында микробқа қарсы қырық түрлі элемент болады дейді білетіндер. Суға салатын күміс теңге, сөлкебай, тағы да басқа күмістелген заттар уытты жоятын қасиетке ие.

Апаларымыз алаботадан сабын жасайтын. Алабота ең уытты шөп. Оның денеге жұққан зиянды микроботарды өлтіретін қасиетін аталарымыз сонау ертеде сезінген.

Мұндай мысалдар өте көп. Демек, біз ата-бабаларымыздың табиғатты қорғау, оны аялау дағдыларын күнделікті тұрмысымызға қайта сіңіруіміз керек. Сонда ғана табиғатпен жарасымдылықта ұзақ өмір кешетін боламыз.

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

◆ БАЛА — БОЛАШАҒЫМЫЗ



ОНЛАЙН ЛАГЕРЬ

Жазғы демалысты әр балғын қызықты әрі көңілді өткізуді қалайды. Тауға шығып, өзенге шомылып, достарымен әртүрлі танымдық жорықтарға, саяхаттарға барғысы келетіні анық.

Жазғы демалыс кезеңін тілдік мектептерге барып, хореографиямен, вокалмен, суретпен айналысып та тиімді өткізуге болады. Алайда биылғы жаз маусымы оқушылар демалатын орындардың көбісі елімізде орын алған эпидемиологиялық жағдайға орай есіктерін айқара ашпады.

Осы уақытта бала үш ай бойы теледидар мен компьютердің алдына жіпсіз байланып отырмауы үшін Талдықорған қаласының Оқушылар сарайы жазғы онлайн-лагерь жұмысын ұйымдастырды. Осы орайда алты топ құрылып, әр топта 5-10 баладан қатысуда. Кіші топ бойынша бастауыш сынып оқушылары күніне екі сағаттан он күн онлайн режимінде демалды. Бірінші маусым 1-14 маусым аралығында өтіп, қамту көрсеткіші 40-50 баланы құрады.

Жазғы онлайн-лагердің бірінші маусымының кешенді бағдарламасы екі бағыттан тұрды. Ол – ойын-сауық, тәрбиелік және танымдық бағыттар. Онда "Қазақстан – менің Отаным" және "Саяхат уақыты" тақырыптары қамтылды. Сонымен қатар онлайн-лагерь бағдарламасында спорттық ойындар, түрлі байқаулар (сурет, қолөнер, вокал, хореография және басқа) қарастырылды.

Оқушылар сарайында жазғы демалыс сабақтары да онлайн режимінде өтуде. Белгілі бір уақытта педагогтар мен оқушылар компьютер немесе смартфон көмегімен байланысады. Бұл орайда онлайн-үйірмелер – домбыра, хореография, бейнелеу өнері, қолөнер, туризм, шахмат және тілдік мектептердің жұмыстары тоқтатылмай, жүргізілуде.

Жазғы онлайн-лагерьде өткізілген күндер балалардың есінде ұзақ сақталады және ұмытылмас әсерлерге, пайдалы істерге және жағымды естеліктерге толы болады деп сенеміз.

Алмагүл АРАПОВА,
Оқушылар сарайы директорының оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары
Талдықорған қаласы

◆ КОНФЕРЕНЦИЯ

Ішкі туризм өркендейді

Облыстық туризм басқармасының ұйымдастыруымен Алакөл бойындағы жазғы шомылу маусымы және оның алдағы жұмыс жоспарларын реттеп, туристердің алаңсыз демалуы үшін сақтық шараларын күшейтуді мақсат еткен онлайн конференция өтті. Шараны облыстық туризм басқармасының басшысы Жанар Алшымбаева жүргізіп отырды. Шара аясында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, аймағымызда жұмыс істейтін туристік фирмалардың, Алакөл ауданы әкімдігінің өкілдері қатысып, өз ойымен бөлісті.

Қажет АНДАС

Өткен жылы аймағымыздың туризм саласы үлкен жетістіктерге жетті. Еліміздің көрікті жерлеріне демалып қайтқан шетелдік туристердің қызығушылығы да жоғары болды. Оның үстіне, ішкі туризмнің дамуына да үлкен серпін әкелді. Әсіресе, Алакөлге келген демалушылардың саны рекордттық деңгейге жетті.

Биыл да бұл көрсеткіш өсе түседі деп күтілген еді. Десе де, әлемдік індеттің салдарынан елдегі төтенше жағдайдың орын алуы, өңірде карантиндік режимнің орнауы біраз жоспарға кедергі келтіргені белгілі. Бірақ бұл жағдай Алакөлге келетіндердің санын азайта қоймасы анық. Өйткені, Алакөлдің туристік әлеуетін көтеру үшін мемлекет тарапынан, облыстық әкімдік тарапынан көп қолдау көрсетілуде.

– Бәріңізге белгілі, Алакөл көлінің жағалауы республикалық деңгейдегі 10 басым нысан тізіміне енгізілген. Алакөл курорттық аймағын дамыту үшін маусымдық рейстерді ұйымдастыру, инфрақұрылымды дамыту бойынша бірқатар шара, жоспарлар атқарылуда. Өткен жылдың қорытындысы бойынша, келушілер саны мен көрсетілген қызмет көлемі жағынан жақсы нәтижелерге жетті. Биыл да жақсы көрсеткіштерге жетеміз деген сенім бар. Өйткені, әр дағдарыс қиындық тудырғанымен, мүмкіндік те береді. Биылғы мүмкіндік ішкі туризмнің дамуына ықпал етіп отыр, – деді ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитетінің төрағасы Дастан Рысбеков.

Әрине, бүгінгі күндегі жағдай бойынша Алакөл бойына орналасқан туристік нысандардың санитарлық жағдайы қатаң бақыланып, ретке келтіру басты назарда болуы керек. Ол үшін облыстағы туризм саласында жұмыс істейтін мемлекеттік немесе жеке меншік мекемелердің жұмысын ширатқан жөн. Осы тұрғыда көп салмақтың облыстық туризм басқармасы мен Алакөл ауданы әкімдігіне түсетіндігі белгілі.

– Жазғы шомылу маусымының ашылуына байланысты бүгінде Алакөл жағалауындағы дайындық жұмыстары басталып кетті. Туристерді қабылдау бойынша шаралар қабылданды. Бұл ретте 62 туристік фермадан өтініш түсіп, арнайы құрылған комиссияның шешімі бойынша оның 35-іне жұмыс бастауға рұқсат берілді. Сонымен қатар, Алакөл көл жағалауы тазалық серіктестігі ашылып, көл жағалауына қоқыс жинайтын 15 техника тартылып, 145 дана қоқыс жинайтын жәшік орналастырылды. Демалушылардың қауіпсіздігі үшін 20 миллион теңге қаржы бөлініп, көл жағалауына қоршаулар орнатылды. Кәріз жүйесін реттеу бойынша үш құрылыс фирмасы жоспар бойынша жұмысқа кірісті. Ұшақ мәселесі толығымен шешіліп, Үшарал-Достық бағытындағы 30 шақырым жол ел игіліне берілді, – деді Алакөл ауданы әкімінің орынбасары Алмас Аханов.

Жыл басындағы жоспар бойынша Алакөл көліне жазғы шомылу маусымында 1 миллион 700 мыңға жуық адам келіп, 8 миллиард теңгеден астам қызмет көрсетіледі деп жоспарланған.

Індетке байланысты бұл көрсеткіш орындалмай қалуы мүмкін деген де қауіп бар. Десе де, конференция барысында сөз алған облыс әкімінің орынбасары Серік Тұрдалиев және басқа да мекеме басшылары, туристік фирмалар, кәсіпкерлер жағдай қалыпты болса, ойға алған мақсатқа жетуге мүмкіндік мол екенін жеткізді.

◆ БІЛІМ

«Болашақта кім боламын, қайда оқуға түсемін, қандай мамандық таңдаймын» деген сұрақ әрбір мектеп бітіруші түлек пен ата-аналардың көкейінде жүрген сауал екені анық. Заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезовтің тілімен айтар болсақ, «Халықпен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білім». Демек, Тәуелсіз Қазақстанымыздың өзге елмен терезесін тең, болашағын жарқын ететін де сол – жас ұрпақ. Сондықтан болар, білімі мен біліктілігін ұштастыра білетін маман даярлау мәселесінде еліміздегі жоғары білім беретін оқу орындарының маңызы зор. Сондай киелі білім шаңырағының бірі, өзім мақтан ететін І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті.

БІРЕГЕЙ ОҚУ ОРНЫ

Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасының меңгерушісі Г. Байтаева ханымның басшылығымен кафедрада білім беру қызметінде жоғары кәсіби деңгейімен ерекшеленетін ПОҚ білікті құрамы жүзеге асырады. Кафедраның алға қойған басты міндеті – жоғары маманданған, мемлекеттік және жергілікті басқару, менеджмент пен маркетинг саласында нәтижелі қызмет атқара алатын білікті менеджерлерді даярлау. Атап айтар болсақ, мұндағы жастар бакалавриат бойынша мемлекеттік және жергілікті басқару, менеджмент, ақпараттық ресурстарды басқару мамандығы бойынша білім алса, магистратура бойынша менеджмент, мемлекеттік және жергілікті басқару, іскерлік әкімшілік, мамандығы бойынша ары қарайғы оқуын жалғастыра алады.

Бакалаврларды даярлаудағы мақсат – жалпы мемлекеттік және жергілікті басқару саласындағы әкімшілік реформаларға сындық сараптама жүргізе алатын, әлеуметтік-экономикалық үдерістерді мемлекеттік және жергілікті бақылаудың ғылыми-әдістемелік негіздерін меңгерген, жаңа қалыптағы басқарушы мамандарды қалыптастыру.

Менеджмент мамандығы бойынша бакалаврларды оқытудағы мақсат – еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, өндірісті іс жүзінде басқара алатын, өндірістік жүйені бағалай білетін, кадрлық саясатты жүргізіп, нарықтық ортаның өзгерістеріне сәйкес басқарушылық шешімдерді қабылдай алатын, сұранысқа ие мамандарды дайындау.

Ақпараттық ресурстарды басқару білім беру бағдарламасының мақсаты – экономика және ақпараттық ресурстарды, сондай-ақ, ақпараттық жүйелер мен технологиялар құралдарын әзірлеу және іске асыру саласында жоғары білім мен кәсіби құзыреттілікті меңгерген білікті маманды сапалы даярлау.

Кәсіби тәжірибені өткізу үшін мемлекеттік басқару органдары – аудандық, қалалық, облыстық әкімшілік, өндіріс пен сауда нарығындағы көпсалалы және мамандандырылған кәсіпорындармен қатар қаржы секторындағы ұйымдар (банк, сақтандыру мекемелері) таңдалады. Ол ұйымдармен тәжірибеден өтудің күнтізбелік кестесі мен бағдарламалары талқыланады. Тәжірибе базасына мемлекеттік мекемелермен қатар, «Arena S», «Казпочта», «Талг-Строй», «Темірбетон», «Кайнар-АКБ» сияқты жеке компаниялар да кіреді.

Заман ағымы қажет еткен талай мамандық иелерін дайындап, ұясынан ұшырған бұл орда биылғы мектеп бітіруші түлектерді де қабылдауға дайын.

Д. БАБАШ,
І. Жансүгіров атындағы ЖМУ мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасының аға оқытушысы

МФО «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» ЖШС

ШАҒЫН НЕСИЕ

✓ зейнеткерлер мен (78 жасқа дейін) жұмыс істейтіндерге
✓ 1 000 000 теңгеге дейін
✓ кепілдіксіз
✓ алты жылға дейін
✓ өте тез!
✓ жоғары несиелік ауыртпалығы және нашар несиелік тарихы бар қарыз алушыларға!

ҚР Ұлттық Банкінің Қарағанды филиалы 2017 жылғы 26 қазан № KZ01VGY00000355 хабарламасы

ЭВЕРЕСТ Финанс

Талдықорған қ., тел. 8-708-363-5929
Алматы қ., тел. 8-708-925-7267

Назар аударыңыз!
ТӨМЕН % СТАВКАЛАР
ҚАРЫЗ 1 000 000 ТГ ДЕЙІН

Талдықорған қ-сы, Н. Назарбаев даңғылы, 44 (Тәуелсіздік көшесі), 8-офис, "Отау" БО, "ГУМ" СҮ-ге қарама-қарсы.
Тел. 8-708-363-59-29, Алматы қ-сы, тел. 8-708-925-72-67.

Құттықтаймыз!



Ақсу ауданы І. Жансүгіров кентінің тұрғыны, мейірім шуағы мол, пейілі кең жездеміз **Бүркітқали ЖҰМАҒАЛИЕВТІ** 70 деген қасиетті жасқа толуымен құттықтаймыз!

Күмісбаладай әпкемізбен бақытты ғұмыр кешіп, балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызығын тең көріңіздер. Шын көңілімізбен зор денсаулық, қажымас қайрат, баянды бақыт тілейміз.

Құтты болсын 70 деген жасыңыз,
Сексеннің де сеңгірінен асыңыз.
Қуат алып, денсаулықтың нәрінен,
Жүзіп өтіп алға аяқ басыңыз!

Балалардың арасында жүріңіз,
Шаттық нұрдан арылмасын жүзіңіз.
Тілек еттік шын жүректен бәріміз,
Мықты болып ұзақ өмір сүріңіз.

Бір арманды ортақ алып тізгінге,
Махаббаттың айдынында жүз күнде.
Кемесіне мінгеннен соң жетпістің,
Саяхатын жасаңызшы жүздің де.

ІЗГІ НИЕТПЕН: Әмірхан-Гүлбаршын және балалары.



Кеген ауданына қарасты Жалаңаш ауылының тұрғыны, бір шаңырақтың отағасы, асыл жар, қымбатты әке, жан бауыр, еліне елеулі азамат **ТҰРЛЫҚОЖАЕВ Мейірбек Жүнісжанұлы** маусымның 20-жұлдызында биік белес, асқар таудай 60 жасқа толды. Осынау елеулі қуанышымен шын жүрегімізбен қуана құттықтаймыз!

Майдангердің ұлы. Тауларындай тұлғалы, үлкенге ізетті, кішіге қамқор, кісілік, кішілік, адамгершілігі мол, парасатты азамат. Туған жерінде, аудан орталығында түрлі жауапты қызметтер атқарған. 2000 жылдан кәсіпкерлікпен айналысып келеді. Арнайы білімі бар өңірге танымал кәсіпкер. Ел сенімін арқалап ұзақ жылдар аудандық мәслихаттың депутаты болып жемісті еңбек етті. Отбасының берекесі Гүлсімдей жары екеуі Әсет, Абзалдай ұлдарын, Асылдай қыздарын өсіріп, қанаттандырды. Немере сүйіп отырған бақытты жайлары бар. Жүрген жеріне сүйкімді, өскен ортасына сыйлы, халқына қадірлі Мейірбектің көрер қызығы, татар дәмі, шуақты өмірі алда.

Ұзақ болсын мағыналы ғұмырың,
Биік болсын өмірдегі тұғырың.
Тең қартайып Гүлсімдейін жарыңмен,
Көріңіздер ұрпақтың бар қызығын!
Жырымызды ұсынамыз шашу ғып,
Алдыңдағы өмір жарқын, асу нық.
Көп болсыншы 60 жастың берері,
Біз тілейміз шат ғұмырды ғасырлық!

ІЗГІ ТІЛЕК, ҮЛКЕН ҚҰРМЕТПЕН: жездесі – **Азамат,** әпкесі – **Гүлнар,** күйеубаласы – **Бекет,** қарындасы – **Бейбіткүл.**

Қарасай ауданының орталығы Қаскелең қаласында тұратын сүйікті немереміз **АЗАМАТ Жәнібек Біржанұлын** маусым айының 29 жұлдызында 5 жасқа толатын қуанышымен құттықтаймыз! Сүндет жасына толып отырған жарық күніміздің өмірі ұзақ, көңілі шат, қуанышы көп болсын. Тәуелсіз Отанымыздың тірегі болар үлкен азамат болып ержетсін. Бір отбасының ғана емес, елі-жерінің елеулі азаматы болсын. Кішкентай күніміз аман-есен ержетіп, жақсы оқып, қалаған мамандығына ие болып, ата-анасының үмітін ақтап, ат жалын тартып мінер азамат болып бар жақсылыққа кенелсін!



Аллам өзің қолдағын,
Ашық етіп жолдарын.
Сүндет деген 5 жасың,
Үлкен жігіт болғаның.
Жігіт болдың сен енді,
Өмір бағын көр енді.
Отаныңа, еліңе,
Адам болғын, елеулі!

ІГІ ТІЛЕКПЕН: атасы – **Азамат,** апасы – **Гүлнар,** нағашы апасы – **Бисара,** әпкелері – **Әсем, Маржан, Анель, Айдана, Әдемі,** қарындасы – **Айбике.**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Әміре ӘРІП

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 747 706 13 73, 8 707 846 56 81.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 279-13-86, 8 747 688 17 41.

Меншікті тілшілер: Алакөл — 8-777-388-57-77, Панфилов — 9-12-27,Іле және Қапшағай қаласы — 8-777-016-44-11. Жамбыл — 8-701-254-97-55. Талғар — 8-701-400-28-49. Қарасай — 8-701-347-60-32. Еңбекшіқазақ — 8-701-212-00-96, Райымбек, Кеген және Ұйғыр аудандары — 8-775-323-08-50

Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Мәди АЛЖАНБАЙ, Алма ЕСЕНБАЕВА.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет аптасына үш рет – сейсенбі,бейсенбі,сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Эл. мекенжайымыз: www.7-su.kz
Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru


БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 642
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 35 729, оның ішінде «Жетісу» газетінің осы шығарылымының таралымы — 22 703.
Индексі – 65469.

◆ ДИДАР



Әдебиетке әр қаламгер өзінше келеді. Ал әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Жетісу деп аталатын жерұйық мекеннің бір пұшпағы — қасиетті Қарадаланың тумасы Құныпия Алпысбаев әдебиетке ән арқылы келген азамат.

Ән мен әдебиет

1969 жылдың шілдесі еді. Сол жылғы шілденің ыстығы әлі есте. Әлде ол мектепті жаңа бітіріп, арман жетегінде туған жерден ұзап бара жатқан шәкірт жанының қуаныш пен күдік араласқан көңілінің қызуы ма екен? Батыстан Шығысқа, Шығыстан Батысқа тартқан ұланғайыр жолдың бойындағы тынымсыз қозғалыс – өмір ағысы мені де албырт арманмен тербетіп, Батыстан Шығысқа алып келе жатты. Сонау қиырдан, сол кездегі Гурьев атты өңірдің Аққиізтоғай деген шалғайдағы ауылынан он бала – сыныптастар Алматыға жол тартып келеміз. Тақылдаған тақтай төсекте, жиі тоқтап, шабан жүретін жолаушылар пойызының ішінде алты күн түнеп, әреңдегенде Алатаудың қарлы шыңына көз қададық. Басқаларды білмеймін, бейтаныс жол, беймәлім қалада кімдермен кездесеміз, қайда түсеміз, қайда барамыз деген сансыз сұрақ жанымды жегіндей жеп, ой үстінде жаттым. Алаң көңіл, абитуриент деген атауға әлі үйренбеген біздерді Алматы жаңбырлатып қарсы алды. Сол түні Алматының тау жағындағы жаңа шағынауданның шетінде, аядай гүлзардың орындықтарында жаурап, жақаурап түнеп шықтық. ҚазГУ-дың филология факультетіне құжат тапсырдым.

«Алаң да алаң, алаң жұрт» деп бабаларымыз жырлағандай, алаң көңілмен емтиханға кірістік. Сәті түсіп, сүрінбей келе жаттым. Сол күндерде қалың талапкердің арасынан бізден сәл ересектеу, сәл шаруагерлеу көрінетін, шашын артқа қайырып, күреңқызыл портфель ұстаған, абыржыңқы жүрісі ғана абитуриенттік мінезге келетін, балаң көңілмен қарағанда ҚазГУ-дың жас оқытушысы секілді көрінетін бір жігітті көріп қалып жүрдім. Ол кезде мұндай әдемі, абыройлы портфельді профессорлар ғана ұстайтын. Оны көбіміз жас оқытушы деп қабылдаппыз.

Емтихандардың бәрінен, конкурстың кәрінен өтіп, ректордың бұйрығы оқылған кең аудиторияға бой үйретіп, жанжағыма қарасам, күреңқызыл портфель де орта тұстағы партаның үстінде жатыр екен. Оқытушы дегенім өзіміз секілді албырт абитуриент болып шықты. Көп ұзамай Талдықорғанның Қытай жақ шетіндегі, шегара бойындағы Дұңғана деген жерге жүгері жинауға келіп түстік. Неге екенін қайдам, бұл жолы күреңқызыл портфельдің иесін көре алмадым. Жолдағы асулардан асып келе жатқанда да, жол бойы аяқ суытқанда да көзіме түсе қоймады. Кім болды екен деп ойлап қойғаным бар.

Жүгерінің осынша ормандай болып өсетінін білмеуші едім, оның ішінде алғашқы күні адасып, шеп бойлап шығанға кеткен біздерді шегарашылар ұстап алып, тінте терген, жол білетін комсоргымыз Анарбай Бұлдыбаевтың арқасында жатақты зорға тапқанбыз. Егін даласынан күн бата көңілдене ән салып, Ақтауды айырып, Қаратауды қайырып келгендей болып ораламыз. Жүгері тиеген жүк машинасының үстінде торғайдың балапанындай шүпірлеп жатып, сол кезде енді жұртшылыққа кең жайыла бастаған «Алтыным» деген әнді айтамыз. Машинадан түскенде қарнымыздың ашқанын біліп, Бақыт Назыкеқызы курстамыз дайындап қойған кешкі асқа жиналып, қаз-қатар отыра қалып, әзіл-қалжыңды қоздата отырып тамаққа бас қоямыз. Шамасы, екі-үш күннен кейін болса керек, кешке келсек, ымыртағы оттың жарығында жүзі жалқындана көрініп, бір жігіт домбырамен сызылтып ән салып отыр. Тыңдай қалдық. «Біздің ауыл Кетпеннің етегінде, ерте тұрсам ауылыма жетемін бе?» деп өзеурете келіп, қайырмасында «Сарыбидай, сағындым қалқам, дауысыңды-ай» деп үзілдіреді. Бұрын естілмеген ән. Сарыбидай деген қыздың аты болды-ау шамасы деп ойлап қоямын. Ерке қызға еркелете қойылған есім болар. Өйткені, «Қыз емес, қыздың аты қызыл бидай» деген де ән бар. «Ақбидай» деген ән және бар. Жас жүрекке жақсы ән балқып кіргендей болды. Халқымыз қалқаның атын әнге қосқанда талай тамаша есімдерді тапқан ғой, ал бидайға қатысты аттардың бәрі үлбіреген сағыныш, үлпілмәлік үмітке келіп тірелгенде, тыңдаушының да жүрегіне ұя салып, таңдайына тати кетеді. Сондай ән енді мына жерде шырқалып жатыр. Ымыртты жамылып, ынтыға жеттік.

Жинала қалдық. Тани кеттім, баяғы күреңқызыл портфельдің иесі. Сұрай келсек есімі Құныпия, фамилиясы Алпысбаев екен. Бірге оқитын болыппыз. Ол бұл жерде шаруашылық жұмыстармен айналысатын болды. Қыздарға көмектесіп, су әкеліп, отын жарып, қолы босағанда домбырасының құлақ күйін келтіріп, күнде кеште студенттік думанды ортаға шығып, көпшілікті әнге бөктіреді. Бізбен бірге осында келген талантты қаламгер, журналистер Тұрсын Жұртбай, Несіпбек Айтовтар да етене араласып, етек-жеңіміз қосылып кетті. Осы алғашқы таныстық елу жылға созылды. Алла нәсіп етсе әрі қарай да созыла берсе дейміз. Жақында елу жылдан соң бас қосып, Алматыны әнге бөлеген қызықты сәтті қайыра бастан кештік. Құныпияны қолқалап, сәл сырқаттанып жүргеніне қарамастан «Сарыбидайды» салдырдық. Сағынып қалыппыз. Сағынышты әнді қосыла шырқап, шуақтанып қалдық. Осынау нәзік иірімді әннің авторы әнші-композитор, Құныпияның туыстас атасы Сәдіқожа Мошанұлы екенін де кейін біліп, талайлы тағдырымен таныс болдық.

Сонымен, жүгері алқабы әнге бөгіп, күйге кенеліп қалды. Ертеңгі кеште «Молдабай» деген ән кетті. Бұл ән маған бала күнімнен таныс еді, әкем де айтатын. Батыста дауысы шығанға кететін, әншіліктен алдына адам шыға қоймаған Молдабай деген әнші Орынбор өңірінде, Ойылдың Көкжар жәрмеңкесінде аттас әнді шырқап, халықты тік тұрғызып, талантына бас идірген екен. Кешегі арсыз ашаршылықта, жарықтық аштан өліпті, сүйегі қазір Ақтөбе облысының Мәртөк деген жерінде жатқан көрінеді дейді. Орынбор көзден бұлбұл ұшты, әйтеуір, Еділдің бойын тербеген ерекше ән аман қалды. Мұндай әнді бүгінге жеткізген осындай азаматтар ғой. «Молдабай» мені бірден Құныпияға жақындата түсті. Осы екі әнді бас қосқан жерде, бірге оқыған достар кездескенде Құныпия айтпай кеткен емес. Осылайша халық әндері, халық композиторларының сыршыл шығармалары студент Құныпия Алпысбаевты әдебиеттанудың ғылыми орбитасына алып келе жатты.

Әдебиеттің материалы – сөз өнері. Сөз өнерінің ғылыми майданы – әдебиеттің үш тегінің көркемдік-идеялық деңгейіне баға беру. «Өлеңге әркімнің де бар таласы» деп абыз ақын жазғандай, әдебиетке де қазақ баласының таласы бар. Бірақ олардың да таңдамалысы, танымдысы, әдеби жүгінің қарымдысы және бар. 1974 жылы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетін бітіріп, арман жолында жан-жаққа тарап кеткенде соңғы кештегі қоштасу дастарқанында «Сарыбидай» әнін тағы бір шырқаған, қоңыр домбырасын құшақтап, көзінен жасы моншақтап, ресторанның алдында жалғыз қалған Құныпия дос ол кезде әдебиеттің ғылыми ортасына дендеп кететінін өзі де білмеген де болар. Оқыған адамға дауа бар ма, жылап тұрып, «жұртта қалған күшіктей жалғыз қалдым» деп Абай атасының белгілі шумағын өз ыңғайына қарай айтқанын біздер елу жылдан соң күліп еске алдық. Өткеніңмен күліп қоштасасың деген осы екен. Құқаң оқу бітіргесін өзіне білім берген университетінде қызметке қалды, осындағы кәсіподақ комитетінің белсендісі болып алғашқы еңбек жолын бастады. Бірте-бірте төселіп, ғылымға қарай өкше көтерді. Туған елдің ғажайып әндері жас ғалымның рухани деңгейін көтеріп, көпке танытып, көркем әдебиеттің жолына салды. Кешегі нәубет жылдарда кеңестік зұлматтан бас сауғалап, тау асып, арманда қалған алыс жерге қоныс аударған Құныпияның ата-анасы 1956 жылғы жылымық кезінде атақұлдікке ат байлап, ошағын тұтатты. Жеті жасқа келіп, білімнің ауылына аңсары ауған Құқаң туған елінің тұңғышындай болып мектепке барды. Ұлтымыздың талай зиялы да зерделі, талантты түлектерін ұшырған Алматыдағы атақты №12 мектепті бітірген Құныпиямен біздің жолымыз 1969 жылы осылай тоғысқан болатын. Дұңғана даласындағы думанды күндерде ол бізге Жетісу ән мектебінің туындыларын жеткізіп, халық әндерінің қасиетін танытты. Соның ішінде өзінің өскен жері Кетпеннің аты аталатын Сарыбидай әні оның ән өнеріндегі паспортындай болып, көңіл парағында мәрленді. «Сарыбидайды» салған жылдар ұзап кетсе де, бұл ән балаң шақтың балғын дәуренді болып, жанымызды әлі жылытып келеді...

Ауылшаруашылығы жұмысынан келіп, Виноградов көшесіндегі студенттік жатақханадан орын алғанда біздер бөлмелес болып шықтық. Әнге одан әрі дендедік. Кешке қарай біздің бөлмеде ән шалқып, өткен-кеткен қыздар есікті бұрала ашып, бұйымтай сұрағандай болғанда, науша жігіттердің нығметі артып, әзіл-қалжың аспандап кететін. Бір күні сабақтан кейін бізге дөңгелек жүзді, жылы қабақты, баппен сөйлеп, биязы күлетін бір жігіт келді. Құныпиямен көптен таныс екен. Біраздан соң әнге кезек беріліп, әлгі жігіт домбыраның құлақ күйін асықпай, баппен келтіріп әнге басты. Сәкен серінің «Тау ішінде» атты әнін көзін жұма отырып шырқаған кезде біздің бөлменің өзі ат үстінде келе жатқандай теңселіп, тау жақындап, кештің жұмбақ тынысы жанымызды баурап, сұлуына асыққан Сәкенге айналып кете жаздадық. Бұл кейін қазақ даласы мен қаласын әнге бөлеген талантты әнші, тамаша азамат Жәнібек Кәрменов екен. Осылайша Құныпияның досы арқылы біз енді Арқаның ән мектебіне де шәкірт болып шыға келдік. Кейінгі жылдарда Құныпиямен бірге атақты әнші Дәнеш Рақышевтің ауылына арнайы барып, ән кейіпкері – Кетпеннің етегінде оның өз аузынан «Сарыбидайды» тыңдадық.

Бір қуаныштысы, біздің асыл ұстаздарымыз ол кезде саптағы сарбаздай болып университет аудиторияларын толтырып тұратын. Соның ішінде ол кездегі жарқылдап тұрған жас жігіт кейін академик атанып, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болған ұстазымыз Рымғали Нұрғали біздің бәріміздің мықты ғалым, талантты ақын-жазушы шығады деген кәміл сенімде болатын. Рыкеңнің жетекшілігімен Құқаң 1986 жылы «Қазіргі қазақ поэмасының жанрлық мәселелері» деген тақырыпта филология ғылымының кандидаты атағын қорғап шықты. Қазақ поэзиясының поэма жанры 60-70-ші жылдарда идеялық, көркемдік, тарихи-танымдық жағынан үлкен белеске көтерілген еді. Хамит Ерғалиев, Қалижан Бекқожин, Әбу Сәрсенбаев, Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленов, Қайнекей Жармағамбетов, Ғафу Қайырбеков, олардан кейінгі Мұқағали мен Жұмекен бастатқан талантты топ, одан кейінгі жас толқын поэмаларының тыныс-деңгейін жан-жақты аша көрсеткен ғылыми еңбегі қазақ әдебиетіндегі жанрлық жаңғырудың бүге-шігесін дәйектеуде елеулі еңбек сіңірді. Поэманың тақырыптық танымын сараптауда, жанрлық жүгін жіктеуде, оның мазмұндық-пішіндік тұтастығын танытуда көшелі еңбек жазған ғалым одан кейінгі 2000 жылы сәтті қорғаған: «Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным мен көркемдік» атты докторлық диссертациясында тарихи сана мен көркем әдебиеттің аражігіндегі байланыс пен сабақтастық туралы кеңінен сөз қозғап, ұзақ жылдардан бері Еуразия Ұлттық университетінің болашақ әдебиетшілеріне осы пәндерден дәріс оқып келеді. Бір кездері, абитуриент шақтағы жұқалау келген күреңқызыл портфелі әрі жаңаланып әрі салмақтырақ бола түскен. Профессордың портфелі деген термин білімнің қоржыны деген қазақы ұғымға да дендеп келеді. Осындай «профессорлық портфельді» ұстап келе жатқан ғылым докторлары, профессорлар: Балтабай Әбдіғазыұлы, Анарбай Бұлдыбаев, Тұрсынбек Баймолдаев, Сейфеден Сүтжанов, Алтын Бақраденова, Сұлушаш Бекмырзаева, Дәмегүл Байжігітова, Қоңыр Мұқатаева, Ләззат Ережепова, белгілі ақындар Жақсылық Айжан, Зейнолла Әкімжанов, жазушы Жанар Әбдішева, белгілі әдебиетші ұстаз Серік Сұлтанғалиев бірге оқыған, Құныпияның «Сарыбидайына» сағынышымызды қосқан курстас, құрдас достармыз.

Жазушылар одағының мүшесі, ғалым-ұстаздың қаламынан және қалауынан туған бірнеше оқулықтар, әдістемелік құралдар, бағыт-бағдарлық бағдарламалар туған әдебиетке қызмет ететін болашақ қаламгерлер мен ғалымдардың назарында болып, жас толқынның жан дүниесіне білім сәулесін себуде. Осынау жылдарда еліміздегі ең басты екі білім ордасы – әл-Фараби және Гумилев атындағы Ұлттық университеттердің филология факультетінде жас ұрпаққа тәлімтәрбие беріп, ізденіс жолына бағыштаған Құныпия Алпысбаев ән мен әдебиеттің қос тізгінін қатар ұстап, егемен еліміздің білім саласына өзінің елеулі үлесін қосып келеді. Әнмен басталған әдемі ғұмыр әдебиет деген ұлт қайнарының қазынасымен толығып, оның қаламынан туған оқулықтар жоғары оқу орындарының бағдарламасына кіріп, оқытылу үстінде.

Ән мен әдебиетті қатар ұстап, өз ортасында құрмет пен ілтипатқа бөленіп келе жатқан жақсы дос, жайсаң азамат, белгілі ғалым Құныпия Алпысбаевтың өмір жолын айту арқылы мен өз курстастарымның жеткен жетістіктерін де пейіл тоғайта білдіре отырып, көңіл аспанын жоғары көтердім.

Жолың болсын, ән мен әдебиеттің жолаушысы!

Өтеген ОРАЛБАЙҰЛЫ,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

◆ ДҮНИЕ ДАБЫЛ

Келісім қатаң сақталуы тиіс

Қазақтың талантты ғалымы Шоқан Уәлиханов Қашқария сапары барысында жазып қалдырған «Іле өлкесінің географиялық очеркі» атты еңбегінде: «Бұл (Іле өзені) қазақ даласындағы ең суы мол өзендердің бірі екендігі сондай, ол терең құмды бойлай отырып, 200 шақырымнан астам жолды басып өтсе де өзінің мол сулы қалпын өзгертпестен тура Балқашқа барып құяды», – деп таңдана жазады. Сондай-ақ, Іле өзеніне құятын өзеншелер мен сол аумақты мекендеген қазақ тайпалары туралы да құнды мәліметтер қалдырды. Осы жазба хатқа түскелі бір жарым ғасыр уақыт өтті. Бұл адамзат тарихы үшін аса бір ұзақ уақыт саналмайды. Бірақ ғалымның жазбасындағы ақиқат пен бүгінгі Іле өзенінің жағдайы, салыстыра зерделейтін болсақ, терең ойларға жетелейтіні анық. Кешегі ақжал толқындары жағаны осқылап, аяқтыға өткел бермеген алып өзен бүгінгі таңда он жасар бала кешіп өте шығатын жағдайға жетті. Оны қойшы, Іле өзеніндегі су деңгейінің азаюы Балқаш көлінің экологиялық жағдайын бұза бастады. Оған кім кінәлі?

Қажет АНДАС

Алдымен бұл кінәні осы өзенді жағалай қоныстанған қазақ, қытай тарапындағы елдің табиғат байлығы мен экологиялық ахуалға немқұрайлы қараған пендешілігінен іздеген жөн. Ең алдымен, орман байлығының орасан бүлінуі, өзен суының мақсатсыз пайдаланылуы қиындық туындатып отыр.

Әрине, бұл үшін басты жауапкершілікті Қытай тарапы арқалауы керек. Өйткені аталған өзен суының 80 пайызы көрші елден ағып шығады. Жалпы, Іле өзенінің Қытай жағындағы жалпы ұзындығы 125 шақырым, оған оңтүстіктен 26 өзенше мен бұлақ, солтүстіктен 12 өзенше мен бұлақ құяды.

Қытай тарапының Іле өзеніне құятын Текес, Күнес, Шақпы өзендерінің 2004 жылғы су мөлшерін 1959 жылғы мөлшермен салыстыра зерделесек, жаға ұстатар қауіпті сезінуге болады. Яғни Текес өзенінің 1959 жылғы жалпы су ағыны 17 миллиард 729 миллион, Күнес өзенінің су мөлшері 1 миллиард 648 миллион, Шақпы өзенінің су ағыны 839 миллион 370 мың текше метр болса, 2004 жылы Текес өзені 12 миллиард 773 миллион, Күнес өзені 964 миллион, Шақпы өзені 588 миллион текше метрге түсіп қалған. Жоғарыда айтылған 26 өзенше мен бұлақтың жалпы су ағыны 1959 жылы 636912 текшеметр болса, 2004 жылғы есепте 433374 текше метрге дейін азайған.

Содан бері 16 жыл уақыт өтті. Аталмыш өзен-бұлақтардың дәл бүгінгі су қоры туралы нақты ақпарат қолымызға түспегенімен нәтижесінің көңіл көншітпейтіні бесенеден белгілі.

Осындай жағдайдан туындайтын басты олқылық – ормандардың мейлінше оталуы. 1984 жылы Қытайдағы жаппай сыртқа есік ашу саясатының нәтижесінде орман байлығы мен су көздері мейлінше бүлінішілікке ұшырады. Соның салдарынан Іле өзенінің екі жағалауындағы, нақтылап айтсақ, Еренқабырға мен Борахожыр тауларындағы сыңсыған орман қаржы табу жолына құрбандыққа шалынды. Басаяғы жиырма жылдың ішінде қарағайлы алқаптар қу тақырға айналды. Сонымен қатар, өнеркәсіптің өрлеуіне орай өзен-бұлақтарды жағалай қалашықтар мен электр стансыларының салынуы, кен өңдейтін зауыт, су қоймаларының көптеп бой көтеруі салдарынан бөлініп шыққан улы газдардың мөлшері артып, тау шыңдарындағы муздықтардың еріп кетуін тудырды. Бұл келеңсіздіктер Іле өзеніне құятын өзен-бұлақтардың тартылып қалуына әкеліп соқтырды.

Кейінгі жылдары Қытай тарапы орманды алқаптар мен жайылым жерлерді қайта тынықтыруға қатысты жобаларды атқара бастады. Бірақ бұл қадамның 20 жылда бүлінген дүниені енді қанша жылда қалпына келтіре алатындығына қазірше белгілі уәж айту қиын.

Қазақстан тарапынан орманды отау немесе Іле өзенінің жағалауына зауыт салып, тоспа құру сынды заңсыздық оқиғалары жаппай орын алған жоқ. Сондықтан Іле өзеніне құятын өзен-бұлақтар суының азаюы Қытай тарапына қарағанда көп емес. Бірақ, кейінгі жылдары Батыс Қытай – Батыс Еуропа автожолының салынуына байланысты және аймақтағы құрылыс жұмыстарының қарқын алуы салдарынан өзен арнасын бүлдіретін әрекеттер көбейіп барады.

Әдетте, өзен арнасынан қиыршық тас, құм алу бір қарағанда тұрғындардың қажеттілігін шешу үшін істеліп жатқан сияқты көрінеді. Бірақ оның су байлығын азайтып, өсімдіктерді өлтіріп, су жануарларының тіршілігін бүлдіріп жатқанын ескеріп жатқан ешкім жоқ.

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 125-бабы, 1 тармақ, 5-тармақшасында: «Өзен арналарынан ешқандай қазба байлық алынбауы керек» деп көрсетілген. Осы тұрғыдан келгенде мұндай әрекеттің барлығы заңсыз деп саналуы тиіс. Мұндай келеңсіз әрекеттер күткендегідей экономикалық пайда әкеліп жатқан жоқ. Есесіне, өзен арнасын бұзып, судың бір бөлігі Балқаш көліне жетпестен жер астына сіңіп кететін жағдайға әкелуде.

Өзен арналарынан қиыршық тас, құм алып, оны құрылыс жұмысына қолданатын мысалдар әлемнің барлық елінде бар. Дамыған елдерде мұндай жұмыспен айналысатындар өзен суы тартылып, бос қалған арна бойынан, тас пен құмы мол жерден құрылыс материалын өңдейтін зауыт салып, ел игілігіне асырады. Оның пайдасы да көп, экологияға, әсіресе, өзен суларының азаюына тигізер қатері де аз. Демек, біздің компаниялар да өзен арнасы тартылған аңғарлардағы құм мен қиыршық тасты дәл осылай өңдеп, табыс табумен айналысуы керек еді. Өкінішке қарай, олар өңдеу жұмысымен айналысып жатқан жоқ. Оңай олжа табу мақсатымен өзен арналарынан қиыршық тасты қазып, құмды сүзіп алып, оны тасымалдаумен ғана айналысып келеді. Көп шығын шығармай, мол пайда табудың жолында жүр.

Алматы облысындағы өзен аңғарларынан қиыршық тас алумен айналысатын компаниялар бұл орайдағы жұмыстарға 2025 жылға дейін рұқсат алған. Олардың заңды құжатында «Өзен арнасын барлау» деп көрсетілген. Оларға бұл рұқсат Қазақстан Республикасының Экология кодексі қабылданбай тұрған мезгілде жергілікті жердің өкілетті органдары тарапынан берілген. Ал 2007 жылы қабылданған ҚР Экологиялық кодексі бойынша бұл рұқсаттар заңсыз деп табылып, келісімшарттар мемлекет тарапынан қайта қаралуы керек. Жаңа Су кодексі бойынша өзен арналарының бойында өнеркәсіптік қызметпен айналысуға ешбір мекеменің құқығы жоқ, демек, рұқсатты қайтарып алу қажет.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Парламентінде жаңа Экологиялық кодекстің жобасы қаралып жатыр. Мүмкін, сол кодекс қабылданған кезде аталған кемшілікке бір тосқауыл қойылатын шығар...

Егер, табиғатты біртұтас тұлға деп санайтын болсақ, бір өңірдегі экологиялық ахуалға жасалған қиянат тұтас табиғаттың бүлінуіне ықпал етеді. Сондықтан Іле өзенінің экологиялық ахуалын тұрақтандыру үшін Қазақстан мен Қытай тараптары бір мәмілеге келіп, өзен арнасының қансып қалмауы үшін жұмыс жүргізуі керек.

Расында, елімізде трансшегаралық өзен-суларды тиімді пайдалану өте өзекті мәселе саналады. Соған орай Қазақстан Республикасы осы мәселеге қатысты барлық халықаралық конвенцияларды ресми рәсімдеген. 2011 жылдың 12-15 маусымында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтаоның кездесуінде трансшегаралық су ресурстарын тиімді пайдалану мен оны қорғау туралы келісімге қол қойылды. Десек те нәтиже ойлағандай болмай тұр. Халқының саны көп болуына байланысты қытайлықтар ішкі өзен-көлдері мен су қоймаларындағы тіршілік көзін көп тұтынады. Салдарынан елімізге ағып келетін өзен суының мөлшері тиісті деңгейде болмай тұр. Мұның өзі көршілеріміз бізге берген уәдесі мен халықаралық келісімшарттың талабын толық орындамай отыр деген сөз.

2000 жылғы есеп бойынша Іле өңірінің жалпы су қайнары 17 миллиард 244 миллион текше метр деп есептелген. Бұл судың 957 миллион текше метрін Қазақстан жерінен ағып кіретін өзен сулары құрайды. Дәл сол жылғы есеп бойынша Қазақстанға Қытай жағынан Іле өзенінің бойымен 11 миллиард 226 миллион текше метр су кіретін. Өкініштісі, кейінгі жылдары көрші ел түрлі қитұрқы әрекет арқылы Іле өзені бойынша келісілген мөлшердегі су қорына түрлі шектеу шараларын қолданып келеді.

Бірнеше жылдың алдында ҚХР Мемлекеттік кеңесінің тапсырысымен ҚХР Мемлекеттік даму-реформа комитеті, Су игілігі министрлігі, Тұрғын үй және қала-ауыл министрлігі су шаруашылығы саласын реформалау мен дамытудың «13-ші бесжылдық жоспарын» жариялады. Жоспарда Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы ауданындағы 18 су қоймасының саны 25-ке жеткізілетіні анық көрсетілген. Демек, оның бірқатары Іле өзенінің аңғарынан орын алады. Бұл жоспар орындалып та қойған шығар деп ойлаймын. Қазақстан мен Қытайдың трансшегаралық өзендерде бөлінбеген еншісі көп екенін ескерсек, бұл жерде кімнің екі жеп би болғысы келіп тұрғаны түсінікті болып тұр.

Осы жоспарда тағы да: «Қытай үкіметі кейінгі жылдары шегаралық аймақта орналасқан кіші және үлкен су қоймаларында өмір сүретін балық және тамаққа пайдаланатын омыртқасыз су жәндіктерін өсіретін шаруашылықты мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру жұмысын жүргізеді» деп нақтыланған. Бұл қадам Қазақстан мен Қытай арасында ағатын трансшегаралық өзендердің және жерасты суларының ластануы мен азаюына әкеліп соқтырады. Мұның зияны екі ел ортақ пайдаланатын Іле өзеніне ғана емес, Жоңғар Алатауынан ағып шығып, Балқаш көліне құятын Ақсу, Көксу, Тентек, Қаратал, Сарқан өзендеріне де тиюі мүмкін.

Қысқасы, Іле өзеніне жасалған қиянат ең алдымен Балқаш көліне құятын су мөлшерінің азаюын туындатады. Бұл тұтас Орта Азияның экологиялық ахуалын реттеп отырған Балқаш көлінің тартылып қалуына себеп болуы бек мүмкін. Егер Балқаш көлінде Арал қасіретіндей жағдай орын алса, оның зардабы Қазақстанның Жетісу өңіріне емес, Қытайдың Такламакан шөліне дейінгі өңірдегі тіршілікке қауіп төндіретіндігі белгілі. Бұл көршілес екі мемлекет тұрғындары үшін де қауіпті іс. Сондықтан Қытай тарабы екі ел Президенттерінің 2011 жылғы келісімі және трансшегаралық өзен суларын реттеуге бағытталған халықаралық келісімдер бойынша Іле өзенін ортақ пайдалану және оның экологиялық ахуалын қорғаудағы жауапкершілігін айқындап, тоспа салып, канал қазып, суды бұрып, Қазақстанға ағып шығатын су мөлшерін азайтуды тоқтатып, адамзаттың ортақ игілігі жолындағы мақсаттарға ұмтылғаны дұрыс. Ал Қазақстан тарапы да келісімде көрсетілген жауапкершілікті өзек ете отырып, өз міндетін заңмен реттеп, жоғарыда айтылғандай кемшіліктерге тосқауыл қойғаны жөн. Сонда ғана адамзат баласын алдағы күндері ауыр қасіретке душар ететін қауіптен сақтап қалуға болады.

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

АЛАҢ

“Жетісудың” спорт алаңы

◆ ҚАЗАҚ КҮРЕСІ





ЖЕҢІЛІСТЕН ЖЕҢІС КӨП

Бүгінгі таңда спорт саласы қарыштап дамып келеді. Жалпы әлем бойынша көптеген спорт түрлері өзінің өміршеңдігін көрсетіп, мемлекет, жеке демеушілердің арқасында қанатын кеңге салуда. Біз білмейтін, көрмеген спорттың түрі қаншама? Олардың барлығы сол ұлттың төл ойындары, ата дәстүрі, ұлтын айшықтайтын өнер екені анық. Сондай бекзат өнерді серік етіп, онымен шұғылданушылар қатары артып, кейін спорттық ойынның санатына кіріп жатқаны қаншама. Кей кезеңдерде тіпті олимпиадалық ойындардың қатарынан табылып, күллі әлем елдері белсене атсалысып, бір-бірімен бәсекеге түсіп жататынын көріп те, біліп те жүрміз. Ал сондай қызықты спорттық ойындар біздің елде де жеткілікті. Интеллектуалды ойындарды былай қойғанда, күш қолдану, ұлттық спорттық ойындарымыз да бар. Біз осы жолы сонау ата дәстүріміздің бірге жасасып келе жатқан қазақ күресіне және сол салада еңбек етіп жүрген бапкер мен спортшыларға тоқталсақ.

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

Облысымызда қазақ күресі мақтанарлықтай дамып келеді. Ауыз толтырып айтар толайым табыстарымыз да жетерлік. Ондай жетістікке жетудің бірденбір себебі, ең бірінші – мемлекеттің қолдауының арқасында екенін айта кеткен жөн. 2013 жылы қазақ күресінен Алматы облыстық қазақ күресі федерациясы құрылып, бүгінде қызу жұмыс істеуде. Сол жылдардан бері қыруар шаруа атқарды. Қазіргі таңда федерацияны Қанат Келкенов басқарып отыр.

Ересектер арасында аға жаттықтырушы Тимур Абыханов жетекшілік етуде. Білікті бапкер талай тарланның томағасын сыпырып, топқа қосып жүр. Тимурдың өзі де Жетісу жерінің талантты балуаны болған. Талай мәрте бозкілемнің үстінде атой салып, өз салмағында жүлдені уысына түсіріп жүрген әккі балуан. Кейін бапкерлікке аяқ басып, өзінің бойындағы талантын жастардың бойына сіңіртіп келеді. Осы орайда Тимур баптаған оқушылардың жетістігіне тоқталып өтсек. Сайдың тасындай іріктелген сақа жігіттердің басында А. Касачев тұрады. 2017 жылы Алматы қаласында өткен ел чемпионатында 100 келі салмақта қарсылас шақ келтірмеген оғлан. Атырауда өткен ҚР кубогында үшінші орын алып, кейін әлем чемпионатында өнер көрсетті. Одан бөлек дүбірлі дода «Жетісу бөрісінде» де жеңіс тұғырынан қол бұлғап, көлікті тізгіндегені жадымыздан әлі өше қойған жоқ. «Қазақстан Барысы» республикалық бәсекесінде ең әрі әдемі әдіс істеп, қарсыласын 3 секундта жыққан балуан атанды. Осындай талантымен «Көрермендер көзайымы» деген номинацияны ұтып, астына «темір тұлпар» мінген еді. Одан кейін Ербол Алдуханды да мақтанышпен айтуға болады. Құлжаның асығындай жұмыр келген жас жігіт, Жетісудың мақтанышына айналды. 55 келі салмақта өнер көрсеткен Ербол ҚР кубогын қанжығасына байлады. Атырау қаласында өткен қазақ күресінен Азия чемпионатында бірінші орын иеленіп, Азия чемпионы деген атаққа ие болды. Дәл осы жетістігі үшін «Халықаралық дәрежедегі спорт шебері» деген атақты иеленді. Қ. Мұңайтпасов атындағы халықаралық турнирде де оза шапты. Бала күнінде Еркін Қожахметовтың шекпенінен шыққан Ербол болашағынан көп үміт күттіретін балуан екенін байқатты.

Амангелді Сатыбалдинов жайлы айтылар сөз өзгеше. Амангелді құлын күнінен бастап спорттың күрес өнеріне берілген азамат. Қазақ күресінен 60 келі салмақта алдына жан салмаған саңлақ. Талдықорған қаласында қазақ күресінен ел чемпионаты өтіп, сол күресте Амангелдінің жұлдызы оңынан туған еді. Жарысты ұйымдастырушы басшылар талантты балуан, дзюдодан Сидней Олимпиадасының қола жүлдегері Айдын Смағұловты құрметтеп, 60 келі салмақ дәрежесіне Айдынның салмағы деп көлік тіккен болатын. Міне, сол бәсекеде барлық қарсыласының қабырғасын сөккен Амангелді «темір тұлпарды» тізгіндегені есімізде. Дәл сол кезде бірқатар баспасөз «Арыны қатты Амангелді» деп жарыса жазғаны да көз алдымызда. Амангелді мұнымен тоқтап қалған жоқ, ҚР кубогын да қанжығасына байлап, «Еуразия барысында» командалық есепте бірінші орынға ие болды. 2015 жылы ҚХР Азия чемпионатында да айдарынан жел есті. Белоруссияда өткен әлем чемпионатына қатысып, қола жүлдені қанжығасына байлаған еді. Осындай ауыз толтырып айтатын жетістіктері Амангелдіні бапкерлікке бет бұруына да себепші болды. Бүгінде облыста әйелдер құрамасының аға жаттықтырушысы.

Енді тағы бір талантты балуанға келейік. Ол 2011 жылы Индия мемлекетінде өткен Азия чемпионатында алтыннан алқа тағынған Нұржан Жұмажан. Ел біріншілігінің бірнеше дүркін чемпионы. Самбо күресінде де олжа салған нағыз майталман. Қапар Рауановтың қоластында тер төгіп, бүгінде жастар арасында самбо күресінен аға жаттықтырушы. Қуанжан Құлпейісовтен тәлім алған Қазбек Рамазанов та талантты балуандардың санатында. Өзіндік ерекшелігі бар, бозкілемде тас кенеше жабысып, ұстаған жерінен әдіс шығаратын Қазбек «Жетісу бөрісі» турнирінде екінші орынға ие болған. Қазақстан чемпионатында да қоламен сүйіншіленіп, талай балуанның жігерін құм еткен майталман. Ал 60 келіде өнер көрсеткен Ержан Еренқайыповты да ерекше атап өткен жөн. Петропавлда өткен ҚР чемпионатында алтын тұғырдан қол бұлғап, Ақтөбеде өткен әлем чемпионатында қолаға қол созғаны әлі есімізден кете қойған жоқ. Облыстық жастар құрамасының аға жаттықтырушысы, облыстық «Бөрі» қазақ күресі федерациясының президенті Қанат Келкеновтың да жұмысын ерекше атап өткен ләзім. «Ат тұяғын тай басар» дегендей, алдындағы аға буынның жетістігін жастарымыз да қайталап келеді. Білікті бапкердің айтқаны мен кілемге төгілген тердің өтеуі ақталып келеді десек артық айтпағанымыз. Жүйелі жұмыс пен бапкерлердің ауызбіршілігі, олардың талантты дұрыс таңдай білуімен қатар оларға дұрыс бағдар беруінің арқасында облыстық қазақ күресінің айы оңынан туып отыр. Осында болашағы жарқын жастардың арасында Амражан Аршидинов 90 келіде бақ сынап жүр. Буыны толық қатпады десек қатты қателесеміз. Жас болса да ауыр салмақта бақ сынап, ҚР чемпионатында қарсы келгенді атынан аударып тастады. Түйе балуан атанған Нияз Ерсайын +100 салмақта қола еншілеп, көптің көңілін көтеріп келеді. Алғашында бапкерлер Ерсайынның қоласына көңілдері толмады. Алтыннан үмітті деген оғлан болмашы қателікке бой алдырып жеңілген болатын. Артынша түйе балуан бәсекесінде қайрап салған қылыштай жарқ етіп, түйе балуан атанды. Дәл осылардың қатарында қола жүлдегер Бауыржан Дауытов, Батыр Машековтен тәлім алған қола жүлдегер Шамиль Ахметбаевтың да ерлігін кейінгі жас буынға үлгі етуге болады.

Жалпы облыста қазақ күресі федерациясы қарқынды дамып келеді. Тыңғылықты жұмыс пен бапкерлердің және басшылықтың ауызбірлігінің арқасында дүбірлі додадан олжасыз оралмайды. Биылғы карантиндік режимде де балуандар бабынан айырылмай, үй жаттығуын тұрақты істеп, алдағы жарыстарға дайын жүр.

◆ ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА

ЕУРООДАҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТЫП ОТЫР

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 27 сәуірдегі Қаулысымен «Астана-ЭКСПО – 2017» көрмесінің инфрақұрылымы мен мұрасы негізінде IGTIC (Халықаралық жасыл технологиялар мен инвестициялар орталығы) құрылды. Орталықты құру туралы бастама алғашында 2015 жылғы қыркүйекте БҰҰ 70-ші Бас Ассамблеясы жиналысында көтерілген еді. Орталықтың қызметі «жасыл экономикаға» инвестиция салу үшін жағдай жасауға, жаңартылатын энергия көздерін енгізуге және экологиялық таза қала ортасын дамытуға бағытталған.

Қажет АНДАС

Орталықтың жұмысы ЕО, БҰҰ ЕЭК, БҰҰДБ, IRENA жаңартылатын жасылдандыру институтымен (GGGI), DENA, GIZ, RENAC және қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары саласындағы ЕО–ОА ынтымақтастық платформасы шеңберінде жүргізіледі. Ол үшін ұлттық үйлестіру халықаралық ынтымақтастығы жаңартылатын энергетика, энергия үнемдеу және перспективалы технологиялар, smart grid, «жасыл» құрылыс, инновациялық технологиялар және «жасыл» қаржыландыру бағыттары бойынша семинарлар мен оқыту курстарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта «ЕҚТ бюросы» Орталықтың ғылыми-технологиялық даму офисімен бірлесіп, ЕО және Ресей елдеріндегі ЕҚ-ға көшу тәжірибесіне арналған ашық вебинарлар сериясын өткізуде. Вебинар «Еуропалық Одақ-Орталық Азия: су ресурстары, қоршаған орта және климаттың өзгеруі саласындағы ынтымақтастық» (WECOOP) жобасының қолдауымен ұйымдастырылады.

Еуропалық елдердің электр энергетикасындағы ең озық қолжетімді технологияға көшудегі тәжірибесіне арналған алғашқы вебинар 2020 жылдың қыркүйегінде өтті. Жуырда ғана қорытындыланған «Электр энергетикасындағы ең озық қолжетімді технологияларға көшу тәжірибесі: ірі энергетикалық қондырғылар» вебинары соның жалғасы іспетті. Осы шара аясында Еуроодақтың Қазақстанның ең озық қолжетімді технологиялар қағидаттары мен электр энергетикасын дамыту тәжірибесіне қызығушылық танытқаны көңілге қуаныш ұялатты.

Ең озық қолжетімді технологияларды пайдалану бүгінде әлемнің 39 елінде қолданылады. Соның ішінде Ресей, Беларусь және Қытайдағы өнеркәсіптік кәсіпорындарда экологиялық таза технологияларды енгізу мақсатында қолданылатын тәсіл назарға алынған. Осындай технологияларды қолдану Еуропалық Одақта алғаш рет 1984 жылы өнеркәсіптік қондырғылардан ауаның ластануына қарсы күрес жөніндегі Еуропалық Кеңесте айтылған еді. Кейінірек 1996 жылғы ластанудың алдын алу және бақылау жөніндегі директивадан көрініс тапты. 2010 жылғы өнеркәсіптік шығарындылар директивасында озық қолжетімді технология терминіне түпкілікті анықтама берілді.

Қазіргі пандемия адамзаттың салауатты және тұрақты болашақ үшін күш-жігерімізді біріктіруге мүдделі екенімізді көрсетті. ЕО 2050 жылға қарай климаттық бейтарап континент болуға ниетті және климаттың өзгеруіне қарсы күрес және тұйық цикл экономикасына көшу жөніндегі халықаралық серіктестерге қолдау көрсетуді жалғастыруға ынталы.

Осыған орай елімізде Экологиялық кодекстің жаңа редакциясының жобасына ең озық қолжетімді технологиялар қағидатын енгізу көзделген. Ал өткен жылы «жасыл» технологиялар және инвестициялық жобалар халықаралық орталығында осындай технологиялардың техникалық анықтамалығын әзірлеуге жауапты «ЕҚТ бюросы» құрылды. Орталықтың мәліметіне сәйкес, қазіргі уақытта Қазақстанның елу ірі кәсіпорны ең озық қолжетімді технология қағидатына көшуі қарастырылуда.

Экологиялық кодекстің жаңа редакциясында экологиялық төлемдерді еселік арттыру есебінен ынталандыру арқылы (2, 4 және 8 есе) бірінші санаттағы барлық ірі кәсіпорынды ең озық қолжетімді технологияға біртіндеп көшіру көзделген. Егер бұл жоба жүзеге асса, экологиялық төлемдер бойынша жүктеме айтарлықтай артады. Бұл өзге де кәсіпорындарды белгілі бір мерзімге төлемдерден босату үшін таза технологияларды енгізуге мәжбүр етеді.

Қазақстандық бастама, міне, осылай әлем жұртын таңғалдырып отыр. Демек, «жасыл» технологияның елдегі салмағы артқан сайын экология мен қоршаған ортаны қорғаудағы бастамаларға қан жүгіріп, болашақ үшін мықты негіз қаланады.

◆ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

БАСЫМ ЖОБАЛАРДЫ НЕСИЕЛЕУ

Басым жобаларды несиелеу механизмі аясында шағын және орта бизнестің несие бойынша шығындарын қалай азайтуға болады?

Өз қызметін агроөнеркәсіп кешенінде өндіру және қайта өңдеу, сондай-ақ, өңдеуші өнеркәсіп пен қызметтер саласында жүзеге асыратын кәсіпкерлер басым жобаларды несиелеу механизмі бойынша немесе «Қарапайым заттар экономикасын» – бизнесті қолдау мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – ҚЗЭ бағдарламасы) аясында кредит ала алады. Осының шеңберінде кәсіпкерлер инвестицияларға немесе айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейлі банктерден (бұдан әрі – ЕДБ) кредит ала алады (кредит сомасы 50%-дан аспайды), бұл ретте кредит сомасы шектелмейді.

ЕДБ кредиттерді жылдық 15%-ға дейінгі сыйақы мөлшерлемесі бойынша береді, оның ішінде жылдық 9%-ға дейін мемлекет субсидиялайды. Осылайша кәсіпкерлер кредит бойынша жылдық 6%-ды төлейді. Инвестициялық кредиттер бойынша субсидиялау мерзімі – 10 жыл, айналым қаражатын толықтыруға – 3 жыл. Сондай-ақ, кәсіпкерде несие бойынша кепілдік қамтамасыз ету жеткіліксіз болған жағдайда «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – «Даму» қоры) несиенің барлық мерзіміне өз кепілдігін беруге дайын. Бір жоба шеңберіндегі кепілдік мөлшері: 3 млрд. теңгеге дейін кредиттер бойынша кредит сомасының 50%-на дейін, ал 3 млрд. теңгеден 5 млрд. теңгеге дейін кредиттер бойынша 30%-ға дейін құрайды.

«Даму» қорының облыс бойынша өңірлік филиалының директоры Тимур Екеевтің айтуынша, 2020 жылғы 31 шілдедегі жағдай бойынша «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде өңірде субсидиялау бойынша жалпы сомасы 9,7 млрд. теңгеге 25 жоба мақұлданды, кепілдік беру бойынша жалпы сомасы 281,26 млн. теңгеге 4 жоба мақұлданды, олар бойынша «Даму» қорының жалпы сомасы 102,6 млн. теңгеге кепілдіктері шығарылды. Субсидиялау және кепілдендіру құралдарын «Даму» қоры «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ұсынады. Бұл ретте «Даму» қоры тарапынан кредиттерді субсидиялау онлайн режимде Электрондық үкімет (E-gov) және online. damu.kz платформалары арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ, «Даму» қорының қызметкерлері кәсіпкерлерге ЕДБ-де қаржыландыру алу үшін құжаттар жинаудан бастап, олардың жобаларын ЕДБ-де сүйемелдеуде қолдау көрсетеді.

Барлық сұрақ бойынша Талдықорған қаласы, Төлебаев көшесі, 86 мекенжайы бойынша орналасқан «Даму» қорының аймақтық филиалына немесе 8-7282-55-87-10, 8-7282-55-87-11 телефонына хабарласуларыңызды сұраймыз.

Бұл шектеу ЕДБ мен АНК өз қаражаты есебінен жүзеге асырылатын агроөнеркәсіптік кешендегі өндіру және қайта өңдеу жөніндегі жобаларды, сондай-ақ, кредитті қаржыландыру көзіне қарамастан АӨК-де өндіру жөніндегі көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге бағытталған жобаларды қаржыландыруға қолданылмайды.

Гүлназ НҰҒМАНОВА,
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ облыс бойынша аймақтық филиалының бас менеджері

◆ ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – ЖАУАПТЫ МІНДЕТ

«Балқаш ауданы Қарой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандарты жайлы халықты құлақтандырады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде халықтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету белгілерінің бірі әкімшілік кедергілерді азайту, халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету болып табылады.

Стандарт дегеніміз – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды белгілейтін, сондай-ақ, мемлекеттік қызмет көрсету процесінің, нысанының сипаттамаларын, мазмұнын және нәтижесін қамтитын нормативтік-құқықтық акт.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет дегеніміз – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Мемлекеттік қызметтер:

1) көрсетілетін қызметті берушілер арқылы;

2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы;

3) www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы көрсетіледі.

Қазіргі уақытта «Балқаш ауданы Қарой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі сегіз мемлекеттік қызмет көрсетеді:

1. Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру;

2. Бұрын жер пайдалануға берілген жер учаскесін жекеменшікке сату;

3. Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою;

4. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру;

5. Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру;

6. Сауда-саттықты (конкурстарды, акциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу;

7. Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кері қарай үйлеріне тегін тасымалдауды ұсыну.

8. Жер учаскесін алу үшін кезекке қою.

«Балқаш ауданы Қарой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимаратында халықты ақпараттандыру мақсатында мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары жазылған стенд ілініп, өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы ашылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышында жеке куәліктегі ЭЦҚ-ны оқуға арналған картридер аппараты бар. Кез келген азамат осы өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышына ЭЦҚ-сымен келіп, өзіне қажетті мемлекеттік қызметтерді ала алады.

Мемлекеттік қызметтерді әр азамат өз үйінде жеке ғаламтор желісі болса «Egov.kz» порталы арқылы немесе жеке ұялы телефондағы eGovmobile қосымшасы арқылы да алуға болады.

Е. МҰСЫРПАНОВ,
Қарой ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы
Балқаш ауданы

◆ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

ШЕШІМ ШЫҒАРЫЛДЫ

Облыстық қоғамдық кеңестің кезекті жиыны онлайн түрде өтті. Облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Әлихан ТОЙБАЕВТЫҢ айтуынша, шараға 90 адам қатысты.

Еңлік ҚАБДЕШ

Күн тәртібінде үш мәселе қаралды. Бірінші мәселе «Алматы облысының 2016-2022 жылдардағы бюджетіне өзгерістер енгізу» туралы облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Жомарт Әмірханов баяндады.

Баяндамашының айтуынша, әлеуметтік және жұмыспен қамту бағдарламаларына, денсаулық сақтау, энергетика, спорт, мәдениет саласына бағытталатын қаражат көлемі артады. Мысалы, білім саласына бөлінетін қаражат мөлшері 9,7 млрд. теңгеге ұлғайса, 3,5 млрд. теңге жалақыға қосылады. Ал, 548,1 млн. теңге материалдық-техникалық базаны толықтыруға жұмсалады. Сондай-ақ, «Алматы облысының 2016-2020 жылдардағы даму бағдарламасының жаңа редакциясын бекіту», «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет агенттігі басқармасы тарапынан шығарылған жер қатынастары саласындағы күрделі мәселелер» тақырыптары да талқыланып, шешім шығарылды.

Кеңес отырысының төрағасы Әлихан Тойбаев қараша айында «Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасының орындалу барысы қаралатынын жеткізді. Одан бөлек, ай сайын кеңес отырысы онлайн түрде өткізіледі.

◆СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ



«Текелі су құбыры» коммуналдық мекемесі Текелі қалалық мәслихатының депутаттарының, Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті өкілдерінің және БАҚ өкілдерінің басын қосып, биылғы атқарған жұмыстарын таныстырды.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖОҒАРЫ

Қажет АНДАС

Текеліліктер ауызсудан тапшылық көріп отырған жоқ. Жоңғар Алатауынан ағып шығатын Шажа, Қора, Қаратал өзендері тұрғындардың шөлін басып, қажеттіліктерін өтеп келеді. Десе де, судың тұнығын ішіп үйренген көпқабатты тұрғын үйлерде тұратын қалалықтар құбыр суының тазалығына ерекше көңіл бөлетіндігі бесенеден белгілі. Соған орай қаланы ауызсумен қамтамасыз етіп отырған «Текелі су құбыры» коммуналдық мекемесіне артылатын жүк салмақты. Бақыт Салиев басшылық ететін мекеменің ілкімді істері бүгінде жұрт көңілінен шығуда.

– Аталарымыз: «Су – тіршілік көзі» деп тегін айтпаса керек. Әрине, Текелі қаласында ауызсуға деген мұқтаждық аса көп сезілмейді. Бірақ құбыр суының тазалығы мен оның жеткілікті түрде жеткізілуі қаладағы көпқабатты және жекеменшік тұрғын үйлер мен мемлекеттік мекемелер орналасқан ғимараттар үшін ауадай қажет. Біз осыны ескеріп, жыл сайын сумен жабдықтау жүйелерін жаңалап, су соратын және сүзгіден өткізетін, таза суды сақтайтын нысандарды күрделі және ағымдағы жөндеуден өткізіп, жұрт талабын орындау үшін барынша еңбектеніп келеміз. Судың сапасы туралы әлі күнге шағымданған адам жоқ. Ал бағасы тұрғындарға қолжетімді. Дей тұрғанмен, техникалық құрылғыларды үнемі жаңартып тұру керек. Биылғы пандемияға қарамай осы бағыттағы жұмыстарды тыңғылықты қолға алып, біраз шаруа тындырдық, – дейді «Текелі су құбыры» коммуналдық мекемесінің басшысы Бақыт Салиев.

Биыл қаланың «Достық» шағын ауданындағы 3488 абонентті құбыр суымен қамтамасыз ететін Қонаев көшесінің бойындағы резервуарды тазалау жұмысын жүргізіпті. Жалпы 9000 м3 су сақталатын нысанды тазалау жұмысына бюджеттен 1млн. 320 мың теңге бөлініп, толық игерілген. Ауызсудың сапасын жақсарту, технологиялық құрылыстың сенімділік деңгейін арттыру, құрылыстың қызмет ету мерзімін ұлғайтуды мақсат еткен жұмыс сапалы әрі мерзімінде біткен.

Әркімді рұқсатсыз кіргізе бермейтін, тіпті «Текелі су құбыры» коммуналдық мекемесінің мамандары да арнайы рұқсатпен кіретін нысанды көріп қайттық. Резервуардың барлық жабдықтау жұмысының сапалы жасалғанын сыртқы көрінісінен-ақ білуге болады.

Ал қаланы сумен қамтамасыз ететін резервуарға таза су жеткізетін Қора көшесінің басына орналасқан сүзу стансысын аралап көріп, сумен жабдықтау жұмысын атқарып жүрген азаматтардың еңбектеріне тәнті болдық. Қора өзенінен алынған су алдымен бассейндерге жиналып, содан кейін арнайы орнатылған сүзгі құрылғылары арқылы тазаланып, дәріленіп, арнайы мамандар тарапынан сапасы тексеруден өткізіліп, резервуарларға жіберіледі. Биыл ауызсудан тапшылық көріп отырған қала аумағындағы жеке тұрғын үйлерге орталықтандырылған су құбыры жаңадан тартылып, көптің ризашылығына бөленіпті.

Қай қырынан келсек те «Текелі су құбыры» коммуналдық мекемесінің атқарған жұмысы көңіл көншітерлік. Қалалық мәслихаттың депутаты Арман Қожабек, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің өкілдері Салтанат Ерланқызы мен Жаннат Саятханқызы аталған мекеменің инвестициялық бағдарламалар мен тарифтік сметалар шеңберіндегі міндеттемесін толық орындап отырғанын жоғары бағалады.

Текелі қаласы

◆РУХАНИЯТ

Тәует басты ақ бозды тақымында тулатып, айбарлы батырлардың образын сомдап шыққанда күллі ел көне заман қаһарманын көргендей тамсанушы еді. Бір ғана, Қабанбай батырдың рөлін сомдау арқылы күллі өнерсүйер қауымын тәнті еткені әлі есімізде. Саналы ғұмырын театрға арнаған Өмірсерік Қалиев бейнесі жұрт жадында мәңгілік сақтала бермек. Ол жетісулықтардың жүрегінен тұғыр сайлаған аңыз адам еді-ау.



Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒАҒА ТАҚТА ОРНАТЫЛДЫ

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Арда азаматтың есімін ұлықтау, бейнесін жұрт жүрегінде жаңғырту мақсатында Қазақстан еңбек сіңірген әртісі, «Парасат» орденінің иегері Өмірсерік Қалиевтің тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылды. Облыстық және қалалық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен қолға алынған аталмыш шараның салтанатты рәсіміне өңірдегі зиялы қауым өкілдері, театр ұжымы мен актердің ет жақындары, көзкөргендері қатысты.

Салтанатты шарада алғашқы болып қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақшабай Керімбеков сөз алды. Ол ел үшін саналы ғұмырын сарп еткен азаматтарды ұрпақ жадында жаңғыртып, есімін ел есіне салу мақсатында бірқатар тұғырлы тұлғаға ескерткіш тақта орнатылғанын, соның жалғасы ретінде театр майталманын ұлықтап отырғандықтарын тілге тиек етті. Азаматтың асқақ болмысын, тұғырлы тұлғасын, талантын тебірене атап өтті.

Ақжарма лебізден кейін облысымыздың зиялы қауымы ескерткіш тақтаның шымылдығын салтанатты түрде түрді.

Өз кезегінде облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт сөз алып, ұлылардың образын сомдаған Ө. Қалиевтің жарқын бейнесін көз алдымызға әкелген жылы естеліктерімен бөлісті. Сонымен қатар, осыдан жарты ғасырдай уақыт бұрын Талдықорған театрын бірге ашқан әріптес достары Қазақстанның халық әртісі Алмахан Кенжебекова мен Оразәлі Сәрсенбек сахна саңлағы туралы көңіл тербетіп, жан толқытар естеліктерін ақтарды.

Өмір атты кенересі көкжиекпен астасқан айдында өз кемесін таланттан соғып, желкенін жігермен көтерген Өмірсерік Қалиев сахнада ғана емес, қоғамда да өзінің от жүрегін тулатып, азаматтық үнін шығарып жүруші еді. Облысымыздағы, еліміздегі мәдени шаралардың көрігін қыздырып, жас ұрпаққа ғибраты мол өсиеттерін де жеткізіп, абыздыққа аршындай қадам басқан ғажайып жан болатын. Ұлтым деген ел перзентінің құрметіне ұйымдастырылған салтанатты шарада актердің зайыбы Нұртай анамыз да сөз алып, ардақты жарының жарқын бейнесін, азаматтық болмысын тебірене айтып, осы игі бастамаға мұрындық болған жандарға алғысын білдірді.

◆АҚТАҢГЕР

Бақтыбай Жолбарысұлының 185 жылдық мерейтойына орай аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен «Айтыс өнерінің алмас қылышы» атты онлайн режимінде ZOOM платформасында конференция өтті.

БАҚТЫБАЙҒА АРНАЛДЫ

Конференцияға қатысқан Сәбит Биболов, Әміре Әрін, Раушан Баримбекова, Қажет Андас, Жұмақан Қожамқұлов, Салтанат Құмархан сынды белгілі ақын-жазушылар Бақтыбай Жолбарысұлына өз қаламынан туған жыр шумақтарын арнап, кейіпкер жөнінде кеңінен әңгімеледі.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген тума талант, айтыс өнерінің айтулы ақыны – Бақтыбай Жолбарысұлының мұрасын оқырман қауымға насихаттау, ақынның рухына тағзым ету жұмыстары, іс-шаралар әлі де жалғасады.

Сара АННАБИГИНА,
Ескелді аудандық кітапханасы оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі

◆КӘСІБІ — НӘСІБІ

ӘЛИДІҢ ЖИһАЗЫ

Шағын болса да өз кәсібін дөңгелентіп, нәпақасын тауып отырған жандар қатары күннен-күнге артып келеді. Солардың бірі Қарабұлақ кентінің тұрғыны Әли Бамишийн. Ол тұрмысқа қажетті жиһаз жасаумен айналысады.



Еңлік КЕНЕБАЙ

Кез келген үйді, кеңсені жиһазсыз елестету мүмкін емес. Себебі әдемі жиһаз – үйдің сәні. Осыны түсінген жас кәсіпкер заманауи үлгідегі жиһаз жасауды қолға алған. Әкесімен бірге жиһаздың барлық түрін дайындайтын Әлидің шағын шеберханасы нағыз еңбектің алтын ордасына айналған.

– Әрбір адамға мамандық керек. Замандастарымның қолында табақтай-табақтай дипломдары бар. Алайда көпшілігі жұмыссыз. Бұл бүгінгі күннің үлкен қасіреті. Бірақ қазір «алма піс, ауызға түс» деп отыратын уақыт емес. Қолдан келгенше тіршілік жасап, нәпақамызды табу тек өзімізге байланысты. Сондықтан барша адамды еңбек етуге шақырамын. Ата-анамның қолдауымен осы кәсіпті бастағаныма өте қуаныштымын. Шаңыраққа қажетті жиһаздың барлық түрін жасаймыз. Жалпы, кәсіпқой маманға айналу үшін кем дегенде сол істе 5 жыл тер төгу керек. Сонда ғана жасалған өнімнің сапасын салыстыра аласың. Бұл жұмыс аса тиянақтылықты, ептілікті талап етеді, – дейді кәсіпкер.

Жас шебердің айтуынша, бір қарағаң адамға кәдімгі тақтай боп көрінген дүниенің қиюын келістіріп, әдемі жиһаз етіп шығару оңай шаруа емес.

– Әр саланың қызығы мен қиындығы қатар жүреді. Сол секілді жиһаз жасаудың да өзіндік қыр-сыры бар. Осы кәсіпті дамытуға бар күшімді салып келемін. Жасаған жиһаздарымды тұтынушылар мақтап жатады. Бұл біздің мерейімізді өсіріп, жұмысқа деген ынта-жігерімізді оятады. Әкем екеуміз талғамы жоғары тұтынушының ойын дөп басып, көңіліндегідей етіп жасап шығару үшін күндіз-түні жұмыс істеп, барымызды саламыз. Ендігі мақсат – кәсібімізді дамыту. Болашақта жаңа технологияны қолға алып, жаңа жиһаз түрлерін шығаруды қолға алуды жоспарлап отырмыз, – дейді ол.

Әли Болатбекұлы тұтынушылардың әлеуеті орташа болғандықтан, баға да алдын ала келісім бойынша жүргізілетінін айтты. Негізінен, асүй мен киреберіс бөлмелердің жиһаздарына, сондай-ақ үстелдерге, орындықтары бар үстелге тапсырыс көп. Нарық заманына байланысты ас бөлмеге арналған ең арзан жиһаз құны 90 мың теңгеден басталады.

Отбасының үлкені Әли соңынан ерген үш інісіне барынша қамқор болып жүр. Ендігі арманы – шаңырақ көтеріп, әке-шешесіне қуаныш сыйлау. Олай болса, еңбекпен көктеп, көгерген азаматтың арманы орындалсын деп тілейміз.

Ескелді ауданы

◆КӨКЖИЕК

УНИВЕРСИТЕТ жаңа мәртебе алды

Биылғы қыркүйек айында Қазақ ұлттық аграрлық университетіне «зерттеу» мәртебесі берілді. Бұған аталған білім ордасының ректоры Тілектес Есполов және университет ұжымының күш-жігерінің арқасында қол жеткізілді. Университетті зерттеушіге айналдыру үшін жоспарлар ойластырылды. Оны мыңдаған адам қабылдап, толық қолдады.

Мәселен, кафедрада соңғы 5 жылда 12 ғылыми-зерттеу және шаруашылық келісімшарт жобалары мен екі халықаралық жоба орындалуда. Осы уақыт аралығында 11 PhD докторант шетелдік жетекші ғалымдардан оқудан өтті. Кафедрада шетелдік жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттары оқиды. Жыл сайын кафедра жанында ветеринарлық сала қызметкерлері өз біліктіліктерін арттырады, жазғы магистрлік мектептер өткізіледі. Кафедра Банат ауылшаруашылығы және ветеринарлық медицина университетімен (Тимишоара қ., Румыния), Ланьчжоу ветеринарлық ғылыми-зерттеу институтымен (Ланьчжоу, ҚХР), Қытай ауылшаруашылығы академиясының Ланьчжоу ауылшаруашылығы және фармацевтика институтымен, Сүлейман Демирель университеті «Тамақ инженериясы» кафедрасымен тығыз ынтымақтастық орнатқан. Испарта қолданбалы зерттеу университеті – ауылшаруашылығы ғылымдары және технологиялар факультеті Ланьчжоу НИВИ-мен (ҚХР) «Жануарлардың негізгі трансшекаралық ауруларының алдын алу және оларға қарсы күрес үшін жаңа өнімдерді бірлесіп әзірлеу және қолданбалы зерттеу» халықаралық жобасы орындалуда.

Университет «зерттеу» мәртебесін алған күннен бастап, ғылыми зерттеулерді тиісті деңгейде жүргізу үшін АӨК дамытуға және ел игілігіне бағытталған барлық жаңашыл идеяларды жүзеге асыру үшін бұдан да зор мүмкіндіктер ашады деген сенімдеміз. Осы ретте Тілектес Исабайұлын және ұжымды «зерттеу» мәртебесін алуымен шын жүректен құттықтап, еңбектеріне табыс тілейміз.

А. ИБАЖАНОВА,
«Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының профессоры, в.ғ.к.,
ассистенттер:
А. МЫРЖИЕВА,
Л. ЖАНТЕЛИЕВА

◆ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ

КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАЛДЫ



Қаратал ауданы бойынша от жағу маусымына барлығы 407,0 мың литр сұйық отын қажеттілігі бекітіліп, сатып алу келісімшарты жасалды.

– Күннің суытуына байланысты аудан бойынша әлеуметтік маңызды нысандарда 3 қазаннан бастап от жағу маусымы басталды. Аудан бойынша жалпы 68 мекемені көмірмен қамтуға 33,8 млн. теңге бөлініп, жұмыс жүргізілуде. Пеллетпен жылытылатын 8 мектепке 727,9 тонна биоотын сатып алу үшін «Медеу Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 37,122 млн. теңгеге келісімшарт жасалды. Бүгінгі күнге 70,7 тонна биоотын жеткізілді. Мектептердің өтініміне сәйкес қажетті биоотын дер кезінде жеткізіледі, – дейді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Сәуле Батырбекова.

Айта кетерлігі, орталықтандырылған жылуға 162 нысан қосылған. Алдағы жылыту маусымына «Жылыту орталығы» ЖШС орталықтандырылған қазандық шаруашылығына барлығы 2340 тонна мазут қажет. Жылыту маусымында сұйық отынмен қамтамасыз ету мақсатында облыстық энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы «Petro sun» ЖШС арасында келісімшарт жасалған.

Аудан бойынша тұрғындарға қажетті қатты отын көлемі 48000 тоннаны құрайды. Қазіргі таңда аудандағы тұйықтамаларға 17871 тонна қатты отын (37 пайыз) жеткізілді. Бүгінгі күні аудан орталығын «Сауда көмір», «Идигова» және «Ин-Сан» жеке кәсіпкерлігі қамтамасыз етуде. Көмірдің нарықтағы орташа бағасы 13900 теңге көлемінде.

Нысандарды қысқы жылыту маусымына дайындау барысында тиісті органдармен қаралып, дайындық паспорттары толтырылды. Орталықтандырылған су құбырлары мен су бұрудың құдықтары, люктері жабылуда, сорғы стансыларының ғимараттарын жылыту шаралары қолға алынды. Электр желілеріне, трансформаторлық стансыларға ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізіліп, майлары ауыстырылуда. Осылайша, аудан көлемінде жылыту маусымының әзірлік жұмысы жалғасып жатыр.

А. ӨМІРБАЕВ
Қаратал ауданы

Jetisý
@Jetisugazeti
Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

✓ ЖАМБЫЛ – 175 ЖЫЛ

ҰЛЫ АҚЫН ҰЛАҒАТЫ

Жамбылдың ақындық мұрасына тән бірнеше ерекшелік бар. Ол ерекшеліктер ақынның ойлау, ой толғау таланты мен дүниетанымына тән қасиеттерден бастау алады. Ақын не айтса да, не туралы сөйлесе де, не жайында толғанса да анығын айтады, қысқа да нұсқа айтады, орынды әрі оралымды айтады, шынайы да шырайлы толғанады. Арына, намысына қозғау салған, елдің, халықтың мұратына қайшы келетін, адамдықтан, адамгершіліктен алшақ тұрған өмір құбылыстарымен бетпе-бет келгенде ақын таланты суаруы келіскен алмас қылыштай жарқылдап, жүзінен жасын жыр шашыратқандай болады.



Ақынның өзі де, Мұхтар Әуезов аңғарғандай, қарсыласының қалт еткен мінін қылып еткізбей бас салып, ақырында оның өзін де, мінін де сара тіліп, сорын қайнатып шығарады. Осының бәрі Жамбылдың көзінің қырағы, көңілінің сергек екендігін, ойының терең, танымының кең екендігін танытады. Ақынның айту, жырлау, толғау шеберлігі де мінсіз, тәңірдің дарытқан қасиетіндей кінәратсыз, күннің нұры секілді тап-таза. Бұлардың қай-қайсысын да ақын өзінің шығармашылық өнері мен өмірінің мазмұны мен мәніндей көріп, көңілінен бір сәт таса етпеген, әрқашан көзінің алдында, жүрегінің басында ұстаған. Осы ретте еске мықтап ұстайтын мынадай жай бар: ақын анығын айтқанда да, тура, қысқа әрі нұсқа айтқанда да, шынайы әрі шырайлы толғағанда да бір-ақ нәрсені айтады, бір-ақ нәрсені толғайды. Ол – шындық. Шындық кісінің қолы жетпейтін аспандағы құс емес, ұстатпайтын судағы балық та емес. Шындық деген – кісінің өзі. Оны көру оңай болғанмен тану қиын. Тани қалған күннің өзінде де оны сол танылған қалпында ұғып, сол қалыпта айту – қиынның қиыны. Ал айтыла қалған жағдайда, оған тоқталмауға, оны мойындамауға болмайды. Шындықтың алдында елдің бәрі бірдей кішік. Сондықтан аспанның асты мен жердің үсті аралығында шындықтан асқан ұлы нәрсе жоқ.

Шындықты әркім тани алмайды, шындықты әркім айта алмайды, шындықты айтқанды әркім ұната қоймайды. Шындықты сүю, шындықты айтқанды сүю де жұмыр басты пенденің бәрінің қолынан келе беретін іс емес. Шындықты да, шындықты айтқанды да айнымай сүйетін құдірет иесі біреу болса, ол – Құдай, ал екеу болса, біреуі – Құдай, екіншісі – халық. Құдай мен халықтың құдіретінде де, қасиетінде де шек жоқ – екеуі де мәңгілік. Бұлардан басқа, үшінші құдірет иесі қалайда бар, жасауға тиіс болса, ол – Жамбыл. Адам баласы қатарында мұндай құдіретке, мұндай қасиетке жүз жыл бойына тынбай шындық деп соққан, шындық деп жырлаған ұлы жүрек иесі ғана лайықты. Өйткені жүз жыл жасап, жүз жыл жырлау Құдай мен халықтың сүйікті кісісінің ғана қолынан келмек. Ал жүз жыл жасап, жүз жыл жырлағанда, жай ғана жасап, жай ғана жырламай, жүз жыл бойына шын жасап, жүз жыл бойы шындықты жырлау – мәңгілікке ғана жарасатын құбылыс.

Жамбылдың ақындық мұратының, көркемдік-эстетикалық нысанасының мәнін танытатын ерекшеліктердің қатарында оның шыншылдық тұрғысы үлкен орын алады. Ақынның шыншылдығы да, шыншылдығынан туып жатқан сыншылдығы да халық таныған ақиқат құбылыстар мен оқиғаларға негізделеді. Ол қандай қиын-қыстау жағдайда да, ақындығы мен азаматтығы, тіпті өмірі сынға түскен қандай қатерлі шақта да осы ақиқатты айтқан, сынын да, мадақ сөзін де ақиқат шындыққа бағындырған. Ол қандай алмағайып заманда да тек шындықты айтып, қандай көзді тартып, көңілді арбайтын қыздырмалы, қызықпалы ортада да әділеттің ақ жолынан таймай, шынды сындай, сынды шындай қабылдап, өмір құбылыстарының қандайын да шынайы толғаған. Жамбылдың шығармашылық абыройы мен суырыпсалма ақындық атағының халық арасына мейлінше кең жайылуының басты себебі осында.

Ақын өзінің шығармашылық өмірінің бастапқы кезеңінде-ақ дүние қуып, мал жиғаннан, бай болып, билік құрғаннан, әкім болып елге тізе батырғаннан халықтың мұңын мұңдап, жырын жырлағанды әлдеқайда адал іс, абыройлы қызмет деп білген. Ақын ақындық өнерді өлең шығару деп қана ұғынбай, шындықты, халық өмірінің шындығын, әділдікті, адамдықты қорғауды басты құралы деп бағалаған. Халық үшін қадірлі, қасиетті істі де ол шындық, әділдік, адамдық таразысымен өлшеді. Ақындық өнер туралы мұндай биік көзқарас Жамбылдың ақындық тұрғысына, шығармашылық концепциясына негіз болды. Ұлы ақынның мұндай ұлы эстетикалық нысанасының ерекшеліктері оның ақындық тұрғысы талаптары деңгейінен қарағанда тұрмыстағы пендешілік істің қандайы да: байлық та, билік те баянсыз, опасыз болып көрінеді.

Ақын дүние қызығын, байлық рахатын мансұқ етпейді, елге қайыры жоқ, халыққа пайдасыз байлықты ғана баянсыз, опасыз деп біледі. Маңдай термен келсе де, алдап-арбауға негізделген удай пысықтықпен келсе де, байлықтың аты – байлық, бардың аты – бар. Байдың байға құятыны, байлықтың байлыққа құйылатыны да бекерден-бекер емес. Біткен малды бекер шашқаннан кісінің жақсы аты да, жомарт аты да шықпайды. Берекесізге, тексізге жасаған қайыр да бір, құмға құйған су да бір – екеуінен де із қалмайды. Бай болған кісінің мал шашуға діті жетпейтінінің бір себебі осында жататын болу керек. Сонымен қатар байлықтың әр екі кісінің бірі тани бермейтін айрықша қасиеті бар. Егер байлық адамгершілік негізі берік, тегі таза, кісілік, адамдық уызына жарып өскен, шілдесінде шырақ көрген кісіге бітер болса, онда оның рахаты мен қызығы бүкіл елге жетеді. Егер байлық адамшылық негізі жоқ, уызында жарымаған, шілдесінде шырақ көрмеген бір насқа бітер болса, онда оның рахатын ешкім де көре алмайды. Адамның, адамдықтың жауы осындай настардың арасынан шығады. Жамбылдың қарсы болатыны – осындай бай мен осындай байлық.

Биліктің де өз буы бар. Ол біреудің ойына түссе, біреудің бойына түседі. Уызында жарымаған, негізі жоқ, шілдесінде шырақ көрмеген әлдебіреуге билік тисе, онда ол билігін кісінің басына, құдайдың жолына қарап айтпайды, құлқынының қамына қарай айтады. Мұндай би мен мұндай билік – кісінің де, кісіліктің де хас дұшпаны. Жамбылдың жек көріп, жержебіріне жетіп айыптайтыны – осындай би мен осындай билік.

Адам мен заман – Жамбылдың шығармашылық өнерінің басты тақырыптық өзегі. Адамның жақсылығы мен жамандығы, адамдығы мен надандығы, адалдығы мен арамдығы сарапқа түскен шығармаларында ұлы жырау аз сөзбен, білінер-білінбес ишарамен-ақ заман тынысы, заман шындығы жайында үлкен ой түйеді. Зымыран уақыт жан біткеннің қай-қайсысын да, ұлысын да, кішісін де түптің түбінде бір тізесіне салып илеп, желқомдай түтіп, түте-түтесін шығарарын айтумен бірге кісінің кісілігі, жарық дүниедегі жақсылығы, адамдығы оның кісіге жасаған кісілігімен, кісіге тигізген шапағатымен, елге сіңірген еңбегімен өлшенетінін де ақын тебірене отырып толғайды. Жырау танымына салғанда адамның адамдығын сақтап қалатын, оның өзі өшкенмен атын өшірмей, ұрпақтан-ұрпаққа алып баратын күш-құдірет – оның осындай істері. Кісінің қалған пендешілік істерінің бірінде де опа жоқ. Мұндай түсінік, мұндай халықтық негізі берік берен қағида Жамбылдың шығармашылық өнері мен өнегесіне өлшеусіз зор, бағалы мазмұн дарытады.

Ел боданда, ер босқында жүрген заманда да ар ұялардай, ақындық ождан аяқасты болардай қылыққа бармай шындықты айтып, шындық шынарын көкке өрлету әрбір екі ақынның бірінің қолынан келмейді. Жамбыл алдында отырған бай-шонжарды да, алдына бітейін деп тұрған мыңғырған малды да, қолына қонайын деп тұрған дәулет құсын да олардың баяндылығына, өзінің биік адамгершілік мұратына, халықтық нысанасына сай байымдап, бағалайды. Жастайынан ұстанған ақындық мұратына, шындықты, әділдікті, адамдықты құрмет тұтқан халықтық танымына лайықсыз болса, ақын бай мен байлықты да, дәулет құсын да қабыл көрмей сара ойы мен дара талантының, даналық танымының құс жолындай сайрап жатқан ақ даңғылымен самғай береді. Бұдан біреу басына жұмақ орнатпақ болса да әділет жолынан таймайтын, ар туына дақ түсіруге бармайтын халықтық ұлы мұрат, халықтық қайсар қасиет көзге түседі. Жамбыл – осындай халықтық ұлы мұрат пен халықтық қайсар қасиеттің жыршысы. Оның ақындық ұлылығы осында. Ақындық мұратқа адалдық, ақындық өнерге адалдық жоқ жерде ардың ақтығы мен ожданның тазалығы да болмақ емес. Қолының қысқалығына қарамай Жамбыл ақындық ар-ождан тазалығын дүние қызығынан, байлық пен дәулеттен өлшеусіз жоғары қояды, құдай берген талантты құдай көрсеткен жолға жұмсайды. Ақынның мұнысын, мұндай нысана-тұрғысын, дүние-мүлікке бұрылмай, ақындық арождан, ақындық абырой, ақындық ақылой мәртебесін өсірген даралығын оның өз заманы үшін де, бүгінгідей парықты нарық билеген базарлы заман үшін де тың болып, тың қалып қарайтын таным деген дұрыс. Мұндай қасиет пенденің кейпіндегі періштенің де, періште кейпіндегі пенденің де бойына бітпейді, ақындық өнерді ардың ісі деп білген, арын жанынан жоғары бағалаған, тақтан да, бақтан да биік қойған, тудай желбіретіп төбесіне көтеріп ұстаған нағыз халық данышпанының ғана басына қонбақ. Өнерді өркендететін, өнерпаздың өркенін өсіретін нағыз халықтық асыл қасиет деген осындай болса керек.

Ұлы жырау шындықты жырлап қана қоймай, оны жанын салып қорғады, елі үшін жырын қару етіп, күреске шықты. Бұл күрес үстінде көргендері мен көңілге түйгендері нәтижесінде ақын шындықты, әділеттілікті, адамдықты олардың тарихи тегіне сай тану дәрежесіне жетті, адам тағдырын, заман құлқын билеп-төстейтін жалпы заңдылықтарды шығармашылық сара танымен байымдау деңгейіне дейін көтерілді.

Адам мен заман жайын, ел мен елдік, батыр мен батырлық арасын толғап, жырлағанда, Жамбылдың өзі де, жыры да сұңқардай сұрапыл, қырандай алғыр, тұлпардай жүйрік сипатымен дараланады. Тіпті ақын жырлары сұңқар самғап шыға алмайтын заңғар биікте парлап, қыран қанатын талдыратын қияға шырқайды, тұлпар тұяғы жетпейтін асу-асу белдерден асады. Сондықтан да ақын жырларының сұрапыл тасқыны алдында дүниенің байлығын алдына салып айдап, қорасына әкеліп қамап жүрген байлар да, тұтас аймақты қабағымен бағып, қалт еткізбей ұстаған болыстар да көмейіне құм құйылғандай үнсіз, тым-тырыс қалған. Тау басынан бұрқ-сарқ қайнап тасып шыққан таза бұлақтай асыл жыр өз жолында кедергі-тосқауыл дегенді білмей, бұзып-жармай өтіп, жұрттың жүрегін баурап, көкейіне қонған соң ғана тұнады, жай тұнбай, өзі баураған жүрек пен өзі қонған көкіректі күндей жарқыратып, гүлдей жайнатып тұнады.

Алып – анадан. Халық даналығы осылай дейді. Ақынның алып болып тумағы– заманнан. Бұл арада анадан алып болып тумаса да ақын болып туу, "жөргегінде жатқанда-ақ түсіне өлең кірген" тума талант болу қандай қажет болса, сол тума таланттың ақынға айналуы заманның өз талабынан, өз сұранысынан туындауы да соншалықты басты шарт. Олай болмаған жерде қандай тума таланттың да алыпқа, ақынның алыбына айналуы – алмағайып нәрсе. Сондай- ақ бойында туа біткен асыл қасиеті, ақындық асық таланты жоқ, бірақ "әу" деп әуелетіп өлең айтып жүрген қалың қарашоғырдың ешқайсысы да алып ақын бола алмаған, заман олардың ешқайсысын да ақынның алыбына айналдырмаған. Анадан ақын болып қана туған Жамбыл тоқсан жыл жасап, жүзге жүзін бұрғанда заманның алып шекпенінің жағасынан алып ақын болып қайта туды.

Анадан тума талант ақын болып туу да, жүз жыл жасап, заман құрсағынан ақынның алыбы болып қайта туу да жұмыр басты пенденің маңдайына жазыла бермейді. Бұл Алланың әмірімен Алланың сүйген құлының ғана пешенесіне жазылады. Жамбыл – Алланың сүйген құлы. Алланың кімді сүйіп, кімді сүймейтінін көріп-білген ешкім жоқ. Алайда, оның Жамбылға ауған ықыласын, берген бағын көріп-біліп отырып, Жамбылдың Алла тағаланың сүйген пендесі екендігін мойындамау асылыққа апарып соғар еді. Алланың қалауымен замана құрсағынан ұлы жырау, алып ақын болып туған Жамбыл қазақ ақындық өнерінің даму тарихында алға қарай алып адым жасады. Алып адымды ұлы жыраумен бірге қазақ поэзиясы да алып адымдап алға басып, өз дамуының жаңа дәуірін бастады. Сөйтіп қазақ халқының ақындық ойы, жыраулық өнері бірнеше ғасырлық даму, өркендеу жолын бір Жамбылдың ақындық ғұмырбаянының аясында ғана жүріп өтіп, тарихи ұлы серпіліс, адам айтса нанғысыз ғаламат сілкініс жасады. Мұның өзі қазақ халқының ақындық өнерінің, қазақ халық поэзиясының тұтастай бір қалың шоғырлы таланттарының көзін ашып, көңілін аршыды, елдің ақындық ойын шырқау биікке көтерді.

Сөз өнерінің білгір майталмандарының көпшілігі суреткердің таланты дегенді өмірде жұрттың бәрінің көзі түсе бермейтін, жұрттың бәрі көре алмайтын нәрсені көріп, жұрттың бәрінің көңілі тани алмайтын құбылысты тану деп түсіндіреді. Бұл орайда, әрине, жұрттың көзі көрмейтін нәрсені көріп, жұрттың көңілі тани алмайтын құбылысты танып қана қоймай, солардың бәрін жұрт таба алмайтын мазмұн мен мәнге бөлеп толғаудың маңызы да жоғары екендігінде сөз жоқ. Жамбыл – жұрт көрмеген шындықты көріп, жұрт тани алмаған құбылысты танып, тек өзінше таныған, жұрт көріп, таныса да, батылы жетіп айта алмаған шындықты батылы жетіп айтқан, тек өзінше айтқан, айтқанда да жұрт таба алмайтын мазмұн мен жұрт келістіре алмайтын пішінге бөлеп айтқан, тағы да тек өзінше бөлеп айтқан ұлы ақын.

Жанғара ДӘДЕБАЕВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор

С. Сейфуллин атындағы облыстық кітапханада бас қосқан руханият саласының өкілдері хакім Абайдың 175 жылдық мерейтойына орай аймағымызда атқарылған жұмыстарды сөз етіп, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен халықаралық «Абай» атындағы мәдениет пен өнерді қолдау қоры тарапынан ұсынылған Абай атындағы мерекелік медаль мен Алғыс хатын тапсырды. Шараға ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұловаының кеңесшісі Ерлан Жұрынбаев, «Абай» атындағы халықаралық мәдениет пен өнерді қолдау қорының жетекшісі Ермек Бейсембаев пен аталған қордың атқарушы директоры Аслан Ғафуров арнайы қатысып, руханият жанашырларын марапаттады. Шараны облыстық мәдениет басқармасының басшысы Мәрлен Көлбаев жүргізді.



БӘРЕКЕЛДІ!

«АБАЙ» МЕДАЛІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Қажет АНДАС

– Хакім Абайдың мерейтойын өткізуге орай облыс әкімінің қолдауымен жазба ақындар арасында мүшәйра жарияланып, оған 300-ге жуық ақын қатысты. Сол сөз бәсекесіне түскен ақындар өлеңдері жинақталып, «Адамзаттың Абайы» атты жыр жинағы баспадан шықты. Облыс делегаттары құнды кітапты ақынның туған жеріне жеткізіп, жырсүйер қауыммен кездесіп қайтты. Сондай-ақ, суретшілер байқауы, Абай оқулары, тағы басқа түрлі мәдени, әдеби шаралар ұйымдастырылды. Облыстық әкімдіктің қолдауымен Семейде Абай атындағы аллея ашылып, жұрттың ризашылығына бөленді. Осындай игілікті шарада белсенділік танытқан азаматтарға Мәдениет және спорт министрлігі мен халықаралық «Абай» атындағы мәдениет пен өнерді қолдау қорының марапатын тапсыру үшін жиналып отырмыз, – деді Мәрлен Қапашұлы.

Әрине, осыған дейін біз Абай мұрасын дәріптеп келсек, енді Мемлекет басшысы айтқандай: «Қазақ руханиятын Абай арқылы насихаттауға көштік». Бүгінде күллі қазақтың, тіпті, әлем руханиятының көшбасшысына айналған Абай мұрасы ел руханиятын өркендетудің бастамасына айналды. Бұл жайлы Ерлан Сыдықұлы:

– Өткен жылы Абай шығармалары оннан астам шет тіліне аударылып, оқырмандарына жетті. Ал елімізде ұлы ақынға ескерткіш, орта мектеп, колледж ашылып, саябақтар салынды. Халықаралық деңгейде де маңызды іс-шаралар өтті. Әсіресе, Президенттің тапсырмасымен өткен жыл Абай жылы деп аталып, Абай атындағы телеарна ашылып, жұрттың ықыласына бөленді. Былтыр туып Абай есімін еншілеген сәбилерге арнайы стипендия тағайындалды. Қысқасы, атқарылған жұмыс ауқымды. Саралап көргенде ақын мұрасын ардақтауға елімізде жетісулықтардың ерекше белсенділік танытқанын айта кеткен жөн. Сол азаматтарды марапаттау үшін арнайы ат арытып келіп отырмыз, – деп айрықша атап өтті.

Мерейтойды ұйымдастыру мен өткізудің салмағы Мәдениет және спорт министрлігіне жүктелгенімен сол маңызды шаралардың нәтижелі атқарылуына халықаралық «Абай» атындағы мәдениет пен өнерді қолдау қоры ерекше ықпылас танытып, белсене атсалысты. Бұл жайлы кеңінен тоқталған Аслан Ғафуров осы жолғы марапатқа ұсынылған үміткерлердің абайтануда сіңірген еңбегі мен мерейтойды атап өтуге қосқан үлесіне ерекше назар аударылғанын атап өтті. Сондықтан әрбір марапат өз иесін тапты деп айтуға болады.

Бұл қатарда ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен халықаралық «Абай» атындағы мәдениет пен өнерді қолдау қоры тағайындаған «Абай» атындағы медальге жетісулық ақындар мүшәйрасын ұйымдастырып, «Адамзаттың Абайы» атты тарихи жинақтың шығуына көп еңбек сіңірген ҚР Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы, облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы Әміре Әрін, сол мүшәйрада бірінші орынды жеңіп алған ақын, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, облыстық «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары Нүсіпбай Әбдірахым, «Абай» спектаклінде Абай рөлін сомдаған Б. Римова атындағы облыстық драма театрының әртісі Базарбек Тоқымтаев және Абай бейнесімен жұрт жүрегінен жылы орын алған Б. Римова атындағы облыстық драма театрының әртісі Сағындық Жұмәділов, «Абай мұрасын қолдану жолдары» атты танымдық, философиялық туынды жазған автор Досым Омаров, Абай мұрасы жайлы 200-ден астам хабар түсіруге мұрындық болған облыстық «Жетісу» телеарнасының продюсері Гүлжан Қызайбай, мектеп оқушылары арасында Абай оқуларын өткізіп, жақсы нәтиже көрсеткен ұстаз Бақыт Садықова, шығармашылық ұжымдардың Абай мұрасын насихаттауына бастамашы болған облыстық халық шығармашылығы орталығының директоры Ермек Доланғаранов, облыста өткен барлық шараның бас жобалаушысы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мәрлен Көлбаев бар. Сонымен қатар, бір топ азаматқа Мәдениет және спорт министрлігі мен «Абай» қорының Алғыс хаты тапсырылды.

Халқымызда: «Сыйлық қымбат емес, сүйіну қымбат» деген нақыл бар. Соңында марапат иелері де сөз алып, жүрекжарды ойымен бөлісті. Сол қатарда Әміре Әрін: «Абай бүгінде тек қана қазақтың Абайы емес, бергі жағы түркі әлемінің, арысы күллі дүниенің рухани көшбасшысына айналды. Америкада өлеңі оқылып, Жапонияда әні шырқалса, Еуропада музейлері ашылып, өмірі насихатталса, одан артық қазақ халқында бақыт бар ма?! Осы ретте Абайды насихаттай білген замандастарыма алғыс айтқым келеді», – деп сөзін қорытындылады.

Марапаттың сан түрі бар. Бірақ Абай мұрасын нәсихаттауға қосқан еңбектің жөні бөлек. Өйткені, Абай мұрасы қазақ руханиятының келешегімен бірге тыныстап, мәңгілікке бағыт ала беретіні сияқты аталған марапаттың да өміршең болатындығы анық.

Jetisý
@Jetisugazeti
Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ҰЛТ ҰСТЫНЫ



ЖАДЫМЫЗДАҒЫ ЖАҢҒЫРЫҚ

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске алу күнін Ақсу ауданының жұртшылығы бөлекше атап өтті. Қазақ халқының басына қара бұлт үйірген қаһарлы жылдарға арналған қаралы жиын бағдарламасы – дәстүр бойынша аудан орталығы Жансүгір кентіндегі Ілияс бабамыздың ескерткішіне гүл шоқтарын қоюдан басталған.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Жиынды ашқан аудан әкімі Есім Базарханов ашаршылық пен Саяси қуғын-сүргіннің елге тигізген зобалаңы жайлы баяндап, Ақсу ауданынан жазықсыз жазаға ұшыраған жандардың есімдерін еске салды. Келесі болып сөз алған қоғам қайраткері Оралбек Жақиянов елінің еркіндігі мен болашағы үшін ажалдан қаймықпаған Алаштың арда азаматтарын ардақтап, рухына тағзым жасау болашақ ұрпақ тәрбиесі үшін қажет екенін айтса, қызыл империяның сұрқай саясатының құрбаны болған Ілияс Жансүгіров пен Ораз Жандосовтың немересі Ажар Жандосова өз отбасы мен әулетіне таусылмас қайғы әкелген сол бір жылдардың жаңғырығын жадымызға салып, аталарының атын есте сақтау үшін атқарылып жатқан жұмыстарды тілге тиек етті.

Аталған шараға Алматыдан арнайы келген Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары Мереке Құлкенов ашаршылық пен қуғын-сүргіннен ұлттық болмысымыз бен бірегейлігіміздің шеккен зардабын, қазақ жерінің әр шалғайындағы орын алған сорақы жайларды айтып, болашақта мұндай оқиғалар қайталанбас үшін де нәубетті еске алып отырудың қажеттігіне тоқталды. Тарих ғылымдарының докторы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің профессоры Мұратбек Иманғазинов нақтылы деректерді келтіре отырып, қазақ даласында бұрын-соңды болмаған қырғынның себебі мен салдарын, одан шығарылатын қорытынды жайлы ойларын ортаға салды.

Жиынға қатысушылар келесі кезекте Талдықорған – Өскемен күрежолының бойындағы биік те бедерлі тұғырына қонған Бөрібай батырдың ескерткіші төңірегінде қайтадан бас қосты. Себебі, дәл осы күнге батыр ескерткішінің жанынан Ілиястың бала кезінен хабар беретін кіші архитектуралық мүсіннің ашылу рәсімі жоспарланған екен. Тұсаукесер салтанатында алғашқы болып сөз алған Болатхан Боранбаев Ілекеңнің балалық, жастық шағы, шығармашылығы мен мемлекет қайраткері ретінде атқарған жұмысы жайында қысқаша хабарлама жасады.

Ескерткіш-мүсіннің жамылғысын аудан әкімі Есім Базарханов, Ажар Жандосова, Оралбек Жақиянов, Мереке Құлкенов, Қайрат Мусиндер салтанатты түрде сыпырып, жиналған жұртшылық аса талғампаздықпен орындалған бала Ілиястың мүсініне қуана қол соқты. Басқосу барысында аудан имамы Анарбек қажы бабалар рухына Құран бағыштаса, аудандық мәслихаттың төрағасы Бейбіт Сүлейменов, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары Мереке Құлкенов, Алматы облысының, Ақсу мен Сарқан аудандарының Құрметті азаматы Сабыр Қадырұлы, Ілекеңнің ұрпағы Ләйлә Жансүгіровалар ескерткіштің ашылуымен құттықтап, айтыс ақыны Қаныша Райысова мен баспагер-ақын Қайрат Бестібаев ақынға арналған өлеңдерін жұртшылыққа тарту етті.

Құрметті қонақтар ашаршылық пен қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне және бала Ілиястың мүсінінің ашылу құрметіне жайылған дастарқаннан дәм татып, оқылған Құранға қол жайды.

Ақсу ауданы

5 МАУСЫМ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС ҚҰРЫЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ Қазақстан халқына Жолдауында: "Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму – еліміз үшін алдыңғы кезекте тұрған мәселе. Бүгінгі таңда әлем жұртшылығы осы мәселемен айналысуда. Бізге де мұндай жаппай үрдістен шет қалуға болмайды», – деп атап өтті. Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ қатысумен «Nur Otan» партиясы Саяси кеңес Бюросының отырысында аймағымыздың экономикасын, экологиясын, білімі мен мәдениетін, спорты мен туризмін өркендетуге қозғау салатын қоғамдық кеңестер құрудың жай-жапсары сөз болды.

Қажет АНДАС

Сол жиында қоршаған ортаны қорғау, туындаған экологиялық мәселелерді шешу және сол барыста атқарылатын қызметтерге ықпал ететін экологиялық кеңес құру тапсырылды. Осыған орай, аймағымыздағы мәслихат депутаттары, экологтар, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің өкілдері, БАҚ өкілдері мен еріктілерден құралған облыстық экологиялық кеңес Қоршаған ортаны қорғау күні қарсаңында бірінші отырысын өткізді.

Жаңадан құрылған кеңестің басты міндеті – өңіріміздегі экологиялық жағдайды жақсарту, облыстағы қоқыс полигондарының жағдайын бақылау, аудан, қалалардың экологиялық шараларына мониторинг жұмыстарын жүргізіп, аталған мәселелер бойынша кеңесте жауапты тұлғаларды тыңдап, кемшіліктер болған жағдайда партия мүшелеріне партиялық жаза қолдану бойынша ұсыныс беру. Кеңес ережесіне сәйкес отырыс тоқсанына бір рет ұйымдастырылады. Керек жағдайда кезектен тыс отырыстар ұйымдастыру қарастырылған. Кеңес мүшелері облыс әкімі, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының төрағасы Амандық Ғаббасұлымен келісіліп, бекітілді.

Кеңестің төрағасына облыстық мәслихат депутаты Мұрат Әубәкіров тағайындалды. Мұрат Амангелдіұлы облыстық мәслихаттың экология мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы, мәслихат сессияларының отырыстарында стихиялық қоқыс тастайтын жерлерді кәдеге жарату мәселелерін ұдайы көтеретін белсенді депутат. Жеміс-жидек шаруашылығымен айналысатын «Жаркент-фрукт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы. Кеңестің алғашқы отырысында кеңес мүшелері таныстырылып, алдағы жұмыс жоспары пысықталды.

Жетісу өңірі "жер жаннаты" деген атпен танымал. Десе де, экологиялық ортаға залал келтіріп отырған жағдайлар да жоқ емес. Айталық, жердің тозуы, күннің жылынуы, мұздықтардың еруі де климаттың өзгерісіне ықпал етіп жатыр. Сондай-ақ, өңіріміздегі тұрмыстық қатты қалдықтар мәселесі өзекті бола түсуде. Бүгінде облыстағы жинақталған қалдық көлемі 9 млн. тоннаға жетті. Сондықтан облысымыздағы қатты тұрмыстық қалдықтарды қажетке жарату ісі бүгінгі күннің талабынан шығып отыр деп айта алмаймыз.

Әрине, дамыған мемлекеттер сияқты қоқысты керекке жаратып, одан өміріміз бен тіршілігімізге тиімді заттарды өндіретін уақыт та келер. Ондай мүмкіндікке жету үшін жұрт болып жұмылған жөн. Қысқасы, аймағымызда қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жұмыс жүйелі атқарылғанымен, адам қолымен жасалатын қиянаттарды да жоққа шығара алмаймыз.

Жаңадан құрылған экологиялық кеңес аталған келеңсіздіктерді толығымен қарап, дұрыс шешім жасап, барын асырып, табиғаттың бағасын кетіргендердің ісін тиісті мекемелермен бірлесе отырып, қарайтын болады. Алғашқы отырыста облыстық экологиялық кеңес мүшелері онлайн режиде аудан, қаладан қосылған әріптестерімен маңызды іске белсене араласатынына сенім білдірді. Сондай-ақ, бірінші қадамда құтты тұрмыстық қалдықтар мәселесін шешуді назарға алғанын білдірді.

Осыған орай аудан, қалаларда құрылған экологиялық кеңестің төрағаларына өз өңіріндегі қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару туралы ақпараттарды облыстық кеңеске 15 маусымға дейін жіберуді тапсырды. Ақпараттар жинақталғаннан кейін кеңес мүшедлері оның бары мен жоғын саралайтын болады. Содан соң бекітілген жоспар бойынша өз жұмысын жалғастыра береді.

БӘРЕКЕЛДІ!



ОЙЫН АЛАҢЫН СЫЙЛАДЫ

Райымбек ауданындағы Сарыжаз ауылының орталығында Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай балаларға арналған ойын алаңы сәтімен ашылды. Осынау тамаша базарлықты «Қаракет» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Сарыжаз орта мектебінің 2001 жылғы түлектері сыйға тартты.

Қанат БІРЖАНСАЛ

Өткен жылы ауылдағы 140 орынды балабақшасының ескі ғимараты күрделі жөндеуден өткізіліп, пайдалануға берілген. Енді, міне, балалар бір уақыт ойнап, демалатын ойын алаңы игілікке айналды.

Тұрғындар қуанышы, балалар жақсылығына Райымбек ауданы әкімінің орынбасары Ғалым Сәлімұлы қатысып, жиналған көпшілікті құттықтап, ізгі тілегін жеткізді. Алдағы уақытта осы ойын алаңының бас жағындағы бос орынға спорт кешені салынып, саябақ жасалатынын, оның жоба-жоспарының жасалғанын айтып, көпшілікті қуантып тастады. Ауылдың қазыналы қарты, ауданның Құрметті азаматы Қонысбай Рамазанов ақ батасын берді. Ауылдан құрылған «Қаракет» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Еркебұлан Нүсіпбайұлы сөз алып, балалар ойын алаңы үшін алғашқы болып жап-жақсы қаражат беріп, қолдау көрсеткен Сарыжаз орта мектебін бітіргендеріне 20 жыл болған түлектерінің атына жылы лебізін білдірді. Сарыжаз ауылдық округінің әкімі Медет Азанбаев осынау балалар үшін жасалған игілікке негіз қалаған «Қаракет» қоғамдық бірлестігіне, мектептің 2001 жылғы түлектеріне ауыл тұрғындарының атынан жүрекжарды алғысын айтып, бір топ азаматты Алғыс хатпен марапаттады. 2001 жылғы түлектер атынан Ғалымжан Мырқасымов сөз алып, туған жері үшін қолдан келгенше шарапаттарын тигізе беретіндерін алға тартты.

Осы күні ойын алаңы балаларға толып, шашу шашылып, елжұрт өзгеше қуанышты күйге бөленді. Балапандар қуанышы ұзағынан сүйіндіре берсін!

Райымбек ауданы

Ел қадірін көрген біледі,
Жер қадірін жүрген біледі.

АЛҒЫС!



Талдықорған қалалық емхана дәрігерлері мен медбикелерінің халықты емдеп жазып, ауруынан сауығуына ықпал етіп жатқан көмектері қаншама?!

ТАБЫС ТІЛЕЙМІН!

Жас пен кәріні ауруынан айықтырып, жанына дауа, тәніне шипа болардай ем беріп, науқастың көңілін көтеріп, өмірге деген құштарлығын арттырған, ел үшін еңбек етіп, халықтың алғысын алып жүрген ақ желеңді абзал жандар, терапия бөлімінің меңгерушісі Ерасыл Еділханұлы мен хирургия бөлімінің білікті дәрігері Тұрсынғали Сауранбаев алдарына келген науқастың жазылып кетуі үшін көңіл-күйіне қарап, ем-дом алуына үздіксіз көмектесуде.

Қалалық емхананың неврология бөлімінде еңбек ететін бөлім меңгерушісі, білікті маман Зухра Ибрагимқызына, тәжірибелі дәрігер Еркен Құсманұлы мен ізденісімен көзге түскен дәрігер Ақмарал Шаймұратқызына алғыстарымыз шексіз!

Терапевт дәрігер Жадыра Болатқызы мен медбикелер Әйгерім Қошқарбекова, Жанна Мұқаева мен Салтанат Ахмадиевалар айналасына нұрын шашқан, аса жауапты мамандықтың қадірін білген абзал жандар. Сондай-ақ, осы емханадағы қанды зерттеу, анықтау бөлімінде еңбек ететін медбикелер Майра Жолынова мен Күміс Сұлтанғазиеваға да рахметіміз шексіз.

Тоты БИМҰХАНҚЫЗЫ,
№25 орта мектептің мұғалімі
Талдықорған қаласы

ӨРЛЕУ

«Ashyq» жобасымен жұмыс істейді

Аймақта бірқатар коммуналдық мемлекеттік ұйымдар мен әскери бөлімдер қызметінде «Ashyq» жобасы енгізілді. Мекемелер сандық жобаның ерікті қатысушылары болып табылады. Бұл туралы облыстық кәсіпкерлер палатасының басшысы Әсет ШАЯХМЕТОВ айтты.

QR алған мемлекеттік кәсіпорындар арасында Қарасай ауданындағы "Үшқоңыр» балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КМҚ, Еңбекшіқазақ ауданындағы «ҚР Ұлттық ұланының 6654 әскери бөлімі» РММ, Іле ауданындағы «ҚР Ұлттық ұланының 3660 әскери бөлімі» РММ, «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ бар.

Әсет Шаяхметовтың айтуынша, жобаға мәдениет және туризм нысандары белсенді түрде қосылуда. Қосымша бойынша Б. Римова атындағы Талдықорған драма театры, Сүйінбай атындағы облыстық филармониясы, Өтенай ауылының Мәдениет үйі, «Көлсай көлдері» Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ және басқалары жұмыс істейді. Жоба іске қосылған сәттен бастап өңірде 482 бизнес нысаны өз қызметінде «Ashyq» қосымшасын енгізді.

– Бүгінде «Ashyq» жобасына қосылған 482 нысанның 411-і қатысушы болып табылады, 71 нысан сынақ режимінде қызмет атқаруда. Жобаға қатысушылардың тізімі күн сайын облыс әкімдігінің сайтында жаңартылады. Айта кету керек, жобаның ерікті қатысушылары көбеюде. Олардың қатарында мемлекеттік органдар, әкімдіктер, балалар спорт мектептері, колледждер мен демалыс аймақтары бар, – дейді Әсет Шаяхметов.

Мемлекеттік органдар арасында облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мен облыс бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті «Ashyq» жобасының қатысушылары.

Облыс бойынша санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің ақпараты бойынша, қосымша Талдықорған қаласында енгізілген сәттен бастап «сары» мәртебесі бар 49 адам және «қызыл» мәртебесі бар 34 адам анықталған, Панфилов ауданында бір «қызыл» және бір «сары» мәртебесі бар адам, Ескелді ауданында «сары» мәртебесі бар екі адам, Қарасай ауданында бір «қызыл» және бір «сары» мәртебесі бар адам анықталған.

Айта кетейік, облыста «Ashyq» жобасы осы жылдың сәуір айында енгізіле бастады. Жоба COVID-19 таралу қаупін азайтуға және келушілер мен жұмысшыларды қорғауға ықпал етеді. Сонымен бірге бизнеске шектеу шараларына қарамастан, тіпті локдаун жағдайында да жұмыс істеуге мүмкіндік береді. QR коды мен ПТР-дің жалпы базасымен интеграцияланудың арқасында қосымша келушінің мәртебесін анықтай алады.

«Ashyq» қосымшасын App Store және Play Market-тен жүктеуге болады. Сонымен қатар, қосымшаның функциялары Aitu платформасында және ashyq.kz сайтында қолжетімді.



«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

БЕЛСЕНДІЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заң 2007 жылы 4 маусымда қабылданғаны белгілі. Осы Заңға сәйкес жыл сайын осы күні Қазақстан Республикасында Мемлекеттік рәміздер күні аталып өтеді. Сондай игі шараның бірі Тіл сарайында ұйымдастырылды.

Шараға облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы мұрындық болды. Мемлекеттік рәміздер күніне орай өткізілген «дөңгелек үстелде» облысымызда мемлекеттік тіл саласын дамытуға, соның ішінде рәміздерді насихаттау бағытында еңбек сіңірген белсенділер марапатталды. Олардың ішінде тіл басқармасының, «Жетісу Медиа», «Рухани жаңғыру» орталықтарының қызметкерлері, сол секілді басқа да қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан азаматтар да бар.

Марапаттау рәсімінде Қазақстан Республикасы Елтаңбасының авторы, белгілі сәулетші Жандарбек Мәлібеков онлайн құттықтау жолдады. Елге белгілі тұлға өз сөзінде: «Біз әлі де болса, Елтаңбаны насихаттауда көптеген іс-шаралар өткізуіміз керек. Біз рәміздерімізді бір ән сияқты, сурет сияқты бейжай қарамай, оның мәніне үңілсек, сонда ғана барып, халқымыздың түп-тарихын білеміз. Мемлекеттік рәміздерді тек мерекеде ғана емес, күнделікті насихаттап жүрген абзал», – деп өзінің жүрекжарды тілегін білдірді.

Арайлым НҰРЖАПАР,
І. Жансүгіров атындағы
ЖУ-дің студенті



АЛТЫННЫҢ АУЫЛЫ АЛЫСТАП БАРА МА?

Қазір XXXII Токио Олимпиадасының нағыз қызған шағы. Доданың аяқталуына небары бес күн қалды. Әзірге ел қоржынына үш қоладан басқа медаль түспеді. Десе де қазақ жанкүйерлері Олимпиада алауы сөнгенше жарыс жолына шығатын спортшыларымыздың жолын тосып, сары алтынды күтетіні анық.

Айдар ҚАЛИЕВ

Демалыс күндері өткен жарыс күніне тоқталайық. Елімізге жүлдемен оралады деген саңлағымыздың бірі – бокстан Қазақстан құрамасының капитаны Қамшыбек Қоңқабаев (+91 келі) Олимпиаданың жартылай финалына шықты. Ширек финалда күрзі жұдырықты қазақтың былғары қолғап шебері ресейлік Иван Верясовпен жұдырықтасып, үш раундтың қорытындысы бойынша төрешілер шешімімен жеңіске жетті. Бірақ алтыннан алқа тағынып, Гимнімізді Токио төрінде шырқатады деп сенген 75 келіге дейінгі салмақтағы боксшымыз Әбілхан Аманқұл бразилиялық Эберт Соузаға ұтылып қалды. Кездесу тартысқа толы болды. Әбілхан барын салды. Бірінші раундта бразилиялық мықтылығын дәлелдесе (2:3), екіншісінде қазақ боксшысы басым болды (3:2). Бірақ шешуші раундта бразилиялық боксшы жеңді (1:4). Осылайша үш раунд қорытындысы бойынша Союза төрешілердің шешімімен (3:2) ұтты.

Есесіне Токио Олимпиадасында 52 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде сынға түскен боксшы Сәкен Бибосынов франциялық Биллал Бененнан (5:0) басым түсіп, ширек финалға жолдама алды. Ол испаниялық Габриэль Эскобармен жұдырықтасады. 63 келіде жұдырықтасатын қазақстандық боксшы Зәкір Сафиуллин де ширек финалда. Оның қарсыласы жапониялық Даисуке Наримацу жарақатына байланысты шаршы алаңға шықпады. Сөйтіп, қазақстандық боксшы келесі айналымға өтті.

Әбжіл әдісті балуандарымыз Олимпиаданы сәтсіз бастады. Грек-рим күресінен әлем біріншілігінің күміс жүлдегері, 77 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Демеу Жадыраев жапониялық Шохей Ябикуға (3:5) жеңіліп қалды. Егер Шохей жартылай финалға шығатын болса, біздің балуан жұбату кездесуінде белдеседі.

Мейрамбек Айнағұлов та алғашқы кездесуінде сүрінді. Грек-рим күресінен 60 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Мейрамбек қырғызстандық Жоламан Шаршенбековке (8:0) есе жіберді.

Рио Олимпиадасының қола жүлдегері Элмира Сыздықова ширек финалға шыға алмады. 76 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен балуан қызымыз қырғызстандық Айпери Медетқызынан айласын асыра алмады.

Жеңіл атлетикада да жетістікке жеткендер жоқ. Үш қарғып секіруден үш Олимпиада қатарынан орын алған (2008 күміс, 2012 алтын, 2016 қола) Ольга Рыпакова олжалы болмады. Ол іріктеу кезеңінде 13,69 метрге секіріп, ақтық сыннан құр қалды. Ольгамен қатар өнер көрсеткен Мария Овчинникова мен Ирина Эктова жарыс жолынан шығып қалды. Сайыс қорытындысы бойынша олар 26-шы және 31-орынға тұрақтады.

Қазақстандық гимнаст Милад Карими еркін жаттығу бойынша Олимпиадада бесінші орынға табан тіреді. Финалда Милад 14.133 балл жинап, жақсы нәтиже көрсеткенімен жүлдегерлер қатарына ілінбеді. Десе де, гимнастикада бесінші орыннан көріну – жаман емес.

Каноэде 1000 метрге жүзуден ел намысын қорғаған Сергей мен Тимофей Емельяновтар 3:49.079 уақытымен жарыс жолын төртінші болып аяқтап, жартылай финалға шыға алмады. Десе де олар ширек финалдық іріктеуде келесі кезеңге жолдама жеңіп ала алады. Бұл жарыста бірінші екі орын бірден жартылай финалға, ал кейінгі бесеуі ширек финалға жолдама үшін таласады. Ал Наталья Сергеева байдарка мен каноэде есу жарысында сәтті өнер көрсетті. Әйелдер арасындағы байдаркамен жекелей жүзу жарысында Наталья 200 метр қашықтықта 46.657 уақытымен алтыншы орынға тұрақтап, ширек финалға өті.

Қазақстандық жеңіл атлет Михаил Литвин 400 метр қашықтыққа жүгіріп, өз тобында 47:15 нәтижесімен 7-орынға табан тіреп жартылай финалдан қағылды. Ел елеңдеген теннисші қызымыз Елена Рыбакина да жүлдегерлер қатарынан көрінбеді. Қола жүлдесі үшін өткен кездесуде ол әлемнің 6-шы ракеткасы, украиналық Элина Свитолинаға (6:1, 6:7, 4:6) жол берді.

Спортшылар бірінен соң бірі жеңіліп, алтынның ауылы алыстап бара жатқандай. Бірақ Олимпиада тарихында алтынсыз қайтпаған қазақ спортшылары бұл жолы да топ жарады деп сенеміз.

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

«Ashyq» жобасының тиімділігі неде?

Облыстық кәсіпкерлер палатасы өткен жылы экономиканың ең көп зардап шеккен салаларын анықтау үшін облыс кәсіпкерлерінің 48.1 пайызын құрайтын 7348 бизнес субъектісінің қызметіне талдау жүргізді. Нәтижесінде, кәсіпорындарда 5,6 мыңнан астам қызметкер немесе жұмысшылардың жалпы санының 6,6%-ға жуығы қысқартылғаны анықталған. Ал 9 мыңға жуық қызметкер немесе қызметкерлердің жалпы санының 10,5%-ы жалақысы сақталмайтын демалысқа жіберілген. 68 компания кірісін жоғалтқан және толығымен жабылған.



Қажет АНДАС

Осындай шығынға батқан кәсіпкерлердің жағдайын дұрыстау және олардың қалыпты жұмысқа оралуын қамтамасыз ету үшін әлемнің әр елі өзіне тән жаңа тәжірибелер ойлап тапты. Соның бірі «Ashyq» пилоттық жобасы. Аталмыш жобаны әлемде алғаш болып Оңтүстік Корея мен Қытай ендірді. Ұқсас бақылау құралдары Малайзия, Түркия, Грекия, Кипр және басқа да елде табысты қолданылды. Ал Франция, Италия және Германии SARS-CoV-2 вирусын жұқтыру тізбегін қадағалауға арналған қосымшаны 2020 жылғы жазда іске қосты. Мысалы, ҚХР қосымшасы оны пайдаланушылардың барлық қозғалысын жіті бақылауда ұстайды, жиналған деректерді бақылаушы органдарға жолдайды. Егер адамның бағдар-маршрутында өзгеріс бола қалса, дереу дабыл қағады. Бұл тұрғыдан алғанда, ол біршама артта қалған саналады. Айталық, Германияның Corona-Warn-App қосымшасының өзі жасанды зердемен тізе қоса отырып, коронавирус жұқтырған адамның қасына қандай адам жақындағанын қашықтан әшкерелей алады. Бұл үшін азаматтардың ұялы телефонынан шығатын сигналды саралайды.

Дамыған елдерде сынақтан өткен жобаны терең зерделей келе, елімізде «Ashyq» жобасын қолдану керек деген шешім қабылданды. «Ashyq» жобасы елімізде жыл басынан қолға алына бастаса, облыста сәуір айынан басталды. Ең алдымен, аймақтағы бірқатар коммуналдық мемлекеттік ұйым мен әскери бөлімдер қызметіне енгізді. QR алған мемлекеттік кәсіпорындар арасында Қарасай ауданындағы «Үшқоңыр» балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, Еңбекшіқазақ ауданындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 6654 әскери бөлімі, Іле ауданындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 3660 әскери бөлімі, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті бар. Әсіресе, жобаға мәдениет және туризм нысандары белсенді түрде қосылуда. Айталық Б. Римова атындағы Талдықорған драма театры, Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясы, Өтенай ауылының Мәдениет үйі, «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі өте жақсы қызығушылық танытты. Жоба бойынша облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мен облыстық қылмыстық-атқару жүйесі департаменті белсенділігі жағынан көш басында келеді. Осы жоба Талдықорған қаласында іске қосыла сала «сары» мәртебесі бар 49 адам және «қызыл» мәртебесі бар 34 адам анықталды, Панфилов ауданында бір «қызыл» және бір «сары» мәртебесі бар, Ескелді ауданында «сары» мәртебесі бар екі, Қарасай ауданында бір «қызыл» және бір «сары» мәртебесі бар адам анықталды.

Дегенмен, бәріміз бірдей «Ashyq» жобасын қолдаймыз дей алмаймыз. Бүгінде өңір бойынша 893 нысан «Ashyq» аясында қызметін жалғастыруда. Алайда «Ashyq» жобасына қатысқандардың жауапкершілігін талаптағыдай орындап жатыр дегенге сенім аз. Себебі, өткен аптада облыстағы 37 нысан «Ashyq» жобасынан шығарылғаны мәлім болды. Олар келушілерді «Ashyq» жобасының талабына сай тіркемеуіне байланысты жобадан шығарылды. Облыстық кәсіпкерлер палатасының ақпаратынша, 21 шілдедегі жағдай бойынша 806 нысан «Ashyq» жобасының қатысушысы болып табылады, тағы 87 нысан сынақ режимінде жұмыс істеуде.

– «Ashyq» жобасы іске қосылған уақыттан бастап нысанда келушілерді тіркеу саны бойынша 9 көшбасшы-қатысушы анықталды. Оларға «Ashyq» көшбасшылары» мәртебесі берілді. Жобаның 37 қатысушысы жергілікті атқарушы органның хаты негізінде нөлдік көрсеткіштері себебінен жобадан шығарылды. Аталған нысандарда QR-код бойынша келушілерді тіркемеу фактілері анықталған. Жобаның көшбасшылары мен аутсайдерлерінің тізімі облыс әкімдігінің сайтында жарияланған, – дейді облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Әсет Шаяхметов.

Осы тұста «Ashyq» жобасы бойынша жұмыс істейтін нысандарға келушілер тек «Ashyq» қосымшасын ғана емес, Aitu, Egov mobile, Kaspi.kz, Halyk Homebank, Sberbank.kz платформаларын да пайдалана алады. Демек, келушілерді тіркеуде еш кедергі де, қиындық та жоқ. Алайда орын алған кемшіліктің бәрі адам өміріне немқұрайды қарау, жағдайды елемеу немесе туындауы мүмкін қатерлерден сақтанбағанның салдары деуге болады.

«Ashyq» жобасы туралы талас-тартыс та көп. Әлеуметтік желілерді сүзіп шығатын болсаң, қолдаған немесе қарсы болған сан түрлі пікірге кез боласың. Сол қатарда коронавируспен күресті сылтауратып, азаматтарды кемсітіп, адам құқығын бұзып отыр дейтін көзқарас та бар. Тіпті, адамдардың жүріс-тұрысын аңдиды деген алып-қашпа пікір таратып жүргендер де аз емес. Біздің ойымызша, бұл қосымша міндетті шара емес. Бизнес те, азаматтар да қосымшаны пайдалануға мәжбүр етілмейді. Оны енгізу бизнеске шектеу шаралары қарастырылғанда және КВИ таралуы кезінде кәсіпкерлерге жұмысын жалғастыра беруге мүмкіндік береді.

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ



Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Берік ҚАМАЛИЕВТІҢ төрағалығымен Көлік қызметкерлері күніне орай селекторлық режимде мерекелік іс-шара өтті.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Жиынға облыс бойынша көліктік бақылау инспекциясының қызметкерлері қатысып, министрлік тарапынан көлік саласында көп жыл қызмет атқарып, еңбегі еленген ардагерлер марапатталды. «Канатжан и Ко» ЖШС-нің жүргізушісі Мәди Абдуллаев «Құрметті автокөлікші», Талдықорған қаласы орталық автобекетінің билет сатушысы Қарлығаш Жарасова «Үздік автокөлікші» төсбелгісін кеуделеріне тағып, мерейлері артты. Марапатталғандар қатарында облыс бойынша көліктік бақылау инспекциясының көліктегі бақылау бөлімінің бас маманы Талғат Берліқұлов ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

– Мамандығымды мақтаныш тұтамын. Талдықорғандағы автобекетте 37 жылдан бері ыстығына да, суығына да шыдап, қызмет етіп келемін. Зейнетке шыққанға дейін осында жұмыс істей бермекпін. Еңбегімізді елеп, ескеріп, осындай марапат ұсынып жатқан басшылыққа көптен көп алғыс айтамыз. Әріптестерімізді айтулы мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Дендеріне саулық, отбасыларына амандық, жұмыстарына жеміс тілеймін. Мереке құтты болсын, – деп лебіз білдірді Қарлығаш Ратайқызы.

Дөңгеленген дүние



ЫСТЫҚКӨЛ ТАСЫДЫ

Ыстықкөлде су тасыды. Қырғыз елінің Төтенше жағдайлар министрі оқиға салдарын бақылауда ұстап отыр.

Оның мәліметінше, Балықшы қаласы мен Кескен-Бел асуында, Тон ауданының Қара-Шаар және Оттук ауылдарында нөсер жаңбыр жауған. Ішкі жолдар мен арықтар құм мен қиыршық тасқа толып, тұрғын үйлерді су басқан. Ыстықкөлден оңтүстікке қарай 35 шақырым жерде жол учаскелері сел тасқынынан зардап шекті. Көлдің солтүстігіндегі жол ашық. Қазіргі уақытта оқиға орнында Төтенше жағдайлар министрі Б. Әжікеев, Президенттің Ыстықкөл облысындағы өкілетті өкілінің бірінші орынбасары У. Далиев, құқық қорғау басқармасының бастығы К. Энтериев, сондай-ақ, Ыстықкөл облысы бойынша төтенше жағдай басқармасының бастығы Замирбек Жұмағазиев жүр. Төтенше жағдай министрлігінің Тон аудандық бөлімінде 7 құтқарушы, 20 милиция қызметкері, 15 жергілікті тұрғын су тасқыны салдарын жою бойынша жұмыс істеуде.



ТЕМЕКІГЕ ТОСҚАУЫЛ

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы электронды темекінің таралымын шектеуге шақырды. Бұл туралы аталған әлемдік ұйымның сегізінші мәлімдемесінде айтылды.

«Электрондық темекіні балалар мен жасөспірімдерге темекі және онымен байланысты салалардың өндірушілері сатады. Бұл жолда олар мыңдаған тартымды хош иісті қолданады. Ұйым, атап айтқанда, ел Үкіметтерін темекіге қарсы тиісті саясатты қабылдауға, қоғамды электронды темекінің зияндылығынан қорғау және олардың балаларға, жасөспірімдерге және басқа да осал топтарға таралуына жол бермеуге шақырды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағалауы бойынша, темекі шегетіндердің жалпы саны әлемде 1 миллиард адам. Олардың шамамен 80 пайызы экономикасы төмен және орташа елдерде тұрады. Темекі жылына 8 миллион адамның өліміне себеп болады. Алайда темекінің зияндығын біле тұра саналы түрде денсаулығын улап жатқандар саны күн санап өсуде.



ИНФЕКЦИЯ ОШАҒЫ

Біріккен Ұлттар Ұйымы COVID–19 індетінің таралуы бойынша әлемдегі жағдайды талдау негізінде ең кедей мемлекеттердің бірі – Мьянма инфекция ошағына айналуы мүмкін екенін ескертті.

Мамандардың айтуынша, бұл елде инфекция ешқандай бақылаусыз тарай беруі мүмкін. «Мьянма COVID–19 таралуының аса қауіпті ошағына айналып келеді, бұл елде вирустың аса жұқпалы әрі қауіпті жаңа нұсқалары – «дельта» және өзге штамм түрлері таралған. Бұл өте қауіпті», – деді Біріккен Ұлттар Ұйымының арнайы баяндамашысы Том Эндрюс. Ол аталмыш елдің Жер шары тұрғындарының үштен бір бөлігі шоғырланған Бангладеш, Үндістан және Қытай мемлекеттермен ортақ шекарасы бар екенін атап өтті. Қазіргі таңда бұл елде карантиндік шектеу шаралары бақылауға алынбайды. Жағдай ушығып, індет жұқтырушылар саны күрт артқан. Егер мемлекет аурудың алдын алмаса, жағдай күрделеніп, сырқаттанушылардың көпшілігі өліп кетуі мүмкін. Әлемдегі ең кедей ел саналатын Мьянма тұрғындары бүгінде әлеуметтік-медициналық көмекке мұқтаж.



БРАЗИЛИЯДА АЯЗ

Бразилияға ақшұнақ аяз келді. Бұл туралы «Хабар 24» арнасы көрсетті.

Мұндай ауа райына кофе ағаштары шыдас бермей жатыр. Билік өкілдерінің есебі бойынша, күн райының қолайсыздығынан арабика кофесі ағаштарының 10 пайызы үсіп қалған. Бұл шамамен 200 мың гектар жер. Осындай жағдайға байланысты елде кофе бағасы да қымбаттап кеткен. Айта кетейік, кофе өндіру бойынша Бразилия әлемде көшбасшы ел саналады. «Енді бұл ағаштарды тамырымен жұлып алып тастау керек. Себебі, аязды ауа райының кесірінен жапырақтар мен бұтақтың бәрі үсіп қалды. Кейбір плантацияда өсімдіктердің 80 пайызына зақым келсе, кейбір егістік алабының жартысы зардап шекті. Жалпы, аймақ бойынша шығын көлемі 40 пайызға жетеді», – дейді кофе өсірушілер. Жергілікті тұрғындар мұндай аяз түсерін мүлде күтпеген. Ауа райының тосын мінезіне байланысты әзірше мемлекет ешқандай шара қабылдаған жоқ.

23 MAÝSYM
2022 jyl
beısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№70 (19065)

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

АҚОРДА



ЕЛ СЕНІМІН АҚТАУ – ПАРЫЗ

Мемлекет басшысы Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиевті қабылдады

Қасым-Жомарт Тоқаевқа облыстың қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен даму перспективалары жөнінде баяндалды.

Марат Сұлтанғазиевтің айтуынша, қазіргі кезеңде облыстың экономикасында оң өзгерістер байқалады. Атап айтқанда, ауылшаруашылығы саласының даму көрсеткіші – 102,8, өндеу өнеркәсібінің өсімі – 105,2, сауда – 103, құрылыс –114,3 пайызға артқан. Облыс әкімдігі жыл соңына дейін осы қарқынды сақтап қалуға ниетті.

Президент азаматтардың сенімін ақтау, сондай-ақ облыс тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту үшін нақты шаралар қабылдау маңызды екенін айтты.

Мемлекет басшысына әкімшілік-аумақтық реформалардан кейінгі жаңа мүмкіндіктерді ескере отырып, Алматы облысы мен Қонаев қаласының әлеуметтік-экономикалық даму жоспарына өзгерістер енгізілетіні жөнінде ақпарат берілді. Әкімнің айтуынша, құрылыс, өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, өндеу өнеркәсібі, сауда және туризм сияқты экономиканың инвестициялық тартымды секторларына ерекше көңіл бөлінеді.

Марат Сұлтанғазиев Қасым-Жомарт Тоқаевқа облыс орталығын Қонаев қаласына көшіру жұмыстары жөнінде баяндады. Сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдар мен мемлекеттік мекеме қызметкерлері үшін қажетті жағдай жасауға бағытталған кешенді шаралар жөнінде есеп берілді.

Президент жаңа әкімге облыс тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыруға, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына, үш ауысымдық мектептерге, ирригациялық жүйелерді жаңартуға, медицина және қоғамдық көлік мәселелерін шешуге қатысты бірқатар міндет жүктеді.

Akorda.kz

«JETISÝ»-АҚПАРАТ

Жұмыс қайта жанданды

Қаратал аудандық емханасын жөндеу жұмыстары біраз жылдан бері дауға айналып келген.

Ришад ТҰРҒАНБАЙ

Осыдан 3-4 жыл бұрын емхананы күрделі жөндеу жұмыстары қолға алынған болатын. Жауапсыз құрылыс компаниясы жұмысты орта жолда қалдырып, халықты әбігерге салып кеткен. Өткен жылы жобалау-сметалық құжаты қайта дайындалып, аудандық емхананың «Б» блогын қайта жөндеу қолға алынды. Күрделі жөндеу жұмысына 804,4 млн. теңге бөлініп, «АСК Ауыл-құрылыс» ЖШС жұмысқа кірісіп кетті. Бүгінгі таңда жөндеу жұмысына 104 адам, 2 техника тартылған. Қазір жұмыстың 70 пайыздан астамы атқарылды. Аталған соманың 594,4 млн. теңгесі игерілді. «АСК Ауыл-құрылыс» ЖШС нысанды қыркүйек айында толықтай пайдалануға береміз деп отыр.

Қаратал ауданы
Жетісу облысы

Суағарлар жөнделуде

Сарқан қаласында Мұхтар Әуезов, Жамбыл Жабаев, Абай Құнанбаев, Қабанбай батыр көшелеріндегі арық жүйелерін қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Өткен ғасырдың 60-70 жылдары жасалған суағарлар тозып, бүгінгі таңда жарамсыз күйге жеткен.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Арықтың кей жері құм-қайырға толып, қала тұрғындарының бақша дақылдарына су жетіспей, қиындық туғызған еді. Енді қала халқы судан таршылық көрмей, ерте көктемнен күз айына дейін арық суын керек мөлшерде пайдаланбақ.

– Қаланың ішкі арық мәселелері тұрғындармен жүздесу кезінде жиі көтеріліп келді. Өткен жылы бастау алған жоба биыл жалғасын тауып, аяқталуға жақын. Арық жүйелері тек бақша дақылдарын суару үшін ғана емес, жаңбырлы күндері және қар еріген кезде де өз септігін тигізері анық. Алдағы уақытта тағы да бірнеше көшенің арық жүйелерін қалпына келтіру жоспарда бар, – деді Сарқан ауданы әкімінің орынбасары Жомарт Мыңбаев.

Ұзындығы 10 шақырым болатын арық арналарына лотоктар төселіп жатыр. Аталған жұмыс аумағында 5 ауыр техника мен 30 адам жұмысқа тартылған. Сонымен қатар, бұл жобада арық жүйелерін қалпына келтіруден бөлек, жоғарыда аталған 4 көшеге жаяу жүргіншілерге арналған тротуар салынбақ.


Сарқан ауданы
Жетісу облысы

БРИФИНГ

Талдықорған – көркейіп, дамып келе жатқан жарқын қала. Облыс орталығы әрі Жетісудың кіндік қаласы болғандықтан өзіне тән мәселелер де баршылық. Журналистер үйінде «Талдықорған: шаһар басшысы 100 күнде не істеп үлгерді?» деген тақырыпта өткен брифингте қала әкімі Әсет Масабаев көпшілікті мазалап жүрген сұрақтарға жауап берді.

ЖАЙЛЫ ӨМІР ҚАЛЫПТАСТЫРУ шаралары жалғаса береді

Алма ЕСЕНБАЙ



Суретті түсірген А. ҚАЖЕКЕ

Бірінші кезекте бұған дейін даулы мәселеге айналған баспана кезегі мен үй құжаттарына қатысты мәселенің түйінін тарқатты. Қазіргі таңда Талдықорғанда 16 179 азамат тұрғын үй кезегінде тұр. Оның 6187-і – бюджеттік ұйымдардың қызметкері, 9992-і – халықтың әлеуметтік осал табына жататын азаматтар. Сонымен қатар апатты үйде тұрып жатқан тұрғындардың да мәселесі өзекті болып табылады. Талдықорған қаласының аумағында 14 апатты үй бар. Онда 300-ден астам тұрғын тұрып жатыр. Ескі үйлер Кивилев, Шевченко, Абылай хан көшелері мен «Жетісу» шағынауданында орналасқан.

«Бұл тұрғындарға үй «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында дайындалған «Талдықорған қаласының 2022-2025 жылдарға арналған тұрғын үй қорын реновациялау бағдарламасы» шеңберінде беріледі. Бұл бағдарлама арқылы апатты тұрғын үйлерді сүріп, азаматтарды жаңа қонысқа көшіру қарастырылған. Бірақ бұл үйлер мұрагерлік жолмен қалдыра алатын жалдамалы үй болып табылады», – деді қала басшысы.

Аялдамалар мәселесі де – жиі көтерілетін тақырыптардың бірі. Сәуір айынан бастап, Шығыс шағынауданында, Шахворостов, Гагарин, Алдабергенов, Біржан сал көшелерінде, Қадырғали Жалайыри даңғылында 10 аялдама кешенін салу жұмысы басталған. Құрылыс жұмысы шілде айында аяқталады деп жоспарлануда.

(Соңы 2-бетте)

ӨЗЕКТІ

ҚАНТ ҮШІН ЖАНТАЛАС қашан бітеді?

Елдегі 19 миллион халықтың сұранысын қамтамасыз ету үшін 500 мың тоннадан астам қант керек. Ал Жетісу облысындағы Ақсу мен Көксу, Жамбыл облысындағы Мерке қант зауыттары жылына 70 мың тонна көлемінде қант өндейді. Демек, отандық қант зауыттары өндірген шекер қазақстандықтардың қантқа деген қажеттілігінің 13%-ын ғана қамтамасыз ете алады.



Aikyn.kz

Қажет АНДАС

Ғалымдардың пайымынша, қантқа сұраныстың 25%-ы орындалғанда сол елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады екен. Біз осы деңгейге жету үшін кем дегенде жылына 1 миллион тонна шикізат жинауымыз керек. Ол үшін 25 мың гектар жерге қант қызылшасы егіліп, гектарынан орташа есеппен 450 центнерден өнім жинауымыз керек. Алайда, өткен жылы жетісулық диқандар 8925 гектар жерден қант қызылшасын қамбаласа, биыл 6364 гектар алқапқа қант қызылшасын сепкен. Ауа райы, су, тыңайтқыш, тұқым, тағы да басқа күтіп-баптаумен тікелей қатысты болатын дақылдан күзде қанша өнім жинайтынымыз қазірше белгісіз. Сондықтан қантты көрші елдерден импорттауға мәжбүрміз.

Экономикалық заңдылық бойынша, егер азық-түлік импорты ішкі тұтыну көлемінің 20 пайызынан асса, бұл елдің нарығы импорттаушы елдер белгілеген бағаға тәуелді болады. Еліміздегі қант бағасының күрт қымбаттап кетуіне осы жағдай себеп болуда.

Бүгінде еліміздің кей өңірінде бір келі қанттың бағасы 1000 теңгеге дейін шарықтап кеткені айтылуда. Өзіміз жақсы білетін Талдықорған қаласындағы дүкендерде қанттың келісі 650-700 теңге көлемінде сатылуда. Мұндай баға тұынушылардың қантқа деген сұранысын қамтамасыз ету және бағаның өсуіне жол бермеу мақсатында қолға алынған «Жетісу» ӘКК ӨДИ» АҚ азық-түлік тұрақтандыру қоры тарапынан атқарылып жатқан шаралар есебінен ғана сақталып тұр.

– Облыстық азық-түлік тұрақтандыру қорында бүгінде 1500 тоннадан астам құм қант қоры бар. Оның әр келісі 280-317 теңгеден аспайтын бағамен аптаның сейсенбі, сәрсенбі, сенбі күндері Талдықорған қаласындағы «Жерұйық» коммуналдық базарында, «Санжар», «Шойбек», «SM market», «Нұралы», «Көксу» шағын маркеті, «Тоймарт» сауда орталығы және азық-түлік тұрақтандыру қорымен келісімге отырған аудан орталықтарындағы үй жанынан ашылған дүкендерде сатылуда, – дейді облыстық азық-түлік тұрақтандыру қорының өкілдері.

(Соңы 2-бетте)

13 qyrkúiek
2022 jyl
seısenbi

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

№103 (19098)


АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

АЙТАР МЕЗЕТ

Берекесі кеткен «Береке»

Қазақстан халқына арналған биылғы Жолдауында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген жер көлемі 10 млн. гектарға жуықтайтынын, бүгінге дейін ауыл шаруашылығы мақсатындағы 2,9 млн. гектар алқап мемлекет меншігіне өткенін, жыл соңына дейін тағы да кемінде 5 млн. гектар жер қайтарылатынын айтқан еді.



Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Иә, жер мәселесі шынымен ушығып тұр. Қазақстанда әр шаршы шақырымға бар-жоғы 5,4 адамнан келеді дегенімізбен, Алматы сияқты ірі мегаполистің айналасынан баспана салып алуға алақандай жер таппай жүрген жандар жетерлік.

Ауыл шаруашылығына арналған алқаптардың жайы бұдан басқарақ. Атап айтқанда, кезінде қолында билігі бар немесе тіреуі мықтылар мен жылпостар жерді молынан қарпып, қарапайым халық азғана аша-тұяғын қайда бағарын бірмей отырған жайт жиі кездеседі. Ал, біз сөз еткелі отырған Балқаш ауданының Береке ауылында кезінде шаруашылыққа тиесілі күріш алқаптарын өзге біреу иемденіп кеткендіктен, жергілікті тұрғындар күнкөріс көзінсіз қалып отыр.

«Өткен ғасырдың 70-жылдары құмның ортасынан бой көтерген «Тыңның 25 жылдығы» атындағы күріш өсірумен айналысатын шаруашылықтың қазығын қағысып, керегесін көтерген едік, – дейді ауыл тұрғындары редакцияға жазған шағымдарында. – Көп кешікпей еңбегіміздің арқасында мейманамыз тасып, ақ күмістей күріштің көмбесіне айналдық. Совхоздың орталығы болған Береке ауылында зәулім Мәдениет үйі, еңселі мектеп пен балабақша, монша мен қаздай тізілген тұрғын үйлері, қырман мен машина-тракторлар шеберханасы бой көтеріп, алдыңғы қатарлы елді мекендердің біріне айналған еді. Бүгіндері осы нысандардың көбісі тоз-тозы шығып, қайсыбірі мүлдем жоғалды. Ауылда тұрақты жұмыс болмағандықтан тұрғындар жаппай өзге аймақтарға қоныс аударып, адам саны күрт азайып кеткен. Бұл көш әлі жалғасуда. Осының барлығына жұртшылықтың күнкөріс көзі болған суармалы алқаптардың Мұстафа Қалиевқа тиесілі «Тамшы-Бұлақ» ЖШС-не өтіп кетуі себепкер».

(Соңы 2-бетте)

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫ

Жылу қазандықтары жөнделуде

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті «Талдықорған жылу сервиспен» бірлесіп, табиғи газға ауыстырылған №2, №18 қазандықтарды таныстырып, арнайы тур ұйымдастырды.

– «Талдықорған жылу сервис» құрамында жалпы қуаттылығы 457,95 Гкал/сағ. 10 қазандық бар. Жұмыс істеп тұрған 10 қазандықтың ішінде кейінгі 2 жылда 4 орамдық қазандық газ отынына ауыстырылды (№1, 2, 3, 18), қазіргі уақытта Ақылбеков көшесінде орналасқан №4 қазандықты газға ауыстыру жұмыстары жүріп жатыр. Ол биылғы жылдың қазан айында аяқталады деп жоспарланған, – дейді турды бастап, өзі таныстырған «Талдықорған жылу сервис» мекемесінің бастығы Манархан Ахымбеков.

Биыл жоспарланған жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру үшін 179,8 миллион теңге бөлінген. Қаржы инвестициялық бағдарлама бойынша 166,1 млн. теңге (жылу көздері мен жабдықтарды күрделі жөндеу, желілер, қосалқы бөлшектер сатып алу); тарифтік смета бойынша 13,6 млн.теңге (жылумен жабдықтау объектілерін ағымдағы жөндеу) қарастырылған. Үлкен «Басқуат» қазандығының жылу көздері мен қазандық-көмекші жабдықтарын және жылу желілерін күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары жоспарда. Бұдан бөлек инвестициялық бағдарламаның қаражаты есебінен кәсіпорын желтоқсан айында 2 жобаны іске асырмақ. Олар – 2015 жылы «Мүшелтой», «Жастар» шағынауданның жылу магистралінің құрылысы мен 2016 жылы Ақылбеков көшесіндегі №4 қазандықты қайтару.

2021-2025 жылдар ұзақмерізімді кезеңге жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау бойынша, қызметтерге тарифтің шекті деңгейі бекітілгеннен кейін, 1 кВТ/сағ. үшін электр энергиясының бағасы тек 2021 жылы ғана кәсіпорын үшін 5 есе артқан. Электр энергиясы құнының өсуі биыл да байқалады.

– Жылу энергиясын тұтынудың үлес салмағы: халық – 63,5 пайыз, бюджеттік ұйымдар – 20,3 пайыз, басқа ұйымдар – 16,2 пайыз. Арнайы бекітілгендей орта босату тарифі (Гкал) 7720,45; халық үшін орташа тариф – 2363,70 теңге; бюджеттік ұйымдар үшін орташа тариф – 27559,78 теңге; басқа тұтынушылар үшін орташа тариф – 6060,92 теңге деп бектілген, – дейді Манархан Әлкенұлы.

Қали АСҚАР
Жетісу облысы

ҚОРШАҒАН ОРТА

Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының ақпаратына сүйенсек, бүгінде аймақтағы орман қоры 1,5 млн. гектарды құрайды. Оның ішінде орманмен көмкерілген аумақ 330,9 мың гектар. Бұл жерүйығы саналатын өлке үшін тым мақтанатын сан емес.



Орманды қорғау – борышымыз

Қажет АНДАС

Десе де, осыншама алқаптағы орман қорын күзету, сақтау, өсіру, ресурстарын пайдалану және молықтыру жұмысын Алакөл, Жаркент, Бөрлітөбе, Жоңғар, Талдықорған, Үйгентас, Үштөбе сияқты 7 орман шаруашылығы мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі жедел қызмет мекемесіндегі 467 қызметкер атқарады. Материалдық-техникалық базасы нормативтік көрсеткіштердің қамтамасыз ету нормасының 80 пайызынан асады.

Орман шаруашылығы мекемелері үшін кеспе ағаш қорын игеру – басты қызметтің бірі. Биыл 2137,2 текше метр кеспе ағаш қорын игеруді жоспарлап, бүгінде 909,9 текше метрі кесіліпті. Орманды қалпына келтіру жұмысы 2,3 мың гектарға жоспарланып, көктемде 69,5 гектар жерге 255,4 мың дана көшет пен екпелер отырғызылса, күзгі орман өсіру жұмысы аясында 138,0 гектар жерге 573,0 мың дана ағаш және 2100,0 гектар жерге 10500 келі қара сексеуіл тұқымы себілмек.

Орман мекемелерінде аумағы 94,25 гектарды құрайтын 12 орман көшетін өсіретін алаңда қылқанжапырақты тобындағы арша, Шренка шыршасы, көгілдір шырша, Сібір шыршасы, Европа шыршасы, жай шырша, Қырым қарағайы, жай қарағай, бозарша, жапырақты тобындағы терек, қайың, шаған, емен, тал, үйеңкі, шегіршін, жиде, жөке, талшын, бұталы тобындағы қара сексеуіл, катальпа, сирень, аморфа, алша, айлант, долана, сумах, грек жаңғағы, Сиверс алма ағашы, жеміс алма сорттары, алмұрт, шие, қарақат, таңқурай сияқты миллион түптен артық көшет өсіріледі. Ол орман қорының аумағын, елді мекендерді, саябақтар мен скверлерді, жасыл аймақтарды көгалдандыру үшін пайдаланылады.

(Соңы 3-бетте)

ҰЛТ ПЕРЗЕНТІ

Ел жүрегіне ұялаған алтын ұл

Биыл – Барыс жылы дүниеге келген ұрпақтың мерейлі 60 жылдығы. Барыс жылы туған ұлдардың ішіндегі жарық жұлдыздарының бірі әрі бірегейі – Алтынбек Сәрсенбаев.



Ол – қазақтың біртуар перзенті, мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат, саясаттану ғылымының докторы. Кең маңдайы күнге шағылыса жарқырап, болмыс-бітімі ерекше көрінетін Алтынбек 30-дан асқанда Қоғамдық келісім және ақпарат министрі, ҚР Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы – ҚР Президентінің Ұлттық Қауіпсіздік жөніндегі көмекшісі, Қазақстанның Ресей Федерациясындағы Төтенше және өкілетті елшісі қызметін атқарды. 2003 жылдан бастап қоғамдық-саяси қызметпен айналысты. «Ақ жол» партиясының тең төрағасы болды. Білімді, түсінік-танымы кең, парасат-пайымы бөлек азамат ел Тәуелсіздігін ойлады. Мемлекеттің келешегі үшін толғанды. Өз тұсындағы биліктің олқы тұстарын да қаймықпай айтып отырды. «Егер бүкіл тәуелсіздіктің тағдыры бір адамның қолында болса және сол адам саясатты өз қалауы бойынша немесе айналасындағылардың айтқанымен жүргізсе, біздің тәуелсіздігіміздің ту-талақайы шығуы мүмкін. Бұл – билік үшін талас емес, тәуелсіздік үшін күрес», – деген сөзі көп нәрсені аңғартады. Әсіресе, саясатта жақсы ісімен, дара пікірімен оқшаулана көрінген Алтынбек билікке жаға қойған жоқ. Небары 44 жасына толар шағында қолдан жасалған қиянатпен қанаты қайырылды, үлкен жүрегі мәңгілікке тоқтады.

(Соңы 3-бетте)

Алматы облыстық мәслихатының кезектен тыс XXVI сессиясы өтті. Күн тәртібінде Алматы облысының кейбір білім беру ұйымдарына атау беру және оларды қайта атау туралы мәселелер қаралды.

Алтынбек есімі берілді

«Алматы облысының кейбір білім беру ұйымдарына атау беру және оларды қайта атау туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы республикалық ономастика комиссиясының қарауына енгізу туралы» қаулы жобасы дайындалды. Осыған орай «Сарыжаз орта мектебі және Ақбейіт бастауыш мектебі» коммуналдық-мемлекеттік мекемесін «Алматы облыстық білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақбейіт бастауыш мектебі бар Алтынбек Сәрсенбайұлы атындағы орта мектеп» коммуналдық-мемлекеттік мекемесі деп қайта атау туралы ұсыныс түсті. Сессияда қаралған бұл мәселе Алматы облыстық мәслихаты депутаттарымен бірауыздан мақұлданып, шешім қабылданды.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ
Алматы облысы

БӘРЕКЕЛДІ!

Жетісудың жүйрігі

Өткен жылы бұқаралық ақпарат құралдары кеңістігінде өзінің есімін даралап, күллі қазақ еліне сүйіншілей жұмысын бастаған «Жетісу» радиосы ашылғанына аз уақыт өтсе де жоғары жетістікке жетіп үлгерді. Республикалық байқауда топ жарды.

Жыл сайын ел көлемінде «Мемлекеттік тіл және БАҚ» байқауы дәстүрлі түрде өтіп келеді. Қазақ тілінің мұңын мұңдап, жоғын жоқтай білген журналистер қауымы озық шыққан мақалалары мен эсселерін, әлеуметтік желіде жарияланған жазбаларын, ана тіліне қатысты бағдарламалары мен сюжеттерін осынау аламанға қосып, атын үкілеп келеді. Соның арқасында жыл сайын жаңа есімдер айшықталып, талантты азаматтар еңбегіне қарай марапатқа ие болып жүр.

Жуырда өткен аталмыш байқаудың облыстық кезеңінде топ жарып, республикалық сынға жолдама алған Мұхит Тоқтасынның төл жобасы, «Жетісу» радиосының «Дидар ғайып» бағдарламасы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі өткізген «Мемлекеттік тіл және БАҚ» байқауында 1-орын иегері атанды. Елордада өткен марапаттау салтанатында әріптесіміз бәйгесін алып, 500 мың теңгенің сертификатын қанжығасына байлап, Жетісу жеріне көтеріңкі көңіл-күймен оралды. Әріптесімізге, «Жетісу» радиосына ұлт үшін ілкімді іс істеп, ана тілінің жанашыры болып жүре беруге тілектестік білдіреміз.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

АЛАТАУ-АҚПАРАТ

Өтінім қабылдау басталды

Аграрлық несие корпорациясы шағын несие беру үшін онлайн өтінімдер қабылдауға кірісті. Бұл фермерлерге үйден шықпай-ақ несиені алдын ала мақұлдауға мүмкіндік береді.

Корпорацияның басым бағытының бірі – несие беру үдерісін цифрландыру. Бұл міндетті шешу үшін несие өнімдері оңтайландырылып, шағын несиеге өтінімдерді онлайн қарау жүйесі әзірленді. Жүйе «Іскер» бағдарламасы бойынша 6 миллион теңгеге дейін несие рәсімдегісі келетін әлеуетті клиенттерге құжаттар жинау мерзімін қысқартуға, филиалға келуді азайтуға, өтінімді қарау барысының сапасы мен ашықтығын арттыруға көмектеседі.

Үйде отырып-ақ шаруа жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) арқылы шағын несие алуға өтінім бере алады. Автоматтандырылған жүйе мемлекеттік және өзге де дерекқордың мәліметтерін пайдаланып, әлеуетті қарыз алушының төлем қабілетін тексереді. Бұл ретте, кепіл мүлік онлайн бағаланады. Онлайн несие беруге қатысты қосымша ақпаратты www.agrocredit.kz сайтынан алуға болады.

А. ЫБЫРАЙ
Алматы облысы

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

Инвестициялық түсім артты

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында негізгі капиталға және тікелей шетелдік инвестициялар тарту бойынша нысаналы индикаторларды орындау қарқыны, сондай-ақ, басқа да бірқатар мәселе қаралды. Жиынға Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев және орынбасарлары мен облыстық мекеме басшылары онлайн режимде қатысты.

Қажет АНДАС

Отырыста баяндама жасаған Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров осы жылдың 7 айының қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 6,9 трлн. теңгені құрағанын хабарлады. Оның айтуынша, жылжымайтын мүлікпен операциялар, тау-кен өнеркәсібі және мұнай өндіру, көлік және қоймалау, ауыл, орман және балық шаруашылығы, энергетика және өңдеу өнеркәсібі сияқты салалар бойынша айтарлықтай өсім байқалған. Десе де Үкімет басшысы инвестиция бойынша жақсы көрсеткіштер болғанымен, кейбір облыстың белгіленген жоспарды орындай алмағанын да назарға салды. Бұл тізімнен Жетісу облысы көрінген жоқ. Демек, жаңадан бөлінген облыс болса да жетісулықтардың инвестиция тарту бойынша қарқынды жұмыс атқарып жатқаны байқалды. Премьер-Министр алдағы уақытта бұл мәселені ерекше бақылауда ұстауды тапсырды.

Өз кезегінде Сыртқы істер министрінің орынбасары Алмас Айдаров биылғы жылы инвестиция тартылған елдерді атап өтті. Сол қатарда алғашқы ондыққа Нидерланды, АҚШ, Швейцария, Ресей, Қытай, Оңтүстік Корея, Бельгия, Ұлыбритания, Франция және Түркия елдері кірген. Аталған елдердің инвесторлары аймағымызда болып, бірқатар келісімдер жүргізілгені белгілі. Оның нәтижесі алдағы уақытта іске аса бастайды деген сенімдеміз.

Сонымен қатар, жиында шетелдік компанияларды Қазақстанға көшіру жұмыстарының жүргізіліп жатқаны да айтылды. Олардың ішінде Honeywell, Skoda, Youngsan, EMAG, Carlsberg, Fortescue, тағы да басқа компаниялар бар. Ал Canon, Philips, Kronospan, GE Healthcare, Alstom, Haier компанияларымен алдын ала келіссөздер басталған. Аталған компаниялар да Жетісу облысынан өз жұмысын бастауға ниет танытатынына сенім мол.

Отырысты қорытындылаған Премьер-Министр мемлекеттік органдар мен әкімдіктер барлық жоспарланған инвестициялық жобаны іске қосу бойынша түбегейлі шаралар қабылдауы тиіс екенін атап өтті.

Жетісу облысы

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ІССАПАРЫ



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

Желдің қуаты елге қызмет етеді

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев Еңбекшіқазақ ауданына жұмыс сапарымен барып, Шелек ауылындағы Мәдениет үйінде өңірдегі 11 ауылдық округтің әкімдерімен кездесті. Елді мекендердегі өзекті мәселелер сөз болып, алдағы уақытта атқарылар жұмыстардың жоспары жан-жақты талқыланды.

Болат МӘЖИТ

Әкімдердің айтуынша, қазіргі таңда ауылда дәрігерлік амбулаторияның жетіспеушілігі, тозығы жеткен мектеп ғимараттарын қайта жөндеу жұмыстары, көшелерге асфальт төсеу, ауызсу құбырын тарту күн тәртібінде тұр. Мәселен, Қаражота, Қаратұрық, Малыбай, Масақ, Тескенсу және Сөгеті ауылдық округтерінде амбулатория ауадай қажет. Дәрігерлер ескі ғимаратта қызмет көрсетуге мәжбүр болып отыр. Тіпті, Нұрлыда амалсыздан мектептің ішінде тұрғындарға ем-дом жасап жатқан жайы бар.

Сонымен қатар мектеп мәселесі де әңгімеге арқау болды. Ауылдарда күрделі жөндеуді қажет ететін білім шаңырақтары аз емес екен. Облыс әкімі құрылысқа керек құжаттарды дайындап,мемлекеттік бағдарлама бойынша бой көтеретін нысандардың тізіміне тездетіп енгізуді ұсынды. Сондай-ақ, ғимарат салуға арналған жер телімі ауыл тұрғындарына қолайлы болуы керектігін де ескертті.

– Жаңа мектеп ауылдың шетіне салынғанын да көзіміз көрді. Ол мұғалімдер мен оқушыларға, ата-аналарға өте ыңғайсыз. Сондықтан мұндай келеңсіз жағдайға жол бермеңіздер. Мектеп елді мекеннің орталығында бой көтеруі қажет, – деді Марат Елеусізұлы.

Кездесуде ауыл әкімдері полиция пунктін салуды да сөз етті. Бірақ аймақ басшысы сақшыларға жеке ғимарат жасаудың ешқандай қажеттілігі жоқ екенін қадап айтты. «Полиция қызметкерлеріне Мәдениет үйлерінен, әкімшілік ғимараттардан орын бөлінсе жеткілікті. Ал оған кететін қаражатты әлеуметтік салаға жұмсаған тиімдірек» деді.

Жиын соңында аймақ басшысы ауылдық округ әкімдерін сынға алды. Себебі, олар ауыл ахуалын тізбелеп айтқанымен, бизнесті дамытудың, жергілікті тұрғындарды қалай жұмыспен қамтудың нақты жолдарын көрсете алмады.

– Сіздер тұрғын үй салу керек деп айтып жатырсыздар. Көшіп келушілер саны жылдан-жылға артып жатқанын тілге тиек еттіңіздер. Сол үшін жер телімін үлестіреміз дедіңіздер. Бірақ, оларға жұмыс тауып беру мәселесі туралы ой-пікірлеріңізді ортаға салмадыңыздар.

Алдағы кезде осы мәселеге баса назар аударған дұрыс. Одан ұтпасақ ешқашан ұтылмаймыз. Бұрынғыдай тұрмыс қажетін өтеу үйін салып, халықты сол жерге шоғырландырып,оларды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етуді жан-жақты ұйымдастырған жөн, – деді Марат Сұлтанғазиев.

Бұдан кейін облыс әкімі Шелек ауылындағы индустриалдық аймаққа айналатын орынға барып, мамандармен тілдесті. Кәсіпкерлерді тарту үшін мұндағы инфрақұрылым жұмыстарын тездетуді тапсырды.

Спорттық-сауықтыру кешенінің құрылысына да назар аударды. Құрылыс жобасының қайта-қайта өзгеріске түскенін, соның салдарынан жұмыс қарқыны азайғанын атап көрсетті. Біліксіз мамандардың дұрыс жоспар құра алмағанын, жүйесіздікке ұрынғанын ескертті.

Сапар аясында аймақ басшысы қуаты 60 МВт. болатын жел электр стансысын іске қосу шарасына қатысты.

Шелек – ЖЭК әлеуетін дамытуға қолайлы өңір. Жобаны «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы «Power China» қытай корпорациясымен бірігіп іске асырған.

Электр стансының ашылу салтанатында облыс әкімі сөз сөйлеп, желден электр қуатын алу облыста қарқынды дамып келе жатқанын айтты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша 2030 жылға дейін баламалы энергия көздерін 15 пайызға көбейту жоспарланған. Аймақта 19 баламалы энергия көзі бар. Соның жетеуі жел электр стансысы. Бүгін біз өңірдегі сегізіншісін ашып отырмыз. Келешекте бұл электр стансысының қуаты одан әрі ұлғайып, 300 МВт. болады деп жоспарланған, – деді Марат Елеусізұлы.

Іссапар барысында аңғарғанымыз, Шелек өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуы алдағы уақытта ерекше қарқын алатыны анық байқалды.

Еңбекшіқазақ ауданы
Алматы облысы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Қоғамда жүзеге асып жатқан оң өзгерістер мемлекеттік қызметшілерге қатысты талапты күшейтуде. Бүгінгі мемлекеттік қызметшінің бейнесі, оның әдеп нормасы мен қарапайым азаматтармен қарым-қатынасы басты назарда.



Адалдық өлшемі

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында мемлекеттік аппараттың жұмысына жаңаша көзқарас қажеттігін, мемлекеттік қызмет жүйесі қоғамға бағдарлануы үшін түбегейлі өзгеріс керектігін атап айтты. Біліктілік, кәсіби деңгей мен адами қасиеттер өзара үйлесім тапқанда ғана халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасы артады. Мемлекеттік қызметші жұмыс барысында мемлекеттік саясатты ұстануға және жүзеге асыруға, қоғамның сенімін ақтауға тиіс. Мемлекеттік қызметтегілер заңнамамен қойылатын шектеулерді бұлжытпай сақтауға міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің 1-тармағы мемлекеттік қызметшіні Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тіл мен басқа тілдерге, Қазақстан халқының дәстүрлері мен ғұрыптарына құрметпен қарауға міндеттейді. Мемлекеттік қызметшілердің бойына адалдық, әділдік, ашықтық, шынайылық сынды құнды қағидаттарды қалыптастыруға арналған кодекс қызметтік әдеп стандарттарын нақтылайды. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшіні іскерлік әдеп пен ресми мінез-құлық қағидаларын сақтауға міндеттеп, мемлекеттік органдардың абыройы мен беделіне нұқсан келтіретін әрекеттер жасауға жол бермеуді талап етеді.

Мемлекеттік қызметші бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерді қолдану барысында ой-пікірін көрсетілген талапқа сай, дұрыс жеткізе білуі тиіс. Қоғамның толыққанды мүшесі ретінде Конституцияда, басқа да заңдарда көзделген құқықтар мен міндеттерге ие. Алайда өз жауапкершілігін, мәртебесін сезіне отырып, әдеп нормалары шегінен шықпауы қажет.

Мемлекет басшысы атап өткендей, біз «мемлекет пен қоғамның өзара сеніміне және құрметіне негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастырамыз». Бұл мақсатқа жету үшін «әрбір адам және бүкіл қоғам, құндылықтарымыз түбегейлі жаңаруға тиіс». Жаңа Қазақстандағы мемлекеттік қызмет бюрократияға жол бермейтін, сервистік сипатта ұйымдастырылуы керек. Әрбір мемлекеттік орган өз қызметінде халықпен тығыз байланыста жұмыс істеп, өтініштерді қарап, құқықтар мен заңды мүдделерді қорғауды қамтамасыз етеді.

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің қалыпты даму мүмкіндігін тежеп, қоғамға іріткі салатын зиянды құбылыс. Облыста сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бойынша іс-шаралар жоспары бекітіліп, жүзеге асырылуда. Осы шаралар аясында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытындағы шаралар кешенін балалар мен жастарға білім берудің барлық деңгейлеріне енгізді. Дегенмен, жеке тұлғаның дамуының барлық кезеңдерінде жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы отбасының рөлі өте маңызды екенін ескеруіміз керек.

Мемлекетіміздің кемел келешегі, тұрақты дамуы, халықаралық аренаға шығуы, дамыған елдердің қатарына енуі жас ұрпақтың болашағына тікелей байланысты. Ар-намыс, қадір-қасиет, әділдік, адалдық сияқты жоғары моральдық қасиеттерге ие болған адам заңды ешқашан бұзбайды және халқына адал қызмет етеді. Бұл қасиеттердің барлығы балаға әуелі отбасында беріледі. Сондықтан, ата-ана баланы тек қана кәмелеттік жасқа дейін материалдық тұрғыдан ғана қамтамасыз етіп қоймай, рухани құндылықтарды санасына сіңіріп тәрбиелеуі тиіс.

Сондай-ақ, кісі ақысын жемеу адалдықтың бір өлшемі. Адамның қадір-қасиеті мен кісілік парқы оның қоғамдағы бет-бейнесін көрсетеді. Адамгершілік, еңбек, жақсылық жасау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету арқылы адам баласы сыйқұрметке ие болады. Мемлекеттік қызметшінің осындай болуын талап ету орынды. Қаншалықты тірнектеп жиналғанымен абырой-беделге бір сәтте ғана кесір келуі мүмкін. Абыройдан айырылудан асқан жаза жоқ.

Ғабит ТҰРСЫНБАЙ,
Жетісу облысы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі

Берекесі кеткен «Береке»

(Басы 1-бетте)



Құжаттарға назар аударатын болсақ, колхоз-совхоздарды тарату науқаны басталған 1995 жылы «Береке» ЖШС-не тиесілі жердің 10 пайызы – аудан әкімінің арнайы жер қорына, 5 пайызы – көші-қон қорына, ал қалған 9052 гектар, соның ішінде 4392 гектар егістік, 2544 гектар жайылымдық және басқадай 2111 гектар жер серіктестік мүшелері мен үлескерлік құқы бар 267 адамға берілген екен. Арада бір ай өткенде ауыл әкімі Тыныштық Сонабаев деген азамат «көшірмесін жасатып, қайтарып береміз» деп қағаздарын жинап алады. Тұрғындар «содан кейін құжаттарымызды көрмедік» дейді. 90-шы жылдардағы экономикалық құлдырау кезінде шаруашылықтың жұмысы тығырыққа тіреліп, уақытша пайдалану үшін алдымен «Табиғат», кейіннен «Тамшы-Бұлақ» жауапкершілігі серіктестігіне өтеді.

Алғашында «Тамшы-Бұлақ» серіктестігі жерімізді пайдаланғаны үшін түскен пайдадан әркімнің үлесін беріп отырды, – дейді ауыл тұрғындары.

– Ал, 2007 жылдан бастап бұл да тоқтап қалды. Себебін сұрасақ серіктестік төрағасы Мұстафа Қалиев: «Мен бұл жерлерді сатып алғанмын, жекеменшігім! Енді ешкімге берешек емеспін! Қайда барсаңдар онда барыңдар!» – деп бір-ақ кескен. Ауыл тұрғындары баратын жерге барған, шағымданған. Алайда ақиқаттың соңғы нүктесін қояды деген сот та жеке адамның мүддесін қорғап, үкім шығарған. Аудандық, облыстық, тіпті Жоғарғы Соттың да шешімі солай. 17 жыл бойы әділдік іздеп сабылған жұрттың еңбегі зая, жанайқайы естусіз.

Бұл жерде сот алқасы «Қарыздарымызды өтеуге шамамыз келмеген соң жер үлесімізді «Тамшы-Бұлақ» серіктестігіне береміз...» – деген Береке ауылы тұрғындарының жалпы жиналыстағы шешімін дәлел ретінде алған. Алайда ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ясын Мақсымов бастаған бір топ азамат: «Біз ешқандай жиналысқа қатысқан жоқпыз. Ондай шешім шығаратын құжатты көрген емеспіз» – дейді. Атқарушы билік пен сот саласының барлық деңгейдегі өкілеттігіне барып, таулары шағылған жұртшылық амалдары таусылып, шарасыз күй кешуде. – «Тым болмаса жұмысы жүріп, егіні жайқалып тұрса, ауыл тұрғындары серіктестікте жұмыс жасап, бала-шағасына нәпақа тауып жатса жөн ғой... – дейді олар. – Егістік жердің басым бөлігі пайдаланусыз жатыр. Бір ғана 2021 жылды алар болсақ, серіктестік ауданға «800 гектарға күріш ектік» деп мәлімет бергенімен, игерілген жер 400 гектарға да жетпейді. Ал, 300 гектарға егілген бидайды уақтылы жинамай, ол күзде қамысымен бірге мал азығы ретінде шауып алынды. Өзгелер білмегенімен, бұл жайт бізге белгілі. Үстіміздегі жылдың 5 маусымында өткен референдумда Ата Заңымызға «Жер – халықтікі!» – деген сөзді енгізуді құптаған едік. Ендеше, кезінде заңсыз жолмен алып алған жерімізді халыққа қайтарып беруін талап етеміз!».

Осы жайлы Алматы облыстық жер инспекциясы бастығының орынбасары Бөлтірік Жақыповтан сұрағанымызда ол барлық деңгейдегі соттардың үкімі «Тамшы-Бұлақ» серіктестігінің пайдасына шешілгендіктен, қандай да бір әрекетке бара алмайтындарын айтып, ақталды.

Ең бастысы, қолындағы азғана малымен, суармалы егіс алқабымен күнін көріп отырған ауыл тұрғындары шарасыздықтан ошағын тастап, өзге өлкелерге көшуге мәжбүр. Мектеп, балабақша сияқты әлеуметтік нысандар қожыраған, үйлерді сатып алатын ешкім болмағандықтан бұзып алып кетіп жатыр. Бүйте берсе бір күні ауылдың орнын сипап қалуымыз да ғажап емес.

Берекесі кеткен «Береке» ауылының және осындай күйді басынан кешіп отырған көптеген елді мекен тұрғындарының жанайқайын төртінші билік атынан алдыңғы үш биліктің назарына ұсынамыз. Бұл жағдай бүгін шешімін таппаса, қордалана келіп үлкен мәселеге айналуы мүмкін...

Балқаш ауданы
Алматы облысы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

✓СЕНБІЛІК

Экосаябақ қайта жаңғырады

Бүлінгенді қалпына келтіру, бардың бағасын асыру қоғамды өркендету мен қалалықтардың жайлы тұрмысын жақсарту, жастарды елжандылыққа тәрбиелеу үшін де керекті дүние. 15 сәуірде Талдықорған қаласы, Гауһар ана көшесі, 110 мекенжайында орналасқан «Жас техниктер стансысы» деп аталып келген нысанда өткен республикалық экосенбілікте осы ұғымның маңыздылығына тағы да бір мәрте көз жеткіздік. Аталмыш шараны «KazEco Patrol» РҚБ ұйымдастырып, оның жоғары деңгейде өтуіне Талдықорған қалалық әкімдігі, қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімі, «Алтын Адам» Жетісу шеберлер» орталығы және Оқушылар сарайы мекемесінің қызметкерлері мен экоеріктілер атсалысты. Жалпы, сенбілікке 100-ден астам адам қатысты.





Суреттерді түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

Қажет АНДАС

Айта кетерлігі, аталған нысан қаланың орталығында орналасқанымен 36 жылдан бері қараусыз қалғандықтан шөп басып, қоқыс үйіліп, ағаштары курап, жылыжайлардың қаңқасы қаусап, сұрқы қашып кеткен екен. Қысқасы, 1970 жылдары іргесі қаланып, сол тұстағы экологияға қызығатын жастардың жиі келетін жеріне айналған стансының бүгінгі жағдайы аянышты. Сол кезде осы ортадан болашақ арманын ұштағандардың бірі бүгінде «Алтын Адам» Жетісу шеберлері» орталығының директоры, ұлттық өнер мен экологиялық мәселелерге жіті назар аударып, туризм саласын өркендетуге бастамашы болып жүрген Динара Бакирова осыдан 40 жыл бұрын өзі куә болған жағдайлармен бөлісті.

– Бастауыш сыныпта оқып жүргенде бұл стансыға жиі келетінбіз. Ол кезде аумақта неше түрлі ағаш өсіп, сан түрлі гүл жайқалып тұратын. Жылыжайларда өсімдіктің сан түрі өсіп, балалардың қызығушылығын арттыратын. Кейін Талдықорған облысы Алматы облысына қосылған кезде бұл жер қараусыз қалып, мүлкі тоналып, кезіндегі бар көркемдік көзден бұлбұл ұшты. Қазір көрсеңіз, қоқыс алаңына айналып қалды дерсің. Бұл сенбілік «KazEcoPatrol» қозғалысының облыстық филиалының ашылуына тұспа-тұс қолға алынды. Мақсатымыз – бұл нысанды қайта жаңғырту ғана емес, сонымен қатар, балаларды қоршаған ортаны қорғау ісіне белсенді қатыса алатындай этноауыл ұйымдастыру, – деп атап өтті Динара Серікқызы.

Сенбілікке арнайы келіп қатысқан «KazEco Patrol» РҚБ жетекшісі Тимур Елеусізов аталмыш шараның өтуіне және болашақтық маңызы бар бастаманы қолдаған облыс басшылары мен қала әкімдігіне алғысын білдірді. Сондай-ақ, алдағы уақытта да бірлесе жұмыс атқаруға дайын екенін жеткізді.

Аумақты тазарту жұмысын қала әкімдігі белсенді қолдап, жұмысшылар мен арнайы техниканы да бөлді. Тракторлар, бульдозер және бірнеше «КамАЗ» және тәжірибелі жұмысшылар күні бойы еріктілермен бірге жұмыс атқарды.

– Бұл нысан бүгінде қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің меншігінде тұр. Енді мұны «Талдықорған көркейту» мекемесінің құзырына тапсырамыз. Алдымен осы нысанды тазалап, күл-қоқысы шығарылып, құраған ағаштар кесіліп, аула реттелген соң ағымды жөндеу жұмысы жүргізіледі. Сол қатарда түрлі ағаш көшеті отырғызылып, гүл егіледі. Қазір 10 штат ашылып, қызметкерлер алынды. Ағаш көшеті мен гүл қыстай осында бапталып, көктемде қаланың әр жеріне отырғызылады. Оны күтіп-баптау, өсіру жұмысына қаладағы экологиялық бағытта жұмыс істейтін қоғамдық бірлестік мүшелері мен жас экоеріктілерді тартып, олардың тәжірибе жинауына да көмектесеміз, – дейді Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Дияс Ахметқалиев.

Акцияға қалалық Оқушылар сарайының балалары да қатысты.

– Бұл шара жас экоеріктілердің қоршаған ортаға деген түсінігін тереңдету үшін өте маңызды. Өйткені жастар өздері жасаған ортаны аялауды, қорғауды бүгіннен бастап үйренгені дұрыс. Оқушылар сарайының балалары алдағы уақытта да осындай шараларға белсене қатысады, – дейді Оқушылар сарайының әдіскері Меруерт Мұратқызы.

Бір күнде жалпы 80 тонна түрлі қатты қалдық пен қоқыс жиналды. Енді қоқыстан тазаланған жерде келесі кезекте атқарылатын жұмыстар басталмақ.

Талдықорған қаласы

100 түп ағаш отырғызды

Бабаларымыз «Бір тал кессең, он тал ек», «Ағашты жердің ырысы мол», – деп текке айтпаса керек. Осыған орай Текелі қаласының кіреберісіне 100 түп қарағай мен шырша көшеті отырғызылды.

Көктемгі сенбілік аясында қала көшелерін, аулаларды күл-қоқыстан тазартумен бірге, ағаш егуге де ден қойылып отыр. Қаланы жасыл желектендірудің маңызы ерекше. Жыл сайын ескіріп, құлағалы тұрған, не қолайсыз жерге өскен ағаштар кесіліп, орнына жас шыбық отырғызылуда.

Ағашы көп жердің ырысы мол. Биыл қаладағы бірқатар мекеме өз аумағына ағаш көшеттерін екті. Игі іске тұрғындар да атсалысуда. Текелі қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің мамандары жақын арада шырша мен қарағайдан басқа да ағаш көшеттері егіледі деп жоспарлауда.

«JETISÝ»-АҚПАРАТ

✓КӘСІП

Темір сым шығарады

«Талдықорғанстройсетка К.Z.Т» ЖШС 2014 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Компания құрылысқа қажет темір тор түрлерін шығарумен айналысады.

Бүгінде компанияның біраз жылғы жинаған тәжірибесінің арқасында жұмысы алға басуда. Шеберханалары да заманауи үлгідегі жабдықтармен жабдықталған. Ол металдың кез келген түрін өңдеуге мүмкіндік береді. Тұтынушылар жеке қоймадағы темір сымнан жасалған құрылыс бұйымдарының кез келген түріне тапсырыс бере алады. Өнімдері жұртшылық пен ірі құрылыс ұйымдары арасында да үлкен сұранысқа ие.

Бүгінде компания бизнесті біртіндеп кеңейте отырып, жаңа бағытқа бет бұруда. Сондай-ақ, пластикалық терезе шығаратын цех ашу да ойластырылған. Ал бұл үшін қаражат керек. Осы ретте олар айналым қаржыны толықтыру үшін несие алуды көздеп, «Қазақстан Халық Банк» АҚ-ға жүгінді. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде аталған серіктестік субсидиялау құралы бойынша пайыздық мөлшерлемені 6 пайызға дейін төмендетіп, «Даму» қорының кепілдігін алды.

Цех шығаратын өнімнің негізгі түрлері бөлмелер мен лоджияларға арналған пластикалық терезелер болмақ. Кейіннен пластмасса бұйымдарының басқа да түрлерін шығару жоспарлануда.

Талдықорған қаласы

✓ӨРЛЕУ

Қамыс қанты өндіріледі

Ақсу қант зауытында қамыс қантын өндіретін жаңа желі іске қосылады. Қайта өңдеуді бастау үшін бүгінде бәрі дайын.

Қазір 3 мың тонна шикізат сатып алынып, аумаққа жөнелтілді. Тағы 7 мың тонна шикізат жеткізіледі деп күтілуде. Ол келгеннен кейін өндіріс басталады. Еңбеккерлер 10 мың тонна шикізат болған кезде қайта өңдеу жұмысына кіріседі. Биыл кәсіпорында 40 мың тонна қамыс қанты өңделеді. Жалпы, аймақта 132 мың тонна түйіршіктелген қант өндіріліп, жергілікті тұрғындардың оған деген қажеттілігін жауып, басқа облыстарға жеткізілім ұйымдастырылады.

2026 жылға қарай елде қант қызылшасының егіс алқабын екі есеге кеңейту көзделіп отыр. Көксу қант зауытында шикізатты қайта өңдеу желісі 2 жыл бұрын, яғни, алдыңғы жылы іске қосылған. Бұған дейін Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесі Қазақстанға шикі қантты бажсыз әкелуді қолдаған болатын. Квота 350 мың тонна (9 ай) деңгейінде белгіленген. Бұл мәселе күзде қайта қозғалып, қажет болса, олар оны жаңа егіннің көлемін ескере отырып қайта қарамақ.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

Ақсу ауданы

✓МАМАН МІНБЕРІ



Қатыгездікке жол жоқ!

Елімізде конституциялық реформалар жүзеге асырылғаны баршаға мәлім. Былтыр 5 маусымда жалпыхалықтық референдум өтіп, Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Ал, былтырғы 5 қарашада Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ алты маңызды конституциялық заңға қол қойғанын жариялады. Оның ішінде адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің құқықтық жағдайы мен қызметін ұйымдастыруды көздейтін «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл туралы» Конституциялық заң бар.

Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, сақтаудың және құрметтеудің мемлекеттік кепілдігін қамтамасыз ететін Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл Конституцияда белгіленген жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлға. Ол бұзылған құқық пен бостандықтарды қалпына келтіруге жәрдемдесіп, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге көмектеседі. Өз өкілеттігін атқару кезінде тәуелсіз болуы тиіс Уәкіл мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға есеп бермейді. Уәкілдің жұмысы Біріккен Ұлттар Ұйымының бірқатар конвенцияларын ратификациялаған Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттеріне және осыған ұқсас құрылымдардың әлемдік тәжірибесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Еліміз 1998 жылғы 29 маусымда Біріккен Ұлттар Ұйымының Азаптауға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетін қорлайтын әрекеттер мен жазаларға қарсы конвенциясын ратификациялады. Ал, 2008 жылғы 26 маусымда Біріккен Ұлттар Ұйымының Азаптауға қарсы конвенциясына Факультативтік хаттама ратификацияланды. Сондай-ақ, 2013 жылғы 2 шілдеде Президент азаптауға қарсы Конвенцияның Факультативтік хаттамасына сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындау барысында Қазақстанда «Азаптауға қарсы күрестің ұлттық алдын алу тетігін құру туралы» Заңға қол қойды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық шарттарына сәйкес жасалған азаптаулардың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетін қорлайтын әрекеттер мен жазалардың алдын алу жүйесі есептелетін Ұлттық алдын алу тетігінің мақсаты – соттар мен құзыретті мемлекеттік органдардың шешімдері негізінде түзеу мекемелерінде және азаматтар уақытша орналасқан арнайы ұйымдарда Тәуелсіз профилактикалық сараптамалық қорытындылар жасау үшін Қазақстан азаматтарын қатыстыру. Олардың мақсаттары, міндеттері, шарттары, сондай-ақ, оған қатысушылардың құқықтары мен міндеттері ҚР Қылмыстық-атқару кодексінде, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінде, «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Заңында және еліміздің басқа да заңнамасында бекітілген. Сондай-ақ, еліміздегі Ұлттық алдын алу тетігі 2014 жылдан бастап «Омбудсмен+» моделі негізінде жұмыс істейді. Бұл адам құқықтары жөніндегі Уәкіл институты үкіметтік емес ұйымдар мен азаматтық қоғам ұйымдарының өкілдерімен бірлесіп, ұлттық алдын алу тетігінің қызметін үйлестіруді көздейді.

Биылдан бастап Жетісу облысында Ұлттық алдын алу тетігінің жаңа құрамы бекітілді. Еліміздің әрбір өңірінде адам құқы жөніндегі Уәкілдердің өкілдері Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңына сәйкес лауазымдарға тағайындалады. Соған орай былтыр 23 қарашада тағайындалған Жетісу облысындағы өкіл өзінің функционалдық міндеттері шеңберінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде Уәкілдің атынан өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Сөзімді қорытындылай келе Жетісу облыстық прокуратурасы, құқық қорғау органдары, Ұлттық алдын алу тетігі және үкіметтік емес ұйымдар мен азаматтық қоғам ұйымдарының өкілдерімен бірлесіп, азаптаулар мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын әрекеттер мен жазалардың алдын алу бойынша іс-шаралар өткізетініне сенімдімін.

Серік ӘЛМЕСЕКОВ,
ҚР Адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің Жетісу облысы бойынша өкілі

✓КӘСІБІ – НӘСІБІ

Тұшпара түйген келіншек

Қолдың тамағына қашанда сұраныс басым. Себебі, таза табиғи өнімнен жасалған тағамның жартылай дайын тауардан бәсі жоғары. Сондықтан әрбір тұтынушы бағасына қарамай сатып алады. Осыны жақсы ұғынған Үшарал қаласының тұрғыны Манар Биғалинова «Алакөл» жеке кәсіпкерлігін ашып, тұшпара мен вареник түюмен айналысып келеді.

Ауданнан алысқа ұзамай-ақ жергілікті тұрғындарға табиғи өнім ұсынған кәсіпкер қысқа уақыттың ішінде танымал болып шыға келді. Әсіресе, сыртында шағаланың суреті салынған қорапшаға салынып, дүкен сөрелеріне қойылған дайын өнімнің дәмі жұртшылықтың көңілінен шықты.

Былтырдан бері аудан орталығындағы Момышұлы көшесі, 121 мекенжайында орналасқан ғимаратты жалға алып отырған Манар Кебекқызы алғашында сіңлісі Әсем мен күйеуін жұмыспен қамту үшін кәсібін үйінде ашқан. Сіңлісі екеулеп түйген тұшпара мен варениктi жолдасы сауда орталықтары мен дүкендерге жеткізіп берумен айналысады. Жергілікті шаруа қожалықтарынан келетін таза еттен жасалатын өнім аудан аумағынан асып, Сарқан, Ақсу, Кербұлақ аудандары мен Талдықорған қаласына жеткізіледі. Ал Үшаралдағы «Марлен», «Жұлдыз», «Арафат», «Алатау» сынды дүкендер Манардың өніміне сұраныста арттырып отыр.

Атауы, этикеткасы, сыртқы дизайны сіңлісі Әсемнің ойынан шыққан өнімге сұраныстың артуына байланысты кәсіпкер келіншек кәсібінің көлемін ұлғайтуды, тауар жеткізу желісін таратуды, қосымша жұмыс күшін алуды ойластырып жүр. Әрине, ойға алған істің орындалғанына не жетсін?! Дегенмен, Манар Биғалинова алғашқы кездегі қиындықты естен шығарған емес. Соған қарамастан өзі сүйетін істің нәтижесін бүгін көріп отыр. Осыған орай тәжірибесін өзгелерге бөлісуден тартынбаған кәсіпкер келіншек қол жеткізген жетістікке масайрамауды үйреніпті.

Әдетте кәсіпкерлердің көпшілігі қысқа уақыттың ішінде мол табысқа кенелуді ойластырады. Бірақ ондай табыстың ғұмыры келте келеді. Сол үшін сапасы жоғары, дәмді, таза еттен жасалған өнімді шығарудан талмау керегін айтады Манар Кебекқызы.

– Азық-түлік тауарларын саудалаған кезде сен әркімнің алдында зор жауапкершілікті сезінесің. Соған байланысты әр күні жасалған өнімнің дәмін өзің татып, сапасының жоғары болуына күш салуың керек. Оған сенімді әрі жақын адамдардың жанашырлығы көп септігін тигізеді. Сонда ғана бар ықыласыңмен түйген тұшпараның дәмді, сапалы және соңғы болып қалмайтынын түсінесің. Табыстың ең басты кілті – дұрыс әрі тексерілген мәзірмен жұмыс істеу, – дейді Манар Биғалинова.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Алакөл ауданы